Том 9

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

9 ТОМ

Июль 1904—март 1905

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ · 1975

3 К 2
Л 40

$\frac{10102-176}{401(07)-75}$ 3—75

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының тоғызыншы томына 1904 жылғы июльде — 1905 жылғы мартта жазылған еңбектер енді. Бұл бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясының пісіп жетілу және басталу кезеңі еді, онда қоғамдық дамудың бүкіл барысы халықаралық жұмысшы қозғалысының авангардына шығарған Россияның жұмысшы табы революцияның шешуші күші ретінде, оның гегемоны ретінде көрінді.

Сонымен бірге бұл большевиктер мен меньшевиктер арасындағы шиеленіскен ішкі партиялық күрестің, большевиктердің партиядағы дағдарыстан шығу жолындағы, партияның III съезін шақыру жолындағы күресінің кезеңі болды; партиядағы дағдарыс меньшевиктердің іріткі салушылық әрекетінен туған еді.

Томға енген шығармалар В. И. Ленин бастаған большевиктердің жұмысшы табының маркстік революциялық партиясын нығайту жолындағы, большевизмнің революциялық стратегиясы мен тактикасы жолындағы ерлік күресін көз алдыңа елестетеді, партияның ролін және оның Россиядағы революцияның барысына ықпалын сипаттайды.

* *
*

XX ғасырдың басында капитализм өз дамуының жоғары және соңғы сатысы — империализмге аяқ басты. Монополистік капитализм Россияда крепостниктік тәр-

тіптің ең күшті сарқыншақтарымен сабақтасып, араласып жатты, бұл сарқыншақтардың ең бастылары патша самодержавиесі мен помещиктік жер иеленушілік еді. Өнеркәсіптің аса маңызды салаларында шешуші позицияларды басып алған шетелдік капиталға Россияның тәуелділігі арта түсті. Россия пролетариаты аса қатал капиталистік қанауға ұшырады. Помещиктер мен кулактардың езгісінде болған шаруалар ұдайы мұқтаждықта, аштық пен күйзелісте қала берді. 1900—1903 жылдардағы экономикалық дағдарыс және 1904 жылы январьда басталған Жапониямен соғыс еңбекшілер бұқарасының жағдайын бұрынғыдан да нашарлата түсті. Осы кезде империализмнің барлық қайшылықтарының түйінді пунктіне айналып болған ел ішінде қалыптасқан экономикалық және саяси жағдайлар революциялық дүмпудің таяу қалғанын айқын көрсетіп берді. XX ғасырдың басында елде аса ірі стачкалар мен демонстрациялар толқыны болып өтті. 1900 жылы Харьковта болған бірінші май демонстрациясы 10 мыңға жуық жұмысшыны қамтыды. 1901 жылы Обухов жұмысшыларының стачкасы қарулы көтеріліске ұласты. 1902 жылы мартта Батуми жұмысшыларының ірі ереуілдері мен демонстрациялары, ал ноябрьде әйгілі Ростов стачкасы болды. 1903 жылы жазда Россияның оңтүстігінде болған жаппай стачкалар Кавказды, Украинаны және Қырымды қамтыды. 1904 жылғы ноябрьден бастап соғысқа қарсы демонстрациялар өріс алды. Ондай демонстрациялар Батумиде, Саратовта, Киевте, Ригада және басқа қалаларда ұйымдастырылды. 1904 жылы декабрьде Баку жұмысшыларының күшті стачкасы болды, оған 50 мыңнан астам адам қатысты, бұл стачка жұмысшылардың жеңісімен аяқталды. Бұл стачкалар мен демонстрациялар жұмысшы табының саяси сана-сезімінің, оның ұйымшылдығы мен топтасқандығының өскендігін көрсетті. Жұмысшы табының қимыл-әрекетін сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «Пролетариат өзін бірінші рет тап ретінде барлық басқа таптарға және патша үкіметіне қарама-қарсы қояды» (осы том, 270-бет).

Жұмысшы табының революциялық қимылдарының ықпалымен бірқатар губернияларда шаруалардың жаппай толқулары болды. Губернаторлар Россияның барлық түкпірлерінен дерлік шаруалар помещиктердің усадьбаларын «жаппай тонап» жатыр, сондай-ақ ормандар мен поместьелерді өртеуде, деп полиция департаментіне хабарлап жатты. Шаруалардың бой көрсетулері Курск, Орел, Чернигов, Саратов және басқа губернияларда болды, ал Кавказда, Польшада және Прибалтика өлкесінде бұл қимыл-әрекеттер ерекше бұқаралық сипат алды. Езілген ұлттар патша өкіметіне қарсы, крепостниктік, таптық және ұлттық езгіге қарсы күреске шықты. Жұмысшылар мен шаруалардың революциялық бой көрсетулері, Россияның шет аймақтарында ұлт-азаттық қозғалыстардың өршуі елде терең революциялық дағдарыстың пісіп келе жатқандығын көрсетті. «Біздің баррикадалар қарсаңында тұрғанымыз сезіледі...»,— деп жазды В. И. Ленин (271-бет).

Халықтық революцияның барған сайын өрлей түсуі пролетарлық партиядан еңбекшілер бұқарасының революциялық күресіне дұрыс және берік саяси басшылық етуді талап етті. Революцияның табысты болуы үшін партияны нығайтудың, оның қатарының топтасқандығы мен мызғымас беріктігінің, оның дәйекті революциялық тактикасының шешуші маңызы болды.

РСДРП II съезінен кейін партия терең дағдарысқа ұшыраған еді, оның негізі, Ленин атап көрсеткендей, «II съезд азшылығының съездің көпшілігіне бағынуға қарысып көнбегендігі болды» (Шығармалар, 8-том, 461-бет). Большевиктер партия ұйымдарының II съезд бекіткен революциялық маркстік программа негізінде қызмет етуіне және съезд шешімдерін мүлтіксіз жүзеге асыруына жетуге тырысты. Ал меньшевиктер II съездің шешімдерін іске асырмай тастауға тырысты, партияны ұйымдық бытыраңқылықты қалпына келтіруге қарай, үйірмешілдік пен майдагерлікке қарай кері тартты, партиялық тәртіпті бұзды. Меньшевиктер Орталық Комитеттің ымырашыл мүшелері — Носковтың, Красиннің және Гальпериннің қолдауымен партияның орталықтарын (Орталық Органды, Орталық Комитетті және пар-

тия Советін) өз қолдарына алған соң, Ленинді Орталық Комитеттің шетелдегі өкілі правосынан айырды, оның шығармаларын басуға және Орталық Комитет коллегиясының рұқсатынсыз лениндік әдебиеттерді таратуға тыйым салды. Олар Ленин мен большевиктерге жала жапты, партияның II съезінің шешімдерін жамандады, меньшевиктердің әрекеттеріне наразылық білдірген жергілікті партия ұйымдарының қарарларын жасырып қалып отырды, партияның III съезін шақыруды жақтаған және большевиктерді қолдаған партия ұйымдарын таратып жіберді. Мұның бәрі меньшевиктердің ұйымдық мәселелерде оппортунизмге қарай бет бұрыс жасағандығын, партия жұмысына іріткі салғандығын, партия қатарының бірлігін бұзғандығын дәлелдеп берді.

Меньшевиктердің антипартиялық әрекеттері салдарынан партия екі фракцияға бөлінді. «Демек, іс жүзінде Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы екеу болып отыр,— деп жазды Ленин.— Мұның біреуінде «ресми түрде» партияның Орталық Органы деп аталатын «Искра», Орталық Комитет, *жиырма* орыс комитетінен төрт комитет бар,.. Екінші партияның органы «Вперед», оның «Көпшілік Комитеттерінің орыс Бюросы», Россияда 14 комитеті бар...» (осы том, 253-бет).

Большевиктерге қарсы күресінде меньшевиктер Ленинге және большевизмнің ұйымдық принциптеріне өршелене қарсы шыққан II Интернационал лидерлерінің қолдауына сүйенді, өйткені меньшевиктердің оппортунизміне қарсы Лениннің күресі сонымен бірге II Интернационал партияларының ұйымдық негіздеріне де қарсы күрес еді. В. И. Лениннің берік ұйымдық принциптер мен партиялық тәртіп жолындағы күресінің пролетарлық партия үшін маңызын тіпті II Интернационалдың сол қанатындағы Роза Люксембург те түсінбеді, сөйтіп ол Ленинге қарсы мақала жазды, оның бұл мақаласы герман социал-демократиясының журналы «Die Neue Zeit»-те жарияланды. Меньшевиктер мақаланы орыс тіліне аударып, «Орыс социал-демократиясының ұйымдық мәселелері» деген тақырыппен «Искра» газетінің 69-номерінде басып шығарды. Ленин бұл мақалаға «Бір адым ілгері, екі адым кейін. Н. Лениннің

Роза Люксембургке жауабы» деген еңбегінде жауап берді; бұл еңбек Каутскийге жіберілген-ді, бірақ Каутский оны «Die Neue Zeit»-те жариялаудан бас тартты.

Партия үшін осындай ауыр кезеңде В. И. Ленин шетелде жүріп, Россиядағы жергілікті большевиктік комитеттерге басшылық ете берді. Партия ұйымдары мен большевиктер пролетариаттың революциялық күресінің, партия жұмысын жолға қоюдың, партиядағы ұзаққа созылған дағдарыстан шығудың алуан түрлі мәселелері жөнінде Лениннің жеке өзінен айына 300-ге дейін хат алып тұрды. Ленин өзіне келген хаттардан партиядағы істің жайы туралы материалдар алып тұрды және күресті одан әрі жүргізе беру үшін күш-жігер алды. Лениннің Россиядағы партия қызметкерлерімен алысқан хаттары партия үшін, оның принципті негіздегі бірлігі үшін оппортунистермен ымырасыз күрес жүргізу рухына толы.

Меньшевиктердің жікшілдік, іріткі салушылық әрекеттеріне қарсы бағытталған Ленин шығармалары мен документтері томда негізгі орын алады. «Біздің көздейтініміз не?», «Партияға», «Глебовқа (В. А. Носковқа) хат», «Жолдастарға хат (Партия көпшілігі органының шығуына)», «Орталық мекемелердің партиядан қол үзуі туралы мәлімдеме мен документтер», «Доғаратын мезгіл жетті», «РСДРП-дағы жікке бөлінудің қысқаша очеркі», «Съезд қарарларының жобасы», «Алғашқы адым», «Бонапартистердің әрекеттері», «Екінші адым» деген және басқа шығармаларынан партиядағы дағдарыстан шығудың бірден-бір жолы ретінде партияның III съезін шақыру жолында Лениннің меньшевиктермен жүргізген ымырасыз күресі айқын көрінеді. Ленин бұл шығармаларында партиядағы дағдарыстың негізгі себептерін ашып береді, меньшевиктер мен ымырашылдардың іріткі салушылық әрекеттерін әшкерелейді және партиялықтың үйірмешілдікті жеңуі жолында партияны күрес жүргізуге шақырады.

Ленин партиядағы дағдарыс тарихы туралы айта келіп, «Доғаратын мезгіл жетті» деген мақаласында дағдарыстың дамуындағы төрт сатыны атап көрсетеді. Бұл томдағы шығармалар партиядағы дағдарыстың дамуын-

дағы үшінші және төртінші сатыларды бейнелейді. Партиямыздың тарихындағы бұл кезеңді сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «...Россияда партия дағдарысының асқынып кеткені соншалық, тіпті партия жұмысы түгел дерлік тоқтап қалып отыр. Комитеттердегі жағдай әбден шатасып кетті. Жергілікті орындардағы фракциялар арасында мейлінше шиеленіскен алауыздықтар туғызбайтын бірде-бір тактикалық немесе ұйымдық мәселе жоқ деуге болады... Партия қызметкерлері көпшілігінің алдында партия Советінің де, Орталық Органның да, Орталық Комитеттің де қажетті беделі жоқ, барлық жерлерде бірінің жұмысына бірі кедергі жасайтын және пролетариат алдында партияның беделін түсіретін қос ұйымдар құрылып отыр» (Шығармалар, 8-том, 349-бет). Бұл партия өміріндегі дағдарыстың ең ауыр, үшінші сатысы болды.

Партиядағы дағдарыстың дамуының төртінші кезеңі 1904 жылдың күзіне тұстас келеді, бұл кезеңде Россияның партия қызметкерлері іріткі салушыларға тойтарыс беру үшін бірікті, көпшілік комитеттері, оның жақтастары өздерінің конференцияларын өткізе бастады.

1904 жылы августың бірінші жартысында Швейцарияда Лениннің инициативасы бойынша және оның басшылық етуімен 22 большевиктің кеңесі болды, онда партиядағы дағдарыстың себептері және одан шығудың амалдары туралы мәселе талқыланды. Бұл кеңес Ленин жазған «Партияға» деген үндеу қабылдап, партия ұйымдарын дағдарыстан шығудың бірден-бір жолы ретінде партияның III съезін дереу шақыру жолындағы күреске үндеді.

Лениндік үндеу партия мен жұмысшы табының күшіне деген терең сенімге толы еді: «Біз алдыңғы қатардағы жұмысшылардың саяси санасының өскендігін көріп, жалпы партия өмірінде белсене қимыл жасап жүрген комитеттерді көріп: бізде партия туып келеді! — дейміз,— деп жазды Ленин үндеуде.— Бізде партия туып келеді, бізде партияның сенімінен айрылып бара жатқан ескі әдеби коллегияларды ауыстыра алатын және оларды жандандыра алатын жас күштер көбейіп келеді; бізде партия өмірінің ұстамды бағытын бұрын-

ғы көсемдердің қай үйірмесінен болса да жоғары бағалай алатын революционерлер барған сайын көбейіп келеді. Бізде партия туып келеді, сондықтан ешқандай айла-шарғы мен сөзбұйдалау оның батыл және тұжырымды үкімін тоқтата алмайды. Партиямыздың осы күштерінен біз жеңіске жететіндігімізге сенімділік аламыз» (осы том, 21—22-беттер). Бұл үндеу партияның бірлігі жолындағы күресте большевиктердің айбынды программасына айналды.

Әрекет жасаудың лениндік программасымен қаруланған жергілікті комитеттер съезді шақыру жолында белсенді күресті өрістете түсті. 1904 жылғы сентябрь—декабрьде көпшілік комитеттерінің—партияның III съезін шақыруды жақтаушылардың үш облыстық конференциясы—Оңтүстік, Кавказ және Солтүстік конференциялары болып өтті. Конференциялар 22 большевиктің үндеуін мақұлдады және Көпшілік Комитеттері Бюросын (ККБ) сайлады, бұл бюро шын мәнінде большевиктер партиясының орталық комитеті болды, ол партияның III съезін ұйымдастыру ісін өз міндетіне алды. Көпшілік Комитеттері Бюросының құрылуы туралы хабардың жобасында Ленин былай деп мәлімдеді: «Біздің ұран — үйірмешілдікке қарсы партиялық күрес жүргізу, бұралаңға, шатасушылыққа және рабоче-делошылдыққа қайтып оралуға қарсы ұстамды революциялық бағыттың күресі, пролетарлық ұйым мен тәртіп жолында іріткі салушыларға қарсы күрес жүргізу» (74-бет).

Съезді шақыру және оны идеялық жағынан әзірлеу жолында ойдағыдай күрес жүргізу үшін большевиктер өзінің баспасөз органына мұқтаж еді. В. И. Лениннің басшылығымен «Вперед» газеті құрылды, оның бірінші номері 1905 жылы 4 январьда (жаңаша) шықты. Газет редакциясына В. И. Ленин, В. В. Воровский, А. В. Луначарский және М. С. Ольминский кірді. «Вперед» газетінде жарияланған мақалалары мен заметкаларында (олар 60-тан астам болды) Ленин большевиктердің қарулы көтеріліс туралы, революциялық уақытша үкімет және пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы туралы, социал-демократия-

ның шаруалар қозғалысына, либерал буржуазияға, орыс-жапон соғысына көзқарасы туралы тактикалық бағытын талдап белгіледі. «Вперед» газетінің тактикалық бағыты партияның III съезінің тактикалық бағыты болды, газет беттерінде Ленин тұжырымдаған және негіздеген қағидалар съезд шешімдерінің негізіне алынды. Партияның III съезі арнаулы қарарында, меньшевизмге қарсы күресте, революциялық қозғалыс алға тартқан тактика мәселелерін қоюда және баяндап жазуда партиялықты қалпына келтіру жолындағы күресте «Вперед» газетінің аса көрнекті роль атқарғанын атап көрсетті және газет редакциясына алғыс айтты.

Лениннің ұсынысы бойынша Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшелері жергілікті комитеттер мен топтарды жиі-жиі аралап, партияның III съезін шақыру жолында меньшевиктер мен ымырашылдарға қарсы батыл күрес жүргізе бастады. Жергілікті комитеттердің басым көпшілігі Көпшілік Комитеттері Бюросын қолдады. 1905 жылы мартта 28 комитеттен 21 комитет партия съезін шақыруды жақтап шықты. Ірі өнеркәсіпті аудандар мен басты-басты орталықтар: Петербург, Москва, Рига, Баку, Екатеринослав, Одесса, Донбасс, Орталық-Өнеркәсіпті аудан, Урал большевиктер жағында болды. Профессионал революционерлердің байырғы кадрлары бүтіндей Ленинді қолдады. Партия өзінің көсемі Лениннің төңірегіне топтала түсті.

1904 жылдың екінші жартысында елдегі революциялық жағдайдан үрейленген патша үкіметі болмашы жеңілдіктер жасау арқылы либерал буржуазияны өз жағына тартуға тырысты. Бұл жеңілдіктер земствошылардың қызметін жандандырды, олар банкеттерде және съездерде буржуазия өкілдерін өкімет билігіне жақындату қажеттігі туралы, саяси бостандықтар мен конституцияның керектігі туралы сөз сөйлеп, саяси бостандықтар мен конституцияны «тақта отырған монархтың» өзінен күтті. Осы қозғалыстың ықпалымен меньшевиктер либералдардың «земство науқанын» қолдау жоспарын ұсынды. Партия ұйымдарына жолдаған арнаулы хатта олар үкімет алдына өз талаптарын қоймауды, қайта халық атынан демократиялық талаптар қоюға

буржуазияны итермелеуді ұсынды. Меньшевиктердің оппортунистік, артта жүрушілік тактикасына қарсы Ленин мен большевиктер аяусыз күрес жүргізді. Ленин «Земство науқаны және «Искраның» жоспары» деген кітапшада меньшевиктердің келісімпаздық тактикасын әшкереледі және патша өкіметімен күресте либерал буржуазияға үміт арту — буржуазиялық қозғалыстың соңында салпақтау болып табылады деп көрсетті. Пролетариат, деп көрсетті Ленин, қозғалысқа басшылықты өз қолына алып, қарулы көтерілісті әзірлеуге тиіс. «Жұмысшы табының міндеті — үкіметтің әрбір бұлтақтаған шағын пайдаланып, көтеріліс идеясын насихаттай отырып, ... көтерілістің керектігін түсіндіре отырып, өзінің ұйымын кеңейте және нығайта беру, бұқара арасында үгітті еселеп күшейте түсу болып табылады» (101-бет). Большевиктер жұмысшыларды либералдардың банкеттеріне емес, көшеге, күреске шыққан бүкіл революциялық күштерді бастап, самодержавиеге қарсы демонстрацияға шығуға шақырды.

Осы томға енген «Самодержавие және пролетариат», «Порт-Артурдың құлауы», «Европа капиталы және самодержавие» деген мақалаларда самодержавиенің соғыста күйреуі мен саяси дағдарысқа ұшырауына терең талдау жасалады, Россияда революцияның сөзсіз болатыны және оның таяп қалғаны атап көрсетіледі. Соғысты бастағанда самодержавие Жапонияны оп-оңай жеңемін деп үміттенді, бұл жеңіс өнім өткізетін жаңа рыноктар ашады және самодержавиенің беделін көтереді, оған ел ішіндегі революциялық қозғалысты басыпжаншуға көмектеседі деп дәмеленді. Бірақ патша өкіметінің үміті ақталмады. Патша әскерінің жеңіліске ұшырауы Россияда қоғамдық өмірдің барлық қайшылықтарын шиеленістіріп, революцияны тездете түсті. Барлық партиялардың ішінен тек большевиктер ғана соғыс жөнінде пролетариат пен бүкіл еңбекшілердің таптық мүдделерін бейнелейтін дұрыс революциялық бағыт ұстады. Олар соғыстың халыққа қарсы, империалистік сипатын әшкереледі және патша үкіметінің жеңіліске ұшырауын жақтаған ұран ұсынды. Меньшевиктер «қайткен күнде де бітім болсын» деген ұран көтеріп,

оны самодержавиеге қарсы революциялық күреспен байланыстырмады, ал большевиктер соғысқа және патша өкіметіне қарсы күреске шақырды, соғыста патша өкіметінің жеңілуі елде революциялық күштерге еркіндік береді, самодержавиенің құлауын тездетеді және социалистік революцияға жол ашады деп дәлелдеді.

«Орыс бостандығының және орыс (және бүкіл дүние жүзі) пролетариатының социализм жолындағы күресінің ісі самодержавиенің соғыста жеңілуіне өте-мөте күшті байланысты... Буржуазиялық ескі дүние мен жаңа дүниенің соғысына айналған бұл отаршылдық соғысты орыс халқы бастаған жоқ, орыс самодержавиесі бастады. Масқара жеңіліске ұшыраған орыс халқы емес, самодержавие. Самодержавиенің жеңілуінен орыс халқы ұтып шықты. Порт-Артурдың тізе бүгуі патша өкіметінің тізе бүгуінің бастамасы болып табылады»,— деп жазды Ленин «Порт-Артурдың құлауы» деген мақалада (167, 168-беттер).

Орыс-жапон соғысында самодержавиенің жеңіліске ұшырауын Ленин патша өкіметінің бүкіл саяси жүйесінің күйреуінің белгісі деп қарады. Соғыс самодержавиенің барынша іріп-шірігендігін әшкереледі, оның прогрестік қоғамдық дамудың қажеттерімен, халық мүдделерімен сыйыспайтындығын көрсетіп берді.

Революцияның таяп қалғаны жөнінде Лениннің ғылыми көрегендігі дәлелденді. 1905 жылы 9 январьда Петербургте қанды оқиғалар болды. Петиция беру үшін Қысқы сарайға келе жатқан қарусыз жұмысшыларды атқылау бүкіл Россияның еңбекшілер бұқарасын дүр сілкінтті. Ленин 9 январь оқиғаларын революцияның бастамасы, Россия тарихындағы бет бұрыс кезең, ашықтан-ашық азамат соғысына, патша өкіметіне қарсы тікелей көтеріліске шығу деп сипаттады. Патша үкіметі қанға бояп жазалау арқылы жұмысшылар мен шаруалар бұқарасын қорқытуға және елде революциялық қозғалыстың өршуін тоқтатуға үміттенді. Ал іс жүзінде ол халық ішіндегі патшаға деген аңқаулық сенімнің өзін жойып жіберді және жұмысшылардың тіпті ең артта қалған топтарының да революциялық күреске шығуына түрткі болды. «Пролетариаттың,— деп жазды

Ленин,— бір күннің өзінде орасан мол революциялық тәрбие алғаны соншалық, ол күйкі, күйбең, қапас өмір жағдайында мұндай тәрбиені айлар, жылдар бойына да ала алмаған болар еді» (215—216-беттер).

Патша өкіметінің жазалау әрекеттеріне жұмысшы табы саяси стачкалармен жауап берді. Москва пролетариаты жаппай ереуіл жариялаған кезде, Петербургте жұмысшылардың әскермен қарулы қақтығыстары әлі жүріп жатты. 1905 жылы 13 январьда Рига жұмысшылары стачка жариялап, саяси демонстрацияға шықты. 14 январьда Варшавада жаппай ереуіл бұрқ ете түсті, ал 18 январьда Тифлисте болған жаппай ереуіл Закавказье қалаларында саяси ереуілдер кезеңін бастап берді. 1905 жылдың январь — март айларында тек өнеркәсіп жұмысшыларынан ғана 810 мың жұмысшы, яғни өткен он жылдағыдан екі есе көп жұмысшы ереуіл жасады. «Қазір бүкіл дүние жүзінің пролетариаты бүкіл Россия пролетариатына шыдамы таусыла көз тігіп отыр. Россияда патша өкіметін құлату жөнінде біздің жұмысшы табымыз қаһармандықпен бастап отырған іс барлық елдердің тарихында бет бұрыс кезең болмақ, барлық мемлекеттерде, жер шарының барлық түкпірлерінде барлық ұлттардың барлық жұмысшыларының ісіне жеңілдік болмақ»,— деп жазды Ленин «Россияда революцияның басталуы» деген мақалада (218-бет).

Басталып отырған революция қоғамның барлық таптарын қозғалысқа келтірді. Әрбір саяси партия революцияда өз табының мүдделеріне сай келетін өзінің тактикасын жасады. Социал-демократиялық партия да өз тактикасын жасауға тиіс болды.

Лениннің осы томға енген еңбектерінің едәуір бөлігі большевиктік партияның революциялық стратегиясы мен тактикасын негіздеп беруге және дамытуға, оппортунистік меньшевиктік тактиканы әшкерелеуге және сынауға арналған. Оларға «Земство науқаны және «Искраның» жоспары», «Пролетарлардың жақсы демонстрациялары және кейбір интеллигенттердің нашар пайымдаулары туралы» деген еңбектері, «Екі тактика», «Біз революцияны ұйымдастыруға тиістіміз бе?», «Көтеріліс үшін жауынгерлік келісім жасау туралы», «Жа-

ңа міндеттер және жаңа күштер», «Пролетариат және буржуазиялық демократия», «Пролетариат және шаруалар» деген және басқа мақалалары жатады.

Большевиктер халық революциясын өрістетуге және қарулы көтеріліс арқылы оның жеңісіне жетуге бағыт ұстады. Олар революциялық маркстік партия бастаған пролетариаттың гегемониясы жағдайында ғана, жұмысшы табы мен шаруалардың тығыз одағы жағдайында ғана революция жеңіп шыға алады деп есептеді. Меньшевиктер пролетариаттың гегемониясын және жұмысшы табы мен шаруалардың одағын теріске шығарды. Олар либерал буржуазияны гегемон болады деп есептеді, қарулы көтеріліс ұйымдастырудың қажеттігін теріске шығарды және іс жүзінде революцияны реформалармен алмастырып, жұмысшы қозғалысындағы буржуазияның агентурасы ролін атқарды. Меньшевиктік бағыт революцияны болдырмай тастауға бастады. Сонымен, Россияда өріс алған революцияда іс жүзінде екі тактикалық бағыт болды. «Хвостизм тактикасы мен революциялық социал-демократия тактикасы арасындағы қарама-қарсылық соғұрлым айқын бола түседі...»—деп жазды Ленин 1905 жылғы 1(14) февральда «Екі тактика» деген мақаласында (283-бет).

В. И. Лениннің томға енген еңбектерінің ішінде «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» деген мақала ерекше маңызды орын алады, онда 1905—1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революцияда большевиктердің негізгі стратегиялық ұраны — «пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» (320-бет) ұраны алғаш рет тұжырымдалды. Ленин мақалада жұмыстың ескі формаларынан жабысып айрылмай отырған партия ұйымдарының енжарлығын қатты сынға алды және партия ұйымдарын жаңа, жас кадрларды өсіріп шығаруға шақырды, олардың қайрат-жігері мен ынтасы тәжірибе жеткіліксіздігінің орнын толықтыра алады деп көрсетті. «Армия үшін соғыс кезеңі қандай болса, социал-демократия үшін революциялық кезең де сондай,— деп жазды Ленин.— Армиямыздың кадрларын көбейтіп отыру керек, оны бейбіт контингенттен соғыс контингентіне көшіру керек, запас-

тағылар мен резервтегілерді мобилизациялау керек, демалыс алғандарды қайта шақырту керек, жаңа қосалқы корпустар, отрядтар, қызметтер құру керек. Соғыста өз қатарыңды даярлығы аз рекруттармен толықтырып отыруға, офицерлерді әрдайым қарапайым солдаттармен алмастырып отыруға, солдаттарды офицерлікке көтеруді шапшаңдатуға және оңайлатуға тура келетіндігі сөзсіз және қажетті іс екендігін ұмытпау керек» (328-бет).

Ленин мақалада елде революциялық қозғалыстың өрістеуіне байланысты партияны қайта құру жоспарын белгіледі, өйткені революциялық қозғалыстың бұл өрістеуі партия алдына күрестің жаңа тактикалық тәсілдерін қолдану, неғұрлым оралымдылық көрсетуді, жаңа ұйымдық формалар іздеп табу қажеттігін міндет етіп қойды. Ленин партия ұйымдарынан астыртын, жасырын қызметті барынша сақтап, нығайтуды және кеңейтуді, сонымен қатар кез келген жария ұйымдар мен жұмыс формаларын пайдалана білуді талап етті.

Ленин «Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе» деген мақаланы қайта өңдеу жоспарында «таптың авангарды, тәрбиешісі, ұйымдастырушысы ретінде *партияның* ролі өте-мөте ерекше маңыз алады» деп атап көрсетеді.

Маркстік партияның аса үздік ролін баса көрсете отырып, Ленин большевиктерді меньшевиктермен принципсіз блоктар, «ымырашылдық» бірлестіктер жасаудан сақтандырды. Ленин көпшіліктің кейбір комитеттері тарапынан III съезге әзірлік барысында орын алған ымырашыл ауытқушылық көріністерін өте-мөте сақтықпен қадағалап отырды. А. А. Богданов пен С. И. Гусевке жолдаған хатында Ленин былай деп жазды: «Көпшіліктің С.-Петербург комитетінің меньшевиктер тобымен қайдағы бір одағы туралы біз бөтен адамдардан «естіттік»,— бірақ өз адамдарымыздан бір ауыз сөз жоқ. Осындай мерт боларлық және зердесіз қылықты большевиктер істей алды дегенге сенгіміз келмейді... Сірә, большевиктер тағы да алданып қалуды тілеген болса керек. Айқын турашылдық пен топтасқандық, тегеуріңді жігерлілік — біздің бірден-бір күшіміз осы. Ал жұрт, сірә, «революцияға» байланысты елжіреп кетсе керек!!

Ұйымшылдықты бұрынғыдан да бетер еселеп арттыру қажет болып отырған жағдайда, олар іріткі салушыларға сатылып кетіп отыр» (263-бет).

Ленин партияның шақырылғалы отырған III съезін большевиктік партияның съезі, оппортунизм мен ымырашылдыққа қарсы қиян-кескі айқас съезі болады деп қарады. Сондықтан Ленин большевиктердің алдына «... күрескісі келетіндерді шын мәнісінде темірдей берік ұйымға» топтастыру міндетін қойды, «сөйтіп осы шағын, бірақ берік партиямен ала-құла жаңа искрашыл элементтердің ісініп-кебінген ғажап құбыжығын аяусыз талқандаймыз...» (264-бет) деген міндет қойды. Партияның III съезі қарарларының жоспарлары мен жобаларында В. И. Ленин съезд жұмысының негізгі бағыты мен программасын талдап жасайды, Россиядағы басталып отырған буржуазиялық-демократиялық революцияда партияның стратегиясы мен тактикасының аса маңызды мәселелері жөнінде партияның принципті нұсқауларып белгілейді. Съездің міндеттері туралы айта келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Съезд қарапайым, қысқа, қатысушылары аз болуға тиіс. Бұл — күрес ұйымдастыруға арналған съезд» (265-бет).

Ленин революция кезеңінде Париж Коммунасының тарихына айрықша көңіл бөледі. 1905 жылғы 5(18) мартта Женевада саяси эмигранттардың орыс колониясындағыларға Ленин Париж Коммунасы туралы баяндама жасады; өкініштісі сол, баяндама табылмаған, тек Коммуна туралы баяндаманың жоспары ғана сақталған. Париж Коммунасының тәжірибесін қорытындылай келіп, Ленин Коммунаның саяси және экономикалық шараларын ерекше бөліп көрсетеді. Коммунаның интернационалдық сипаты мен оның дүние жүзілік-тарихи маңызын баса көрсете келіп, Ленин былай деп жазды: «Қазіргі қоғалыста біздің бәріміз де Коммунаның үлгісімен келе жатырмыз» (361-бет).

* *
*

Томда «Көпшіліктің Женева тобы қарарының жобасы» бірінші рет басылып отыр, онда меньшевиктердің бонапартистік саясаты әшкереленеді және партияның барлық мүшелері III съезді шақыру үшін жігерлі үгіт жүргізуге шақырылады.

«Дайындық материалдар» бөлімінде Шығармаларға бірінші рет енгізілген лениндік 12 документ басылып отыр, олар — жоспарлар, тезистер және заметкалар. Бұл документтер оқушыны Ленин творчествосының лабораториясымен таныстырады, Ленин өзінің шығармаларын жазу үстінде қаншалықты мұқият жұмыс істегендігін, оның жұмыс тәсілдері мен әдістерін айқын көрсетеді. Бұл бөлімде 4 документ айрықша көңіл аударуға тұрарлық, олар «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» деген еңбекке дайындық материалдар болып табылады.

Томда барлық шығармалар мен документтер хронологиялық тәртіппен берілген, тек ««Петербургтегі шайқастың жоспары» деген мақалаға қосымша» ғана мақаланың өзімен біріктірілді.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

БІЗДІҢ КӨЗДЕЙТІНІМІЗ НЕ? [1]

(ПАРТИЯҒА)

1904 ж. июльдің аяғында жазылған

Бірінші рет 1923 ж. Н. Ленин (В. Ульянов) Шығармалар жинағының V томында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Жақында РСДРП 19 мүшесінің жеке жиналысы болып өтті (мұның ішінде II съездің делегаттары, комитеттердің, тағы басқа партия ұйымдарының мүшелері және партия ұйымдарына кірмейтін революционерлер бар). Партияның II съезі көпшілігінің көзқарасында тұрған пікірлестердің бұл конференциясы біздің партиядағы дағдарыс және одан шығудың жолдары туралы мәселені талқылап, барлық орыс социал-демократтарына мына төмендегі үндеуді жолдауды ұйғарды.

Жолдастар! Партиядағы ауыр дағдарыс ұшы-қиырсыз ұзаққа созылып келеді. Талас-тартыс барынша күшейіп, барған сайын жаңа жанжалдар туғызуда, тиімді жұмысқа барлық жағынан және барынша қауіпті кедергі жасауда, партия мен оның Орталық Органы арасындағы байланысты барған сайын үзуде; ал бұл Орталық Орган үйірме органына және ең алдымен шетелдік үйірме органына әбден айналып болды. Алауыздықтарды әдейі тіміскілеп іздестіру, әлдеқашан шешімін тауып, мерзімі өтіп кеткен ескі мәселелерді қайтадан қазбалау, дәйекті оппортунистермен ымдасу, пайымдаулардың адам айтқысыз шатасуы, партия съезін, ондағы болған жарыс сөздерді және оның шешімдерін арсыздықпен елемеу, партия ұйымы мен партия тәртібін, партияны құрған көпшілік пен жергілікті жерлерде жұмыс жүргізіп отырған революционерлерді қорлау, беймәлім адамдардың дәлелсіз мәліметтеріне және тексерілмеген хабарларына сүйеніп, партияның революциялық қанаты

комитеттерінің жұмысындағы кемшіліктерді табалағандықпен мінеп-шенеу — міне, талас-тартыстың ұясы болған жаңа «Искрада» [2] біз осыны көріп отырмыз, міне, съезд бекітпеген редакция кооптациялаудың даушарына, партияны бүлдіруге жеке адамдар тарапынан жасалған икемділіктерді пайдаланып, осыларды біздің алдымызға тартып отыр.

Ал оның бер жағында, Россия басынан кешіріп отырған тарихи кезең біздің партиямыздан барлық күш-жігерін сарқа жұмсауды талап етеді. Жұмысшы табының революциялық толқуы, халықтың басқа топтарының ашынуы барған сайын өсіп келеді, соғыс пен дағдарыс, ашаршылық пен жұмыссыздық самодержавиенің негіздерін барған сайын терең шайқалтуда, масқара соғыстың масқаралықпен аяқталуы онша алыс емес, ал соғыстың аяқталуы революциялық толқуды сөзсіз еселеп күшейте түседі, жұмысшы табын өзінің жауларымен бетпе-бет келтіреді, социал-демократиядан барынша батыл шабуыл шараларын қолдануды талап етеді. Топтасқан партия ұйымының болуы, революциялық-маркстік берік бағыттың болуы, партия ішіндегі күресті қалыпты және лайықты арнаға түсіру, сөйтіп бұл күресті іріткі салмайтын және тиімді жұмысқа бөгет жасамайтындай ету,— міне, Россияның бүкіл жұмысшы қозғалысының бұл үзілді-кесілді талаптары дереу және қайткен күнде де орындалуға тиіс, бұл талаптар орындалмайтын болса, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы өзінің жақсы атынан және осыған дейінгі ие болған ықпалының бәрінен айрылып қалу қаупіне ұшырайды.

Бұл мақсатқа жетудің бірінші қадамы — партиямыздың әр түрлі топтары, бағыттары және сарындары арасындағы қатынастарға толық айқындық, шындық, турашылдық енгізу деп есептейміз. Дау жоқ, кей уақытта істің мүддесі жеке келіспеушіліктер туралы сөз көтермеуді талап етеді, бірақ біздің партиямыз басынан кешіріп отырған кезеңді дәл осындай кезең деп санау нағыз қайғылы, кешірілмес қате болар еді. Жеке адамдар тарапынан азшылыққа икемділік көрсетілуі талас-тартысты тоқтата алмады, талас мәселелер тікелей қойы-

лып отыр, бүкіл партия тікелей айтысқа шақырылып отыр, сондықтан келмеске кеткен өткен дәуірді көксеу, әлдененi жасыру, әлдененi бүгіп қалу, әлдененi бүркемелеу, әлденеден жасырынып қалу мүмкіншілігін тек дәрменсіз, надан адам ғана арман ете алады. Жоқ, өз басын алып қашу саясаты, керенау ұстамдылық саясаты, laissez faire, laissez passer * саясаты біздің партиялық күресте өзінің мүлдем жарамсыздығын көрсеткен болатын. Бұдан былайғы жерде жалтару, қулық жасау және үндемей қалу тек пайдасыз және жексұрындық қана болып қоймай, сонымен қатар тікелей қылмыс болған болар еді. Біз партия ішіндегі күресіміздің бүкіл программасын тікелей баяндаудың бастамасын жасап отырмыз, біз партияға кіріп отырған, сондай-ақ белгілі бір шартпен партияға кіргісі келетін орыс социал-демократтарының барлық сарындарының өкілдерін программаны осылайша баяндауға шақырамыз. Барлық саналы жұмысшылардың және барлық партия мүшелерінің партияның талас мәселелерін ақылға салып, батыл шешуіне материалды тек толық айқындық пен турашылдық қана бере алады.

Біз партияның II съезі көпшілігінің көзқарасын жақтаймыз. Біз бұдан кейінгі барлық қателіктер мен бүкіл талас-тартыстың негізгі себебі съездегі азшылық позициясының терістігінде, бұл позицияны партияның еркіне қарамастан қорғап қалуға тырысушылықта деп білеміз. Екі түрлі қателік болды: 1-ден, «Искраның» бұрынғы редакторлар тобының біздің съездің және біздің партияның оппортунистік қанатынан басқа жәрдем алатын жері болмады. 2-ден, бұл барып тұрған оппортунистермен (Акимов жолдас басқарған және қазір де сол басқарып отырған) қосылу біржола топтасып бекіді және тек орталықтарды сайлау сияқты мәселеде ғана партиядағы бөлінушілік болып шықты. Бірінші қателіктен жаңа «Искраның» пайымдауынан біз көріп отырған принциптік шатасулар мен оппортунистік ауытқулардың бәрі логика бойынша өзінен-өзі келіп шықты, өйткені бұл пайымдаулардың принципті деп танылуы мүм-

* — араласпаушылық. *Ред.*

кін. Екінші қателіктен партияның еркіне қарамастан ескі редакторлар тобын жақтау, партиялыққа қарсы үйірмешілдікті қорғау және ақтау, біздің таласымызға өз партиясын да, өзін де сыйлай білетін партия мүшелерінің күресіне тән емес, қайта бүтіндей тоғышарлық ұрыс-керіске және үйірмелік айқай-шулы таласқа тән тәсілдерді енгізушілік келіп шықты. Бірінші қателіктен логика бойынша сөзсіз мынадай жағдай келіп шықты: оппортунизмге бейімделушілердің бәрі, партияны кейін сүйреп, революциялық социал-демократияның өз қарсыластарына көрсеткен зәбірінің есесін қайтарғысы келгендердің бәрі, қозғалысымыздың интеллигенттік тенденциясын білдірушілердің бәрі, ұйым мен тәртіпті интеллигенттік-анархистік тұрғыдан жоққа шығаруға бейімдердің бәрі азшылықтың төңірегіне топтасты. Екінші қателіктен орыс қызметкерлерінің көпшілігіне шетелдік топтың үстемдік етуі және азшылық үшін иландыру тәсілі болып жүрген эмигранттарға мейлінше тән ұрыс-керістердің адам айтқысыз өршуі келіп шықты.

Енді ешқандай күдік қалған жоқ. Сөз жүзінде ғана партия мүшесі болып отырмай, біздің жұмысшы қозғалысының көкейтесті мүдделерін іс жүзінде қорғағысы келетіндердің ешбір қобалжуы мүмкін емес. Күрес жарияланып отыр, күресті азшылық жариялап, барлық бағытта бірдей жүргізіп отыр, сондықтан біз де сол күреске қарсы шығып, ымыраға келмейтін, ақыр аяғына дейін жүргізілетін күрес жариялаймыз. Біз партиялық үшін жалпы үйірмешілдікке қарсы және әсіресе ескі редакторлар тобына қарсы күресеміз. Біз орыс жұмысшы қозғалысының мүдделері үшін шетелдік ұрыс-керіске қарсы күресеміз. Біз қозғалысымыздың революциялық-пролетарлық тенденциясы үшін интеллигенттік-оппортунистік тенденцияға қарсы күресеміз. Біз революциялық социал-демократияның ұстамды бағыты үшін ауытқушылықтарға, бұлтарушылықтарға қарсы және дәурені өткен ескілікке қайта оралуға қарсы күресеміз. Біз өзіміздің жұмысшы авангардының топтасқан партия ұйымы болуы үшін интеллигенттік ауа жайылушылыққа, іріткі салушылыққа және анархияға қарсы күресеміз. Біз партия съездерінің құрметтелуі

үшін оңбаған ауытқушылыққа қарсы, іске асырылмайтын сөздерге қарсы, бірлесіп қабылданған шарттар мен шешімдерді қорлауға қарсы күресеміз. Біз жаңа «Искра» мен партияның жаңа Советінің [3] көпшіліктің аузын аштырмау және өз протоколдарын жасыру тактикасына қарсы партиялық жариялылық үшін күресеміз.

Біздің күрес программамыздан ол күрестің құралдары мен оның таяудағы міндеттері өзінен-өзі келіп шығады. Бірінші құрал ауызекі және баспасөз жүзінде жан-жақты және барынша кең үгіт жүргізу болып саналады. Егер азшылықтың ұрыс-керістерге толған күресі біздің партияда (Екатеринослав комитеті және басқа да көптеген ұйымдар әділ мазақ еткен) атышулы «ымырашылдықты» туғызбаған болса, онда бұл пунктке тоқталудың керегі болмас еді, ал бұл «ымырашылдық» өзі бұғып жатып алып, көпшіліктің азшылыққа қарсы күресін тоқтатуын уағыздайды. Партияның біршама есейген мүшесіне лайықсыз бұл сияқты балалық көзқарастардың болуын жалтақтықтан, шаршағандықтан немесе бетімен кетушіліктен деп қана түсіндіруге болады. Партиядағы күресті партиялық арнаға салу туралы айтуға болады және айту керек, мұны тек ұялту арқылы жүзеге асыруға болмайды, олай болмауы да керек, бірақ бүкіл партия алдында съезде қорғап алғанды және партияның көкейтесті мүдделері үшін қажетті деп қорғап алғанды жақтауды доғару керек деп ұсыныс жасау, егер оны көпшілік алдында жасауға батылы барған болса, онда мұндай ұсыныс тек жалпы жұртқа жексұрын болып көрінген болар еді.

Біз күрестің екінші және шешуші құралы партия съезін шақыру деп есептейміз. Біз партияның үшінші съезін дереу шақыруды талап етіп отырған комитеттерді толығынан қолдаймыз [4]. Біз әсіресе жаңа «Искраның» редакциясы мен оның жария және құпия жәрдемшілерінің съезді шақыруға қарсы айтып жүрген екіжүзді дәлелдеріне тоқтала кетуді борышымыз деп санаймыз, ал олар бұл дәлелдерін (партиялық борышпен әсте сыйыспайтын) жұрттан жасыратын көрінеді (Шетелдік лига [5] мен «Искра» редакциясы осылайша жасырып жүр, ал редакцияның бұл жөніндегі үгіті жа-

рым-жартылап қана сыртқа шығып, комитеттер тарапынан әшкереленді). Бірінші дәлел: съезд жікке бөлінуге әкеліп соғады. Азшылықтың мұндай дәлел айту фактісінің өзі оның позициясы мейлінше жалған екенін көрсетеді. Демек, азшылықтың осылай деуінің өзі оған партияның қарсы екендігін, шетелдік топ өзін партияға күшпен таңып отырғандығын, бұл топ Россияның алыста жатқандығы мен шын революционерлердің жұмыс істеуінің сыртқы жағдайларының қиындығы арқасында ғана өмір сүріп отырғандығын мойындағандық болып табылады. Партияға адал қарайтын адам, шын ниетімен бірігіп жұмыс істегісі келетін адам съезден қорықпайды, қайта талас-тартысты жою үшін, партия мен оның қызмет коллегияларын үйлесімге келтіру үшін, лайықсыз екі ұшты мағыналықты жою үшін съезд шақыруды жақтайды. Жікке бөлінуді құбыжық ретінде алға тарту өз ниетінің адал еместігін ғана көрсетеді. Азшылықты көпшілікке бағындырмайынша, жұмысшы партиясы деген атты аздап болса да ақтай алатын партияның болуы мүмкін емес, ал егер өзара (бір жақты емес) икемділік жасау қажет болса, егер партия бөліктерінің арасында кейде келісімдер мен шарттар жасау қажет болса, онда бұлар тек съезде ғана болуы мүмкін және сонда ғана болуға тиіс. Өзін қадірлей білетін революционерлердің бірде-бірі партия съезін өткізуді әдейі кейінге қалдыру арқылы ғана бірге өмір сүріп отырған партияда қалғысы келмейді.

Екінші дәлел: съезсіз келісуге әлі де мүмкіндік бар. Мұндай пікірдің неге сүйенетіндігі белгісіз. Бұл пікірді жақтаушылар астыртын ғана қимылдап, жасырын ғана әрекет жасайды. Өзара сенімсіздікті тек ушықтырып, өшпенділікті тек шиеленістіре түсетін және жағдайды күңгірттендіре беретін осы астыртын әрекетті тастайтын уақыт жеткен жоқ па? Келістіру жоспарын жасап, жұртшылыққа ұсынуға бірде-бір адамның батылы бармай отырған себебі осыдан емес пе, қазіргі жағдайда ондай жоспардың мүмкін еместігі осыдан емес пе, ал бола қалғанда ең жақсы дегенде ол жұрттың күлкісіне ұшырамай ма? Азшылықтың жақсы көретін адамдарын Орталық Комитетке кооптациялауды бітім деп түсінетін

адам бітімді тілемейді, қайта көпшіліктің шиеленіскен күресін тілейді, ондай адам партия күресінің бірыңғай кооптациялық ұрыс-керістерден біржолата асып кеткендігін түсінбейді. Айтысты және күресті тоқтатуды бітім деп түсінген адам ескі үйірменің психологиясына қайта оралады: партияда айтыстар мен күрес қашан да болып тұрады, оларды тек партиялық арнаға түсірсе болғаны, ал бұлай ету тек съездің ғана қолынан келеді. Қысқасын айтқанда, съезсіз-ақ бітімге келу туралы ұранды қалай құбылтсаңыз да, күресуші жақтардың бірде-бірін қанағаттандырмай тұрып келістіру туралы идеяны қалай айналдырсаңыз да,— сіздер бұл білгірсіген идеяның абыржушылықты және ой-пікірдің жұтаңдығын ғана, нені тілеп, нені көксейтіндікті білмеушілікті ғана аңғартатындығын көресіздер. Егер Плеханов сияқты ықпалды (бұрын ықпалды болған) адамның әркімнің жеке басы тарапынан барынша икемділік жасау арқылы өртті тұтанған кезінде-ақ сөндіру жоспарының өзі іске аспай қалып отырғанда, бұл сияқты жоспарлар туралы қазір елеулі сөз қылуға бола ма?

Үшінші дәлел: съездің шын съезд болмауы ықтимал. Бұл дәлелге Петербург комитеті жауап беріп, оны жалақорлық деп атаған болатын [6]. Жергілікті комитеттің бұл мәлімдемесі қолында фактінің елесі болмаса да, тасада жатып кінә тағатындарға лайықты соққы болды, ал партияның жоғары Советі де, баспасөз органы да азшылықтың қолында еді, демек азшылық орын алды деп шүбәланған әділетсіздікті жұртшылық алдында әшкерелейтін қаруды ғана емес, сонымен бірге әкімшілік жолмен түзету және ықпал ету қаруын да өз қолында ұстап отырды. Егер фактілер болса, онда азшылықтың бұл туралы әлдеқашан айғай-шу көтерестіндігін әркім-ақ түсінеді, сонымен қатар Советтің осы таяудағы қарары бұрын фактілердің болмағандығын дәлелдей отырып, олардың алда да мүмкін еместігіне кепілдік береді [7]. «Искраның» бұл дәлелге сүйенуі оның айтыс орнына балағаттауға көшкендігін тағы да дәлелдеп отыр, ал мұның өзі бізді партияның барлық мүшелеріне мынадай сұрақ қоюға мәжбүр етеді: бізде іс жүзінде партия бар ма? әлде біз социалист-революционерлер

сияқты декорация мен жарнамаға қанағаттанып отыра береміз бе, немесе біз жалған нәрсенің бәрін әшкерелеуге міндеттіміз бе?

Төртінші дәлел: алауыздықтар әлі анықталған жоқ. Бұл дәлелге жаңа «Искра» жақсы жауап береді, онымен танысу алауыздықтардың анықталу орнына, қайта тіміскілеп іздестіріліп отырғанын, шатасудың шексіз өсіп бара жатқанын партияға айқын көрсетеді. Барлық жолдастар өздерінің тілектерін ашық және толық баяндайтын тек съездің ғана адам айтқысыз шатасқан мәселелер мен шатасқан жағдайға айқындық енгізуге қабілеті жетеді.

Бесінші дәлел: съезд күш пен қаражатты тиімді жұмыстан бөліп әкетеді. Бұл дәлел де көңілсіз мазақ болып естіледі: күш пен қаражатты талас-тартыстан гөрі көп шашатын басқа нәрсені ойлап табудың өзі мүмкін емес.

Жоқ, съезге қарсы келтірілген дәлелдердің бәрі не екіжүзділікті, не істен бейхабарлықты, не жасқаншақтап партияның күшіне сенбеушілікті көрсетеді.

Біздің партия тағы да қатты сырқат, бірақ оның қайтадан көтеріліп, орыс пролетариатына лайық боларлық күші бар. Біз мынадай үш түрлі қайта құрылысты бұл сырқатты емдеу шаралары деп есептейміз, оларды біз ең адал құралдармен жүргіземіз.

Бірінші — Орталық Орган редакциясын партияның II съезі көпшілігін жақтаушылардың қолына беру.

Екінші — шетелдік жергілікті ұйымды (Лиганы) жалпы орыстық орталық ұйымға (Орталық Комитетке) шын мәнісінде бағындыру.

Үшінші — партиялық күресті партиялық тәсілдермен жүргізуге уставтық жолмен кепілдік жасау.

Біздің программамыздың осы негізгі үш пункті туралы жоғарыда баяндалғанның үстіне қосып айтарымыз онша көп емес. Ал «Исқраның» ескі редакциясы өзінің жарамсыз екендігін қазір іс жүзінде көрсетті, мұны біз күмәнсыз деп есептейміз. Сайлауда жеңіліп қалғаннан кейін Мартов жолдастың ашқанындай, искрашылдықтың дәурені өткен жоқ, қайта «Искраның» ескі редакциясының дәурені өтті. Үйірме бүкіл партияға қыр көр-

сетіп отырғанда енді мұны тура айтпау тек екіжүзділік болар еді. Өзін екінші (егер үшінші болмаса) орталыққа айналдырған және партияның Орталық Комитетін мүлде елемей отырған шетелдік ұйымның жағдайының қолайсыз екені туралы көп айта берудің қажеті жоқ. Ақырында, азшылықтың (қандай азшылықтың болса да) біздің партиядағы юридикалық жағдайы туралы ойлауға съезден кейінгі күрестің бүкіл тәжірибесі мәжбүр етіп отыр. Біздің сенімімізше, бұл тәжірибе наразылықтың, ашу-ызаның және күрестің ұдайы болып отыратын және жойылмайтын көздерін жанжалдар мен ұрыс-керістердің әдеттегі тоғышарлық арнасынан алып, өз сенімдері үшін қалыптасқан, лайықты күрестің әлі дағдылы болмаған арнасына салу жолында партия уставында азшылық атаулының правосын қамтамасыз ету қажеттігіне үйретеді. Мұндай сөзсіз кепілдіктерге біз мыналарды жатқызамыз: азшылықтың съездерде өкілдік етуге правосы бар және толық «тіл бостандығы» бар бір (немесе одан да көп) әдеби тобы болуы тиіс. Партияның орталық мекемелерінің жұмысын сынауға арналған партия әдебиетін басып шығару жөнінде жалпы өте кең кепілдік беру қажет. Комитеттердің өздеріне нақ керекті партиялық әдебиетті (жалпы партиялық транспорттан) алып тұруына право беру қажет. Орталық Комитеттің, кеңес ретінде болмаса, комитеттердің адам құрамына ықпалын жүргізу правосын IV съезге дейін тежей тұру керек. Біз бұл арада өз ұсыныстарымызды егжей-тегжейлі белгілеп отырғанымыз жоқ, өйткені біз уставтың жобасын емес, тек күрестің жалпы программасын жазып отырмыз. Біз наразылардың әдебиетін бастыру жөнінде II съездің азшылығына Орталық Комитет ұсынған шаралардың уставта баянды етілуінің, наразылықтың лайықты жолмен білдірілуінің, қоршау жағдайының жексұрын елесінің (кооптацияның сабаздары тудырған) біржола арылуының, партия ішіндегі болмай тұрмайтын күрестің тиімді жұмысқа кедергі жасамауының аса зор маңызы бар деп есептейміз.

Біз өзіміздің азшылықты орталықтардың адам құрамы үшін күресті тек съездерде ғана жүргізуге, ал съез-

дерден кейін ұрыс-керістермен жұмысымызға бөгет жасамауға үйретуге міндеттіміз, біз бұған партиямыздың құрып кету қаупі бар екенін ескерте отырып жетуге міндеттіміз. Ақырында, біз жалпы программада уставқа өзіміз тілейтін ішінара өзгерістер енгізу туралы қысқаша ғана еске салмақпыз, мысалы: Советті аралық мекемеден съезде сайланатын мекемеге айналдыру, уставтың 1 параграфын II съезд көпшілігінің рухында өзгерту, үйірме дәуірінде ерекше өмір сүріп келген және партияға енгісі келетін барлық жұмысшы ұйымдары мен орыс социал-демократтарының барлық топтарын партия ұйымдарының санына қосу, т. т. және т. т.

Өзіміздің партия ішіндегі күрестің осы программасын ұсына отырып, біз партияның барлық ұйымдарын және оның ішіндегі барлық бағыттардың өкілдерін съезге біртіндеп, байсалды түрде, абайлап және ойланып әзірленуге мүмкіндік туғызу үшін өздерінің программасы жөніндегі мәселе бойынша пікірлерін айтуға шақырамыз.

Біздің редакторлық сарай төңкерісіне қатысушылар Россияның шалғай жатқандығы мен ондағы қызметкерлердің жиі ауысатындығын және нақ өздерінің орнын ешкімнің баса алмайтындығын пайдаланып, іштей: бізде партия жоқ, деп пайымдады. Іске белсене қатысуға ұмтылушы комитеттерді көре отырып, алдыңғы қатардағы жұмысшылардың саяси санасының өскендігін көре отырып: бізде партия туып келеді!—дейміз біз. Бізде партия туып келеді, бізде қартайып, қажуға айналған әдеби әріптестерді әрі жандандырып, әрі олардың орнын баса алатын жас күштер көбейіп келеді; бізде өздерін тәрбиелеп шығарған ескі «Искраның» бағытын кез келген редакторлық үйірмеден артық бағалайтын революционерлер бар және олар барған сайын көбейіп келеді. Бізде партия туып келеді, сондықтан жаңа «Искраның» ешқандай айла-шарғысы мен сөзбұйдаға салуы да, кәрілерше босқа бажылдауы да бұл партияның батыл және тұжырымды үкімін бөгей алмайды.

Партиямыздың осы жаңа күштерінен біз жеңіске жететіндігімізге сенімділік аламыз.

ПАРТИЯҒА

Таяуда РСДРП 22 мүшесінің — партияның II съезі көпшілігінің көзқарасында тұрған пікірлестердің жеке жиналысы болды; бұл конференция біздің партиядағы дағдарыс және одан шығудың жолдары туралы мәселе талқылап, россиялық социал-демократтардың барлығына мына төмендегі үндеуді жолдауды ұйғарды:

Жолдастар! Партия өмірінің ауыр дағдарысы әлі созылып келеді, оның соңы көрінер емес. Талас-тартыс күшейіп, барған сайын жаңа жанжалдар туғызуда, партияның тиімді жұмысын жан-жақтан барынша қыспаққа алуда. Әлі жас және шынығып үлгірмеген партияның күштері босқа орасан көп ысырап етілуде.

Ал осындай жағдайда тарихи кезең партияға бұрын еш уақытта болып көрмеген орасан зор талаптар қойып отыр. Жұмысшы табының революциялық толқуы өсуде, қоғамның басқа топтарында да наразылық күшеюде, соғыс пен дағдарыс, ашаршылық пен жұмыссыздық самодержавиенің түп тамырларын жойқын күшпен сөзсіз әлсіретуде. Масқара соғыстың масқаралықпен аяқталуы онша алыс емес; ал ол революциялық толқуды сөзсіз еселеп күшейте түседі, жұмысшы табын өзінің жауларымен сөзсіз бетпе-бет келтіреді, сөйтіп самодержавиеге қарсы ең соңғы батыл күресті ұйымдастыру үшін социал-демократияның орасан көп жұмыс істеп, барлық күшін аянбай жұмсауын талап етеді.

Қазіргі жағдайында біздің партия бұл талаптарды орындай ала ма? Ар-ұяты бар кез келген адам бұған тайсалмастан: жоқ!— деп жауап беруге тиіс.

Партияның бірлігі қатты әлсіреді, оның ішкі күресі қандай да болсын партиялық шеңберден шығып кетті. Ұйымдық тәртіп түп негіздеріне дейін шайқалды, партияның бірігіп сындарлы әрекет жасау қабілеттілігі арманға айналып барады.

Солай бола тұрса да партияның бұл ауруын біз өсудің ауруы деп есептейміз. Біз дағдарыстың негізі социал-демократия өмірінің үйірмелік формадан партиялық формаларға көшуінде деп білеміз; оның ішкі күресінің мәнісі — үйірмешілдік пен партиялықтың жанжалында. Сондықтан да, біздің партия бұл аурудан айыққанда ғана *шын мәнісінде* партия бола алады.

Партияда «азшылық» деген атпен әр түрлі элементтер топтасып отыр, олар саналы түрде немесе білместіктен үйірмелік қарым-қатынастарды, ұйымның партияға дейінгі формаларын сақтап қалуға тырысу ниетімен байланысқан.

Бұрынғы үйірмелердің ішіндегі неғұрлым беделді үйірмелердің кейбір аса көрнекті қайраткерлері партиялық тәртіп талап ететін ұйымдық жағынан өзін өзі тежеуге дағдыланбағандықтан әдеттегіше өздерінің үйірмелік мүдделерін жалпы партиялық мүдделермен шатастыруға бейім болып отыр, үйірме дәуірінде бұл мүдделер шынында да жалпы партиялық мүдделерге көп ретте сай келуі мүмкін еді,— міне, осындай бірсыпыра қайраткерлер («Искраның» бұрынғы редакциясының бір бөлігі, бұрынғы Ұйымдастыру комитетінің бір бөлігі, «Южный рабочийдің» [8] бұрынғы тобының мүшелері және басқалар) үйірмешілдікті жақтап, партиялыққа қарсы күресті бастап отыр.

Теорияда немесе практикада бұлжымас социал-демократизмнің принциптерінен тайған элементтердің бәрі бұларға одақтас болып шықты, өйткені бұл элементтердің идеялық даралылығын және олардың ықпалын тек үйірмешілдік қана сақтай алатын еді, ал партиялық оларды ыдыратып жіберу немесе қандай да болсын ықпал етуден айыру қаупін туғызды (экономистер, рабо-

че-делошылдар [9] және басқалар). Ақырында, біздің партиямыздағы дені интеллигент деген элементтердің бәрі, жалпы алғанда, оппозицияның басты кадрлары болып қызмет етті. Пролетариатқа қарағанда интеллигенция өзінің өмірі мен жұмысының негізгі жағдайларына байланысты қашан да неғұрлым дарашыл келеді, ал мұның өзі интеллигенцияның күштерін тікелей кең түрде біріктіруге, бірлесіп ұйымдасқан еңбек үстінде тікелей тәрбиеленуіне мүмкіндік бермейді. Сондықтан интеллигент элементтерге партия өмірінің тәртібіне бейімделу қиынырақ соғады, сөйтіп олардың бұл міндетті орындауға күші жетпейтіндері, әрине, ұйымдық жағынан қажетті шектеулерге қарсы көтеріліс туын көтереді, сөйтіп өздерінің стихиялы анархиялығын күрес принципіне айналдырып, бұл анархиялықты «автономияға» ұмтылу, «шыдамдылықты» талап ету және т. с. ретінде теріс көрсетеді.

Партияның шетелдік бөлегінде үйірмелер біршама ұзақ өмір сүреді, онда әр түрлі сарынның теоретиктері топтасып отыр, онда интеллигенция тым басым,— міне, партияның осы бөлегі «азшылықтың» көзқарасына неғұрлым бейім болуға тиіс еді. Сондықтан онда азшылық көп ұзамай-ақ нағыз көпшілік болып алды. Мұның керісінше, Россияда ұйымдасқан пролетарлардың үні қатты естіледі, мұнда партия интеллигенциясы да пролетарлармен күнделікті, тығыз байланыста болып, неғұрлым пролетарлық рухта тәрбиеленеді, мұнда тікелей күрестің салмағы жұмыстың ұйымдасқан бірлігі болуының қажет екендігін күштірек сездіреді, сондықтан Россия үйірмешілдікке, анархиялық іріткі салу тенденцияларына үзілді-кесілді қарсы шықты. Россия өзінің осыларға байланысты көзқарасын комитеттердің және басқа партия ұйымдарының бірсыпыра мәлімдемелерінде ашық айтты.

Күрес дамып, шиеленісе түсті. Сонда күрес қандай шекке жетті!

Съездің еркіне қарамастан және съезд сайлаған редакторлардың тікелей өздерінің жол беруі арқасында «азшылық» өз қолына алған партия органы партияға қарсы күрес органына айналды!

Енді ол партияның самодержавие мен буржуазияға қарсы күресінде идеялық басшы болудан қалуға айналып, көбінесе партиялыққа қарсы күресте үйірмелік оппозицияның басшысы болып отыр. Бір жағынан, партия мүдделері тұрғысынан қарағанда өзінің негізгі позициясының мүлдем орынсыз екендігін сезініп, ол бұл позицияны идея жағынан бүркемелеу үшін шын болған және қайдағы бір жорамал алауыздықтарды барынша іздестірумен шұғылданыуда; сөйтіп ол бұл ізденулерінде бүгін бір ұранға, ертең екінші бір ұранға жармасып, материалды партияның оң қанатынан — «Искраның» бұрынғы қарсыластарынан барған сайын көп алып отыр, олардың партия қабылдамай тастаған теорияларын қайта жаңғыртып, партияның идеялық өмірін өтіп кеткен, принцип жағынан күңгірт, идеялық табансыздық, тұрлаусыздық сияқты дәуірге қарай кейін тартып, олармен идеялық жағынан онан сайын тым жақындасып келеді. Екінші жағынан, жаңа «Искра» партия көпшілігінің рухани ықпалын жоққа шығаруға тырысып, оның қызметкерлерінің қателерін іздестіру және әшкерелеу ісімен бұрынғыдан да күшті шұғылданып отыр; шын болған ағаттықтың кез келгенін адам айтқысыз әсірелеп, бұл үшін жауапкершілікті партияның бүкіл көпшілігіне аударуға тырысып жүр; үйірмелік өсектің бәрін, қарсыластарына зиян келтіруге жарайтын жаланың бәрін іліп әкетіп, мұндайлардың анық-танығын тексеру былай тұрсын, олардың тіпті шын-өтірік екендігіне де көбінесе көңіл бөлмей жүр. Жаңа «Искраның» қайраткерлері бұл жолда көпшіліктің мүшелеріне мүлдем болмаған қылмыстарды жапқаны былай тұрсын, тіпті болуы мүмкін емес қылмыстарды да жабуға дейін барып отыр, тіпті тек саяси жағынан (мысалы: Орталық Комитетті адамдар мен ұйымдарды зорлықпен таратып жіберді деп айыптау) ғана емес, сонымен қатар жалпы моральдық жағынан да (партияның көрнекті қайраткерлерін жалғандық жасады және жалғандық жасауға рухани дем берді деп айыптау) жала жабуға дейін барып отыр. Қазіргі айтыста шетелдегі азшылықтың жасап отырғанындай адам айтқысыз батпаққа партия бұдан бұрын еш уақытта да батып көрген емес.

Осының бәрі неліктен болып отыр?

Әрбір жақтың әрекет жасау әдісі оның тенденцияларының негізгі сипатына сай келіп отырды. Партияның көпшілігі партияның бірлігі мен ұйымдық байланысын қайткен күнде де сақтап қалуға тырысып, тек қана партиялық-адал құралдар арқылы күресті және келісімге келу үшін талай рет икемділік көрсетті. Азшылық анархиялық бағыт ұстап, партияның татулығы мен бірлігі туралы қам жемеді. Ол икемділік көрсетудің әрбірін бұдан былайғы күрес құралы етіп отырды. Азшылықтың қойған талаптарының осы уақытқа дейін тек біреуі ғана — азшылықтың мүшелерін партияның Орталық Комитетіне кооптациялау жолымен зорлықпен таңу арқылы Орталық Комитетке алауыздық енгізу талабы ғана,— қанағаттандырылмады, ал осыдан келіп азшылықтың шабуылы бұрын-соңды болып жүргенінен әлдеқайда өршеленіп кетті. Азшылық партияның Орталық Органы мен Советін билеп, шын мәнісінде өзі қарсы күрес жүргізіп отырған тәртіпті енді өзінің үйірмелік мүдделері үшін пайдаланудан ұялатын емес.

Жағдай адам төзбестей қиындап отыр; оны бұдан былай соза беру тура қылмыс.

Біз мұндай жағдайдан құтылудың бірінші құралы — партиялық қарым-қатынастардың мейлінше анық және ашық болуы деп есептейміз. Лайсаң мен тұман ішінен қазірдің өзінде дұрыс жол табу мүмкін болмай отыр. Партиядағы әрбір ағым, әрбір топ партияның қазіргі жағдайы туралы өздерінің не ойлайтынын және бұл жағдайдан қалай шыққысы келетінін ашық және нақты айтуға тиіс. Біз барлық жолдастарға, партиядағы барлық сарынның өкілдеріне осындай ұсыныс жасаймыз. Біз дағдарыстан шығудың практикалық жолы партияның үшінші съезін дереу шақыру деп білеміз. Тек съезд ғана жағдайды анықтап, жанжалды шешіп, күресті қалыпты арнаға келтіре алады.— Мұнысыз партияның барған сайын ыдырай беруін ғана күтуге болады.

Съезді шақыруға қарсылықтың бәрін біз мүлдем дәлелсіз деп санаймыз.

Бізге: съезд жікке бөлінуге әкеп соғады, дегенді айтады. Неліктен олай? Азшылық өзінің анархиялық та-

лаптарынан танбай, келісімге келмей отырған болса, партияға бағынудан гөрі жікке бөлінуге дайын отырған болса, онда ол партиядан іс жүзінде бөлініп шыққан болып табылады, сондықтан ресми түрде жікке бөлінуден қашып құтылу мүмкін болмаса, оны кейінге соза беру ешбір ақылға сыймайды,— бір шынжырмен маталған екі жақ ұсақ күрес пен ұрыс-керістерге өз күшін барған сайын босқа шашқан болар еді, адамгершіліктен айырылып, азғындап кеткен болар еді. Бірақ біз жікке бөліну мүмкін деп ойламаймыз. Анархиялық ниеттегі элементтер ұйымдасқан партияның шын күшінің алдында бас июге тиіс және бас ие алады деп ойлаймыз, өйткені олар жаратылысынан өз алдына күш бола алмайды. Съезсіз де келісуге болады ғой деседі. Сонда бұл қандай келісім болмақ? Үйірмешілдік алдында біржола тізе бүгу, азшылықты Орталық Комитетке кооптациялау, демек, орталық мекемелердің берекесін кетіруді толық аяқтау болып шығады. Онда партия тек бос сөз болып шығар еді де, партия көпшілігі амалсыздан жаңа күрес бастауға мәжбүр болар еді. Ал азшылық қайтер еді? Осы уақытқа дейін оның алған әрбір жеңілдігі ол үшін іріткі салу жұмысына тірек қана болып келді; тіпті азшылықтың көзқарасы бойынша да күрес кооптациялық ұрыс-керістердің шеңберінен мүлдем асып кетіп отыр; сонда азшылық күресті қалай тоқтатпақ? Ол жеңілдіктің бәрін алып болмайынша күресті тіпті де тоқтатпайды. Бізге былай дейді: съезд мақсатына жете алмайды, неге десеңіз, осы уақытқа дейін алауыздықтар анықталған жоқ. Істің мәнісі қазір алауыздықтарды анықтауда болып отыр ма, шатақ барған сайын өсіп келе жатқан жоқ па? Енді алауыздықтар анықталып отырған жоқ, қайта оларды шарқ ұрып іздеп, қолдан жасап шығарады, сондықтан тек съезд ғана мұны тыя алады. Тек съезд ғана күресуші жақтарды бетпе-бет қарсы қойып, оларға өздерінің талаптарын анық және ашық айттыра алады, тек съезд ғана партиялық ағымдар мен партиялық күштердің қарым-қатынасын толық анықтай алады. Бірақ ұйымдарды таратып жіберу арқылы съезд шын съезд болмай қалуы мүмкін, деп мәлімдейді азшылық. Бұл өтірік жала, деп

жауап береміз біз, жала болғанда да бірде-бір факті келтірілмеген жала. Егер фактілер бар болса, онда партиялық орган қолында отырған азшылық, әрине, ол фактілерді көпке жая білген болар еді және партия Советі қолында тұрғанда оларды түзетуге азшылықтың толық мүмкіншілігі болар еді. Ақырында, Советтің таяудағы қарары өткен уақытта мұндай фактілер болды деп көрсетпей, ондай фактілердің алдағы уақытта да болмайтындығына біржола кепілдік береді. Шындыққа жанаспайтын жалаға енді кім сенеді? Съезд тиімді жұмыстан өте көп күш пен қаражатты босқа алып кетеді деп қауіптенеді. Бұл ащы мазақ! Талас-тартыстан басқа күш, қаражатты көп ысырап қылатын не бар? Съезд қажет! Партия өмірі қалыпты күйде болғанның өзінде де тарихи жағдай ерекше болып отырғандықтан, дүние жүзілік оқиғалар партия алдына жаңа міндеттер қоюы мүмкін болғандықтан да съезд қажет болар еді. Партия осындай дағдарысқа ұшырап отырғанда бұл дағдарыстан адал және дұрыс шығу үшін, партияның күшін сақтау үшін, оның ары мен қасиетін қолдау үшін съезд соншалықты өте қажет.

Талас-тартысты тоқтату үшін, партияның қалыпты өмірін қалпына келтіру үшін үшінші съезд не істеуге тиіс? Бұл жөнінде біз мынадай өзгерістер жасауды неғұрлым маңызды деп есептейміз, бұларды барынша адал жолмен қорғап, іске асырамыз.

I. Орталық Органның редакциясын партия көпшілігін жақтаушылардың қолына беру. Қазіргі редакция Орталық Органды жалпы партия мүдделерінің дәрежесінде ұстауға мүлдем қабілетсіз болғандықтан мұндай шараның қажет екендігі әбден дәлелді. Үйірмелік орган партия органы бола алмайды және болуға тиісті де емес.

II. Шетелдік жергілікті ұйымның (Лиганың) жалпы орыстық орталыққа, Орталық Комитетке қарым-қатынастарын дәлме-дәл реттеу. Өзін партияның екінші орталығына айналдырып, өзіне ерген топтарды емін-еркін басқарып отырған, соның өзінде Орталық Комитетпен мүлдем санаспайтын Лиганың қазіргі жағдайы — міне, мұндай жағдай мүлде қолайсыз; оны жою қажет.

III. Партиялық күресті партиялық тәсілдермен жүргізуге уставтық жолмен кепілдік беру. Мұндай өзгерістің қажеттігі съезден кейінгі күрестің бүкіл тәжірибесінен айқындалып отыр. Партия уставында азшылық атаулының бәрінің правосы қамтамасыз етілуі тиіс, сөйтіп осындай жолмен алауыздықтардың, наразылықтар мен ашу-ызаның ұдайы болып отыратын және жойылмайтын көздерін жанжал мен ұрыс-керістердің ескі үйірмелік, тоғышарлық арнасынан алып, өз сенімдері үшін жүргізілетін қалыптасқан, лайықты күрестің әлі дағдылы болмаған арнасына салу керек. Мұндай бет бұрыстың қажетті шарттарына біз мыналарды жатқызамыз. Азшылықтың съездерде өкілдік етуге правосы бар бір (немесе онан да көп) әдеби тобы болсын; партияның орталық мекемелерінің жұмысын сынауға арналған партия әдебиетін басып шығару жөнінде ресми жағынан кең мөлшерде кепілдік берілуі тиіс. Комитеттердің өздеріне керекті партиялық әдебиеттерді (жалпы партиялық транспортпен) алып тұруына правосы бар екендігі ресми танылуы керек. Комитеттердің адам құрамына Орталық Комитеттің ықпал ету правосының шегі дәл белгіленуі қажет. Біз наразылардың әдебиетін бастыру жөнінде екінші съездің азшылығына Орталық Комитет ұсынған шаралардың уставта баянды етілуінің, азшылықтың өзі тудырған «қоршаудағы жағдай» елесі арылуының, партия ішіндегі болмай тұрмайтын күрестің сыпайы формада жүргізіліп, оның тиімді жұмысқа кедергі жасамауының аса зор маңызы бар деп есептейміз.

Біз бұл арада өз ұсыныстарымызды егжей-тегжейлі белгілеп отырғанымыз жоқ, өйткені біз уставтың жобасын ұсынбаймыз, ал партияның бірлігі жолындағы күрестің жалпы программасын ғана ұсынып отырмыз. Сондықтан біз уставқа енгізілуге тиісті, өз ойымызша, керек болар деген кейбір жеке өзгерістердің бағытын қысқаша ғана белгілейміз, мұнымен біз тәжірибенің нені көрсеткеніне қарай уставтың бұдан былай да талдап жасала беруі жөнінде тіпті де қолымызды байламаймыз. Мәселен, партия Советін қайта құру қажет, ол өзінің алдына қойылған міндетті — орталықтардың

қызметін біріктіріп, оған жоғарыдан бақылау жасап отыру міндетін — орындауға өзінің қазіргі күйінде жарамсыз мекеме екендігін іс үстінде көрсетті. Ол, өздерін өз делегаттары арқылы қорғайтын орталықтардың үстінен съезд сайлайтын бесіншінің аралық соты болмай, бүтіндей съезд сайлайтын коллегия болуға тиіс. Сонымен қатар партиялық сынның нұсқауларымен сапаса отырып, партияның шегін бұдан да гөрі белгілеу мағынасында уставтың 1-параграфын қайта қарау керек және т. т.

Біз партияның бірлігі жолындағы күрестің осы программасын ұсына отырып, басқа сарындардың бәрінің өкілдері мен барлық партия ұйымдарын съезге байсалды және дәйектілікпен, саналы және жоспарлы түрде әзірленуге мүмкіндік туғызу үшін өздерінің программалары жөніндегі мәселе бойынша ашықтан-ашық пікір айтуға шақырамыз. Партия үшін өмір сүру мәселесі, ар-намыс мәселесі шешілгелі отыр: еліміздің революциялық жұмысшы қозғалысын шын мәнінде бастап шығу үшін партия өзін парасаттылықпен ұйымдастыруға қабілеті бар идеялық және нақты күш ретінде өмір сүріп отыр ма? Шетелдегі азшылық өзінің күллі әрекеттәсіліне қарағанда бұған:— жоқ!— деп жауап береді. Сөйтіп ол бұл мағынада сеніммен, батыл әрекет жасауда, ол мұнда Россияның алыстығына, ондағы қызметкерлердің жиі ауысатындығына, өз көсемдерінің, өздерінің әдеби күштерінің орнын ешкімнің баса алмайтындығына сенеді. Біз алдыңғы қатардағы жұмысшылардың саяси санасының өскендігін көріп, жалпы партия өмірінде белсене қимыл жасап жүрген комитеттерді көріп: бізде партия туып келеді!— дейміз. Бізде партия туып келеді, бізде партияның сенімінен айрылып бара жатқан ескі әдеби коллегияларды ауыстыра алатын және оларды жандандыра алатын жас күштер көбейіп келеді; бізде партия өмірінің ұстамды бағытын бұрынғы көсемдердің қай үйірмесінен болса да жоғары бағалай алатын революционерлер барған сайын көбейіп келеді. Бізде партия туып келеді, сондықтан ешқандай айла-шарғы мен сөзбұйдалау оның батыл және тұжырымды үкімін тоқтата алмайды.

Партиямыздың осы күштерінен біз жеңіске жететіндігімізге сенімділік аламыз.

Жолдастар! бұл үндеуді бастырып шығарып, таратыңдар.

1904 ж. августың бірінші жартысында (жаңаша) жазылған

1904 ж. августа жеке листок болып басылған

Мына кітапшаның тексті бойынша басылып отыр: «Партияға». Женева, 1904

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ БЕС МҮШЕСІНЕ

РОССИЯҒА

18 август, 1904 ж.

РСДРП Орталық Комитетінің мүшелері Глебовқа, Конягинге, Травинскийге, Лошадьқа және Осиповқа [10].

Бүгін мен Орталық Комитеттің Берлиндегі агенті арқылы Орталық Комитеттің төрт (?) мүшесінің өздерінің Россиядағы жиналысында [11] қабылдаған шешімдері туралы хабар алдым. Бұл шешімді мен мынадай дәлелдер бойынша заңды түрде қабылданған деп тани алмаймын:

1) Қарардың бас жағындағы Орталық Комитеттің бір мүшесінен (яғни менен) басқа мүшелерінің бәрі жиналысқа қатысты деген мәлімдеме — *жалған.* Васильев пен Зверев тұтқынға алынғаннан кейін, Митрофанов отставкаға шыққаннан кейін Орталық Комитетте тағы бір мүше — Осипов жолдас бар. Ол отставкаға кетті деген лақап бекер болып шықты: Осипов жолдас өзін Орталық Комитеттің мүшесімін деп санайды. Васильев (ол бұл туралы маған жазған болатын) пен Зверев және мен де осындай пікірде болғанбыз. Қалай дегенмен де, Осиповтың қайдағы бір отставкаға шығуы туралы мәселені анықтамай тұрып, Орталық Комитеттің төрт мүшесінің оны мүшеліктен шығып қалды деп есептеуге правосы жоқ еді. Бұған қоса айтарымыз: Осиповтың отставкаға шығуы туралы не мен, не Орталық Орган, не Орталық Комитеттің шетелдік агенттерінің бірде-бірі еш уақытта да ресми түрде хабарландырылған емес.

Оның бер жағында Осипов жиналысқа шақырылмаған.

2) Сондай-ақ мені де жиналысқа шақырмағаны былай тұрсын, тіпті жиналыс туралы маған хабарлаған да жоқ, талқылануға тиісті мәселелерді де айтқан жоқ. Әрине, Орталық Комитет дауыстың көпшілігіне қарай шешуге праволы, бірақ ол мүшелердің бәрінің кеңеске қатысуына және, керек болғанда, ерекше пікір айтуына мүмкіндік бермей тұрып, заңды шешімдер қабылдай алмайды. Мен мұндай мүмкіншіліктен *мүлдем заңсыз* айрылып отырмын.

3) Орталық Комитеттің төрт мүшесі Глебов * пен менің арамызда 1904 ж. 26 майда жасалған шартқа өздерінің қалай қарайтындығын айтпады; ал бұл шарт және онымен бірге жіберілген менің хатым, ** Глебов пен Зверевтің ризалығы бойынша, Орталық Комитеттің барлық мүшелеріне хабарланып, олардан маған тура жауап беру сұралған болатын. Орталық Комитет көпшілігінің азшылықтың ұсынысын көпшілік дауысқа сүйеніп қабылдамай қоюға толық правосы бар, бірақ азшылықтың ресми түрде қойған сұрақтарынан және азшылықтың талқыға салған тікелей мәселелерінен жалтаруға ешқандай правосы жоқ.

4) Осы айтылғандарға сүйеніп мен Орталық Комитеттің төрт мүшесінің маған дереу мынаdарға жауап беруін талап етемін: а) олар Осипов жолдасты, Орталық Комитеттің мүшесін, жиналысқа қандай себептермен шақырмады? b) мен жөнінде де осындай сұрақ қоямын. с) олар коллегия көпшілігінің азшылық кеңеске шақырылғанда ғана, мәселелерді талқылауда өз пікірін айтуға және өзінің ерекше пікірін білдіруге мүмкіндік алғаннан кейін ғана жалпы шешімдер қабылдауға міндетті екендігін мойындай ма? d) олар 1904 ж. 26 майдағы шартта қозғалған мәселелердің бәріне дәл жауап беруге өздерін міндетті деп санай ма?

5) Орталық Комитеттің 4 мүшесі өздерінің заңсыз қабылданған шешімдерін (бүкіл Орталық Комитеттің

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 448—449-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 443—447-беттер. *Ред.*

шешімі-міс деп) Орталық Органға хабарлап отырғандықтан, мен бұл мәселеге барынша жақын қатысы бар партия қызметкерлеріне Орталық Комитеттің төрт мүшесінің әрекет әдістері жөнінде хат жазуға мәжбүр болып отырмын.

Орталық Комитеттің мүшесі *Н. Ленин*

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПАРТИЯНЫҢ II СЪЕЗІ КӨПШІЛІГІН ЖАҚТАҒАН ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ АГЕНТТЕРІ МЕН РСДРП КОМИТЕТТЕРІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ

Жолдастар! Орталық Комитеттің ішіндегі жанжалдың өршігендігі соншалық, мен бұл туралы партияның II съезі көпшілігін жақтаушылардың барлығына хабарлауды өзімнің адамгершілік міндетім деп есептеймін. Бұл қадамды жасауға мені Орталық Комитеттің төрт мүшесінің заңсыз әрекет жасауы да, пікірлестермен кеңеспестен екінші бір абайсыз және партияға зиянды (менің редакциядан шыққаным сияқты) қадам жасап қою қаупі де мәжбүр етіп отыр, өйткені ол пікірлестер жергілікті жерлерде жұмыс жүргізеді, олар партияның шын мәнісіндегі көңіл-күйін жақсы біледі және олар тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде жас партиялықты қорғап, шетелдік ескі үйірмешілдікке қарсы соғыс жариялады.

Орталық Комитеттің ішіндегі жанжалдың неден екендігін осыған қоса тіркеліп отырған 4 документтен: 1) Орталық Комитеттің үш мүшесінің, Глебов, Зверев және Лениннің арасында жасалған 1904 ж. 26 майдағы шарттан*; 2) менің сол күні Орталық Комитеттің мүшелеріне жазған хатымнан **; 3) Орталық Комитеттің бір мүшесінен өзге барлық мүшелері қабылдады-мыс дейтін қаулыдан; 4) бұл қаулысымақтың заңдылығына қарсы менің наразылығымнан *** көруге болады.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 448—449-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 443—447-беттер. *Ред.*

*** Қараңыз: осы том, 23—25-беттер. *Ред.*

Бұл партиялық күресте бізбен бірдей көзқараста тұрған барлық жолдастардың осы өнеге аларлық документтерді зер сала оқып, бұлар туралы өздерінің қандай пікірде екенін ашық және ақырына дейін айтуын мен әбден өтініп сұрар едім. Мен бұл мәселелер бойынша баспасөз жүзінде көпшіліктің алдында пікір айтудан тартына тұрамын, ең болмағанда Россияда жұмыс істейтіндердің кейбіреулерінің пікірлерін білгенге дейін немесе оқиғалардың өзі осы қадам жасауға мәжбүр еткенге дейін біраз уақытқа тартына тұрамын.

Егер ұйымдарымыздың мүшелері бізде іс жүзінде партия бар деп танитын болса, онда партияға бірнеше сұрақтар қоюмен шектелемін: 1) жұмысшы партиясы деп аталуға тұратын партияда көпшілік сайлаған және көпшіліктің саясатын «топтық» саясат деп жариялайтын Орталық Комитеттің өмір сүруі лайық па? 2) март айында декларацияда [12] бір нәрсе айтып, июльде мүлдем басқаша айтып отырған адамдардың біздің сенімімізге ие боларлықтай адамгершілік правосы бар ма?— 3) көпшіліктің мүдделерін аяққа басу үшін Орталық Комитеттің көпшілік жағындағы 2 мүшесінің тұтқынға алынуымен пайдаланып отырған адамдардың?— 4) топтық саясатқа қарсы күресу үшін көпшілікті елемей, азшылық тобымен конференция шақыру туралы талқылап жүрген адамдардың?— 5) өздерінің әрекетіне съездің беретін бағасынан үрейленетін, сондықтан партияны жікке бөлінумен қорқытуға батылы баратын, партия мүшелерінің съезд шақыру жолында үгіт жүргізу жөніндегі қалыпты правосына «тыйым» салуға батылы баратын адамдардың?— 6) біздің партия дағдарысын мүлдем бала сияқты түсінетін, сөйтіп Орталық Органды «заңды» деп шынымен дәлелдейтін және сол Орталық Органның *«жоғарылығын»* заңға айналдыратын адамдардың?— 7) біле тұра партияның еркіне қарамастан партия көпшілігінің табанды жақтаушыларын Орталық Комитеттен қуып шығуға тырысатын адамдардың біздің сенімімізге ие боларлықтай адамгершілік правосы бар ма?

Аяқтай келіп, маған осы сұрақтардың барлығына жауап беруді және істің жағдайымен, осы хатпен пар-

тияның барлық белсенді мүшелерін таныстыру қамын ойлауды сұраймын. Бұл хатты жариялаудың әзірше қажеті жоқ қой деп ойлаймын.

Орталық Комитеттің мүшесі *Ленин*

1904 ж. 5(18) августа жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КӨПШІЛІКТІҢ ЖЕНЕВА ТОБЫ ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Партияның II съезі көпшілігінің көзқарастары мен саясатын принципті түрде әбден дұрыс білдіретін Рига декларациясына [13] жалпы және тұтас алғанда қосыла отырып, жиналыс Орталық Комитет тарапынан жасалған жаңа қадам жөнінде белгілі бір позиция ұстауды қажет деп есептейді.

Орталық Комитеттің декларациясы [14] (қараңыз: «Искра» № 72) үйірмешілдіктің партиялықты тағы да жеңуі, тұтас алғанда партияның мүдделеріне жаңадан опасыздық жасау, партиялық қатынастарға екіжүзділік енгізу арқылы партияны азғындатуға жаңадан әрекет жасау болып табылатындығына жиналыс өзінің кәміл көзі жетіп отырғанын білдіреді. Партияның алдында есеп беруге тиісті органның партия съезін шақыруға қарсы шығуын, съезді жақтап үгіт жүргізу атаулыны зиянды деп жариялауды жиналыс өзін құрметтейтін бірде-бір жұмысшы партиясында көз көріп, құлақ естімеген масқара құбылыс деп айыптайды. Партия съезінде өз өкілдіктерін партия көпшілігінен алу және осы көпшіліктің саясатын топтық саясат деп жариялау; күресуші екі жақтың арасында татулық болуы жайында сөз етіп, екі жақтың біреуінің шетелдік жалған өкілдерімен астыртын жеке келісім жасау; өздерінің кешегі қарсыластары позициясының «жоғарылығын» екіжүзділікпен мадақтау және Орталық Комитеттің съезді жақтап үгіт жүргізу сияқты қылмыс істеуге дейін баратын мүшелері мен агенттерін таратуға келісе бас-

тау — мұның бәрі жаңа Орталық Комитеттің өзінің жаңа саясатында, Орталық Органмен бірге, партияны түкке тұрғысыз бірдеңе ретінде кемсітуге бел байлағанын айқын дәлелдейді. Жиналыс осы бонапартизм саясатын қатты айыптайды, барлық партия мүшелерін озбырлық пен екіжүзділікке қарсы батыл күрес жүргізуге шақырады, Советтің протоколдарын және орталық мекемелердің қызметі туралы құпия емес деректердің бәрін толық жариялауды талап етеді.

Жиналыс көпшіліктің принципті көзқарастарын қолдайтын барлық партия мүшелерін Бонч-Бруевич жолдас қолға алып отырған баспа ісін қолдауға [15] және III съезді шақыруды жақтаған жігерлі үгіт жүргізуге шақырады.

1904 ж. 25 августан (7 сентябрьден) кешірек жазылған

Бірінші рет қолжазба бойынша басылып отыр

ГЛЕБОВҚА (В. А. НОСКОВҚА) ХАТ

11 сентябрь, 1904 ж.

Құрметті жолдас!

Мені Орталық Органның редакциясына кірсін деген тілекті «Орталық Комитет» білдірді деп сіз тағы да қайталайсыз. Өз тарапымнан мұны ең аз дегенде дәл айтпағандық деп, мен де қайталауға тиіспін. Сіз Орталық Комитеттің белгілі декларациясын Орталық Комитеттің бір мүшесінен басқа мүшелерінің бәрі бірауыздан қабылдады деп ресми түрде мәлімдегеніңізде, мен дереу (1904 ж. 18 августа-ақ) бұл бекер деп жауап берген болатынмын. Декларацияға Орталық Комитеттің таяуға дейін болған тоғыз мүшесінің ішінен 3 мүшесі қол қойған, соның өзінде бұл үшеуі мүлдем заңсыз түрде Осипов жолдасты Орталық Комитеттің мүшесі емес деп жариялаған, ал ол өзін бұрынғыша Орталық Комитеттің мүшесі деп есептейтіндігін маған хат арқылы мәлімдеген-ді. Жолдастың өзімен түсініспей тұрып, оны отставкаға шықты деп жариялау заңсыз болды. Сіз және Сіздің екі әріптесіңіз бұл заңсыздықты қорғауда қолданған екі дәлелдің екеуі де мүлдем жарамсыз. Сіз Осипов жолдас өзінің отставкаға шығатыны туралы Орталық Комитеттің осының алдындағы кезекті жиналысында ресми түрде мәлімдеді дегенге сүйендіңіз. Бұл бекер, өйткені майдың аяқ кезінде (яғни февральда немесе мартта болған жиналыстан кейін айлар өткен соң) біз Орталық Комитеттің әлі де 9 мүшесі бар деп санадық, бұл Орталық Комитеттің үш мүшесінің қолы қойылған

1904 жылғы 26 майдағы шартпен және осы шартқа қоса тіркелген хатпен куәландырылған болатын *. Сіз Осипов жолдас Орталық Комитеттің осы айтылған жиналысынан кейін жергілікті комитеттің біріне кірді, ал Орталық Комитеттің мүшесінің мұны істеуге правосы жоқ еді дегенге сүйендіңіз. Бұл жөнінде Осипов жолдас маған бұдан да бұрын хат арқылы хабарлаған болатын: онда ол өзінің көрсетілген жерге жергілікті жұмысқа қатысу үшін Орталық Комитеттің нақ сол қазір оны шығып қалды деп жариялап отырған үш мүшесінің ұсынысы бойынша барғанын және онда жұмыс істегенде комитеттің ресми мүшесі ретінде істемегенін жазған болатын. Оның үстіне, егер тіпті Орталық Комитет мүшесінің жергілікті комитетке кіруі орынсыз, уставқа қайшы болғанның өзінде мұндай қатені түзеу үшін жергілікті комитеттен шықпай, қайткенде де Орталық Комитеттен шығу керектігін талап ететін ешбір негіз жоқ. Ақырында, Орталық Комитеттің үш мүшесінің жиналысына Осипов жолдастың отставкаға шығу мәселесінің таластылығы туралы мәлімдегенін маған жазған хатта Сіз өзіңіз мойындауға тиісті болдыңыз. Бұл талас мәселені Осипов жоқта және тіпті Осиповтың пікірін тыңдамастан Орталық Комитеттің үш мүшесінің шешуі барып тұрған өрескел заңсыздық болды. Әрине, Орталық Комитеттің үш мүшесінің редакцияның қолында отырған партия Советінің өздерін жақтайтындығына сенуіне болатын еді; әрине, Орталық Комитеттің үш мүшесі өздерінің Советтегі азшылықтың жақтаушыларымен ресми түрде жасалған немесе іштей мойындалған келісімге сүйене алатын еді. Бірақ мұндай жағдай заңсыздықты жоймаған болар еді, қайта керісінше, саяси парасатсыздық элементтерін енгізіп, оны күшейте түскен болар еді. Сондай-ақ, Орталық Комитеттің 3 мүшесінің Травинский жолдастың отставкаға шығуын қабылдауы да заңсыз, өйткені ол туралы бұдан бұрын, жиналысқа дейін, Орталық Комитеттің барлық мүшелері хабардар емес болатын. Сіз маған осы уақытқа дейін де бұл отставканың кімге және қашан айтылғандығы туралы дәл

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 443—449-беттер. *Ред.*

мәліметтер келтіре алған жоқсыз. Сіз: «российлық коллегиядан сұрап біліңіз» деген мазақ еткендей жауаппен құтылдыңыз, ал сіз осы «коллегиядан» (сол баяғы үш адамның коллегиясынан!) жаңа ғана келіп отырсыз, бұл коллегиямен қатынас жасауға менің Сіз арқылы болмаса, басқаша еш амалым жоқ!!

Сонымен мен Орталық Комитет құрамының және оның соңғы жиналысының («декларация» қабылданған) заңдылығына таласамын. Сондықтан менің Орталық Орган редакциясына кіруім туралы Сіздің ұсынысыңызды жауапсыз қалдыруға толық правом болар еді. Бірақ мен бұл ұсынысты Орталық Комитет емес, партияның үш мүшесі жасаған ұсыныс деп танимын, сондықтан оған дәлелді жауап беруді өзімнің борышым деп санаймын, оның үстіне Сіз Орталық Органның редакциясы мені редакторлардың қатарынан көргісі келетіндігін Өзіңізге хат арқылы білдіргендігін айтып отырсыз.

Сіз менің Орталық Орган редакциясына кіруім «мен сопшалықты көксеп жүрген партия ішіндегі толық дерлік татулықты қамтамасыз етер еді» деп ойлайсыз. Сіздің бұл «дерлік» деген сөзіңіздің айрықша мәні бар! Рас, мен партия ішінде татулық болуын тілеймін, мен өзімнің 1903 жылы декабрьде ««Искра» редакциясына хатымда» («Мен редакциядан неліктен шықтым?») баспасөз бетінде татулықты ұсынған болатынмын *. 1904 жылы январьда партия Советінде мен татулыққа жетуді тағы да ресми түрде ұсынған болатынмын **. Ол кезде менің көпшіліктің атынан қойған шарттарым бойынша татулық қабылданбаған болатын. Қазіргі азшылыққа толық икемділік жасауды, көпшілікті мүлдем елемеуді және съезді толық ұмытуды татулық деп түсініп, «татулық» туралы екіжүзді сөздер айтуға әуестікке қарамастан, партиядағы татулық деп нені айтатынымды мен Советте ашық көрсеткенімді ескерте кетемін. Мен өзімнің сол кездегі Орталық Комитетте болған әріптестеріммен бірге Советте тура былай деп мәлімдеген болатынмын: менің татулық деп отырғаным—идеялық ку-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 103—110-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 120—123-беттер. *Ред.*

ресті орын жөніндегі араздықтардан, ұрыс-керістерден және күрестің әділетсіз тәсілдерінен тазарту. Орталық Орган азшылықтың қолында, Орталық Комитет көпшіліктің қолында болсын,— деп ұсыныс жасадым мен сонда,— жұрттың бәрін бойкот атаулыны, орынға таласу, кооптациялық ұрыс-керістер атаулыны тоқтатуға шақырайық, өзіміздің алауыздықтарымыз туралы және біздің ажырасу себептеріміз туралы жолдастық тұрғыдан съезде айтысайық, партияны өзінің ішкі таластарын адал және абыроймен талдауға дағдыландырайық. Плеханов пен Мартов менің бұл ұсынысымды мазақтап күлді. Советтің протоколдарын жарияламау керек деп (Советтегі азшылықтың, атап айтқанда Орталық Комитеттен болған өкілдің екеуінің де талап етуіне қарамастан) олардың масқара шешім қабылдағандығы және қазір бұл шешімге Орталық Комитеттің үш мүшесінің (жасырын) қосылып отырғандығы мені таңдандырмайды. Орыс революционерлерінің өмірінде болмай қоймайтын кездейсоқ жағдайларды пайдаланып және басқаша пікірдегілерді * Оралық Комитеттен қуып шыға отырып, екіжүзділік бітім жасайтын адам дер кезінде адал бітім жасауға талпынушылықты партия мүшелерінен жасыруға тырыспай тұра алмайды. Бір жақсысы, партияны алдауға бағытталған түкке тұрғысыз бұл айла-шарғы іске аспайды, Советтің протоколдары, түптен келгенде, жарық көреді деп ойлауға менің дәлелім бар.

Советті басып алған редакция менің татулық туралы ұсынысымды күлкі етіп қабылдамай тастағаннан кейін мен бірден-бір адал жол — съезд шақыру деп санайтынымды сол кезде-ақ айттым. Азшылықтың (оның ішінде Плехановтың да) тактикасын — Орталық Орган мен Советті өз қолына ұстап, бұл орталық мекемелерді сөз жүзінде тұтас алғанда бүкіл партияның мүдделерін қорғайды деп көрсетіп, ал іс жүзінде азшылықтың мүдделері үшін, съезден тыс, Орталық Комитетті өзгертуге тырысушылықты — міне, мұндай тактиканы мен адал күрес деп санай алмаймын. Мен мұндай тактиканы

* Бұл ең алдымен Осипов жолдасқа қатысты. Содан соң, әрине, маған да қатысты, өйткені Орталық Органға кіруді ұсыну Орталық Комитеттен кетуге ұсыныс жасаумен пара-пар.

жақтаушылармен еш уақытта ешқандай келісімге келгенім жоқ және келісімге келу мүмкін деп есептемеймін. Оның үстіне жаңа «Искраның» кескіні январьдан бастап барынша айқындалды,— ол өсек пен ұрыс-керістің, пайымдаудағы шатасудың және оппортунистермен ымдасудың, жеке адамдардан өш алудың және алауыздықтарды тіміскілеп іздестірудің орталық органы болып отыр. Жаңа «Искраның» үйірме органы екендігін, жаңа «бағыттың» органы екендігін, міне, мұны қазір жұрттың бәрі, тіпті редакцияның өзі де көріп отыр, ол әуелі «сабақтастықты» жақтауға кірісіп еді, ал қазір ескі «Искраны» үнемі жамандап отыр. Қазір татулық туралы қай мағынада айтуға болады деген сұрақ туады? Егер татулық деп идеялық күресті кооптациялық ұрыс-керістерден тазартуды түсінетін болсақ, онда мен бітімге келісуге және өзімнің Советте жасаған ұсынысымды қайтадан қозғауға қазір де әбден дайынмын. Ал егер татулық деп идеялық күресті тоқтатуды, жаңа «Искраның» бағытымен немесе, дұрысырақ айтқанда, оның бағыт атаулыдан жұрдай кескінімен келісуді түсінетін болсақ, онда мұндай «татулықты» принципсіз немесе екіжүзді, болмаса партия органдарына баспа қағаз деп («ымырашылдардың» бірі жаңа «Искраның» әдебиетін Druckerschwärze — баспахана бояуы,— деп атағанындай) қарайтын адамдар ғана ұсына алады. Егер өздерінің бүкіл «принциптік» позициясын түгелінен дерлік менің жеке басымды кінәлауға, өздерінің «ленинизм» деп атап жүргенін қудалауға және менімен екі арадағы алауыздықтарды іздестіріп табуға әкеліп тіреген жаңа «Искра» редакторлары қазір мені редакцияда көргілері келетін болса, онда олар мұнысымен өз жазғандарына үстірт қарайтындығын, бүкіл айтысты тек «кооптациялау үшін» ғана шығарғанын, ал енді кооптация ойдағыдай істелген соң өздерінің бүкіл жаңа «принциптерінен» бас тартуға дайын екенін мойындайды. Маған келетін болсақ, онда мен көпшіліктің өз позициясын жақтаған партиялық күрестен, ұстамды бағыт жолындағы күрестен, үйірмешілдікке қарсы күрестен бас тарту мүмкіншілігі бар деудің өзін бойға қорлық деп танып қабылдамаймын. Мен көпшіліктің принципшіл жақтас-

тарымен бірге бұл күресті жүргізуді өзімнің етене правом және міндетім деп санаймын, ал көпшілікті жақтаушылар Россияда көбейіп келеді. Меніңше, бұл күрес ашық жүргізілуге тиіс, өйткені жанжал тарихының $^{9}/_{10}$ бөлігі қазірдің өзінде жұртқа әйгіленді, сондықтан оны бұдан былай жұрттан жасырудың қандайы болса да ұсақтыққа салынып, дағдарысты жөнсіз созғандық болар еді.

Сіз менің «Искраның» қазіргі редакциясына кіруімді «көптеген комитеттер де сөзсіз тілейді» деп жазасыз. Амал не, Сіздің бұл жолы айтып отырғаныңыз да көріне бекер екенін ескертуіме тура келеді. Күрестің қазіргі жағдайында әлі бірде-бір комитет мұндай тілек білдірген жоқ. Бұл тілекті Орталық Орган редакторларының үйірмесі мен Орталық Комитеттің үш мүшесі ғана білдірді, олар саяси дапалылықтың шыңы азшылық арқылы көпшілікке, ал көпшілік арқылы азшылыққа ұрысуда деп біледі. Мен былай ойлаймын: маған қайсыбір саясатқұмарлардың еркімен санасудың керегі жоқ, бүкіл партияның еркімен санасуым керек, партия өзі үшін мұндай ерікті ресми түрде білдірудің әдісі съезд болып табылады деп белгілеген. Мен былай деп ойлаймын: съезде белгілі бір бағыт ұстап, сол бағытпен партияның бір бөлігін алға бастаған жетекші өзінің қарсыластары жағына шығып кететін болса, онда ол құрметтелу, тіпті керек десе оның сөздеріне жұрттың құлақ салу правосының бәрінен айрылады.

Сіздің «көптеген комитеттер» деуіңіздің өзінің... шындыққа жанаспайтындығына қарамастан, өте сабақ боларлық және белгілі мәні бар. Бұл сілтеуіңіз аз да болса партиялық ар-ұяттың бар екендігін, партия тағайындаған қызмет мекемелері орталықтардың құрамы мен бағытын қайта белгілеуге кіріскенде сол партияның еркімен санасуға тиіс екенін аз да болса сезетіндіктің бар екендігін дәлелдейді. Егер Сіздің бұны түсінуіңіз өзіңіз ұстаған шатақ позицияның зардабынан кірленбеген болса, онда Сіз шынында көптеген комитеттердің шын ниетін айқын білудің съезден басқа тәсілі жоқ екенін оңай көрген болар едіңіз. Бірақ сіздің «көптеген комитеттерге» сілтеуіңіз аз да болса партиялық ар-ұяттың

сақталғанын көрсетіп отырғанымен, ол сонымен бірге ұжданның таза еместігін де айдан анық дәлелдейді: Сіздің съезден оттан да бетер қорқатын себебіңіз — өзіңіздің сотқарлық саясатыңыз бен партия еркі арасында өрескел қайшылық бар екендігін сезетіндігіңізден.

Сіздің келістіру қамын ойлауыңыз екіжүзділік әрекет екендігі жайындағы менің жалпы пікірімді бірсыпыра қосымша фактілер дәлелдейді. Орталық Комитеттің үш мүшесі қазір Орталық Органның «өресі биіктігіне» сүйсінеді, ал мартта Орталық Комитеттің *дәл осы* үш мүшесі кейбір партия жазушылары (Орталық Органның қазіргі редакциясының көпшілігі) оппортунизмге бой ұрды деп өкінішпен мәлімдеме жазған болатын. Орталық Комитеттің осы үш мүшесі «татулық» туралы сөз қыла отырып, сонымен қатар Оңтүстік бюроны (Орталық Комитет агенттерінің коллегиясын) [16] онда съезд шақыруды жақтап үгіт жүргізуге батылы барған көпшіліктің жақтастары жұмыс істегені үшін таратып жіберді. Орталық Комитеттің үш мүшесі күресуші екі жақты келістіру туралы айта отырып, бір жағының өкілдерімен конференция өткізіп, екінші жағын елемейді. Бүкіл партияның ең көкейтесті мүдделеріне қатысы бар және құпия сырдың ешбір қажеті болмаса да партиядан барынша жасырын ұсталатын бұл жеке, қарапайым келісімдер партияға қандай азғындық енгізеді десеңізші! Бұл сияқты партияның сыртынан істелген қылықтар бүкіл партия өміріне қаншама өзара сенімсіздік, күдіктенушілік енгізеді десеңізші! Бұл келісімдер жайында қандай лақап тарап жүргенін бүгін бір жолдас Россиядан маған былай деп жазады: азшылықтың ішінен үш бөлек топ құрылыпты деседі партия қауымы арасында; бір бөлігі ең алдымен Орталық Комитетке Дан мен Троцкийді кооптациялауды талап етеді және бұдан өзге еш нәрсені мойындағысы келмейді; екінші бөлігі конференция шақыруға келіседі; үшінші бөлігі Орталық Комитеттің декларациясына да қанағаттана салады, ал бұл бөлігіне южнорабочийшылдар жатады (бұлар беделді орган құруды съезд жауып тастаған «Южный Рабочийді» бүркемелеп қайта қалпына келтірудің дәл өзі деп өте дұрыс ұғынады). Партия ішіндегі бұл ла-

қаптардың қайсысының дұрыс екенін мен білмеймін. Бірақ азшылықтың әр текті топтардан құралатындығы, мәселен, Брукэр жолдастың азшылықтың «ультиматумдарына» және бүкіл кооптациялық ұрыс-керістерге, тегінде, мүлдем қатыспайтындығы, «Южный рабочий» тобының әжептәуір ерекше бағыты бар екендігі, міне, мұның бәрі жұртқа әйгілі фактілер, бұл фактілермен біздің партия съезін зерттеп жүрген адамдардың бәрі таныс. Партияның сыртынан жеке топтардың мұндай ұсақ пайдакүнемшілдікке салынуында қаншалықты масқара қорлық бар екенін Сіз қалай көрмейсіз! Орталық Комитеттің үш мүшесінің екіжүзділігі оларға бұл сияқты оңбаған қылықтардың бәрінен аулақ тұрған көпшілік тарапынан мейлінше сенімсіздік туғызатынына таңдануға бола ма? Съезд шақыруды жақтап үгіттеушілерді таратып жіберуден басталған «татулық» партия жұртшылығының пікірін ұдайы бұрмалаудың алды деп танылатындығына таңдануға бола ма? Азшылықты зорлықпен комитеттерге енгізу туралы, көпшіліктің қарарларын жарияламау туралы (Петербург және Екатеринослав қарарлары *бірнеше ай бойы* бөгеліп отыр) және т. т. және т. с. туралы Орталық Комитет пен Орталық Орган (демек Совет те) келісімге келеді деп көпшіліктің ойлауына таңдануға бола ма?

Партиядағы қазіргі жағдайда менің Орталық Орган редакциясына кіруім туралы не себепті сөз болуы да мүмкін емес екендігін Сіз енді түсінер деп сенемін.

Сіздің мені Орталық Комитетке үш адамды кооптациялау туралы мәселе бойынша дауыс беруден «тартынды» деген мәлімдемеңіз *шындыққа жатпайды*. Мен «сайлау болып өтті» деп тануға үзілді-кесілді қарсымын. Бұл жаңадан болған тағы бір заңсыздық. Орталық Комитеттің үш мүшесі *түгел* менің наразылығымды қарап шығуға *міндетті*, міне тек *осыдан кейін* ғана кооптация туралы мәселе көтеруге тиіс. Устав бойынша кооптация бірауыздан қабылдануға тиіс; мен бұған келісім бергенім жоқ. Демек, істі Советке қоймайынша болған кооптация туралы сөз болуы да мүмкін емес. Со-

неттің шешімі (егер Орталық Комитеттің құрамын Орталық Комитеттің барлық мүшелері тексергенге дейін Сіз кооптациялау туралы мәселені Советке заңсыз түрде қоятын болсаңыз) Советтің протоколдарымен бірге маған хабарланылуы тиіс.

Сіздің менімен көрісе алмадым деген өкінішіңізге мен қосыла алмаймын. Сіздің Осипов жолдас жөнінде істеген қылықтарыңыздан кейін және Сіздің берілген уәдеге (1904 ж. 26 майдағы шарт) осындай көзқарасыңыздан кейін мен Сізбен бірыңғай ресми түрде және тек хат арқылы болмаса, басқа ешқандай қатынас жасағым келмейді.

Орталық Комитеттің мүшесі *Н. Ленин*

Біраз қысқартылып, 1904 ж. мына кітапшада басылған: Н. Шахов. «Съезд үшін күрес». Женева

Қолжазба бойынша басылып отыр

Н. ШАХОВТЫҢ «СЪЕЗД ҮШІН КҮРЕС» ДЕГЕН КІТАПШАСЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Алғы сөз

Біз оқушыға ұсынылып отырған осы кітапшада біздің партиямыздың жергілікті жерлерде жұмыс істеп отырған түрлі ұйымдарының партиядағы қазіргі дағдарысқа көзқарасын сипаттайтын документтердің мүмкіндігінше неғұрлым толық жинағын беруге тырыстық. Бұл документтердің бірқатары «Искрада» бұрын басылған текстіден, бірқатары тура қолжазбадан алынып отыр, сондықтан оқушы бұл қолжазбаларда оларды жеткізу жағдайына байланысты кейде қателер және қалып қойған жерлер болуы мүмкіндігін ұмытпауға тиіс.

Басылып отырған документтердің мазмұны бір негізгі пункттің, атап айтқанда: партиялықтың үйірмешілдікке қарсы күресінің, съезд үшін күрестің төңірегінде болып отыр. Әуелі бұл партияның екінші съезі үшін, съездің шешімдерін тану және оларды адалдықпен орындау үшін күрес болды, содан кейін осы күнгі жағдайдан шығуда партияның бірден-бір лайықты құралы ретінде үшінші съезд үшін күрес болды. Партияның осы күнгі орталық мекемелерінің үшінші съезге қарсы күресін де документтік деректер негізінде мүмкін қадарынша толығырақ көрсетуге тырыстық.

Біздің жұмысымыз документтерді хронологиялық (мүмкін болғанынша) тәртіпке келтірумен және документтер арасындағы байланысты көрсету үшін мейлінше қысқа түсініктер берумен шектелді. Түсініктемелер беруді біз келесі әдебиетке қалдырамыз. Съезд үшін

күрес туралы жалаң факт деректерінің өзі-ақ жағдайды айқын суреттейді, сондықтан оларды зерттеу жұрттың бәріне және әрбір адамға біздің партия ішіндегі күрес туралы өз алдына дербес пікір түюге жәрдемдеседі.

1904 ж. 7(20) сентябрьден ертерек жазылған

1904 ж. мына кітапшада басылған: Н. Шахов. «Съезд үшін күрес». Женева

Қолжазба бойынша басылып отыр

EIN SCHRITT VORWÄRTS, ZWEI SCHRITTE RÜCKWÄRTS

EINE ABWEHR VON N. LENIN

Der Artikel der Genossin Rosa Luxemburg in den 42—43 Nummern der «Neue Zeit» übt eine Kritik über mein russisches Buch über die Krise in unserer Partei. Ich kann mich nicht von dem Dank, den wir unsern deutschen Genossen für ihre Aufmerksamkeit zu unserer Parteiliteratur, für ihre Versuche die deutsche Sozialdemokratie mit dieser Literatur bekannt zu machen, schulden enthalten, aber dabei bin ich genötigt, darauf aufmerksam zu machen, daß Rosa Luxemburg's Artikel die Leser der «Neue Zeit» nicht mit meinem Buch, sondern mit etwas anderem bekannt macht. Man möge darüber an folgenden Beispielen urteilen. Gen. Luxemburg sagt z. B., daß die Auffassung, die hier (d. h. in meinem Buche) in eindringlicher und erschöpfender Weise ihren Ausdruck gefunden hat, ist die eines «rücksichtslosen Zentralismus». Gen. Luxemburg meint also, dass ich ein Organisationssystem gegen ein anderes verteidige. Das ist aber tatsächlich nicht wahr. Von der ersten Seite bis zur letzten verteidige ich die elementaren Grundsätze eines jeden Systems, einer jeden denkbaren Parteiorganisation. Mein Buch beschäftigt sich nicht mit dem Unterschiede eines Organisationssystems von einem andern, sondern mit der Frage, wie ein jegliches System in einer dem Parteibegriff nicht widersprechenden Weise eingehalten, kritisiert und korrigiert werden muß. Rosa Luxemburg sagt weiter, daß «nach seiner (Lenin's) Auffassung das Zentralkomitee die Befugnis hat, alle Teil-

БІР АДЫМ ІЛГЕРІ, ЕКІ АДЫМ КЕЙІН

Н. ЛЕНИННІҢ РОЗА ЛЮКСЕМБУРГКЕ ЖАУАБЫ[17]

Роза Люксембург жолдастың «Die Neue Zeit»-тің[18] 42 және 43 номерлеріндегі мақаласы біздің партиядағы дағдарыс туралы менің жазған орысша кітабымды* сын тұрғысынан талдау болып табылады. Біздің партиялық әдебиетке көңіл бөлгені үшін, біздің әдебиетпен герман социал-демократиясын таныстыруға талпынғандығы үшін мен герман жолдастарға алғыс айтуға тиіспін, бірақ мен Роза Люксембургтің «Neue Zeit»-тегі мақаласы оқушыларды менің кітабыммен емес, басқа бірдememен таныстыратындығын көрсетуге тиіспін. Бұл мынадай мысалдардан көрінеді. Мысалы, Люксембург жолдас менің кітабымда «еш нәрсемен санаспайтын централизм» тенденциясы ашықтан-ашық және айқын көрініп тұр дейді. Сөйтіп, Люксембург жолдас мені бір ұйымдық жүйеге екінші бір жүйені қарсы қойып, жақтап отыр деп ойлайды. Бірақ іс жүзінде бұл олай емес. Бүкіл кітаптың өн бойында, бірінші бетінен ақырғы бетіне дейін, мен болуы мүмкін деген қандай да болсын партия ұйымының қандай да болсын жүйесінің қалыпты ережелерін қорғаймын. Менің кітабымда белгілі бір ұйымдық жүйелердің арасындағы айырмашылық туралы мәселе емес, қайта партияның принциптеріне қайшы келмей, жүйелердің қандайын болса да қалайша қолдау, сынау және түзету керек екендігі туралы мәселе қаралды. Роза Люксембург бұдан соң: «оның (Лениннің) түсінуі бойынша Орталық Комитетке партияның

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 199—442-беттер. *Ред.*

komitees der Partei zu organisieren». Das ist tatsächlich nicht wahr. Meine Auffassung in dieser Frage kann dokumentarisch durch den von mir eingebrachten Entwurf eines Parteiorganisationsstatuts bewiesen werden. In diesem Entwurf ist von dem Rechte, die Teilkomitees zu organisieren, keine Rede. Die von dem Parteitag zwecks der Ausarbeitung des Parteistatuts gewählte Kommission fügte dies Recht. ein und der Parteitag nahm den Kommissionsentwurf an. In die Kommission aber außer mir und noch einem Anhänger der Majorität waren drei Anhänger der Minorität des Parteitags gewählt, d. h. daß in der Kommission, die dem Zentralkomitee das Recht, die Teilkomitees zu organisieren, gegeben hat, hatten gerade meine Gegner die Oberhand. Gen. Rosa Luxemburg hat zwei verschiedene Tatsachen verwechselt. Erstens hat sie meinen Organisationsentwurf mit dem umgestalteten Kommissionsentwurf einerseits und mit dem vom Parteitag angenommenen Organisationsstatut anderseits verwechselt; zweitens verwechselte sie die Verteidigung eines bestimmten Antrags über einen bestimmten Paragraphen des Statuts (in dieser Verteidigung war ich keineswegs rücksichtslos, da im Plenum ich nicht gegen das Amendement, das die Kommission eingebracht hat, gestritten habe) mit der Verteidigung jener (nicht wahr echt «ultrazentralistischen»?) Thesis, daß ein Statut, das von einem Parteitag angenommen wurde, auch befolgt werden muß, bis es vom nächsten Parteitag umgeändert wird. Diese Thesis (eine echt blanquistische, wie der Leser leicht ersehen kann) wurde wirklich von mir in meinem Buch recht «rücksichtslos» verteidigt. Gen. Luxemburg sagt, daß nach meiner Auffassung «erscheint das Zentralkomitee als der einzige aktive Kern der Partei». Es ist tatsächlich unwahr. Ich habe diese Auffassung nirgends vertreten. Im Gegenteil, meine Opponenten (die Minorität des II. Parteitags) haben mich in ihren Schriften beschuldigt, daß ich nicht genügend die Unabhängigkeit, die Selbstständigkeit des Zentralkomitees in Schutz nehme, daß ich ihn viel zu sehr den im Ausland lebenden Redaktion und Parteirat unterjoche. Auf diese Beschuldigung antwortete ich in

барлық жергілікті комитеттерін ұйымдастыруға өкілдік берілген»,— дейді. Расында бұл дұрыс емес. Менің бұл мәселе жөніндегі пікірімді партия ұйымы уставының мен ұсынған жобасымен документ жүзінде дәлелдеуге болады. Бұл жобада жергілікті комитеттерді ұйымдастыру правосы туралы бірде-бір сөз жоқ. Партия уставын әзірлеу үшін партия съезінде сайланған комиссия уставқа осы правоны енгізді, ал партия съезі комиссияның жобасын бекітті. Бұл комиссияға мен және көпшіліктің тағы бір жақтаушысынан басқа партия съезі азшылығының үш өкілі сайланды, демек, Орталық Комитетке жергілікті комитеттерді ұйымдастыру правосын берген бұл комиссияда менің нақ үш қарсыласым басым болып шықты. Роза Люксембург жолдас әр түрлі екі фактіні шатастырыпты. Біріншіден, ол менің ұйымдық жобамды, бір жағынан, комиссияның өзгертілген жобасымен, екінші жағынан, партия съезі қабылдаған ұйымдық уставпен шатастырған; екіншіден, уставтың белгілі бір параграфының белгілі бір талабын қорғауды (бұл қорғауда мені еш нәрсемен санаспады деу мүлдем бекер, өйткені мен пленумда комиссия енгізген түзетуге қарсы болғаным жоқ) партия съезі қабылдаған устав келесі съезд өзгерткенге дейін жүзеге асырылуға тиіс дейтін тезисті жақтаумен (шын мәнісінде «әсіре централистік» емес пе?) шатастырған. Мен бұл тезисті (мұның «нағыз бланкистік» екенін оқушының оңай байқауына болады) өз кітабымда, расында да «еш нәрсемен санаспастан» қорғадым. Люксембург жолдас, менің пікірімше, «Орталық Комитет партияның бірден-бір белсенді ұйтқысы болып табылады» дейді. Шынында бұл бекер. Мен еш уақытта да мұндай пікірді жақтаған емеспін. Қайта, менің оппоненттерім (партияның II съезінің азшылығы) өздерінің жазғандарында мені Орталық Комитеттің тәуелсіздігін, дербестігін жеткілікті қолдамайды және оны шетелдегі Орталық Орган редакциясы мен партия Советіне тым бағындырып жіберді деп кінәлаған болатын. Бұл кінәлауға мен өз кіта-

meinem Buch, daß, als die Parteimajorität die Oberhand im Parteirat hatte, sie niemals den Versuch machte, in die Selbstständigkeit des Zentralkomitees einzugreifen; das geschah aber sogleich, wie der Parteirat zum Kampfmittel der Minorität wurde. Gen. Rosa Luxemburg sagt, daß es in der Sozialdemokratie Rußlands keine Frage über die Notwendigkeit einer einheitlichen Partei existiert und daß der ganze Streit sich nur um das Maß einer Zentralisation dreht. Das ist tatsächlich nicht wahr. Hätte Gen. Luxemburg sich die Mühe gegeben, die Resolutionen der vielen Lokalkomitees der Partei, die die Majorität bilden, kennen zu lernen, so hätte sie leicht einsehen können (das tritt übrigens auch klar aus meinem Buch hervor), daß der Streit bei uns hauptsächlich darüber geführt wird, ob das Zentralkomitee und das Zentralorgan die Richtung der Majorität des Parteitags vertreten sollen, oder nicht. Über diese ultrazentralistische und rein blanquistische Forderung spricht die werte Genossin kein Wort, sie zieht es vor, gegen die mechanische Unterwerfung eines Teils dem Ganzen, gegen den Kadavergehorsam, gegen die blinde Unterordnung und dergleichen Schreckensgespenste zu deklamieren. Ich bin sehr der Gen. Luxemburg für die Auseinandersetzung des tiefgeistreichen Gedankens, daß der Kadavergehorsam sehr für die Partei schädlich ist, dankbar, aber ich möchte doch wissen, hält es die Genossin für normal, kann sie es zulassen, hat sie je in irgend welcher Partei es gesehen, daß in den Zentralbehörden, die sich Parteibehörden nennen wollen, die Minorität des Parteitags dominieren könnte? Die Gen. Rosa Luxemburg unterschiebt mir geradezu den Gedanken, daß alle Vorbedingungen zur Durchführung einer großen und äußerst zentralisierten Arbeiterpartei in Rußland bereits vorhanden sind. Wieder eine tatsächliche Unwahrheit. Nirgends in meinem Buche habe ich diesen Gedanken ausgesprochen, geschweige vertreten. Etwas anders lautete und lautet die von mir vertretene These: ich bestand nämlich darauf, daß alle Vorbedingungen bereits vorhanden sind, um die Beschlüsse der Partei-

бымда былай деп жауап бергенмін: партия көпшілігі партия Советінде басым болған кезде ол Орталық Комитеттің дербестігіне шек қоюға еш уақытта тырыспаған болатын; бірақ партия Советі азшылықтың қолындағы күрес құралына айналысымен-ақ осындай шек қоюшылыққа әрекет жасалды. Роза Люксембург жолдас былай дейді: біртұтас партияның қажет екендігі жөнінде россиялық социал-демократияда ешқандай күмән жоқ, барлық талас орталықтандырудың көп-аздығы туралы мәселенің төңірегінде болып отыр. Шынында бұл дұрыс емес. Егер де Люксембург жолдас партияның көпшілігі болып отырған толып жатқан жергілікті партия комитеттерінің қарарларымен танысуға еңбектенген болса, онда ол таластың бізде, көбінесе, Орталық Комитет пен Орталық Орган партия съезі көпшілігінің бағытын білдіруге тиіс пе немесе тиіс емес пе деген мәселе туралы болғандығын (бұл менің кітабымнан ерекше айқын көрініп отыр) оңай түсінген болар еді. Бұл «әсіре централистік» және «нағыз бланкистік» [19] талап туралы құрметті жолдас бірауыз сөз айтпайды, ол бөлшектің бүтінге бет алды бағына беруіне қарсы, құлшылықпен бас июшілікке қарсы және т. с. сұмдықтарға қарсы тіл безеуді артық көреді. Құлшылықпен бас июшілік партия үшін қатерлі дейтін терең мағыналы идеяны түсіндіргені үшін мен Люксембург жолдасқа көп алғыс айтамын, бірақ менің мынаны білгім келеді: өзін партиялық орган деп атайтын орталық органдарда партия съезінің азшылығы басым болуын ол жолдас дұрыс деп санай ма екен, мұның болуына ризалық бере ме екен, мұны қай партияда көрді екен? Роза Люксембург жолдас маған Россияда үлкен және барынша орталықтандырылған жұмысшы партиясын құру үшін барлық алғы шарттар қазірдің өзінде бар деген пікірді таңады. Расына келгенде бұл да бекер. Мен кітабымның бірде-бір жерінде бұл пікірді қорғамағандығым былай тұрсын, керек десе ондай пікірді айтқаным да жоқ. Менің ұсынған тезисім мұнан басқа пікірді білдірді және білдіреді де. Атап айтқанда, мен партия съезі шешімдерінің танылуы үшін қазірдің өзінде барлық алғы шарт-

tags anzuerkennen, und daß es schon die Zeit vorbei sei, ein Parteikollegium durch ein Privatzirkel zu ersetzen. Ich brachte die Beweise ein, daß gewisse Akademiker in unserer Partei ihre Unkonsequenz und Unstandhaftigkeit offenbarten und daß sie gar kein Recht hatten, ihre Disziplinlosigkeit in den Schuh der russischen Proletarier zu schieben. Die Arbeiter Rußlands haben schon oft bei den verschiedenen Gelegenheiten sich für das Befolgen der Parteitagsbeschlüsse ausgesprochen. Es ist geradezu lächerlich, wenn die Gen. Luxemburg eine dahingehende Äußerung für eine «optimistische» erklärt (sollte es nicht eher für «pessimistisch» gelten), ohne dabei ein einzelnes Sterbewörtchen darüber zu verlieren, welche tatsächliche Grundlage meiner Äußerung sei. Gen. Luxemburg sagt, ich verherrliche die erzieherische Wirkung einer Fabrik. Das ist nicht wahr. Nicht ich, sondern mein Gegner behauptete, daß ich mir die Partei als eine Fabrik vorstelle. Ich lachte meinen Gegner tüchtig aus und wies aus den Worten des Gegners nach, daß er zwei verschiedene Seiten der Fabrikdisziplin verwechsele, wie das auch leider mit der Genossin R. Luxemburg der Fall ist *.

Gen. Luxemburg sagt, daß ich meinen Standpunkt vielleicht scharfsinniger gekennzeichnet habe, als es irgend einer meiner Opponenten tun könnte, als ich meinen «revolutionären Sozialdemokraten», als einen mit der Organisation der klassenbewussten Arbeiter verbundenen Jakobiner definierte. Wieder eine tatsächliche Unwahrheit. Nicht ich, sondern P. Axelrod sprach zuerst vom Jakobinismus. Axelrod war der erste, der unsere Parteinuancen mit denen aus der Zeit der großen Revolution verglichen hat. Ich bemerkte bloß, daß dieser Vergleich nur in dem Sinne zulässig sei, daß die Teilung der modernen Sozialdemokratie auf die revolutionäre und opportunistische im gewissen Sinne der Teilung auf die Montagnard'en und Girondisten entspricht. Einen solchen Vergleich tat recht oft die vom Parteitag, anerkannte alte «Iskra». Gerade diese Teilung anerkennend,

* Vergleiche die russische Broschüre: «Unsere Mißverständnisse» den Artikel «Rosa Luxemburg contra Karl Marx».

тар бар және партия коллегиясын жеке үйірмемен алмастыруға болатын уақыт әлдеқашан өтті, деп баса көрсеткен болатынмын. Біздің партиядағы кейбір академиктер өздерінің дәйексіз және тұрақсыз екендігін көрсеткендігіне және олардың өз тәртіпсіздігін орыс пролетарларына жабуға ешбір правосы жоқтығына мен дәлелдер келтіргенмін. Орыс жұмысшылары партия съезінің қаулыларын орындауды жақтайтынын түрлі жағдайларда сан рет білдірген болатын. Люксембург жолдастың мұндай пікірді «оптимистік» деп (оны мұнан да гөрі «пессимистік» деп есептеу керек емес пе екен) жариялауы және сонымен бірге менің қағидамның нақты негізі туралы бірде-бір ауыз сөз айтпауы тіпті адам күлерлік. Люксембург жолдас мені фабриканың тәрбиелік маңызын тым дәріптейді дегенді айтады. Бұл жалған сөз. Мен емес, менің қарсыласым, мені партияны фабрика сияқты деп түсінеді, деп айтқан болатын. Мен оны барынша мазақ етіп, оның фабрикалық тәртіптің түрліше екі жағын шатастырып отырғандығын оның өз сөзімен дәлелдегенмін, амал не, Р. Люксембург жолдас та осылай шатастырып отыр *.

Люксембург жолдас революцияшыл социал-демократқа таптық санасы бар жұмысшылар ұйымымен байланысты якобиншіл деп анықтама беруім арқылы мені өз көзқарасыма қарсыластарымның қайсысынан гөрі болса да өткір сипаттама берді дейді. Іс жүзінде бұл да теріс. Якобиншілдік туралы алғаш рет сөз қылған мен емес, П. Аксельрод болатын. Біздің партиялық топтарымызды ұлы француз революциясы кезіндегі топтармен алғаш салыстырған Аксельрод. Мен мұндай салыстыру қазіргі социал-демократияның революцияшыл және оппортунистік болып бөлінуін белгілі бір дәрежеде монтаньярлар және жирондистер [20] болып жіктелуге сай келеді деген мағынада ғана мүмкін деп ескерткенмін. Партия съезі таныған ескі «Искра» [21] осындай салыстыруды жиі келтіріп отыратын. Ескі «Искра» нақ осындай бө-

* Қараңыз: «Біздің түсініспеушіліктеріміз» деген орысша кітапшада «Роза Люксембург Карл Маркске қарсы» деген мақала.

kämpfte die alte «Iskra» mit dem opportunistischen Zweig unserer Partei, mit der Richtung der «Rabotschee Djelo». Rosa Luxemburg verwechselt hier das *Verhältnis* zwischen zwei revolutionären Richtungen des XVIII. und XX. Jahrhunderts mit der Identifizierung dieser Richtungen selbst. Wenn ich z. B. sage, daß das Verhältnis zwischen der «Jungfrau» und dem «Kleinen Scheidegg» dem Verhältnisse zwischen 4-und 2-stöckigen Häusern entspricht, so heißt es doch nicht, daß ich ein 4 stöckiges Haus mit der «Jungfrau» identifiziere. Gen. Luxemburg hat völlig die tatsächliche Analyse der verschiedenen Richtungen unserer Partei außer Acht gelassen. Und gerade dieser Analyse, die sich auf die Protokolle unseres Parteitags fußt, widme ich die größere Hälfte meines Buches, und in der Einleitung mache ich darauf besonders aufmerksam. Rosa Luxemburg will über die jetzige Lage unserer Partei sprechen und ignoriert dabei vollständig unsern Parteitag, der eigentlich den echten Grundstein unserer Partei gelegt hat. Es muss als ein gewagtes Unternehmen angesehen werden! Ein um so mehr gewagtes Unternehmen, da ich hundertmal in meinem Buch darauf hinweise, daß meine Gegner unsern Parteitag ignorieren und eben darum alle ihre Behauptungen jeder tatsächlichen Grundlagen berauben.

Gerade diesen Grundfehler begeht auch die Gen. Luxemburg. Sie wiederholt nackte Worte, ohne sich zu bemühen, ihren konkreten Sinn zu begreifen. Sie rückt Schreckensgespenste vor, ohne die reale Lage des Streites kennen zu lernen. Sie schiebt mir Gemeinplätze, allgemeine Prinzipien, allgemeine Erwägungen, absolute Wahrheiten zu und sucht die relativen Wahrheiten, die sich auf scharfbestimmte Tatsachen beziehen und mit denen allein ich operiere, totzuschweigen. Und sie klagt noch über Schablone. Sie beruft sich dabei auf Marx's Dialektik. Und gerade der Artikel der geehrten Genossin enthält ausschließlich erdichtete Schablone, gerade ihr Artikel widerspricht dem Abc der Dialektik. Dies Abc besagt, daß es keine abstrakte Wahrheit gibt, die Wahrheit ist immer konkret. Gen. Rosa Luxemburg ignoriert

луді мойындай отырып, біздің партияның оппортунистік қанатына қарсы, «Рабочее Делоның» бағытына қарсы күресті. Роза Люксембург бұл арада XVIII—XX ғасырлардағы революциялық екі бағыттың *арақатысын* осы бағыттардың өздерін бірдей санаушылықпен шатастырады. Мәселен, егер мен Кішкене Шайдегті Юнгфраумен салыстыру екі қабат үйді төрт қабат үймен салыстырғанмен бірдей дейтін болсам, бұл менің төрт қабат үйді Юнгфраумен бірдей дегенім болып шықпайды. Біздің партияның әр түрлі бағыттарына дұрыстап талдау жасау Люксембург жолдастың назарынан тыс қалған. Ал мен өз кітабымның жартысынан көбін нақ осы талдауға арнадым, бұл талдау біздің партия съезінің протоколдарына негізделген, ал кіріспеде мен бұған ерекше назар аударамын. Роза Люксембург біздің партияның қазіргі жағдайы туралы айтқысы келеді де, партиямыздың шын мәнісінде негізін қалаған біздің партия съезін мүлдем елемейді. Мұны қатерлі қадам деп тану керек! Мұның әсіресе қатерлі болатын себебі — мен өз кітабымда жүздеген рет көрсеткенімдей, менің қарсыластарым біздің партия съезін елемейді, сондықтан да олардың барлық тұжырымдарында ешқандай нақты негіз жоқ.

Роза Люксембург жолдас та дәл осындай өте зор қате жіберіп отыр. Ол тек жалаң сөздерді ғана қайталайды, олардың нақты мағынасын анықтауға еңбектенбейді. Ол таластың шын негізін зерттеместен, түрлі жаманшылықтарды айтып қорқытады. Ол маған жалпыламалықты, жалпыға мәлім принциптер мен пікірлерді, абсолютті ақиқаттарды таңады да, нақты айқын фактілерге негізделген және мен бірыңғай қолданатын относительді ақиқаттар жайында үндемеуге тырысады. Сөйте тұрып, ол бір сарындылыққа назаланып, сонымен бірге Маркстің диалектикасына сүйенуге шақырады. Ал шындығында ойдан шығарылған нағыз бір сарындылық құрметті жолдастың дәл өз мақаласында болып отыр, нақ оның өз мақаласы диалектиканың әліппесіне қайшы келеді. Бұл әліппе ешқандай дерексіз ақиқат болмайды, ақиқат қашан да нақты болады деп дәлелдейді.

majestätisch die konkreten Tatsachen unseres Parteikampfs und deklamiert großmütig über Fragen, die unmöglich ernst diskutiert werden können. Ich führe noch ein letztes Beispiel aus dem zweiten Artikel der Gen. Luxemburg an. Sie zitiert meine Worte darüber, daß die oder jene Fassung eines Organisationsstatuts als ein mehr oder weniger scharfes Kampfmittel gegen den Opportunismus dienen kann. Über welche Fassungen sprach ich in meinem Buch und sprachen wir alle auf dem Parteitag, darüber sagt Rosa Luxemburg kein Wort. Welche Polemik auf dem Parteitag geführt wurde, gegen wen rückte ich meine Grundsätze vor, das geht die Genossin gar nichts an. Dagegen geruht sie, mir eine ganze Vorlesung über den Opportunismus... in den parlamentärischen Ländern vorzuhalten!! Aber die besondere, spezifische Artung des Opportunismus, die Nuancen, die er bei uns in Rußland angenommen hat und mit denen ich mich in meinem Buch beschäftige, darüber finden wir kein Wort in dem Artikel der Genossin. Die Schlußfolgerung aller dieser hochgeistreichen Auseinandersetzungen ist die: «Das Parteistatut soll nicht etwa (?? verstehe, wer kann) eine Waffe zur Abwehr des Opportunismus sein, sondern bloß ein äußeres Machtmittel zur Ausübung des massgebenden Einflußes der tatsächlich vorhandenen revolutionärproletarischen Majorität der Partei». Sehr richtig. Aber wie gestaltete sich die tatsächlich vorhandene Majorität unserer Partei, darüber schweigt Rosa Luxemburg, und gerade darüber spreche ich in meinem Buch. Sie schweigt auch darüber, welchen Einfluß ich und Plechanoff mit diesem äussern Machtmittel verteidigt haben. Ich kann nur hinzufügen, daß ich niemals und nirgends über einen solchen Unsinn, wie das Parteistatut eine Waffe «an sich», sprach.

Die richtigste Antwort, auf eine solche Art und Weise meine Ansichten zu erläutern, wäre, die konkreten Tatsachen unseres Parteikampfs wiederzugeben. Da wird einem jeden klar, wie hübsch solche abstrakten Gemein-

Роза Люксембург жолдас біздің партиялық күрестің нақты фактілерін менмендікпен елемей, шындап талқылануы мүмкін емес мәселелер туралы көңілі түсе тіл безеуге салынады. Мен Люксембург жолдастың екінші мақаласынан соңғы бір мысал келтірейін. Ол менің ұйымдық уставтың белгілі бір редакциясы оппортунизмге қарсы күрестің азды-көпті өткір құралы бола алады * деген сөздерімді цитатқа алады. Мен өзімнің кітабымда және біз бәріміз съезде қандай тұжырымдар туралы айттық, міне, бұл жайлы Роза Люксембург бірде-бір сөз айтпайды. Партия съезінде мен қандай айтыс жүргіздім, мен өзімнің қағидаларымды кімге қарсы ұсындым, міне, бұларды ол жолдас мүлдем қозғамайды. Мұның орнына ол маған парламентаризм елдеріндегі... оппортунизм туралы бүтіндей бір лекция оқып, рақым етеді!! Бірақ оппортунизмнің бүкіл ерекше, айрықша түрлері туралы, оның біздің Россияда орын алған және менің кітабымда сөз болған сипаттары туралы,— бұл туралы біз оның мақаласынан бірде-бір сөз таба алмаймыз. Осы, барынша өткір тілді пайымдаулардан шығатын қорытынды мынадай: «Партия уставы өзінен-өзі (?? шамасы келген адам түсініп көрсін) оппортунизмге тойтарыс берудің қайдағы бір қаруы болмауға тиіс, партияның нақты өмір сүріп отырған революцияшыл-пролетарлық көпшілігінің басшылық ықпалын жүргізетін қуатты сыртқы құрал ғана болуға тиіс». Өте дұрыс. Бірақ біздің партияның нақты өмір сүріп отырған көпшілігі қалай құрылды, міне, бұл туралы Роза Люксембург үндемейді, ал мен өзімнің кітабымда нақ осы туралы айтамын. Сонымен қатар ол осы қуатты сыртқы құралдың көмегімен Плеханов екеуміз қандай ықпалды қорғағандығымыз туралы да үндемейді. Менің тек бұған қосарым: партияның уставы «өзінен-өзі» қару болып табылады дейтін мағынасыздықты мен еш уақытта және еш жерде айтқаным жоқ.

Менің көзқарастарымды бұл сияқты тәсілмен түсіндіруге ең дұрыс жауап біздің партиялық күрестің нақты фактілерін баяндау болар еді. Сонда нақты фактілер Люксембург жолдастың жалпылама сөздері мен бір са-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 278-бет. *Ред.*

plätze und Schablone der Gen. Luxemburg mit den konkreten Tatsachen kontrastieren.

Unsere Partei wurde im Frühling 1898 in Rußland auf dem Kongreß der Vertreter einiger russischen Organisationen gegründet. Die Partei wurde die Sozialdemokratische Arbeiterpartei Rußlands genannt, als Zentralorgan der Partei wurde die «Rabotschaja Gaseta» (Arbeiterzeitung) ernannt; der Verein der russischen Sozialdemokraten im Auslande wurde zum ausländischen Vertreter der Partei. Sehr bald nach dem Parteitag wurde das Zentralkomitee der Partei von der Polizei verhaftet. Die «Rabotschaja Gaseta» mußte nach der zweiten Nummer zu erscheinen aufhören. Die ganze Partei wurde zum formlosen Konglomerat der Lokalorganisationen (die Komitees genannt wurden). Das einzige Bindemittel, das diese Lokalkomitees vereinigte, war das ideale, rein geistige Bündnis. Es mußte notwendig wieder die Periode des Auseinandergehens, hin und her Schwankens und Spaltungen eintreten. Die Gebildeten, die ein viel größeres Prozent unserer Arbeiterpartei im Vergleich zu den westeuropäischen Parteien ausmachen, begeisterten sich für den Marxismus, wie für eine neue Mode. Diese Begeisterung hat sehr bald dem sklavischen Niederbeugen vor der bürgerlichen Kritik Marx's einerseits und der rein professionalen Arbeiterbewegung (Streikismus-Oekonomismus) anderseits Platz gemacht. Das Auseinandergehen des intellektuell-opportunistischen und proletarisch-revolutionären Richtungen brachte zur Spaltung des ausländischen «Vereins». Die Zeitung «Rabotschaja Mysl» (Arbeitergedanke) und die ausländische Zeitschrift «Rabotschee Djelo» (Arbeitersache) (die letzte etwas schwächer) vertraten den Standpunkt des Oekonomismus, erniedrigten den politischen Kampf, verneinten die Elemente einer bürgerlichen Demokratie in Rußland. Die «legalen» Kritiker von Marx, die Herren Struve, Tugan-Baranowsky, Bulgakoff, Berdjajeff u. a. m. gingen ganz nach rechts über. Nirgends in Europa finden wir, daß das Bernsteinjanertum so rasch zu seinem logischen Ende, zur Bildung einer liberalen Fraktion

рынды абстракцияларына қаншалықты қатты қайшы келетіндігі әркімге де анық болады.

Біздің партия 1898 жылы көктемде Россияда бірнеше орыс ұйымдары өкілдерінің съезінде құрылды [22]. Партия Россияның социал-демократиялық жұмысшы партиясы деп аталды. «Рабочая Газета» [23] Орталық Орган болып белгіленді; «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» [24] партияның шетелдегі өкілі болды. Съезден кейін көп ұзамай партияның Орталық Комитеті тұтқынға алынды. «Рабочая Газета» екінші номерінен кейін шықпай қалды. Бүкіл партия жергілікті партия ұйымдарынан (комитет деп аталатындардан) қырық құрау болып құралған бейнесіз бір нәрсеге айналды. Бұл жергілікті комитеттерді біріктірген бірден-бір байланыс идеялық, таза рухани байланыс болды. Келіспеушіліктер, ауытқушылық, жікке бөлінушілік дәуірі сөзсіз тууға тиіс еді. Батыс европалық партияларға қарағанда біздің партияның құрамында проценттік үлес салмағы анағұрлым басым интеллигенттер марксизммен әуестенуді жаңа сәнге айналдырды. Көп ұзамай-ақ бұл әуестенушілік, бір жағынан, Маркстi буржуазиялық тұрғыдан сынауға құлшылықпен бас июшілікке; екінші жағынан, жұмысшылардың таза кәсіптік қозғалысына (стачкизм—«экономизм») орын берді. Интеллигенттік-оппортунистік және пролетарлық-революциялық бағыттардың келіспеушілігі шетелдік «Одақтың» жікке бөлінуіне әкеп соқты. «Рабочая Мысль» газеті мен шетелдік «Рабочее Дело» [25] журналы (бұл соңғысы біраз бәсеңдеу) «экономизмнің» ниетін білдірушілер болды, саяси күрестің маңызын түсірді, Россиядағы буржуазиялық демократия элементтерін жоққа шығарды. Маркстің «жария» сынаушылары Струве, Туган-Барановский, Булгаков, Бердяев және басқа мырзалар үзілді-кесілді оңға ойысты. Бернштейншілдіктің [26] өзінің логикалық ақырғы шегіне, либералдық фракцияны құруға біздің Россиядағыдай өте тез жеткен жағдайды біз Европаның

gelangte, wie es bei uns in Rußland der Fall war. Bei uns fing Hr. Struve im Namen des Bernsteinjanertum mit der «Kritik» an und endete mit der Bildung einer liberalen Zeitschrift «Oswoboschdenie», liberalen im europäischen Sinne dieses Wortes. Die aus dem ausländischen Verein ausgetretenen Plechanoff und seine Freunde wurden von den Gründern der «Iskra» und «Saria» unterstützt. Diese zwei Zeitschriften führten (darüber hat sogar Gen. Rosa Luxemburg etwas gehört) eine «dreijährige glänzende Kampagne» gegen den opportunistischen Flügel der Partei, eine Kampagne der sozialdemokratischen «Montagne» gegen die sozialdemokratische «Gironde» (das ist der Ausdruck der alten «Iskra»), einen Feldzug gegen «Rabotschee Djelo» (Gen. Kritschewsky, Akimoff, Martinoff u. A.), gegen den jüdischen «Bund», gegen die russischen Organisationen, die sich für diese Richtung begeisterten (da kommen zuerst die Petersburger sogen. Arbeiterorganisation und das Komitee von Woronesch in Bezug).

Es wurde immer mehr und mehr klar, dass das rein ideale Bündnis zwischen den Komitees schon ungenügend sei. Immer dringlicher äußerte sich das Bedürfnis, eine tatsächlich geschlossene Partei zu bilden, das heißt, das zu vollführen, was im Jahre 1898 nur angedeutet wurde. Endlich zum Schluß des Jahres 1902 bildete sich ein Organisationskomitee, das sich die Aufgabe machte, den II. Parteitag zusammenzurufen. In dieses Organisationskomitee, das hauptsächlich von der russischen Organisation der «Iskra» gegründet wurde, trat auch ein Vertreter des jüdischen «Bundes» ein. Im Herbst 1903 kam endlich der zweite Parteitag zustande; er endete einerseits mit der formellen Einigung der Partei, anderseits mit der Spaltung auf die «Majorität» und die «Minorität». Diese letzte Teilung existierte nicht vor dem Parteitag. Nur die detaillierte Analyse des Kampfes auf dem Parteitag kann diese Teilung erklären. Leider weichen die Anhänger der Minorität (inklusive Gen. Luxemburg) dieser Analyse ängstlich aus.

басқа ешбір жерінен таба алмаймыз. Бізде Струве мырза бернштейншілдік үшін «сынаудан» бастап, «Освобождение» [27] дейтін либералдық, либералдық болғанда бұл сөздің европалық мағынасында, журнал ұйымдастырумен аяқтады. Шетелдік «Одақтан» шыққан Плеханов пен оның достары «Искра» мен «Заряның» [28] негізін қалаушылар тарапынан қолдау тапты. Бұл екі журнал (тіпті Роза Люксембург жолдас та бұл туралы бірдемелер естіген) партияның оппортунистік қанатына қарсы «үш жылдық тамаша науқан» жүргізді, социал-демократиялық «Гораның» социал-демократиялық «Жирондаға» (бұл ұғым ескі «Искранікі») қарсы науқанын, «Рабочее Делоға» (Кричевский, Акимов, Мартынов және басқа жолдастарға) қарсы, еврей Бундына қарсы[29], бұл бағытпен жігерленген орыс ұйымдарына қарсы (ең алдымен Петербургтік «Жұмысшы ұйымы» [30] дейтінге және Воронеж комитетіне [31] қарсы) науқан жүргізді.

Комитеттердің арасында бір ғана таза идеялық байланыстың болуы жеткіліксіз екендігі барған сайын айқын бола берді. Шын мәнінде топтасқан партия құрудың, яғни 1898 жылы белгіленіп қана қойылғанды орындаудың қажет екендігі барған сайын анық сезіле бастады. Ақырында, 1902 жылдың аяғында партияның II съезін [32] шақыруды өзіне міндет етіп қойған Ұйымдастыру комитеті құрылды. Негізінен «Искраның» орыс ұйымы құрған бұл Ұйымдастыру комитетіне еврей Бундының өкілі де кірді. 1903 жылы күзде, ақырында, II съезд болды, бұл съезд, бір жағынан, партияны формальды біріктірумен, екінші жағынан, оның «көпшілік» және «азшылық» болып бөлінуімен аяқталды. Партия съезіне дейін мұндай бөліну болған жоқ. Партия съезінде болған күреске егжей-тегжейлі талдау жасау ғана бұл бөлінудің мәнісін түсіндіре алады. Амал не, азшылықты жақтаушылар (мұның ішінде Люксембург жолдас та бар) мұндай талдау жасаудан жалтақтап бас тартады.

In meinem Buch, das so eigentümlich von der Gen. Luxemburg den deutschen Lesern wiedergegeben ist, widme ich mehr als 100 Seiten einer durchgehender Forschung der Parteitagsprotokolle (die in einem ca 400 S. starken Buch abgedruckt sind). Diese Analyse zwang mich, die Delegierten oder besser gesagt die Stimmen (wir hatten Delegierte mit einer oder zwei Stimmen) in vier Grundgruppen zu teilen: 1) Die Iskristen (Anhänger der Richtung der alten «Iskra») der Majorität — 24 Stimmen, 2) die Iskristen der Minorität — 9 Stimmen, 3) das Zentrum (spottweise auch Sumpf genannt) — 10 Stimmen und endlich 4) Antiiskristen — 8 Stimmen, im Ganzen 51 Stimmen. Ich analysiere die Beteiligung dieser Gruppenn bei *allen* Abstimmungen, die auf dem Parteitag vorgenommen wurden, und beweise, daß bei allen Fragen (des Programms, der Taktik und der Organisation) der Parteitag eine Arena des Kampfes der Iskristen gegen die Antiiskristen bei den verschiedenen Schwankungen des Sumpfes bildete. Einem jeden, der nur ein wenig mit der Geschichte unserer Partei vertraut ist, muß es klar sein, daß es auch anders nicht sein konnte. Aber alle Anhänger der Minorität (inklusive R. Luxemburg) schließen bescheiden ihre Augen vor diesem Kampf zu. Warum? Denn gerade dieser Kampf veraugenscheinlicht die Grundfalschheit der jetzigen politischen Lage der Minorität. Während des ganzen Kampfs auf dem Parteitag in Dutzenden Fragen, in Dutzenden Abstimmungen kämpften die Iskristen gegen die Antiiskristen und den Sumpf, der nur so entschiedener sich auf die Seite der Antiiskristen stellte, je konkreter die debatierte Frage war, je positiver sie die Grundfassung der sozialdemokratischen Arbeit bestimmte, je realer sie die ständigen Pläne der alten «Iskra» ins Leben zu rufen suchte. Die Antiiskristen (besonders Gen. Akimoff und der immer mit ihm stimmende Delegierte der Petersburger Arbeiterorganisation Gen. Brucker, fast immer Gen. Martinoff und 5 Delegierte des jüdischen «Bundes») verneinten die Anerkennung der Richtung der alten «Iskra». Sie verteidigten die alten Privatorganisationen, stimmten gegen ihre Unterwerfung der Partei,

Люксембург жолдас неміс оқушыларына осыншалық ерекше түрде ұсынған кітабымда мен 100 беттен артығын съездің протоколдарын (400 бетке жуық бір том болады) мұқият қарап, талдап шығуға арнадым. Мені бұл талдау делегаттарды, немесе дұрысын айтқанда дауыстарды (бізде бір немесе екі дауысы бар делегаттар болды) негізгі төрт топқа бөлуге мәжбүр етті: 1) көпшілік искрашылдар (ескі «Искра» бағытын жақтаушылар) — 24 дауыс, 2) азшылық искрашылдар — 9 дауыс, 3) центр (мазақ ретінде «батпақ» деп те аталатын) — 10 дауыс және, ақырында, 4) антиискрашылдар — 8 дауыс, барлығы 51 дауыс. Мен осы топтардың партия съезінде болған *барлық* дауысқа қоюға қатысуына талдау жасап, барлық мәселелер (программа, тактика және ұйым мәселелері) бойынша партия съезі искрашылдардың антиискрашылдарға қарсы күресінің майданы болғандығын дәлелдеймін, бұл күресте «батпақ» әр жаққа ауытқып отырды. Біздің партия тарихымен аз да болса таныстығы бар адамның қай-қайсысына болса да бұдан басқаша болуы мүмкін еместігі анық болуға тиіс. Бірақ азшылықты жақтаушылардың бәрі (мұның ішінде Р. Люксембург те бар) бұл күресті мүләйімсіп көрмеген болады. Неге? Азшылықтың қазіргі саяси жағдайының барынша жалғандығын нақ осы күрес анықтайды. Партия съезіндегі осы күрестің өн бойында ондаған мәселелер бойынша ондаған рет дауысқа салғанда искрашылдар антиискрашылдарға және «батпаққа» қарсы күресті; талқыланған мәселе неғұрлым нақты болған сайын, ол мәселе социал-демократиялық жұмыстың негізгі мәнін неғұрлым дұрыс анықтаған сайын, ескі «Искраның» мызғымас жоспарларын жүзеге асыруға неғұрлым шындап ұмтылған сайын «батпақ» антиискрашылдардың жағына соғұрлым батыл шығып отырды. Антиискрашылдар (әсіресе Акимов жолдас және қашан да мұнымен бірыңғай болған петербургтік «Жұмысшы ұйымының» депутаты Брукэр жолдас, әрдайым дерлік Мартынов жолдас және еврей Бундының 5 делегаты) ескі «Искраның» бағытын тануға қарсы болды. Олар ескі жеке ұйымдарды қорғады, бұл ұйымдардың партияға бағынуына, бұлардың партиямен

gegen ihren Zusammenschluß mit der Partei (der Inzident mit dem Organisationskomitee, die Auflösung der Gruppe des «Südarbeiters», der wichtigsten Gruppe des Sumpfes u. s. w.). Sie kämpften gegen den zentralistisch formulierten Organisationsstatut (14. Sitzung des Parteitags) und beschuldigten damals *alle* Iskristen, daß sie ein «organisiertes Mißvertrauen», ein «Ausnahmegesetz» und dergleichen Schreckgespenster einführen wollen. Damals lachten darüber *alle* Iskristen ohne Ausnahme, jetzt nimmt merkwürdiger Weise die Gen. Rosa Luxemburg diese Gespenster für etwas Ernstes an. In der großen Mehrzahl der Fragen siegten die Iskristen;sie überwiegten auf dem Parteitag, wie es auch leicht aus den erwähnten Zahlenangaben zu ersehen ist. Aber während der zweiten Hälfte der Sitzungen, als es weniger prinzipielle Fragen zu lösen war, siegten die Antiiskristen, da mit ihnen einige Iskristen stimmten. So geschah es z. B. in der Frage über die Gleichberechtigkeit aller Sprachen in unserem Programm, bei welcher Frage es den Antiiskristen beinahe gelang, die Programmkommission zu stürzen und uns in der Frage der Programmfassung zu besiegen. So geschah es auch in der Frage über den ersten Paragraphen des Statuts, als die Antiiskristen und der Sumpf die Fassung Martoffs durchgeführt haben. Nach dieser Fassung gelten als Parteimitglieder nicht nur die Mitglieder einer Parteiorganisation (eine solche Fassung verteidigten ich und Plechanoff), sondern auch alle Personen, die unter der Kontrolle einer Parteiorganisation arbeiten *.

So geschah es auch in der Frage über die Wahl in das Zentralkomitee und die Redaktion des Zentralorgans. Die zusammengeschlossene Majorität bildeten 24 Iskristen; sie führten die schon lange vorher geplante Erneu-

* Gen. Kautsky sprach sich für die Fassung Martoffs aus er stellte sich dabei auf den Standpunkt der Zweckmäßigkeit. Erstens wurde auf unserem Parteitage dieser Punkt nicht vom Standpunkt der Zweckmässigkeit, sondern vom Standpunkt der Prinzipien beurteilt. So wurde diese Frage von Axelrod gestellt. Zweitens irrt sich Gen. Kautsky, wenn er meint, daß bei den russischen Polizeiverhältnissen so ein wesentlicher Unterschied zwischen der Angehörigkeit zu einer Parteiorganisation und bloßer Arbeit unter der Kontrolle einer solchen Organisation existiert. Drittens ist es besonders irreführend die jetzige Lage in Rußland mit der Lage Deutschlands unter dem Ausnahmegesetz zu vergleichen.

қосылуына қарсы дауыс берді (Ұйымдастыру комитетімен [33] болған жанжал, «батпақтың» ең маңызды тобы болған «Южный рабочий» тобын таратып жіберу және т. т.). Олар централизм рухында жасалған ұйымдық уставқа қарсы күресті (съездің 14-мәжілісі), сөйтіп ол кезде *барлық* искрашылдарды «ұйымдасқан сенімсіздік», «ерекше заң» және басқа да сұмдықтарды енгізгелі отыр деп айыптады, Ол кезде *барлық* искрашылдар түгелдей мұны мазақ етіп күлген болатын; енді Роза Люксембург жолдастың бұл ойдан шығарылғанның бәрін қазір шын көруі ғажап. Мәселелердің басым көпшілігінде искрашылдар жеңді; олар съезде басым болды, мұны жоғарыда айтылған цифр мәліметтері айқын көрсетеді. Бірақ съезд мәжілістерінің екінші жартысында, принциптілігі кемірек мәселелер шешілген кезде, антиискрашылдар жеңді,— кейбір искрашылдар олармен бірге дауыс берді. Мәселен, біздің программамыздағы барлық тілдердің тең праволылығы туралы мәселе жайында осылай болды; бұл мәселе бойынша антиискрашылдар программа комиссиясын талқандап, өз тұжырымын өткізді деуге болады. Сондай-ақ уставтың бірінші параграфы туралы мәселе бойынша да осылай болды, мұнда антиискрашылдар «батпақпен» бірігіп, Мартовтың тұжырымын өткізді. Бұл редакция бойынша партия мүшесі болып партия ұйымының мүшесі ғана саналып қоймай (мұндай редакцияны Плеханов екеуміз жақтадық), сонымен қатар партия ұйымының бақылауымен жұмыс істейтін адамдардың бәрі де саналады *.

Орталық Комитетті және Орталық Органның редакциясын сайлау туралы мәселе бойынша да дәл осындай болды. 24 искрашыл топтасқан көпшілік болып құрылды; олар редакцияны жаңартудың көптен-ақ ойланған

* Каутский жолдас Мартовтың редакциясын жақтайтындығын білдірді, ол мұнда тиімділік көзқараста болды. Біріншіден, бұл пункт біздің партия съезінде тиімділік көзқарас тұрғысынан емес, принциптік көзқарас тұрғысынан талқыланды. Мәселені дәл осы түрде Аксельрод қойған болатын. Екіншіден, егер Каутский жолдас орыстың полициялық тәртібі тұсында партия ұйымы қатарында болу мен мұндай ұйымның бақылауымен жай жұмыс істеудің арасында үлкен айырмашылық бар деп ойлайтын болса, онда ол қателеседі. Үшіншіден, Россиядағы қазіргі жағдайды Германиядағы социалистер туралы ерекше заңның [34] әсерімен болып отырған жағдаймен салыстыру барынша қате.

erung der Redaktion durch; von den sechs früheren Redakteuren wurden drei gewählt; die Minorität bildeten 9 Iskristen, 10 Mitglieder des Zentrums und 1 Antiiskrist (die übrigen 7 Antiiskristen, die Vertreter des jüdischen «Bundes» und des «Rabotschee Djelo» verließen schon früher den Parteitag). Diese Minorität war so mit der Wahl unzufrieden, daß sie beschloß, sich von den übrigen Wahlen fernzuhalten. Gen. Kautsky hatte vollkommen recht, als er in der Tatsache der Erneuerung der Redaktion den Hauptgrund des darauffolgenden Kampfes sah. Aber seine Ansicht, daß ich (sic!) drei Genossen aus der Redaktion «ausgeschlossen» habe, ist nur durch seine vollständige Unkenntnis unsers Parteitags zu erklären. Erstens ist doch eine Nicht-Wahl noch lange kein Ausschluß, und ich hatte auf dem Parteitage gewiß kein Recht, jemanden auszuschliessen, zweitens scheint Gen. Kautsky nicht einmal zu ahnen, daß die Tatsache einer Koalition der Antiiskristen, des Zentrums und eines kleinen Teils der Anhänger der «Iskra» auch eine politische Bedeutung hatte und nicht ohne Einfluß auf das Wahlergebnis bleiben konnte. Wer nicht die Augen vor dem, was auf unserem Parteitag geschah, schließen will, der muß einsehen, dass unsere neue Teilung auf die Minorität und Majorität nur als eine Variierung der alten Teilung auf die proletarisch-revolutionäre und intellektuell-opportunistische Flügel unserer Partei erscheine. Das ist eine Tatsache, die sich weder weginterpretieren, noch weglachen läßt.

Leider wurde nach dem Parteitag die prinzipielle Bedeutung dieser Scheidung durch ein Kooptationsgezänk getrübt. Die Minorität wollte nämlich nicht unter der Kontrolle der Zentralbehörden arbeiten, falls drei alte Redakteure nicht wieder kooptiert werden. Zwei Monate dauerte dieser Kampf. Als Kampfmittel dienten Boykot und Desorganisierung der Partei. 12 Komitees (aus den 14, die sich darüber geäußert haben) verurteilten scharf diese Kampfmittel. Die Minorität weigerte sich sogar, unsern (von mir und Plechanoff ausgehenden) Vorschlag anzunehmen und ihren Standpunkt auf den Seiten der «Iskra» zu besprechen. Auf dem Kongreß der

жоспарын өткізді: бұрынғы алты редактордың үшеуі сайланды; азшылыққа 9 искрашыл, центрдің 10 мүшесі және 1 антиискрашыл кірді (қалғандары — 7 антиискрашыл, еврей Бундының және «Рабочее Делоның» өкілдері — съезден бұдан бұрын кетіп қалған болатын). Бұл азшылықтың сайлауға наразы болғандығы соншалық, ол қалған сайлауларға қатыспауға ұйғарды. Каутский жолдастың бұдан кейінгі күрестің басты себебін редакцияны жаңарту фактісінен көруі өте дұрыс. Бірақ оның редакциядан үш жолдасты мен (sic!) «шығарды» деп білуі оның тек біздің съезбен мүлдем таныс еместігінен болып отыр. Біріншіден, сайламай қою тіпті де шығарып тастау емес қой және съезде менің біреуді шығарып тастауға, әрине, правом болған жоқ, ал екіншіден, антиискрашылдардың, центрдің және «Искраны» жақтаушылардың кішкене бір бөлігінің коалиция жасау фактісінің де саяси маңызы болғандығын және оның сайлаудың нәтижесіне әсер етпей қала алмағандығын Каутский жолдас сезбейтін де сияқты. Біздің съезде болған жағдайға көзжұмбайлыққа салынбай, дұрыс қарағысы келген адам біздің азшылық және көпшілік болып жаңадан бөлінуіміз партиямыздың пролетарлық-революцияшыл және интеллигенттік-оппортунистік қанаттары болып бұрынғы бөлінуінің тек варианты ғана болып табылатындығын түсінуге тиіс. Бұл ешқандай түсініктемелермен де, ешқандай мазақтаумен де елемей кетуге болмайтын факт.

Амал не, съезден кейін бұл жікке бөлінудің принципті маңызы кооптация туралы мәселе жөніндегі ұрыс-керістермен былғанды. Атап айтқанда, егер ескі үш редактор қайтадан кооптацияланбайтын болса, азшылық орталық мекемелердің бақылауымен жұмыс істегісі келмеді. Бұл күрес екі айға созылды. Күрестің құралы партияға бойкот жасау және партияға іріткі салу болды. Күрестің бұл тәсілдерін 12 комитет (бұл мәселе бойынша пікірін айтқан 14 комитеттің ішінен) қатты айыптады. Азшылық керек десе біздің (мені мен Плехановтан шыққан) ұсынысымызды қабылдаудан да және өз көзқарасын «Искра» бетінде жариялаудан да бас

ausländischen Liga kam es so weit, daß die Mitglieder der Zentralorgane mit persönlichen Beleidigungen, Hetzerei und Geschimpf (Selbstherrscher, Bürokraten, Gendarmen, Lügner etc. etc.) überhäuft wurden. Sie wurden beschuldigt, daß sie die individuelle Initiative unterdrücken, Kadavergehorsam, blinde Unterordnung etc. einführen wollen. Die Versuche Plechanoffs, solch eine Kampfweise der Minorität als eine anarchistische zu kennzeichnen, konnten nicht ihr Ziel erreichen. Nach diesem Kongreß trat Plechanoff mit seinem epochemachenden, gegen mich geschriebenen Artikel «Was man nicht tun darf» (in № 52 der «Iskra»). In diesem Artikel sagte er, daß der Kampf mit dem Revisionismus nicht notwendig einen Kampf gegen die Revisionisten bedeute; es war für jeden klar, daß er dabei an unsere Minorität dachte. Er sagte weiter, daß der individualistische Anarchismus, der so tief in dem russischen Revolutionär steckt, bisweilen nicht bekämpft werden soll; einige Zugeständnisse seien bisweilen ein besseres Mittel zu seiner Unterwerfung und zur Vermeidung einer Spaltung. Ich trat aus der Redaktion aus, da ich diese Ansicht nicht teilen konnte, und die Redakteure aus der Minorität wurden kooptiert. Darauf folgte der Kampf um die Kooptation in das Zentralkomitee. Mein Vorschlag, Frieden zu schliessen mit der Bedingung, daß die Minorität das Zentralorgan, die Majorität das Zentralkomitee behält, wurde abgewiesen. Der Kampf wurde weiter geführt, man kämpfte «prinzipiell» gegen den Bürokratismus, Ultrazentralismus, Formalismus, Jakobinismus, Schweizerjanismus (ich nämlich wurde russischer Schweizer genannt) und andere Schreckgespenster. Ich lachte alle diese Beschuldigungen in meinem Buch aus und bemerkte, daß es entweder bloß ein einfaches Kooptationsgezänk sei, oder (wenn es bedingt als «Prinzipien» anerkannt werden darf) nichts anders als opportunistische, girondistische Phrasen sei. Die heutige Minorität wiederholt nur das, was Gen. Akimoff und andere anerkannte Opportunisten auf unserem Parteitag gegen den Zentralismus aller Anhänger der alten «Iskra» sagten.

тартты. Шетелдік лиганың съезінде іс насырға шауып, орталық органдардың мүшелерін балағаттап, сөгуге (озбырлар, бюрократтар, жандармдар, өтірікшілер және т. т.) дейін барды. Оларды адамның жеке басының инициативасына жол бермеді және сөзсіз бас июшілік пен бет алды бағынушылықты және т .т. енгізгісі келді деп кінәлады. Плехановтың азшылықтың мұндай күрес әдісін анархиялық әдіс деп бағалауға тырысуы мақсатқа жеткізе алмады. Бұл съезден кейін Плеханов өзінің маған қарсы бағытталған және бір дәуірге татырлық әйгілі «Не істемеу керек» («Искраның» 52-номерінде) деген мақаласын жазды. Бұл мақалада ол ревизионизмге қарсы күрестің қалай да ревизионистерге қарсы күрес болуы шарт емес дегенді айтты; оның бұл арада біздің азшылықты айтып отырғандығы жұрттың бәріне де анық еді. Ол бұдан соң: орыс революционерінде соншама терең орныққан анархиялық дарашылдықпен күресудің кейде қажеті жоқ; оны бағындырып, жікке бөлінуді болғызбау үшін кейде біраз икемділік жасау ең жақсы амал болып табылады деді. Мен редакциядан шықтым, өйткені мұндай көзқарасқа қосыла алмадым, содан кейін азшылықтың редакторлары кооптацияланды. Бұдан соң Орталық Комитетке кооптация жасау жолындағы күрес басталды. Азшылықтың қолында Орталық Органды, көпшіліктің қолында Орталық Комитетті қалдыру шартымен татуласу жөніндегі менің ұсынысым қабылданбады. Күрес тоқтамай жүре берді, «принципті түрде» бюрократизмге, әсіре централизмге, формализмге, якобиншілдікке, швейцершілдікке (нақ мені орыс Швейцері деп атаған болатын) және басқадай сұмдықтарға қарсы күресті. Мен өзімнің кітабымда осы айыптаулардың бәрін мазақ етіп, бұл не жай ғана кооптациялық ұрыс-керіс, не (егер бұл шартты түрде «принциптер» деп танылуға тиісті болса) оппортунистік, жирондистік сылдыр сөз, одан басқа ештеме емес екенін айттым. Қазіргі азшылық біздің съезде ескі «Искраның» барлық жақтаушылары қорғаған централизмге қарсы Акимов жолдастың және басқа да әйгілі оппортунистердің айтқандарын ғана қайталайды.

Die russischen Komitees waren gegen diese Verwandlung des Zentralorgans in ein Organ eines Privatzirkels, Organ des Kooptationsgezänks und des Parteiklatschs empört. Mehrere Resolutionen der strengsten Verurteilung wurden angenommen. Nur die schon erwähnte s. g. «Arbeiterorganisation von Petersburg» und das Komitee von Woronjesch (beide Anhänger der Richtung des Gen. Akimoff) sprachen ihre *prinzipielle* Zufriedenheit mit der Richtung der neuen «Iskra» aus. Die Stimmen, welche die Einberufung des dritten Parteitags forderten, wurden immer zahlreicher.

Der Leser, der sich die Mühe nehmen wird, die Urquellen unseres Parteikampfs kennen zu lernen, wird. leicht begreifen, daß die Äußerungen der Gen. Rosa Luxemburg über den Ultrazentralismus, über die Notwendigkeit einer stufenweisen Zentralisation u. a. m. konkret und praktisch ein Spott über unsern Parteitag sind, abstrakt und theoretisch (wenn es hier von einer Theorie die Rede sein kann) nichts, als eine Verflachung des Marxismus, als Mißbrauch der wirklich Marx'schen Dialektik etc. sind.

Die letzte Phase unseres Parteikampfs wird dadurch gekennzeichnet, daß die Mitglieder der Majorität teilweise aus dem Zentralkomitee ausgeschlossen sind, teilweise kaltgemacht, zum Nul degradiert. (Das geschah dank den Veränderungen des Bestandes des Zentralkomitees etc.). Der Parteirat (der nach der Kooptation der alten Redakteure auch in die Hände der Minorität kam) und das jetzige Zentralkomitee verurteilen jede Agitation für die Einberufung des III. Parteitags und treten auf den Weg der persönlichen Abmachungen und Verhandlungen mit einigen Mitgliedern der Minorität. Die Organisationen, die wie z. B. das Kollegium der Agenten (Vertrauensleute) des Zentralkomitees sich ein solches Verbrechen erlauben, für die Einberufung des Parteitags zu agitieren, wurden ausgelöst. Der Kampf des Parteirats und des neuen Zentralkomitees gegen die Einberufung des dritten Parteitags wurde auf der ganzen Linie proklamiert. Die Majorität antwortete auf diese Proklamierung mit der Losung: «Nieder mit dem Bonapartis-

Орталық Органның жеке үйірменің органына, кооптациялық ұрыс-керістер мен партиялық өсектердің органына айналуына орыс комитеттері ыза болды. Көптеген қарарлар шығарылып, бұларда қатты сөгістер айтылды. Тек, біз атап өткен петербургтік «Жұмысшы ұйымы» мен Воронеж комитеті (Акимов жолдастың бағытын жақтаушылар) ғана жаңа «Искраның» бағыты жөнінде өздерінің *принципті түрде* қанағаттанғандығын білдірді. III съездің шақырылуын талап еткен дауыстар барған сайын көбейе берді.

Біздің партиялық күрестің алғашқы түп негіздерін зерттеумен еңбектенген оқушы Роза Люксембург жолдастың «әсіре централизм» туралы, біртіндеп орталықтандыру қажеттігі туралы және т. с. айтқан пікірлері нақты түрде және іс жүзінде біздің съезді мазақ еткендік, ал абстрактілі және теориялық тұрғыдан алғанда (егер бұл арада теориялық туралы айтуға болса) марксизмді тікелей бұрмалағандық, Маркстің шын мәнісіндегі диалектикасының өңін айналдырғандық және т. т. болып табылатындығын оңай түсінеді.

Біздің партиялық күрестің ақырғы кезеңінде көпшілік мүшелерінің бірсыпырасы Орталық Комитеттен шығарылды, бірсыпырасы ешқандай жұмысқа араластырылмады, істен шеттетілді. (Бұл Орталық Комитеттің құрамында өзгеріс [35] жасау және т. т. нәтижесінде болды.) Партия Советі (ескі редакторларды кооптациялағаннан кейін бұл да азшылықтың қолына көшті) мен қазіргі Орталық Комитет III съезд шақыру жолындағы үгіттің қандайын болса да теріс деп есептеп, азшылықтың кейбір мүшелерімен жеке келісімдер жасауға және келіс сөздер жүргізуге көшті. Мысалы, Орталық Комитет агенттерінің (өкілдерінің) коллегиялары сияқты, съезд шақыру жолында үгіт жүргізіп, қылмыс істеуге барған ұйымдар таратылып жіберілді [36]. Партия Советі мен жаңа Орталық Комитеттің III съезді шақыруға қарсы күресі барлық бағыттарда бірдей жүргізіліп отыр. Бұған көпшілік: «Бонапартизм жойылсын!» (көпшіліктің атынан сөйлейтін Галерка жолдастың кітапшасы осылай деп аталған) деген ұранмен жауап берді. Съезд

mus!» (so lautet der Titel einer Broschüre des Gen. Galerka, der in Namen der Majorität spricht). Es mehren sich die Resolutionen, welche die Parteibehörden, die gegen die Einberufung des Parteitags zu kämpfen sich erlauben, als parteiwidrig und bonapartistisch erklären. Wie heuchlerisch das Gerede der Minorität gegen den Ultrazentralismus, für die Autonomie war, kann leicht daraus ersehen werden, daß ein neuer Verlag der Majorität, den ich mit einem Genossen angefangen habe (wo die erwähnte Broschüre des Gen. Galerka und einige andere veröffentlicht sind), als außer der Partei stehender erklärt wurde. Der neue Verlag gibt der Majorität, da die Seiten der «Iskra» für sie so gut wie geschlossen sind, die einzige Möglichkeit, ihre Ansichten zu propagieren. Und doch oder, besser gesagt, eben darum faßte der Parteirat den ebenerwähnten Beschluß aus dem rein formellen Grunde, daß unser Verlag von keiner Parteiorganisation autorisiert worden ist.

Es braucht nicht erwähnt zu werden, wie stark die positive Arbeit vernachlässigt, wie stark die Prestige der Sozialdemokratie gefallen sind, wie stark die ganze Partei durch dieses Niederwerfen aller Beschlüsse, aller Wahlen des II. Parteitags, durch diesen Kampf, den die Parteibehörden, die der Partei Rechenschaft schuldig sind, gegen die Einberufung des III. Parteitags führen, demoralisiert ist.

1904 ж. 2(15)
сентябрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің
XV жинағында басылған

Белгісіз біреудің қолымен
көшірілген және
В. И. Ленин қарап
шыққан қолжазба бойынша
басылып отыр

шақыруға қарсы күрес жүргізіп отырған партия мекемелерін антипартиялық, бонапартистік деп жариялайтын қарарлардың саны көбейе берді. Азшылықтың әсіре централизмге қарсы және автономияны жақтаған барлық сөздерінің қаншалықты екіжүзділікпен айтылғандығы мынадан-ақ айқын көрінеді: көпшіліктің мен және тағы бір жолдас құрған жаңа баспасы (Галерка жолдастың жоғарыда көрсетілген кітапшасы және басқа кейбір туындылар осында басылды) партиядан тысқары деп жарияланды. Жаңа баспа көпшілікке өз көзқарастарын насихаттауға бірден-бір мүмкіндік береді, өйткені оған «Искраның» бетінен орын жоқ деуге болады. Міне, осыған қарамастан, немесе дұрысырақ айтқанда, нақ осылай болғандықтан партия Советі біздің баспамызға бірде-бір партия ұйымы өкілдік берген жоқ деген таза формальды сылтаумен жоғарыда аталған қаулыны шығарды.

Қазіргі кезде тиімді жұмыстың қаншалықты ескерусіз қалып қойғандығы туралы, социал-демократияның беделінің қаншалықты орасан төмендегені туралы, бүкіл партияның қаншалықты мықтап қожырағандығы туралы айтып жатудың қажеті де жоқ, неге десеңіз II съездің барлық шешімдері, барлық сайлаулары жоққа шығарылды, сонымен қатар партия алдында жауапты партия мекемелерінің III съезді шақыруға қарсы жүргізіп отырған күресінің салдарынан да осылай болып отыр.

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XV жинағында басылған

Неміс тілінен аударылған

КӨПШІЛІК КОМИТЕТТЕРІ БЮРОСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ХАБАР [37]

ЖОБА

Партиядағы дағдарыс шексіз созылып отыр және оны шешу барған сайын қиындай түсуде. Көпшілікті жақтаушылар дағдарыстың себептері және одан шығудың жолдары жөнінде өз көзқарастарын баспасөз бетінде талай рет баяндады. Бірсыпыра комитеттер де (Одесса, Екатеринослав, Николаев, Рига, Петербург, Москва комитеттері және Кавказ одағы), 19-дың декларациясы да [38], көпшіліктің шетелдегі өкілдері де қуаттаған 22-нің мәлімдемесі * көпшіліктің программасын толық және дәл баяндады. Дағдарыстың барысымен азды-көпті таныс адамның және партияның намысы мен абыройын азды-көпті қадірлейтін адамның қандайына болса да бұдан шығу үшін партия съезінен басқа ешбір жолдың жоқ екендігі әлдеқашан айқын болды. Бірақ енді Орталық Комитеттің бір бөлегінің жаңа декларациясы, партия Советінің жаңа шешімдері партиядағы алауыздықты бұрынғыдан да шиеленістіріп отыр. Орталық Комитеттің азшылық жағына шыққан мүшелері Орталық Комитеттің көпшілік жағында қалған мүшелерінің праволарын барынша өрескел бұзудан тартынбады. Жаңа Орталық Комитет бітім жариялады, мұның өзінде көпшілікпен есептеспегені былай тұрсын, қайта оны мүлдем елемеді, сөйтіп тек бір ғана азшылықпен келісімге келді, онда да жеке түрде құпия келісті. Кімде-кім шын бітімді тілейтін болса, ол ең алдымен барлық

* Қараңыз: осы том, 13—22-беттер. *Ред.*



В. И. Лениннің «Көпшілік Комитеттері Бюросының құрылуы туралы хабар» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1904 ж.

Кішірейтілген

күресушілерді, дауласушылар мен наразыларды жинаған болар еді, ал мұндай бас қосу партия съезі болып табылады. Ал, татулық туралы айта тұрып, съезден қорқу, келістірмек бола тұрып, сонымен бірге III съезде азшылықтың жеңіліп қалу мүмкіндігі салдарынан жікке бөліну болады деп үрейлендіру — бұл екіжүзділік жасағандық, бұл орыс партия қызметкерлерін шетелдік үйірменің ырқына зорлап көндіргендік, бұл көпшілікке түгелдей опасыздық жасауды татулықтың сыпайы ұранымен дәріптегендік болып табылады. Татулық үшін деп жаңа Орталық Комитет съезд шақыруды тілеген ұйымдарды таратып отыр. Татулық үшін деп жаңа Орталық Комитет көпшіліктің бастырып шығарған әдебиетін партиялық емес деп жариялап, оны комитеттерге жеткізуден бас тартады. Татулық үшін деп жаңа Орталық Комитет партия Советінің шешімдеріне былық енгізеді; партия Советінің іс-әрекеті әлі тексерілмеген және тағылатын айыпты дәлелдеу жөнінде тіпті түк істелмеген жолдастардың «алдағаны» туралы баспасөз бетінде мәлімдеме жасауга батылы барған. Партия Советі партияның қоғамдық пікірін және оның қарарын қазір тура қолдап жасап отыр, комитеттердің қарарларын тексеруді съезд шақыру идеясына көріне қарсы Орталық Комитетке тапсырып отыр: комитеттердің бұл қарарларына күдік туғызады, олардың жариялануын кешіктіреді, дауыстарды теріс есептейді, мандаттарды жарамсыз деп жариялайды, съездің правосын иемденеді, «перифериялы» жергілікті комитеттерге қарсы қойып, тиімді жұмысқа іріткі салады. Ал оның бер жағында, Орталық Комитет пен Орталық Орган күштері съезге қарсы күреске жұмсалып жатқандықтан жалпы партиялық тиімді жұмыс та тоқтап тұр.

Көпшіліктің комитеттері мен ұйымдарына съезді жақтап күресу үшін, партияның орталық мекемелері деп аталатын, іс жүзінде партияны тура қорлап отырған мекемелерге қарсы күресу үшін бірлесіп ұйымдасудан басқа ештеме қалмай отыр. Біз бастама көтереміз: Одесса, Екатеринослав, Николаев, Рига, Петербург және Москва комитеттерінің инициативасы және келі-

сімі бойынша Көпшілік Комитеттері Бюросын құрып, осындай ұйымдасудың бастамасын жасап отырмыз.

Біздің ұран — үйірмешілдікке қарсы партиялық күрес жүргізу, бұралаңға, шатасушылыққа және рабоче-делошылдыққа қайтып оралуға қарсы ұстамды революциялық бағыттың күресі, пролетарлық ұйым мен тәртіп жолында іріткі салушыларға қарсы күрес жүргізу.

Біздің таяудағы міндеттеріміз — Россияда және шетелде көпшілікті идеялық және ұйымдық жағынан топтастыру, көпшіліктің (Бонч-Бруевич және Ленин жолдастар шетелде бастаған) баспасын жан-жақты қолдау және дамыту, біздің орталық мекемелердің бонапартизмімен күресу, III съезді шақыру жөніндегі шаралардың дұрыстығын бақылау, редакция мен жаңа Орталық Комитет агенттері іріткі салып отырған комитеттердің тиімді жұмысына көмектесу.

Көпшілік
Комитеттері Бюросы

Бюромен Россиядағы көпшілік комитеттері арқылы және шетелдегі Бонч-Бруевич пен Лениннің баспасы арқылы байланыс жасауға болады.

1904 ж. 20 октябрьден (2 ноябрьден) ертерек жазылған

Бірінші рет 1940 ж. «Пролетарская Революция» журналының 2-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖАРАМСАҚ ЛИБЕРАЛ

Тарықсақ, шын қолғабыс жәрдем етер,
Бірақ бұған қай жанның ебі жетер,
Тек, тәңірім, Струвемен істес қылма,
Жарамсақ Струве — жаудан бетер!

Струве мырзаның «Освобождение» журналының соңғы номерінде (№ 57) мынадай ғибратты сөздер басылды:

«Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы деп аталатын партияның ішіндегі жіктелу процесі жаңа кезеңге көшті. Нағыз централистердің («лениншілдер», «табандылар», «большевистер») табан тірер жері қалмай барады, ал олардың қарсыластарының позициясы барған сайын—ең болмағанда шетелдік «колонияларда» нығая түсіп отыр. «Меньшевистер» (мартовшылдар) барлық жерде дерлік үстем болып, барған сайын көптеген партия органдарын өз қолдарына алып отыр, ал «большевистерден» топтар, жеке адамдар бөлініп шығуда, олар азшылықтың «платформасын» біржолата қабылдаған жоқ, алайда олармен күрескісі де келмейді және осы кезге дейін аласұрған партия ішінде татулық орнатуға тырысады. Лайықсыз арпалысты біржола тыюды тілейтін «ымырашылдар» сахнаға шыға бастады, өйткені бұл арпалыста адамдар басқаларды ұғыну былай тұрсын, тіпті өздерін де түсінуден қалды. Бұл «ымырашылдардың» пайда болуы ымырасыз централистерді «партияның екінші съезі көпшілігінің принциптік позициясын қорғауға арналған социал-демократиялық партия әдебиетін басып шығару арқылы» (В. Бонч-Бруевич пен Н. Лениннің мәлімдемелері.) пікір айтуға мәжбүр етіп отыр. Біздің алдымызда осы жаңа баспаның үш кітапшасы жатыр: 1) *Партияға.* Женева, 1904. 16 бет. Бағасы 20 сант., 15 пф. 2) *Галерка.* Бонапартизм жойылсын! Женева, 1904. 23 бет. Бағасы 25 сант., 20 пф. 3) *Галерка және Рядовой.* Біздің түсініспеушіліктеріміз. Женева, 1904. Бағасы 50 сант., 40 пф. Бұл үш кітапшаның басты мазмұны «көпшілікке» қарсы жүргізіліп отырған «меньшевистік» күрестің шынында да онша мінсіз емес кейбір әдістерін сын тұрғысынан баяндау және партиялық егесті реттеу үшін үшінші съезді шақырудың мүмкіндігі былай тұрсын, тіпті оның қажет екендігі туралы тезисті қорғау болып отыр.

Формальды түрде, партиялық адалдық тұрғысынан алғанда, неғұрлым байсалды позицияда тұрып, «большевистер» *істің мәнісі* жөнінен өздерінің қарсыластарынан кем түсуде. Істің шын мәнінде, меньшевистер «большевистерге» қарағанда *қазір* неғұрлым өміршең әрі қабілеттірек нәрсені қорғап отыр. Бірақ амал не, осы қорғау ісі біраз немесе, дұрысырақ айтқанда, мүлдем дөрекі тәсілдермен жүргізіледі, көп жағдайда көріне әдепсіздікке жол беруге дейін барады. Соңғы кезде «Искрада» шыққан сансыз көп мақалалар және *Н. Троцкийдің:* Біздің саяси міндеттеріміз (Тактикалық және ұйымдық мәселелер.) деген кітапшасы, Женева, 1904. 107 бет. Бағасы 75 сант., осындай дөрекілік қорғаудың мысалы бола алады. Бұл кітапшаның бір ерекшелігі — онда сылдыр сөзге көп орын берілген, бірақ, ол дегенмен де кейбір идеяларды өте әділдікпен өзінің қорғауына алады; бұл идеялармен социал-демократиялық әдебиетке зейін салушылар Акимов, Мартынов, Кричевский мырзалардың және басқа «экономистер» деп аталатындардың жазбаларынан-ақ таныс. Тек, амал не, автор кей жерлерінде соңғылардың көзқарасын келемежге айналдырып жібереді».

Партиямыздың кемістіктері жөнінде қаншалықты табалаушылық бар десеңізші мұнда! Бірақ либерал өзінің саяси табиғатынан социал-демократияның әлсіреуін және ыдырауын табаламай отыра алмайды.

Мұнда азшылықтың акимовтық көзқарастарының *мәніне* терең ойлапып, сезінген тілектестік қаншалықты көп! Бірақ, шындығында, орыс либерализмінің өміршеңдігіне, идеялық өміршеңдігіне бірден-бір үміт социал-демократиялық оппортунизмнің өміршеңдігінде болып отырған жоқ па?

Жаңа «Искраның» өзін жақтаушыларға дегенде жолы болмай отыр.

Плехановтың сол кездегі «Не істемеу керек» деген бір дәуірге татырлық әйгілі мақаласын еске түсіріңіз. Қулықтың және жеке бастың икемге келушілігінің осы саясаты қандай шебер ойластырылған және біздің дипломат аңқаулықпен қалай опық жеген десеңізші. Дәйекті оппортунист, Струве мырза, жаңа «Искрадағы» «айрықша бет бұрысты» қалай дұрыс байқаған. Ескі және жаңа «Искраның» арасындағы «тұңғиықты» енді жаңа «Искра» басшыларының өздері де мойындап отыр.

«Искраның» 65-номерінде «Акимов ешкімге де қорқынышты емес, онымен енді тіпті бақшадағы торғай-

ларды да үркіте алмайсыз» деген Плехановтың менменсінген сөзін еске түсіріңіз. Плеханов бұл сөздерді (рабоче-делошылдарға деген жұмсақтықты және икемге келушілікті онша айқын көрсетпейтін) айтқанда, сонымен бірге біздің партия съезімізде «ортодокс марксизмге қарсы тек қайдағы бір Акимов қана сөз айтып қойды ма» деп мәлімдеген болатын. Міне осы менменсінген мәлімдемелерден кейін іле-шала Воронеж комитетінің (Акимов және Брукэр жолдастармен ынтымақтас екендігі жұрттың бәріне мәлім) листогы *толық* басылып шығады, оның үстіне жаңа «Искраның» редакциясы листоктың бүкіл принциптік бөлігін (№ 61), жаңа «Искраға» тілектестік білдірген сөздердің бәрін көпшіліктен *жасырып* қалыпты. Сонда торғайға ұқсаған кім болып шықты? Енді қандай партиялық мекемені бақшамен салыстыруға болады?

«Искраның» 73—74-номерлерінің қосымшасында басылған «Мезгіл жетті!» деген мақаланың авторын еске түсіріңіз. Съезіміздің өн бойына «батпақ» делегаттарының бәрі қолдаған көзқарастардың ашық және адал өкілі болған бұл жолдас өзінің Плехановпен келіспейтіндігін ашық мәлімдеді, «Акимов съезде оппортунизмнің шын өкілі болудан гөрі оның елесінің ролін атқарды» деп өз пікірін тура айтты. Сондықтан бейшара редакция өзін қайта-қайта нендей бір унтер-офицерлік азапқа ұшыратуға мәжбүр болды. Редакция «Мезгіл жетті!» деген мақала авторының айтқанына мына төмендегідей ескерту берді:

«Бұл пікірмен келісуге болмайды. Акимов жолдастың программалық көзқарастарында оппортунизмнің айқын ізі жатыр, мұны «Освобождениенің» сыншысы да мойындайды, ол оның соңғы номерлерінің бірінде Акимов жолдас «реалистік»,— ревизионистік деп оқыңыз,— бағытқа қосылады деп атап көрсетті».

Шынында да, тамаша емес пе? Акимов жолдастың программалық көзқарастарында (программа туралы таластарда онымен бірге әрдайым дерлік Мартынов, Брукэр жолдастар және бундшылдар, сондай-ақ батпақтың делегаттары да жиі-жиі қол көтеріп отырды) оппортунизм бар екен. Ал оның тактикалық және ұйымдық

көзқарастарында оппортунизм жоқ қой,— солай ма, мырзалар? Сіздердің осы соңғы көзқарастар туралы үндемей отыруларыңыздың себебі — жаңа «Исканың» жаңа ұйымдық алауыздықтарды салтанатпен көтеріп, Мартынов пен Акимов ескі «Искраға» қарсы бұрын не айтса, нақ соны, тек соны ғана айтып отырғандығында емес пе? Ең жаңа уақытта ең жаңа «Искраның» ұсынып отырған жаңа тактикалық алауыздықтары да Мартынов пен Акимовтың ескі «Искраға» қарсы әлдеқашан айтқандарын түгелінен қайталау болып отырғандығында емес пе? «Рабочее Делоның» 10-номерін қазір қайта бастырып шығару қандай пайдалы болған болар еді!

Сонымен, жаңа «Искра» редакциясының өзі Акимов жолдасқа қарсы төреші және куә ретінде кімді тартып отыр?— Струве мырзаны тартып отыр. Төреші мықты, бұл оппортунизм мәселелерінде нағыз маман, білімпаз, чемпион және сарапшы. Троцкий көзқарастарының мазмұны туралы осы, редакцияның өзі шақырған куәның пікірі өте-мөте маңызды. Ал Троцкийдің кітапшасы *«Искраның» редакциялауымен* (№ 72, 10-бет, 3-бағана) шықты ғой, мұны ұмытпаңыз. Троцкийдің «жаңа» көзқарастары — Плеханов, Аксельрод, Засулич, Старовер және Мартов мақұлдаған редакциялық көзқарастар.

Сылдыр сөз және акимовшылдық (амал қанша, соңғысы келемеж түрінде) — жаңа «Искраға» тілектестің және оның өзі шақырған төрешінің кесімі осындай.

Жарамсақ либерал бұл жолы байқаусызда нағыз шындықты айтып берді.

1904 ж. октябрьде жазылған

1904 ж. ноябрьде Женевада жеке листок болып басылған

Листоктың тексті бойынша басылып отыр

ЗЕМСТВО НАУҚАНЫ ЖӘНЕ «ИСКРАНЫҢ» ЖОСПАРЫ [39]

1904 ж. 30 октябрь мен 8 ноябрь (12 және 21 ноябрь) аралығында жазылған

1904 ж. ноябрьде Женевада жеке кітапша болып басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

Только для членовъ партіи.

N. Lenin. Liberale Bewegung und der Plan von „Jskra“.

Prix: 25 cent.—20 pf.—2½ d.—5 cts.

Россійская Соціальдемократическая Рабочая Партія.

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

Н. Ленинъ.

ЗЕМСКАЯ КАМПАНІЯ и ПЛАНЪ „ИСКРЫ“.

Издательство соціальдемократической партійной литературы
В. Бончъ-Бруевича и Н. Ленина.

ЖЕНЕВА
Кооперативная Типографія, 93 rue de Carouge 93.
1904.

В. И. Лениннің «Земство науқаны және «Искраның» жоспары» деген кітапшасының мұқабасы.— 1904 ж.

Кішірейтілген

ТЕК ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІ ҮШІН

Жақында ғана «Искра» редакциясының атынан партия ұйымдарына арналған («партия мүшелері үшін») хат жарияланды. Россия еш уақытта да конституцияға тап осы қазіргідей жақын келген жоқ,— деп мәлімдейді редакция, сөйтіп «саяси науқанның» тұтас бір жоспарын, конституция жөнінде ізденіп жүрген либерал земствошыларымызға ықпал етудің тұтас бір жоспарын егжей-тегжейлі баяндайды.

Жаңа «Искраның» бұл аса ғибратты жоспарын талдап қарамас бұрын, бұқаралық жұмысшы қозғалысы туғаннан бері орыс социал-демократиясында біздің либерал земствошыларымызға көзқарас туралы мәселе қалай қойылып келгенін есімізге түсірейікші. Бұқаралық жұмысшы қозғалысы туғаннан соң-ақ іле-шала дерлік «экономистер» мен революционерлер арасында бұл мәселе жөнінде де күрес болып келгені жұртқа мәлім. «Экономистер» Россиядағы буржуазиялық демократияны тура жоққа шығаруға дейін, қоғамның оппозициялық топтарына пролетариаттың ықпал ету міндеттерін елемеушілікке дейін барды, мұнымен қатар олар пролетариаттың саяси күресінің өрісін тарылтып, әдейі немесе білместіктен, саяси басшылық рольді қоғамның либерал элементтерінің қолына берді, ал жұмысшыларға «қожайындармен және үкіметпен экономикалық күрес жүргізуді» қалдырды. Ескі «Искрадағы» революцияшыл социал-демократияны жақтаушылар бұл бағытқа қарсы күресті. Бұл күрес үлкен екі дәуірге: либералдар-

дың органы «Освобождение» шыққанға дейінгі және ол шыққаннан кейінгі дәуірге бөлінді. Бірінші дәуірде біз көбінесе экономистердің ой өрісінің тарлығына қарсы шабуыл жасадық, олардың өздері байқамай жүрген фактіні — Россияда буржуазиялық демократия бар екендігін «естеріне салдық», пролетариаттың жан-жақты саяси қызмет жүргізу міндетін, оның қоғамның барлық топтарына ықпал ету міндетін, бостандық жолындағы шайқаста авангард болу міндетін атап айттық. Қазіргі уақытта, жаңа «Искраны» жақтаушылар бұл дәуірді неғұрлым сорақы бұрмалаған сайын (Троцкийдің «Искраның» редакциялауымен басылған «Біздің саяси міндеттеріміз» деген кітапшасын қараңыз), олар қозғалысымыздың басынан өткізген жуырдағы тарихымен қазіргі жастардың таныс еместігін неғұрлым көп пайдаланған сайын бұл дәуірді, оның негізгі белгілерін еске түсіру соғұрлым орынды және қажет болып отыр.

«Освобождение» шыққаннан бері ескі «Искра» күресінің екінші дәуірі басталды. Либералдар дербес органмен және ерекше саяси программамен майданға шыққан соң, пролетариаттың «қоғамға» ықпал ету міндеті өзінен-өзі өзгерді: жұмысшы демократиясы либералдық демократияны «сілкіндірумен», оның оппозицияшыл рухын жандандырумен қанағаттана алмады, ол либерализмнің саяси позициясында айқын көрінген тұрлаусыздықты революцияшылдық тұрғыдан сынауды бірінші орынға қоюға тиіс болды. Либерал топтарға біздің ықпал етуіміз либерал мырзалардың саяси наразылығының дәйексіздігін және жеткіліксіздігін үнемі көрсетіп отыру түріне айналды (Виттенің запискасына * Струве мырза жазған алғы сөзді сынаған «Заряны» және «Искраның» толып жатқан мақалаларын атаудың өзі жеткілікті).

Ашық майданға шыққан либерализм жөніндегі социал-демократияның бұл жаңа позициясы партияның II съезі қарсаңында айқындалып, ығайғаны соншалық — Россияда буржуазиялық демократия бар ма және оппозициялық қозғалыс пролетариаттан жәрдем алуы

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 23—76-беттер. *Ред.*

керек пе (алса, қандай жәрдем) деген сұрау еншкімнің де ойына кіріп шықпады. Әңгіме тек бұл мәселе жөніндегі партиялық көзқарастарды тұжырымдау туралы болды, сондықтан бұл жерде, маған, бір жағынан, либералдармен «келісудің» соңына түскен (және тіпті мезгілсіз түскен), ал, екінші жағынан, мұндай келісімдердің либералдар мүлдем орындай алмайтын, жалған шарттарын қойған Староверідің бытысқан қарарынан[40] гөрі, либералдық «Освобождениенің» революцияға қарсы және пролетариатқа қарсы сипатын атап көрсеткен Плехановтың қарарында ескі «Искраның» көзқарастары анағұрлым жақсы айтылғанын атап көрсетудің өзі жеткілікті.

I

Жаңа «Искраның» жоспарына көшейік. Либералдық демократияның тартыншақтығы мен тұрлаусыздығы туралы мәселе жөніндегі, либералдық буржуазия мен пролетариат мүдделерінің дұшпандық қарама-қарсылығы туралы мәселе жөніндегі күллі материалды сарқа пайдалану, «біздің программамыздың принципті талаптарына сәйкес» пайдалану біздің міндетіміз екенін редакция мойындайды. «Бірақ,— деп жалғастырады редакция,— *бірақ* абсолютизмге қарсы күрес шеңберінде, нақ қазіргі сатыда, либералдық буржуазияға біздің көзқарасымыз оған көбірек батылдық беру, оны социал-демократия бастаған пролетариат *қоятын* (?қойған?) талаптарға қосылуға ұмтылдыру *міндетімен белгіленеді»*. Біз бұл оғаш тирададағы ерекше оғаш сөздерді баса көрсетіп отырмыз. Шынында да, бір жағынан, тұрлаусыздықты сынап, мүдделердің бір-біріне дұшпандығын талдағандықты, ал екінші жағынан, көбірек батылдық беру және қосылуға ұмтылдыру міндеттерін қарама-қарсы қойғандықты таңданарлық дегенде не дейміз? Біз либерал буржуазияны, оның демократия мәселелеріндегі тұрлаусыздығын аяусыз талдап, өлтіре сынау жолымен батыл етпегенде, басқаша қалай батыл ете аламыз? Буржуазиялық (=либералдық) демократияның демократия ретінде бой көрсетуге ойы болғандықтан және демократия ретінде бой көрсетуге мәжбүр болғандық-

тан ол халықтың неғұрлым қалың топтарына сүйенуге қалай да талаптанады. Бұл талап мынадай қайшылықты туғызбай қоймайды: халықтың әлгі топтары неғұрлым кеңейген сайын, олардың арасында саяси және қоғамдық құрылыстың толық демократиялануын, толық демократиялану болғанда жалпы буржуазиялық үстемдік атаулының өте маңызды тіректерін (монархияны, тұрақты әскерді, бюрократияны) күйрету қаупін туғызатындай демократия болуын талап ететін пролетарлық және жартылай пролетарлық топтардың өкілдері соғұрлым көп болады. Буржуазиялық демократия өзінің жаратылысы жағынан бұл талаптарды қанағаттандыра алмайды, ол өзінің жаратылысынан тартыншақ әрі тұрлаусыз. Социал-демократтар осы тұрлаусыздықты сынап, либералдарды әрқашан итермелеп отырады, барған сайын көптеген пролетарлар мен жартылай пролетарларды, там-тұмдап ұсақ буржуаны да либералдық демократиядан жұмысшы демократиясы жағына аударып алып отырады. Біз либерал буржуазияның тұрлаусыздығын сынауымыз керек, *б і р а қ* (бірақ!) либерал буржуазияға біздің көзқарасымыз оған батылдық беру міндетімен белгіленеді, деп қалайша айтуға болады? Бұл көріне шатастыру ғой, бұл мынаны дәлелдейді: не мұның авторлары шегіншектеп барады, яғни либералдар әлі ашық бой көрсетпеген, оларды жалпы ояту, қозғау, аузын ашуға итермелеу керек болған уақытқа қарай қайта оралып барады; — не болмаса, авторлар пролетарлардың батылдығын бәсеңдету арқылы либералдарға «батылдық беруге» болады-мыс деген пікірге бой ұрады.

Бұл адам айтқысыз сұмдық пікір бола тұрса да, редакциялық хаттың келесі бір жерінде бұл пікірдің одан да айқын айтылғанын көреміз: «Бірақ,— деп тағы да тағы ескертеді редакция,— бірақ егер біз *қорқытудың* жігерлі шараларымен земствоны немесе буржуазиялық оппозицияның басқа органдарын, *үрейленудің* әсерінен, біздің талаптарымызды үкіметке тапсыруға, қазір-ақ *мәжбүр етуді* мақсат қылсақ, қатерлі қатеге душар болған болар едік. Ондай тактика социал-демократияның бе-

делін түсірген болар еді, өйткені біздің бүкіл саяси науқанымызды реакция үшін демеу құралға айналдырған болар еді» (курсив редакциянікі).

Міне, гәп қайда жатыр! Патша самодержавиесі көріне қобалжып отырған кезде, оған елеулі соққы беру өте керек, өте пайдалы болып отырған кезде және ол шешуші соққы бола алатын кезде революцияшыл пролетариат оған әлі бірде-бір елеулі соққы беріп үлгірген жоқ, ал соның өзінде реакция үшін демеу құрал туралы міңгірлейтін социал-демократтар табылып қалды. Бұл енді тек шатастыру ғана емес, бұл — тура дөрекілік. Сонымен, реакция үшін демеу құрал туралы әдейі сөз қозғауға қорқынышты құбыжықты ойлап шығарып, редакция осындай дөрекілік айтуға дейін барып отыр. Тек ойлап көріңдерші: социал-демократиялық партияның партия ұйымдарына жазылған хатта бұл адамдар земствошыларды қорқыту тактикасы туралы және үрейлепудің әсерінен формальды уәде беруге оларды көндіру жайында байсалды сөз қозғайды! Мұндай құбыжыққа сенетін мемлекеттік орындағы сәбиді тіпті орыс ұлықтарының арасынан, тіпті біздің Угрюм-Бурчеевтердің [41] арасынан табу оңай болмас еді. Бізде, революционерлер арасында, нағыз террористер бар, тым өжет бомбистер бар, бірақ бомбизмді қорғаушылардың ақымақтарының ішіндегі ең ақымағы да осы уақытқа дейін... земствошыларды қорқытуды және... оппозицияның арасында үрей туғызуды ұсынбаған сияқты. Осындай кісі күлерлік құбыжықтарды ойлап шығарып, осындай тұрпайы сөздерді қолданып, өзінің түсінбестік және шатасушылық туғызбай қоймайтынын, күресуші пролетарлардың сана-сезімін көмескілеп, ақыл-ойына лаң салатынын редакция шынымен-ақ көрмей ме екен? Реакция үшін демеу құрал туралы, бедел түсіретін қорқыту тактикасы туралы айтылған бұл сөздер желге кетіп жатқан жоқ қой, бұл сөздер арам шөптің өсуіне барынша, бейімделген өзгешелігі бар россиялық-полициялық топыраққа түсіп отыр ғой. Реакция үшін демеу құрал жөнінде бізге шынында да көшенің әрбір бұрышында айтады, бірақ мұны айтушылар — нововремяшылдар[42]. Бедел түсіретін қорқыту тактикасы жайында шынында

да біздің құлағымызды тұндырды,— бірақ мұны айтып жүрген буржуазиялық оппозицияның қоян жүрек басшысымақтарынан басқа ешкім де емес.

Профессор князь Е. Н. Трубецкойды алыңыз. Тегі, ол барынша «оқымысты» және — орыстың жария қайраткері үшін — әжептәуір «батыл» либерал. Ал либералдық «Правода»[43] (№ 39) «ішкі қауіп» туралы, нақ бір беткей партиялардың қауіптілігі туралы ол қандай дөрекі пайымдауға барады десеңізші! Міне сізге кімнің үрейленушілікке іс жүзінде жақын тұрғандығының нақты үлгісі, міне нағыз либералдарға іс жүзінде ненің қорқынышты әсер ететіндігінің айқын мысалы. Әрине, олар «Искра» редакторларының түсіне енген жоспардан, земствошылардан революционерлерге ресми уәде алып беру жоспарынан қорықпайды (Трубецкой мырзаға мұндай жоспар жайында айтса, ол қарқылдап күлер де қояр еді),— олар «бір беткей» партиялардың революциялық-социалистік мақсаттарынан қорқады, олар буржуазияның үстемдігін құлатқанға дейін тоқтамайтын, қаруын тастамайтын пролетариаттың революциялық жолмен дербес әрекет етуінің тұңғыш қарлығаштары болып табылатын көше листоктарынан қорқады. Бұл қорқынып кісі күлерлік құбыжықтардан тумайды, қайта жұмысшы қозғалысының шын сипатынан туады, бұл қорқынын буржуазияның жүрегінен кетпейді (жеке адамдар мен жеке топтар, әрине, есепке алынбайды). Міне, сондықтан жаңа «Искраның» земствошылар мен буржуазиялық оппозиция өкілдерін қорқытудың бедел түсірерлік тактикасы жөніндегі пайымдаулары сондай жалған естіледі. Көше листоктарынан үрейленіп, цензді конституциядан әрі асатын нәрсенің бәрінен үрейленіп, либерал мырзалар «демократиялық республика» ұранынан және бүкіл халықтық қарулы көтеріліске шақырудан әрқашан қорқатын болады. Ал саналы пролетариат біз бұл ұраннан және бұл үндеуден бас тарта аламыз-ау, біз өз қызметімізде буржуазияның жалпы үрейленуіне, қорқуына сүйене аламыз-ау деген ойдың өзін ашу-ызамен қабылдамай тастайды.

«Новое Времяны» алыңыз. Реакция үшін демеу құрал туралы сарынға салып ол пешеме түрлі әнге басып

жүр. «Жастар және реакция,— деп оқимыз біз 10285-номердегі (18 октябрь) «Заметкаларда».— ...Бұл сөздер бір-бірімен үйлеспейді, ал оның бер жағында жеткіліксіз ойластырылмаған әрекеттердің, қызбалыққа салынудың, мемлекеттің тағдырына қалай да дереу араласуға талпынған талаптардың жастарды осындай үмітсіз тұйыққа әкеп тіреуі ықтимал. Жақында Выборг түрмесінің жанында демонстрация болуы, одан соң астана орталығында бірдемені сылтау етіп манифестация жасауға әрекет жасау, Москвада 200 студенттің соғысқа наразылық білдіріп, жалаулар көтеріп шығуы... Осыдан келіп реакция түсінікті болады... студенттердің толқулары, жастардың демонстрациялары,— осының бәрі үлкен бір олжа ғой, мұның өзі көзір ғой, реакционерлердің қолына түскен, күтпеген үлкен көзір ғой. Міне, бұл олар үшін шын қымбат сыйлық, мұны олар пайдалана біледі. Бұл сыйлықты берудің керегі жоқ, көз алдына елестеген (!!!) темір торларды бұзудың керегі жоқ: қазір есік те ашық (сірә, Выборг түрмесінің және басқа түрмелердің есігі болса керек?), кеңінен ашық!»

Бұл пайымдаулар түсіндіріп жатуды керек қылмайды. *Қазір* күресуші жұмысшылар үшін бүкіл россиялық түрменің бірде-бір есігі аз да болса ашылмаған кезде, патша самодержавиесі пролетариатқа титтей де болса сезілерліктей әлі бірде-бір жеңілдік бермей отырған кезде, орыс халқының жауына қарсы нағыз және батыл шайқасқа әзірленуге барлық назарды аударып, барлық күшті жұмсау керек болып отырған кезде,— міне осы кезде реакция үшін демеу құрал туралы сөз қозғаудың жөнсіз екенін көру үшін осы пайымдауларды келтірудің өзі жеткілікті. Әрине, мұндай шайқас туралы ойдың өзі-ақ Трубецкой мырзалар мен «оқымыстылығы» онша емес мыңдаған либерал мырзалардың құтын қашырып, үрейін алады. Бірақ біз олардың үрейленуімен санасатын болсақ, ақымақ болған болар едік. Біз өз күштеріміздің жайымен, халықтың толқуы және ашу-ызасының күшеюімен, пролетариаттың самодержавиеге қарсы тікелей шабуылы стихиялық жолмен өршіген стихиялық қозғалыстардың біріне қосылатын кезеңмен санасуымыз керек.

II

Жоғарыда, біздің редакцияның түсіне енген құбыжық туралы сөз қозғағанымызда, біз оның пайымдауларындағы тағы бір ерекше белгіні айтпай кеттік. Земствошылардың «біздің талаптарымызды үкімет алдына қоюға ресми уәдесін» жұлып алуға бағытталған беделі түсіретін тактиканы редакция қатты сөкті. Бұдан бұрынғы үйлесімсіздіктің үстіне, бұл арада «біздің» талаптарымызды, жұмысшылар демократиясының талаптарын, үкімет алдына либералдық демократияның қоюы туралы пікірдің өзі оғаш, ерсі. Бір жағынан, либералдық демократия өзінің мәнісі жөнінен буржуазиялық демократия болып табылатындықтан да «біздің» талаптарымызды еш уақытта түсіне алмайды, оларды шын ниетімен, дәйекті түрде және батыл қорғай алмайды. Егер либералдар біздің талаптарымызды қоюға ресми уәде берсе де, «еркімен» берсе де, сонда да олар, әрине бұл уәдеде тұра алмас еді, пролетариатты алдаған болар еді. Екінші жағынан, біз жалпы алғанда буржуазиялық демократияға, әсіресе земствошы мырзаларға шындап ықпал ете алатындай күшті болсақ, онда талаптарымызды үкіметке өз бетімізбен білдіру үшін мұндай күш бізге толық жеткілікті болар еді.

Редакцияның оғаш пікірі — аңдамай сөйлеп қалғандығының салдары емес, өзінің бұл мәселе жөнінде ұстаған шатқалаң позициясының сөзсіз болашақ салдары. Тыңдаңыздар: «Буржуазиялық оппозицияга ұйымдасқан түрде күшті ықпал етудің... практикалық міндеті... негізгі нысана, басшылық арқауы болуы тиіс»; «либералдық оппозицияның бұл органына жұмысшылар тарапынан берілетін мәлімдеменің жобасында» «жұмысшылардың неліктен үкіметке жүгінбей, дәл осы оппозиция өкілдерінің жиналысына жүгініп отырғаны туралы түсінік» болуға тиіс. Міндеттің бұлай қойылысының өзі түп негізінен қате. Біз, пролетариат партиясы, әрине, «халықтың барлық таптарына баруға тиіспіз», барғанда программамызды және ең таяудағы талаптарымызды бүкіл халық алдында ашық және жігерлі қорғай отырып баруымыз керек, біз бұл талаптарымызды земство-

шы мырзалардың алдына қоюға да тырысуымыз керек, бірақ біз үшін негізгі нысана және басшылық арқауы земствошыларға емес, үкіметке ықпал жасау болуға тиіс. «Искраның» редакциясы негізгі нысана туралы мәселені мүлдем керісінше қойып отыр. Өзі күреспегендіктен, өзінің сөзсіз қорғайтын программасы болмағандықтан, күресіп жатқан екі жақтың арасында (үкіметтің және революцияшыл пролетариаттың, оның азғантай интеллигент жақтастарының) тұрғандықтан, күрестің нәтижесін өз пайдасына есептеп отырғандықтан буржуазиялық оппозиция тек буржуазиялық және тек қана оппозиция болып қала береді. Сондықтан күрес неғұрлым қызған сайын, шешуші ұрыстың мезгілі неғұрлым жақындаған сайын, біз назарымызды және ықпал ететін күшімізді *көріне* шартты, проблематикалық, сенімсіз және тұрлаусыз болып отырған одақтасымызға емес, өзіміздің шын дұшпанымызға неғұрлым көбірек аударып, соған бағыттауымыз керек. Бұл одақтасты елемеу ақылсыздық болар еді, оны қорқытуды және үркітуді мақсат ету қисынсыздық болар еді,— мұның бәрі соншама айқын, сондықтан мұны әңгіме етудің өзі де орынсыз. Бірақ біздің үгітіміздің негізгі нысанасы және басшылық арқауы, қайталап айтамын, бұл одақтасқа ықпал ету емес, дұшпанмен шешуші шайқасуға әзірлік жүргізу болып табылады. Земствоны алдап-сулап, оған болмашы жеңілдіктер (және тек сөз жүзінде дерлік) жасай отырып, үкімет іс жүзінде халыққа әлі еш нәрсе берген жоқ қой; белгілі бір патшаның өткінші либералдық лебінен кейін Русьте нешеме ондаған, жүздеген рет осындай болғаны сияқты, үкімет реакцияға әлі талайталай әбден қайта орала алады (дұрысырақ айтқанда, реакцияны жалғастыра алады). Дәл осы уақытта, земствоны алдап-сулап, халықтың көзін бояп, оны бос сөзбен жұбатып отырған уақытта, түлкі бұлаңнан ерекше сақтану керек, дұшпанның әлі жеңіліп бітпегенін ерекше қатты ескертіп отыру керек, күштің басым салмағын үкіметке «айтудан» земствоға айтуға аудармай, жауға қарсы күресті жүргізе беруге және оны еселеп күшейте беруге ерекше жігермен шақырып отыру керек. Дәл қазіргі уақытта басқа ешкім де емес, көріне ас ішіп, аяқ

босатарлар мен бостандыққа опасыздық жасаушылар ғана қоғам мен халық назарының басым салмағын земствоға аудару үшін, іс жүзінде шын демократияның сеніміне ие боларлық еңбегі жоқ земствоға сенім туғызу үшін аласұруда. «Новое Времяны» алыңыз: жоғарыда цитат алынған мақалада сіз мынадай пайымдауды оқисыз: «Кемшіліктеріміз бен олқылықтарымыздың бәрін батыл және дұрыс талқыға салу мүмкіндігімен бірге, әрбір қайраткердің еркін жұмыс істеу мүмкіндігімен бірге кемшіліктердің де тез арада жойылатыны, сөйтіп Россияның өзіне сонщалықты қажет болып отырған прогресс және өркендеу жолына алаңсыз түсе алатыны әркімге айқын. Тіпті ұйымды, бұл прогрестің құралын ойластырып жатудың да қажеті жоқ: ол земство түрінде құрылып, дайын тұр, оған тек (!!) өсуге ерік беру керек; басқадан үйренбей шын өзіндік жолымызбен жетілуімізге осы земство кепіл». Осындай және осы сияқты сөздер «шектеулі монархия мен цензді конституцияға ұмтылуды бүркеп» (өз хатының екінші жерінде редакцияның айтқанындай) қана қоймайды; бұл сөздер монархияға тіпті ешбір шек қоймастан-ақ бүкіл істі земствоның адресіне күле қараумен тындыруға тура негіз әзірлейді!

Негізгі нысана есебінде үкіметке ықпал етуді алға қоймай, земствоға ықпал етуді алға қою, әрине, Староверділ қарарының негізіне алынған сорлы пікірге, атап айтқанда, либералдармен қандай болса да «келісімдер» жасау үшін осы қазір және дереу негіз іздеу пікіріне соқтырмай қоймайды. «Ал қазіргі земстволар жөнінде,— дейді редакция өзінің хатында,— біздің міндетіміз бұлардың алдына революцияшыл пролетариаттың саяси талаптарын қоюмен шектеледі (!!), ал олар халық атынан сөйлеуге қандай да болса праволы болу үшін және жұмысшылар бұқарасының жігерлі қолдауына сенімді болу үшін бұл талаптарды қолдауға міндетті». Бұған не дерсің, жұмысшы партиясының міндеттерін жақсы-ақ белгілеген! Революцияшыл пролетариатқа қарсы күресу үшін самарқау земствошылардың үкіметпен одақтасу мүмкіндігі және ықтималдығы көз алдымызда әбден айқын көрініп отырған уақытта (мұндай одақтың

болу мүмкіндігін редакцияның өзі мойындайды), біз өзіміздің міндетімізді үкіметке қарсы күрестің ауқымын өселеп арттырумен емес, өзара жәрдемдесу туралы либералдармен келісудің бас қатыратын жалған шарттарын белгілеумен «шектейтін» боламыз. Егер мен басқа біреуге талаптар ұсынсам, менен көмек алуға праволы болу үшін ол менің талаптарымды қолдайтын болып міндеттенуге тиіс, онда мен онымен келісім жасасамын да. Енді біз жұрттың бәрінен де және әркімнен мынаны сұраймыз: Староверр өзінің қарарында жазған * (сондай-ақ Аксельрод пен Мартов та қол қойған) және орындалмайтыны біздің әдебиетімізде күн ілгері айтылған либералдармен келісім «шарттары» қайда жоғалып кетті? Бұл шарттар туралы редакция өзінің хатында ләм демейді. Редакция бұл қарарды съезде өткізгенде, кейін оны қажетсіз қағаздарға арналған себетке тастау үшін өткізген болып шықты. Жұмысқа нақты кірісуге талаптана бастағанда-ақ Староверрдің «шарттарын» ұсынудың өзі бұған либерал земствошы мырзаларды сақ-сақ күлдіретіні бірден айқын болды.

Ілгері барайық. «Халық атынан сөйлеуге қандай да болса праволы болу үшін ол қолдауға міндетті» болатын мұндай саяси талаптарды либералдық демократияға (немесе земствошыларға) ұсыну міндетін жұмысшы партиясының алдына қоюды жалпы алғанда *принципінде* дұрыс деп санауға бола ма? Жоқ, міндетті мұндай тұрғыдан қою принципінде дұрыс емес және бұл пролетариаттың таптық сана-сезімін көмескілендіруге және еш нәтижесіз жай бас қатыруға әкеп соқтырады. Халық атынан сөйлеу дегеніміз — демократ есебінде сөйлеу деген сөз. Кез келген демократтың (оның ішінде буржуазияшыл демократтың да) халық атынан сөйлеуге правосы бар, бірақ ол бұл правоға демократизмді дәйекті түр-

* Съезд қабылдаған (Плеханов екеуміздің пікірімізге қарамастан) Староверрдің қарарында либералдармен уақытша келісім жасау үшін 3 шарт қойылғанын оқушының есіне салайық: 1) либералдар «самодержавиелік үкіметке қарсы өздерінің күресінде біржола социал-демократия жағына шығатынын тура және ашық мәлімдейді»; 2) «олар өздерінің программаларында жұмысшы табының және жалпы демократияның мүдделеріне қайшы келетін немесе жұмысшы табының сана-сезімін көмескілейтін талаптар қоймайды»; 3) «жалпыға бірдей, тең, жасырын және төте сайлау правосын өздерінің күрес ұраны етеді».

де, батыл және ақырына дейін жүзеге асырса ғана не бола алады. Олай болса, *кез келген* буржуазияшыл демократтың «халық атынан сөйлеуге қандай болса да правосы бар» (өйткені кез келген буржуазияшыл демократ, ол демократ болып тұрғанда, белгілі бір демократиялық талапты жақтайды), бірақ мұнымен қабат *бірде-бір* буржуазияшыл демократтың қай жағынан болмасын халық атынан сөйлеуге правосы жоқ (өйткені қазіргі уақытта бірде-бір буржуазияшыл демократтың демократизмді батыл іске асыруға және ақырына дейін жеткізуге қабілеті жоқ). «Освобождение» самодержавиеге қарсы күресіп отырғанда Струве мырзаның халық атынан сөйлеуге правосы бар. «Освобождение» құйрығын бұлаңдатып, айналсоқтап отырғанда, цензді конституциямен шектеліп, земстволық оппозицияны күреске теңеп отырғанда, дәйекті және айқын демократиялық программадан бойын аулақ салып отырғанда, Струве мырзаның халық атынан сөйлеуге ешбір правосы жоқ. Немістің национал-либералдары қопыс аудару бостандығы жолында күрескенде халық атынан сөйлеуге праволы болды. Немістің национал-либералдары Бисмарктың реакцияшыл саясатын қуаттаған кезде олардың халық атынан сөйлеуге ешбір правосы болмады.

Сонымен, либерал буржуа мырзалар қолдаған жағдайда оларды халық атынан сөйлеуге қандай да болса праволы ететін талаптарды олардың алдына тартуды жұмысшы партиясына міндет етіп қою — жөнсіз, соραқы міндетті ойлап шығару деген сөз. Бізге программамызда көрсетілген талаптардан басқа ешбір ерекше демократиялық талаптар ойлап шығарудың керегі жоқ. Осы программамыз үшін біз демократизмді іске асырып отырған кез келген (соның ішінде буржуазиялық та) демократты қолдауға міндеттіміз; біз демократизмнен айнып, бас тартқан (керек десең, мәселен, шаруаның қауымнан ерікті түрде шығуы және жерді ерікті түрде сатуы туралы мәселелер жөнінде болса да) кез келген демократты (соның ішінде социалист-революционерлерді де) аяусыз әшкерелеуге міндеттіміз. Демократ есебінде сөйлеуге қандай болса да праволы болу үшін демократқа, былайша айтқанда, қаншалық пасықтық

істеуге болатынын алдын ала белгілеуге тырысу, демократизмнен қаншалықты шегінуге жол берілетінін күні бұрын белгілеуге тырысу,— бұл соншалықты қиын міндет, сол себепті біздің редакцияның осыларды ойлап шығаруына Мартынов жолдас немесе Дан жолдас көмектеспеді ме екен деп еріксіз шүбәланасың.

III

Өзінің хатында жетекші саяси пікірлерді баяндай келіп, редакция одан кейін өзінің керемет жоспарын да толық баяндайды.

Губерниялық земство жиналыстары конституция жөнінде өтініштер жасайды. N, X, Y қалаларында комитетшілер мен көзі ашық жұмысшылар «Аксельродтың үлгісімен» саяси науқан жоспарын жасауда. Үгіттің негізгі нысанасы буржуазиялық оппозицияға ықпал жасау болмақ. Ұйымдастыру тобы сайланады. Ұйымдастыру тобы атқару комиссиясын сайлайды. Атқару комиссиясы арнаулы шешенді белгілейді. «Бұқараны земство жиналыстарымен тікелей жанастыруға, манифестацияны земство мүшелері мәжіліс өткізіп жатқан үйдің қасына жинауға» тырысады. «Қолайы келген кезде арнайы өкілдік берілген шешен арқылы жұмысшылардың мәлімдемесін жиналысқа оқып беру үшін жиналыстан (? жиналыста председатель болып отырған дворяндар жетекшісінен бе?) рұқсат сұрау үшін, демонстрацияшылардың бір бөлігі мәжіліс залына енеді. Егер оған рұқсат берілмесе, әлгі шешен халық атынан сөйлеуші жиналыстың сол халықтың өзінің шын өкілдерінің үнін естігісі келмегеніне дауыстап наразылық білдіреді».

Жаңа «Искраның» жаңа жоспары міне осындай. Оның маңызын редакцияның өзі біршама төмен бағалайтынын біз қазір көреміз, бірақ әуелі атқару комиссиясының міндеттері туралы редакцияның өте жоғары принциптік түсініктерін келтірейік:

«...Бірнеше мың жұмысшы земство мүшелері мәжіліс өткізіп жатқан үйдің алдына келгенде және бірнеше ондаған немесе жүздеген жұмысшылар үйдің ішіне кіргенде, *земствошылардың зәресі ұшып қорықпауы (!!)*

үшін атқару комиссиясының күн ілгері шаралар қолдануы керек, әйтпесе қорқудың салдарынан олар полиция мен казактарды паналап, масқара іс істеуі (!), сөйтіп бейбіт манифестацияны сорақы төбелеске немесе жойқын қырғынға айналдырып, оның бүкіл мәнін кетіруі мүмкін...» (Сірә, түсіне енген құбыжыққа редакцияның өзі де нанып қалған болса керек. Редакцияның айтуынша, тіпті сөйлемнің нақ грамматикалық мағынасы бойынша, земствошылар манифестацияны қырғын төбелеске айналдырып, оның мәнін кетіреді-міс. Либерал земствошылар туралы біз тіпті де жоғары пікірде емеспіз, бірақ сонда да земство жиналысындағы либералдардың полицияны және казактарды шақыруынан редакцияның үрейі ұшуы бізге мүлдем қисынсыз көрінеді. Полицияны тәртіп бұзылған жағдайда не председательдік етуші дворяндар жетекшісі, не ресми емес түрде қатысатын көрші бөлмедегі полиция чиновнигі шақыратынын земство жиналысында тым құрыса бір рет болған әрбір адам жақсы біледі. Немесе, бәлкім, бұл жөнінде атқару комиссиясының мүшелері бейбіт манифестацияны жойқып қырғынға айналдыру жаңа «Искра» редакциясының «жоспарына» тіпті де кірмейді деп околотка надзирателіне түсіндіріп берер?)

«...Мұндай күтпеген оқиғаның болмауы үшін атқару комиссиясы әзірленіп жатқан манифестация және оның шын мақсаты туралы либерал земствошыларды күні бұрын... (казактарды шақырмауға олардың «ресми уәде» беруі үшін бе?) ескертіп қоюға тиіс... (яғни, біздің шын мақсатымыз бізді айуандықпен сабасын, сөйтіп Аксельрод жоспарының шын мәнін бұзсын деген мақсат емес екенін күні бұрын ескертіп қоюға тиіс)... Мұның үстіне, атқару комиссиясы оппозициялық буржуазияның сол қанатының өкілдерімен кейбір келісімге келуге (тыңдаңыздар!) және біздің саяси шарамызға олардың, белсенді жәрдем көрсетпегенмен, ең кемі тілектес боламыз деген уәдесін алуға тырысуға тиіс болады. Атқару комиссиясы олармен келіс сөздерді, әрине, партияның атынан, жұмысшылардың үйірмелері мен жиналыстарының тапсыруы бойынша жүргізуге тиіс, ал бұл үйірмелер мен жиналыстарда саяси науқанның жалпы жоспа-

ры ғана талқыланып қоймай, оның барысы туралы есеп те беріледі, бұл арада, әрине, конспирацияның барлық шарттары мүлтіксіз сақталуы керек».

Иә, иә, либералдармен нақты белгіленген шарттар негізінде келісім жасау туралы Старовердің ұлы идеясының күн сайын емес, сағат сайын өсіп, нығайып келе жатқанын біз айқын көріп отырмыз. Рас, бұл белгіленген шарттардың бәрі «уақытша» жылы жауып қойылған (біз формалист емеспіз ғой!), бірақ оның есесіне келісім іс жүзінде жасалады, атап айтқанда: *зәрені ұшырып қорқытпау туралы келісім жасалады.*

Редакцияның хатын қалай айналдырып қарасаңыздар да, либералдармен атышулы «келісім жасаудың» біз көрсеткеннен басқа ешбір мазмұнын таба алмайсыздар: бұл не либералдарға халық атынан сөйлеуге право беретін шарттар туралы келісім (онда мұндай келісім туралы идеяның өзі оны ұсынып отырған социал-демократтардың беделін мықтап түсіреді), не бұл зәрені ұшырып қорқытпау туралы келісім, бейбіт манифестацияға тілектестік туралы келісім,— олай болған күнде бұл шындап сөз қылуға тұрмайтын сандырақтың өзі. Үкіметке емес, буржуазиялық оппозицияға ықпал етудің ерекше маңыздылығы туралы қисынсыз идея осындай сорақылықтан басқа еш нәрсеге жеткізе алмады да. Егер біз земство жиналысының залында жұмысшылардың айбарлы, бұқаралық демонстрациясын жасай алатын болсақ,— біз, оны, әрине жасаймыз (бірақ, бұқаралық демонстрация жасау үшін күш жеткілікті болған күнде бұл күштерді земство жиналыстарының емес, полициялық, жандармдық немесе цензорлық жиналыстардың «үйі жанына» «шоғырландыру» анағұрлым жақсы болар еді). Бірақ мұның өзінде земствошылардың зәресі ұшып қорқуымен есептесу, бұл туралы келіс сөз жүргізу — ақылсыздықтың, күлкі болудың барып тұрған шегі. Дәйекті социал-демократтың сөзінің *мазмұнының* өзі қай уақытта болса да Россия земствошыларының едәуірінің, бәлкім, тіпті көпшілігінің арасында зәресін алатын қорқыныш туғызбай қоймайды. *Мұндай* зәрені ұшыратын қорқыныштың керексіздігі туралы земствошылармен күні бұрын сөйлесу өзіңді-өзің сц

жалған және лайықсыз халге ұшыратқандық болады. Айуандық қырғын, не оның болуы мүмкін ғой деп ойлаудың өзі зәрені алатын басқаша қорқынышты да туғызбай қоймады. Мұндай зәрені алатын қорқыныш туралы земствошылармен келіс сөз жүргізу тіпті ақылға сыймайды, өйткені ең самарқау деген либералдың өзі сол уақытта қырғын да туғыза алмайды, оған тілектес те болмайды, бұл тіпті де оның қолында тұрған жоқ. Бұл жерде «келіс сөз жүргізу» керек емес, іс жүзінде күштерді дайындау керек; земствошыларға ықпал ету керек емес, үкіметке және соның агенттеріне ықпал ету керек. Егер күш болмаса, ұлы жоспарлар жайында даурықпау керек, ал, егер күш болса, онда сол күшті нақ казактар мен полицияға қарсы жұмсау керек, казактар мен полицияның шабуылын тойтарғандай, ия ең болмағанда тоқтататындай жұрт жинауға және оны қолайлы жерге жинауға тырысу керек. Егер біз «буржуазиялық оппозицияға» сөз жүзінде емес, іс жүзінде «ұйымдасқан айбарлы ықпал» ете алатын болсақ, онда, әрине, зәрені ұшырып қорқытпау туралы ақымақтық «келіс сөздермен» емес, тек күшпен, казактардың және патша полициясының көп болып бетін қайыратын күшпен, халық көтерілісіне ұласатын бұқаралық шабуылдың күшімен ықпал ете аламыз.

Жаңа «Искраның» редакциясы іске басқаша тұрғыдан қарайды. Өзінің келісу және келіс сөз жүргізу жоспарына разы болатыны соншалық, ол бұл жоспарға сүйсінудің шегіне жете алмайды, оны мақтап жеткізе алмайды.

...Белсенді демонстрацияшылар «полицияға немесе жалпы алғанда үкіметке қарсы дағдылы демонстрация мен *қазіргі* (курсив редакциянікі) кезеңде либерал элементтердің саяси тактикасына (міне қалай!) революцияшыл пролетариаттың тікелей ықпал етуінің көмегімен абсолютизмге қарсы күресті өзінің тура мақсаты етіп қоятын демонстрацияның арасындағы түбегейлі айырмашылықты жете түсінетін болуы тиіс... Өз алдына дербес екі саяси күш ретінде революцияшыл пролетариат пен либералдық-оппозициялық буржуазияны бірбіріне нақты қарсы қоюды тікелей мақсат етпейтін

дағдылы, айталық, жалпы демократиялық (!!) типтегі демонстрацияларды жасау үшін халық бұқарасы арасында күшті саяси толқудың болуының бір өзі де жеткілікті». «...Біздің партия қалың бұқараны абсолютизмге қарсы жұмылдырудың осындай, бұлай деп айту мүмкін болса, төменгі түрі үшін (тыңдаңыздар! тыңдаңыздар!) болса да бұқараның осы ниетін пайдалануға міндетті». «...Біз саяси әрекеттің жаңа (!) жолында, жұмысшылар бұқарасының (NB) қоғамдық өмірге жоспарлы түрде араласуын ұйымдастыру жолында алғашқы(!) қадамдар жасап отырмыз, мұнда көзделетін тікелей мақсат өзінің таптық мүдделері жағынан буржуазиялық оппозицияға қарама-қарсы тұрған және сонымен бірге ортақ жауға қарсы бірлесіп батыл күрес жүргізу үшін оған өзінің шарттарын (қандай?) ұсынатын дербес күш ретінде жұмысшылар бұқарасын буржуазиялық оппозицияға қарсы қою болып табылады».

Мұндай тамаша пайымдаулардың терең мағынасын кез келген адам түсіне бермейді. Сан мыңдаған жұмысшының алдында социализмнің мақсаттары мен жұмысшы демократиясының талаптары түсіндірілген Ростов демонстрациясы [44] «жұмылдырудың төменгі типі», бұл дағдылы, *жалпы демократиялық* тип болады, мұнда революцияшыл пролетариат пен буржуазиялық оппозицияны бір-біріне нақты қарама-қарсы қоюшылық жоқ. Ал комитетшілер мен белсенді жұмысшылар құрған ұйымдастыру тобы сайлаған атқару комиссиясы тағайындаған, арнаулы өкілдік берілген шешен земствошылармен алдын ала келісіп алғаннан кейін, өзінің сөзін земство жиналысының тыңдағысы келмегеніне дауыстап наразылық білдірсе, онда бұл — дербес екі күшті бір-біріне «нақты» және «тікелей» қарама-қарсы қойғандық болады, онда бұл либералдардың тактикасына «тура» ықпал еткендік болады, онда бұл «жаңа жолдағы алғашқы қадам» болады екен. Құдайдан қорықсаңдаршы, мырзалар! «Рабочее Делоның» ең жаман уақытының өзінде тіпті Мартынов та мұндай сорақылықты аузы барып айта қойды ма екен!

Оңтүстіктегі қалалардың көшелеріндегі жұмысшылардың бұқаралық жиналыстары, ондаған жұмысшы

шешендердің сөз сөйлеуі, патша самодержавиесінің нақты күштерімен бетпе-бет қақтығысулар — бұл «жұмылдырудың төменгі типі». Либерал мырзаларды үрейлендірмеуді міндетіне алатын шешеніміздің тыныштық ниетте сөз сөйлеуі жайында земствошылармен келісім жасау — «жаңа жол». Жаңа «Искраның» редакциялық Балалайкині [45] арқылы барша дүниеге осылай даурығып жариялап отырған тактикалық жаңа міндеттері, тактикалық жаңа көзқарастары — міне, осылар. Бірақ әлгі Балалайкин бір ретінде абайламай шындықты айтып салды: ескі «Искра» мен жаңа «Искраның» арасында шынында да тұңғиық бар. Боямалаған таптар келісімін «жаңа жол» есебінде мадақтап масаттана алатын адамдар жайында ескі «Искра» жиреніш білдіріп, оларды мысқылдаудан басқа сөз айтқан емес. *Бұл* жаңа жолды біз социализмнің француз және неміс «мемлекеттік адамдарының» тәжірибесінен көптен бері білеміз: бұлар да ескі революциялық тактиканы «төменгі тип» деп есептейді және оппозициялық буржуазияның сол қанатымен келіс сөздер жүргізгеннен кейін жұмысшы шешендердің кішіпейілдікпен жайлап сөйлеуі туралы келісімдер жасау негізінде «қоғамдық өмірге жоспарлы түрде және тікелей араласуды» мақтап жеткізе алмайды.

Либерал земствошылардың зәресі ұшып қорқуынан редакцияның өзі де қатты үрейленеді, сондықтан өзі ойлап шығарған «жаңа» жоспарға қатысушыларға «ерекше абай болуды» мықтап ескертеді. «Осы шараны жүзеге асыру үстінде сырттай сақтық жасаудың ақырғы амалы,—деп оқимыз хатта,—жұмысшылардың мәлімдемесін почта арқылы земство мүшелерінің үйіне жеткізу және земство жиналысы өтіп жатқан залға оны едәуір мөлшерде шашып тарату деп білеміз. Бұған буржуазиялық революционизм тұрғысынан қарағанда ғана (sic!) қысылуға болар еді, өйткені оған сырттай күшті әсер етудің мәні ерекше зор, ал пролетариаттың таптық сана-сезімінің және дербес әрекет етуінің жоспарлы даму процесінің ешқандай мәні жоқ».

Листоктарды жан-жаққа жіберуден және шашып таратудан қысылу біздерге тән нәрсе емес, ал лепірген,

мағынасыз сөзуарлықтан біз әрқашан қысыламыз. Листоктарды жан-жаққа жіберу және шашып тарату жөнінде айтқанда оны пролетариаттың таптық сана-сезімінің және дербес әрекет етуінің жоспарлы даму процесі деп көрсетуге дейін бару — бұл шектен асқан әдепсіздіктің шебері болу деген сөз. Тактикалық жаңа міндеттер туралы барша дүниеге айғай салып, бар істі жанжаққа листоктар жіберіп, таратумен тындыру — бұл шынында да теңдесі жоқ өрескелдік, бұл біздің партия ішіндегі интеллигенттік бағыт өкілдерінің ерекше сипаты, олар ұйымдық жаңа сөздері іске аспай, мазақ болып қалғаннан кейін тактикалық жаңа сөз іздеп, жанталасып жүр. Сөйте тұрып бұлар әлі өздеріне тән кішіпейілдікпен сырттай әсер етудің нәтижелігі түкке тұрмайды деп сөз қылады. Сіздердің жаңа жоспар дегеніңіз толық іске аса қалған күнде де жұмысшының земствошы мырзалар алдында шығып сөйлеуінен мықтағанда тек сол сырттай әсер ету ғана шығатынын, ал «либерал элементтердің тактикасына» шын мәнінде «айбарлы» ықпал жасау туралы тек күлкі үшін айтуға болатынын мырзалар, сіздер, қалайша көрмейсіздер? Мұның керісінше емес пе, сіздерге «дағдылы, жалпы демократиялық, төменгі типтегі» демонстрация болып көрінген жұмысшылардың бұқаралық демонстрациялары либерал элементтердің тактикасына шын мәнінде айбарлы ықпал жасаған жоқ па? Ал егер либералдардың тактикасына орыс пролетариатының тағы да ықпал жасауына тура келсе, онда ол земствошылармен келісім жасау жолымен емес, үкіметке бұқаралық шабуыл жасау жолымен ықпал жасайтынына сеніңіздер.

IV

Полицияның рақымды рұқсаты бойынша ашылған земство науқаны [46], Святополк-Мирскийдің және ресми үкімет адамдарының мүләйім сөздері, либералдық баспасөз үнінің қатая түсуі, оқыған қауым дегеннің жандануы — міне, осылардың бәрі жұмысшы партиясының алдына өте зор міндеттер қояды. Бірақ «Искра» редакциясының хатында бұл міндеттер мүлдем теріс тұжы-

рымдалып отыр. Дәл қазіргі кезеңде пролетариаттың саяси қызметінің негізгі нысанасы либералдық оппозицияға емес, үкіметке айбарлы ықпал етуді ұйымдастыру болу керек. Бейбіт манифестация туралы жұмысшылардың земствошылармен келісім жасауы,— сырттай әсер етуді водевильге жанастыра салғандай келісімдер жасауы,— дәл қазір мүлдем орынсыз; бәрінен де гөрі керегі — бостандық жолындағы батыл күреске даярлық жасау үшін пролетариаттың алдыңғы қатарлы, революцияшыл элементтерін ұйымдастыру. Дәл қазіргі кезде, біздің конституциялық қозғалысымыз буржуазиялық либерализм атаулының, әсіресе орыс либерализмінің ежелден бергі күнәларын: құрғақ сөздің өлшеусіз өскенін, іс жүзінде орындалмайтын сөздерді орынсыз қолданушылықты, үкіметке және бұлаң құйрық саясаттың кез келген сабазына нағыз филистерлік сенушілікті айқын көрсете бастаған уақытта, дәл осы кезде земствошы мырзаларды қорқытып зәресін алудың қажетсіздігі туралы, реакция үшін демеу құрал туралы және тағысын-тағылар туралы сөздер өте-мөте орынсыз. Көтеріліс жасау қолынан келетін және оған әман даяр жұмысшылар бұқарасының күші араласпаса, осы күнгі «қоғам ішіндегі азаттық қозғалыстың» да бұрынғылар сияқты құр елес болып кететінін сөзсіз екеніне революцияшыл пролетариаттың әбден көзін жеткізе сендіру дәл қазіргі уақытта бәрінен де маңызды.

Көтеріліс болу мүмкіндігінің қажетті шарты және оның жеңіп шығуының кепілдігі, пролетариаттың бастаған ісін қолдаудың кепілдігі болып табылатын халықтың түрлі жіктері ішіндегі саяси толқу барған сайын кеңейіп, өсуде және шиеленісе түсуде. Сондықтан қазір біреу-мірեу дереу батыл шабуыл жасау туралы айқай салмақ болса, қазірден шабуылшылар сапына [47] тұруға шақырмақ болса және т. с. істесе, бұл барып тұрған ақылсыздық болар еді. Патша үкіметінің жағдайы таяу уақытта бұрынғыдан бетер шиеленісе түсетініне, патша үкіметіне деген өшпенділік бұрынғыдан бетер күшейе түсетініне оқиғалардың бүкіл барысы кепіл. Земстволық конституциялизммен өзі бастаған шүйіркелесуінде де үкімет жағдайын шиеленістірмей қоймай-

ды. Үкімет болмашы жеңілдік берген күнде де, ол ешбір жеңілдік бермеген күнде де, наразылық пен өшпенділік бұрынғыдан бетер өршімей қоймайды. Саяси дағдарысты сөзсіз туғызатын Маньчжуриядағы масқаралық және қылмысты авантюрасында да, соғыста мейлінше күйреп жеңілсе де, Россия үшін үмітсіз соғыс ұзаққа созыла түссе де үкіметтің жағдайы шиеленісе түседі.

Жұмысшы табының міндеті—үкіметтің әрбір бұлтақтаған шағын пайдаланып, көтеріліс идеясын насихаттай отырып, бұл күнде өте көп айтылып жүрген жартыкеш және іске аспайтыны күпілгері мәлім «шаралардың» бәрін мысалға келтіріп, көтерілістің керектігін түсіндіре отырып, өзінің ұйымын кеңейте және нығайта беру, бұқара арасында үгітті еселеп күшейте түсу болып табылады. Жұмысшылардың Трубецкой мырзалардың «үрейленуімен» есептеспей, филистерлердің реакция үшін демеу құрал жайындағы ойбайымен сапаспай, жиналыстар жасап, листоктар таратып, жеткілікті күш бар жерде социал-демократиялық талаптардың бәрін білдіру үшін демонстрациялар ұйымдастырып, земствоның өтініштеріне үн қосуға тиіс екені айтпаса да түсінікті. Егер *бұқаралық* демонстрациялардың (өйткені бұқаралық емес демонстрациялардың қазір мүлдем маңызы қалмады) мүмкін және керекті жоғарғы типі туралы алдын ала айтуға және айтқанда шетелде жүріп айтуға тәуекел етсек, егер демонстранттардың күштерін қайсыбір үйдің маңына шоғырландыру туралы мәселені қозғасақ, онда біз алдымен полицияның жұмысшылар қозғалысын қудалау жөніндегі істері жүргізілетін үйлерді көрсетер едік, полициялық, жандармдық, цензорлық басқармалардың үйлерін, саяси «қылмыстыларды» қамаған орындарды көрсетер едік. Жұмысшылардың земствоның өтініштеріне елеулі көмегі земствошыларға халық атынан сөйлеуге мүмкіндік беретін шарттар туралы келісім жасауда емес, халық жауларына соққы беруде болуға тиіс. Мұндай демонстрация туралы пікірге пролетариат тілектестік білдіретініне күмәндануға болар ма екен. Жұмысшылар қазір көпірме сөздер мен даурықпа уәделерді жан-жағының бәрінен естіп отыр, «қоғам» үшін бостандықтың, мүлдем болмашы болса

да, іс жүзінде кеңігенін (земстволарды ауыздықтаудың бәсеңсуі, қуғынға ұшыраған земствошыларды қайтару, либералдық баспасөзге қарсы қаталдықты жеңілдету) көріп отыр, бірақ жұмысшылар *өздерінің* саяси күресінің бостандығын кеңітетін түк те көріп отырған жоқ. *Пролетариаттың* революциялық тегеурінінің дүмпуімен үкімет *либералдарға* бостандық туралы сөйлеуге рұқсат берді! Капитал құлдарының правосыздығы және қорлықта екені пролетарларға қазір бұрынғыдан да айқын көрініп отыр. Саяси істерін еркінірек (орыс тұрғысынан қарағанда) талқылау үшін жұмысшылардың барлық жерде бірдей ұйымдары да жоқ, жиналыс өткізу үшін жұмысшылардың залдары жоқ, жұмысшылардың өздерінің газеттері жоқ, жұмысшыларға олардың түрмедегі, айдаудағы жолдастарын қайтармайды. Жұмысшылар әлі өлтірмеген,— бірақ пролетарлар ғана, тек солар ғана мықтап жаралаған,— аюдың терісін, міне, сол теріні либерал буржуа мырзалар бөлісе бастағанын өздері қазір көріп отыр. Бұл либерал буржуа мырзалардың қолда жоқ теріні бөлісуге кірісе бастағанда-ақ «бір беткей партияларға» қарсы, «ішкі жауларға» — буржуазия үстемдігінің және тыныштығының рақымсыз жауларына — қарсы тісін ақситып, сұс көрсете бастағанын жұмысшылар көріп отыр. Аюды біржола өлтіру үшін, либерал буржуа мырзаларға беруге садақа есебінде уәде еткендерді — жиналыс бостандығын, жұмысшы баспасөзі бостандығын, социализмнің толық жеңіп шығуы жолында кең және ашық күрес жүргізудің толық саяси бостандығын *өзіне* күшпен тартып алу үшін жұмысшылар бұрынғыдан да батыл, бұрынғыдан да гөрі қалың топтасып көтеріліске шығады.

Біз бұл кітапшаны «Тек партия мүшелері үшін» деген жазумен шығарып отырмыз, мұның себебі — «Искра» редакциясының «хаты» да осындай жазумен шығарылған болатын. Істің шын мәнісіне келгенде, ондаған қалаларға хабарлануға, жүздеген жұмысшы үйірмелерінде талқылануға, үгіт листоктары мен үндеулерде түсіндірілуге тиісті жоспарды «конспирациялау» адам

күлерлік. Бұл Галерка жолдас атап көрсеткен («Жаңа жолға»), редакция мен Советтің жұмыс практикасында қолданылып жүрген іс жүргізу құпиясының бір түрі. Редакцияның хатын қалың жұртшылықтан және әсіресе либералдардан жасыруды тек мынандай бір тұрғыдан ғана ақтауға болар еді: мұндай хат біздің партиямыздың беделіне тым көп нұқсан келтіреді...

Бұл кітапшаны оқушылар қауымына шек қойылмайды, өйткені біздің партиялық редакция дейтініміз партия мүшелеріне ғана арнаймыз деп бұл кітапшаға жауап жазып шығарды, бірақ іс жүзінде бұл жауабын азшылық жиналыстарына ғана хабарлап, көпшілік жақтағы бұрыннан белгілі партия мүшелеріне көріне жеткізбей отыр.

Егер «Искра» біздерді партия мүшесі деп есептемеуге ұйғарса (сонымен қатар мұны тура айтудан қорықса), онда бізге өзіміздің күйінішті тағдырымызға көніп, мұндай шешіммен қажетті қорытынды шығаруымызға тура келеді.

22 декабрь, 1904 ж.

ПАРТИЯДАҒЫ ІШКІ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ РЕФЕРАТТЫҢ ТЕЗИСТЕРІ

Менің рефератымның тезистері[48]

2 décembre 1904

1. Искрашылдардың азшылығы II съездің өзінде принцип жөнінен тұрақсыздық көрсетті (немесе қате жасады) — сайлау кезінде өзінің идеялық қарсыластарымен бір коалицияда болды.
2. Ал съезден кейін де, тіпті Лигада да, азшылық ескі «Искраның» сабақтастығын қорғады, бірақ іс жүзінде одан барған сайын қашықтай берді.
3. Плеханов өзінің бет бұрысы кезінде (№ 52) азшылық партияның оппортунистік қанаты болып отырғанын және оның анархияшыл дарашылдар ретінде күрес жүргізетінін айқын көрді.

(Contra * Васильев пен Ленин үйірмешілдік жөнінде) **.

4. Біздің ұйымдық мешеулігімізді және съездің ұйымдастыру жағынан күйреуін қорғау, ақтау, оны принципке айналдыру — мұның өзі оппортунизм. Енді программа versus устав etc. туралы тезис атаулыларды қолдауға ешкімнің де батылы бармайды.
5. Экономикалық күресті елемейді, якобиншілдікті жақтайды, жұмысшылардың дербес әрекет жасауын елемейді деп көпшілікті айыптау «Рабочее Делоның» «Искраға» бет алды тиісуін ешқандай дәлелсіз қайталаудан басқа еш нәрсе емес.

* — Қарсы. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 120—123-беттер. *Ред.*


Leiteisen

Docteur Gabriel Leiteisen
DE LA FACULTÉ DE PARIS
A BEAUMONT-DU-GATINAIS
(S.-et-M.)
Consultations tous les jours
de 1 h. à 3 h. de l'après-midi

Beaumont, le 2 décembre 1904

Тезисы моего реферата:

В. И. Лениннің «Партиядағы ішкі жағдай туралы рефераттың тезистері» деген қолжазбасы.— 1904 ж.

Кішірейтілген

6. III съезден қорқу және оған қарсы күрсесу азшылықтың да, ымырашылдықтың да жалған позициясын ақырына дейін жеткізді.
7. «Искра» редакциясы земство науқанының жоспарында үрейлену туралы мәселе көтеріп, бейбіт манифестация жасау туралы земствошылармен келісімді жаңа тип деп дәріптеп, өте-мөте жалған, зиянды және сөзсіз оппортунистік тактикалық жолға түсті. Науқан жоспары Староверлің қате қарарымен байланысты.

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖОЛДАСТАРҒА ХАТ

(ПАРТИЯ КОПШІЛІГІ ОРГАНЫНЫҢ ШЫҒУЫНА)

Қымбатты жолдастар! Бүгін шетелдегі большевиктердің шағын тобының [49] жиналысында партияның мерзімді органын құру туралы принципінде әлдеқашан шешілген мәселе біржолата шешілді; бұл орган азшылықтың партияға енгізген ұйымдық және тактикалық талас-тартыстарға қарсы күресте копшіліктің принциптерін қорғауға, дамытуға және орыс ұйымдарының тиімді жұмысына қызмет етуге арналады; қазір бұл орыс ұйымдарына қарсы азшылық агенттері тарапынан бүкіл Россияда барлық жерде дерлік соншама қатты күрес — осындай маңызды тарихи кезеңде партия ішіне лайсаң іріткі салатын күрес, партияның Орталық Органы деп аталатын органда жіктелушілікке мүләйімсіп қынжылған болып, жіктелудің барып тұрған ар-ұятсыз құралдары мен тәсілдері қолданылған күрес жүргізілуде. Біз күресті партиялық жолмен жүргізу үшін мүмкіндіктің бәрін істедік, біз төзгісіз жағдайдан шығудың бірден-бір лайықты партиялық жолы ретінде январь айынан бастап съезд шақыру үшін күресіп келеміз. Азшылық жағына шығып кеткен Орталық Комитет ісінің бәрі дерлік съезге қарсы жанталасқан күреске арналғандығы, съезді кідірте беру үшін Советтің нағыз сорақы және лайықсыз әрекеттің бәрін қолданып отырғандығы енді айдан анық болып отыр. Совет съезге тура кедергі жасап отыр: бұған «Искраның» 73—74-номерлеріне қосымшадағы оның соңғы қаулыларын оқығандардың әлі көзі жетпесе, енді Орловский жазған: «Совет партияға қарсы» деген (жақында шыққан) біздің кітапшамызды

оқығанда әбден көзі жетеді. Біздің орталық мекемелер деп аталатындарға қарсы бірікпейінше және оларға тойтарыс бермейінше, көпшілік өзінің позициясын қорғап қала алмайтындығы, үйірмешілдікке қарсы күресінде партиялықты қорғап қала алмайтындығы енді айдан анық болып отыр. Орыс большевиктері өздерінің бірігуін әлдеқашан күн тәртібіне қойған болатын. 22-нің * программалық (біздің партия ішіндегі күресіміздің программасы мағынасында) қарары зор тілектестікпен қарсы алынғанын еске түсіріңіз; Москва комитеті бастырып шығарған (октябрь, 1904 ж.) 19-дың прокламациясын еске түсіріңіз; ақырында, ең соңғы кездерде көпшілік комитеттері [50] арасында бірсыпыра жеке конференциялар болып өткендігі және там-тұмдап әлі өтіп жатқандығы, Советтегі, Орталық Органдағы және Орталық Комитеттегі дандайсыған бонапартистерге тойтарыс беру үшін көпшілік комитеттері өзара берік топтасуға ең жігерлі және тиянақты әрекеттер істеп жатқандығы партия комитеттерінің бәріне дерлік мәлім.

Біз таяу уақыттарда-ақ бұл әрекеттердің (дұрысында, бұл қадамдардың) нәтижелері неге қол жеткізетіндігі жөнінде бірқыдыру пікір айтуға мүмкіндік берісімен, ол жайында жұртқа жарияланатынына сенеміз. Дербес баспасы болмайынша көпшіліктің өзін өзі қорғауы мүлдем мүмкін еместігі түсінікті. Сіздер, мүмкін, біздің партиялық әдебиеттен білетін шығарсыздар, жаңа Орталық Комитет біздің кітапшаларымызды (тіпті терілген кітапшалардың мұқабаларын да) партиялық баспаханадан тура шығарып тастады, сөйтіп оны үйірмелік баспаханаға айналдырды, ал шетелдегі көпшіліктің және орыс комитеттерінің, мысалы, Рига комитетінің көпшілік әдебиетін Россияға жеткізу туралы тікелей ұсыныстарын қабылдамай қойды. Партияның жалған жұртшылық пікірін туғызу жаңа Орталық Комитеттің ұдайы жүргізіп отыратын тактикасы екендігі толығынан айқын көрінді. Өзіміздің баспамызды кеңейту, өз транспортымызды ұйымдастыру қажеттігі алдымызға бұлтартпайтындай болып қойылды. Орталық Орган редак-

* Қараңыз: осы том, 13—22-беттер. *Ред.*

циясымен жолдастық қарым-қатынастарын үзген (1904 ж. 2 сентябрьде Женевада болған жиналыс туралы есепте Данның мойындауын қараңыз[51] — көңіл бөлерлік кітапша) комитеттер мерзімді органсыз тұра алмады және тұра да алмайды. Органсыз партия, партиясыз орган! Августың ішінде-ақ көпшілік ұсынған осы қайғылы ұран бірден-бір жолға — өз органын құруға мойын бұрғызбай жетеледі. Орыс қызметкерлері көпшілігінің төл ісіне көмектесу үшін шетелге келген жас әдеби күштер өздерін іске пайдалануды талап етеді. Орыстың бірсыпыра партиялық әдебиетшілері орган болуын барынша талап етеді. Тегінде «Вперед» [52] деген атпен шығарылатын осындай органды құрғанда, біз орыс большевиктері бұқарасымен толық келісе отырып, өзіміздің партиялық күрес жүргізудегі жөн-жосығымызбен толық үйлестіре отырып, іс етеміз. Біз осы құралды неғұрлым қарапайым, партия үшін неғұрлым тиімді, жұмысшы қозғалысының мүдделеріне неғұрлым сай келеді деген жолдардың бәрін жыл бойы байқап көргеннен соң барып қолға алдық. Біз съезд үшін күресті тіпті де доғармаймыз, қайта осы күресті кеңейткіміз, қорытқымыз және қолдағымыз келеді, комитеттерге олардың алдына қойылып отырған съезд туралы жаңа мәселені, жан-жақты байсалды талқылауды талап етіп отырған мәселені Совет пен Орталық Комитеттен тыс,— Совет пен Орталық Комитеттің еркіне қарсы,— шешуге көмектескіміз келеді. Біз бүкіл партия алдында бірсыпыра кітапшаларда әлдеқашан баяндалған міндеттер мен көзқарастарды жақтаған пікірімізді ашық айтамыз. Біз ұйымдық мәселелерде де, тактикалық мәселелерде де іріткі салушылық пен ауытқушылыққа қарсы ұстамды революциялық бағыт үшін күресудеміз және күресе береміз (жаңа «Искраның» партия ұйымдарына жазған, тек партия мүшелері үшін бастырылған және жұрттан жасырып қалған, өрескел шатасқан хатын қараңыз). Жаңа органның шығуы туралы хабарландыру, сірә, бір аптадан кейін немесе сол шамада жарияланады. Бірінші номер жаңаша 1—10 январь арасында шығады. Редакция коллегиясына көпшіліктің осыған дейін көзге түскен әдебиетшілерінің бәрі (Рядовой, Галерка, Ленин,

«Искраны» Ленин мен Плеханов басқарып тұрған кезде газеттің 46—51 номерлеріне үнемі қатысқан Орловский және басқа аса бағалы әдеби жас күштер) қатысады. Тарату, агентура және басқа сол сияқты күрделі істерді ұйымдастыру және практикалық басшылық коллегиясы бірсыпыра орыс комитеттеріндегі (Одесса, Екатеринослав, Николаев, Кавказдық 4 комитет пен бірнеше солтүстік комитет, сіздер олар туралы жақында толық білесіздер) белгілі жолдастарға белгілі міндеттерді тура тапсыру негізінде құрылады (ішінара қазірдің өзінде құрылды да)[53]. Біз енді барлық жолдастардан жан-жақты көмек көрсетуді сұраймыз. Біз органды мынадай шартпен ғана шығарамыз: ол әсте шетелдік үйірме органы болмай, орыс қозғалысының органы болуға тиіс. Бұл үшін ең алдымен және көбінесе Россиядағылардың нағыз жігерлі *«әдеби»* көмегі, дұрысырақ айтқанда, әдеби еңбегімен қатысуы қажет. Мен «әдеби» деген сөзді оның ерекше мәніне бірден көңіл аударту үшін, сондай-ақ тым дағдылы және іске өте зиянды түсінісчеушіліктен сақтандыру үшін баса көрсетіп, тырнақшаның ішіне алып отырмын. Бұл түсініспеушілік — органға нақ әдебиетшілер және тек әдебиетшілер ғана (осы сөздің профессионалдық мағынасында) ойдағыдай қатыса алады-мыс дейтін ұғымда; қайта, басты және үнемі жазып тұратын бес әдебиетшіге бес жүз не бес мың әдебиетші емес қызметкер болса, орган сонда өткір және өміршең болады. Ескі «Искраның» кемшіліктерінің бірі, мен оны бұдан құтқаруға әрқашан да тырысқан болатынмын (ал жаңа «Искрада» шамадан тыс ұлғайған кемшілік),— ол Россиядағылардың оның жұмысына қатысуының нашарлығы. Біз Россиядан жіберілген хат-хабардың бәрін дерлік әрқашан басып отыратынбыз. Шын мәнісінде іскер орган түскен материалдардың оннан бірін басуға, қалғанын жалпы мағлұмат және әдебиетшілерге нұсқау үшін пайдалануға тиіс. Мүмкін-қадарынша партия қызметкерлерінің көбісі біздермен хат жазысып тұруы қажет, атап айтқанда, бұл сөздің әдеби мағынасында емес, дағдылы мағынасында хат жазысып тұруы қажет.

Россиядан шалғайлық, қарғыс атқан шетелдік батпақтың қапырық ауасының еңсеңді басып кететіні сон-

шалық,— тек бірден-бір тыныс — Россиямен жанды қатынас жасау болады. Кімде-кім біздің органды, тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде бүкіл «көпшіліктің» органы, орыс қызметкерлері бұқарасының органы деп есептегісі келсе (және органы *жасағысы* келсе) мұны ұмытпасын. Бұл органды өзіміздікі деп санайтындардың және социал-демократтың — партия мүшесінің — міндетін танитындардың бәрі де дағдылы жария газеттер жөнінде айтылып жүрген: *олардың* ісі — жазу, ал біздің ісіміз оқу деп ойлайтын және соған сәйкес іс ететін буржуазиялық әдеттен біржолата арылатын болсын. Социал-демократиялық газетке социал-демократтың барлығы жұмыс істеуге тиіс. Біз баршаңыздан, әсіресе, жұмысшылардан хат-хабар жіберіп тұруды айрықша сұраймыз. Біздің газетімізге жазып тұруға, барлық істер жөнінде жазуға, мүмкін-қадарынша күнделікті өз өмірі, мүдделері мен жұмысы туралы жазып тұру үшін жұмысшыларға кең мүмкіндік беріңіздер — мұндай материалсыз социал-демократиялық органның құны бір тиын, мұнсыз ол социал-демократиялық деген атаққа да лайықты болмайды. Біз, оның үстіне, *хат-хабар алысу* үшін, тек корреспонденциялар емес, яғни басу үшін емес, редакциямен жолдастық байланыс жасап тұру және редакцияны хабарлап тұру үшін, хабарлағанда тек фактілер мен оқиғалар туралы ғана емес, сонымен қатар жұрттың көңіл күйі туралы, қозғалыстың күнделікті «қызықты емес», дағдылы, күйкі жақтары туралы жазуды сұраймыз. Біздерге мұндай хаттардың қандай қажеттігін сіздер шетелде болмағасын ұғына алмайсыздар (ал бұл хаттарда құпия ештеме жоқ және мұндай шифрланбаған хатты аптасына бір рет, екі рет жазуға, шынында, тіпті жұмыс басты адамның да мүмкіндігі бар). Біздерге жұмысшы үйірмелеріндегі әңгімелер туралы, бұл әңгімелердің сипаты туралы, сабақтардың тақырыбы туралы, жұмысшылардың тілектері туралы, үгіт және насихат жұмыстарының қойылысы туралы, қоғамдағы, әскердегі және жастар арасындағы байланыстар туралы жазыңыздар, көбінесе жұмысшылар арасындағы біздерге, социал-демократтарға, көңіл толмаған жайлары туралы, олардың түсінбейтін нәрселері, тілектері, наразы-

лықтары және т. т. туралы жазыңыздар. Істің практикалық қойылысы жөніндегі мәселелер әсіресе қазір өте көңіл аударарлық, ал редакцияны осы мәселелермен таныстыру үшін корреспонденттік тұрғыдан емес, жай жолдастық түрде жиі-жиі хат алысудан басқа жол жоқ; әрине, жұрттың бәрі бірдей жаза білмейді және жазғысы келе бермейді, бірақ... қолымнан келмейді деме, жазғым келмейді де; егер тілесе кез келген үйірмеден, тіпті әрбір ұсақ, тіпті екінші дәрежелі топтан (екінші дәрежелі топтар көбінесе айрықша көңіл аударарлық, өйткені олар кейде істің көзге көрінбейтін, бірақ анағұрлым маңызды бөлігін атқарады) жазу қолынан келетін бір-екі жолдасты әрқашан да табуға болады. Мұнда біз ескі «Искраның» тәжірибесін пайдаланып, секретарьлық жұмысты кеңінен қолға алдық, ал сіздерден мынаны ескеруді сұраймыз: сабырлы, жігерлі түрде іске кіріскен *әрбір адам,* шын мәнінде әрбір адам, өзінің хаттарын түгелдей немесе оннан тоғызын қиналмай-ақ жеткізе алады. Мұны ұқыптылықпен хат жазысып тұрған біраз корреспондент достары (көбінесе редакциядағылардың бірде-бірімен таныс емес) болған ескі «Искраның» 3 жылдық тәжірибесіне сүйеніп айтып отырмын. Шетелге жіберілетін хаттарды ұстап қалуға полицияның шамасы келмей қойғанына қай заман (жіберушінің мүлде ұқыпсыздығы байқалған хаттарды ойда жоқта ғана қолға түсіреді), ал ескі «Искра» материалының басым көпшілігі біздің адресімізге әрдайым дағдылы жолмен кәдуілгі хаттар арқылы келіп тұрды. Біз хаттарды қабылдауды тек комитетте және тек секретарьларда жинақтаудан айрықша сақтандырғымыз келеді. Мұндай монополиядан зиянды еш нәрсе жоқ. Жұмыста, мәселені шешкенде бірлесіп іс ету қаншалық міндетті болса, жалпы информацияда, хат жазысуда ол соншалық теріс. Мынадай жағдай жиі-жиі кездеседі: тәжірибелі ескі қызметкерлердің тым үйреншікті деп санап, ескермей кеткендерін біршама «оқшау» (комитеттерден аулақ) адамдар өз тұрғысынан *жаңаша* аңғарады, міне осындай адамдардың хаттары айтарлықтай қызықты болмақ. Жас қызметкерлерге: жастарға да, қызметкерлерге де, «централистерге» де, жедел жиындар мен ша-

ғын жиындарды ұйымдастырушыларға да, оның жай қатардағы қатысушыларына да бізге көбірек жазып тұруына мүмкіндік беріңіздер.

Тек сонда ғана, тек осындай кең түрде хат-хабар алысып тұрғанда ғана біз бәріміз бірлесе отырып, өзіміздің газетімізді *Россиядағы жұмысшы қозғалысының* нағыз органы ете аламыз. Осы хатты кез келген барлық жиналыстарда, үйірмелерде, топтарда және т. с. мүмкін болғанынша кеңінен оқып таныстыруды, ал бізге осы хаттағы пікірді жұмысшылардың қалай қабыл алғанын жазып жіберуді мейлінше өтініп сұраймыз. Жұмысшы («көпшілік») органы деп және жалпы — басшылық — интеллигенттік орган деп ажырату идеясына біз өте сенімсіз қараймыз: біз социал-демократиялық газет бүкіл қозғалыстың органы болғанын, жұмысшы газеті мен социал-демократиялық газеттің бір орган болып қосылғанын тілер едік. Бұл жұмысшы табының барынша белсене қолдауымен ғана болатын іс.

Жолдастық сәлеммен

Н. Ленин

1904 ж. 29 ноябрьде (12 декабрьде) жазылған

1904 ж. декабрьде Берлинде жеке листок болып басылған

Листоктың тексті бойынша басылып отыр

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ III СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ХАБАР[54]

Біздің партиямыз бір жарым жыл бойына, II съезден бергі уақытта, басынан кешіріп отырған ауыр дағдарыс сөзсіз болатын және әлдеқашан белгілі болған нәтижеге, орталық мекемелердің партиядан толығынан қол үзуіне әкеп соқтырды. Біз мұнда дағдарыстың ауыр тарихын қайталап айтып жатпаймыз және де жалпы партиялық әдебиетте, соның ішінде россиялық комитеттер мен комитеттер конференцияларының бірсыпыра қарарлары мен мәлімдемелерінде жеткілікті баяндалған фактілерді еске салып жатпаймыз. Осындай конференциялардың соңғысы, Петербург, Рига, Тверь, Москва, Солтүстік және Нижний Новгород комитеттері қатысқан солтүстік конференцияның бюро сайлағандығын және оған Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының кезекті III съезін дереу шақыру үшін Ұйымдастыру комитеті ретінде іске кірісуді тапсырғандығын атап көрсетудің өзі жеткілікті.

Қазіргі уақытта бюро Орталық Комитет деп аталатынға жауап беру үшін комитеттер белгілеген мерзімнің бәрін өткізді, сөйтіп оңтүстік үш (Одесса, Екатеринослав, Николаев) және кавказдық төрт комитеттің өкілдерімен келісім жасасты. Бюро енді Ұйымдастыру комитеті ретінде іске кірісті және партия алдында есеп беруге міндетті, бірақ партия алдындағы жауапкершіліктен бас тартқан орталықтардың келісімінсіз Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының кезекті III съезін шақырады.

Россия бұрын-соңды болып көрмеген саяси өрлеуді басынан өткізуде және осыған байланысты пролетариатқа самодержавиеге қарсы күресудің ұлы тарихи міндеттері жүктеліп отыр. Пролетариаттың күштерін ұйымдастыру және біріктіру ісіне біздің партия ішіндегі ауа жайылушылықтың қандай зор зиян келтіргенін, шетелдегі үйірмешілдіктің азғындатушылық ықпалы салдарынан Россияда насихат, үгіт және жұмысшыларды біріктіру ісінің қаншалықты көп зиян шеккенін Россияда істейтін социал-демократтардың бәрі де біледі. Ал егер шетелдік үйірмелерді және олардың өкілдерін біріктіру мүмкіндігі болмаса, онда, ең болмағанда, Россия социал-демократиялық қызметкерлерінің бәрі, революциялық социал-демократияның ұстамды бағытын жақтаушылардың бәрі бірігетін болсын. Мұндай бірігушілік Россияның барлық социал-демократтарының болашақта толық және берік бірігуінің бірден-бір дұрыс жолы болып табылады.

Россиялық революцияшыл социал-демократия жасасын, халықаралық революцияшыл социал-демократия жасасын!

Ұйымдастыру комитеті съезді шақыру шарттары жөнінде көпшілікті хабардар ету үшін мына төмендегілерді жариялауды қажет деп санайды:

1) Ұйымдастыру комитеті кезекті III съезге шешуші дауыспен қатысуға Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының II съезі бекіткен Россиялық комитеттер мен ұйымдардың барлығының (Петербург, Москва, Харьков, Киев, Одесса, Николаев, Дон, Екатеринослав, Саратов, Урал, Солтүстік, Тула, Тверь, Нижний Новгород, Баку, Батуми, Тифлис, Горнозавод, Сибирь және Қырым комитеттерінің) сөзсіз правосы бар деп таниды.

2) Ұйымдастыру комитеті съезге қатысуға екінші съезден кейін Орталық Комитет бекіткен комитеттердің (Мингрели, Астрахань, Орлов-Брянск, Самара, Смоленск, Рига, Курск, Воронеж комитеттері, сондай-ақ Шетелдік лига) шартты правосы бар деп таниды. Осы комитеттердің бәрін партияның сенімінен айрылған ор-

талық орындар бекіткен. Біз оларды III съезге шақыруға міндеттіміз, бірақ олардың қатысуы (комитеттің нақты бар-жоқтығы, кеңесші немесе шешуші дауысқа праволылығы және т. т.) туралы мәселені тек съездің өзі біржола шеше алады.

3) Ұйымдастыру комитеті россиялық комитеттердің көпшілігі атынан: Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының кезекті III съезіне Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының шетелдегі ұйымдарының және орыс ұйымдарының *б ә р і* қатысуына және әсіресе өзін Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясына жатамыз деп есептейтін жұмысшы ұйымдарының бәрі қатысуына тілек білдіреді. Осы жұмысшы ұйымдарының қатысуын біздер өте қажет деп санаймыз, өйткені партиядағы дағдарыс және сайлау негізінде дегенге сүйеніп рабоче-делолық демократизмді әсірелеп уағыздау толып жатқан жікке бөлінуді туғызды. Россиялық комитеттердің копшілігі өкілдерінің қатысуымен осы жікке бөлінуді жоюға немесе олардың келтіретін зиянын азайтуға әрекет жасау үшін съезді пайдаланып қалу керек.

4) Ұйымдастыру комитеті сондықтан съезге қатысқысы келетіндердің барлығын тезінен үн қосуға және оның өзімен қатынас (жоғарыда аталған 13 комитеттің біреуі арқылы) жасауға шақырады.

5) Съезге *шақырудың* шарттары, талас бола қалған күнде, жақын жердегі екі комитеттің және Ұйымдастыру комитетінен келген үшінші адамның шешімі бойынша белгіленеді.

6) Партияның екінші съезі бекітпеген комитеттер мен басқа ұйымдардың съезге *қатысу* (кеңесші немесе шешуші дауыспен) шарттарын III съездің өзі белгілейді.

7) Съездің болатын уақытын және орнын Ұйымдастыру комитеті белгілейді.

1904 ж. 11 (24) декабрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ОРЫСТЫҢ ЖАҢА ЗАЕМЫ

Немістің ірі биржа шонжарларының газеті («Франкфурт Газеті» [55]) осы тақырыппен мынадай тағылым аларлық хабар беріпті:

«Орыстың жаңа үлкен заемы туралы лақап қатты тарап жүргеніне міне бірнеше апта болды. Бұл лақаптардың бәрі ізінше-ақ теріске шығарылып жатты. Бірақ таяуда (жаңаша 29 декабрьде жазылған) Петербургте заем туралы келіс сөздер болды деп қазір ресми түрде айтылып жүр. Бұл ресми келіс сөздердің алдында лақаптың тарауына себеп болған жеке әңгімелер өткені күмәнсыз. Бұл жолы келіс сөздерде неміс финансистері қатысыпты деседі. Заемды неміс рыногына орналастырғылары келетін көрінеді. Россия осы уақытқа дейін, соғыс басталғаннан бері, өзіне керекті ақшаны үш түрлі жолмен алып келді: ең алдымен, мемлекеттік казначейліктің рұқсат етілген шығындарды қысқарту жолымен көбейтілген ақшасынан 300 миллион сомға жуық қарыз алынды. Одан соң француз банкирлерінің көмегімен 800 миллион франк (300 миллион сомға жуық) заем алынды. Августа Россия ішкі рынокқа қол салуға мәжбүр болды: 150 миллион сомның билеті шығарылды. Соғыс ай сайын орасан көп қаржыны жалмап жатыр, сондықтан Россия тағы да шетелден көп заем алғысы келеді. Соңғы кезде орыстың қаражат қорының азаюға мықтап (елеулі, bedenkliche) бет алғаны байқалады. Неміс жұртшылығының орыс заемына қалай қарайтындығы белгісіз. Осы уақытқа дейін соғыс жапон-

дар үшін ылғи сәтті болып келді. Егер осы уақытқа дейін орыс заемдарын капиталды сенімді орналастыру деп санап келген болса, қазір бұл заемдар белгілі дәрежеде жалдаптық сипат (Beigeschmack) алып отыр, бұған әсіресе ішкі орыс тәртіптерін айрықша ашып көрсететін осы жуырда шыққан патша манифесі себеп болды. Жаңа заем неміс жұртшылығына орыс заемының төмендеген сапасын теңелте алатын шарттар (процентінің жоғарылығы мен шығарылған курсы) бойынша ұсыныла ма, жоқ па, мұны көреміз».

Европа буржуазиясының орыс самодержавиесіне жасаған жаңа ескертуі осындай! Самодержавиенің кредиті соғыстағы жеңілістерден де, ел ішіндегі өсіп келе жатқан наразылықтардан да кеміп барады. Европа банкирлері самодержавиеге сенуді қазірдің өзінде-ақ ұсақ жалдаптық деп санай бастады, орыс заемдарының «сапасы», олардың сенімділігі мағынасында айтқанда, төмендеп келеді деп ашықтан-ашық есептеп отыр.

Ал кеміпде *күніне үш миллион сом* ақша жалмайтын бұл қылмысты соғыс халыққа әлі қаншама көп ақшаға түседі десеңізші!

1904 ж. 16 (29) декабрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ОРТАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ПАРТИЯДАН ҚОЛ ҮЗУІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ МЕН ДОКУМЕНТТЕР

1904 ж. 22 декабрьде (1905 ж. 4 январьда) жазылған

1905 ж. январьда Женевада жеке кітапша болып басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

«Искраның» 77-номерінде Орталық Комитеттің үш мүшесі бүкіл Орталық Комитеттің атынан сөз алып, N жолдасты «партияға іріткі салу мақсатымен жалған мәлімдеме жасағаны үшін» аралық сотқа шақырып отыр. Осы бейне бір жалған мәлімдеме «декларацияны жасауға қатыспаған Орталық Комитет мүшесі арқылы», яғни мен арқылы жасалған көрінеді. Іске менің жақын қатынасым болғандықтан, сондай-ақ N жолдастан алған өкілдігім негізінде, аралық соттың тексеруіне қатысуға өзімді праволымын және міндеттімін деп есептеп, Орталық Комитеттің мүшелері Глебовқа, Валентинге және Никитичке қарсы төмендегідей айыптар қоямын.

Мен оларды Орталық Комитеттің өздеріндей мүшелері жөнінде және бүкіл партия жөнінде заңсыз, теріс, ресми және моральдық жағынан лайықсыз әрекеттер жасады деп айыптаймын.

Бұл теріс әрекеттер партиядағы дағдарысты мейлінше ұзаққа созып және шиеленістіріп, оның үстіне партия қызметкерлерінің көпшілігіне турадан-тура әсер етіп отырғандықтан, мен конспиративтік құпиялардан басқаның бәрін тексерудің жария болуын сөзсіз қажет деп есептеймін, сондықтан да өзім қоятын айыптың мазмұнын егжей-тегжейлі баяндаймын.

I. Мен Орталық Комитеттің 3 мүшесін, Глебовты, Валентинді, Никитичті, партияны үнемі алдап келді деп айыптаймын.

1) Мен оларды партияның II съезінен алған билікті III съезді жақтап үгіт жүргізген партия жұртшылығының пікірін тұншықтыруға пайдаланды деп айыптаймын. Партияның әрбір мүшесінің ешкім қол сұқпайтын правосы болып табылатын осы үгітті тұншықтыруға олардың ешқандай правосы жоқ еді. Атап айтқанда, съезді қолдап үгіт жүргізгені үшін Оңтүстік бюроны таратуға олардың ешқандай правосы жоқ еді. Советте съезді жақтап дауыс бергенім үшін партия Советінің мүшесі ретінде маған оны бетіме басуға бұлардың ресми жағынан да, моральдық жағынан да правосы жоқ еді;

2) — оларды комитеттердің съезді жақтаған қарарларын партиядан жасырғандығы үшін және партиялық жоғарғы мекеменің мүшелері ретінде өздеріне көрсетілген сенімді көрінеу теріс пайдаланып, комитеттерді адастырғаны, оларға партиядағы істің жайын мүлдем бұрыс баяндағаны үшін айыптаймын. Олар Рига комитетінің 22-нің қарарын басу және тарату туралы, сонымен қатар көпшіліктің әдебиетін Россияға жеткізу туралы өтінішін бұл партиялық әдебиет емес деген сылтаумен орындаудан бас тартып, шындықты анықтауға кедергі жасады;

3) — оларды съезд шақыруды жақтаған комитеттерге қарсы периферияға шағынып, жергілікті қызметкерлердің алдында бұл комитеттердің беделін барынша түсіріп, сөйтіп комитет пен периферия арасындағы өзара сенімді — мұнсыз ешқандай жұмыс істеу мүмкін болмайтын сенімді — бұзып, өздерінің съезге қарсы үгітінде тіпті жергілікті жұмысқа іріткі салудан да тартынбағаны үшін айыптаймын;

4) — оларды Орталық Комитеттің Советтегі делегаты арқылы Советтің III съезді шақыру шарттары жайындағы қаулыларын, съезді шақыру мүмкіндігін жойған, сөйтіп партияны өз ішіндегі жанжалды дұрыс шешу мүмкіндігінен айырған қаулыларын жазуға қатысқандығы үшін айыптаймын;

5) — оларды көпшілік позициясын өздерінің принципті түрде қостайтындығы туралы комитеттерге мәлімдеме жасай отырып, егер азшылық өзінің жасырын

оқшауланған ұйымынан және Орталық Комитетке кооптация жасаудан бас тартса ғана олармен келісім жасауға болатындығы туралы мәлімдеме жасай отырып, сонымен бір мезгілде бұлардың *партиядан жасырын және көріне оның еркіне қарсы* азшылықпен төмендегі шарт негізінде: 1) азшылықтың жай істерінде автономиялығын сақтау; 2) азшылықтың нағыз белсенді үш өкілін Орталық Комитетке кооптация жасау негізінде келісімге барғаны үшін айыптаймын;

6) мен оларды партияның жоғарғы мекемесінің мүшелері ретінде өздерінің беделін саяси қарсыластарына сенімсіздік туғызуға пайдаланғаны үшін айыптаймын. Олар П. жолдас Солтүстік комитетте алдап сөз сөйлептіміс, сол істі тексеру керек деп *июльде* қаулы алып, ол жөнінде арамдық жасады және содан кейін Глебов П.-ны бірнеше рет көрсе де, оған *осы кезге дейін* (22 декабрьге дейін) тіпті қандай айып қойылатындығы айтылмады, ал оның бер жағында дәл сол Глебовтың өзі партия Советінің мүшесі ретінде қорғану мүмкіндігінен айрылған жолдастың әрекетін «Искрада» «алдау» деп атауға дейін барды. Олар Лидин Орталық Комитеттің сенім білдірген адамы (Vertrauensmann) болған емес деп мәлімдеп, көріне өтірік айтты. Олар партия мүшелері алдында Бонч-Бруевич жолдастың және оның экспедициядағы қызметтес серіктерінің беделін түсіру мақсатымен «Искрада» (№ 77) мәлімдеме жариялап, партия мүшелерін алдады; бұл мәлімдемеде экспедицияның тек кемшілігі (және оның үстіне теріс) көрсетілген — ал мұның өзі Бонч-Бруевич жолдасқа жұмысты дұрыс жүргізді және есеп-қисабы толығынан дұрыс деп өздерінің өкілдері арқылы жазбаша куәлік бергеннен кейін болып отыр;

7) мен оларды партия мекемелерінің (РСДРП-ның Женевадағы кітапханасы мен архивін) беделін түсіру үшін Орталық Комитеттің шетелдегі бұрынғы өкілдері Васильев жолдас пен Зверев жолдастың онда болмауын пайдаланғандығы үшін айыптаймын. Олар «Искрада» Орталық Комитеттің маған беймәлім «өкілі» қол қойған хабар басты, онда осы мекемелердің тарихын және шын сипатын мүлдем бұрмалады.

II. Мұның үстіне мен Орталық Комитеттің 3 мүшесін, Глебовты, Валентинді және Никитичті, коллегияда қызметтес болып отырған мүшелерге моральдық жағынан да, ресми жағынан да лайықсыз бірсыпыра әрекеттер істегендігі үшін айыптаймын.

1) Олар маған (Глебов жолдас арқылы) Орталық Комитеттен шығу немесе съезді жақтағап үгітті тоқтату туралы ультиматум қойып, партиялық ұйым мен тәртіптің бүкіл негізін бұзды.

2) Олар өздерінің атынан Орталық Комитеттің мүшесі Глебов жасасқан шартты орындау Орталық Комитет құрамының өзгеруі салдарынан өздері үшін қолайсыз болып шыққан кезде, оны бұзды.

3) Өздерінің июльдегі мәжілісінде N жолдасты Орталық Комитеттен шықты деп не оның, не менің мәлімдемемізді тыңдамай тұрып жариялауға олардың правосы жоқ еді, оның үстіне Орталық Комитеттің осы үш мүшесіне біздің (Орталық Комитеттің 4 мүшесінің) [56] талас мәселені Орталық Комитеттің жалпы жиналысында қарау керек деген талабымыз белгілі болатын. N жолдасты Орталық Комитеттің мүшесі емес деп жариялау істің мәнісі тұрғысынан да дұрыс емес, өйткені Орталық Комитеттің үш мүшесі осының өзінде N жолдастың шартты (және барлық жолдастарға хабарланбаған) мәлімдемесіне қиянат жасады.

4) Орталық Комитеттің үш мүшесінің өздерінің көзқарастары мен ниеттерінің өзгергенін менен жасыруға ешқандай правосы жоқ еді. Глебов жолдас майдың аяғында өздерінің көзқарастары олардың мартта жасаған декларациясында айтылғанын мәлімдеген болатын. Сонымен, март декларациясынан мүлдем өзгеше июль декларациясы менен жасырын қабылданды, сөйтіп Глебовтың мәлімдемесі алдау болып шықты.

5) Дан (Орталық Орган делегаты) мен Глебовтың өзі (Орталық Комитет делегаты) жазбақшы болған Амстердам конгресінде [57] жасалатын баяндамада партиядағы алауыздықтар туралы сөз болмайтыны жөнінде менімен жасасқан шартын Глебов бұзды. Данның бір өзі жазып шыққан баяндама бүркеулі айтыстарға толы және ту-

гелдей «азшылықтың» көзқарасы тұрғысында болып шықты. Глебов Данның баяндамасына қарсылық білдірмеді, сөйтіп жанама түрде халықаралық социал-демократияны алдауға қатысты.

6) Партия өмірінің маңызды мәселесі жөнінде менің ерекше пікірімді мәлімдеуіме және жариялауыма Орталық Комитеттің үш мүшесінің қарсылық көрсетуіне ешқандай правосы жоқ еді. Июль декларациясы маған ол жөнінде пікір айтуға мүмкіндік берілместен бұрын Орталық Органға *басу үшін* жіберіліп қойған болатын. 24 августа мен Орталық Органға осы декларацияға қарсы наразылық жібердім. Орталық Орган декларацияны жазған Орталық Комитеттің 3 мүшесі мұны мақұлдаса ғана басатынын мәлімдеді. Олар мұны мақұлдамады, сөйтіп менің наразылығымды партиядан жасырып қалды.

7) Советтің протоколдарын маған хабарлаудан бас тартуға және Орталық Комитеттен ресми түрде шығармай жатып, мені Орталық Комитеттегі істердің барысы туралы, Россияда және шетелде жаңа агенттер тағайындау туралы, «азшылықпен» жүргізілген келіс сөздер туралы, кассаның істері және т. т. туралы бүкіл мәлімет атаулының бәрінен бейхабар етуге олардың ешқандай правосы жоқ еді.

8) Кооптациялауды Совет арқылы өткізбейінше, Орталық Комитетке үш жаңа жолдасты (ымырашылдарды) кооптациялауға олардың ешқандай правосы жоқ еді, өйткені партия уставы бірауыздылық болмаған жағдайда мәселені Совет арқылы шешуді талап етеді, ал бірауыздылық болған жоқ, себебі бұл кооптацияға қарсы мен наразылық білдірген болатынмын.

Қосымша

Партия ішіндегі жанжалда Орталық Комитет позициясының аса маңыздылығын ескеріп, жұрттың хабардар болуы үшін төмендегі документтерді жариялауды қажет деп санаймын:

I. *Глебов жолдастың «коллегия» мүшелеріне хаттары.*

a) Сентябрь.

«Орталық Органмен және Лигамен қарым-қатынас әлі айқындалған жоқ. Біздің мәлімдемемізден кейін олардың ардан безіп, араны ашыла түсіп отырғанын айту керек. Бұл арада біздің жағдайымыз өте қиын: шетел Лиганың қолында, қаржы түсетін жеке орындар Орталық Органның қолында, сондықтан да біз борышқа белшемізден баттық. Мұқтаждықтың қысымынан (9000-ға дейін борыш мойында) мен қандай да болса бір амалын ойлауға мәжбүр болдым. Сондықтан мен азшылықтан өздері үшін тиімді болатын реформалардың жобасын маған белгілеп беруді сұрадым».

b) 7 сентябрь.

«Кеше кешке азшылықтың үш өкілі: Поповпен, Блюменфельдпен және Мартовпен кездесіп, жұмыс жөнінде сөйлестім, оған С. қатысып отырды».

Глебовтың сөзімен айтқанда, «бітімді әзірлеу жиналысына» айналған бұл жиналыста талқыланған мәселелерден төменгілерді атап өтейік:

I. Шетелдегі ұйымдық қарым-қатынастар.

«Россиялық қозғалысқа қамқорлық жасауды Орталық Комитет, Орталық Орган және Лига өз міндетіне алады. Өзара егесті жою, жұмысқа көбірек көңіл қою және толық сенім орнату үшін іске жалпы басшылық ету Орталық Комитеттің, Орталық Орган мен Лиганың өкілдерінен құрылған комиссияға тапсырылады. Орталық Комитет екі дауысқа ие және veto... правосы бар».

II. Транспорт.

«Орталық Орган кейбір автономиялық жағдайға ие бола отырып, Орталық Комитеттің бақылауына бағынады. Атап айтқанда: шетелдегі экспедиция бірсу ғана, Орталық Комитеттің экспедициясы ғана болуға тиіс. Өз шекарасын меңгеру Орталық Органның өзінде қалады. Россияда әдебиетті бөлу Орталық Комитеттің карауына жатады. Неғұрлым автономиялықты сақтау үшін Орталық Органға оңтүстік жағы беріледі. Түсіндірейін. Орталық Органның транспорты бар. Орталық Орган басқару ауыса қалған жағдайда өздерінен жолды алып қоя ма деп қорқады. Сондықтан да Орталық Орган жолдың өзінде қалуы үшін ұйымдық жолмен кепілдік беруді сұрайды».

c) 7 сентябрь.

«Іс жүргізу жөнінде кеше жасалған партқа Дан қатты ашулы, мүмкін, басқалар да солай шығар. Не деген тойымсыз жұрт. Мұнда олар Орталық Орган, Орталық Комитет және Лига өкілдерінен бәрін шетелде отырып шеше алатын шетелдік комитет құрғысы келеді; әрине, олардың әрқайсысы тек бір дауысқа ғана ие. Жаман емес қой?».

d) Сентябрь.

«Толықтыру туралы (мәселе Советте Орталық Комитет өкілдігін толықтыру туралы болып отыр) Советтің білдірген тілегіне көңіл аударамын. Лениннің орнына біреуді сайлауға тура келеді, әрине, ол мұны заңсыз деп жариялайды. Мен Советке Данды немесе Дейчті сайлауды ұсынар едім, бірақ олар Советтегі мәжіліске қатысу үшін ғана өкілдік алады деп айқын ескерту жасау керек. Меніңше, бұлардан басқа сайлайтын ешкім жоқ».

II. Орталық Комитет агентінің (қазір Орталық Комитетке ресми түрде кооптацияланған) Глебов жолдасқа хаты:

4 сентябрь.

«Декларация жөнінде сондайлық былық болды, оны тіпті түсінудің өзі қиын. Тек бір-ақ нәрсе айқын: комитеттердің бәрі,

Харьков, Қырым, Горнозавод және Доп комитеттерінен басқалары — көпшіліктің комитеттері. Доп комитеті бейтарап сияқты, бірақ бұл туралы дәл белгілі емес. «Көпшілік» комитеттерінен — Рига, Москва, Петербург және Солтүстік комитеттері декларация үшін Орталық Комитетке сенімсіздік білдірді, ол туралы мен бұрын саған хабарлағанмын. Орталық Комитетке толық сенім білдірген комитеттер тым аз. Қалғандарының өзі оған бітімге келу жөнінде ғана сенім білдірді — егер іс сәтсіздікке ұшырайтын болса, дереу төтенше съезд шақырылсын деп шарт қойды. Соцғылардың ішінен кейбіреулер: азшылықтың өзін «екі жақтың біріміз» деп есептеуден бас тартуын және «екі жақтың бірі» ретінде кооптация жасауды талап етуден бас тартуын бітімге келудің шарты етіп қояды (?). Істің жайы міне осындай. Бітімге келу сәтсіздікке ұшыраған жағдайда, Орталық Комитет комитеттер көпшілігінің сенімінен айрылады және, демек, өкілдігін тапсыру үшін съезд шақыруды өзі үгіттеуге тиісті болады. Ал, **комитеттердің ниетіне қарағанда, съезде қаулылардың 22-нің бағытында өтетіні, яғни редакция ауыстырылып, көпшіліктің қолына берілетіні, партия Советінің өзгеретіні және т. т. айқын көрініп тұр.** Ал бітімге келу комитеттерді қанағаттандыруы үшін мына шарттың орындалуы қажет,— ол туралы мен саған жаздым да — азшылықтың декларацияны қабылдауы және оның өзін «екі жақтың бірі» деп есептеуден бас тартуы керек. Егер олар мұны істесе, Ленин Россияда тірегінен айрылады, сойтін татулықты қалпына келтіруге болады деп ойлаймын. Сенің Мартов жөніндегі жұмыс «аздап» жөнделіп келеді деген сөзің мені таңдандырады. Редакция мүшелерінің қасарысуы тура ызаландыра бастады, ал мен идея және басқа жағынан оларға тілектестігіме қарамастан оларға саяси «көсемдер» ретінде сенуден қала бастадым. Ұйымдық мәселені олар толық түсінді, сондықтан Россиядан қолдау болмай отырғанда мұнан былайғы жердегі қасарысуы **(бұл жерде азшылық дәрменсіз)** олардың орын үшін ғана күресетіндігін көрсетеді».

Саудагерлік келісімнің басталуы осындай, ал ақыры мынандай:

Орталық Комитет комитеттерге хат жіберді, онда комитеттерді былай деп хабарландырады:

«Келіс сөздер ең таяу арада аяқталады (әрі кеткенде екі аптадан аспайды), ал әзірге мынаны хабарлай аламыз: 1) Орталық Комитет өз құрамына ешқандай азшылықты кооптация жасаған жоқ (бұл жөнінде кім де болса біреудің өсегі тарап кеткен); ... 3) азшылықпен арадағы келіс сөздер сіздерге Валентин баяндаған рухта жүріп жатыр, яғни егер икемге келушілік туралы айтатын болсақ, ол тек азшылық жағынан болуға тиіс және ол Орталық Органның фракциялық айтыстан бас тартуы, азшылықтың жасырын ұйымын тарату, Орталық Комитетке мүшелерді кооптация жасаудан бас тарту, барлық кәсіп-

орындарын (техника, транспорт, байланыс) Орталық Комитетке беру түрінде болуға тиіс. Тек осындай шарт бойынша ғана партияда татулықты қалпына келтіруге болады. Мұның осылай болып шығатынына үміттенуге негіз бар. Қалай дегенмен, егер енді азшылық өзінің ескі саясатын мұнан әрі жүргізу ниетін көрсететін болса, онда Орталық Комитет келіс сөздерді дереу тоқтатады да, төтенше съезд шақыруға кіріседі».

Орталық Комитет өзіне сенімсіздік білдіріп отырған комитеттерді осылай жұбатады, ал мыналар *азшылықтың «көрнекті» қайраткерлерінің хаттары.* Хаттар 1904 жылы ескіше декабрьдің ортасында алынды.

«Ақыры біз сұрқиялармен кездестік. Олардың жауабы былай болды: біздің жай мекемелердің автономиялы болуына келіседі; ал үгіт комиссиясына келетін болсақ, олар бұған қарсы, өйткені бұл міндет (үгіт жұмысына басшылық ету) тікелей Орталық Комитеттің қызметі дейді, сондықтан олар бұл жоспардан гөрі Орталық Комитет реформасын артық көреді, **бірақ қазір ресми түрде кооптация жасай алмайды, ал азшылықтан іс жүзінде (ресми түрде емес) үш кісіні (Поповты, Фоминді, Фишерді) кооптация жасауды ұсынады. Әрине, біз Х. екеуміз сол арада-ақ келістік, сондықтан бүгіннен бастап меньшевиктік оппозиция ресми түрде жойылады.** Тура таудай жүк иықтан түскендей болды. Жуық арада бүкіл Орталық Комитеттің бізбен бірге жиналысы болады, ал содан кейін біз өзімізге неғұрлым жақын комитеттердің конференциясын шақырамыз.

... **Біз, әрине, Орталық Комитетті меңгеріп алып, оны өзіміздің тілегенімізше бағыттайтынымызға толығынан сенеміз.** Мұның жеңіл болатын себебі — олардың көпшілігі азшылықтың принципті сынын қазірдің өзінде дұрыс деп танып отыр... Дәйекті, тастай берік комитеттердің барлығында (Бакуде, Одессада, Нижнийде және Питерде) жұмысшылар сайлаулы жүйені талап етіп отыр. Бұл тастай беріктердің жанталасуының айқын көрінісі».

Мұнымен қатар тағы бір хат алынды:

«Орталық Комитет пен «азшылық» өкілдері арасында келісім жасалды. Өкілдер қолхат берген. Бірақ «азшылықтың» пікірі алдын ала сұрастырылмағандықтан қолхаттың өзінің де онша сәтті болып шықпағаны түсінікті, өйткені онда Орталық Комитеттің біріктіру саясатына емес, Орталық Комитеттің өзіне «сенім» білдіріледі; онда партияға қосылу туралы да, өз алдына дербес өмір сүруді тоқтату туралы да айтылған, ал оның бер жағында, бізге осы екіншісінің өзі-ақ жеткілікті. Ақырында, бұл қолхатта «азшылықтың» «credo» *-сы жоқ болып отыр. Осыған байланысты тағы да «азшылықтың» барлық

* — наным символы, программа, дүние танымды баяндау. *Ред.*

ұйымдары арқылы «credo»-ны жақтаған және көрсетілген түзетулері бар қарар алу ұйғарылды, әрине, қарарда біздің өкілдеріміздің Орталық Комитетпен келісім жасасқаны мойындалуға тиіс».

* *
*

Қылмыс үстінде ұсталған, осы документтер бойынша әшкереленген адамдардың өздеріне тән «моральдық сезімталдығымен» партияның назарын документтердің мазмұнынан гөрі оларды жариялау правосы туралы моральдық мәселеге аудару үшін бар күшін салатындығы әбден ықтимал. Партия осы көз алдау арқылы өзінің басын қатыруға жол бермейтіндігіне мен сенемін. Мен осы әшкерелеу жөніндегі моральдық жауапкершілікті түгелдей өз мойныма алатындығымды және бүкіл істі тұтасынан қарайтын аралық сот алдында тиісті түсініктер беретінімді мәлімдеймін.

САМОДЕРЖАВИЕ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТ

Россия конституциялық қозғалыстың жаңа толқынын басынан өткізуде. Осы күнгі ұрпақ қазіргідей саяси қызу кезеңді әлі көрген емес. Жария газеттер бюрократияны жер-жебіріне жете әшкерелеп, мемлекет басқару ісіне халық өкілдерінің қатыстырылуын талап етуде, либералдық реформалардың қажеттігі туралы батыл мәлімдемелер жасауда. Земствошылардың, дәрігерлердің, юристердің, инженерлердің, село қожайындарының, қалалық дума мүшелерінің және т. т. әр түрлі жиналыстары азды-көпті болсын конституцияны ашық жақтайтын қарарлар қабылдауда. Барлық жерлерде орыс тоғышарларының тұрғысынан қарағанда, айрықша батыл саяси әшкерелеулер және бостандық туралы қызу сөздер естілуде. Либералдық жиналыстар жұмысшылар мен радикал жастардың тегеурінінен халықтық ашық жиналыстарға және көше демонстрацияларына ұласуда. Пролетариаттың қалың топтарында, қала мен деревня кедейлерінің арасында іштей наразылық ашықтап-ашық күшеюде. Пролетариат либералдық қозғалыстың неғұрлым сәнді және салтанатты көріністеріне басқаларға қарағанда аз қатысып отырғанымен, байсалды жұрттың салмақты кеңестерінен бойын біраз аулақ ұстаған секілді болғанмен, жұмысшылардың қозғалысқа өте-мөте мүдделі екені қай жағынан болса да көрініп тұр. Жұмысшылардың кең халық жиналыстары мен ашық көше демонстрацияларына барынша ұмтылып отырғандығы қай жағынан болса да көрініп тұр. Про-

летариат төңіректегі жағдайға зер сала көз жіберіп, өзінің күштерін жинап, бостандық үшін батыл қимылдайтын кез келді ме немесе келмеді ме деген мәселені шешу үстінде өзін өзі тежеп, ұстамдылық жасап отырған сияқты.

Либералдық қозғалыстың толқыны, тегі, қазір біраз бәсеңдеп келе жатқан сияқты. Реакцияшылдардың жеңгені жөніндегі лақаптар мен шетелдік газеттердің хабарлары сарай маңындағы неғұрлым беделді топтарда расталып келеді. II Николайдың жуырда ғана жарияланған указы либералдарға тура соққы болып тиді. Патша самодержавиені сақтап, қорғамақшы. Патша басқару формасын өзгерткісі келмейді, оның конституция беретін ойы жоқ. Ол мүлдем болмашы әр түрлі реформалар жасауға уәде — тек уәде — ғана береді. Бұл реформалардың жүзеге асырылуына, әрине, ешқандай кепілдік жоқ. Полицияның либералдық баспасөзге қарсы қаталдығы күн сайын емес, сағат сайын күшейіп келеді. Ашық демонстрацияның қандайын болса да тағы бұрынғыдай, тіпті одан да бетер қаталдықпен жапыштай бастады. Земстволық және қалалық либерал мүшелерді тағы да едеуір, ал либералшылданған чиновниктерді одан да бетер қыса бастады. Либерал газеттердің еңсесі түсіп кетті, олар хаттарын басуға батылы бармай отырған тілшілерден кешірім сұрайтын болды.

Святополк-Мирскийдің рұқсатынан кейін тез көтерілген либералдық қозғалыс толқынының қайта тыйым салынғаннан соң тез басылатыны да әбден ықтимал нәрсе. Самодержавиеге қарсы оппозициямен күресті туғызбай қоймайтын — барған сайын оны ұлғайта түсетін — терең мәнді себептерді либералдардың уақытша сергуінің ұсақ себептерінен ажырата білу керек. Терең мәнді себептер халықтың терең тамырлы, құдіретті және табанды қозғалысын туғызады. Кейбір кездерде министрлікте адамдардың ауысуы және белгілі бір террорлық әрекеттен соң үкіметтің әдетте аз уақытқа бұлаң құйрық саясатқа көшуге тырысуы ұсақ себептерден туады. Плевені [58] өлтіру үшін террорлық ұйымның, сірә, ұзақ уақыт дайындық жұмысын жүргізуіне және орасан көп күш-жігер жұмсауына тура келсе керек. Бұл террор-

Prix: 20 cent., 15 pf., 20 hel., 2 d., 4 cent.

EN AVANT.

Россiйская Соцiальдемократическая Рабочая Партiя.

ВПЕРЕДЪ

Пролетарiи всѣхъ странъ соединяйтесь!

№ 1. ЖЕНЕВА, 4 ЯНВАРЯ (22 ДЕКАБРЯ) 1905 г.

Самодержавiе и пролетарiатъ.

Сомнѣнiя двуглаваго орла.

Большевиктік «Вперед» газетінің 1905 ж. 4 январьдағы (1904 ж. 22 декабрьдегі) 1-номерінің бірінші беті; онда В. И. Лениннің «Самодержавие және пролетариат» деген бас мақаласы басылған

Кішірейтілген

лық әрекет неғұрлым сәтті болған сайын ол орыс революциялық қозғалысының бүкіл тарихының тәжірибесін, біздерді күрестің террор сияқты тәсілдерінен сақтандыратын тәжірибесін, соғұрлым айқын дәлелдейді. Орыс терроры күрестің интеллигенттерге тән әдісі болып келді және солай болып қалады да. Сондықтан халық қозғалысының орнына емес, сонымен бірге болатын террордың маңыздылығы туралы бізге не айтса да, бізде саяси мақсатпен жеке адамдарды өлтіру халық революциясының күштеу әрекеттерімен ешбір жанаспайтындығын фактілер даусыз көрсетіп отыр. Капиталистік қоғамда бұқаралық қозғалыс тек таптық жұмысшы қозғалысы ретінде ғана болуы мүмкін. Бұл қозғалыс Россияда өзінің дербес заңдары бойынша дамуда, ол барған сайын тереңдеп және кеңейіп, уақытша толастаудан жаңа өрлеуге көшіп, өз жолымен жүріп келеді. Тек либералдық толқын ғана әр түрлі министрлердің көңіл күйіне тығыз байланысты болып, бірде көтеріліп, бірде төмендейді, ал олардың ауысуын бомба тездетеді. Сондықтан бізде буржуазиялық оппозицияның батыл пиғылды (немесе батылсынып жүрген) өкілдері арасында терроға тілектестіктің жиі кездесетіндігіне таңдануға болмайды. Революцияшыл интеллигенцияның ішінен кімде-кім пролетариаттың және пролетарлық тап күресінің өміршеңдігі мен күшіне сенбесе, нақ соның террормен (ұзақ уақыт немесе аз уақыт) тым әуестенетіндігі таңданарлық емес.

Белгілі бір себептен туған либералдық толқудың ұзаққа бармауы және берік болмауы, әрине, бізге самодержавие мен дамып келе жатқан буржуазиялық қоғам мүдделерінің арасында бітпейтін қайшылық бар екендігін ұмыттыра алмайды. Самодержавие қоғамдық дамуды бөгемей тұра алмайды. Тап ретінде буржуазияның мүдделері, интеллигенцияның мүдделері барған сайын самодержавиемен қатты қайшылыққа келіп отырады, ал интеллигенциясыз қазіргі капиталистік өндірістің болуы мүмкін емес. Либералдық мәлімдемелердің үстірт себептерден болуы мүмкін, либералдардың жалтақ және екіұшты позициясының сипаты тайыз болып шығуы мүмкін, ал самодержавие жер нелепуші

және саудагерлер табының тек ат төбеліндей ерекше ардақты шонжарларымен ғана шын мәнісінде бітімге келуі ықтимал, бірақ бүкіл осы таппен бітімге баруы әсте мүмкін емес. Европалық ел болғысы келіп отырған ел үшін, саяси және экономикалық апатқа ұшырау қаупі төнгендіктен жағдайының өзі европалық ел болуға міндеттеп отырған ел үшін, билеуші таптың мүдделерін конституция формасында білдіру қажет болады. Сондықтан самодержавиеге қарсы либералдық наразылықтардың сөзсіз болатынын да және бұл наразылықтардың нағыз буржуазиялық сипатын да саналы пролетариаттың анық түсініп алуы өте қажет.

Жұмысшы табы өзінің алдына бүкіл дүние жүзіліктарихи ұлы мақсаттар — адамды адамның қанаушылығы мен езушілігі атаулының барлық формаларынан адамзатты азат ету мақсаттарын қояды. Осы мақсаттарын жүзеге асыру үшін жұмысшы табы өзінің күресін ұдайы кеңейте отырып, миллиондаған мүшелері бар партияға ұйымдасып, кейбір жеңілістер мен уақытша сәтсіздіктерден қажымай, талай ондаған жылдар бойына бүкіл дүние жүзінде табандылықпен ұмтылып келеді. Бұл сияқты нағыз революцияшыл тап үшін өзін өзі алдау атаулының, жалған үміт пен елес атаулының қандайынан болса да арылудан маңызды еш нәрсе болуы мүмкін емес. Біздің Россияда ең көп таралған және сірі жанды жалған үміттердің бірі — біздегі либералдық қозғалыс буржуазиялық қозғалыс емес, Россиядағы болашақ революция буржуазиялық революция емес дейтін жалған үміт. Орыс интеллигентіне,— ең самарқау освобождениешілден бастап ең бір беткей социалист-революционерге дейін [59],— біздің революцияны буржуазиялық революция деп тану қашан да оның бағасын түсіру, төмендету, мәнін кетіру болып көрінеді. Орыстың саналы пролетары біздің революцияны бұлай деп тануды — істің шын жағдайына бірден-бір дұрыс таптық сипаттама бергендік деп біледі. Буржуазиялық қоғамда саяси бостандық және демократиялық республика жолындағы күрес пролетар үшін буржуазиялық тәртіптерді күйрететін әлеуметтік революция жолындағы күрестің қажетті кезеңдерінің бірі ғана болып табылады. Өз-

дерінің табиғаты жағынан әр түрлі кезеңдерді бір-бірінен жете ажырата білу, олардың қандай жағдайларда өтетіндігін байсалдылықпен зерттеу — түпкі мақсатты әсте кейінге қалдыру емес, күні бұрын өзінің жүретін жолын әсте баяулату емес. Қайта, мұның керісінше, нақ сол жолды тездету үшін, нақ сол түпкі мақсатты мүмкіндігінше тез және тиянақты жүзеге асыру үшін қазіргі қоғамдағы таптардың қатынасын түсіну қажет. Сыңар жақты-мыс деп таптық көзқарастан бой тартатындар, социалист болғысы келе тұрып, сонымен бірге біздің Россияда болатын, біздің Россияда басталып отырған революцияны — буржуазиялық революция деп тура атаудан қорқатындар тек торығуға душар болады, біресе олай, біресе бұлай ауытқып, сенделумен болады.

Айрықша бір факт: қазіргі конституциялық қозғалыстың нақ қызған кезінде неғұрлым демократиялық жария баспасөз дағдыдан тыс бостандықты тек «бюрократияға» шабуыл жасау үшін ғана емес, сонымен қатар «тап күресінің» бейне «ғылыми» «негізсіз», «шектен шыққан, сондықтан да қате теориясына» («Наша Жизнь» [60] № 28) шабуыл жасау үшін де пайдаланды. Көрдіңіздер ме: интеллигенцияны бұқарамен жақындастыру міндеті «осы уақытқа дейін, халық бұқарасы мен қоғамның... интеллигенцияның басым көпшілігі шығатын жіктерінің арасында болып отырған тап қайшылықтарына ғана сүйеніп қойылып келді». Істі бұлай суреттеудің шындыққа тікелей қайшы келетіндігі айтпасақ та түсінікті. Қайта, нақ керісінше болып отыр. Орыстың жария, мәдениетшіл интеллигенциясының бүкіл бұқарасы, орыстың барлық ескі социалистері, освобождениешілдер тұрпатты қайраткерлердің бәрі жалпы Россиядағы, әсіресе орыс деревнясындағы тап қайшылықтарының тереңдігін мүлдем елемей келді және қазір де елемей отыр. Тіпті орыстың радикал интеллигенциясының ең бір беткей солшыл социалист-революционерлер партиясы да мұны елемеуге келгенде басқалардан әлдеқайда асып түседі; оның «еңбекші шаруалар» туралы немесе біздің алдымызда «буржуазиялық емес, демократиялық» революция тұрғандығы туралы да дағдылы пайымдауларын еске түсірсе де жеткілікті.

Жоқ. Революция кезеңі неғұрлым жақындаған сайын, конституциялық қозғалыс неғұрлым шиеленіскен сайын, пролетариат партиясы өзінің таптық дербестігін соғұрлым қатаң сақтауға тиіс және өзінің таптық талаптарының жалпы демократиялық сылдыр сөздердің ағынына ілесіп кетуіне жол бермеуі керек. Қоғам дейтіннің өкілдері өздерінің бейне бір жалпы халықтық талаптарын неғұрлым жиі, неғұрлым өршелене алға тартқан сайын социал-демократия бұл «қоғамның» таптық сипатын соғұрлым аяусыз әшкерелеуге тиіс. Земствоның 6—8 ноябрьдегі «құпия» съезінің атышулы қарарын алып қараңыз[61]. Бұл қарардан сіз соңына таман қалдырылған және әдейі анық айтылмаған, жасқаншақ конституциялық тілектерді көресіз. Сіз халық пен қоғамға, көбінесе халықтан гөрі қоғамға сілтей айтылған сөздерді көресіз. Сіз земстволық және қалалық мекемелер, яғни жер иелері мен капиталистердің мүдделерін қорғайтын мекемелер жөніндегі реформалардың ерекше және неғұрлым егжей-тегжейлі аталуын көресіз. Сіз шаруалардың тұрмысы жөніндегі реформа туралы, оларды байлап-матаудан босату және соттың дұрыс формасын қорғап қалу туралы сөздерді көресіз. Бұлардың самодержавиеден тек жеңілдік алуға тырысатын және экономикалық құрылыстың негіздерін өзгерту туралы ойына да алмайтын дәулетті таптың өкілдері екені барынша айқын болып отыр. Егер мұндай адамдар «шаруалардың қазіргі толық правосыздық және қорлық жағдайын» «түбегейлі» (бейне бір түбегейлі) «өзгерткісі» келетін болса, онда мұның өзі біздегі тәртіптердің және шаруалардың тіршілік жағдайларының буржуазиялық құрылыстың жалпы жағдайларынан артта қалғандығын үнемі баса көрсетіп келген социал-демократия көзқарастарының дұрыстығын тағы да дәлелдейді. Социал-демократия саналы пролетариаттың жалпы шаруа қозғалысында шаруа буржуазиясының өктемдік мүдделері мен тілектерін, бұл тілектердің қандай да болсын күңгірт буалдырмен бүркемеленуіне қарамастан, бұларды шаруа идеологиясының (және «социалистік-революциялық» құрғақ сөздің) қандай да болсын «теңдестіру» қиялына бөлегендігіне қарамастан, жете айыра білуін барлық уақытта

да талап етіп келді. Инженерлердің 5 декабрьде Петербургте болған банкетінің қарарын алып қараңыз. Сонда сіз банкетке қатысушы 590 адамның, бұлардың сыртында қарарға қол қойған 6000 инженердің конституцияны жақтап шыққанын, конституция болмайынша «орыс өнеркәсібін ойдағыдай қорғау мүмкін емес» дегенін, ал сонымен бірге үкімет заказдарын шетелдік кәсіпкерлерге беруге қазірдің өзінде-ақ наразылық білдіргенін көресіз.

Жер иеленуші, сауда-өнеркәсіп және шаруа буржуазиясының барлық топтарының мүдделері қазір әйгіленіп отырған конституциялық үміттердің астары мен түп негізі болып табылатындығын енді де көруге болмай ма? Бұл мүдделерді демократиялық интеллигенцияның қорғап отырғандығы, бұл интеллигенцияның қашан да және қайда болмасын буржуазияның европалық революцияларының бәрінде де публицистің, шешеннің әрі саяси көсемнің ролін өз міндетіне алып келгендігі бізді қалайша адастыра алмақ?

Орыс пролетариатына өте зор міндет жүктеледі. Самодержавие қобалжуда. Өзі соқтыққан ауыр әрі үмітсіз соғыс самодержавиенің өкімет билігі мен үстемдігінің түпкі негіздерін қатты шайқалтты. Енді самодержавие үстем таптарға қол артпайынша, интеллигенция қолдамайынша жан сақтай алмайды, ал мұндай қол арту, мұндай қолдау сөзсіз конституциялық талаптарды туғызады. Буржуазиялық таптар үкіметтің қиын жағдайға ұшырағанын өз пайдасына жаратуға тырысады. Үкімет мардымсыз жеңілдіктер беру, саясатқа жанаспайтын реформалар шығару, еш нәрсеге міндеттемейтін уәделер беру арқылы, мұндайлар патшаның жаңа указында көп-ақ, бұл халден амалдап құтылып кету үшін жанталаса айла-шарғы жасап бағуда. Мұндай айла-шарғы уақытша және аздап болса да іске аса ма, жоқ па, мұның өзі, сайып келгенде, орыс пролетариатына, оның ұйымшылдығына және оның революциялық тегеурінінің күшіне байланысты. Пролетариат өзі үшін мейлінше тиімді саяси жағдайды пайдаланып қалуға тиіс. Пролетариат буржуазияның конституциялық қозғалысын қолдауға тиіс, қаналушы халық бұқарасының мүмкіндігін-

ше неғұрлым қалың топтарын оятып, өз төңірегіне топтастыруға, өзінің барлық күшін жинап, үкіметтің әбден жанталасқан кезінде, халықтың әбден толқыған кезінде көтеріліс бастауға тиіс.

Конституцияшылдарды пролетариаттың дереу қолдауы қандай болуға тиіс? Ең алдымен жалпы толқу жұмысшы табы мен шаруалардың ең аз қамтылған, ең артта қалған топтарын үгіттеу және ұйымдастыру үшін пайдаланылуға тиіс. Әлбетте, ұйымдасқан пролетариат, социал-демократия өз күштерінің отрядтарын халықтың барлық таптарына жіберуге тиіс, бірақ қазір бұл таптар неғұрлым дербес қимыл жасауға ойысқан сайын, күрес неғұрлым шиеленіскен сайын және шешуші ұрыстың кезеңі неғұрлым жақындай түскен сайын, соғұрлым жұмысымыздың негізгі салмағы пролетарлар мен жартылай пролетарлардың өздерін бостандық жолындағы тікелей күреске даярлау ісіне аударылуға тиіс. Жекелеген жұмысшы шешендердің земстволық және басқа да қоғамдық жиналыстарда шығып сөйлеуін мұндай кезеңде тек оппортунистер ғана ерекше белсенді күрес немесе күрестің жаңа әдісі немесе демонстрацияның жоғарғы типі деп атай алады. Мұндай қыр көрсетудің тек жанама маңызы ғана болуы мүмкін. Қазірде пролетариаттың назарын атақты Ростов демонстрациясы мен оңтүстіктегі бірсыпыра бұқаралық демонстрациялар[62] сияқты күрестің шын мәнісінде жоғары және белсенді формаларына аударудың әлдеқайда зор маңызы бар. Қазірде өз кадрларымыздың тобын көбейту, күштерімізді ұйымдастыру және бұдан да гөрі ашық, тікелей бұқаралық күреске дайындалу әлдеқайда маңызды.

Әрине, бұл арада әңгіме социал-демократтардың күнделікті, ағымдағы жұмысын доғару туралы болып отырған жоқ. Социал-демократтар мұндай жұмыстан еш уақытта да бас тартпайды, олар шешуші күреске шын әзірлік осы жұмыста деп біледі, өйткені олар бүтіндей және тек қана пролетариаттың белсенділігіне, саналылығына, ұйымшылдығына сенеді, оның еңбекшілер мен қаналушылар бұқарасы ішіндегі ықпалына сенеді. Әңгіме дұрыс жол көрсету туралы, жұрттың назарын ілге-

рі басу қажеттігіне аудару туралы, тактикалық ауытқулардың зиянды екендігі туралы болып отыр. Саналы пролетариаттың еш уақытта да және қандай жағдайда болса да ұмытуына болмайтын күнделікті жұмысына ұйымдастыру жұмысы да жатады. Кең өріс алған және жан-жақты дамыған жұмысшы ұйымдары болмайынша, оларды революцияшыл социал-демократиямен жақындастырмайынша, самодержавиеге қарсы ойдағыдай күрес жүргізу мүмкін емес. Ал барлық жердегі сияқты, бізде де бой көрсетіп қалатын партияның тұрлаусыз, өз ұрандарын қолжаулықтай ауыстыра беретін интеллигент бөлігінің іріткі салушылық ниеттеріне үзілді-кесілді тойтарыс бермейінше, ұйымдастыру жұмысын жолға қою мүмкін емес; қисынсыз, реакцияшыл және ауа жайылушылық атаулының бәрін бүркемелейтін ұйым-процесс деген «теориямен» күрес жүргізбейінше, ұйымдастыру жұмысын жолға қою мүмкін емес.

Россиядағы саяси дағдарыстың дамуы қазір бәрінен де гөрі Жапониямен соғыстың барысына байланысты болып отыр. Бұл соғыс самодержавиенің іріп-шірігендігін бәрінен де гөрі әшкереледі, әшкерелеп те отыр, оны финанс және соғыс күші жағынан бәрінен де гөрі әлсіретіп отыр, бұл қылмысты, масқара соғыс халық бұқарасының үсті-үстіне шексіз құрбандық жасауын талап етіп, оны бұрынғыдан бетер азапқа салып, көтеріліс жасауға итермелеп отыр. Конституциялық Жапония самодержавиелік Россияны қазірдің өзінде талқандады, сондықтан соғысты қандай да болсын соза беру жеңілісті асқындырып, шиеленістіре бермек. Орыс флотының таңдаулы бөлігі қазірдің өзінде құртылды, Порт-Артурдың жағдайы үмітсіз, оған көмекке бара жатқан эскадраның жеңіс түгіл, тіпті баратын жеріне жетуге де ешқандай үміті жоқ, Куропаткин бастаған негізгі армия 200 000-нан астам адамынан айрылып, әлсіреп, жау алдында дәрменсіз күйінде тұр, ал жау Порт-Артурды алғаннан кейін оны сөзсіз құртып бітіреді. Соғыс апатының болатындығына сөз жоқ, сонымен қатар наразылықтың, ашынудың және кекті ызаның еселеп күшейе түсетіні де сөзсіз.

Біз бар күш-жігерімізді салып, осы кезеңге әзірленуге тиіспіз. Бұл кезеңде біресе ол жерде, біресе бұл жерде жиі-жиі бұрқ еткен көтерілістердің бірі орасан зор халық қозғалысына бастайтын болады. Осы кезеңде пролетариат барша халыққа бостандық әперу үшін, жұмысшы табының социализм жолында ашық түрде, кеңінен қамти және Европаның бүкіл тәжірибесін пайдалана отырып күрес жүргізуін қамтамасыз ету үшін көтерілісті өзі бастап шығатын болады.

«Вперед» № 1, 4 январь, 1905 ж.
(22 декабрь, 1904 ж.)

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРЛАРДЫҢ ЖАҚСЫ ДЕМОНСТРАЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ КЕЙБІР ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ НАШАР ПАЙЫМДАУЛАРЫ ТУРАЛЫ

Біздің қоғамның дәулетті таптарындағы қазіргі конституциялық қозғалыс 50 және 70-жылдардың аяқ кезіндегі осы сияқты бұрынғы қозғалыстардан мүлде өзгеше болып отыр. Либералдардың конституциялық талаптары да нып мәнінде осындай. Батыл пікірлі шешендердің сөздері земстволық либерализмнің жұртқа таныс қағидаларын қайталайды. Қозғалысқа пролетариаттың қатысуы ірі және өте маңызды жаңалық болып табылады. Орыс жұмысшы табының қозғалысы соңғы он жылдағы бүкіл революциялық қозғалыстың негізгі арқауы болды, енді ол әлдеқашан ашық күреске, көшеде бой көрсетуге, бұқаралық халық жиналыстарын жасауға, полицияға қарамастан оңтүстік қалаларының көшелерінде жаумен тікелей жағаласуға көшті.

Ал қазір либерал-буржуазиялық қозғалыстың ерекше сипаты пролетариаттың майданға ашық, батыл, анағұрлым пәрменді және үрдіс аттануы болып отыр. Ең алдымен Санкт-Петербургтегі және Москвадағы демонстрацияларды атап өтейік, бірақ өкініштісі сол, Санкт-Петербургте «меньшевиктердің» іріткі салу әрекетінің салдарынан оған жұмысшылардың қатысуы нашар болды. Содан кейін жұмысшылардың Смоленскідегі либерал-буржуазиялық банкетте болуын, Нижний Новгородта ағартушылар қоғамының жиналысына, әр түрлі қалалардағы ғалымдар, дәрігерлер қоғамдарының және басқа қоғамдардың мәжілістеріне келуін, Саратовтағы жұмысшылардың үлкен жиналысына, 6 ноябрьде Харь-

ковтың юристер қоғамына, 20 ноябрьде Екатеринодар қалалық думасына, 18 ноябрьде Одессада халықтың денсаулығын қорғау қоғамына, сәл кейінірек тағы да сол Одессада округтік сотқа барып қыр көрсетуін атап көрсетейік, мұның өзінде Одессадағы демонстрацияның екеуінде де және Харьков демонстрациясы кезінде жұмысшылар көшеге шығып демонстрация жасап жатты, қолдарына тулар ұстап, революциялық әндер айтып, қаладан шеру тартып өтті және т. т.

Осы соңғы төрт демонстрация жөнінде, оның бер жағында, «Искраның» 79-номерінде «Пролетарлық демонстрациялар» деп аталатын бөлімде баяндалған, мен оқушының назарын онда не жазылғанына аударып өткім келеді. Ең алдымен «Искрадағы» фактілерді, содан кейін «Искраның» пайымдауларын келтіремін.

Харьковта комитет жұмысшылардың юристер қоғамы жиналысына қатысуын ұйымдастырады; жиналысқа 200-ден астам пролетарлар келеді: жұмысшылардың бірсыпырасы салтанатты жиналысқа баруға қаймығады; бірсыпырасын «мужиктер» деп «жиналысқа кіргізбей» қояды. Алғашқы революцияшыл сөзден соң-ақ либерал председатель қаша жөнеледі. Одан кейін социал-демократ сөз сойлейді, прокламациялар таратылады, жұрт марсельезаны айтады, 500-ге жуық жұмысшы топтанып көшеге шығады, олар қолдарына қызыл ту ұстап, жұмысшы әндерін айтады. Бой көрсету аяқталар кезде жұмысшылардың бір бөлігі соққыға жығылып, тұтқынға алынады.

Екатеринодар. Дума залына (либералдар сөз сөйлейді деген лақаппен) қалың жұрт жиналады. Телефон бұзылады. Комитеттің шешені 30—40 жұмысшыны ертіп залға кіреді, қысқа, әбден революцияшыл социал-демократиялық мәнде сөз сөйлейді. Қол шапалақталады. Прокламациялар таратылады. Дума мүшелерінің зәресі ұшады. Дума бастығы наразылық білдіреді, бірақ одан еш нәрсе шықпайды. Демонстрацияшылар жиналыс аяқталысымен тып-тыныш кетіп қалады. Түнде жаппай тінту жүргізіледі.

Одесса. 1-демонстрация. Жиналыста 2000-ға жуық адам болады, олардың *көпшілігі* жұмысшылар. Бірсы-

пыра революцияшыл сөздер сөйленеді (социал-демократтар мен социалист-революционерлер), ду қол шапалақталады, революциялық ұрандар айтылып, прокламациялар таратылады. Жұрт революцияшыл әндер айтып көше бойымен жүреді. Қақтығыссыз тарайды.

Одесса. 2-демонстрация. Бірнеше мың адам қатысқан жиналыс өтеді. Алғашқыдағыдай бұл жолы да өте зор революциялық халық жиналысы болады, жұрт көшеде шеру тартып жүреді. Қақтығыс болады. Көп адам жараланады, кейбіреулері ауыр жараланады. Бір жұмысшы әйел өледі. 60 адам тұтқынға алынады.

Істің ақиқат жағы осындай. Орыс пролетарларының демонстрациялары міне осындай.

Ал кейбір социал-демократ интеллигенттердің бұл туралы пайымдаулары мынадай. Бұл пайымдаулар Екатеринодар демонстрациясына қатысты, ол туралы тұтас бір мақала жазылған. Тыңдаңыздар: «Бұл демонстрацияда ұйымдасқан орыс пролетариаты біздің либералдық бағыттағы буржуазиямен бірінші рет бетпе-бет кездесті!»... Бұл демонстрация — «саяси күрес формаларын дамытудағы тағы бір жаңа қадам», ол «қалай дегенмен де, саяси күрестің әбден анық жемісті нәтижелер беретін нағыз жаңа тәсілі» болып табылады, жұмысшылар мұндай демонстрацияларда «өздерінің белгілі бір саяси топ ретінде майданға шығып отырғанын сезінеді», олар «партиялық саяси күрескерлер ретінде правоға ие боларлықтай қабілеті бар екенін сезінеді». «Қоғамның ең қалың топтары арасында әбден айқындалған, қалыптасқан, және, ең бастысы, *талап етуге* правосы бар нәрсе ретінде партияның маңызы» таралуда. Бүкіл партияға «белсенді күрес жүргізуші, өзінің талаптарын ашық және айқын мәлімдей алатын саяси күш деп» қарауға дағдыланады. «Күрестің жаңа әдісін — думаларда, земстволарда және қоғам қайраткерлерінің түрлі съездерінде кеңінен пайдалану» керек. «Искра» редакциясы да, осы пайымдаулардың авторына үн қосып, «жаңа типті демонстрациялар идеясы» туралы, «біздің жолдастарымыз өздерін оқиғалардың барысына ықпал етуге қабілеттігін сезінетін және ықпал етуге тырысатын дербес партия ретінде қимыл жасайтынын, әсіресе Екате-

ринодарда «қоғамға» көрсете алды» дегендей сөздер айтады.

Солай. Солай. «Әсіресе Екатеринодарда»... Жаңа қадам, жаңа әдіс, жаңа тәсіл, бірінші рет бетпе-бет, әбден айқын, жемісті нәтижелер, белгілі бір саяси топ, саяси праваға ие боларлық қабілеттілігін сезіну, талап ету правосы... Бұл көпірме, терең ойлы көрінген пайымдаулардан маған ескі, әлдеқашан өтіп кеткен, ұмытылуға таянған бірдеменің иісі сезіледі. Бірақ осы ескіні айыра тану жайлы ойланудан бұрын мен еріксіз мынадай сұрақ қойдым: Алайда, мырзалар, рұқсат етіңіздер, мұның «әсіресе Екатеринодарда» деп айтылып отырған себебі не, мұның шынында да, жаңа әдіс болатын себебі не? әдістің жаңалығы жайында, жемісті айқын нәтижелер жайында, бірінші рет бетпе-бет кездесу жайында және саяси праваға қабілеттілік сезім жайында харьковтықтардың да, одессалықтардың да масаттанбайтын (дөрекілеу айтқаным үшін кешіріңіз) себебі не? Мыңдаған жұмысшылардың дәрігерлер мен юристер қоғамдарында ғана емес, сонымен қатар *көшеде* де өткізген жиналыстарынан гөрі дума залының төрт қабырғасында ондаған жұмысшылардың жүздеген либералдармен бас қосқан жиналысының нәтижесі не себепті айқын және жемісті болмақ? Шынында да көшелердегі жиналыстар (Одессада, сонымен қатар бұдан бұрын Дондағы Ростовта және басқа қалаларда болған жиналыстар) саяси праваға қабілеттілік сезімі мен талап ету правосын думадағы жиналыстан гөрі аз дамытқаны ма?.. Шындығы керек, мен соңғы сөз тіркесін (*талап ету* правосы) көшіріп жазғанда өзімнің біраз қолайсызданып отырғанымды мойындауға тиіспін,— өйткені бұл сөз тіркесі тым ақылға сыйымсыз-ақ, бірақ өлеңнен сөзді алып тастай алмайсың ғой.

Сөйтсе де, осы сөз тіркесінің, тіпті жалғыз бұл ғана емес, «Искраның» барлық пайымдауларының бір жағдайда бірсыпыра мағынаға ие болатын жері бар. Атап айтқанда, ол мынадай жағдайда болады: егер біз парламентаризм өмір сүріп отыр деп үйғаратын болсақ, егер біз Екатеринодар думасы Темза жағалауына көшіп барып, Вестминстер аббатствосымен [63] қатар тұр деп ой-

лауға сәл де болса жол берсек, онда ол жоғарыда айтқандай мағына алады. Міне, сонда, сәл ғана осылай деп ойлағанда, көшедегіден гөрі делегаттар жиналысының торт қабырғасында отырып «талап ету правосына» неліктен көп ие болатыны,— городовоймен күресуден гөрі премьер-министрмен, яғни Екатеринодар бастығымен күресудің неліктен жемісті болатыны,— саяси правоға қабілеттілік сезімі мен өзін белгілі бір саяси топ деп білудің неліктен нақ депутаттар палатасы залында немесе земство жиналысы залында күшейе түсетіні түсінікті бола кетеді. Шынында да, нағыз парламент болмағандықтан парламентаризм ойынын неге ойнап қоймасқа? Бұл арада «бетпе-бет кездесуді», «жаңа әдісті» және тағы басқаларын көз алдыңа әбден анық елестетуге болады. Рас, бұл елестету біздің ойымызды парламентаризм ойынын ойнаудың орнына, парламентаризм *үшін* нағыз бұқаралық күрес жүргізу мәселелерінен басқа жаққа сөзсіз аударады, бірақ бұл ұсақ-түйек қана. Оның есесіне мұның айқын, көзге түсерлік нәтижелері қандай десеңші...

Көзге түсерлік нәтижелер... Бұл сөздер Мартынов жолдас пен «Рабочее Делоны» бірден менің есіме түсірді. «Рабочее Делоға» қайта оралмайынша жаңа «Искраны» дұрыс бағалауға болмайды. Екатеринодар демонстрациясы жөнінде «күрестің жаңа әдісі» туралы айтылған пайымдаулар редакцияның «партия ұйымдарына хаттағы» пайымдауларын түгел қайталайды (реті келгесін айта кетелік: түпнұсқасын көрсетпей, жасырын сақтап, жұрттың бәріне оның тек көшірмесін ғана ашық жариялау ақылға сыйымды ма?). Редакцияның пайымдаулары, басқа бір мәселеге келгенде, «Рабочее Делоның» дағдылы пікірлерін қайталайды.

Экономикалық күрестің өзіне саяси сипат беру туралы, жұмысшылардың қожайындарға және үкіметке қарсы экономикалық күресі туралы, үкімет алдына көзге түсерлік белгілі бір нәтижелер беретін нақты талаптар қою қажеттігі туралы рабоче-делолық «теорияның» терістігі мен зияндылығы неде? Әлде біз экономикалық күреске саяси сипат беруге тиісті емеспіз бе? Сөзсіз тиіспіз. Бірақ «Рабочее Дело» пролетариаттың револю-

цияшыл партиясының саяси міндеттерін «экономикалық» (кәсіптік) күрестен шығарғанда, ол социал-демократиялық ұғымды кешіргісіз тарылтып, оның өңін айналдырды, ол пролетариаттың жан-жақты саяси күресінің міндеттерін төмендетіп жіберді.

Жаңа әдіс туралы, пролетариаттың күштерін жұмылдырудың жоғары типі туралы, жұмысшылардың саяси правоға қабілеттілік сезімін, олардың «талап ету праволарын» дамытудың жаңа жолдары туралы және т. с. жаңа искралық теорияның терістігі мен зияндылығы неде? Біз земство жиналыстарында да, земство жиналыстары жайында да жұмысшы демонстрацияларын ұйымдастыруға тиісті емеспіз бе? Сөзсіз тиістіміз. Бірақ пролетариаттың жақсы демонстрациялары жайында біз интеллигенттік ақымақ сөздер айтуға тиісті емеспіз. Егер біз өзіміздің әдеттегі демонстрацияларымыздың белсенді күреске аз да болса ұқсастығы жоқ түрлерін, ерекше жемісті нәтижелер береді, саяси правоға қабілеттілік сезімін ерекше күшейтеді және т. с. деп тек мазақ үшін ғана жариялауға болатын түрлерін жаңа әдіс деп мадақтайтын болсақ, онда біз тек пролетариаттың санасын аздырамыз, онда біз тек оның назарын шын, күрделі, ашық күрестің тек жақындап келе жатқан міндеттерінен басқа жаққа аударып жібереміз.

Біздің ескі танысымыз Мартынов жолдас та, жаңа «Искра» да пролетариаттың күшіне, оның жалпы ұйымдасу, соның ішінде партия ұйымын құру қабілеттілігіне, оның саяси күреске қабілеттілігіне интеллигенттік сенімсіздік білдіріп, екеуі бір күнәға батып отыр. «Рабочее Делоға» пролетариат қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрестің шеңберінен шығатын саяси күреске әлі қабілетсіз секілді немесе ұзақ уақыт қабілетті болмайтындай болып көрінді. Жаңа «Искраға» пролетариат өз бетімен революциялық күреске шығуға әлі қабілетсіз болып немесе ұзақ уақыт қабілетсіз болатындай секілді көрінеді, сондықтан да ол ондаған жұмысшылардың земствошылар алдында қыр көрсетуін күрестің жаңа әдісі деп атайды. Ескі «Рабочее Дело» да, жаңа «Искра» да пролетариаттың

дербес әрекет етуі және өзін өзі тәрбиелеуі деген сөздерді ант бергендей қайталай беретін себебі тек мынадан ғана: бұл ант берудің тасасында пролетариаттың шын күштері мен көкейтесті міндеттерін интеллигенттік ұғынбаушылық жатыр. Ескі «Рабочее Дело» да, жаңа «Искра» да көзге түсерлік және айқын нәтижелердің, буржуазия мен пролетариатты нақты қарама-қарсы қоюдың ерекше маңыздылығы жөніндегі ақылға сыймайтын терең ойлы бос сөздерді айтумен болып отыр, сөйтіп пролетариаттың назарын халық көтерілісіне басшы болып самодержавиеге тікелей шабуыл жасау жөніндегі барған сайын таяла түскен міндеттен парламентаризм ойынын ойнау жағына қарай аударып әкетіп отыр. Ескі «Рабочее Дело» да, жаңа «Искра» да революцияшыл социал-демократияның бұрынғы ұйымдық және тактикалық принциптеріне *ревизия* жасап (қайта қарап), жаңа сөздер мен «жаңа әдістер» іздеумен әуреленіп, іс жүзінде партияны кейін сүйреп отыр, артта қалған, кейде тіпті тура реакцияшыл ұрандар ұсынып отыр.

Ескі қоқсыққа апарып соқтыратын мұндай жаңа ревизияны енді тоқтату керек! Алға қарай басатын және ұйым-процесс дейтін атышулы теориямен іріткі салуды бүркеуден тыйылатын уақыт жетті, жұмысшы демонстрацияларында да жұмысшыларды азаттық жолындағы нағыз ашық күреске барған сайын жақындата түсетін белгілерді баса көрсетіп, оларды бірінші кезекке шығаратын уақыт жетті!

«Вперед» № 1, 4 январь, 1905 ж.
(22 декабрь, 1904 ж.)

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДОҒАРАТЫН МЕЗГІЛ ЖЕТТІ [64]

Оқиғаны көзімен көргендердің бәрінің пікіріне қарағанда, 28 ноябрьдегі демонстрацияның сәтсіздікке ұшырауы бұған жұмысшылардың мүлдем дерлік қатыспағандығы салдарынан болған. Ал жұмысшылар демонстрацияға неге келмеді? Өзінің үндеуімен оқушы жастарды демонстрацияға шығарған Петербург комитеті жұмысшыларды қатыстыру жөнінде неге ойламады, сөйтіп өзінің бастаған ісін өзі неге сәтсіздікке душар етті? Бұл сұрақтарға комитет мүшесі болған бір жұмысшының мына төмендегі хаты жауап береді, біз оның ең басты-басты жерлерінен үзінділер жариялап отырмыз.

«Көңіл күйі (ноябрьдің бас кезінде) көтеріңкі болып, жарыққа шығуға ұмтылды. Оны жарыққа шығарудың құралы демонстрация болуға тиіс еді. Шынында да, дәл осы кезде «студенттердің социал-демократиялық ұйымы» атынан 14 ноябрьде демонстрацияға шақырған бір листок пайда болды. Мұны естіп, комитет Петербург пролетариатымен қосылып бірге шығуға мүмкіндік алу үшін демонстрацияны ноябрьдің аяғына дейін қалдыра тұру жөнінде бұл ұйымға ұсыныс жасады. Студенттер бұған келісті... Саналы жұмысшылар демонстрацияға ұмтылды. Көптеген жұмысшылар студенттердің демонстрациясы болады деп ойлап, 14 ноябрьде Нева проспектісіне келді. Комитет шақырмай тұрып жұмысшылар онда баруға тиіс емес еді дегенде, жұмысшылар мұнымен келісе тұрса да, «онда әйтеуір бір нәрсе болар деп ойлап едік» деп жауап берді. Қайткенде де бұл факті саналы жұмысшылардың көңіл күйін сипаттайды.

18 ноябрьде комитет мәжілісінде демонстрация 28-інде жасалсын деп ұйғарылған болатын. Сол жерде-ақ комиссия сайланды, бұл комиссия демонстрацияны ұйымдастырумен және қимыл жоспарын жасаумен шұғылдануға тиіс болды: дайында-

луға үгіттейтін екі листок және демонстрацияға шақыратын бір листок шығаруға шешім қабылданды. Жұмыс қыза бастады. Осы хат авторының өзіне жұмысшылардың, үйірме өкілдерінің бірқатар жиналыстарын өткізуге тура келді, бұл жиналыстарда жұмысшы табының ролі туралы, қазіргі кезеңдегі демонстрацияның мақсаты мен маңызы туралы айтылды. Қарулы және қарусыз демонстрациялар туралы мәселе талқыланды, сөйтіп барлық жиналыстарда комитеттің шешімін қуаттайтын қарарлар қабылданды. Жұмысшылар тарату үшін листоктарды көбірек беруді талап етті: «тіпті арбалап беріңіздер»,— деді олар.

Сонымен, 28 ноябрьге демонстрация әзірленді, мұның өзі орасан зор демонстрация болмақшы еді. Бірақ бұл жерде біздегі Петербург «азшылығы», «бүкіл россиялық» және шетелдік «азшылық» сияқты, нағыз жағымсыз роль — іріткі салушы ролін атқармай қала алмады. Бұл роль өте-мөте айқын болу үшін жергілікті «азшылық» пен оның қызметі жөнінде мен бірнеше сөз айта кетпекпін. Демонстрацияға дейін де және одан кейін де комитетте негізінен партияның II съезі көпшілігінің жақтаушылары болды. Сәтсіздікке ұшырау және партияны жегідей жеп отырған алауыздықтар көп жағдайларда жергілікті социал-демократиялық ұйымдардың жұмысын нашарлатты. Жергілікті «азшылық» «көпшілікке» қарсы жүргізген күресінде өзінің фракциялық мүдделері үшін жергілікті комитеттің беделін түсіруге тырысады. Аудандардың өкілдері, «азшылықты» жақтаушылар, өз аудандарына «көпшіліктен» барған жолдастарды жібермейді, комитетке ешқандай байланыс жасауға мүмкіндік бермейді. Сөйтіп бұл ауданның адам айтқысыз берекесі кетіп, жұмыс істеу қабілеті төмендейді. Мәселен, мынадай бір факт бар. Бір ауданда соңғы 5—6 айда «меньшевик» өкіл болып тұрды. Жалпы жұмыстан қол үзуінің салдарынан бұл аудан әбден әлсіреді. Бұрынғы 15—20 үйірменің орнына қазір не бары 4—5 үйірме бар. Жұмысшылар істің мұндай жағдайға ұшырауына наразы, ал «азшылықтың» өкілі бұл наразылықты «көпшілікке» қарсы пайдалануға тырысады, осы негізде жұмысшыларды комитетке қарсы қояды. «Азшылық» жергілікті социал-демократияның әлсіздігінің бәрін «көпшілікке» қарсы пайдалануға әрекеттенеді — оның бұл әрекеті жемісті ме, әлде жеміссіз бе, бұл басқа мәселе, бірақ бұл факт.

Демонстрацияға үш күн қалғанда «азшылықтың» инициативасы бойынша комитеттің жиналысы шақырылады. Кейбір жағдайларға байланысты комитеттің «көпшілік» жағындағы үш мүшесі жиналыс туралы хабарланбай қалады да, жиналысқа қатыспайды. «Азшылық» демонстрацияны болғызбау туралы ұсыныс енгізеді — олай болмаған күнде біз демонстрацияға кедергі жасаймыз және бірде-бір листок таратпаймыз деп қорқытады — сөйтіп, демонстрацияны жақтаған үш жолдастың жиналыста болмағандығынан бұл ұсыныс қабылданады. Листоктар таратылмасын, ал шақыру жазылған листоктар жойылып жіберілсін деп ұйғарылады.

Қоғамның да, жұмысшылардың да қалың бұқарасы демонстрацияға әзірленіп, тек комитеттің шақыруын күтеді. Демонстрация өткізілмейтін болыпты және белгісіз уақытқа кейінге қалдырылыпты деген лақап тарай бастайды. Жұрттың көбі демонстрацияның өткізілмейтін болғанына наразылық білдіреді; техника наразылық білдіріп, бұдан былай комитет үшін жұмыс істеуден бас тартады.

Жұма күні комитеттің жиналысы шақырылады, сөйтіп өткен жиналыста болмаған үш адам демонстрация туралы мәселенің қайта қаралып, теріс шешілгендігіне наразылық білдіреді; Нева проспектісіне көп халық бәрібір листоксыз да жиналатын болғандықтан, олар демонстрацияға жұмысшылардың да қатысуы үшін барлық шаралардың қолданылуын талап етеді. «Азшылықтың» өкілі қарсы шығып, *«демонстрацияға саналылықпен қатысу үшін және комитет қойған талаптарды жақтау үшін жұмысшылардың бәрі бірдей ойдағыдай өсіп жетілген жоқ»* деген дәлел айтады. Мәселе дауысқа қойылады, сөйтіп бір адам қарсы болып, көпшілік дауыспен жиналыс демонстрацияға қатысу керек деп шешім қабылдайды. Бірақ басылып шыққан шақыру листоктарының көбісі — 12 000-нан астамы — өртеліп жіберілгендігі осы сәтте белгілі болады. Оның үстіне бұларды фабрикаларда көптеп таратуға мүмкіндік болмай қалады, өйткені листоктар сенбі күнгі таңертеңге дейін ешқайда жетіп үлгірмейді, ал фабрикаларда сенбі күні жұмыс сағат 2—3-те аяқталады. Сөйтіп листоктарды аз ғана жұмысшылардың арасында, таныстар арасында ғана таратуға мүмкіндік болды, ал қалың бұқараға тарату тіпті де мүмкін болмады. Мұндай жағдайда күні бұрын-ақ демонстрацияның сәтсіздікке ұшырайтындығы айқын еді. Ол сәтсіздікке ұшырады да...

Енді біздің «азшылықтың» масайрауына болады. Ол жеңді! Комитеттің («көпшіліктің» деп оқыңыз) беделін түсіретін жаңа факт. Бірақ демонстрацияның мұндай болып аяқталу себептеріне оқушылар зер сала қарар, сөйтіп олар бізбен бірге былай деп айтады деп сенеміз: «иә, қазір біздің партияда ойдағыдай жұмыс жүргізуге мүмкін болмайтындай жағдай қалыптасты. Партиядағы дағдарыстан тезірек арылу керек, өз қатарымызды нығайтуымыз керек. Бұлай болмаған күнде бізге мүлдем әлсіреу қаупі төніп отыр және біз қазіргі қолайлы кезеңді пайдаланбастан ұлы оқиғалардың соңында қалып қоямыз»».

Үйірмелік ұсақ мүдделер үшін пролетарлық демонстрацияны болдырмай тастаған Петербург «азшылығының» іріткі салушылық қылығы партияның төзімін шегіне шығаратын соңғы әрекет болып табылады. Біздің партияның елеулі сырқатқа ұшырағанын және соңғы жылдың ішінде өз ықпалының тең жартысынан айрылғандығын бүкіл дүние жүзі біледі. Сондықтан біз енді сөзімізді бұл елеулі сырқатқа мысқылмен немесе таба-

лаушылықпен қарауға бармайтын адамдарға, партиялық дағдарыстың қарғыс атқан мәселелерімен үңіленкүрсінумен, уайымдап-қынжылумен құтыла кетпейтін адамдарға, дағдарыстың себептерін егжей-тегжейіне дейін тексеріп білуді — тіпті адам айтқысыз күш жұмсау арқылы болса да тексеріп білуді — және пәлені түп-тамырымен жұлып тастауды өзінің борышы деп есептейтін адамдарға арнап отырмыз. Біз дағдарыстың тарихын осы адамдардың, *тек қана солардың,* есіне саламыз: мұны зерттеп білмей тұрып, «меньшевиктер» ақыры жетіп тынған қазіргі жікке бөлінушілікті де ұғуға болмайды.

Дағдарыстың бірінші сатысы. Партиямыздың екінші съезінде рабоче-делошылдар мен жартылай рабоче-делошылдардың қарсылық көрсетуіне қарамастан искризм принциптері жеңеді. Съезден кейін азшылық редакцияға съезд қабылдамаған адамдарды енгізуге бола партияны жұлқылай бастайды. Іріткі салу, бойкот жариялау, жікке бөлінуді әзірлеу ісі августың аяғынан ноябрьдің аяғына дейін *үш ай* бойы жүргізіледі.

Екінші саты. Плеханов кооптацияға ынтызар болған джентльмендерге икемділік жасайды, оның бер жағында «Не істемеу керек» (№ 52) деген мақаласында: үлкен пәледен қашып, ревизионистер мен анархияшыл дарашылдарға өзінің жеке басы тарапынан икемділік жасағандығы жөнінде баспа арқылы, жұрттың бәріне жария мәлімдеме жасайды. Джентльмендер бұл икемділікті партияны одан әрі жұлқылай беру үшін пайдаланады. Олар Орталық Орган редакциясына және партия Советіне кіріп алып, Орталық Комитетке өз адамдарын өткізу және үшінші съезді болдырмау мақсатымен *жасырын ұйым* құрады. Бұл — көз көріп, құлақ естімеген және мүлде өрескел факт, бірақ бұл жаңа Орталық Комитеттің осы ақсүйек жасақпен келісім жасау туралы жазған хаты арқылы документ жүзінде дәлелденіп отыр.

Үшінші саты. Орталық Комитеттің үш мүшесі партияға қарсы заговор жасаушылар жағына шығады, *азшылықтың ішінен үміткер үш адамды кооптациялайды* (хат жүзінде комитеттерге мұны керісінше түсіндіреді)

және Советтің көмегімен *үшінші съезді мүлдем болғызбай тастайды,* ал жалпы дағдарыс туралы пікір білдірген комитеттердің басым көпшілігі съезді жақтап шыққан болатын. Орловский («Совет партияға қарсы») мен Лениннің («Орталық мекемелердің партиядан қол үзуі туралы мәлімдеме мен документтер») * кітапшаларында бұл фактілер екеуінде бірдей документ жүзінде дәлелденді. Россиядағы партия қызметкерлерінің көпшілігі бұл фактілерді білмейді, бірақ сөз жүзінде ғана емес, шын мәнісінде партия мүшесі болғысы келген адам бұл фактілерді білуге міндетті.

Төртінші саты. Партиямызды масқаралаған шетелдік үйірмеге соққы беру үшін орыс қызметкерлері бірігеді. *Көпшіліктің комитеттері* мен жақтаушылары *бірқатар жеке конференциялар өткізіп,* өздерінің уәкілдерін сайлайды. Кооптацияланған үміткерлердің қолына бүтіндей көшкен жаңа Орталық Комитет *көпшіліктің барлық жергілікті комитеттеріне іріткі салып, оларды жікке бөлуді өзінің мақсаты етіп қояды.* Бұл жөнінде жолдастардың басқаша жалған ойға түспеуі керек: Орталық Комитетте бұдан басқа мақсат жоқ. Шетелдік топтың сойылын соғушылар барлық жерлерде де (Одесса, Баку, Екатеринослав, Москва, Воронеж және т. т.) жаңа комитеттер даярлап, құрастыруда. Шетелдік үйірме өзі қалаған съезін әзірлеуде. Жасырын ұйым орталықтардың түбіне жетіп, енді жергілікті комитеттерге қарсы шығып отыр.

Петербург меньшевиктерінің іріткі салушылық қылығы кездейсоқ емес, комитетті жікке бөлуді көздеп, ойлапып жасалған шара, бұл Орталық Комитетке кооптацияланған «меньшевиктердің» көмегімен жасалған шара. Тағы да қайталап айтамыз: Россиядағы партия қызметкерлерінің көпшілігі бұл фактілерді білмейді. Біз оларды барынша қатты сақтандырып, мынаны ескертеміз: іріткі салушылыққа қарсы партия үшін күрескісі келетін әрбір адам, мүлдем алданып қалғысы келмейтін әрбір адам осы фактілердің бәрін білуге міндетті.

---

* Қараңыз: осы том, 121—132-беттер. *Ред.*

Біз «азшылықпен» бір партияда болып жұмыс істей беру үшін мүмкіндігі бар икемділіктердің бәрін және тіпті мүмкін болмайтын бірсыпыра икемділіктер де жасадық. Енді үшінші съезд болмай қалып отырғанда және іріткі салу ісі жергілікті комитеттерге қарсы бағытталып отырғанда, бұған ешқандай үміт қалмады. Партиядан жасырынып, астыртын әрекет жасап жүрген «меньшевиктерге» ұқсамай, біз партия мұндай мырзалармен қарым-қатынас атаулының бәрін үзеді деп ашық айтуға және мұны іс жүзінде дәлелдеуге тиіспіз.

«Вперед» № 1, 4 январь, 1905 ж.
(22 декабрь, 1904 ж.)

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КОМИТЕТТЕРДІҢ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРЫ

Таяуда партиямыздың жергілікті комитеттерінің үш конференциясы: 1) кавказдық торт комитеттің, 2) оңтүстік үш комитеттің (Одесса, Екатеринослав, Николаев) және 3) солтүстік алты комитеттің (Петербург, Москва, Тверь, Рига, Солтүстік және Нижний Новгород) конференциялары болып өтті. Бұл конференциялар[65] туралы таяуда толық мәліметтер береміз деген сеніміздеміз. Ал әзірге осы үш конференцияның партияның III съезін дереу шақыруды және «көпшіліктің» әдеби тобын қолдауды батыл жақтап шыққанын хабарлаумен шектеле тұрамыз.

«Вперед» № 1, 4 январь, 1905 ж.
(22 декабрь, 1904 ж.)

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖЕНЕВАДА РСДРП КІТАПХАНАСЫН ҚҰРҒАН ИНИЦИАТОРЛАР ТОБЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ [66]

Женевада РСДРП кітапханасын құрған инициаторлар тобы партияның III съезі бұл кітапхана жөнінде шешім қабылдағанға дейін кітапхана істерін жалпы басқару үшін оны «Көпшілік Комитеттері Бюросына» беруді бірауыздан қаулы етті.

1904 ж. декабрьдің аяғында — 1905 ж. январьдың басында жазылған

Бірінші рет 1934 ж. Лениннің XXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПОРТ-АРТУРДЫҢ ҚҰЛАУЫ [67]

«Порт-Артур тізе бүкті.

Бұл оқиға — қазіргі заманғы тарихтың асқан ұлы оқиғаларының бірі. Кеше телеграф арқылы цивилизациялы дүниенің барлық түкпірлеріне жеткізілген бұл үш сөз адамға айтып жеткізуі қиын, еңсе түсерліктей, аса қорқынышты орасан зор апат, бақытсыздық болғандай әсер етеді. Құдіретті империяның моральдық күші күйреп, әлі дұрыстап құлаш сермеп үлгермеген жас нәсілдің беделі көмескі тартып барады. Тұтас бір саяси системаға үкім шығарылып, толып жатқан дәмелер кілт үзіліп отыр, құдіретті күш-жігердің сағы сынуда. Әрине, Порт-Артурдың құлайтындығын жұрт әлдеқашан-ақ білді, бұл жөнінде көптен-ақ талай сөздер айтылып, өздеріп жаттанды сөздермен жұбатып келді. Бірақ көзге көрінерлік, дөрекі факт алдамшы өтіріктердің бәрін талқандап отыр. Ендігі жерде бұл апаттың маңызын бәсеңдетіп корсетуге болмайды. Тұңғыш рет ескі дүние адам айтқысыз жеңіліске ұшырап, қорлыққа душар болды, оны бұл жеңіліске ұшыратқан тым жұмбақ, сірә, әлі жас, цивилизацияға кеше ғана араласқан жаңа дүние болды».

Европаның байсалды бір буржуазиялық газеті [68] оқиғаның тікелей әсерімен осылай деп жазды. Ал бұл газеттің бүкіл Европа буржуазиясының көңіл-күйін айқын көрсетіп қапа қоймағандығын мойындау керек. Ескі дүние буржуазиясының нағыз таптық түйсігі осы газет арқылы білдіріліп отыр, ал ескі дүние буржуазиясы

буржуазиялық жаңа дүниенің табыстарынан үрейленіп, Европа реакциясының көптен бері ең сенімді тірегі болып саналып келген орыс әскери күшінің апатқа ұшырауынан қамығып отыр. Тіпті соғысқа қатыспай отырған европалық буржуазияның қалай да мұны өзіне қорлық және соққы деп білетіні таңданарлық емес. Ол Россияның моральдық күшін европалық жандармның әскери күшімен бірдей деп санауға әбден дағдыланып кеткен еді. Ол үшін жас орыс нәсілінің беделі қазіргі заманғы «тәртіпті» қатты қорғап отырған, мызғымас күшті патша өкіметінің беделімен тығыз байланысты болып келді. Билеп-төстеп, дегенін істеп келген Россияның апатқа ұшырауы бүкіл Европа буржуазиясына «қорқынышты» болып көрінуі ғажап емес: бұл апат бүкіл дүние жүзілік капиталистік дамудың керемет тездегендігін, тарихтың тездегендігін көрсетеді, ал мұндай тездегендік пролетариаттың әлеуметтік революциясының тездегендігі болып табылатындығын буржуазия өзінің басынан кешірген ащы тәжірибесінен оте жақсы біледі, тым жақсы біледі. Батыс европа буржуазиясы ұзақ уақыт тоқырау жағдайында, «құдіретті империяның» қанаты астында паналап, сондай жайбарақат өмір сүріп келді, сөйтіп отырғанда қайдағы бір «жұмбақ, әлі жас» күштің бұл тоқырауды жұлмалап, бұл тіректерді қиратуға батылы барып отыр.

Иә, европалық буржуазияның қорқатын жөні бар. Пролетариаттың қуанарлық жөні бар. Біздің ең қас дұшпанымыздың апатқа ұшырауы орыс бостандығының жақындап келе жатқандығын ғана білдіріп отырған жоқ. Бұл сонымен қатар Европа пролетариатының революциялық жаңа өрлеуінің хабаршысы да болады.

Бірақ Порт-Артурдың құлауы неліктен және қаншалықты дәрежеде шын мәніндегі тарихи апат болып табылады?

Ең алдымен бұл оқиғаның маңызы соғыстың барысында көзге түседі. Жапондар соғыста көздеген басты мақсатына жетті. Прогресшіл, озық Азия артта қалған, реакцияшыл Европаға қайтып оңалмастай соққы берді. Бұдан он жыл бұрын Россия бастаған осы реакцияшыл Европа жас Жапонияның Қытайды талқандап жеңуінен

қорқып, оның жеңісінің ең жақсы жемістерін тартып алу үшін біріккен болатын. Европа ескі дүниенің орнығып қалған қарым-қатынастары мен артықшылықтарын қорғады, оның артықшылық правосын, Азия халықтарын қанау жөніндегі ғасырлар бойы қастерленіп келген атам заманғы правосын қорғады. Жапонияның Порт-Артурды қайтарып алуы бүкіл реакцияшыл Европаға берілген соққы болып табылады. Россия Порт-Артурды алты жыл иеленді, стратегиялық темір жолдарға, порттар салуға, жаңа қалалар тұрғызуға, Россия сатып алған және Россия алдында құлша бас иген европалық газеттердің барлығы да алынбайтын қамал деп даңқын көтерген қамалды нығайтуға талай жүздеген миллион сом ақша жұмсады. Әскери жазушылар Порт-Артур өзінің күші жағынан алты Севастопольге барабар еді деседі. Енді, міне, осы уақытқа дейін бәрі жек көріп келген кішкене Жапония бұл бекіністі сегіз айдың ішінде басып алып отыр, мұның өзі Англия мен Франция екеуі қосылып жалғыз Севастопольді алу үшін бір жыл бойы әуреленгеннен кейін болған жай. Соғыс соққысы түзелместей соққы болды. Осы соғыстың ең басты және түбегейлі мәселесі — теңізде басымдылық туралы мәселе шешілді. Басында Жапон флотынан күші басым болмаса, кем болмаған Тынық мұхиттағы орыс флоты біржолата құртылды. Флоттың әрекет жасауына керекті базаның өзі тартып алынды, сондықтан Рождественскийдің эскадрасына тағы да миллиондаған қаржыны босқа шығындап, айбынды броненосецтер ағылшынның балық аулайтын қайықтарын керемет жеңгеннен кейін масқара болып кейін қайтуы ғана қалады. Россияның тек бір флоттың өзінен шеккен материалдық шығынының өзі үш жүз миллион сом деп есептейді. Бірақ флоттың он мыңдаған ең жақсы экипажынан, құрлықтағы тұтас бір армиядан айрылу бұдан да гөрі әлдеқайда жанға батады. Европалық көптеген газеттер енді бұл шығындардың салдарын бәсеңдетіп көрсетуге тырысуда, соның өзінде адам күлерліктей ыждағаттық көрсетіп, Куропаткин Порт-Артурдың қамын ойлаудан «құтылып» «жеңілдік» алды, деп айтуға дейін барып отыр! Орыс әскері тұтас бір армиядан айрылып, жеңілдеген болды.

Ағылшындардың соңғы мәліметтері бойынша соғыс тұтқындарының саны *48 000 адамға* жетеді, ал Кинчау түбінде және дәл қамал жанында болған ұрыстарда тағы да қанша мың адам қырылды десеңізші. Жапондар бүкіл Ляодунды біржолата басып алды, Кореяға, Қытайға және Маньчжурияға ықпал жүргізу үшін өлшеусіз зор маңызы бар тірек пунктіне ие болды, Куропаткинге қарсы күресу үшін 80—100 мың адамы бар шыныққан армияны шығарып отыр, ал оның үстіне бұл армияның орасан зор ауыр артиллериясы бар, бұл артиллерияның Шахэ өзеніне әкелінуі олардың орыстың негізгі күштерінен анағұрлым басым болуына мүмкіндік береді.

Шетел газеттерінің хабарларына қарағанда, самодержавиелік үкімет соғысты қайткен күнде де жалғастыра беруді және Куропаткинге 200 000 әскер жіберуді ұйғарған. Соғыстың әлі де көпке созылуы әбден ықтимал, бірақ оның үмітсіз екендігі қазірдің өзінде-ақ айқын көрініп отыр, сондықтан соғыстың қандай да болса созыла беруі орыс халқының самодержавиеге әлі де болса төзімділік жасап келгені үшін көретін қисапсыз көп ауыртпалықтарын тек шиеленістіре түседі. Жапондар осы уақытқа дейін де өздерінің әскери күштерін әрбір үлкен ұрыстан кейін орыстардан гөрі тезірек және молырақ толықтырып нығайтып отырды. Ал енді теңізде толық үстем болып алған соң және орыс армияларының бірін толық жойғаннан кейін олар қосымша күшті орыстарға қарағанда екі есе көп жібере алады. Ең жақсы артиллериясының көбі түгелімен қамал соғысында болғандығына қарамастан жапондар осы уақытқа дейін орыс генералдарын бас көтертпей соққылап келді. Қазір жапондар өз күштерін толық жинақтап алды, ал орыстарға тек Сахалин үшін ғана емес, сонымен қатар Владивосток үшін де қауіптенуге тура келеді. Жапондар Маньчжурияның ең жақсы және халқы неғұрлым көп орналасқан жерін басып алды, мұнда олар өз армиясын жаулап алынған елдің қаражатымен және Қытайдың көмегімен асырай алады. Ал орыстардың бара-бара Россиядан әкелінетін соғыс қорларымен ғана қанағаттануына тура келеді, ал бұл қорларды жеткілікті мөлшер-

де әкеліп тұруға мүмкіндік болмайтындықтан, Куропаткин армияны бұдан былай көбейте алмайды.

Бірақ самодержавие ұшырап отырған соғыс апатының біздің бүкіл саяси системамыздың күйреу белгісі ретінде бұдан да гөрі зор маңызы бар. Соғыстарды жалдама әскер немесе халықтан жартылай қол үзген кастаның өкілдері жүргізетін заман келмеске кетті. Қазірде соғысты халықтар жүргізеді,— бұл ақиқаттың тек қана жазылып қоятын сөз емес екендігін, Немирович-Данченконың айтуына қарағанда, енді тіпті Куропаткин де түсіне бастаған көрінеді. Қазірде соғысты халықтар жүргізеді, сондықтан да қазіргі уақытта соғыстың ұлы қасиеті ашық көрініп отыр: халық пен үкіметтің арасындағы осы уақытқа дейін тек саналы азшылыққа ғана көрініп келген алшақтық іс жүзінде ондаған миллион адамдардың көз алдында әшкерелепіп отыр. Барлық алдыңғы қатарлы орыс адамдары тарапынан, орыс социал-демократиясы тарапынан, орыс пролетариаты тарапынан самодержавиені сынауы енді жапон қаруының сынауымен дәлелденіп отыр, оның дәлелденгендігі соншалық, самодержавие тұсында өмір сүрудің мүмкін емес екендігін тіпті самодержавие дегеннің не екенін білмейтіндер де, тіпті мұны біле тұрып, самодержавиені жанын сала сақтап қалғысы келетіндер де барған сайын *сезіп келеді.* Самодержавиенің бүкіл қоғамдық даму мүдделерімен, бүкіл халық (чиновниктер мен шонжарлар тобынан басқа) мүдделерімен сыйыспайтындығы халыққа самодержавие үшін іс жүзінде, өзінің қанын төгіп азап шегуге тура келісімен-ақ айқындала түсті. Өзінің есуастық, қылмысты отарлық авантюрасы арқылы самодержавие өзін өзі тұйыққа әкеп тіреді, бұл тұйықтан халықтың өзі ғана және патша өкіметін қирату арқылы ғана шыға алады.

Порт-Артурдың құлауы патша өкіметінің соғыс басталысымен-ақ көріне бастаған және енді бұрынғыдан да гөрі кеңірек, бұрынғыдан да гөрі тоқтаусыз көріне беретін қылмыстарына ең үлкен тарихи қорытындылардың бірін жасап отыр. Әрбір кішкентай және үлкен Алексеев, топан суының шынымен қаптайтындығын ойламай, оған сенбей,— бізден соң топан су қаптаса да мейлі! —

деп пайымдады. Генералдар мен қолбасшылар дарынсыз және түкке тұрмайтын адамдар болып шықты. 1904 жылғы соғыстың бүкіл тарихы, ағылшынның бір әскери шолушысының («Times»-та [69]) беделді мәлімдемесіне қарағанда, «теңіз бен құрлықтағы соғыс стратегиясының қарапайым принциптерін қылмысты түрде елемегендік» болып табылады. Азаматтық және әскери бюрократия дәл крепостниктік право кезіндегідей арам тамақ, сатылғыш болып шықты. Офицерлер білімсіз, надан, дайындықсыз болып шықты, олар солдаттармен тығыз байланысты болмады және солдаттардың сеніміне ие бола алмады. Шаруалар бұқарасының қараңғылығы, надандығы, сауатсыздығы, мешеулігі осы заманғы соғыста прогресшіл халықпен шайқаста жан түршігерліктей болып шыға келді, өйткені бұл соғыс осы заманғы техника сияқты жоғары сапалы адам материалының болуын да талап етеді. Инициативашыл, саналы солдат пен матрос болмайынша, қазіргі заманғы соғыста табысқа жету мүмкін емес. Тез атылатын шағын калибрлі мылтықтың, машиналы зеңбіректердің, кемелердегі күрделі техникалық қондырғылардың заманында, құрлықтағы ұрыстарда бытыранды сап қолданатын заманда ешқандай төзімділік, ешқандай қара күш, бұқаралық күрестің ешқандай топтасуы, бірлесуі басымдық жасай алмайды. Самодержавиелік Россияның әскери құдіреттілігі жалған болып шықты. Патша өкіметі ең жаңа талаптардың дәрежесінде тұрған қазіргі заманғы әскери ұйымдастыру ісіне бөгет болып шықты,— патша өкіметі бүкіл жан-тәнімен берілген ісіне, өзінің бәрінен де мақтаныш еткен ісіне, өзінің ешқандай халық оппозициясынан қаймықпай өлшеусіз көп құрбандық келтірген ісіне өзі бөгет болып шықты. Самодержавие сыртқы қорғаныс саласында, былайша айтқанда, өзінің неғұрлым тума және етене жақын мамандығына келгенде — боямалы табыт болып шықты. Тамаша жақсы соғыс кемелерін сатып алуға, жасауға ондаған, жүздеген миллион сом қаржы жұмсалып жатқандығын көргенде күлген және қазіргі заман кемелерін қалай пайдалануды білмей тұрғанда, ең жаңа жетілдірілген соғыс техникасын жетік біліп, пайдалануға қабілеті жететін адамдар

болмай тұрғанда, бұл шығындар пайдасыз деген шетелдіктер мысқылының дұрыс болғанын оқиғалар дәлелдеп отыр. Флот та, қамал да, далалық бекіністер де, құрлықтағы армия да артта қалған және еш нәрсеге жарамайтын болып шықты.

Елдің әскери ұйымы мен оның бүкіл экономикалық және мәдени құрылысының арасындағы байланыс ешқашан да қазіргі уақыттағыдай осыншама тығыз болып көрген емес. Сондықтан соғыс апаты терең саяси дағдарыстың басталуы болмай қала алмады. Алдыңғы қатарлы елдің артта қалған елмен соғысуы, тарихта талай рет революциялық үлкен роль атқарғаны сияқты, бұл жолы да үлкен революциялық роль атқарды. Сондықтан саналы пролетариат, жалпы таптық үстемдік атаулының сөзсіз және жойылмайтын серігі болып табылатын соғыстың мейірімсіз жауы бола тұра,— жапон буржуазиясының самодержавиені талқандауымен атқарып отырған бұл революциялық міндетіне көз жұма қарай алмайды. Пролетариат буржуазия атаулының бәріне және буржуазиялық құрылыстың барлық көріністеріне дұшпан, бірақ бұл дұшпандық оны буржуазияның тарихи прогресшіл және реакцияшыл өкілдерін ажырата білу міндетінен босатпайды. Сондықтан халықаралық революциялық социал-демократияның неғұрлым дәйекті және батыл өкілдерінің, Францияда Жюль Гедтің, Англияда Гайндманның, орыс самодержавиесін талқандап жатқан Жапонияға тілектес екендіктерін ашықтан-ашық білдірулері әбден түсінікті. Әрине, біздің Россияда бұл мәселеде де ой-пікірі шатасқан социалистер болмай қалған жоқ. «Революционная Россия» [70] социалист тек жұмысшы, халықтық Жапонияны ғана жақтауға тиіс, ол буржуазиялық Жапонияны жақтай алмайды деп мәлімдеп, Гед пен Гайндманға мін тақты. Протекционистік [71] буржуазияға қарағанда, фритредерлік буржуазияның прогресшілдігін мойындағаны үшін социалисті кінәлау қандай қисынсыз болса, бұл мінеу де нақ сондай қисынсыз болады. Гед пен Гайндман жапон буржуазиясы мен жапон империализмін жақтаған жоқ, бірақ буржуазиялық екі елдің соқтығысуы туралы мәселеге келгенде олардың біреуінің тарихи прогрестік ролі

бар екендігін дұрыс атап көрсетті. «Социалист-революционерлердің» ой-пікірінің шатасуы, әрине, біздің радикал интеллигенциямыздың таптық көзқарасты және тарихи материализмді түсінбеуінің сөзсіз салдары болып шықты. Жаңа «Искра» да шатаспай қала алмады. Ол әуелі қайткен күнде де бітім жасасу туралы сылдыр сөздерді үйіп-төкті. Жалпы бітім орнату жөніндегі социалистіксымақ науқанның прогресшіл буржуазия мен реакцияшыл буржуазияның қайсысының мүдделеріне қызмет ететіндігін Жорес ап-айқын корсетіп бергеннен кейін жаңа «Искра» «түзелмек» болып әбігерленді. Енді ол жапон буржуазиясының жеңісін «бетке ұстау» (!!?) орынсыз, соғыстың самодержавиенің жеңуімен немесе жеңілуімен аяқталуына «қарамастан» ол үлкен бақытсыздық болып табылады деген сияқты пасық пайымдаулармен тынып отыр.

Жоқ. Орыс бостандығының және орыс (және бүкіл дүние жүзі) пролетариатының социализм жолындағы күресінің ісі самодержавиенің соғыста жеңілуіне өте-мөте күшті байланысты. Бұл іс европалық тәртіпті қорғаушылардың бәріне үрей салған соғыс апатынан көп ұтты. Революцияшыл пролетариат соғысқа қарсы талмастан үгіт жүргізуге тиіс, соның өзінде жалпы таптық үстемдік өмір сүріп отырғанда соғыстардың жойылмайтындығын әрдайым естен шығармау керек. Жорес à la бітім туралы бос сөздермен езілген тапқа көмектесе алмайсың, ол буржуазиялық екі ұлттың арасындағы буржуазиялық соғысқа жауапты емес, ол жалпы буржуазия атаулыны құлату үшін қолынан келгеннің бәрін істейді, ол капиталистік «бейбіт» қанау кезінде де халықтың бақытсыздығында шек болмайтындығын біледі. Бірақ, еркін бәсекеге қарсы күресе отырып, біз оның жартылай крепостниктік құрылысқа қарағанда прогресс екендігін ұмыта алмаймыз. Соғыс атаулыға және буржуазия атаулыға қарсы күресе отырып, біз өзіміздің үгіт жұмысымызда прогресшіл буржуазияны крепостниктік самодержавиеден айыра білуіміз керек, біз орыс жұмысшысы еріксіз қатысып отырған тарихи соғыстың ұлы революциялық ролін қашан да атап көрсетіп отыруымыз керек.

Буржуазиялық ескі дүние мен жаңа дүниенің соғысына айналған бұл отаршылдық соғысты орыс халқы бастаған жоқ, орыс самодержавиесі бастады. Масқара жеңіліске ұшыраған орыс халқы емес, самодержавие. Самодержавиенің жеңілуінен орыс халқы ұтып шықты. Порт-Артурдың тізе бүгуі патша өкіметінің тізе бүгуінің бастамасы болып табылады. Соғыс әлі бітуден алыс, бірақ оның созылуының әрбір адымы орыс халқы арасында наразылық пен ашынуды шексіз ұлғайта түседі, жаңа ұлы соғыстың, самодержавиеге қарсы халық соғысының, пролетариаттың бостандық жолындағы соғысының кезеңін жақындатады. Ең сабырлы және ең байсалды европалық буржуазия тектен-текке үрейленіп отырған жоқ, европалық буржуазия орыс самодержавиесінің либералдық жеңілдіктер жасауына жан-тәнімен тілектес болған болар еді, бірақ ол европалық революцияның бастамасы болатын орыс революциясынан оттан бетер қорқады.

«Россияда революцияның бұрқ ете түсуі,— деп жазады неміс буржуазиясының осы сияқты байсалды органдарының бірі,— мүлдем мүмкін емес нәрсе деген пікір берік орнап алған. Бұл пікірді барынша және барлық дәлелдермен қорғап жүр. Орыс шаруаларының сылбырлығын, олардың патшаға сенетіндігін, дін басыларына тәуелділігін дәлел етеді. Наразылар арасындағы бір беткей элементтер ат төбеліндей аз ғана адамдар, бұлар бүліктер (ұсақ көтерілістер) және террорлық қастандық әрекеттер ғана жасай алады, бірақ жаппай көтерілісті тіпті де туғыза алмайды деседі. Наразылардың қалың бұқарасына ұйымшылдық, қару-жарақ жетпейді, ал ең бастысы — өздерін қатерге қиюға олардың батылдығы жетпейді, дейді бізге. Ал орыс интеллигенті, әдетте, шамамен, отыз жасқа дейін ғана революциялық ниетте болады, ал одан кейін ол қазыналық орынның жайлы бір жеріне жақсы орныгып алады,— сөйтіп қызу қандылардың басым бөлігі қарапайым чиновникке айналады». Бірақ қазірде, дейді одан әрі газет, толып жатқан белгілер үлкен өзгеріс болғандығын көрсетеді. Россиядағы революция туралы тек революционерлер ғана айтып жүрген жоқ, мұны «елігушілікке» мүлдем жат, тәртіп-

тің көрнекті тірегі болып отырған Трубецкой князь сияқты адамдар да айтып жүр, оның ішкі істер министріне жазған хатын қазір барлық шетел баспасөзі көшіріп басып жатыр [72]. «Россиядағы революциядан қорқудың, сірә, нақты негізі болса керек. Рас, орыс шаруалары қолына айыр алып, конституция үшін күреске шығады деп ешкім де ойламайды. Бірақ революция деревнялар-да жасала ма? Ең жаңа тарихта революциялық қозғалысты бастаушылар көптен-ақ ірі қалалар болып отыр. Ал Россияда дәл қалаларда оңтүстіктен солтүстікке дейін және шығыстан батысқа дейін толқу жүріп жатыр. Мұның немен тынатындығын ешкім де күні бұрын болжап айта алмайды, бірақ Россияда революцияның болуы мүмкін емес деп санайтын адамдардың саны күн санап азайып барады, бұл күмәнсыз факт. Ал егер революция шындап бұрқ ете қалса, онда Қиыр Шығыстағы соғыста әлсіреген самодержавиенің бұған қарсы тұруға шамасының келе қоюы тым күмәнды-ақ».

Иә. Самодержавие әлсіреді. Бұрын революцияға сенбейтіндер енді оған сене бастады. Революцияға жаппай сенушіліктің өзі революцияның бастамасы болып табылады. Өзінің соғыс авантюрасы арқылы үкіметтің өзі оның ұласа беруіне қам жасап отыр. Шын революциялық тегеурінді қолдап, ұлғайту жағына орыс пролетариаты қамқорлық жасайтын болады.

«Вперед» № 2,
14(1) январь, 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БҰЛБҰЛДЫ ЕРТЕГІМЕН ЖЕМДЕМЕЙДІ

Рабочийдің жаңа искрашылдар таяуда ғана бастырып шығарған: «Біздің ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттер» деген кітапшасына оқушылардың назарын аударамыз, бұған алғы сөзді Аксельрод жазған. Бұл сабақ боларлық-ақ шығармаға, сірә, бізге талай рет қайта оралуға тура келер, өйткені ол «азшылықтың» немесе жаңа искрашылдардың демагогтық уағызының қандай нәтиже бергендігін және беріп отырғандығын, сонымен қатар жаңа искрашылдардың өздері айтқан қоқсықтың бәрінен енді қалай құтылудың амалын іздеп жүргендігін тамаша айқын көрсетеді. Әзірге кітапша мен оның алғы сөзінің мәнін ғана атап көрсетейік.

«Рабочий» соры қайнап жаңа искрашылдардың уағызына сеніп қалыпты. Сондықтан да ол Акимовтың рухында рабоче-делошылдық сөздерді үсті-үстіне айта береді. «Біздің интеллигент-басшылар... жұмысшылардың сана-сезімі мен дербес әрекет ету қабілеттілігін дамытуды... өздеріне міндет етіп қойған жоқ...». Дербес әрекет етуге ұмтылушылық «үнемі қуғындалып отырды». «Ұйымның бірде-бір типінде жұмысшылардың дербес әрекет ету қабілеттілігін дамытуға орын болмады және жоқ та...». «Экономикалық күрес мүлдем ұмытылды», тіпті насихат пен үгіт жиындарына да «жұмысшылар қатыстырылмады» (міне, тіпті қандай болған!). Демонстрациялардың «дәурені өтті»,— әрине, осы сұмдықтардың бәрі (бұл сұмдықтар туралы ескі «Рабочее Дело» ескі «Искраға» қарсы баяғыдан-ақ айғайлап келген бо-

латын) «бюрократ централистер» тарапынан, яғни біздің екінші съездің рабоче-делошылдыққа қарсы күрескен көпшілігі тарапынан болып отыр. Өкпелеген азшылық партия съезіне қарсы айдап салған бақытсыз «Рабочий» съезд «біздерсіз» (жұмысшыларсыз), «біздердің қатысуымызсыз» өткізілді, онда «бірде-бір дерлік жұмысшы» болған жоқ деп бұл съездің барынша жер-жебіріне жетеді, оның бер жағында съезге делегат болған шын мәніндегі жұмысшылардың бәрінің, Степанов, Горский және Браунның үзілді-кесілді көпшілікті жақтап, интеллигенттік тұрақсыздыққа қарсы болған фактісі, әрине, сыпайылықпен айтылмай қалады. Бірақ бұл маңызды емес. Маңыздысы мынада: сайлауда жеңіліп қалғаннан кейін съездің «жер-жебіріне жетіп отырған», жұртты социал-демократиялық съезд атаулының бәрін масқаралауға итермелеп, съезге қатыспаған адамдар алдында жер-жебіріне жетіп отырған, тек съездің атынан ғана әрекет ететін орталық мекемелерге ебін тауып еніп алғаннан кейін съездің жер-жебіріне жетіп отырған жаңа искрашылдардың уағызының қандай шексіз азғындыққа жеткендігінде. Съезді *жиын* деп ашықтан-ашық жариялаған және, бері сала айтқанда, сол «жиыннан» ешқандай абыроймен, ешқандай атақпен пайдаланбай отырған Рязановтың позициясы әділірек емес пе (оның «Күйретілген қиялдар» деген кітапшасын қараңыз)?

Алайда жұмысшы психологиясына, «көпшілікке» қарсы айдап салынған жұмысшы психологиясына болса да ерекше бір тән нәрсе — ол автономия, жұмысшының дербес әрекет ету қабілеті туралы және сондай бос сөздерге қанағаттанбайды. Ол кез-келген жаңа искрашыл немесе рабоче-делошыл сияқты осы сөздерді қайталай береді, бірақ ол байыпты пролетарлық сезіммен *сөздерді дәлелдейтін істердің* болуын талап етеді, ол өзін ертегімен жемдегенге қанағаттанбайды. Әдемі сөздер, дейді ол, басшылар *«құрамында өзгеріс болмайынша»* (курсив «Рабочийдікі») сөз күйінде қала береді. Партияның маңызды мекемелерінің барлығына жұмысшылардың *кіре алатын болуын* талап ету керек, интеллигенттермен *тең праволы болуына* жету керек. Шын пролетар және шын демократ ретінде сөзуарлық атаулыға

7*

терең сенімсіздік тұрғысынан «Рабочий» былай дейді: *комитеттерде кілең интеллигенттер ғана мәжіліс құрмайтындығына к е п і л д і к б а р м а?* Бұл біздің жаңа искрашылдардың өңменіне оқтай қадалады. Бұл тамаша сұрақ пролетардың айқын ой-пікірін рабоче-делолық айдап салудың айныта алмағандығын көрсетеді. Ол турадан тура былай дейді: өзім жұмыс істеген комитет «принцип жағынан қағаз жүзінде (тыңдаңыздар!) азшылық комитеті болып қалды,— ал өзінің практикалық ісінде оның көпшілік комитеттерінен ешқандай айырмасы болмады. Біздерге, жұмысшыларға, ешбір (комитетті былай қойғанның өзінде) жауапты, демек, басшы мекемеге кіруге болмады».

Осы жұмысшы-меньшевик сияқты басқа ешкім де меньшевиктерді мұндай шебер әшкерелей алмаған болар еді. Ол автономия туралы және пролетариаттың дербес әрекет ету қабілеті туралы мылжыңдаудың *кепілдіктер* болмаған күнде дөрекі сөзуарлық болып қала беретіндігін түсінген. Ал социал-демократиялық ұйымдарда қандай *кепілдіктер* болуы мүмкін, сіз бұл туралы ойладыңыз ба, «Рабочий» жолдас? Партия съезіне жиналған революционерлер соңынан өздеріп съездің сайламағанына өкпелеп: съезд искралық көзқарастарды баянды етуге тырысқан реакцияшылдық әрекет болды (Троцкий *жаңа «Искраның» редакциялауымен* шығарған кітапшасында осылай деді), съездің қарарлары қасиетті бірдеңе емес, съезде бұқарадан шыққан жұмысшылар болған жоқ, деп айғайлай бастамауына қандай кепілдік болуы мүмкін? Партия ұйымының формалары мен нормалары жөніндегі жалпы шешімді, партияның ұйымдық уставы деп аталатын және осындай устав түрінде болмаса, басқаша түрде бола алмайтын шешімді,— міне, осы шешімді соңынан тұрлаусыз адамдардың устав сияқты нәрсе бюрократтық пен формальдылыққа салынғандық болады деген сылтаумен оның өздері үшін қолайсыз болған жерін жұлмалауына қандай кепілдік болуы мүмкін? Ұйымның өздері бірлесіп қабылдаған ережелерін бұзған адамдардың соңынан ұйым дегеніміз процесс, ұйым дегеніміз тенденция, ұйым дегеніміз мазмұнмен қатарлас жүретін форма, сондықтан да ұйымның

ережелерін сақтауды талап ету қисынсыз және құр қиял болып табылады деген пікірге салына бастамауына қандай кепілдік болуы мүмкін? Кітапшаның авторы болып отырған «Рабочий» осы мәселелердің бірде-бірсуі жайлы ойланбаған. Бірақ оның бұл мәселелерге өте жақын, таяу келгендігі, бұл мәселелерді сөзуарлар мен саясатқұмарларға қарсы турадан-тура айқын және батыл қойғандығы соншалық, біз оның кітапшасын оқып шығуға шын ниетімізбен ұсынамыз. Бұл кітапша — «әсем сөз» серілерін олардың өз жақтастары қалай эпкерелейтіндігінің тамаша үлгісі.

«Рабочий» басқалардың сөзіне еріп, Лениннің «ұйымдастыру жоспарына» қарсы шығады, әдеттегіше, жоспарға деген наразылығын білдіретін *бірде-бір* айқын және нақты пунктті атап көрсетпейді, Панин мен Череваниннің айтқандарына (бұларда ызалы-ашу сөздерден басқа еш нәрсе жоқ) сүйеніп, тіпті Лениннің петербургтік жолдасқа жазған әйгілі хатына *көз салуға да* тырыспайды. Ал егер «Рабочий» өзін айдап салушылардың сөзіне сенбей, осы хатты қарап шықса, онда ол күтпеген жерде хаттан мынаны оқыған болар еді:

«Мүмкіндігінше көп жұмысшының әбден саналы және профессионал революционер болып, комитетке енетін болуына ерекше тырысу керек. Комитетке жұмысшы бұқарасы арасында неғұрлым байланысы көп және мейлінше «атақты» болған жұмысшы-революционерлерді енгізуге тырысу керек. Сондықтан да, жұмысшы қозғалысының жұмысшылардың өз ішінен шыққан бастыбасты басшыларының бәрі мүмкіндігінше комитетте болуға тиіс. (Хат, 7—8-беттер) *.

«Рабочий» жолдас, осы жолдарды оқыңыз және қайталап оқыңыз, сонда сіз ескі «Искраны» және оның жақтаушыларын, екінші съездің «көпшілігін» соншама жамандап отырған рабоче-делошылдар мен жаңа искрашылдардың *сіздің басыңызды* қалай *айналдырғанын* көресіз. Осы жолдарды әбден жақсылап оқып, менің мынадай ұсынысымды қабылдап көріңіз: «біздің ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттер» туралы сіз

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 9—10-беттер. *Ред.*

қойып отырған мәселенің біздің социал-демократиялық әдебиеттен *осылай айқын, тура және батыл қойылған басқа бір жерін,* сонымен қатар онда мүмкін болғанынша жұмысшылардың көпшілігін *комитетке* енгізу, жұмысшы қозғалысының жұмысшылардың өз ортасынан шыққан барлық басшыларын, мүмкіндігінше, *комитетке* енгізу қажеттігі көрсетілген жерін маған тауып беріңіз. *Сіз ондай басқа бір жерді көрсете алмайсыз деп мен сеніммен айта аламын.* Біздің партиялық таластарымызды өсекшілердің айтуы бойынша емес, документтер бойынша, *«Рабочее Дело» бойынша,* «Искра» және кітапшалар бойынша зерттеуге ерінбеген адамның қай-қайсысы да жаңа искрашыл уағыздың жалғандығын, оның демагогтық сипатын көре алады деп мен сеніммен айта аламын.

Бәлкім сіз: Ленин мұны жазған-ақ шығар, бірақ оның кеңестері үнемі орындалып отырған емес қой деп қарсылық айтарсыз. Әрине, бұл мүмкін нәрсе. Бірде-бір партия жазушысы өздерін оның жақтаушыларымыз деп айтатындардың бәрі бірдей іс жүзінде оның кеңестерін әрқашан орындап отыратындығына кепілдік бере алмайды. Бірақ, біріншіден, өзін «хаттың» жақтаушысы деп атайтын және сөйте тұра оның кеңестерін орындамайтын социал-демократ осы хаттың өзімен әшкереленбес пе еді? Әлде хат жұмысшыларға да арналмай, тек интеллигенттер үшін ғана басылып отыр ма? Әлде жазушының өз көзқарасын тарату үшін баспасөз арқылы мәлімдеуден басқа бір құралы бар ма? Ал, екіншіден, тіпті «Рабочийдің» айтуына қарағанда, егер бұл кеңестерді меньшевиктер де, большевиктер де орындамаған болса, онда меньшевиктердің большевиктерге қарсы мұндай «алауыздықтарды» *ойлап шығаруға* ешқандай правосы болмағандығы осыдан-ақ айқын емес пе? большевиктер жұмысшылардың дербес әрекет ету қабілетін елемеді деп, олардың жұмысшыларды большевиктерге қарсы айдап салуының демагогия болғаны осыдан-ақ айқын емес пе?

Меньшевиктер мен большевиктер арасында *осы пункт жөніндегі нақты* айырмашылық неде болып отыр? Бұл айырмашылық большевиктердің комитетке жұмысшы-

ларды енгізу туралы анағұрлым ерте, анағұрлым тура айқын және нақты кеңестер бергендігінде емес пе екен? Автономия туралы және жұмысшылардың дербес әрекет ету қабілеті туралы «әсем сөздерді» тек құр сөз ғана болып қалып отырғаны үшін (меньшевиктердегі сияқты) большевиктердің жек көргендігінде және жек көретіндігінде емес пе екен?

Аксельродтың «тамаша» фельетондарынан, Мартовтың ұмытылмас мақалаларынан, Троцкийдің тамаша («көпшіліктің» мүдделері тұрғысынан қарағанда) кітапшасынан рабочо-делошылдық даналықты көп оқыған жұмысшының пролетарлық турашылдығы мен батылдығынан тұйыққа тіреліп отырған құрметті, еңбегі сіңген ақсақал Аксельродтың енді өзінің алғы сөзінде қалай жалтарып отырғанын қараңыз.

Біздің партия ұйымы экономизм уақытынан бері өзінің құрамы жағынан бұрынғыға қарағанда едәуір пролетарлық ұйым болды деген Рядовойдың пікірін «Рабочий» бекерге шығармақшы болады. «Рабочийдің» мұнысы, тегінде, дұрыс емес. Мұны партиямыздағы істің жайын біршама ұзақ уақыт бойы бір табан жақын байқаған адамның қай-қайсысы болсын біледі. Бірақ бәрінен бұрын біздің Аксельродтың бұлтарып шыға келуі кісі күлерлік болып отыр. Оның социал-демократия дегеніміз интеллигенттік ұйым деген ғажайып пікірлерін, социал-демократия жауларының, либерал освобождениешілдердің өте шеберлікпен пайдаланған пікірлерін кім білмейді? Партияға таңылған осындай жаланы партияға өкпелі жаңа искрашылдардың сан рет қайталап, сан саққа жүгірткенін кім білмейді? Енді, міне нақ сол Аксельродтың өзі «Рабочийдің» сол жаладан шығарған тура да әділ қорытындыларынан үрейленіп, жалтарып отыр:

«Социал-демократияның дүниеге келіп, алғаш дами бастаған кезінде,— дейді ол алғы сөзінде,— орыстың революциялық партиясы таза интеллигенттік партия болды... Қазір саналы революцияшыл жұмысшылардың өзі социал-демократиялық партияның басты отрядтары (тыңдаңыздар!) болып отыр» (15-бет).

Бейшара «Рабочий»! Аксельродтың «әсем сөздеріне» сенгендігі үшін ол қалай опық жеді десейші! «Кооптацияның» қажеттігіне қарай бір жарым жыл ішінде біресе олай деп, біресе былай деп айта беретін жазушыларга сенуші адамдардың бәрі қашан да осылай опық жемекші.

«Кепілдіктер» туралы оған тікелей қойылган сұрақтап Аксельродтың қалай жалтаратынын қараңыз. Бұл сондай тамаша, бұл — жаңа искралық әдебиеттің кереметі емес пе. «Рабочий» *ұйымдардағы* жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынасы туралы айтады, «Рабочийдің» кепілдіктер болмайынша, тең праволар болмайынша, яғни сайлау негізінде болмайынша, бюрократтық емес централизм туралы айтылған әсем сөздер тек сөзуарлық болып қала береді деуі *мың мәртебе дұрыс айтылған сөз*. Ал бұған Аксельрод қалай жауап береді? «Жұмысшылардың біздің ұйымдардағы праволық жағдайын өзгерту туралы оймен әуестену сыңаржақтық болады», автор қырсықтан арылу жөніндегі мәселені «формальдық-ұйымдық қатынастар саласына» бекер көшіріп отыр, «право жағынан теңгеру жөніндегі жеке міндеттің» тек «біздің практиканың социал-демократиялық бағытта бұдан былайғы даму процессінде» ғана шешілетіндігін автор бекер ұмытып отыр. «Кітапшаның авторы әдейі шұғылданып отырған мәселе партиямыздың коллективтік саналы жұмыс процесінде ғана тыңғылықты түрде шешілуі мүмкін».

Шынында да, мұның өзі керемет емес пе? Лиганың съезінде және жаңа «Искрада» (№ 55) ұйымдық мәселені, тек қана ұйымдық мәселені көтерген және оны бірінші болып алға қойған Аксельродтың дәл өзі ғой, ал «Рабочий» ұйым туралы арнаулы кітапша жазган кезде, оған маңғазданып: маңызды нәрсе формальды жағы емес, ол жұмыс процесі! — дегенді айтады.

Жаңа «Искра» мен Аксельродқа ұйымның принциптері маңызды болып отырған жоқ, қайта принципсіз позицияны ақтау үшін мылжыңдау процесі маңызды болып отыр. Атышулы бүкіл ұйым-процесс теориясында (әсіресе Роза Люксембургтің мақалаларын қараңыз),

марксизмді кірлететін, бұрмалайтын теорияда принципсіздікті жақтағаннан басқа ешқандай мазмұн жоқ.

Қайталап айтамыз: жаңа искрашылдардың ұйымдық позициясының бүкіл жалғандығымен таныстыру үшін «Рабочийдің» тамаша кітапшасын жеткілікті деп ұсыну аздық етеді. Бұл кітапшаны біз әсіресе меньшевиктер сайлау негізінде болсын дегенді уағыздаумен большевиктерге қарсы айдап салып жүрген жұмысшыларға барынша батыл ұсынамыз *. Сөзуарлар мен өтірікшілерді жұмысшылар тамаша әшкерелейді. Олар: не сайлау негізінде болу керек, не комитеттерге жұмысшыларды енгізу туралы тек кеңес болуы керек,— деп мәселені тамаша қойып отыр. Егер сайлау негізінде болатын болса, онда ресми кепілдік, устав бойынша кепілдік беріңіздер, устав бойынша тең право беріңіздер. Жұмысшылар жаңа искрашылдардың бұл мәселеден, таң намазы алдындағы шайтандар сияқты, зыр қағып қашатынын көзімен көреді. Егер жұмысшыларды енгізуге кеңес керек болса, егер демократизмді, яғни *орыстың* құпия ұйымдарында сайлау негіздерін жаппай қолдану самодержавиелік-полициялық құрылыспен сыйыспайды деп санаған ескі «Искраның» айтқаны дұрыс болса, онда сіз жұмысшыларды комитеттерге енгізу жөнінде көпшіліктің бергеніндей тура және ғибратты кеңесті *ешқайдан* таба алмайсыз.

«Вперед» № 2,
14(1) январь, 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: *Н. Ленин.* «Орталық мекемелердің партиядан қол үзуі туралы мәлімдеме мен документтер». (Осы том, 121—132-беттер. *Ред.) Меньшевиктер көсемінің* бұл кітапшада келтірілген хатында былай делінген: «Жұмысшылар сайлау системасын талап етіп отыр, мұның өзі тастай беріктердің жанталасуының айқын көрінісі». Мен тастай беріктердің қатарына қосыламын, бірақ мен мұндай жанталасушылыққа өте разымын. Жұмысшылардың сайлау негізінде болсын деп талап етуі жаңа искрашылдардың жұмысшыларды ертегімен жемдей алмағандығын айқын көрсетеді, сондықтан Аксельрод қалай жалтарса да, енді толық әшкереленуден құтыла алмайды.

БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ЦЮРИХ ТОБЫНА ХАТ

Genève, le 18. I. 1905.

Құрметті жолдастар! Сіздердің сұрағыңызға жауап беру үшін редакция жиналысын шақыруға мүмкіндік жоқ, сондықтан мен Сіздерге өз атымнан ғана жауап бермекпін. Большевиктердің Цюрих тобы: «біз Орталық Орган мен Орталық Комитетке қалай қараймыз, оларды заңды түрде өмір сүріп, бірақ заңсыз әрекет етіп отыр, сондықтан оларға оппозициялық жағдайдамыз деп санаймыз ба, немесе оларды партия орталығы деп мүлдем танымаймыз ба» деп сұрайды.

Меніңше, Сіздердің бұл сұрағыңыздан казуистикаға біраз бой ұрғандық көрініп тұр. «Вперед» газеті туралы анонс [73] пен оның 1-номері («Доғаратын мезгіл жетті» *) + мен жазған «Мәлімдеме мен документтер» ** бұл сұраққа *шын мәнісінде* жауап берген сияқты еді. Орталықтар (Орталық Орган, Орталық Комитет және Совет) партиядан *қол үзді*, II съезді де, III съезді де болғызбай тастады, партияны өрескел алдады, өздерінің отырған орындарын бонапарттық тәсілмен басып алды. Осындай жағдайда орталықтардың заңды өмір сүруі туралы қандай сөз болуы мүмкін? Жалған вексель бойынша ақшаны қолға түсіріп алған зұлым адамның оны иемденуі заңды бола ма?

Мәселе соншама айқып болып отырғанда Цюрих большевиктерінің әлі де жете түсіне алмауы маған ғажап нәрсе болып көрінеді. Орталықтардың партияға бағын-

* Қараңыз: осы том, 152—157-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 121—132-беттер. *Ред.*

ғысы келмегені толық дәлелденді. Бізге не істеу керек? III съезді шақыру керек пе? Олар бұл жөнінде де алдап кетті. Бір-ақ нәрсе қалып отыр: меньшевиктерден мүмкіндігінше *толығырақ*, тезірек, айқынырақ (ашық, жұрт алдында) ажырасу керек, орталықтардың келісімінсіз және оларсыз өзіміздің, партияның III съезін шақыру керек, *дереу* (бұл орталықты да күтпестен) өзіміздің партия орталықтарымен, «Вперед» редакциясымен және солтүстік конференция сайлаған орыс бюросымен [74] жұмыс жүргізе бастауымыз керек.

Қайталап айтамын: орталықтар *өздерін* партиядан *тыс қалдырды*. Басқа жол жоқ: кім орталықтарды жақтайды, кім партияны жақтайды? Ажырасатын уақыт жетті және партияны жасырын түрде жікке бөліп келген меньшевиктерден басқаша қимылдап, олардың әрекетіне ашықтан-ашық жауап беру керек: иә, жікке бөліну керек, өйткені сіздер ақырына дейін жіктеліп болдыңыздар деу керек. Иә, жікке бөлінуіміз керек, өйткені біз істі *партиялық* шешімге (III съезге) қаратып кідіртудің *барлық* амалын сарқып болдық. Иә, жікке бөлінуіміз керек, өйткені барлық жерде бірдей іріткі салушылармен жексұрын жанжал іске тек зиянын тигізумен болды. Питерден бізге былай деп жазады: жікке бөлінгеннен кейін жағдай жақсарды, өзің сенген адамдармен жанжалдаспай жұмыс істеуге болатын болды. Бұл да айқын емес пе? Бонапартшылдар мен іріткі салушылар жойылсын!

Бұл жауапқа қанағаттанасыздар ма, соны хабарлаңыздар.

Шетелдегі көпшілік топтарының бірігіп нығаюы *қажет*. Бұл туралы дереу берндіктерге жазыңыздар (Herrn Kazakow. Bäckereiweg, 1. Bern), олар қазірдің өзінде-ақ бұл істі қолға алды және Сіздерге менен гөрі жақсы жауап береді. Іске жігерлірек кірісу керек. Барлық топтармен хат жазысып тұрыңыздар, ақша мен материалдар жөнінде қозғау салыңыздар, жаңа жерлерде топтар ұйымдастырыңыздар, т. т.

Азшылықтан біржола ажырасқаннан кейін біз де өзімізді әлдеқайда жақсы сезініп, сергіп қалдық. Сіздер-

дің де тезірек құтылуларыңызға шын көңілмен тілектеспіз.

Қолдарыңызды қысамын. Сіздің *Н. Ленин*

P. S. Бұған қосымша өз атымнан Меерсонға айрықша сәлем жолдаймын. Ол қалай тұрып жатыр? Халжайы жақсарды ма?

Steiner-ге мен ызалымын — оған айтыңыз, мұнысы оңбағандық: Николаев туралы рождествоға дейін жазамын деп уәде беріп еді, ал қазір январьдың аяғы таялып қалды!!

Берн тобы шетелдегі большевиктерді біріктіру жөнінде инициатива жасап отыр, ол, әрине, бюроның басшылығымен болады. Осы жөнінде Берн тобының бізге жазған хатын және Женева тобының жауабын сұраңыздар.

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Е. Д. СТАСОВАҒА ЖӘНЕ МОСКВА ТҮРМЕСІНДЕГІ ЖОЛДАСТАРҒА ХАТ [75]

19. I. 1905.

Қымбатты достар! Сотта ұстайтын тактика туралы Сіздердің сұрағыңызды (Абсолюттің хатынан және белгісіз біреу арқылы «сөзбе-сөз айтылған» запискадан) алдым. Абсолют екі түрлі көзқарас жайында жазады. Запискада үш топ туралы айтылған,— мүмкін, төмендегі үш түрлі пікірді айтпақшы болған шығар, бұларды мен еске түсіруге тырысып көрейін: 1) Сотты мойындамау және оған тура бойкот жариялау. 2) Сотты мойындамау және сот тергеуіне қатыспау. Адвокатты тек ол жалпы право тұрғысынан алғанда соттың орынсыз екендігі туралы ғана сөйлейді деген шартпен шақыру керек. Қорытынды сөзде profession de foi * баяндап, присяжныйлар сотының болуын талап ету керек. 3) Қорытынды сөз туралы да осылай. Сотты үгіт құралы ретінде пайдалану керек, ал бұл үшін адвокаттың көмегімен сот тергеуіне қатысу керек. Соттың заңсыздығын көрсетіп, тіпті бұл үшін куәлар шақыру керек (alibi etc.-дәлелдеу керек).

Одан кейінгі сұрақ: сенімі жөнінен социал-демократ екенін ғана айту керек пе немесе өзінің Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі екендігін мойындауы керек пе?

Сіз бұл мәселе жөнінде кітапша керек деп жазасыз. Мен дереу қазір, тәжірибе ештеңе көрсетпей тұрып, кітапша шығаруды қолайлы деп санамаған болар едім.

---

* — наным символы, программа, дүние танымды баяндау. *Ред.*

Бәлкім, реті келген кезде, газетте сөз етерміз. Бәлкім, түрмеде отырғандардың біреуі газетке (5—8 мың әріп) мақала жазар? Мұның өзі айтысты бастау үшін, бәлкім, өте жақсы болар еді.

Менің өз басым бұл туралы толық бір белгілі пікірге әлі келгенім жоқ, сондықтан үзілді-кесілді пікір айтудан бұрын түрмеде отырған немесе сотта талай болған жолдастармен толығырақ әңгімелесуді дұрыс болар дер едім. Осындай әңгімені бастау үшін мен өз пікірімді айтып өтейін. Көп нәрсе, менің̧ше, соттың *қандай* болатындығына байланысты? Яғни сотты үгіт үшін пайдалануға мүмкіндік бар ма немесе бұған ешқандай мүмкіндік жоқ па? Егер мұның біріншісі болса, онда 1-номерлі тактика жарамсыз; егер мұның екіншісі болса, онда ол тактика орынды, бірақ мұның өзінде де ашық, айқын, жігерлі түрде наразылық білдіріп, мәлімдеме жасағаннан кейін орынды болады. Ал егер сотты үгіт үшін пайдалануға мүмкіндік болса, онда 3-номерлі тактика дұрыс. Менің̧ше, profession de foi-ды баяндап сөз сөйлеу тегінде өте керек, өте пайдалы және мұның көп реттерде үгіт ролін атқаруы мүмкін. Әсіресе, үкімет сотты қолдана бастаған кезде социал-демократтардың социал-демократиялық программа мен тактика туралы сөз сөйлеуі керек болар еді. Өзін партияның, әсіресе ұйымның мүшесі деп мойындау қолайсыз, онан да мен өзімнің сенімім жөнінен алғанда социал-демократпын деп мәлімдеумен шектелген жақсы деседі. Менің ойымша, сөйлегенде ұйымға қатысты тіпті еш нәрсе айтпаған жөн, яғни белгілі себептер бойынша мен өзімнің ұйымға қатыстылығым туралы айтпаймын, бірақ мен социал-демократпын, сондықтан мен *б і з д і ң* партия туралы айтамын деу керек. Мәселені бұлай қоюдың екі түрлі пайдасы болар еді: ұйымға қатысы жөнінде (яғни ұйымға мүше ме, қандай ұйымға etc.) айтуға болмайтындығы тура және айқын ескертіледі, сонымен бірге *біздің* партия туралы айтылар еді. Сотта айтылған социал-демократиялық сөздердің партиялық сөздер мен мәлімдемелер болуы үшін, үгіттің партия пайдасына жүргізілуі үшін осылай болу қажет. Басқаша айтқанда: мен өзімнің формальды-ұйымдық қатыстылығымды қозғамай-

мын, бұл туралы үндемеймін, ресми түрде белгілі бір ұйымның атынан сөйлемеймін, бірақ социал-демократ болғандықтан, мен *біздің* партия туралы сөйлеймін және менің мәлімдемелерімді *біздің* бүкіл социал-демократиялық әдебиетте, біздің пәлендей кітапшаларда, листоктарда, газеттерде айтылған социал-демократиялық көзқарастарды баяндаудың тәжірибесі ретінде қабылдауды сұраймын.

Адвокат туралы мәселе. Адвокаттарды қыспақта ұстау керек, оларды қысылшаң жағдайға қою керек, өйткені бұл интеллигент лағынеттер екінің бірінде оңбағандық істейді. Оларға алдын ала былай деп айтып қою керек: егер сен, иттің баласы, тіпті сәл ғана ұятсыздық істесең *немесе саяси оппортунизмге* салынсаң (социализмді дамып жетпеген деп, оны дұрыс емес деп сөйлесең, мұны әуестенушілік дейтін болсаң, *социал-демократтар зорлықты теріске шығарады,* олардың ілімі мен қозғалысының бейбіт сипаты бар, тағысын-тағылар дейтін болсаң немесе осы сияқты бірдеме дейтін болсаң), онда мен, айыпкер, табан астында сені жұрт алдында сөйлетпей қоямын, арамза деп атап, мұндай қорғаудан бас тартамын деп мәлімдеймін, т. т. Және де бұл қорқытуды жүзеге асыру керек. Ақылды адвокаттарды ғана алу керек, басқаларының керегі жоқ. Оларға мынаны: фактілерді және айыптың пәле жабу арқылы тағылып отырғандығын тексеру мәселесінде куәлар мен прокурорды ылғи сынап, «тұзаққа түсіріп» отыру керек, соттың әділетсіздік жақтарын ылғи масқаралап отыру керек деп алдын ала ескертіп қою қажет. Тіпті ақылды либерал адвокаттың өзі де социал-демократиялық қозғалыстың бейбіт сипаты бар, бұл қозғалыстың мәдени ролін тіпті Ад. Вагнерлер etc. сияқты адамдар да мойындайды деп айтуға *немесе* солай деп *тұспалдауға* мейлінше бейім келеді. Осындай пиғылдардың бәрін түп тамырымен құрту керек. Юристер ең реакцияшыл адамдар деп, сірә, Бебель айтқан. Аяз әліңді біл, құмырысқа жолыңды біл. Тек юрист қана бол, айыптаушы жақтың куәлары мен прокурорды келемежде, ең әрі кеткенде бостандық бар елдегі осындай сот пен присяжныйлар сотын қарама-қар-

сы қой, бірақ сотталушының сеніміне тиіспе, сотталушының сенімі мен әрекетіне баға бермек ниеттен аулақ бол. Өйткені сен, либералсымақ, мұндай сенімдерді ұқпайтының соншалық, тіпті оларды мақтаймын дегеннің өзінде де даттап аласың деу керек. Әрине, адвокатқа осының бәрін собакевичше емес, жайлап, біртіндеп, икемдеп, абайлап айту керек. Сөйтсе де ең жақсысы — адвокаттардан сақтанып, оларға сенбеген жөн, *әсіресе,* егер олар өздерін социал-демократтармыз және партия мүшесіміз (біздің 1-параграф бойынша!!) дейтін болса, олардан сақ болу керек.

Меніңше, сот тергеуіне қатысу мәселесі адвокат туралы мәселемен бірге шешілетін сияқты. Адвокат шақыру — сот тергеуіне қатысу деген сөз. Куәларды әшкерелеу үшін және сотқа қарсы үгіт жүргізу үшін оған қатыспайтын несі бар. Әрине, орынсыз ақталу әуеніне түсіп кетпеу үшін өте сақ болу керек, бұл айтпаса да түсінікті! Ең жақсысы — бірден, сот тергеуіне *дейін,* председательдің алғашқы сұрақтарына: мен социал-демократпын, ал мұның не екендігін өзімнің сөзімде айтамын деп мәлімдеген дұрыс. Сот тергеуіне қатысу мәселесін нақты шешу бүтіндей мына жағдайларға байланысты болады: айталық, сіз толық әшкерелендіңіз, куәлар дұрысын айтып тұр, айыптаудың барлық мәні даусыз документтерге негізделген делік. Олай болған күнде барлық назарды принципті сөз сөйлеуге аударып, ал сот тергеуіне қатысудың керегі де жоқ болуы мүмкін. Ал егер фактілер босаңдау болса, агентура куәлары шатастырып, өтірік айтса, онда соттың пәлеқорлықпен жүргізіліп отырғанын әшкерелейтін үгіт материалын пайдаланбай қалу орынды бола қоймас. Сол сияқты, іс сотталушыларға да байланысты: егер олар тым шаршаған, ауру, қалжыраған болса, «сотта сөйлеуге» және сөз таластыруға дағдыланған мықты адамдар болмаса, онда сот тергеуіне қатысудан бас тарту тиімдірек болар, онда бас тартатындығыңды мәлімдеп, барлық назарды принципті сөз сөйлеуге аударған мақұл, өйткені оған алдын ала даярланған дұрыс. Қалай болғанда да социал-демократияның принциптері, программасы және так-

тикасы туралы, жұмысшы қозғалысы туралы, социалистік мақсаттар туралы, көтеріліс туралы сөйленетін сөз — ең маңыздысы болып табылады.

Қорытындысында тағы да қайталап айтамын: бұл менің алдын ала білдірген пікірлерім, бұларды мәселені шешуге онша жеткілікті әрекет деп қарамау керек. Тәжірибе не көрсетер екен, соны күту керек. Ал мұндай тәжірибені жасауда жолдастардың көбінесе нақты жағдайларды және *революционердің түйсігін* сарапқа салып басшылыққа алуына тура келеді.

Курцке, Рубенге, Бауманға және барлық достарға көп, көп сәлем! Уайымдамаңыздар! Біздің ісіміз қазір жақсарып келеді. Біз пәлеқорлардан ақыры біржола құтылдық. Кейін шегіну тактикасынан қол үздік. Енді біз шабуылға шықтық. Орыс комитеттері де іріткі салушылардан іргесін аулақ сала бастады. Өзіміздің газетіміз жолға қойылды. Өзіміздің практикалық орталығымыз (бюро) бар. Газеттің екі номері шықты, таяу күндердің ішінде (жаңаша 23. 1. 1905) 3-номері [76] шығады. Апта сайын шығарамыз деген үміттеміз. Сау-саламат және сергек болуларыңызды тілеймін!! Біз әлі көрісеміз, мұндағы Лига съездері сияқты ұрыс-керіс пен ұсақ-түйектен гөрі жақсы жағдайда күресетін боламыз!

*Бірінші рет 1924 ж.
«Пролетарская Революция»
журналының 7(30) номерінде
басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

ПЕТЕРБУРГ СТАЧКАСЫ

Путилов заводында 3 январьда басталған стачка жұмысшы қозғалысының аса күшті көріністерінің біріне ұласып келеді. Біздің мәліметтеріміз әзірге шетелдік газеттер мен жария орыс газеттерінің хабарларымен шектеліп отыр. Бірақ осы хабарлардың өзі де стачканың қазірдің өзінде-ақ орасан зор маңызды саяси оқиғаға айналғандығына еш бір күмән қалдырмайды.

Стачка таза стихиялы түрде басталды. Еңбектің капиталмен үнемі болып тұратын қақтығыстарының бірі бұл жолы завод әкімшілігінің төрт жұмысшыны жұмыстан шығарып жіберуі себепті болды. Жұмысшылар оларды қайтадан жұмысқа алуды талап етіп, толық ынтымақтастық рухта көтеріліске шықты. Қозғалыс тез арада күшейіп кетті. Оған жария «Фабрика-завод жұмысшыларының орыс қоғамы» [77] қатысады, сөйтіп стачка келесі, жоғары сатысына көшеді.

Жұмысшылардың жария қоғамына зубатовшылдар ерекше көңіл бөліп келді. Енді, міне, зубатовтық қозғалыс өз шеңберінен асып, полицияның мүдделері үшін, самодержавиені қолдау мүдделері үшін, жұмысшылардың саяси санасын аздыру мүдделері үшін полиция бастаған бұл қозғалыс самодержавиеге қарсы бағытталып, пролетарлық тап күресінің дүмпуіне айналып келеді.

Біздің зубатовшылдықтың *осындай* нәтижелерге әкеп соқтырмай қоймайтындығын социал-демократтар әлдеқашан-ақ көрсеткен болатын. Жұмысшы қозғалысын

жария ету — деген еді олар — біздерге, социал-демократтарға, сөзсіз пайда келтіреді. Ол жұмысшылардың кейбір, әсіресе артта қалған топтарын қозғалысқа тартады, үгітші-социалистердің тез арада, мүмкін, тіпті еш уақытта да оята алмайтын адамдарын оятуға көмектеседі. Ал қозғалысқа тартылып, өз тағдыры жөніндегі мәселеге мүдделі болған жұмысшылардың бұдан да ілгері баратындығы анық. Жұмысшылардың жария қозғалысы социал-демократиялық жұмысшы қозғалысы үшін тек жаңа, бұрынғыдан гөрі кең негіз болмақ *.

Петербургте де істің нақ осындай болғаны күмәнсыз.

Қозғалыстың айрықша ұлғая түсуіне екі жағдай көмектесті: 1-ден, экономикалық күрес үшін тиімді кезеңнің болуы (әскери және теңіз министрліктері заказдарының орындалуына үкіметтің аса мұқтаж болуы); 2-ден, қоғам ішінде конституциялық қозғалыстың жандануы. Стачканы жұмыстан шығарылған жекелеген жолдастарын қорғау үшін бастаған жұмысшылар кең экономикалық талаптар қоюға көшті. Олар 8 сағаттық жұмыс күнін, минимум ақының болуын (еркекке 1 сом, әйелге 70 тиын), мерзімнен тыс жұмыстардың міндеттілігін жоюды (және оларға екі есе ақы төлеуді), санитарлық жағдайлар мен медициналық жәрдемді жақсартуды, т. т. талап етті. Стачка жаппай стачкаға айнала бастады.

8 (21) январьда, сенбі күні, шыққан шетел газеттері; тіпті орыстың ресми мәліметтері бойынша да 96 000-ға таяу жұмысшысы бар 174 завод, фабрика және шеберхана жұмысты тоқтатты деп хабарлады.

Бұл арада біз қалыптасып келе жатқан пролетарлар табының өз дұшпандарына қарсы аса ірі қақтығысуларының бірін көріп отырмыз, мұндай қақтығыстар ұзақ жылдарға ізін қалдырады.

Бірақ іс экономикалық талаптармен шектелмеді. Қозғалыс саяси сипат ала бастады. Бұған жергілікті социал-демократтар қатысуға тырысты (бірақ, тегі, әлі өте нашар). Бірнеше мың адам қатысқан орасан зор жұ-

* Н. Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабын салыстырыңыз, 86—88-беттер. (Шығармалар толық жинағы, 6-том, 126—128-беттер. *Ред.*)

мысшы жиналыстарында саяси талаптар талқыланып, саяси бостандықты жақтайтын қарарлар дауысқа қойыла бастады. Жұмысшылар дайындаған петиция үш бөлімнен тұрады деп хабарлайды [78]. Бірінші бөлімде халыққа праволар беру талабы баяндалады. Екіншісінде халықтың кедейлігімен күресу шаралары айтылады. Үшіншісінде капиталдың еңбекті қанауына қарсы шаралар баяндалады. Бірінші бөлімдегі талаптар мынадай: адамның жеке басына ешкімнің тимеуі, сөз бостандығы, жиналыс, ождан бостандығы; мемлекет қаржысы есебінен мектепте міндетті оқыту, халық сайлаған өкілдердің заң шығару ісіне қатысуы, заң алдында барлық жұрттың тең болуы, министрлердің жауаптылығы, сатып алу төлемдерін жою, арзан кредиттің болуы, мемлекеттік жерлерді біртіндеп халыққа таратып беру, табыс салығы. (Егер бұл хабар шын болса, онда мұның өзі бұқараның немесе оның санасы төмен көсемдерінің ақыл-ойына социал-демократтар программасының ерекше қызықты түрде қонғанын көрсетеді.) Ағылшынның «The Standard» [79] газетінің тілшісі былай деп хабарлайды: 5(18) январьда үш жиналыс болды (бірсуіне 4 мың адам, екіншісіне 2000 адам қатысты) және оларда мынадай саяси талаптар қабылданды: 1) жалпыға бірдей дауыс берумен сайланған құрылтай жиналысын дереу шақыру; 2) соғысты тоқтату; 3) саяси жер аударылғандар мен саяси тұтқындарға толық амнистия беру; 4) баспасөз және ождан бостандығы; 5) жиналыстар мен одақтар бостандығы. 8(21) январьда шыққан шетел газеттері: «патшаның өзіне» петиция беру үшін 9(22) январьдағы жексенбіде Қысқы сарайдың алдында болатын демонстрация дайындалып жатқаны туралы хабар жариялады. Жұмысшылар: не бостандық, не өлім деп мәлімдеуде. Москва мен Либава жұмысшыларының делегаттары Петербургке жүріп кетті.

Қазір біздің қолымызға түскен әлі тексеріліп анықталмаған аз ғана мәліметтер осындай. Тегі, қозғалыс әлі де дамудың жоғары сатысына жетпесе керек, сондықтан болып жатқан жағдайды толық бағалау үшін оқиғалардың барысын күткен жөн. Қозғалыстың таза экономикалық негізден саяси негізге мейлінше тез ұла-

суы, ондаған, жүздеген мың пролетариаттың орасан зор ынтымағы мен жігері ерекше көзге түседі — ал мұның бәрі саналы социал-демократиялық ықпалдың жоқтығына (немесе болмашы аздығына) қарамастан осылай болып отыр. Қозғалыстың кейбір басшыларының социалистік көзқарастарының жұпынылығы, жұмысшы табының кейбір элементтерінің патшаға деген аңқау сенімінің әлі де сақталып отырғандығы пролетариаттың туып келе жатқан революциялық түйсігінің маңызын кемітпейді, қайта күшейте түседі. Алдыңғы қатарлы езілген таптың саяси наразылығы және оның революциялық жігері барлық кедергілерге қарамастан — полициялық тыйым салу сияқты сыртқы кедергіге де, кейбір басшылардың идеяларының жетілмегендігі, мешеулігі сияқты ішкі кедергіге де қарамастан—бой көрсетіп келеді. Социал-демократияның соңғы он жыл ішіндегі жұмысы және осы уақыт ішінде жұмысшы қозғалысынан алынған сабақ социализм мен саяси күрес идеяларын барынша кең таратып, өзінің жемісін берді. Пролетариат Россиядағы саяси қозғалыс аренасына шығып отырған тек екі күш (самодержавие мен буржуазиялық қоғам) емес екендігін іс жүзінде корсетіп отыр, ал кейбірсулер қорғалақтық жасап осылай деп ойлауға әзір еді. Пролетариат бізге революциялық тап күштерін іске жұмылдырудың шын мәніндегі жоғарғы формаларын көрсетіп отыр; әрине, іске жұмылдыру қайдағы бір қалалық думадағы мәнсіз манифестацияларға емес, Ростов демонстрациясы мен 1903 жылғы оңтүстік стачкалары сияқты бұқаралық қозғалыстарға келіп қосылады. Ал пролетариаттың революциялық күштерінің бұл жаңа, ең жоғары дәрежеде іске жұмылдырылуы бізді оның самодержавиеге қарсы ұрысқа бұрынғыдан да гөрі батыл, бұрынғыдан да гөрі саналы түрде шығуына асқан жеделдікпен жақындатып келеді!

1905 ж. 8(21) январьда жазылған

1905 ж. 24(11) январьда «Вперед» газетінің 3-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯ [80]

Женева, 10(23) январь.

Буржуазияның оппозициялық қозғалысынан ұзақ уақыт шет қалған тәрізді болып келген жұмысшы табы бас көтерді. Жұмысшылардың қалың бұқарасы өздерінің алдыңғы қатарлы жолдастарын, саналы социал-демократтарды, адам айтқысыз тез қуып жетті. Петербургтегі жұмысшы қозғалысы бұл күндерде шынында да алып адыммен қарыштап алға басты. Экономикалық талаптардың орнына саяси талаптар қойыла бастады. Стачка жаппай стачкаға айналып, бұрын-соңды болып көрмеген зор демонстрацияға ұласты; патша атағының беделі мәңгіге күйреуде. Көтеріліс басталып келеді. Күшке күш қарсы шықты. Көшелерде қызу ұрыстар жүріп жатыр, баррикадалар тұрғызылып, дүркін-дүркін мылтық атылады, зеңбіректер гүрсілдейді. Қан судай ағып, бостандық жолындағы азамат соғысы қыза бастады. Петербург пролетариатына Москва мен Оңтүстік, Кавказ бен Польша қосылуға дайын. Жұмысшылар: не бостандық, не өлім! — деп ұран көтерді.

Бүгінгі мен ертеңгі күннің шешері көп. Жағдай сағат сайын өзгеруде. Телеграф соншалықты әсерлі хабарлар жеткізуде, сондықтан қазір сөз атаулының бәрі болып жатқан оқиғалармен салыстырғанда әлсіз болып көрінеді. Әркім өзінің революционерлік және социал-демократтық борышын өтеу үшін әзір болуға тиіс.

Революция жасасын!

Көтеріліске шыққан пролетариат жасасын!

*«Вперед» № 3,
24(11) январь, 1905 ж.*

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ БУРЖУАЗИЯ ДЕМОКРАТИЯСЫ

Социал-демократияның немесе жұмысшы демократиясының буржуазиялық демократияға көзқарасы жөніндегі мәселе ескі және сонымен қатар мәңгі-бақи жаңа мәселе. Ескі мәселе болатыны, ол социал-демократия пайда болған кезден бастап көтерілді. Оның теориялық негіздері маркстік әдебиеттің ең ертедегі шығармаларында — «Коммунистік манифесте» және «Капиталда» анықталған болатын. Мәңгі-бақи жаңа мәселе болатыны, әрбір капиталистік елдің дамуындағы әрбір қадам буржуазиялық демократияның әр түрлі сарындары мен социалистік қозғалыстағы әр түрлі ағымдарды бір-бірімен ерекше, өзінше ұштастырып отырады.

Бұл ескі мәселе біздің Россияда да қазіргі уақытта ерекше жаңа мәселе болып отыр. Мәселенің қазіргі қойылысын анығырақ түсіну үшін біз шағын тарихи анықтамадан бастаймыз. Орыстың ескі революцияшыл халықшылдары утопиялық, жартылай анархистік көзқараста болды. Қауымшыл мужикті даяр тұрған социалист деп санады. Білімді орыс қоғамының либерализмінен орыс буржуазиясының сұқтанушылық әрекеті айқын көрінді. Саяси бостандық жолындағы күрес буржуазияға қолайлы мекемелер құру үшін күрес деп теріске шығарылды. Халық еріктілері саяси күреске көшу арқылы бір адым ілгері басты, бірақ олар мұны социализммен байланыстыра алмады. Біздің қауымның социалистік қауым екендігіне сенім азайып, оны орыс демократиялық интеллигенциясының таптық сипаты

жоқ, буржуазиялық сипаты жоқ дейтін В. В. мырза рухындағы теориялармен жаңарта бастаған кезде, мәселенің айқын социалистік түрде қойылысының өзі тіпті күңгірттене түсті. Сонымен, бұл бұрын буржуазиялық либерализмді сөзсіз теріс деп танып келген халықшылдықтың осы буржуазиялық либерализммен бірте-бірте либералдық-халықшылдық бір бағыт алып қосылуының бастамасы болды. Пролетарлық идеологияның (социал-демократияның) және бұқаралық жұмысшы қозғалысының пайда болып, дамуымен бірге ең баяу, мәдениеттік қозғалыстан бастап, ең бір беткей революциялық-террорлық қозғалысқа дейінгі орыс интеллигенттік қозғалысының буржуазиялық-демократиялық мәні де барған сайын айқындала түсті. Бірақ бұқаралық жұмысшы қозғалысының өсуі социал-демократтар арасындағы жікке бөлінушілікпен қатар жүріп отырды. Социал-демократияның революциялық және оппортунистік қанаты айқын көрінді, мұның біріншісі — біздің қозғалысымыздың пролетарлық тенденциясын, екіншісі — интеллигенттік тенденциясын білдіреді. Жария марксизм [81] көп ұзамай-ақ іс жүзінде «марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы» [82] болып шығып, бернштейншілдік оппортунизм арқылы тікелей либерализмге ұласты. Социал-демократиядағы «экономистер», бір жағынан, таза жұмысшы қозғалысының жартылай анархиялық концепциясымен әуестеніп, социалистердің буржуазиялық оппозицияны қолдауын таптық көзқарасқа опасыздық жасағандық деп санады, Россиядағы буржуазиялық демократия құр елес * деп мәлімдеді. Екінші жағынан, басқа сарындағы «экономистер» нақ сол таза жұмысшы қозғалысымен әуестеніп, революцияшыл социал-демократтарды самодержавиеге қарсы біздің либералдар, земствошылар, мәдениетшілер жүргізіп отырған қоғамдық күресті елемей келеді деп кінәлады **.

Ескі «Искра» Россиядағы буржуазиялық демократияның элементтерін оны көп адамдар елемеген кездің өзінде-ақ көрсетіп берген болатын. Ол осы демократияны

* Қараңыз: «Искраға» қарсы бағытталған рабоче-делошылдық, «Екі съезд» деген кітапша (32-бет).

** Қараңыз: ««Рабочая Мысльға» жеке қосымша», сентябрь, 1899 ж.

пролетариаттың қолдауын талап етті (қараңыз: студенттік қозғалысты қолдау туралы «Искраның» 2-номері *, земствоның құпия съезі туралы 8-номері, дворяндардың либерал жетекшілері туралы 16-номері**, земстводағы толқулар *** туралы 18-номері ****, т. б.). Ол либералдық және радикалдық қозғалыстың таптық, буржуазиялық сипаты бар екендігін үнемі атап көрсетіп отырды және бұлтақтаушы освобожденшілдердің атына былай дейді: «Мынадай айқын ақиқатты ұғынатын уақыт жеткен тәрізді: ортақ жауға қарсы күрестің іс жүзіндегі (сөз жүзіндегі емес) бірлігі саясатқұмарлықпен қамтамасыз етілмейді, Степняк марқұмның бір кезде өзін іркілту, өзін жасыру деп атаған нәрсесімен, дипломатиялық өзара танудың шартты жалғандығымен қамтамасыз етілмейді,— қайта күреске іс жүзінде қатынасумен, күрестің іс жүзіндегі бірлігімен қамтамасыз етіледі. Неміс социал-демократтарының әскери-полициялық және феодалдық-клерикалдық реакцияға қарсы күресі халықтың белгілі табына (мәселен, либералдық буржуазияға) сүйенетін қандай да нағыз партияның күресімен ортақ күреске айналғанда, өзара тану туралы құрғақ сөздерсіз-ақ қимыл бірлігі орнай бастады» (№ 26) *****.

Ескі «Искраның» мәселені осылай қоюы бізді социал-демократтардың либералдарға көзқарасы жөніндегі қазіргі таластарға бір табан жақындата түседі. Жұртқа мәлім, бұл таластар екінші съезден басталды, съезд көпшіліктің (Плехановтың қарары) және азшылықтың (Старовердің қарары) көзқарастарына сай келетін екі қарар қабылдады. Алғашқы қарар буржуазия қозғалысы болып отырған либерализмнің таптық сипатын дәл

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 422—427-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 289—296-беттер. *Ред.*

*** Жағдаймен пайдаланып, Старовер мен Плехановқа шын ниетпен алғыс айтамын, олар ескі «Искрада» қол қойылмай басылған мақалалардың авторларын айқындау жөнінде өте пайдалы жұмыс бастады. Олар бұл жұмысты аяғына дейін жеткізеді деп сенеміз — мұның өзі жаңа «Искраның» рабоче-делошылдыққа бет бұруына баға беру үшін өте ерекше материал болып шығады.

**** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 379—388-беттер. *Ред.*

***** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 43—44-беттер. *Ред.*

көрсетеді, сөйтіп негізгі либералдық бағыттың (освобождениешілдіктің) антиреволюциялық және пролетариатқа қарсы сипатын пролетариатқа түсіндіру міндетін бірінші кезекке қояды. Бұл қарар пролетариаттың буржуазиялық демократияны қолдауы қажет екендігін мойындай отырып, саясатқұмарлықпен өзара ұғынысушылыққа салынбайды, қайта ескі «Искра» рухында істі бірлесіп күрес жүргізуге әкеліп тірейді: буржуазия патша өкіметіне қарсы *өзінің күресінде* қаншалықты революцияшыл немесе тек оппозицияшыл *болып шықса*, социал-демократтар оны *соншалықты* «қолдауға тиіс».

Староверең қарары, мұның керісінше, либерализм мен демократизмге таптық талдау жасамайды. Ол қарар жақсы ниеттерге толы, ол барынша жоғарғы және жақсы келісім шарттарын ойлап шығарады, бірақ бір өкініштісі,— мұның бәрі жалған, *сөз жүзінде* қалатын шарттар: либералдар немесе демократтар мынадай бір *мәлімдеме* жасауға тиіс, мынадай бір *талаптарды* қоймауға тиіс, мынадай бір нәрселерді өздерінің *ұраны* етіп алуға тиіс. Буржуазиялық демократияның тарихы, сірә, жұмысшыларды мәлімдемелерге, талаптарға, ұрандарға сенуден қайда болмасын және әрдайым сақтандырмаған секілді болып отыр! Буржуазияшыл демократтардың толық азаттық ұрандарын ғана емес, сонымен қатар теңдік ұрандарын, социализм ұрандарын да көтеріп шыққанын, бірақ олардың мұнан буржуазияшыл демократ болудан қалмағандығын, осылай ету арқылы пролетариаттың сана-сезімін одан әрі «қараңғылай» түскендігін тарих бізге жүздеген мысалдар арқылы көрсетпеген секілді болып отыр! Социал-демократияның интеллигенттік қанаты пролетариаттың сана-сезімін осындай қараңғылауға қарсы буржуазияшыл демократтарға бұлай қараңғыламау туралы шарттар қою арқылы күреспекші болады. Пролетарлық қанат демократизмнің таптық мазмұнына талдау жасау арқылы күреседі. Интеллигенттік қанат келісімдердің сөз жүзіндегі шарттарын қуады. Пролетарлық қанат іс жүзіндегі күрес бірлігін талап етеді. Интеллигенттік қанат жақсы, қайырымды және өзімен келісім жасауға болатын буржуазияның шамасын ойлап шығарады. Пролетарлық қанат

буржуазиядан ешқандай қайырымдылық күтпейді, бірақ *буржуазия іс жүзінде патша өкіметіне қарсы күресіп отырғандықтан* буржуазияның қандайын болса да, тіпті ең нашар буржуазияны да қолдайды. Интеллигенттік қанат саудагерлік көзқарасқа ауытқып кетіп отырады: егер сіздер социалист-революционерлер жағына шықпай, социал-демократтар жағында болсаңыздар, онда біз ортақ жауға қарсы шығуға келісеміз, әйтпесе келіспейміз дейді. Пролетарлық қанат тиімдірек көзқарасты ұстайды: біз сіздерді тек өз жауымызға ебін тауып қандай да болсын соққы бере алатын жағдайда ғана қолдаймыз дейді.

Староверідің қарары өмір шындығымен алғаш жанасқанда-ақ оның барлық кемшіліктері ашылып шыға келді. Жаңа «Искраның» 77 (бас мақала: «Демократия жол айырығында») және 78 (Староверідің фельетоны) номерлеріндегі принципті пайымдауларға байланысты редакцияның атақты жоспары, «іске жұмылдырудың жоғары типті» жоспары, осындай жанасқандық болып табылады. Жоспар туралы Лениннің кітапшасында әңгіме болған-ды, ал пайымдауларға қазір тоқталып өтуге тура келеді.

Жаңа «Искраның» жоғарыда көрсетілген пайымдауларының негізгі ойы (немесе, дәлірек айтқанда, негізгі жете ойламауы) земствошылар *мен* буржуазиялық демократияның арасына айырмашылық қою болып табылады. Бұл айырмашылық екі мақаланың да өн бойына айтылып отырған, оның бер жағында, зейін қойып оқыған адам буржуазиялық демократия деген терминнің орнына және сонымен қатар бір мағыналы термин ретінде: демократия, радикалдық интеллигенция (sic!), туып келе жатқан демократия, интеллигенттік демократия деген терминдер қолданылатындығын көреді. Бұл айырмашылықты жаңа «Искра» өзіне тән кішіпейілділікпен аса үлкен жаңалық, керемет концепция етіп көрсетеді де, оны бейшара Ленин «түсіне алмайтын болып шығады». Бұл айырмашылық біз тікелей Троцкийден де, «Искра» редакциясынан да сан рет естіп жүрген күрестің жаңа әдісімен тікелей байланыстырылып отыр,— атап айтқанда: земстволық либерализм «сірә, оны ша-

янсың деп әшкерелеуге ғана жарайтын сияқты», ал интеллигенттік демократия біздермен келісімге келуге жарайды деседі. Демократия дербес күш ретінде дербес әрекет жасауға тиісті. «Өзінің тарихи қажетті бөлегі, өзінің қозғаушы жүйкесі (тыңдаңыздар!), өзінің буржуазиялық-демократиялық бөлегі алынып тасталған россиялық либерализм, тегі, шаянсың деп әшкерелеуге ғана жарайтын сияқты». «Орыс либерализмі туралы» лениндік концепцияда «демократияның авангарды ретінде социал-демократия қашан да болса (!) өзінің ықпалын жүргізе алатын қоғамдық элементтерге орын берілмеген-ді».

Жаңа теория осындай. Қазіргі «Искраның» барлық жаңа теориялары сияқты, бұл теория да басынан аяғына дейін шатасқан болып шықты. Біріншіден, интеллигенттік демократияны жұрттан бұрын аштым деу негізсіз және кісі күлерлік. Екіншіден, земстволық либерализм *мен* буржуазиялық демократияның арасынан айырмашылық табу дұрыс емес. Үшіншіден, интеллигенция дербес күш бола алады деген пікір дәлелсіз. Төртіншіден, земстволық либерализм («буржуазиялық-демократиялық» бөлегінсіз) әшкерелеуге ғана жарайды, т. т. деп дәлелдеу әділетсіздік болады. Осы пункттердің бәрін талдап көрейік.

Ленин интеллигенттік демократияның және үшінші элементтің тууын елемепті-міс.

«Заряның» 2—3-номерін ашып қарайық. Староверлің фельетонында цитатқа алынған нақ осы «Ішкі жағдайға шолуды» алайық. *Үшінші бөлімнің бас тақырыбын* оқиық: «Үшінші элемент» *. Осы бөлімнің беттеріне көз жүгіртіп қарағанда, одан «земствода қызмет етуші дәрігерлердің, техниктердің және т. с. саны мен ықпалының өсуі» туралы оқимыз, «саны барған сайын көбейе түскен интеллигенттерге қажеттілік тудырып отырған тоқтаусыз экономикалық даму» туралы, «бұл интеллигенттердің бюрократиямен және басқарма шонжарларымен сөзсіз жанжалдасуы» туралы, «соңғы кезде бұл жанжалдардың тура эпидемиялық сипат алғанды-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 357—366-беттер. *Ред.*

ғы» туралы, «самодержавиенің жалпы интеллигенция мүдделерімен ымыраға келмейтіндігі» туралы оқимыз, бұл элементтерді социал-демократия «туы астына» *тікелей шақыруды* оқимыз...

Шынында да, тамаша емес пе? Жаңадан ашылған интеллигенттік демократияны және оны социал-демократия туы астына шақыру қажеттігін қаскүнем Ленин *бұдан үш жыл бұрын* «ашыпты»!

Әрине, земствошылар *мен* буржуазиялық демократияны ашықтан-ашық қарама-қарсы қою ол кезде әлі жоқ еді. Бірақ, бұлай қарама-қарсы қоюдың ақылға сыйымдылығы: Москва губерниясы *және* Россия империясының территориясы дегенмен бірдей. Земствошы-цензовиктер мен дворян жетекшілері *демократтар* болып табылады, өйткені олар самодержавие мен крепостниктік тәртіпке қарсы шығып отыр. Бірақ буржуазиялық демократизм атаулының бәрінің де түрлі дәрежеде тар өрістілігі, мардымсыздығы және дәйексіздігі сияқты, олардың демократизмі де тар өрісті, мардымсыз және дәйексіз келеді. «Искраның» 77-номерінің бас мақаласы біздің либерализмге талдау жасап, оны мынадай топтарға бөледі: 1) крепостник-помещиктер; 2) либерал-помещиктер; 3) цензді конституцияны жақтайтын либерал интеллигенция және 4) бір беткей солшыл — демократияшыл интеллигенция. Бұл талдау толық емес әрі шатастырылып жіберілген, өйткені интеллигенттердің бөлінуі мүдделерін интеллигенция білдіріп отырған таптар мен топтардың бөлінуімен араласып кеткен. Орыстың буржуазиялық демократизмі помещиктердің қалың тобының мүдделерін білдірумен қатар саудагерлер мен өнеркәсіпшілер бұқарасының, көбінесе орташа және ұсақ саудагерлер мен өнеркәсіпшілердің мүдделерін, сондай-ақ (бұл аса маңызды) шаруалар арасындағы қожайындар мен қожайынсымақтар бұқарасының мүдделерін білдіреді. Орыс буржуазиялық демократиясының осы неғұрлым қалың тобын елемеушілік «Искраның» талдауындағы бірінші кемшілік болып табылады. Екінші кемшілігі — орыстың демократияшыл интеллигенциясы өзінің саяси позициясына қарай, үш арнаға: освобождениешілдік, социалист-революциялық және

социал-демократиялық арналарға кездейсоқ емес, қажетті түрде бөлініп отырғандығын естен шығарушылық. Осы бағыттардың бәрінің де ұзақ тарихы бар және бұлардың әрқайсысы буржуазиялық демократияның самарқау және революцияшыл идеологтарының көзқарасын және пролетариаттың көзқарасын (самодержавиелік мемлекет жағдайында мүмкіндігінше айқын) білдіреді. Жаңа «Искраның» «демократия дербес күш ретінде әрекет жасауға тиіс», деген мүләйімсіген тілегінен асқан күлкілі еш нәрсе жоқ, сонымен бірге дәл осы жерде демократия радикалдық интеллигенциямен барабар деп саналады! «Дербес күшке» айналған радикалдық интеллигенция немесе интеллигенттік демократия дегеніміздің өзі *біздің «социалист-революционерлер партиясы» екенін* жаңа «Искра» ұмытып отыр! Біздің демократияшыл интеллигенцияда одан басқа «бір беткей солшыл» интеллигенция болуы мүмкін де емес. Ал мұндай интеллигенцияның дербес күші туралы сөздің кекесін немесе тек бомбистік мағынасында ғана айтуға болатыны өзінен-өзі түсінікті. Буржуазиялық демократия бағытында бола отырып, «Освобождениеден» солға қарай ойысу — мұның аты басқа еш жаққа да емес, социалист-революционерлер жағына ойысу деген сөз.

Ақырында, жаңа «Искраның» соңғы ашқан жаңалығы да, атап айтқанда: «либерализм буржуазиялық-демократиялық бөлігінсіз» шаянсың деп әшкерелеуден басқа еш нәрсеге жарамайды, егер земствошылардан басқа ешкімге арналмайтын болса, онда «гегемония идеясын біржола тастаған жөн» дегені де сын көтермейді. Либерализм атаулының бәрі де іс жүзінде самодержавиеге қарсы қаншалықты дәрежеде күрес жүргізсе, социал-демократия да оларды соншалықты дәрежеде қолдайды. Барлық дәйексіз (яғни буржуазиялық) демократтарды бірден-бір ақырына дейін дәйекті демократтың, яғни пролетариаттың, нақ осы қолдауы гегемония идеясын жүзеге асырады. Гегемонияны тек ұсақ буржуазиялық, саудагерлік түрде ұғыну ғана оның мәнін келісім жасауда, өзара ұғынысуда, сөз жүзінде шарттар қоюда деп біледі. Пролетарлық көзқарас тұрғысынан алғанда: кімде-кім жұрттың бәрінен де қа-

жырлы күрес жүргізсе, кімде-кім жауға соққы беру үшін барлық сылтауды пайдаланса, кімде-кімнің сөзі мен ісі бір жерден шығып отырса, сондықтан да кімде-кім барлық жартыкештікті сынап отыратын демократияның идеялық көсемі болып отырса, соғыстағы гегемония соның қолында болады*. Жаңа «Искра» жартыкештік буржуазиялық демократияның саяси-экономикалық қасиеті емес, моральдық қасиеті деп ойлап, сондай-ақ жартыкештіктің белгілі бір өлшемін табуға болады және табу керек, бұл өлшемге *дейін* либерализм шаяндар деген атаққа ғана лайық болады, ал ол өлшемнен *асып кетсе,* онымен келісім жасауға болады деп ойлап, қатты қателеседі. Мұның аты «жол берілетін пасықтықтың шегін алдын ала белгілеу» деген сөз. Шынында да, мына сөздерге ой жүгіртіп көріңізші: оппозициялық топтармен келісім жасау үшін олардың жалпыға бірдей, тең, төте, дауысты жасырын беру жолымен жүргізілетін сайлау правосын мойындауын шарт етіп қою «оларға өз талабыңның тойтарылмас реактивін, демократизмнің лакмус қағазын тарту, сойтіп пролетарлық көмектің бүкіл құндылығын олардың саяси есебінің таразысына салу» деген сөз (№ 78). Қандай әдемі жазылған! сондықтан осы әдемі сөздердің авторы Староверге былай дегің келеді: достым, Аркадий Николаевич, бұлай әдемі сөйлемесеңізші! Струве мырза «Азаттық одағының» программасына жалпыға бірдей сайлау правосын жазып, Старовердің тойтарылмас реактивін қаламмен бір-ақ сызып тойтарып тастаған болатын. Ал енді нақ сол Струвенің өзі бұл программалардың бәрі либералдар үшін жай ғана қағаз, лакмус қағазы емес, кәдімгі жай қағаз екендігін бізге іс жүзінде сан рет дәлелдеп берген болатын, өйткені бүгін бір нәрсені жазып, ертең басқаны жаза салу буржуазияшыл демократқа түк емес. Тіпті социал-демократия жағына шығып отырған буржуазияшыл интеллигенттердің де

* Көреген жаңа искрашылға ескерту. Бізге, тегі, пролетариаттың *ешбір шарттар қойылмаған* қажырлы күресі жеңісінің жемістерін буржуазияның пайдалануына әкеп соғады деп айтулары мүмкін. Біз бұған мынадай сұрақпен жауап береміз: пролетариаттың қоятын шарттарын орындауға пролетариаттың дербес күшінен басқа қандай кепілдік болуы мүмкін?

көбінде осындай қасиет бар. Европа мен орыс либерализмінің бүкіл тарихы сөз бен істің бір жерден шыға бермейтіндігінің жүздеген мысалдарын көрсетіп беріп отыр, міне, сондықтан да Староверідің тойтарылмас қағаз реактивтерін ойлап шығаруға тырысуы тек аңқаулық болады.

Мұндай аңқаулық тырысуы Староверді мынадай ұлы идеяға душар етіп отыр: жалпыға бірдей сайлау правосына келіспейтін буржуаларды олардың патша өкіметіне қарсы күресінде қолдау — «жалпыға бірдей сайлау правосы идеясын жоққа шығару» деген сөз! Бәлкім, Старовер, монархистердің самодержавиеге қарсы күресінде оларды қолдау арқылы біздің республика «идеясын» жоққа шығаратындығымызды дәлелдеп, бізге тағы да бір әдемі * фельетон жазып беретін болар? Барлық пәле мынада болып отыр: Староверідің ой-пікірі шарттардың, ұрандардың, талаптардың, мәлімдемелердің төңірегінен шыға алмай дәрменсіз айналсоқтаумен жүреді де, бірден-бір нақты өлшемді: күреске іс жүзінде қатысу дәрежесін естен шығарып алады. Осыдан келіп практикада радикалдық интеллигенция сөзсіз боямаланады, мұнымен «келісім» жасау мүмкін деп жарияланады. Марксизмді келемежге айналдырғандай, интеллигенция либерализмнің «қозғаушы жүйкесі» (сөзуарлыққа салынушы малайы емес пе?) деп жарияланады. Француз және итальян радикалдарына антидемократиялық немесе антипролетарлық талаптар жат адамдар деген айдар тағылады, ал оның бер жағында бұл радикалдардың өз программаларына сан рет опасыздық жа-

* Біздің Аркадий Николаевичтің қара сөзінің тағы бір кішкене үлгісі мынау: «Соңғы жылдары Россияның қоғамдық өмірін байқап отыруына тура келген адамның қай-қайсысы болса да барлық идеологиялық қоспалардан, өткен тарихи дәуірдің барлық қалдықтарынан арылған, боямасы жоқ конституциялық бостандық идеясына қарай ұмтылған демократиялық күшті бет алыс бар екенін, күмән жоқ, байқамай қала алмады. Бұл бет алыс демократия ішіндегі тым ұсақ өзгерістердің ұзақ процесін, сол демократияның жиырма жыл бойына ауысып отырған көп ұрпақтардың назары мен мүддесін өзінің құбылмалы ала-құлалығымен толықтырып келген овидийлік өзгерістерді өзінше жүзеге асырғандық болып табылады». Өкініштісі сол, бұл дұрыс емес, өйткені бостандық идеясы айқындалмай, қайта буржуазиялық демократияның жаңа философтарының (Булгаков, Бердяев, Новгородцев және басқалар. Қараңыз: «Идеализм проблемалары» мен «Новый путь»[83]) идеализмі арқылы боямаланып отыр. Староверідің, Троцкийдің, Мартовтың барлық құбылмалы ала-құла овидийлік өзгерістерінде құрғақ сөзге ашықтан-ашық бет алыс болып отырғаны да өкінішті-ақ.

сағаны және пролетариаттың сана-сезімін қараңғылап келгені жұрттың бәріне белгілі, тіпті «Искраның» нақ сол (№ 78) номеріндегі келесі (7-нші) бетінен сіз Италиядағы монархистер мен республикашылдардың «социализмге қарсы күресте біржақ» болып шыққанын оқи аласыз. Саратов интеллигенттерінің (санитарлық қоғамның) заң шығару ісіне бүкіл халық өкілдерінің қатысу қажеттігі туралы қарары «демократияның шын үні (!!)» (№ 77) деп жарияланады. Земстволық науқанға пролетарлардың іс жүзінде қатысу жоспары «оппозициялық буржуазияның солшыл қанатының өкілдерімен кейбір келісімге келу» жөнінде (зәрені ұшырып қорқытпау туралы атышулы келісім) кеңес берумен қоса айтылады. Старовердің атышулы келісім шарттары қайда кетті деген Лениннің сұрағына жаңа «Искра» редакциясы былай деп жауап берді:

«Бұл шарттар қашан да партия мүшелерінің есінде болуға тиіс, ал олар партияның демократиялық партиямен қандай шарттар бойынша формальды түрде саяси келісім жасауға ғана риза екенін біле отырып, хатта сөз болып отырғандағыдай, жеке келісімдер жасалғанда да буржуазиялық оппозицияның сенімді өкілдерінің — шын демократтар мен либералшыл ас ішіп, аяқ босатушылардың арасын мықтап айыра білуге моральдық жағынан міндетті» *.

Сатыдан сатыға өрлей түседі. Партиялық келісіммен (Старовердің қарары бойынша бірден-бір мүмкін келісіммен) қатар кейбір қалаларда жеке келісімдер де пайда болды. Формальды келісімдермен қатар моральдық келісімдер де пайда болды. «Шарттарды» және олардың «моральдық» міндеттілігін сөз жүзінде мойындау «сенімді» және «шын демократ» атағын беретін нәрсе болып шықты, бірақ социал-демократтардың тек көңілін аулау үшін земствоның ондаған, жүздеген созуарлары сөз жүзінде қандай да болса мәлімдеме жасай

* «Партия ұйымдарына хат» деген редакциялық екінші хатты қараңыз, бұл да («тек партия мүшелері үшін») құпия шығарылған, бірақ онда ешқандай құпиялық жоқ. Бүкіл редакцияның осы жауабын Плехановтың: «Либерал буржуазияның патша өкіметіне қарсы күресі жөніндегі біздің тактикамыз туралы» (Женева. 1905. Орталық Комитетке хат. Тек партия мүшелері үшін) деген «құпия» кітапшасымен салыстыру өте-мөте сабақ боларлық. Біз осы екі шығарманың екеуіне де қайта ораламыз деген үміттеміз.

алатындығын, тіпті социалиспіз деп радикалдың адал сөзін беретіндігін әрбір бала да біледі.

Жоқ, пролетариат ұрандарды, мәлімдемелерді, келісімдерді мұндайлық ойыншық етуге бармайды. Буржуазиялық демократтардың сенімді демократ бола алмайтындығын пролетариат еш уақытта да ұмытпайды. Пролетариат буржуазиялық демократияны қолдағанда онымен зәрені ұшырып қорқытпау туралы келісім жасау негізінде, оның сенімді екендігіне сену негізінде қолдамайды, буржуазиялық демократия самодержавиеге қарсы іс жүзінде қашан және қаншалықты күрес жүргізсе, тек сол кезде және соншалық дәрежеде ғана қолдайды. Мұндай қолдау пролетариаттың әлеуметтік-революциялық дербес мақсаттарына жету мүддесі үшін қажет.

«Вперед» № 3,
24(11) январь, 1905 ж.

Қолжазба бойынша
басылып отыр

ХАЛЫҚШЫЛДЫҚТАН МАРКСИЗМГЕ ҚАРАЙ

БІРІНШІ МАҚАЛА

Таяуда бір жария газет, қазір самодержавиеге қарсы шығып отырған әр түрлі таптар мүдделерінің «қайшылығын» көрсетіп жататын уақыт емес, деген пікір айтты. Бұл жаңа пікір емес. Бұл пікірді біз, әрине, белгілі бір ескертулерімен «Освобождение» мен «Революционная Россияның» беттерінен де кездестіреміз. Мұндай көзқарастың буржуазиялық демократия өкілдері арасында үстем болып отырғандығы табиғи нәрсе. Ал социал-демократтарды алатын болсақ, олардың арасында бұл мәселе жөнінде екі түрлі пікір болуы мүмкін емес. Пролетариат пен буржуазияның самодержавиеге қарсы бірігіп күресуі пролетариатты өз мүдделері мен дәулетті тап мүдделерінің бітіспестей қарама-қарсы екендігін ұмыттыра алмайды және ұмыттыруға тиіс емес. Ал бұл қарама-қарсылықты анықтау түрлі бағыттардың көзқарастары арасындағы терең айырмашылықтардың анықталуын қажетті түрде талап етеді. Мұнан, әрине, басқа бағыттарды жақтаушылармен, социалист-революционерлермен де, либералдармен де уақытша келісім жасаудан біз бас тартуға тиіспіз деген ешқандай қорытынды шықпайды, партиямыздың екінші съезі де социал-демократтар үшін мұндай келісімдер жасау мүмкін деп таныған-ды.

Социал-демократтар социалист-революционерлерді біздің буржуазиялық демократияның бір жақты солшыл фракциясының өкілдері деп санайды. Социалист-революционерлер бұған ыза болады, мұндай пікірді жаман-

дыққа салынып, дұшпанды қорлауға және оның ниетінің тазалығы мен адалдығына шүбәлануға тырысудан басқа еш нәрсе емес деп біледі. Ал іс жүзінде мұндай пікірдің ешқандай шүбәланушылықпен үш қайнаса да сорпасы қосылмайды, бұл пікір тек социалист-революционерлердің көзқарастарының таптық тегі мен таптық қасиетіне маркстік сипаттама беру ғана болып табылады. Социалист-революционерлер өздерінің көзқарастарын негұрлым анық және айқын баяндаған сайын, олардың көзқарастарына берілген маркстік сипаттама да соғұрлым дәлелдене түсіп отыр. Бұл тұрғыдан социалист-революционерлер партиясы программасының «Революционная Россияның» 46-номерінде басылған жобасы өте-мөте көңіл бөлерлік.

Бұл жоба принциптерді өте анық баяндауы жағынан ғана едәуір алға басқандық болып қоймайды. Принциптердің мазмұнында да прогресс байқалады, халықшылдықтан марксизмге қарай, демократизмнен социализмге қарай бет алған прогресс байқалады. Біздің социалист-революционерлерге қарсы бағыттаған сынымыздың жемісі көрініп отыр: сын оларды өздерінің социалистік игі ниеттерін және өздерінің марксизммен ортақ көзқарастарын ерекше күшпен баса көрсетуге мәжбүр етті. Осыған байланысты ескі, халықшылдық, бұлыңғыр-демократиялық көзқарастардың белгілері соғұрлым айқындала түсуде. Егер біреу бізді қайшылыққа ұрынып отырсыздар (бір жағынан, социалист-революционерлердің социалистік игі ниеттерін мойындау, екінші жағынан, олардың әлеуметтік табиғатын буржуазиялық-демократиялық деп сипаттау) деп кінәлайтын болса, онда біз ол адамға мынаны ескертеміз: «Коммунистік манифестің» өзінде-ақ ұсақ буржуазиялық социализмнің ғана емес, сонымен бірге буржуазиялық социализмнің де үлгісымақтарына талдау жасалған болатын. Социалист боламын деген ізгі ниет буржуазиялық-демократиялық мән-мазмұнды бекерге шығара алмайды.

Жобамен таныса келгенде социалист-революционерлердің дүние танымының негізгі үш белгісі көзге түседі. Біріншіден, марксизмге теориялық түзетулер енгі-

зілген. Екіншіден, еңбекші шаруалар мен аграрлық мәселеге көзқарастарда халықшылдықтың сарқыншақтары бар. Үшіншіден, Россияның алдында тұрған революция буржуазиялық сипаттағы революция болып табылмайды-мыс дейтін нақ сондай халықшылдық пікірлердің сарқыншақтары байқалады.

Мен: марксизмге *түзетулер* енгізілген дедім. Нақ солай. Идеялардың бүкіл негізгі желісі, программаның бүкіл арқауы марксизмнің халықшылдықты жеңіп шыққанын дәлелдейді. Халықшылдық (ең соңғы үлгімен шыққан ревизионизмді бүркудің арқасында) әлі де болса өмір сүріп отыр, бірақ марксизмге тек жекелеген «түзетулер» түрінде ғана өмір сүруде. Ең басты жалпы теориялық түзетуді: капитализмнің тиімді және тиімсіз жақтары арасындағы қолайлы және қолайсыз қатынастар теориясын алыңыз. Бұл түзету бір ғана шатасушылықпен шектелмейтін болғандықтан, ол марксизмге ескі орыс субъективизмін енгізу де болып табылады. Еңбекті қоғамдастыра алатын және қоғамды қайта құруға қабілеті бар «әлеуметтік күшті», пролетариат күшін қалыптастырып шығаратын капитализмнің «творчестволық» тарихи қызметін мойындау, міне, мұндай мойындау халықшылдықтан қол үзіп, марксизмге өту болып табылады. Экономиканың және тапқа бөлінудің объективтік дамуы социализм теориясының негізіне алынады. Түзету: капитализмнің тиімді және тиімсіз жақтарының қатынастары «өнеркәсіптің кейбір салаларында, әсіресе егіншілікте, және тұтас елдерде барған сайын қолайсыз болып келеді» (солай деңіз!). Бұл — Герцен мен Давидті, Ник.— онды және «Россиядағы капитализмнің» ерекше «тағдыры» жайындағы бүкіл теориясымен қоса В. В.-ны қайталағандық болып табылады. Россияның жалпы артта қалушылығы, әсіресе орыс егіншілігінің артта қалушылығы енді *капитализмнің* артта қалушылығы болып көрінбей, қайта артта қалған теорияларды ақтайтын өзіндік ерекшелік болып көрініп отыр. Тарихты материалистік тұрғыдан түсінушілікпен қатар интеллигенцияға мүлде ескіше көзқарас байқалады, бұл көзқарас бойынша интеллигенция отан үшін азды-көпті қолайлы жол таңдап алуға қабілетті

сияқты, сөйтіп ол өмірдің ескі формаларын капитализмнің қиратуы нәтижесінде туып отырған таптың мүддесін білдіруші болмай, капитализмнің таптан тыс тұрған төрешісі бола алатын сияқты. Россияда капиталистік қанаушылықтың ерекше жексұрын формада болып отырған себебі капитализмге дейінгі қатынастарды бастан кешірудің салдарынан екенін таза халықшылдық дағдымен елемейді.

Халықшылдық теория шаруалар туралы пайымдауларда бұдан да гөрі айқынырақ көрінеді. Жобаның өн бойында: еңбекшілер, қаналушылар, жұмысшы табы, еңбекші бұқара, қаналушылар табы, қаналушылар таптары деген сөздер талғаусыз айтыла береді. Егер жобаның авторлары өздерінің аузынан байқаусызда шығып кеткен соңғы сөз (таптар) туралы ойланған болса, онда олар капитализм тұсында пролетарлар ғана емес, сонымен қатар ұсақ буржуалар да еңбек етіп, қаналатындығын түсінген болар еді. Жария халықшылдар туралы не айтылған болса, біздің социалист-революционерлер туралы да соны айтуға тура келеді: дүние жүзінде болып көрмеген ұсақ буржуазиясы жоқ капитализмді ашудың абыройы олардың еншісіне тиді. Олар еңбекші шаруалар туралы сөз қылғанда бұл еңбекші шаруалардың арасында қазірдің өзінде-ақ бізде шаруа буржуазиясы басым болып отырғандығын, ауқатты шаруалардың еңбекші деген атаққа ие болуға сөзсіз праволы бола отырып, сонда да қызметкерлер жалдамай тұра алмайтындығын және олар қазірдің өзінде-ақ шаруалардың өндіргіш күштерінің жартысынан көбін өз қолдарында ұстап отырғандығын, міне, осы дәлелденген, зерттелген, есептелген, суреттелген, барынша егжей-тегжейлі талданған фактіні көрмейді.

Осы көзқарас тұрғысынан қарағанда, социалист-революционерлер партиясының программа-минимумында өзінің алдына қойып отырған міндеті тым кісі күлерлік: «социализм мүдделері үшін және буржуазиялық-меншікшілдік негіздерге қарсы күрес мүдделері үшін орыс шаруаларының қауымдық, сондай-ақ жалпы еңбек жөніндегі көзқарастарын, өмір сүру формалары мен дәстүрлерін және әсіресе, жерді барлық еңбекшілердің

ортақ игілігі деп санайтын олардың жерге деген көзқарасын пайдалану керек» дейді. Бір қарағанда, бұл міндет теория да, өмір де әлдеқашан бекерге шығарған қауымдық утопияларды ешбір зиянсыз, таза академиялық қайталау сияқты болып көрінеді. Ал іс жүзінде біздің алдымызда бұл арада көкейтесті саяси мәселе тұр, оның шешімін алдағы таяу уақытта орыс революциясы беретін болады: кім-кімді пайдаланады? өзін социалистерміз деп атауға құмар революцияшыл интеллигенция шаруалардың еңбек жөніндегі көзқарастарын буржуазиялық-меншікшілдік негіздерге қарсы күрес мүдделері үшін пайдалана ма? немесе буржуазиялық-меншікшіл әрі сонымен бірге еңбекшіл шаруалар революцияшыл-демократияшыл интеллигенцияның социалистік құрғақ сөздерін социализмге қарсы күрес мүдделері үшін пайдалана ма?

Біз осының екінші перспективасы жүзеге асады (біздің оппоненттердің еркі мен санасына қарамастан) деп ойлаймыз. Біз бұл перспектива жүзеге асады деп сенеміз, өйткені қазірдің өзінде-ақ оның оннан тоғызы жүзеге асып отыр. Нақ осы «буржуазиялық-меншікшіл» (және оның үстіне еңбекші) шаруалар қазірдің өзінде-ақ халықшыл, демократияшыл интеллигенцияның социалистік құрғақ сөздерін өз мүдделеріне пайдаланып отыр, ал бұл интеллигенция өзінің артельдері, кооперациялары, шөп егістері, плугтары, земстволық қоймалары, банктері арқылы «еңбек дәстүрлері мен өмір сүру формаларын» қолдаймыз деп ойлады, ал іс жүзінде қауым ішінде капитализмнің дамуын қолдады. Ертеңгі күні орыстың саяси тарихы дәлелдейтін нәрсені, сонымен, орыстың экономикалық тарихы қазірдің өзінде-ақ дәлелдеп отыр. Сондықтан саналы пролетариаттың бүкіл міндеті: *буржуазиялық* еңбекші шаруалардың прогрестік және революциялық талаптарын қолдаудан ешбір бас тартпастан, күні ертең осы шаруаларға қарсы сөзсіз күрес болатындығын село пролетарына түсіндіру, теңгерме пайдалану жайындағы буржуазиялық-демократиялық қиялдардан өзгеше, шын мәнісіндегі социалистік мақсаттарды оған түсіндіру болып табылады. Буржуазиялық шаруалармен бірігіп крепостниктік

тәртіптің қалдықтарына қарсы, самодержавиеге, поптарға, помещиктерге қарсы шығу, қала пролетариатымен бірігіп жалпы буржуазияға қарсы және соның ішінде буржуазиялық шаруаларға қарсы шығу — қазіргі жағдайда селолық пролетардың бірден-бір дұрыс ұраны міне осындай, Россиялық социал-демократияның бірден-бір дұрыс аграрлық программасы міне осындай. Біздің екінші съезд дәл осындай аграрлық программа қабылдаған болатын. Шаруа буржуазиясымен бірігіп демократия үшін күресу, қала пролетариатымен бірігіп социализм үшін күресу — міне, бұл ұранды деревня кедейлері халықшылданған социалист-революционерлердің сырты жылтырауық, бірақ мән-мазмұнсыз ұрандарынан гөрі анағұрлым берік ұғынады.

Енді біз жобаның жоғарыда айтылған басты пункттерінің үшіншісіне келдік. Жобаның авторлары мұнда саяси бостандыққа қарсы болған дәйекті халықшылдардың көзқарасынан қол үзіп отыр, өйткені олар саяси бостандық өкімет билігін буржуазияның қолына беруге ғана қабілетті-міс деп санаған-ды. Бірақ жобада самодержавиеге жәпе әр түрлі таптардың ол жөніндегі көзқарасына сипаттама берген кезде халықшылдықтың қалдықтары өте айқын корінеді. Біз мұнда да,— әрқашанғыдай,— мынаны көреміз: ұсақ буржуазиялық революцияшыл интеллигенцияның *шын өмір* жөніндегі түсінігін дәл баяндауға деген алғашқы әрекетінің өзі-ақ оның көзқарасының қайшылығын және ескіргендігін сөзсіз толық әшкерелейді. (Сондықтан жақша ішінде мынаны ескерте кетейік: социалист-революционерлердің таластарын әрқашан нақ шын өмірді түсіну туралы мәселеге әкеліп саю керек, өйткені тек осы мәселе ғана біздегі терең саяси қайшылықтардың себептерін ашық көрсетеді.)

«Басқа жердегіден гөрі әлдеқайда реакцияшыл ірі өнеркәсіпшілер мен саудагерлер табы,— деп оқимыз жобадан,— пролетариатқа қарсы күресте самодержавиенің қамқорлығына барған сайын күштірек мұқтаж болып отыр...» Бұл дұрыс емес, өйткені алдыңғы қатарлы буржуаның самодержавиелік басқару формасына біздегідей селсоқ қараушылығы Европаның ешбір жерін-

де байқалып отырған жоқ. Пролетариаттан қорқатынына қарамастан, буржуазия арасында самодержавиеге деген наразылық күшейіп келеді,— мұның бұлай болатын себебі бір есептен мынада: өзінің шексіз өктемдігіне қарамастан, полиция жұмысшы қозғалысын мүлде жойып жібере алмайды. Жобада *ірі* өнеркәсіпшілер «табы» туралы сөз болғанда, буржуазияның бөлімшелері мен фракциялары тап ретіндегі бүкіл буржуазиямен шатастырылады. Бұл тіпті де дұрыс емес, өйткені нақ орташа және ұсақ буржуазияны қанағаттандыруға самодержавие көбіне-көп қабілетсіз болады.

«... Поместьелі дворяндар мен деревня кулактары деревняның еңбекші бұқараларына қарсы күресте нақ сондай қолдауға барған сайын қатты ділгер болып отыр ...» Солай ма? Земстволық либерализм қайдан шықты? Мәдениетшіл (демократияшыл) интеллигенцияның шаруақор мужикке және шаруақор мужиктің бұл интеллигенцияға өзара әуестенуі қайдан шықты? Немесе кулактың шаруақор мужикке ешбір қатынасы жоқ па?

«...Самодержавиенің өмір сүруі елдің бүкіл шаруашылық, қоғамдық-саяси және мәдени өрлеуімен сыйыспайтын және барған сайын шиеленісе түсетін қайшылыққа килігіп отыр...»

Сөйтіп, олар өз дәлелдерін мағынасыздыққа дейін жеткізіп отыр! Шаруақор билеуші таптардың көңіл күйінде бейнеленбейтін елдің бүкіл шаруашылық және басқа өрлеуімен «сыйыспайтын қайшылықтың» болуы мүмкін бе? Екінің бірі. *Не* самодержавие елдің шаруашылық өрлеуімен шынында да ымыраға келе алмайды. Онда ол сондай-ақ өнеркәсіпшілердің, саудагерлердің, помещиктердің, шаруақор мужиктердің *бүкіл табының* мүдделерімен де ымыраға келмейді. «Біздің» шаруашылық өрлеуімізді 1861 жылдан бастап нақ осы таптың өз қолында ұстап келгендігін, міне мұны, сірә, социалист-революционерлер де (олар В. В.-дан бұған керісінше сабақ алса да) білетін болса керек. Жалпы буржуазия табымен ымыраға келмейтін үкіметтің буржуазия фракциялары мен жіктерінің арасындағы талас-тартыстарды өз пайдасына жаратып, фритредерлерге

қарсы протекционистермен келісімге келе алатындығын, бір топқа қарсы екінші топқа сүйеніп, мұндай ептілік амал-айланы жылдар бойы, тіпті ондаған жылдар бойы соза беретіндігін — бүкіл Европа тарихы осыны үйретіп келеді. *Не* бізде өнеркәсіпшілер де, помещиктер де, шаруа буржуалары да самодержавиенің қамқорлығына «барған сайын күштірек мұқтаж болып отыр». Онда былай деп ұйғаруға тура келеді: бұлар елдің шаруашылық жөніндегі әміршілері, оларды тап ретінде тұтас алғанның өзінде де, елдің шаруашылық өрлеу мүдделерін түсінбейді, бұл мүдделерді осы таптардың тіпті алдыңғы қатарлы, білімді және интеллигент өкілдері мен көсемдері де түсінбейді!

Бірақ істің жайын біздің социалист-революционерлер түсінбейді деп ұйғару дұрысырақ болмас па екен? Бұдан біраз кейінірек «білімді қоғамның таптық тұрғыдан алғанда көбінесе аралық элементтерін қамтитын либерал-демократиялық оппозиция бар екендігін» олардың өздері де мойындайтындығын көресіз. Сонда біздің білімді қоғамның буржуазиялық қоғам болмағаны ма? Сонда ол саудагерлермен, өнеркәсіпшілермен, помещиктермен, шаруақор мужиктермен сан қилы арқаулар арқылы байланысты болмағаны ма? Сонда либерал-демократиялық оппозиция буржуазиялық-демократиялық оппозиция бола алмайтын капитализмді басынан кешіруді Россияға құдай жазып қойғаны ма? Сонда социалист-революционерлер буржуазияның самодержавиеге қарсы оппозициясы либералдық, білімді «қоғам» арқылы *емес*, басқаша білдірілетін сондай тарихи мысалды білетін болғаны ма, сондай жағдай болады деп ойлайтын болғаны ма?

Жобадағы шатасушылық халықшылдықты марксизммен шатастырудың лажсыз салдары болып отыр. Демократия жолындағы күрес пен социализм жолындағы күрестің арасындағы қатынастарға тек марксизм ғана ғылыми дұрыс талдау жасап берді, мұны шын өмірдің өзі барған сайын дәлелдеп отыр. Бізде де, бүкіл дүние жүзіндегі сияқты, буржуазиялық демократия да, жұмысшы демократиясы да бар. Бізде де, бүкіл дүние жүзіндегі сияқты, социал-демократия буржуазиялық де-

мократияның болмай қоймайтын жалған үміттерін және оның өзінің табиғи болмысын түсінбейтіндігін аяусыз әшкерелеуге тиіс. Бізде де, бүкіл дүние жүзіндегі сияқты, саналы пролетариат буржуазиялық демократияны оның крепостниктік тәртіптердің қалдықтарына қарсы, самодержавиеге қарсы оппозицияда болып, күрес жүргізуінде қолдауға тиіс, сонымен қатар ол өзінің таптық айырмашылығын және өзінің таптық мақсаты буржуазияны құлату екендігін бір минут та есінен шығармауы тиіс.

«Вперед» № 3,
24(11) январь, 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ ТАРТЮФТЕР

«Искраның» біз жаңа ғана алған 83-номерінде меньшевиктер мен Орталық Комитеттің «азшылықтың ұйымдық оқшаулығын толық жою туралы» мәлімдемесі басылған. «Азшылық,— деп сендіреді бізді,— өзін *екі жақтың бірі* деп санауды қояды, сондықтан бұдан былайғы жерде Орталық Комитетке бойкот жариялау туралы да, оған *ультиматумдық талаптар* қою туралы да сөз болуы мүмкін емес». Бұл мәлімдеме сәл кешігіп қалыпты! Партия қазір Поповты, Фишерді және Фоминді кооптациялау жөніндегі «ультиматумдық талаптардың» *орындалып болғандығын,* бірақ құпия түрде, *партияны алдау арқылы* орындалғандығын Лениннің кітапшасынан («Орталық мекемелердің партиядан қол үзуі туралы мәлімдеме мен документтер») * біледі. Нақ осындай алдаулар арқылы III съезді болғызбау туралы ультиматумдық талап та тура орындалып шықты. Жергілікті жұмысқа іріткі салу ісі жалғасып жатыр, ал Орталық Комитет деп аталатын «оның көптеген (?) мүшелерінің жергілікті комитеттің басшылығымен жұмыс істеуіне ешбір мүмкіндік болмағандықтан» Санкт-Петербургте («Искраның» хабарлауы бойынша) *«ерекше ұйым»* немесе топ құруын бекітіп отыр.

Сонымен, Лениннің «хатынан» («Мен редакциядан неліктен шықтым», декабрь, 1903 ж.) ** бастап Орлов-

* Қараңыз: осы том, 121—132-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 103—110-беттер. *Ред.*

скийдің «Совет партияға қарсы» деген кітапшасына дейін «көпшіліктің» айтқандары мен болжамдарының бәрі қазір оқиғалардың барысымен *толық және сөзсіз* дәлелденіп отыр. Бір жарым жылдық күрестің нақты объектісі Орталық Органға төрт адамды және Орталық Комитетке үш адамды кооптациялау болды. Кооптациялау мақсатында ұйым-процесс теориясы мен бір топ «принципті» алауыздықтар ойланып шығарылды. Осы кооптация үшін біздің орталықтар қазір партиядан мүлде қол үзді және жергілікті комитеттерден, олардың әрқайсысынан бір-бірлеп қол үзіп келеді. «Көпшілік іріткі салушылармен қарым-қатынас атаулының бәрін тоқтатуға тиіс» («Вперед» № 1, «Доғаратын мезгіл жетті») * — деген біздің ұранымыздың дұрыстығы толық дәлелденіп отыр.

«Искраның» мәлімдемесінің, сондай-ақ, мына бір жері өте назар аударарлық: «Уәкілдердің (азшылықтың) шешімі Киев, Харьков, Дон, Кубань, Петербург, Одесса комитеттерінде, Донецк мен Қырым одақтарында және басқа партия ұйымдарында жұмыс істейтін азшылықтың барлық жақтаушыларының талқылауына ұсынылды». Сонымен, *бір жарым жылға жуық* жанталасқан науқаннан кейін, Орталық Органның, Советтің және Орталық Комитеттің (май айынан бастап) көмегімен, шетелдегі үйірме *II съезде болған 20 орыс комитетінің бесеуін ғана* өзіне қарата алды! ** Комитеттерден тыс, «Искрада» аты аталып еленген, көзге түсерлік топтар тек екі қалада — Петербург пен Одессада ғана құрылды. Кубань комитеті, сірә, артық екі дауыс алу үшін ең соңғы кезде қолдан жасалған болу керек.

Демек, азшылықтың органы «Искра» қазір, январь айында, партиядағы істің жайына өткен жылғы сентябрьде екінші бір меньшевик берген сипаттаманың дұ-

* Қараңыз осы том, 152—157-беттер. *Ред.*

** Съезде болған комитеттердің ішінен тек жалғыз Киев комитеті ғана көпшілік жағынан азшылық жағына шықты, яғни съезде оның екі делегаты да большевиктер болды, ал қазірде комитетте меньшевиктер басым болып отыр. Мұның керісінше, Николаев және Сибирь комитеттерінде съезде болған екі делегат та меньшевиктер еді, ал съезден кейін бұл комитеттер көпшілік жағына шықты. Съезде көпшілік және азшылық болып (екі жақ та бір-бір делегаттан) Одесса, Дон, Уфа, Москва комитеттері бөлінген болатын. Қазір бұлардың ішінен тек Дон комитеті ғана меньшевиктік болып отыр.

рыс екендігін дәлелдеп отыр. Атап айтқанда, Орталық Комитеттің азшылыққа тілектес болған және қазір Орталық Комитетке кооптацияланған агенті сентябрьде Орталық Комитеттің мүшесі Глебовқа *«Россияда азшылық дәрменсіз»*, оны не бары *төрт комитет* қана қолдайды деп жазған болатын. Шетелдегі үйірменің бұл дәрменсіздігі оны Орталық Комитетте бонапарттық төңкеріс жасауға және алдау арқылы III съезден бұлтарып кетуге мәжбүр етті.

«Вперед» № 3,
24(11) январь, 1905 ж.

«Вперед» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша
басылып отыр

РОССИЯДА РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ БАСТАЛУЫ

Женева, 25(12) январь, сәрсенбі.

Россияда аса ұлы тарихи оқиғалар болып жатыр. Пролетариат патша өкіметіне қарсы көтеріліске шықты. Пролетариатты көтеріліс жасауға мәжбүр еткен — үкімет. Істің жайын әскери күш жұмсауға дейін жеткізуді көздеп, стачкалық қозғалыстың белгілі бір дәрежеде кедергісіз дами түсуіне және кең көлемді демонстрацияның басталуына үкіметтің әдейі мүмкіндік бергеніне енді күмәндануға бола қоймас. Үкімет істі осыған жеткізіп тынды да! Мыңдаған адам оққа ұшты және жараланады — Петербургтегі 9 январьдағы қанды жексенбінің қорытындысы, міне, осындай. Әскер қарусыз жұмысшыларды, әйелдер мен балаларды жеңіп шықты. Әскер жер бауырлап жатқан жұмысшыларды атқылап, жауын жеңген болды. Енді патша малайлары мен олардың консервативтік буржуазиядан шыққан европалық итаршылары шектен шыққан арсыздықпен «біз оларға жақсы сабақ бердік!» деседі.

Рас, мұның өзі аса үлкен сабақ болды! Орыс пролетариаты бұл сабақты ұмытпайды. Жұмысшы табының аңқаулықпен патшаға сенген және азап шеккен халықтың тілектерін бейбіт жолмен «патшаның өзіне» шын ниетімен тапсырғысы келген, ең надан, ең артта қалған топтары, бұлардың бәрі патша басқарған немесе оның ағасы ұлы князь Владимир басқарған әскери күштен сабақ алды.

Жұмысшы табы азамат соғысы жөнінен үлкен сабақ алды; пролетариаттың бір күннің өзінде орасан мол ре-

волюциялық тәрбие алғаны сонша лық, ол күйкі, күйбең қапас өмір жағдайында мұндай тәрбиені айлар, жылдар бойына да ала алмаған болар еді. Петербургтің қаһарман пролетариатының «Не өлім, не бостандық!» деген ұраны қазір бүкіл Россияны жаңғырықтырып отыр. Оқиғалар адам таңданарлықтай тез дамып келеді. Петербургте жаппай стачка өрлей түсуде. Бүкіл өнеркәсіптегі тіршілікте, қоғамдық және саяси өмірде береке жоқ. 10 январьда, дүйсенбі күні, жұмысшылардың әскермен қақтығысуы шиеленісе түсті. Үкіметтің жалған хабарларына қарама-қарсы, астананың көптеген жерлерінде қан судай ағуда. Колпино жұмысшылары көтеріле бастады. Пролетариат қарулануда және халықты да қаруландыруда. Жұмысшылар Сестрорецк қару-жарақ қоймасын басып алды деседі. Жұмысшылар бостандық жолында жан аямай шайқасу үшін револьверлер жинап, өз аспаптарымен өздеріне қару соғып, бомбалар жинастыруда. Жаппай стачка провинцияларды да қамтуда. Москвада қазірдің өзінде 10 000 адам жұмысты тастады. Ертең (13 январьда, бейсенбіде) Москвада жаппай стачка өткізу белгіленген. Ригада бүлік шықты. Лодзьде жұмысшылар манифестация жасауда, Варшавада көтеріліс әзірленуде, Гельсингфорста пролетариаттың демонстрациялары болып жатыр. Бакуде, Одессада, Киевте, Харьковта, Ковнода, Вильнода жұмысшылардың толқуы күшейіп, ереуіл етек жайып келеді. Севастопольде теңіз ведомствосының қоймалары мен арсеналдары өртеніп жатыр, ал әскер көтеріліс жасаған матростарға оқ атудан бас тартты. Ревель мен Саратовта стачка болып жатыр. Радомда жұмысшылар мен запастағылардың әскермен қарулы қақтығысы болды.

Революция кең қанат жаюда. Үкімет қазірдің өзіндеақ аласұра бастады. Ол қанға бояп жазалау саясатынан экономикалық жеңілдіктер беруге көшуге тырысуда, ұсақ-түйек садақа беру арқылы немесе тоғыз сағаттық жұмыс күнін енгізуге уәде берумен құтылуға әрекет жасауда. Бірақ қан төгілген күннің сабағы тегін кетуі мүмкін емес. Көтеріліс жасаған Петербург жұмысшыларының жалпыға бірдей, төте, тең және дауысты жасырын беру жолымен жүргізілетін сайлау правосы не-

гізінде дереу құрылтай жиналысын шақыру жөніндегі талабы — ереуілге шыққан барлық жұмысшылардың талабына айналуға тиіс. Үкімет дереу құлатылсын, міне, тіпті патшаға сенген Петербург жұмысшылары 9 январьдағы қырғынға осындай ұранмен жауап берді, өздерінің көсемі священник Георгий Гапонның осы қан төгіс күннен кейін айтқан: «бізде енді патша жоқ. Судай аққан қан патшаны халықтан бөліп тастап отыр. Бостандық жолындағы күрес жасасын!»,— деген сөздерімен жауап берді.

Революцияшыл пролетариат жасасын!— дейміз біз. Жаппай стачка барған сайын жұмысшы табы мен қала кедейлерінің қалың бұқарасын күреске шығарып, жұмылдыра түсуде. Халықты қаруландыру революциялық кезеңнің ең таяудағы міндеттерінің бірі болып отыр.

Тек қаруланған халық қана халық бостандығының шын тірегі бола алады. Пролетариаттың неғұрлым тезірек қаруланууға қолы жетсе, ол өзінің ереуілші-революционерлік соғыс позициясында неғұрлым ұзақ төзіп тұрса, әскер соғұрлым тезірек қобалжиды, солдаттар арасынан өздерінің не істеп жүргенін, ақырында, түсінетін адамдар, жауыздарға қарсы, озбырларға қарсы, қарусыз жұмысшыларды, олардың әйелдері мен балаларын қырушыларға қарсы халық жағына шығатын адамдар соғұрлым көп бола түседі. Қазіргі көтеріліс Петербургтің өзінде немен тынса да, қайткен күнде де, ол бұдан гөрі неғұрлым кең, бұдан гөрі неғұрлым саналы, бұдан гөрі неғұрлым жақсы әзірленген көтерілістің сөзсіз бірінші сатысы болады. Бәлкім, үкімет өзінің сазайын тартатын уақытын кешеуілдете алар, бірақ бұл кешеуілдеуден кейін революциялық тегеурін анағұрлым алып адыммен ілгері басатын болады. Бұл кешеуілдеуді ұйымдасқан жауынгерлер қатарын топтастыру үшін және Петербург жұмысшыларының бастамасы туралы хабарлар тарату үшін тек социал-демократия ғана пайдаланады. Пролетариат фабрикалар мен заводтарды тастап, өзіне қару-жарақ даярлап, күреске қосыла береді. Қала кедейлері арасына, миллиондаған шаруалар арасына бостандық жолындағы күрес ұрандары барған сайын кеңінен тарай береді. Әрбір фабрикада, қаланың

әрбір ауданында, әрбір елеулі селода революциялық комитеттер құрыла береді. Көтеріліс жасаған халық дереу құрылтай жиналысын шақыруды жариялай отырып, патша самодержавиесінің үкімет мекемелері атаулының бәрін құлата береді.

Жұмысшыларды және жалпы алғанда азаматтардың бәрін дереу қаруландыру, үкіметтің өкімет орындары мен мекемелерін жою үшін революциялық күштерді әзірлеу және ұйымдастыру — ортақ соққы беру үшін революционер атаулының бәрінің бас қосып біріге алатын және бірігуге тиісті практикалық негіз, міне, осы. Пролетариат социал-демократия партиясымен өзінің байланысын бәсеңдетпей, бүкіл адамзатты қанау атаулының бәрінен құтқару жөніндегі өзінің түпкі ұлы мақсаттарын есте ұстай отырып, әрдайым өзінің дербес жолымен жүре беруге тиіс. Бірақ социал-демократиялық пролетарлық партияның бұл дербестігі шын мәніндегі нағыз революция кезінде жалпы революциялық тегеуріннің маңыздылығын ұмытуға бізді еш уақытта да мәжбүр ете алмайды. Біздер, социал-демократтар, пролетариаттың таптық дербестігін қорғай отырып, буржуазиялық демократияның революционерлерінен тәуелсіз жүре аламыз және жүруге тиіспіз де, бірақ біз көтеріліс кезінде, патша өкіметіне тікелей соққы берген кезде, әскерге тойтарыс берген кезде, бүкіл орыс халқының қарғыс атқан жауының бастилиясына шабуыл жасаған кезде қол ұстасып бірге жүруге тиіспіз.

Қазір бүкіл дүние жүзінің пролетариаты бүкіл Россия пролетариатына шыдамы таусыла көз тігіп отыр. Россияда патша өкіметін құлату жөнінде біздің жұмысшы табымыз қаһармандықпен бастап отырған іс барлық елдердің тарихында бет бұрыс кезең болмақ, барлық мемлекеттерде, жер шарының барлық түкпірлерінде барлық ұлттардың барлық жұмысшыларының ісіне жеңілдік болмақ. Сондықтан әрбір социал-демократ, әрбір саналы жұмысшы қазір оның мойнына бүкіл халықтық күрестің қандай ұлы міндеттері жүктеліп отырғанын есінде сақтайтын болсын. Сондықтан ол жалпы халықтың жауына қарсы барлық шаруалардың да, бүкіл еңбекшілер мен қаналушылар бұқарасының да, бүкіл ха-

лықтың да мүдделері мен тілектерін білдіретіндігін ұмытпайтын болсын. Петербургтің қаһарман пролетарларының ерлік үлгісі қазір барша жұрттың көз алдында тұр.

Революция жасасын!

Көтеріліске шыққан пролетариат жасасын!

«Вперед» № 4,
31(18) январь, 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯ КҮНДЕРІ

1905 ж. 31(18) январьда «Вперед» газетінің 4-номерінде басылған

Газеттің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯДА НЕ БОЛЫП ЖАТЫР?

Бүлік пе әлде революция ма? Петербург оқиғалары туралы бүкіл дүние жүзіне жар салып, бұл оқиғаларға баға беруге тырысып жүрген Европа журналистері мен репортерлерінің өздеріне қоятын сұрағы осындай. Патша әскері ондаған мың пролетарларға соншалықты айбарлана лап қойды, сонда бұлар бүлікшілдер болғаны ма, әлде көтерілісшілер ме? Оқиғаларға шежіреші секілді ешкімге тартпастан, «сырттай қарауға» басқалардан горі мүмкіншілігі көп шетел газеттері де бұл сұраққа жауап беруге қиналады. Олар бір терминологиядан екінші терминологияға жармасып ылғи шатасып жүр. Бұған таңдануға да болмайы. Революция дегеніміз сәтті болған бүлік, ал бүлік дегеніміз сәтсіз революция деп жұрт текке айтпайды. Ұлы және орасан зор оқиғалардың басталуында қатысып отырған адам, болып жатқан оқиғалар жайында үшінші біреулер арқылы білуге ғана мүмкіндігі бар, мүлде толық емес, дәл емес деректерге сүйенетін адам,— міне, мұндай адам, әрине, белгілі бір уақытқа дейін нақты пікір айтуға бата алмайды. Ескі сарынмен бүлік, бүліншілік, тәртіпсіздік туралы айтып жүрген буржуазия газеттері бұлардың жалпы ұлттық, тіпті халықаралық маңызы бар екендігін қайтсе де көрмей тұра алмайды. Ал нақ осының өзі оқиғаларға революциялық сипат беретіні айқын. Сондықтан бүліктің соңғы күндері туралы жазушылар қалай дегенмен де революцияның алғашқы күндері жайлы сөздерге ауып кетіп отырады. Россия тарихындағы бет бұрыс кезең

туып отыр. Бүкіл россиялық самодержавиенің құдіретті, бақылау-тежеусіз өкіметіне барынша масаттанып, көңілі елжіреп тұрған, европалық нағыз консерватордың өзі де мұны бекер дей алмайды. Самодержавие мен халық арасында бітім болады деп айтуға да болмайды. Революция туралы тек қайдағы бір жанкешті жандар ғана емес, жалғыз «нигилистер» ғана емес,— ал Европа орыс революционерлерін әлі де осылай деп атап жүр,— дүние жүзілік саясатқа көңіл бөлуге азды-көпті қабілеті бар адамдардың бәрі де айтып жүр.

Орыс жұмысшы қозғалысы бірнеше күннің ішінде ең жоғары сатыға көтерілді. Ол біздің көз алдымызда жалпы халықтық көтеріліске ұласып келеді. Бізге бұл жерде, Женевада отырып, осы қарғыс атқан алыс жерден оқиғаларға ілесу адам айтқысыз қиын екендігі түсінікті. Бірақ бізге әзірге осы қарғыс атқан алыста жүріп зарығуға жазғандықтан, біз оқиғаларға ілесіп отыруға, қорытындылар шығарып, пікірімізді жинақтап отыруға тырысуымыз керек, бүгінгі тарихтың тәжірибесінен ертеңгі күні, әзірше «халық үнсіз жатқан», бірақ алдағы таяу уақытта, белгілі бір формада революция оты лаулағалы тұрған екінші бір жерде пайдаға асатын сабақ алуымыз керек. Біз публицистердің ұдайы істейтін ісімен шұғылдануға — өз заманымыздың тарихын жазуға тиіспіз және біздің күнделікті өмірді жазуымыз қозғалысқа тікелей қатысушылар мен қаһарман-пролетарларға нақ сол қозғалыс үстінде мүмкіндігінше көмек беретіндей етіп жазуға тырысуымыз керек,— жазғанда қозғалысты ұлғайтуға, күрес жүргізудің күш неғұрлым аз жұмсалып, неғұрлым көп және барынша баянды нәтижелер бере алатын құралдарын, тәсілдер мен әдістерін сапалы түрде таңдап алуға жәрдемдесетіндей етіп жазуымыз керек.

Революциялар тарихында ондаған жылдар, ғасырлар бойы толғағы жеткен қайшылықтар сыртқа қалқып шығады. Өмірде туып жатқан жаңалықтар орасан көп. Үнемі қалтарыста қалып келген, сондықтан да үстірт шолушылар екінің бірінде елемей келген немесе тіпті жек көріп келген бұқара белсенді күрескер ретінде саяси майданға шығып отыр. Бұл бұқара барша жұрт ал-

дында байқау ретінде қадамдар жасап, жүретін жолды бағдарлап, міндеттерді белгілеп, өздерін және өздерінің барлық идеологтарының теорияларын тексере отырып, нақты іс үстінде үйренуде. Бұл бұқара өзіне тарих жүктеген дүние жүзілік орасан зор міндеттердің дәрежесіне көтерілуге ерлікпен күш салуда, сондықтан кейбір жеке жеңілістер қаншалықты ауыр болғанымен, судай аққан қан мен мыңдаған құрбандықтар бізді қаншалықты есеңгіреткенімен,— бұқара мен таптардың революциялық күрестің барысында дәл осылайша тікелей тәрбиеленуіне маңызы жағынан еш нәрсе, еш уақытта да тең келмейді. Бұл күрестің тарихын күн санап өлшеуге тура келеді. Сондықтан кейбір шетелдік газеттердің қазірдің өзінде-ақ «орыс революциясының күнделігін» жасап отырғаны тегін емес. Біз де осындай күнделікті ашайық.

ПОП ГАПОН

Поп Гапон арандатушы деген болжамды оның зубатовтық қоғамның қатысушысы әрі жол бастаушысы болып отырған фактісі дәлелдейтін тәрізді. Одан соң, шетелдік газеттер, біздің тілшілер тәрізді, стачкалық қозғалыстың кеңірек және еркінірек дами түсуіне полицияның әдейі жол беру фактісін, жалпы алғанда үкіметтің (әсіресе ұлы князь Владимирдің) өзіне ең қолайлы сәтте қанды қырғын *жасағысы келген* фактісін атап көрсетеді. Ағылшын тілшілері тіпті істің жайы осылай болып отырғанда қозғалысқа нақ зубатовшылдардың белсене қатысуы үкімет үшін ерекше тиімді болса керек деп айтып отыр. Тегінде, басқалардың бәрінен де гөрі тезірек қарулануы мүмкін революцияшыл интеллигенция мен саналы пролетарлар зубатовтық қозғалыстан бойын аулақ салмай тұра алмады, одан безбей тұра алмады. Сонымен, үкімет емін-еркін қимылдайтындай, қайтсе де ұтып шығатындай жағдайда болды: демонстрацияға негұрлым бейбіт, ең нашар ұйымдасқан, ең артта қалған жұмысшылар шығады екен, демек, біздің әскерге оларды жеңу оп-оңай, ал мұның өзі пролетариатқа жақсы сабақ болады; көшеде кез келгендердің бәрін ату үшін мұның өзі өте жақсы сылтау болады; сарай маңындағы реакциялық (немесе ұлы князьдық) партия либералдарды толық жеңіп шығады, ал бұдан кейін аса қатал жазалау басталады деп ұйғарады.

Ағылшын газеттері де, консервативтік неміс газеттері де үкіметте (немесе Владимирде) нақ осындай әрекет жасау жоспары болды деп тікелей атап көрсетеді. Мұның шын болуы әбден ықтимал. 9 январьдағы қан төгіс күннің оқиғалары мұны тамаша дәлелдеп отыр. Бірақ мұндай жоспардың болуы поп Гапонның осы жоспардың *еріксіз* құралы болу мүмкіндігін әсте теріске шығара алмайды. Орыстың жас дін басыларының кейбір бөлігінде либералдық, реформаторлық қозғалыстың бар екені күмәнсыз: бұл қозғалысты жақтаушылар діни-философиялық қоғамның жиналыстарында да, діни әдебиетте де табылды. Бұл қозғалыс өзін тіпті: «жаңа православиелік» қозғалыс деп атады. Сондықтан поп Гапонның нағыз христиандық социалист болуы мүмкін, нақ осы қанды жексенбі оны нағыз революциялық жолға итермеледі деген ойды сөзсіз жоққа шығаруға болмайды. Біздің бұлай деп жорамалдауымызға себеп болып отырған — Гапонның 9 январьдағы қырғыннан кейін «бізде патша жоқ» деп жазған хаты, оның бостандық үшін күреске шақыруы, т. т.,— міне, бұл фактілердің бәрі оның адал және шыншыл екенін көрсетеді, өйткені көтерілісті жүргізе беруді жақтап мұндай пәрменді үгіт жүргізу арандатушының міндетіне ешбір жатпайды.

Қалай болған күнде де, социал-демократтардың жаңа бастаушы жөніндегі тактикасы өзінен-өзі белгіленді: зубатовшылға абайлап, сақтықпен, сенімсіз қарау қажет. Бірақ соның өзінде де көтеріліп отырған (тіпті зубатовшыл көтеріп отырса да) стачкалық қозғалысқа қызу қатысу қажет, социал-демократиялық көзқарастар мен ұрандарды асқан жігермен уағыздау қажет. Жоғарыда келтірілген хаттардан көрініп отырғанындай, РСДРП Петербург комитетіндегі біздің жолдастар да осындай тактика қолданған [84]. Сарай маңындағы реакцияшыл сұрқиялардың жоспарлары қаншама «айлакерлік» жоспар бола тұрса да, бүкіл халықтың авангарды болған пролетарлардың таптық күресі мен саяси наразылығының нақты шындық жағдайы одан әлдеқайда айлалы болып шықты. Полициялық және әскери жоспарлардың үкіметтің өзіне қарсы бағытталғандығы, болмашы сыл-

тау ретіндегі зубатовшылдықтан кең көлемді, ірі, бүкіл россиялық революциялық қозғалыс өсіп шыққандығы,— міне, бұл факт. Жұмысшы табының революциялық күш-қуаты мен революциялық түйсігі полициялық айлашарғы мен қулық-сұмдықтарға қарамастан жойқын күшпен сыртқа жарып шықты.

ПЕТЕРБУРГТЕГІ ШАЙҚАСТЫҢ ЖОСПАРЫ

Қарусыз жұмысшылар петиция беру үшін бейбіт ниетпен барған жағдайда, тосыннан қарағанда, шайқас туралы айту ыңғайсыз. Бұл — қырғын еді. Ал үкімет нақ шайқас болады деп есептеді және оның әбден ойластырылған жоспар бойынша әрекет жасағаны да сөзсіз. Ол Петербург пен Қысқы сарайды қорғауды әскери көзқарас тұрғысынан алып талқылады. Ол әскери шаралардың бәрін қолданды. Ол азаматтық өкімет орындарының бәрін жауып тастап, бір жарым миллион тұрғыны бар астананы халықтың қанын төгуді аңсап отырған ұлы князь Владимир бастаған генералдардың толық билігіне беріп қойды.

Үкімет көтерілісті қанға бояп басып-жаншу мақсатымен, қарусыз жұмысшыларды ұрып-соғу арқылы баррикада жасатып, пролетариатты әдейі көтеріліс жасауға мәжбүр етті. Пролетариат үкіметтің бұл сияқты әскери сабақтарынан тағлым алатын болады. Пролетариат революцияны бастаған екен, ол азамат соғысын жүргізу өнерін де үйренеді. Революция дегеніміз — соғыс. Бұл тарихта бұрын-соңды болған барлық соғыстардың ішіндегі бірден-бір заңды, толық праволы, шын мәнісіндегі ұлы соғыс болып табылады. Бұл соғыс, барлық соғыс атаулы сияқты, бір топ билеушілер мен қанаушылардың бас пайдасының мүдделері үшін жүргізіліп отырған жоқ, халық бұқарасының мүдделері үшін озбырларға қарсы, миллиондаған, он миллиондаған қаналушылар

мен еңбекшілердің мүдделері үшін озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы жүргізіледі.

Сырттай байқаушылардың бәрі қазір бұл соғыстың Россияда жарияланып және басталып отырғандығын бірауыздан мойындайды. Пролетариат бұдан да көп қалың бұқара болып тағы да көтеріледі. Петербург жұмысшылары петициядан баррикадаға қалай тез көшкен болса, патшаға сәбише сенушіліктің сарқыншақтары да соншалықты тез жойылмақ. Жұмысшылар барлық жерде каруланатын болады. Полиция қару-жарақ қоймалары мен магазиндерді бақылау жөнінде қаталдықты бұрынғыдан он есе күшейтетіндігін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Қолында қаруы болмаса, үкіметтің қашан және қандай сылтаумен болса да оларды атуға дейін баратындығына көзі жеткен қала бұқарасын ешқандай қаталдық, ешқандай тыйым салу тоқтата алмайды. Әркім өз бетімен мылтық немесе тым құрыса револьвер болса да тауып алуға, тапқан қаруын полициядан жасыруға және патша өкіметінің қанқұмар малайларына тойтарыс беру үшін дайын болуға барлық күшін салады. Әрбір істің басталуы қиын — деген мақал бар. Қарулы күреске көшу жұмысшыларға өте қиын болды. Үкімет енді оларды соған көшуге мәжбүр етіп отыр. Бірінші, ең қиын қадам жасалды.

Ағылшын тілшісі Москва көшелерінің бірінде болған жұмысшылардың назар аударарлық әңгімесін келтіреді. Бір топ жұмысшы сол күннің берген сабағын ашықтан-ашық талқылап тұр екен. «Балта ма? — дейді біреуі.— Жоқ балтамен қылышқа қарсы ештеңе істей алмайсың. Балтамен оған қолыңды жеткізе алмайсың, ал қанжар онан да бетер қысқа ғой. Жоқ, револьвер керек, ең болмағанда револьвер керек, ал мылтық болса одан да жақсы». Осындай және осы сияқты әңгімелер қазір бүкіл Россияда айтылып жүр. Ал бұл әңгімелер Петербургте болған «Владимир күнінен» кейін құрғақ сөз болып қана қалмайды.

Қырғынды басқарған патшаның ағасы Владимирдің әскери жоспары қала атыраптарын, жұмысшылар тұратын атыраптарды қаланың орталығына қарай өткізбеу болды. Жұмысшылар Қысқы сарайды қиратып (икона-

лармен, крестер және петициялармен!), патшаны өлтіргісі келеді деп солдаттарды сендіруге тырысып бақты. Стратегиялық міндет көпірлерді және Сарай алаңына апаратын көшелерді қорғау болды. Сөйтіп, «соғыс қимылы» болған негізгі орындар көпір маңындағы алаңдар (Троицк, Сампсониев, Николай, Сарай), жұмысшы кварталдарынан орталыққа апаратын көшелер (Нарва заставасы жанындағы, Шлиссельбург тас жолындағы, Нева көшесіндегі) және, ақырында, Сарай алаңы болды, өйткені әскердің көп жиналғандығына қарамастан, қаншама тойтарыс берілгендігіне қарамастан, сан мың жұмысшы алаңға өтіп кеткен болатын. Жұмысшылардың қайда бара жатқандығын, жиналатын бір-ақ пункт бар екенін, мақсаттың біреу-ақ екенін жұрттың бәрі жақсы білді, әрине, мұның өзі соғыс қимылдарының міндетін керемет жеңілдетті. Өзінің қайда және не үшін бара жатқанын күні бұрын барша жұртқа жария етіп, құр қол бара жатқан дұшпанға қарсы батырсынған генералдар «ойдағыдай» әрекет жасады... Мұның өзі қорғаныссыз, бейбіт халық бұқарасын барып тұрған опасыздықпен, жауыздықпен қырып салу болды. Бұқара халық бастан кешкен осы оқиғалардың бәрін енді ұзақ уақыт еске алып, әңгімелерінде сөз етіп, қатты қапаланумен, ойлаумен болады. Бұл ойластырудан, «Владимир сабағының» бұқара санасында бұл іске асуынан шығатын бірден-бір және сөзсіз қорытынды: соғыста соғыстағыша қимылдау керек деген қорытынды болмақ. Жұмысшы бұқарасы, ал оларға ілесе деревня кедейлерінің бұқарасы да өздерін соғысушы жақ деп сезінетін халге жетеді, міне, сонда... сонда біздің азамат соғысындағы келесі шайқастар тек бір ғана ұлы князьдар мен патшалардың «жоспарлары» бойынша өтпейтіні хақ. 9 январьда Нева көшесіндегі жұмысшылар тобы ішінен шыққан: «Қару алыңдар!» деген ұран енді аяқсыз қалмайды.

«ПЕТЕРБУРГТЕГІ ШАЙҚАСТЫҢ ЖОСПАРЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА ҚОСЫМША

Петербургтегі шайқастың жоспарын біз «Вперед»тің 4-номерінде жазған болатынбыз. Енді біз ағылшын газеттерінен осы жоспардың кейбір көңіл бөлуге тұрарлық егжей-тегжейін кездестіріп отырмыз. Ұлы князь Владимир соғысушы армияның командашысы етіп генерал князь Васильчиковты тағайындаған. Бүкіл астана офицерлер арасында учаскелерге бөлініп берілген. Патша қарулы жаудың шапқыншылығына душар болатындай-ақ шындап соғыс жүргізді. Соғыс операциялары кезінде бас штаб Васильев Аралында жасыл столға жайласып, әрбір учаскенің бастығынан жарты сағат сайын ақпар алып отырды.

Бұл Петербург жұмысшыларының есінде болсын!

1905 ж. 18(31) январьдан кешірек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ПАТША-АҒЗАМ» ЖӘНЕ БАРРИКАДАЛАР

Қанды жексенбі оқиғаларына жалпы көз жібергенде бәрінен бұрын патшаға деген аңқаулық ескі сенім мен патша өкіметіне қарсы көшедегі кескілескен қарулы күрестің осылай ұштасып отырғанына таңданасың. Орыс революциясының алғашқы күні ескі Россия мен жаңа Россияны адам айтқысыз күшпен бетпе-бет қарсы қойды, шаруалардың патша-ағзамға деген атам заманғы сенімінің жан тәсілімін және қала пролетариаты іспеттес революцияшыл халықтың туғанын көрсетті. Европаның буржуазиялық газеттері 10 январьдағы Россия 8 январьдағы Россия емес, деп босқа айтып жүрген жоқ. Біз жоғарыда атап өткен неміс социал-демократиялық газетінің [85] бұдан 70 жыл бұрын Англияда жұмысшы қозғалысының қалай басталғандығын, 1834 жылы ағылшын жұмысшылары көше демонстрацияларын жасап, жұмысшы одақтарына тыйым салуға қарсы қалай наразылық білдіргендігін, олардың 1838 жылы Манчестер жанындағы орасан зор жиналыстарда «халық хартиясын» қалай әзірлегендігін және пастор Стивенстің «құдай берген еркін ауамен тыныстап, құдайдың еркін жерін басып жүрген әрбір азат адамның өзінің меншікті ошағы болуына правосы бар» деп жариялағанын еске алуы тегін емес. Сондай-ақ, нақ осы пастордың өзі жиналған жұмысшыларды қолға қару алуға шақырған болатын.

Біздің Россияда да қозғалыстың басында священник болды, ол бір күннің ішінде-ақ бейбіт талаппен патша-

ның өзіне баруға шақырудан — революцияны бастауға шақыруға дейін жетті. «Жолдастар, орыс жұмысшылары!»,— деп жазды священник Георгий Гапон қан төгіс күннен кейін либералдар жиналысында оқылған хатында,— «Бізде енді патша жоқ. Бүгін патша мен орыс халқының арасында адам қаны судай ақты. Орыс жұмысшыларының халық бостандығы үшін күресті патшасыз жүргізе беретін уақыты жетті. Сіздерге бүгінге арнап батамды беремін. Ертең мен сіздердің орталарыңызда боламын. Бүгін мен біздің ісіміз жөніндегі жұмыстан ешбір босамай отырмын».

Мұны священник Георгий Гапон айтып отырған жоқ. Мұны осы уақытқа дейін патша-ағзамға аңқаулықпен және ешбір ойланбастан сеніп келген, өзінің адам айтқысыз ауыр күйіне жеңілдікті патша-ағзамның «өзінен» іздеп, барлық оңбағандық, зорлық-зомбылық, озбырлық пен тонаушылық үшін патшаны алдап жүрген чиновниктерді *ғана* айыптап келген мыңдаған және он мыңдаған, миллиондаған және он миллиондаған орыс жұмысшылары мен шаруалары айтып отыр. Артта қалған, тағылық жайлаған, қайдағы бір қараңғы түкпірлерде өтіп келген мужик өмірінің талай-талай ұрпақтары бұл сенімді нығайтып отырды. Жаңа, қалалы, өнеркәсіпті, сауатты Россия өмірінің әрбір айы бұл сенімді әлсіретіп, күйретіп келді. Жұмысшы қозғалысының соңғы он жылы мыңдаған алдыңғы қатардағы социал-демократ пролетарларды өсіріп шығарды, олар бұл сенімнен толық саналы түрде қол үзді. Бұл он жыл мыңдаған жұмысшыларды тәрбиелеп шығарды, олардың стачкалық күрес пен саяси үгітте күшейген таптық сезімі мұндай сенімнің барлық негіздерін әлсіретті. Бірақ осы мыңдаған, он мыңдаған жұмысшылардың тасасында жүз мыңдаған және миллиондаған еңбекшілер мен қаналушылар, қорлық көргендер мен зәбірленгендер, пролетарлар мен жартылай пролетарлар қалып отырды, бұлар мұндай сенімнен әлі де арылмауы мүмкін. Олар көтеріліске бара алмайды, олардың тек өтінуге және жалбарынуға ғана қабілеті жетеді. Олардың сезімі мен көңіл күйін, олардың білім дәрежесі мен саяси тәжірибесін священник Георгий Гапон көрсетіп берді, міне,

күні кеше ешкімге белгісіз, бүгінде бүкіл Петербургтің, ал Петербургтен соң бүкіл европалық баспасөздің кейіпкері болған адамның орыс революциясының басталуында атқарған ролінің тарихи маңызы да осында.

Жоғарыда біз хаттарын келтірген Петербург социал-демократтарының алғашында неліктен Гапонға сенбегендігі және сенімсіздік білдірмей тұра алмағандығы енді түсінікті. Ряса киген, құдайға сенген және Зубатов пен охранка бөлімінің мәртебелі қамқорлығы арқасында әрекет еткен адам күдік туғызбай қоймайтын еді. Ол шын болсын, өтірік болсын, әйтеуір үстіндегі рясасын жыртып, өзінің оңбаған сословиеге, халықты тонап, аздыратын топтар сословиесіне жататындығын қарғап-сіледі, мұның шын-өтірік екендігін Гапонның өз басын жақсы білетін адамдардан басқа, яғни ат төбеліндей аз ғана адамдардан басқа ешкім сеніп айта алмайды. Мұны тек өрістеп келе жатқан тарихи оқиғалар ғана, тек фактілер, фактілер және фактілер ғана шеше алатын еді. Сөйтіп, фактілер бұл мәселені Гапонның пайдасына шешті.

Пролетариаттың адам айтқысыз қалың тобын қамтыған жаппай стачканың тоқтаусыз жылдам өсуін көріп, арандатушыға да ілесіп кетуі мүмкін «қоңырқай» бұқараға Гапонның ықпалы шексіз екендігін көріп, біздің петербургтік жолдастар:— социал-демократия бұл стихиялық қозғалысты меңгере ала ма?—деп өздеріне күдіктене сұрақ қойды. Сондықтан социал-демократтар бейбіт жолмен талап қоюды мүмкін дейтін аңқаулық жалған үміттерді қолдамай ғана қойған жоқ, олар Гапонмен таласты, олар өздерінің бүкіл көзқарастары мен өздерінің бүкіл тактикасын тікелей және батыл жақтап шықты. Ал социал-демократияның қатысуынсыз жұмысшы бұқарасының өзі жасаған тарих осы көзқарастар мен осы тактиканың дұрыстығын дәлелдеді. Пролетариаттың таптық жағдайының логикасы Гапонның қателерінен, аңқаулығы мен жалған үміттерінен күшті болып шықты. Социал-демократтардың жұмысшы бұқарасына баспасөз жүзінде де, ауызша да әрдайым айтып жеткізіп келгенін және жеткізе беретінін патшаның атынан және патшаның бүкіл өкімет билігімен әре-

кет еткен ұлы князь Владимир өзінің жендеттік қаһарымен бірден көрсетпек болды.

Әлі де патшаға деген сенім сарқыншақтары сақталған жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы көтеріліске бара алмайды,— деген едік біз. Тоғызыншы январьдан кейін біздің былай деп айтуға правомыз бар: енді олар көтеріліске бара алады, барады да. «Патша-ағзам» қарусыз жұмысшыларды қанға бояп жазалауымен жұртты баррикадаға өзі итермеледі және оларға баррикадаларда күресудің алғашқы сабағын үйретті. «Патша-ағзамның» берген сабақтары босқа кетпейді.

Социал-демократияға енді Петербургте болған қан төгіс күндер жөніндегі хабарларды мүмкіндігінше неғұрлым кең тарату жөнінде, өз күштерінің неғұрлым берік топтасып, ұйымдасуы жөнінде, өзінің әлдеқашан көтерген: *бүкіл халықтық қарулы көтеріліс жасау керек»* * — деген ұранына бұрынғыдан да гөрі жігерлі насихаттау жөнінде қамқорлық жасауына тура келеді.

---

* Рас, біздің терең ойлысынған (мартыновша терең ойлы) жаңа искрашылдар бұл ұранды шатастыруға, әлсіретуге және кері тартуға тырысты (салыстырыңыз. «Искра» № 62, «Біз осылай дайындаламыз ба?» деген бас мақала). Бірақ жаңа искралық мартыновшылдық біздің партияда, әсіресе земствошылармен зәрені ұшырып қорқытпау туралы әйгілі «келісімдер» жоспарынан бері батыл тойтарысқа ұшырап отыр [56].

АЛҒАШҚЫ АДЫМДАР

Өртті тұтандырған ұшқын еңбектің капиталмен ең дағдылы қақтығыстарының бірі — бір заводта болған стачка еді. Алайда, көңіл бөлерлік бір жайт, Путилов заводының 12 000 жұмысшысының дүйсенбіде, 3 январьда, бұрқ ете түскен осы стачкасы бәрінен де гөрі пролетарлық ынтымақтастық жолындағы стачка болатын. Стачканың басталуына төрт жұмысшының жұмыстан шығарылуы себеп болды. «Оларды жұмысқа қайта алу туралы талап қанағаттандырылмаған соң,— деп жазады бізге бір жолдас Петербургтен 7 январьда,— завод өте ұйымшылдықпен, бірден тоқтады. Стачка толық ұстамды сипатта өтіп жатты; жұмысшылар машиналар мен басқа мүлікті санасы төмен адамдардың бүлдіруінен қорғауға бірнеше адамды бөлді. Бұдан соң олар басқа заводтарға өкілдер жіберіп, өздерінің талаптарын хабарлады және бізге қосылыңдар деп ұсыныс жасады». Мыңдаған, он мыңдаған жұмысшылар қозғалысқа қосыла бастады. Пролетариатты ұдайы жүргізілетін монархиялық насихатпен аздыру мақсатында үкіметтің көмегімен құрылған зубатовтық, жария жұмысшы қоғамы қозғалыстың төменгі сатыларында оны ұйымдастыру ісіне және оның ұлғайып өсуіне аз еңбек сіңірген жоқ. Социал-демократтардың әлдеқашаннан айтып, көрсетіп келгені айнымай бола қалды, олар жұмысшы табының революциялық түйсігі және оның ынтымақтастық рухы полициялық ұсақ айла-шарғының қандайын болса да жеңіп шығады, деп зубатовшылдарға айтқан

болатын. Зубатовшылдар ең артта қалған жұмысшыларды қозғалысқа тартады, ал одан арғы жерде жұмысшыларды ілгері итермелеуге патша үкіметінің өзі-ақ қамқоршы болады, бұдан әрі капиталистік қанаудың өзі-ақ оларды бейтарап және барынша, тағы да барынша екіжүзді зубатовшылдықтан революциялық социал-демократияға қарай жақындата береді. Пролетарлық өмір мен пролетарлық күрес практикасы зубатовшыл мырзалардың «теориялары» мен болымсыз әрекеттерінің бәрін жеңіп шығады *.

Солай болып шықты да. Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы Петербург комитетінің мүшесі, бір жұмысшы жолдас 5 январьда бізге жазған хатында өзінің алған әсерін былайша баяндайды:

«Нева заставасының арғы бетінде болып өткен Семянников заводы жұмысшыларының жиналысынан алған әсерден соң іле-шала жазып отырмын. Бірақ алдымен Петербург жұмысшыларының бойын билеген пиғылы жөнінде бірер сөз айта кетейін. Жұртқа мәлім, *соңғы кезде мұнда поп Гапонның басшылығымен, «зубатовтық» ұйымдар пайда бола бастады немесе, дұрысырақ айтқанда, қайта туа бастады. Бұл ұйымдар өте қысқа мерзімнің ішінде тым көбейіп, күшейіп алды. «Орыстың фабрика жұмысшыларының жиналысы» дейтіннің қазірдің өзінде 11 бөлімі болып отыр. Дәл күткеніміздей, бұл жиналыстардың нәтижелері олар оңтүстікте қандай болса, дәл сондай болып шығуға тиіс еді.*

Қазір Петербургте кең стачкалық қозғалыс басталып келе жатыр деп сеніммен айтуға болады. Біресе ана заводта, біресе мына заводта жаңа ереуіл өткені күн сайын дерлік естіліп жатады. Путилов заводының ереуіл жасағанына міне екі күн болды. Бұдан екі апта бұрын Выборг жағындағы Шаудың мақта жіп иіретін фабрикасы ереуіл жасады. Стачка төрт күнге созылды. Жұмысшылар ешқандай нәтиже шығара алмады. Бүгін-ертең бұл стачка қайта басталады. Барлық жерде де көңіл көтеріңкі, бірақ оны социал-демократияның пайдасында деуге болмайды. Жұмысшылардың басым көпшілігі та-

* Салыстырыңыз: Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабы, 86—88-беттер (Шығармалар толық жинағы, 6-том, 127—128-беттер. *Ред.*)

за экономикалық күресті қолдап, саяси күреске қарсы болып отыр. Бірақ бұл ниет өзгереді, сөйтіп жұмысшылар саяси күрессіз ешқандай экономикалық жақсылықтарға жете алмайтындығын түсінеді деп күтіп, сену керек. Кеме жасау қоғамының Нева заводы (Семянников) бүгін ереуіл жасады. «Орыстың фабрика-завод жұмысшылары жиналысының» жергілікті бөлімі басталып отырған стачканың жетекшісі болуға тырысуда, бірақ, бұл, әрине, оның қолынан келмейді. Өзінің өте әлсіздігіне қарамастан мұнда стачканың жетекшісі социал-демократия болмақ.

Петербург комитеті листоктар шығарды: олардың екеуі — Шаудың мақта жіп иіретін фабрикасына, біреуі — Путилов жұмысшыларына арналды. Бүгін кеме жасайтын Нева заводы жұмысшыларының жиналысы өтті. Бұған 500-ге жуық жұмысшы жиналды. «Жиналыстың» жергілікті бөлімінің мүшелері бірінші рет шығып сөйледі. Олар саяси талаптардан бас тартып, көбінесе экономикалық талаптар қойды. Жиналыстағылардың арасынан ұнатпаған дауыстар естіліп жатты. Бірақ нақ осы кезде «Русская Газетаның» [87] қызметшісі, Петербург жұмысшылары арасында үлкен құрметке ие болған Строев келді. Строев қарар ұсынды, оның айтуына қарағанда, бұл қарарды ол өзі және социал-демократия өкілдері дайындаған көрінеді. Бұл қарар пролетариат пен буржуазияның таптық мүдделерінің қарама-қарсы екендігін атап корсеткенмен де жеткілікті дәрежеде болмады. Строевтен кейін социал-демократ жұмысшы жолдастар сөйледі, олар бұл қарарды негізінен қорғады, бірақ оның тар өрістілігі мен кемшілігін баса корсетті. Будан соң әбігерлік басталды, кейбіреулер социал-демократтардың сөзіне риза болмай, жиналысты болғызбауға әрекеттенді. Жиналыс көпшілік дауыспен председательге қарсы шықты, өйткені оның өзі жиналысты болғызбаушылардың ішінде еді, сөйтіп жаңа председательдікке социалисті сайлады. Бірақ «қоғам» (зубатовтық) мүшелері тынышталмады, жиналыстың берекесін кетіре берді. Жиналыстың басым көпшілігі (90%) социалистер жағында болғанына қарамастан, жиналыс ақыр аяғында ешбір мәмлеге келмей тарады

да, шешімді ертеңге қалдырды. Қалай дегенмен де, социал-демократтар жұмысшылардың ниетін өз жағына тарта алды деп айтуға болады. Ертең үлкен жиналыс болмақ.— Оған екі-үш мың адам келуі мүмкін.— Таяу күндерде, 1903 жылы оңтүстікте болған июль демонстрациясы сияқты, бір орасан зор демонстрация өтуін күту керек. Француз-орыс қоғамының заводы — төрт-бес мыңға жуық адам — ереуілге шықты. Штиглицтің мақта жіп иіру фабрикасында — бес мыңға жуық адам — стачка басталды деп хабарлады. Обухов заводында — бес-алты мың адамы бар — стачка болмақшы».

Социал-демократтың, жергілікті комитет мүшесінің (әлбетте, ол Петербургтің кішкене бір бөлегінде болған оқиғалар туралы ғана дәл біле алады), осы мәліметтерін шетелдік газеттердің, әсіресе ағылшын газеттерінің мәліметтерімен салыстыра отырып, біз соңғысының өзгешелігі — оның өте дәлдігінде деп қорытынды жасауға тиіспіз.

Стачка күннен-күнге адам айтқысыз тез өсті. Жұмысшылар толып жатқан жиналыстар ашып, өздерінің «хартиясын», өздерінің экономикалық және саяси талаптарын әзірледі. Бұл талаптардың қай-қайсысы да зубатовшылдардың басқаруына қарамастан, жалпы алғанда социал-демократиялық партия программасының талаптарына сай келді, ол тіпті жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс берілетін сайлау правосы негізінде құрылтай жиналысы шақырылсын деген ұранға дейін ұласты. Өзінің көлемі жағынан бұрын-соңды болып көрмеген стачканың стихиялық өсуі ұйымдасқан социал-демократтардың қозғалысқа жоспарлы түрде қатысу мүмкіндігінен әлдеқайда озып кетті. Енді сөзді солардың өздеріне берейік.

ҚАНДЫ ЖЕКСЕНБІНІҢ ҚАРСАҢЫ

Біз қозғалыстың барысы туралы әңгімемізде патшаға құрылтай жиналысын шақыру туралы «петиция» тапсыру үшін Гапонның инициативасы бойынша 9 январьдағы жексенбіде жұмысшы бұқарасының Қысқы сарайға баруы белгіленгеніне тоқталған болатынбыз. Петербургте стачка сенбі күні-ақ, 8 январьда, жаппай стачкаға айналды. Тіпті ресми мәліметтердің өзі ереуілге шыққандардың саны 100—150 мың адам болды деп көрсетті. Россия осы кезге дейін тап күресінің мұндай орасан зор дүмпуін көрген емес-ті. Бір жарым миллион халқы бар орасан зор астананың бүкіл өнеркәсіп, сауда, қоғамдық өмірінің берекесі кетті. Пролетариат қазіргі цивилизацияға *өздері, тек өздері ғана* тірек болып отырғандығын, байлық пен молшылық солардың еңбегімен жасалатындығын, бүкіл «мәдениетімізді» тек солар ғана ұстап тұрғандығын іс жүзінде көрсетті. Қала әрі газетсіз, әрі жарықсыз, әрі сусыз қалды. Сөйтіп, бұл жаппай стачка ашықтан-ашық саяси сипат алып, революциялық оқиғалардың тікелей бастамасы болды.

Оқиғаларды өз көзімен көрген бір адам бізге жазған хатында тарихи күннің қарсаңын былай суреттейді:

«Петербургтегі ереуіл 7 январьдан бастап жаппай ереуілге айналды. Тек барлық ірі заводтар мен фабрикалар ғана тоқтап қойған жоқ, сонымен қатар көптеген шеберханалар да тоқтады. Бүгін, 8 январьда, «Правительственный Вестник» [88] пен «Ведомости С.-Петербургского Градоначальствадан» [89] басқа бірде-бір газет шық-

қан жоқ. Қозғалысқа басшылық ету осы кезге дейін зубатовшылдардың қолында отыр. Біз Петербургте болып көрмеген жағдайды байқап отырмыз, сондықтан — социал-демократиялық ұйымның ең болмағанда біраз уақыттан кейін қозғалысты өз қолына алуға қабілеті жете ме, жоқ па,— деген белгісіз жағдайдап жүрегіңді қорқыныш сезімі қысады. Жағдай өте ауыр. Осы күндердің бәрінде қаланың барлық аудандарында «Орыс жұмысшылары одағының» үйлерінде күн сайын жұмысшылардың бұқаралық жиналыстары өтіп жатыр. Жиналыс болып жатқан үйлердің алдындағы көшелер ұзақ күнге мыңдаған жұмысшыларға лық толы. Социал-демократтар мезгіл-мезгіл сөз сөйлеп, листоктар таратады. Жұрт бұл сөздер мен листоктарды зубатовшылдардың оппозиция жасауға тырысқанына қарамастан жалпы тілектестікпен қарсы алуда. Сөз самодержавие туралы болған кезде, олар: «Мұның бізге керегі жоқ, самодержавие бізге кедергі жасамайды!» — деп даурығады. Ал, оның бер жағында, «Одақ» үйлерінде зубатовшылдардың сөздерінде социал-демократиялық талаптардың бәрі—8 сағаттық жұмыс күнінен бастап тең, төте және дауысты жасырын беру правосы негізінде халық өкілдерін сайлау талабына дейінгі талаптардың бәрі қойылады. Бірақ зубатовшылдар бұл талаптардың қанағаттандырылуы самодержавиені құлату болып табылмайды, қайта халықты патшаға жақындату, патшаны халықтан алыстатып отырған бюрократияны жою болып табылады деп дәлелдейді.

Социал-демократтар сондай-ақ «Одақ» үйлерінде де сөз сөйлейді және олардың сөздері тілектестікпен қабылдануда, бірақ нақты ұсыныстар енгізу инициативасы зубатовшылдарда болып отыр. Социал-демократтардың қарсылығына қарамастан, бұл ұсыныстар қабылданады. Бұл ұсыныстар мыналар: 9 январьда, жексенбі күні, жұмысшылар Қысқы сарайға барып, священник Георгий Гапон арқылы патшаға жұмысшылардың барлық талаптары көрсетілген петиция тапсыруға тиіс; петиция «Бізге осының бәрін беріңіз, немесе біз өлеміз» деген сөздермен аяқталған. Жиналыстарды басқарушылар оған мынадай сөздерді қосып жатты: «Егер патша

бұларды бермейтін болса, онда біздің не істесек те өз еркіміз,— демек, патша бізге дұшпан болғаны, міне, сонда біз қызыл туды көтеріп, оған қарсы шығамыз. Егер біздің қанымыз төгілсе, онда ол қан патшаның мойнына артылады». Петиция барлық жерде қабылданады. Жұмысшылар жексенбі күні «бала-шағамызды ертіп», бәріміз де алаңға келеміз деп ант беруде. Бүгін жеке аудандар бойынша петицияға қол қойылмақ, ал сағат 2-де барлық жұрт «Халық үйіне» қорытынды митингке жиналуға тиіс.

Осының бәріне полиция толық жол беріп отыр,— кейбір үйлердің қораларында атты жандармдар жасырын тұрғаны болмаса, полиция барлық жерден қайтарылып алынды.

Бүгін көшелерге қала бастығының жарпамалары ілінген, оларда топ болып жиналуға тыйым салынып, қарулы күш жұмсалады деп қорқытқан. Жұмысшылар бұл жарпамаларды жұлып тастап жатыр. Төңіректегі әскерлер қалаға келтірілуде. Трамвай қызметшілерін (кондукторлар мен көшірлерді) казактар қылышпен жасқандырып жұмысқа зорлап шығарды».

ӨЛГЕНДЕР МЕН ЖАРАЛАНҒАНДАРДЫҢ САНЫ

Өлгендер мен жараланғандардың саны жөнінде хабарлар әр түрлі. Бұлардың санын дәл есептеу туралы сөз болу мүмкін еместігі өзінен-өзі түсінікті, ал мөлшерлеп айту өте қиын. Үкіметтің 96 адам өлді, 330 адам жараланды деген хабары, тегінде, жалған болса керек, сондықтан оған ешкім сенбейді. Газеттердің соңғы хабарларына қарағанда, журналистер 13 январьда ішкі істер министріне *өлгендері, жараланғандары бар 4600 адамның* тізімін тапсырыпты, бұл тізімді репортерлер жасаған көрінеді. Әрине, бұл цифрдың да толық болуы *мүмкін емес,* өйткені барлық соқтығыстарда өлгендер мен жараланғандарды түгел санап шығу күндіз де (түнді айтпағанның өзінде) мүмкін болмас еді.

Самодержавиенің қарусыз халықты қырып-жойып жеңуі Маньчжуриядағы үлкен шайқастардан аз шығынға түскен жоқ. Барлық шетел тілшілерінің хабарлағанындай, Петербург жұмысшыларының офицерлерге: сендер жапондардан гөрі орыс халқына қарсы жақсы соғыстыңдар деп айқайлауы тегін емес.

БАРРИКАДАЛАРДАҒЫ ҰРЫСТАР [90]

Біздің көріп отырғанымыздай, тілшілердің хабарларында көбінесе Васильев Аралындағы, ішінара Нева проспектісіндегі баррикадалар туралы айтылады. Үкіметтің 10(23) январьда, дүйсенбіде, шыққан хабарында былай делінген: «Тобыр Шлиссельбург тас жолында, сонан соң Нарва заставасы жанында, Троицк көпірінде, Александр бағында, Нева жағасындағы скверлерде тікенді сымнан тосқауылдар құрып, қызыл жалаулар тігілген баррикадалар жасады. Жақын үйлердің терезелерінен әскерлерге тас лақтырып, оқ атқылады. Тобыр полицейлердің қаруын тартып алды. Қару-жарақ жасайтын Шоф фабрикасы тоналды. Васильев Аралының бірінші және екінші учаскесінде тобыр телеграф сымдарын қиып, телеграф бағаналарын құлатты. Полиция учаскесін талқандады».

Француздың бір тілшісі жексенбі күні 2 сағат 50 минутта былай деп телеграмма беріпті: «Атыс әлі болып жатыр. Әскерлер, сірә, не істерін білмей сасқалақтап қалған. Невадан өтіп бара жатып, мен бірнеше сигнал оттарын көріп, дүркін-дүркін атылған мылтық даусын естідім. Васильев Аралындағы баррикадаларға стачкашылар лаулата жаққан оттар жарық беріп тұр. Мен бұдан әрі өте алмадым. Сарнаған керней даусы оқ атуға берілген бұйрық еді. Бір батальон солдат штыктарын кезеніп, үйілген шаналардан жасалған баррикаданы атой салып шабуылмен алды. Нағыз қырғын болды. Жүзге жуық жұмысшы ұрыс болған жерде сұлап қал-

ды. Қолға түскен елу шақты жаралы адамды менің жанымнан алып өтті. Офицер маған пистолетін кезеніп, кет деп бұйрық берді».

Баррикадаларда болған ұрыстарды тілшілердің егжей-тегжейлі суреттеп жазуы өте аз. Бұл түсінікті, өйткені тілшілер қауіпті жерлерден мүмкіндігінше аулақтау болуға тырысқан. Ал баррикадалардағы ұрыстарға қатысқандардың ішінен аман қалғаны, әрине, некен-саяқ. Баррикадаларды тіпті артиллериядан атқылады деген де хабар болды, бірақ ол, сірә, анықталмаған болса керек.

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПАТША БІТІМІ

Царское Селода (9 январьдағы жеңістен кейін) патшаның қатысуымен немесе қатысуынсыз болған соңғы кеңестерде Жапониямен бітім жасау керектігі туралы мәселе қызу талқыланды деп хабарлады шетел газеттері. Қазір құрметті монархтың төңірегіндегі адамдардың бәрі негізінен алғанда енді бітімді жақтап отыр. Будан он күн бұрын соғысты жүргізе беруді сөзсіз жақтаған мемлекеттік сановниктердің саны қазір әжептәуір азайды, сойтіп олардың көпшілігі енді бітім жасауды белсенді жақтаушы болып шықты.

«Қайткен күнде де бітім болсын» деген сылдыр сөздердің бос соз бола отырып (өйткені социал-демократтардың пікірлері туралы ешкім сұраған жоқ және олардың пікірлерінде еш нәрсе тұрған да жоқ), іс жүзінде, қазіргі конъюнктурада тек самодержавиенің зәресі ұшқан жақтаушыларына ғана тиімді болғанын түсінбегені партиямыздың Орталық Органы дейтінде отырған зердесіз социал-демократтардың есінде болсын. Біздің жаңа искрашылдар бүкіл европалық буржуазияның (істі Жапонияға тілектес болудан бастап, революциядан қорыққандықтан әлдеқашан Россия жағына шыға бастаған буржуазияның — «Frankfurter Zeitung» және басқаларды салыстырыңыз) пиғылында болған бет бұрысты аңғармай қалды. Қазір олар *қайткен күнде де* бітім болсын деген мағынасыз бос сөздерді петербургтік Угрюм-Бурчеевтер өз мақсаттарына пайдалана бастағанын аңғармай отыр.

1905 ж. 19 январьда (1 февральда) жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП-дағы ЖІККЕ БӨЛІНУДІҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ [91]

Швейцар социал-демократтарының белгілі көсемі *Герман Грейлих* (Herman Greulich) 1905 ж. 1 февральда «Вперед» (РСДРП) газетінің редакциясына жазған хатында, орыс социал-демократтары арасындағы жаңадан жікке бөліну жөнінде, сөз арасында, қынжылғандық білдіріп, былай дейді: «Wer die größere Schuld an dieser Zersplitterung trägt, das werde ich nicht entscheiden und ich habe den internationalen Entscheid bei der deutschen Parteileitung angeregt» («Бұл жікке бөлінушілікке кімнің көбірек кінәлы екенін мен шешіп жатпаймын; мен неміс социал-демократиялық партиясының басқармасына бұл мәселені халықаралық жолмен шешуді ұсындым»).

Грейлихтың бұл хатына «Вперед» редакциясы орыс «Көпшілік Комитеттері Бюросының» шетелдік өкілі Степанов жолдаспен бірлесіп төмендегідей хатпен жауап қайтарды.

Грейлих жолдас халықаралық жолмен шешуді көздеп отырғандықтан, біз Грейлихқа жазған хатымызды «Вперед» газетінің барлық шетелдік достарына жолдаймыз және олардан бұл хатты өздері тұратын елдің тіліне *аударуын,* сондай-ақ бұл хатпен шетел социал-демократтарының барынша көпшілігін таныстыруын сұраймыз.

Сонымен бірге Лениннің «Орталық мекемелердің партиядан қол үзуі туралы мәлімдеме мен документтер» деген кітапшасын да, оған қоса 1) солтүстік конферен-

цияның қарары мен 2) Кавказ конференциясының қарарын; 3) оңтүстік конференцияның қарарын да шетел тілдеріне аударған дұрыс болар еді.

Бұл өтініш орындала ма, соны хабарлауды сұраймын.

ГРЕЙЛИХҚА ХАТ

3 февраль 1905.

Құрметті жолдас! Сіз өзіңіздің хатыңызда жікке бөлінушілікке біздің партиядағы (РСДРП) фракциялардың бірі болмаса бірінің кінәлы екені туралы мәселеге тоқталыпсыз. Сіз бұл туралы неміс социал-демократтарының және Халықаралық бюроның [92] пікірін сұрадым депсіз. Осыған байланысты біз жікке бөлінудің қалай болғанын Сізге баяндап беруді өзіміздің міндетіміз деп санаймыз. *Дәл анықталған фактілерді* келтірумен шектеліп, оларға баға беруден, мүмкіндігінше, аулақ болуға тырысамыз.

1903 жылдың аяғына дейін біздің партиямыз *комитеттер* деп аталатын, озара байланысы жоқ жергілікті социал-демократиялық ұйымдар жиынтығы болды. Партияның I съезінде (1898 ж. көктемде) сайланған Орталық Комитет пен Орталық Орган болмады. Оларды полиция талқандады да, қайта қалпына келмеді. Шетелде «Орыс социал-демократтары одағы» (органы — «Рабочее Дело», осыдан келіп *«рабоче-делошылдар»* деп аталды) мен Плеханов арасында жікке бөлінушілік туды. 1900 жылы құрылған *«Искра»* газеті Плеханов жағына шықты. Үш жылдың ішінде, 1900—1903 жылдарда, «Искра» орыс комитеттеріне күшті ықпал жүргізетін болып алды. «Искра» «экономизмге» (alias *— «рабочеделошылдық»=оппортунизмнің орыстық түрі) қарсы революциялық социал-демократия идеяларын қорғады.

Партияда бірліктің болмауы жұрттың бәріне ауыр тиді.

Ақырында, 1903 жылы августа шетелде *партияның екінші съезін* шақыруға мүмкіндік туды. Съезге барлық орыс комитеттері, Бунд (Bund=еврей пролетариатының дербес ұйымы) және шетелдік *екі* фракция, «искра-

* — басқаша айтқанда. *Ред.*

шылдар» мен «рабоче-делошылдар» фракциясы қатысты.

Съезге қатысушылардың бәрі съезді заңды деп тапыды. Съезде искрашылдар мен антиискрашылдар (рабоче-делошылдар мен Бунд) арасында күрес болды; «батпақ» деп аталатындар аралық жағдай ұстады. Искрашылдар жеңіп шықты. Олар партия программасын өткізді («Искраның» жобасы бекітілді). «Искраны» Орталық Орган деп, оның бағытын партияның бағыты деп таныды. Тактика туралы бірсыпыра қарарлар «Искра» рухында қабылданды. Искралық ұйымдық устав (Лениннің жобасы) қабылданды. Антиискрашылдар искрашылдардың аздаған бөлігінің қолдауымен жекелеген түзетулер енгізіп, оны сәл нашарлатты. Съезде дауыстардың топталуы мынадай болды: барлығы 51 дауыс. Мұның ішінен 33-і искрашылдар (24-і — қазіргі *көпшілік* искрашылдар, 9-ы — қазіргі *азшылық* искрашылдар), 10-ы — «батпақ» және 8-і — антиискрашылдар (3 рабоче-делошыл және 5 бундшыл). Съездің аяқ шенінде, сайлау алдында, *жеті* делегат (2 рабоче-делошыл және 5 бундшыл) съезден кетіп қалды (Бунд партиядан шықты).

Содан кейін искрашылдардың азшылығын олардың қателіктер жіберуі салдарынан барлық антиискрашылдар мен «батпақ» қолдады да, бұлар *съездің азшылығы* болып шықты (24 және 9+10+1, яғни 24 және 20). Орталық мекемелерді сайлаған кезде Орталық Органға 3 адам және Орталық Комитетке 3 адам сайлау ұйғарылды. «Искраның» ескі редакциясының 6 адамының (Плеханов, Аксельрод, Засулич, Старовер, Ленин, Мартов) ішінен — Плеханов, Ленин және Мартов сайланды. Орталық Комитетке көпшіліктен 2 адам және азшылықтан 1 адам сайламақ болды.

Мартов «шығарылған» (сайланбаған) үш жолдассыз редакцияға кіруден бас тартты, сөйтіп бүкіл азшылық Орталық Комитетті сайлаудан бас тартты. Сайлаудың заңдылығына ешкім еш уақытта таласқан жоқ және осы күнге дейін де таласқан емес. Бірақ съезден кейін азшылық съезд сайлаған орталық орындардың басшылығымен қызмет істеуден бас тартты.

Бұл бойкот үш айға, 1903 ж. августың аяғынан 1903 ж. ноябрьдің аяғына дейін созылды. *«Искраны» (алты номерін, №№ 46—51) Плеханов пен Ленин екеуі редакциялады.* Азшылық партия ішінде[93] жасырын ұйым құрды (бұл — қазір азшылықты жақтаушылардың өздері *баспасөз* бетінде растаған және қазіргі уақытта *ешкім* бекер демейтін *факт).* Орыс комитеттерінің басым көпшілігі (пікірлерін айтып үлгірген 14 комитеттің 12-сі) бұл іріткі салушылық бойкотқа қарсы шықты.

Бірақ Плеханов 1903 ж. *октябрьдің ең аяғында* болған шетелдік «Лиганың» (=партияның шетелдік ұйымы) қызу съезінен кейін «Не істемеу керек» («Искра» № 52, ноябрь 1903 ж.) деген мақалада жікке бөлінуді болдырмау үшін кейде тіпті қателесіп *ревизионизмге* бой ұрған, *анархияшыл дарашыл* болып әрекет етушілерге икемділік жасау керек (атап көрсетілген сөздер «Не істемеу керек» деген мақаладағы Плехановтың өз сөздері), деп бүкіл партия алдында мәлімдеме жасап, азшылыққа икемділік жасауды ұйғарды. Съездің шешімдеріне қарсы барғысы келмей, Ленин редакциядан шықты. Бұдан кейін Плеханов бұрынғы төрт редактордың бәрін де «кооптацияладьі». Орыс комитеттері жаңа «Искраның» бағыты қандай болатынын байқап көреміз, меньшевиктер редакцияға татулық орнату үшін кірді ме екен, мұны да байқап көреміз, деп мәлімдеді.

Большевиктердің алдын ала айтқаны дәл келді: ескі «Искраның» бағыты да сақталмады, жаңа меньшевиктік редакция партия ішінде татулықты да орната алмады. «Искраның» бағыты II съезд қабылдамай тастаған ескі «рабоче-делошылдыққа» қарай шұғыл бет бұрғандығы соншалық, тіпті азшылықтың көрнекті мүшесі Троцкийдің *өзі жаңа «Искраның» редакциясымен* шыққан «Біздің саяси міндеттеріміз» деген программалық кітапшасында турадан-тура: *«ескі «Искра» мен жаңа «Искраның» арасында түңғиық жатыр»* деп мәлімдеді. «Искраның» принциптік тұрақсыздығын ұзақ түсіндіруге салынбау үшін біз қарсыласымыздың осы айтқанын келтірумен ғана шектелеміз.

Екінші жағынан, «азшылықтың жасырын ұйымы» таратылмады, қайта ол Орталық Комитетке жарияланған бойкотын жүргізе берді. Партияның бұл ашық және жасырын ұйымдар болып құпия түрде жікке бөлінуі жұмысқа мейлінше кедергі жасады. Дағдарыс туралы пікір айтқан орыс комитеттерінің басым көпшілігі жаңа «Искраның» бағытын да, азшылықтың іріткі салушылық қылығын да батыл айыптады. Тозгісіз жағдайдан шығу үшін дереу үшінші съезді шақыру керек деген талап жан-жақтан қойыла бастады.

Біздің партияның уставы бойынша төтенше съезд шақыру үшін бәрін қосқанда барлық дауыстың жартысы болатындай ұйымдардың мәлімдемесі қажет (кезекті съездер «мүмкіндігінше» әрбір екі жылда шақырылады). Сонымен, жиналған дауыс барлық дауыстың *жартысына жетті*. Бірақ Орталық Комитет бұл арада өзінің көпшілікке жататын бірнеше мүшелерінің тұтқынға алынуын пайдаланып, көпшілікке опасыздық жасады. Орталық Комитеттің тұтқыннан аман қалған мүшелері «татуласуды» сылтауратып, *азшылықтың жасырын ұйымымен келісім жасауға дейін* барды және бұл ұйым таратылды деп жариялады, сонымен қатар партиядан жасырын және Орталық Комитеттің жазбаша мәлімдемелеріне қарамастан *үш меньшевик Орталық Комитетке кооптацияланды.* Бұл кооптациялау 1904 жылы ноябрьде немесе декабрьде болды. Сөйтіп, азшылық үш адамды Орталық Органға және үш адамды Орталық Комитетке кооптациялау үшін бүкіл партияны жұлмалап, 1903 жылғы августан 1904 жылғы ноябрьге дейін күресті.

Осылайша заңсыз құрылған орталық мекемелер съезд шақыруды талап етушілікке балағаттау немесе үндемеу арқылы жауап берді.

Бұдан кейін орыс комитеттерінің барлық шыдамы таусылды. Олар өздерінің жеке конференцияларын шақыра бастады. Осы уақытқа дейін үш конференция: 1) Кавказдың төрт комитетінің; 2) оңтүстіктің үш комитетінің (Одесса, Николаев және Екатеринослав) және 3) солтүстіктің алты комитетінің (Петербург, Москва, Тверь, Рига, «Солтүстік», яғни Ярославль, Кострома

және Владимир, ақырында Нижний Новгород) конференциялары болып өтті. Бұл конференциялардың бәрі де «көпшілікті» жақтап шықты, көпшіліктің әдебиет тобын (Ленин, Рядовой, Орловский, Галерка, Воинов және басқалардың тобын) қолдап отыруды ұйғарды және *өздерінің бюросын* сайлады; бұл «бюроға» үшінші, яғни солтүстік конференция *Ұйымдастыру Комитеті* болып қалыптасып, партиядан бөлініп кеткен шетелдік орталықтарға қарамастан, орыс комитеттерінің съезін, яғни партияның үшінші съезін шақыруды тапсырды.

1905 жылдың 1 январы қарсаңында (жаңаша) істің жайы осындай болды. Көпшілік Комитеттерінің Бюросы өзінің жұмысын бастады (біздегі полициялық жағдайларға байланысты, әрине, съезд шақыру бірнеше айға созылады: екінші съезд туралы 1902 ж. декабрьде жарияланған болатын, ал съезд 1903 жылы августа шақырылды). Көпшіліктің әдебиет тобы *көпшіліктің органын,* «Вперед» газетін, ұйымдастырды, ол 1905 ж. 4 январьдан бастап (жаңаша) *апта сайын* шығып тұрды. Қазірдің өзінде (1905 ж. 3 февраль) 4 номері шықты. «Вперед» газетінің бағыты *ескі «Исканың» бағыты* болып табылады. Ескі «Искраның» жолы үшін «Вперед» жаңа «Искраға» қарсы батыл күресуде.

Демек, іс жүзінде Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы екеу болып отыр. Мұның біреуінде «ресми түрде» партияның Орталық Органы деп аталатын «Искра», Орталық Комитет, *жиырма* орыс комитетінен төрт комитет бар (Россиядағы қалған комитеттердің бәрі, екінші съезде болған жиырма комитеттен басқасы, кейін пайда болды және оларды бекіту заңдылығы туралы мәселе талас мәселе). Екінші партияның органы «Вперед», оның «Көпшілік Комитеттерінің орыс Бюросы», Россияда 14 комитеті бар (мұның он үші жоғарыда аталып өтті, бұған Воронеж комитеті қосылады, сондай-ақ, бәлкім, Саратов, Урал, Тула және Сибирь комитеттері де қосылуы мүмкін *).

* Қалай да соңғы төрт комитеттің бәрі партияның екінші съезінен кейін «көпшілікті» жақтап шықты.

Ескі «Искраға» қарсы болғандардың бәрі, рабоче-делошылдардың бәрі және партия маңындағы интеллигенцияның көпшілігі *«жаңа искрашылдар»* жағында болып отыр. Ескі «Искраның» принцип жағынан сенімді жақтаушыларының бәрі, алдыңғы қатардағы саналы жұмысшылардың және партияның Россиядағы практикалық қайраткерлерінің басым көпшілігі *«впередшілдер»* жағында. Партияның екінші съезінде (август, 1903) және Лига съезінде (октябрь, 1903) большевик болған және 1903 жылдың ноябрінен бастап «көпшілікке» қарсы жанталаса күресіп келген Плеханов *1904 ж. 2 сентябрьде* жұрт алдында: екі жақтың күштері шамамен алғанда тең, деп мәлімдеді (бұл сөздері басылып шықты).

Біздер, большевиктер, нағыз адал, орыс, партия қайраткерлерінің көпшілігі біздің жағымызда дейміз. Біз жікке бөлінудің басты себебі және бірігуге негізгі бөгет болып отырған азшылықтың іріткі салушылық әрекеті деп санаймыз, азшылық екінші съездің шешімдеріне бағынудан бас тартты және үшінші съезді шақырудан гөрі жікке бөлінуді артық көрді.

Қазіргі уақытта меньшевиктер Россияда барлық жерде жергілікті ұйымдарды жікке бөлінуге ұшыратып отыр. Мәселен, олар Петербургте комитетке 28 ноябрьде демонстрация ұйымдастыруға бөгет жасады (қараңыз: «Вперед» № 1 *). Қазір олар Петербургте «Орталық Комитет жанындағы топ» деп аталатын ерекше топ болып бөлініп шығып, партияның жергілікті комитетіне қарсы әрекет жасауда. Партия комитетіне қарсы күресу үшін олар жақын арада дәл сондай жергілікті топты («Орталық Комитет жанындағы») Одессада да ұйымдастырды. Өздерінің позициясы жалған болуы салдарынан партияның меньшевиктік орталық мекемелері партияның жергілікті жұмысына іріткі салуға дейін барды, өйткені бұл орталық мекемелер өздерін сайлаған партия комитеттерінің шешімдеріне бағынғысы келмеді.

* Қараңыз: осы том, 152—157-беттер. *Ред.*

«Вперед» пен жаңа «Искраның» арасындағы принципті алауыздықтар шын мәнісіне келгенде ескі «Искра» мен «Рабочее Дело» арасындағы алауыздықтар болып отыр. Бұл алауыздықтарды біз елеулі деп санаймыз, бірақ, өз көзқарастарымызды, ескі «Искраның» көзқарастарын, толығымен қорғау мүмкіндігі болған жағдайда, біз бұл алауыздықтардың өзі бір партия ішінде бірігіп жұмыс істеуге кедергі болады деп санамас едік.

РСДРП-ға жәрдемдесуші Берн тобы 1905 ж. жеке листок етіп басып шығарған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ТРЕПОВ БИЛЕП-ТӨСТЕУДЕ

Наразылардың бәрін айуандықпен қатал жазалау 9 январьдан кейін үкіметтің ұраны болып алды. Сейсенбіде Петербургтің генерал-губернаторы болып Трепов тағайындалып, оған диктаторлық өкілдіктер берілді, ол патша өкіметінің бүкіл Россияға ең бір жек көрінішті .болған, Москвада өзінің айуандық қаталдығымен, дөрекілігімен, жұмысшыларды аздырмақ болып, зубатовтық әрекеттерге қатысуымен әйгілі болған малайы.

Тұтқынға алу көз аштырмастай көбейіп кетті. Жұмысшылардың петициясы қабылдансын, бейбіт демонстрацияға әскерлер оқ атпасын деп үкіметтен өтіну үшін сенбі күні кешке Виттеге және Святополк-Мирскийге барған либерал депутацияның мүшелері ең алдымен тұтқынға алынды. Бұл өтініштерден ешқандай нәтиже шықпағаны өзінен-өзі түсінікті: Витте депутацияны Святополк-Мирскийге жіберді, ал ол бұларды қабылдаудан бас тартты. Ішкі істер министрінің орынбасары Рыдзевский депутацияны өте салқын қарсы алды, үкіметті емес, қайта жұмысшыларды көндіру керек, не болып жатқанның бәрін үкімет өте жақсы біледі, сондықтан ол тиісті шаралар қабылдады, ал оны ешқандай өтініштер бойынша өзгертуге болмайды деп мәлімдеді. Көңіл бөлерлік бір жағдай, әлгі депутацияны сайлаған либералдар жиналысы Қысқы сарайға барудан жұмысшыларды айныту туралы да мәселе көтерген, бірақ Гапонның жиналысқа қатысасып отырған бір досы: бұдан пайда жоқ, өйткені жұмысшылар шешімдерінен

қайтпайды деп мәлімдеген. (Ағылшын газеті «The Daily Telegraph»-тың [94] тілшісі Диллон мырза хабарлаған және кейін басқа тілшілер қуаттаған мәліметтер.)

Депутацияның тұтқындалған мүшелеріне — Гессенге, Арсеньевке, Кареевке, Пешехоновқа, Мякотинге, Семевскийге, Кедринге, Шнитниковқа, Иванчин-Писаревке және Горькийге (Ригада тұтқынға алынып, Петербургке апарылған) революциядан кейін келесі күні «Россияның уақытша үкіметін» ұйымдастыруды көздеді деген өте сорақы айып таққан. Бұл айыптың бекер болып, алынып қалғаны өзінен-өзі түсінікті. Тұтқынға алынғандардың көбі (Арсеньев, Кедрин, Шнитников) қазірдің өзінде-ақ босатылды. Шетелде буржуазиялық оқыған қауым арасында Горькийді қолдайтын күшті науқан басталды, сөйтіп оны босату туралы патшаға берілген өтінішке Германияның көптеген аса көрнекті ғалымдары мен жазушылары қол қойды. Қазір оларға Австрияның, Францияның, Италияның ғалымдары мен әдебиетшілері қосылды.

Жұма күні кешке «Наша Жизнь» газетінің төрт қызметкері: Прокопович әйелімен, Хижняков және Яковлев (Богучарский) тұтқынға алынды. «Наши Дни» [95] газетінің қызметкерлерінен сенбі күні таңертең Ганейзер тұтқындалды. Стачкашыларға немесе өлтірілгендердің жесірлері мен жетімдеріне шетелден жәрдемге жіберілген ақшаны полиция өте-мөте ыждағаттықпен іздеуде. Жаппай тұтқындап жатыр: Богучарскийді тұтқындау туралы қағаздың номері 53-інші еді, Хижняковты тұтқындау туралы қағаздың номері 109-ыншы болды. Аталған екі газеттің редакцияларында сенбі күні тінту болып, барлық қолжазбалар тегіс алынды, соның ішінде бүкіл апта бойындағы оқиғалар туралы егжей-тегжейлі есептер, болашақ ұрпақтарға ғибрат болсын деп көргенінің бәрін жазып алған, оқиғаның басы-қасында болған, оны көзімен көрген куәлардың құрастырып, қол қойған есептері де алынды. Бұл күллі материал енді еш уақытта жарық көрмейді.

Сәрсенбі күні тұтқындалғандардың саны соншалықты көп болды, тіпті бір камераға екі-үш адамнан отыр-

ғызуға тура келген. Жаңа диктатор жұмысшылармен мүлдем санаспайды. Оларды топ-тобымен ұстап алып, туған жеріне жер аудара бастады. Онда олар, әрине, тоғызыншы январьдағы оқиғалар туралы хабар таратады және самодержавиеге қарсы күреске үгіттейтін болады.

Трепов өзінің ескі москвалық саясатына: жұмысшылар бұқарасын экономикалық қайыр-садақамен алдарқату саясатына бой ұрып отыр.

Кәсіпкерлер финанс министрімен бас қосып, жұмысшыларға әр түрлі жеңілдіктер беруді ойластыруда, 9 сағаттық жұмыс күні туралы сөз болып жатыр. Финанс министрі сейсенбі күні жұмысшылар депутациясын қабылдап, экономикалық реформалар жасауға уәде береді, саяси үгіттен сақтандырған.

Жалпы халық пен жұмысшылар арасында бір-біріне сенімсіздік және араздық тудыру үшін полиция жанталаса тырысуда. Стачкашылар тонаушылық істеп, қан төгіс әрекеттер жасап жатыр-мыс деген өтірік лақаптар таратып, полиция Петербург халқын қорқытуға тырысып бағуда, деп сәрсенбіден бері шетел газеттеріне тиянақты хабарлар түсіре бастады. Тіпті ішкі істер министрінің орынбасары Рыдзевский де: стачкашылар жұртты тонамақшы, өртемекші, бүлдірмекші, кісі өлтірмекші деп, сейсенбі күні өзінде қабылдауда болған бір адамды сендірмек болған. Стачкашылар мүмкін болған жердің бәрінде,— соның ішінде ең болмағанда олардың саналы көсемдері,— бұл өсек-жала деп мәлімдеді. Халықты қудалап, жазалау үшін *полицияның өзі арандатушылар мен аула сыпырушыларды әйнекті сындыруға, газет киоскілерін өртеуге, дүкендерді тонауға айдап салып отырды.* Ал жұмысшылардың шын мәнісінде өздерін тыныш ұстағаны соншалық, 9 январьдың жан түршігерлік оқиғаларын көрген шетел газеттері тілшілерінің өзі бұған таңданды.

Полиция агенттері қазір жаңа «жұмысшы ұйымымен» шұғылданып жүр. Олар қолайлы деген жұмысшыларды іріктеп алып, оларға ақша бөліп беріп, студенттерге және әдебиетшілерге қарсы айдап салуда, «патша ағзамның шын халықтық саясатын» мадақтауда. Оқымаған надан, аштықтан еңсесі түскен екі-үш жүз мың-

даған жұмысшылар арасынан бұл қармаққа ілігетін бірнеше мың адамды табу қиын емес. Міне, осыларды «ұйымдастырады» да, оларды «либерал алдаушыларға» лағынет айтуға, өткен жексенбіде бізді алдап кетті деп жариялап, мәлімдеме жасауға көндіреді. Бұдан соң жұмысшы табының бұл азғындары депутация сайлайды, ол «патшадан оның аяғына жығылып, өткен жексенбіде істеген қылмыстары үшін кешірім сұрауға рұқсат етуді құлшылықпен өтінетін» болады. «Менің қолымдағы мәліметтерге қарағанда,— дейді тілші,— қазір полиция пақ осының бәрін реттеп жатыр. Мұны ұйымдастыру аяқталған кезде, ұлы мәртебелі патша депутацияны манежде қабылдауға асқан рақымшылықпен рұқсат етеді, бұл үшін манеж әдейілеп әзірленетін болады. Патша жан тебірентерлік сөзінде жұмысшыларға деген өзінің аталық қамқорлығы туралы және олардың жағдайын жақсарту шаралары туралы айтады».

P. S. Біз ағылшын тілшісінің болжамдары дұрыс болып шыққандығын телеграммалардан білгенімізде, осы жолдар теріліп қойған болатын. Патша Царскоедағы өзінің тұрағында полиция іріктеп алған 34 жұмысшыдан құрылған депутацияны қабылдап, үкіметтің аталық қамқорлығы туралы, жұмысшылардың қылмыстары кешірілетіндігі туралы нағыз барып тұрған екіжүзділік сөздер айтқан. Қанды жексенбіні еш уақытта есінен шығармайтын орыс пролетариатын бұл жексұрын комедия, әрине, алдай алмайды. Пролетариат патшамен әлі басқаша сөйлесетін болады!

«Вперед» № 5, 7 февраль (25 январь), 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГ 9 ЯНВАРЬДАН КЕЙІН

10 январьда, дүйсенбі күні, Петербург жаңа ғана жау басып алған қала сияқты болып көрінді. Көше-көшеде казак патрульдері үздіксіз жүр. Әр жерден толқыған жұмысшы топтары көрінеді. Кешкілікте көптеген көшелерді қараңғылық басты. Электр мен газ жоқ. Ақсүйектердің үйлерін аула сыпырушылар топ-топ болып күзетіп жүр. Өртеніп жатқан газет киоскілерінің жарығы топталған халыққа түсіп, оларды бір түрлі ерекше көрсетеді.

Нева проспектінде халық әскермен қақтығысып қалды. Тобырға тағы да оқ атты. Аничков сарайының маңайында үш дүркін оқ атылды. Полиция қару-жарақ магазиндерін жауып, қару-жарақтарды подвалдарға жинатты, мұнысы, сірә, жұмысшылардың қарулануына бөгет жасаудың барлық шараларын істегені болса керек. Үкімет мекемелерінің чиновниктері өртеуден, жарылыс болуынан қатты қорқып, ерекше қапаланды, сондықтан үрейі ұшып Петербургтен қашып жатты.

Васильев Аралында жексенбі күні әскер басып алған баррикадалар дүйсенбіде қалпына келтіріліп еді, оларды солдаттар тағы басып алды.

Газет жоқ. Оқу орындары жабылған. Жұмысшылар жаппай өтіп жатқан жеке жиналыстарда оқиғаларды және қарсыласу шараларын талқылауда. Тілектес адамдар, әсіресе студенттер, ауруханаларда қаптап кетті.

Колпиноның 20—30 мыңдай жұмысшысы сейсенбі күні таңертең петициямен Царское Селоға бет түзеді де-

ген хабар болды. Царское Селоның гарнизоны оларға қарсы бір полк жаяу әскер мен жорық батареясын жіберген. Колпинодан бес шақырым жерде қақтығыс болды, әскерлер жұмысшыларды атқылап, біржолата тойтарып, түстен кейін сағат 4-те қуып таратқан. Өлгендер және жараланғандар көп. Жұмысшылар Царское Село темір жолына екі рет шабуыл жасағап, бірақ тойтарылып тасталған. Жолда 7 шақырым бойына рельстер қиратылып, таңертең поездар жүрмей қалған.

Қанды жексенбінің, Владимир жексенбісінің, құрбандықтарын үкімет түнде, жасырын жерлеуде. Жерлеу кезінде демонстрация жасауға мүмкіндік бермеу үшін өлгендердің туған-туысқандары мен таныстарын көрінеу алдап жатыр. Преображенск бейітіне оліктер вагон-вагонымен жөнелтілуде. Кейбір жерлерде, полицияның сақтық шараларының бәрін істегеніне қарамастан, халық бостандық жолында қаза тапқан күрескерлердің құрметіне демонстрация жасауға тырысуда.

Халықтың әскерге қарсы ашу-ызасында шек жоқ. Шетел газеттері оқиғаны өз көзімен көрген адамдардың сөзінен алып, былай деп хабарлады: сейсенбі күні, 11 январьда, Үлкен проспектіде казактар жұмысшыларға толы конканы тоқтатты. Жұмысшылардың біреуі казактарға: «Жендеттер!» деп айқайлады. Казактар конканы тоқтатып, оның ішінде отырғандардың бәрін сыртқа шығарды да, қылыштың жалпақ жағымен соққылады. Сол кезде соққы тигендердің бірі жаралы болды. Жақын маңдағы үйлердің тұрғындары терезелерін ашып, казактарға: «Кісі өлтірушілер! қарақшылар!» деп айқай салған. Жұма күнгі телеграммаларда осы жанжал кезінде казактар конкадан бір әйелді де қуып шығыпты деген хабар болды. Қорыққанынан ол қолындағы баласын жерге түсіріп алған, сәбиді казактардың аттары таптап кеткен («The Times»). Біздің әскерлердің жұмысшыларды бұлайша жеңуі шынында да Пирр жеңісі сияқты болып шықты.

«Вперед» № 5, 7 февраль (25 январь), 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

А. А. БОГДАНОВ пен С. И. ГУСЕВКЕ ХАТ

11. II. 1905.

Рахметовке, Харитонға

Сіздердің хатыңыздан ұққаныма мүлдем келіспейтіндігіме қарамастан, Сіздердің өзгертулеріңізге өзімнің қосылатындығым туралы кеше телеграмма жібердім. Ал осы сөз бұйданың мені жирендіргені және Сіздердің сұрақтарыңыздың мені мазақтау секілді естілгені соншалық — мен қолды бір-ақ сілтедім: әйтеуір бір нәрсе істесеңдер болғаны! съезд туралы *қандай болса да* хабар шығарсаңдар, ол жайында құр сөз қылмай, әйтеуір хабар *шығарып тұрсаңдар* болғаны! Сіздер мазақ деген сөзге таңданупарыңыз мүмкін. Бірақ, ойлап көріңдерші, шынында да бұдан екі ай бұрын мен өзімнің жобамды бюроның *барлық* мүшелеріне жібердім *. Бұған бірде-біреуі зейін аудармайды және пікір алысуды қажет деп санамайды!! Енді келіп телеграф арқылы... амал қанша, ұйым туралы, централизм туралы сөз қозғаймыз, ал іс жүзінде орталықтағы өте жақын жолдастардың арасын ауа жайылушылық пен майдагерлік жайлағаны соншалық, тіпті жерге түкіргің келеді. Бундшылдарды алсаңыз, олар централизм туралы аузымен орақ ормайды, олардың *әрқайсысы-ақ* орталыққа апта сайын жазып тұрады және *іс жүзінде* байланыс орнатып жатыр. Олардың «Последние Известиясын» [96] қолға алсаң-ақ болғаны, осы байланысты көресің. Ал бізде «Впередтің» 6-номері шығып жатыр, бірақ редакция мүшесінен (Рахметовтен) «Вперед» туралы да, «Впе-

* Қараңыз: осы том, 115—117-беттер. *Ред.*

ред» үшін де бір жол хабар жоқ. Бізде С.-Петербургте де, Москвада да мол әдеби байланыстар бар екендігі туралы, көпшіліктің жас күштері туралы «айтылып» жатады, бірақ біз мұнда, жұмысқа кірісуге шақырғаннан кейін («Вперед» туралы анонс және ол туралы хат) *екі айдан соң* да ешбір хабар-ошар ала алмай отырмыз. Ал орыс комитеттері (Кавказ, Нижний, ал Поволжье, оңтүстік туралы тіпті айтпай-ақ қояйын) бюроны мүлде «аңыз» деп санайды және бұған олардың толық правосы бар. Көпшіліктің С.-Петербург комитетінің меньшевиктер тобымен қайдағы бір одағы туралы біз бөтен адамдардан «естіттік»,— бірақ өз адамдарымыздан бір ауыз сөз жоқ. Осындай мерт боларлық және зердесіз қылықты большевиктер істей алды дегенге сенгіміз келмейді. Социал-демократтардың конференциясы туралы және «блок» туралы біз бөтен кісілерден «естіттік», ал өз адамдарымыз *үн-түнсіз* отыр, мұның өзі fait accompli * деседі. Сірә, большевиктер тағы да алданып қалуды ** тілеген болса керек.

Айқын турашылдық пен топтасқандық, қарсыласуға деген жігерлілік — біздің бірден-бір күшіміз осы. Ал жұрт, сірә, «революцияға» байланысты елжіреп кетсе керек!! Ұйымшылдықты бұрынғыдан да бетер еселеп арттыру қажет болып отырған жағдайда, олар іріткі салушыларға сатылып кетіп отыр. Декларация мен съезд жобасы жөніндегі түзетулерден (хатта мейлінше көмескі айтылған түзетулерден) «адалдықты» алға тартушылық бар екені байқалады: папаша бұл сөзді тура жазады да, былай деп қосады: егер орталық орындарды еске салмаса, съезге ешкім бармайды! Ау, мырзалар, егер Сіздер *о с ы л а й* әрекет ететін болсаңыздар, Сіздердің еш уақытта съезді шақыра алмайтындығыңызға және Орталық Орган мен Орталық Комитеттің бонапартистеріне бағыныштылықтан еш уақытта құтыла алмайтындығыңызға мен бәс тігемін. Сенімсіздік білдірілген орталық орындарға *қарсы* съезд шақыру, *революциялық* бюроның (егер адал уставтың алдында бас иген

* — болып қойған факт. *Ред.*
** — Қолжазбада бұдан әрі сызылып қалған мынадай сөздер бар: «адастырып, бетіне түкіртуді». *Ред.*

жағдайда, жоқ деп және жалған деп танылып отырған бюроның) атынан съезд шақыру әрі 9 бонапартистің де, Лиганың да (ха-ха!), бонапартистік креатуралардың да (жаңа ғана дүмбілез құрылған комитеттер) съезде болу жөніндегі *сөзсіз* правосын тану, бұл—жұртқа күлкі болу және өзіне деген қадір-құрмет атаулыдан айрыла бастау деген сөз. Орталық орындарды шақыруға болады және шақыру керек те, бірақ олардың шешуші даусы бар деп тану, бұл, қайталап айтамын, ақылсыздық. Әрине, орталық орындар *біздің* съезімізге бәрібір бармайды, ал ендеше өзіңнің бетіңе тағы бір рет түкіруге жол берудің не қажеті бар? Екіжүзділікке салынып, жасырыпбақ ойнаудың не керегі бар? Бұл тура масқара. Біз *жікке бөлінгенімізді* жарияладық, біз съезге *впередшілдерді* шақырып отырмыз, біздің *впередтік* партия құрғымыз келеді, іріткі салушылармен *бүкіл* қатынас атаулының бәрін үземіз, дереу үземіз,— ал бізге адалдық туралы сөз қозғайды, «Искра» мен «Впередтің» ортақ съезінің болуы мүмкін дегендей түр көрсетеді. Бұл бір комедия ғой! Әрине, съездің (егер ол бола қалса) дәл бірінші күні, бірінші сағаты-ақ бұл комедияны талқандайды, бірақ съезге дейін мұндай алдамшылық бізге ондаған, жүздеген рет зиянын тигізеді.

Расында, мен большевиктердің $^9/_{10}$ бөлігі шынында формалистер ме * деп жиі-жиі ойлаймын. Не біз күрескісі келетіндерді шын мәнісінде темірдей берік ұйымға топтастырамыз, сөйтіп осы шағын, бірақ берік партиямен ала-құла жаңа искрашыл элементтердің ісініп-кебінген ғажап құбыжығын аяусыз талқандаймыз, не біз жексұрын формалист ретінде мерт болуға лайықты екендігімізді өз қылығымызбен дәлелдейміз. Бюроға *дейін* және «Впередке» *дейін* адалдықты сақтап қалу үшін, бірлікті сақтап қалу үшін, жанжалды реттеудің ресми, яғни жоғары әдістерін сақтап қалу үшін біздің қолымыздан келгеннің бәрін істегенімізді жұрт қалайша түсінбейді!?!? Ал қазір, бюродан *кейін,* «Впередтен» *кейін* жікке бөлінушілік факт болып отыр. Жікке бөлі-

---

* Қолжазбада бұл сөйлем әуелде былайша жазылған: «Расында, мен большевиктердің $^9/_{10}$-ы күресуге мүлдем қабілетсіз, шынында бейшара формалистер ме деп жиі-жиі ойлаймын. Мен олардың бәрін Мартовқа берген болар едім». *Ред.*

пушілік факт болғаннан кейін біздің *материалдық жағынан сан есе әлсіз* екеніміз көріне бастады. Біздер әлі моральдық күшімізді материалдық күшке айналдыруымыз керек. Меньшевиктердің ақшасы көбірек, әдебиеті көбірек, транспорты көбірек, агенттері көбірек, «атақтылары» көбірек, қызметкерлері көбірек. Мұны көрмеу кешірімсіз балалық болар еді. Сондықтан біз жұртшылық алдында өзінің бейкүнә моральдық тазалығын мақтан ететін қуарған кәрі қыздың ең бір сүйкімсіз үлгісіндей көрінбейік десек, бізге күрес және күрес ұйымы керек екенін ұғынуға тиіспіз. Ұзақ шайқастан соң ғана және өте жақсы ұйымдасқан жағдайда ғана біздің моральдық күшіміз материалдық күшке айналуы мүмкін.

Ақша керек. Съезді *Лондонда* шақыру жоспары мүлдем ақылға сыймайды, өйткені ол екі есе қымбатқа түседі *. Біз «Вперёдті» тоқтата алмаймыз, ал ұзақ уақытқа кетіп қалсақ, ол тоқтайды. Съезд қарапайым, қысқа, қатысушылары аз болуға тиіс. Бұл — күрес ұйымдастыруға арналған съезд. Бұл жөнінде сіздердің жалған үмітке беріліп отырғандарыңыз барлық жағынан көрініп тұр.

«Вперед» үшін қызметкерлер керек. Біз азбыз, Россиядан тұрақты 2—3 қызметкер қоспаса, онда «Искрамен» күресу туралы сандырақ сөздің керегі жоқ. Кітапшалар мен листоктар керек, өте-мөте керек.

Жас күштер керек. Адам жоқ деп айтуға аузы барғандарды мен тура табанда ату керек деп ақыл берер едім. Россияда адам қисапсыз көп, тек *жастардан қорықпай*, оларды кеңінен және батылырақ, батылырақ және кеңінен, тағы да кеңінен, тағы да батылырақ іске тартып отыру керек. Қазір соғыс уақыты. Бүкіл күрестің тағдырын жастар, студент жастар және одан да гөрі жұмысшы жастар шешеді. Сылбырлық, шенге табынушылық сияқты барлық ескі әдеттерді тастаңдар. Жастардан впередшілдердің *жүздеген* үйірмелерін құрыңдар, олардың барынша жұмыс істеуін қолдап отырыңдар. Жастарды қабылдау жолымен комитетті *үш* есе кеңейтіңдер, бес немесе он көмекші комитет құрыңдар,

* Қолжазбада бұдан әрі өшірілген мынадай сөйлем бар: «Біз өзіміздің жеңісімізге бір тиын да бермейміз». *Ред.*

кез келген адал және жігерлі адамның бәрін «кооптацияландар». Көмекші комитеттің қай-қайсысына да ешқандай бөгетсіз листоктар жазуына және басып шығаруына право беріңдер (егер қателесе қалса, оқасы жоқ: біз «Впередте» «жайлап» түзетерміз). Революцияшыл-инициативті адамдардың бәрін өте тез біріктіріп, іске қосу керек. Олардың даярлығы жоқтығынан қорықпаңдар, олардың тәжірибесіздігінен және жетілмегендігінен қорқып қалтырамаңдар *. 1-ден, егер сіздер оларды ұйымдастырып, бағыттай білмесеңдер, олар меньшевиктер мен Гапондарға ілесіп кетеді де, өздерінің сол тәжірибесіздігімен бес есе көп зиян тигізеді. 2-ден, енді оқиғалардың өзі *біздің рухта* үйретіп отыратын болады. Оқиғалар қазірдің өзінде жұрттың бәрін және әрбір адамды нақ впередтік рухта үйретіп отыр.

Комитеттердің (иерархиялық) дағдылы қайырымды ақымақтықтарын мүлдем кейінге ығыстырып тастап, тек қалай да *жүздеген* үйірмелерді ұйымдастыра беру керек, ұйымдастыра беру керек, тағы да ұйымдастыра беру керек. Қазір соғыс уақыты. Не барлық сорттағы, барлық түрдегі және барлық топтардағы революциялық социал-демократиялық жұмыс үшін барлық жерде бірдей *жаңа,* жас, тың, жігерлі күрес ұйымдары болады,— не сіздер қалтасында мөрі бар «комитет» адамы деген атақпен жүріп мерт боласыздар.

Бұл туралы мен «Впередте» ** жазамын және съезде айтамын. Мен Сіздерге пікір алысу, редакциямен он шақты *жас, тың* жұмысшы (және басқа да) үйірмелерді *тікелей байланыстыру* ниетін тудыруға *тырысып көру* үшін қайта-қайта жазып отырмын, бірақ... бірақ, әңгіме өз арамызда қалсын, бұл тым батыл тілектерім орындалады деп ешбір үміт артпаймын. «Жоспарды» пәлендей... өзгертуге қосыласыз ба, жоқ па деп, бәлкім, менен екі айдан кейін телеграф арқылы жауап қайтаруды сұрарсыздар. Күн ілгері айтып қояйын, бәріне де қосыламын...

Съезде көріскенге дейін. *Ленин*

---

* Қолжазбада бұдан әрі өшірілген мынадай сөздер бар: «олардың жастығы жөнінде қыңқылдамаңыздар». *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 319—332-беттер. *Ред.*

P. S. «Впередті» Россияға жеткізу ісіп революцияландыру міндетін алға қою керек. Питерде газетке жазылуға мейлінше кең түрде насихат жүргізіңдер. Студенттер және әсіресе *жұмысшылар* өздерінің меншікті адрестеріне ондап, жүздеп жаздырып алдыратын болсын. Қазіргідей кезде бұдан қорқу бекершілік. Полиция бәрін бірдей еш уақытта ұстап қала алмайды. $^1/_2$—$^1/_3$ бөлігі жететін болады, соның өзі де өте көп. Жастардың *кез келген* үйірмесіне осы пікірді айтып жеткізіңдер, ол шетелге өзінің жүздеген жолдарын да табады. «Впередке» хат жіберетін адрестерді кең, мүмкіндігінше кең таратыңдар.

Бірінші рет 1925 ж. «Пролетарская Революция» журналының 4(39) номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АЛҒАШҚЫ САБАҚТАР

Революция дауылының бастапқы толқыны толастай бастады. Біз екінші толқынның қарсаңында тұрмыз, ол сөзсіз болады және болмай қоймайды. Пролетарлық қозғалыс ең қиыр шеттегі аймақтарға құлаш жайып, барған сайын кеңейе түсуде. Толқу мен наразылық қоғамның ең алуан түрлі және ең артта қалған топтарын қамтуда. Сауда-өнеркәсіп тіршілігінің берекесі кетті, оқу орындары жабылды, жұмысшылардың үлгісі бойынша земствошылар ереуіл жасауда. Бұқаралық қозғалыстар аралығында, әрқашанғыдай, жеке террорлық әрекеттер жиілей бастады: Одесса полицмейстерінің өміріне қастандық жасалды, Кавказда кісі өлтірілді, Гельсингфорста сенат прокуроры өлтірілді. Үкімет қанжоса етіп дүрелеу саясатынан алдау-арбау саясатына ойысып, аласұруда. Ол патшаның депутация қабылдау комедиясымен жұмысшылардың кейбіреулерін болса да алдауға тырысады *. Ол соғыс жаңалықтарымен жұртшылықтың көңілін аулауға тырысып, Куропаткинге Хун-хоға шабуыл бастауға бұйрық береді. 9 январьда Петербургте қырғын болды, 12 январьда соғыс тұрғысынан мүлдем мағынасыз шабуыл басталып, патша генералдарының жаңадан мықтап жеңілуімен аяқталды. Тіпті нововремялық тілшінің хабарлауынша, орыстар 13 мыңға тарта адамынан айрылып, яғни жапондарға қарағанда екі еседен артық шығынға ұшырап, тойтары-

* Қараңыз: осы том, 259-бет. *Ред.*

лыпты. Маньчжурияда соғысты басқару саласында Петербургтегідей азғындаушылық пен берекесіздік етек алған. Шетел баспасөзінде Куропаткиннің Гриппенбергпен керісіп қалғанын растайтын да, бекерге шығаратын да телеграммалар мен ұлы князьдар партиясы соғыстың самодержавие үшін қатерлі екенін түсініп, мүмкіндігінше жылдам бітім жасағысы келеді деген хабарды растайтын да, бекерге шығаратын да телеграммалар алмакезек түсіп жатыр.

Осындай жағдайларда Россиядағы революция туралы Европаның ең ұстамды деген буржуазиялық органдарының да тынбастан зар қағып жатқаны таңданарлық емес. Революция 9 январьға дейін болып көрмеген шапшаңдықпен өсіп, пісіп жетілуде. Екінші толқын ертең бола ма, бүрсігүні бола ма немесе бірнеше айдан соң бола ма, ол арасы көптеген жағдайларға байланысты және оны ескеріп отыру мүмкін емес. Сондықтан революция күндерінің кейбір қорытындыларын шығару және кейбіреулердің күткенінен анағұрлым тез керек болуы ықтимал сабақтарды анықтап алуға тырысу ең кокейтесті міндет болып отыр.

Революция күндеріне дұрыс баға беру үшін біздің жұмысшы қозғалысымыздың ең жаңа тарихына жалпы көз жіберген жөн. Бұдан 20 жылдай бұрын, 1885 жылы, орталық өнеркәсіп ауданында, Морозовта және басқаларда жұмысшылардың тұңғыш ірі стачкалары болды. Сол кезде Катков Русьте көріне бастаған жұмысшы мәселесі туралы жазды. Содан бері пролетариат экономикалық күрестен саяси демонстрацияларға, демонстрациялардан революциялық шабуылға көше отырып, қандай ғажап шапшаңдықпен өркендеді десеңізші! Өткен жолдың басты кезеңдерін еске түсірейік. 1885 жыл — еш қандай ұйымға топтаспаған бірлі-жарым социалистердің барлы-жоқты қатынасуымен болған кең көлемді стачкалар. Стачкалар жөнінде жұртшылықтың қызынуы самодержавиенің қарғылы төбеті Катковқа сот жайында «Русьте көріне бастаған жұмысшы мәселесінің құрметіне жүз бір дүркін салют оғы атылғандығы» [97] туралы сөз қозғауға мәжбүр етеді. Үкімет экономикалық жеңілдіктер жасайды. 1891 жыл — Петербург жұ-

мысшылары Шелгуновты [98] жерлеу кезіндегі демонстрацияға қатысты, Петербург маевкасында саяси сөздер сөйледі. Біз бұқаралық қозғалыс жоқ жағдайда алдыңғы қатарлы жұмысшылардың социал-демократиялық демонстрациясын көріп отырмыз. 1896 жыл: Петербургте бірнеше ондаған мың жұмысшылардың стачкасы болды. Бұқаралық қозғалысқа енді тұтас социал-демократиялық ұйым қатысты, көше аралап үгіттеу басталды. Қазіргі кездегі біздің партиямен салыстырғанда сонша лықты шағын болғанымен, таза студенттік деп айтуға тұрарлық бұл ұйымның қозғалысқа социал-демократиялық саналылықпен және жоспарлы түрде араласып, басшылық етуі арқасында, Морозов стачкасына қарағанда оның көлемі мен маңызы әлдеқайда зор болып шығады. Үкімет тағы да экономикалық жеңілдіктер жасайды. Бүкіл Россияда стачка қозғалысына берік негіз салынды. Революцияшыл интеллигенция жаппай социал-демократиялық бола бастады. Социал-демократиялық партия құрылады. 1901 жыл. Жұмысшы студентке жәрдемге барады. Демонстрация қозғалысы басталады. Пролетариат көшеге: самодержавие жойылсын! деген өзінің ұранын көтеріп шығады. Радикал интеллигенция либералдық, революциялық-буржуазиялық және социал-демократиялық болып түпкілікті бөлінді. Революциялық социал-демократия ұйымдары демонстрацияға барған сайын кең, белсенді түрде, тікелей қатыса бастайды. 1902 жыл: орасан зор Ростов стачкасы аса көрнекті демонстрацияға айналады. Пролетариаттың саяси қозғалысы енді интеллигенттік, студенттік қозғалысқа барып қосылмайды, өзі тікелей стачкадан туып дамиды. Ұйымдасқан революциялық социал-демократияның қозғалысқа қатысы бұрынғыдан да гөрі белсендірек болады. Пролетариат өзі үшін және *өз* комитетінің революцияшыл социал-демократтары үшін бұқаралық көше жиналыстары бостандығын жеңіп ала береді. Пролетариат өзін бірінші рет тап ретінде барлық басқа таптарға және патша үкіметіне қарама-қарсы қояды. 1903 жыл. Стачкалар тағы да саяси демонстрациялармен ұштасады, бірақ бұрынғыдан гөрі кеңірек негізде ұштасады. Стачкалар тұтас аудандарды қамтитын болады, бұларға

жүз мыңнан астам жұмысшы қатысады, стачкалар кезінде бұқаралық саяси жиналыстар қатарынан бірнеше қалада қайталанады. Біздің баррикадалар қарсаңында тұрғанымыз сезіледі (1903 ж. Киев қозғалысы [99] туралы жергілікті социал-демократтардың пікірі). Бірақ бұл баррикадалар қарсаңы біршама ұзақ болып шығады, қуатты таптардың кейде айлап, жылдап күш жинайтынына біздерді үйреткендей болады, социал-демократияға жапасып жүрген сенімі аз интеллигенттерді сынағандай болады. Шынында да, біздің партиямыздың интеллигенттік қанаты, жаңа искрашылдар немесе (бәрібір сондай) жаңа рабоче-делошылдар жұмысшылар мен земствошылардың үрейлі қорқыныш туғызбау туралы келісімі түрінде демонстрациялардың «жоғары типін» қазірдің өзінде-ақ іздей бастады. Барлық оппортунистерге тән принципсіздікке бой ұрып, жаңа искрашылдар саясат майданында екі (!!) күш: бюрократия мен буржуазия бар деген ақылға сыйымсыз, тіпті мүлдем ақылға сыйымсыз тезис айтуға дейін барды («Искра» редакциясының земство науқаны жөніндегі *екінші* хатын қара). Жаңа «Искраның» оппортунистері сәтті кезеңді аңдып жүргенде пролетариаттың дербес күші туралы ұмытып кеткен! 1905 жыл келді, сойтіп тоғызыншы январь ата-тегін білмейтін барлық интеллигентсымақтарды тағы да әйгіледі. Пролетарлық қозғалыс бірден жоғары сатыға көтерілді. Жаппай стачка бүкіл Россияда аз дегенде бір миллиондай жұмысшыны қамтыды. Социал-демократияның саяси талаптары жұмысшы табының әлі де патшаға сеніп жүрген топтарына дейін жетті. Пролетариат полициялық зубатовшылдықтың шеңберін бұзды, сойтіп революцияға қарсы күресу үшін құрылған жария жұмысшы қоғамының барлық мүшелері түгелдей Гапонмен бірге революциялық жолға түсті. Стачка мен демонстрация біздің көз алдымызда *көтеріліске* ұласа бастады. Ұйымдасқан революциялық социал-демократияның қатысуы қозғалыстың өткен сатыларындағыға қарағанда олшеусіз артық болды, бірақ әлі де нашар, белсенді пролетарлық бұқараның социал-демократиялық басшылыққа деген орасан зор тілегімен салыстырғанда тіпті де нашар.

Жалпы және тұтас алғанда, стачкалық қозғалыс пен демонстрация қозғалысы әр түрлі формаларда және әр түрлі себептер бойынша бір-бірімен ұласып, кеңейе де кеулей дами берді, сөйтіп барған сайын революцияшылдана түсті, революциялық социал-демократияның көптен бері айтып келе жатқан бүкіл халықтық қарулы көтеріліске іс жүзінде үсті-үстіне жақындай берді. 9 январьдың оқиғаларынан жасаған осындай қорытындымызды біз «Впередтің» 4 * және 5-номерлерінде-ақ жарияладық. Петербург жұмысшыларының өздері де дереу және тікелей осындай қорытындыны жасады. Оныншы январьда олар бір жария баспаханаға басып кіреді, онда төмендегі прокламацияны, петербургтік жолдастар бізге жіберген, баспахана әрпімен тереді де, оны он мыңнан астам дана етіп басып шығарып, Питерге таратады. Ол тамаша прокламация мынау **.

Бұл үндеу түсіндіріп жатуды керек етпейді. Революцияшыл пролетариаттың дербес әрекет ету қабілеттілігі бұл арада мейлінше толық көрініп отыр. Петербург жұмысшыларының үндеуі олардың өздері тілегеніндей тез жүзеге аса қойған жоқ, бірақ бұл әлі талай рет қайталанады, оны жүзеге асыру әрекеттері әлі сан рет сәтсіздіктерге душар етеді. Бірақ міндеттерді жұмысшылардың өздері осылай қоюының аса зор маңызы бар екені даусыз. Революциялық қозғалыстың қолы жеткен табысын, әлгі міндеттің практикалық қажеттілігін сезіп білуге жеткізген және кез келген халықтың қозғалыс тұсында да ол міндетті ең таяу кезекке қою ісін жақындатқан табысын, міне, бұл табысты пролетариаттан енді еш нәрсемен тартып алуға болмайды.

Көтеріліс идеясы тарихына тоқталған жөн. Жаңа «Искра» 62-номеріндегі әйгілі бас мақаласынан бастап бұл мәселе жөнінде көмескіленген сөкет сөздерді соншалықты көп айтты, біздің ескі танысымызға, Мартыновқа, әбден лайық оппортунистік шатасушылыққа соншалықты көп жол берді, сондықтан мәселенің бұрынғы қойылысын дәлме-дәл еске түсірудің айрықша маңызы болып отыр. Жаңа «Искраның» барлық сөкет

* Қараңыз: осы том, 216—219-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 281-бет. *Ред.*

сөздері мен барлық шатасушылығына бәрібір ілесе алмайсың. Одан да ескі «Искраны» жиірек еске түсіріп, оның бұрынғы жақсы ұрандарын нақтыланқырап дамыту әлдеқайда тиімдірек.

Лениннің «Не істеу керек?» деген кітапшасының соңында, 136-бетінде *, *бүкіл халықтық қарулы көтеріліс* ұраны ұсынылды. 1902 жылдың ең бас кезінде, яғни бұдан үш жыл бұрын, бұл туралы былай делінген болатын: «Халық көтерілісін алып қараңыз. Қазіргі кезде ол көтеріліс туралы ойлап, соған дайындалуға тиіс екендігімізге, сірә, жұрттың бәрі де қосылар деймін... **

1905 ж. 1(14) февральдан ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 196-бет. *Ред.*
** Қолжазба осы арадан үзіледі. *Ред.*

ЕКІ ТАКТИКА

Россиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысының ең басынан-ақ, яғни шамамен он жылдай уақыт бойы, социал-демократтардың арасында тактика мәселелері жөнінде терең жатқан алауыздықтар бар. Жұртқа мәлім, нақ осы сияқты алауыздықтар 90-жылдардың екінші жартысында «экономизм» ағымын тудырды, бұл ағым партияны оппортунистік (рабоче-делошылдық) және революциялық (ескі искралық) қанат болып екіге бөлінуге әкеліп соқтырды. Бірақ батыс европалық оппортунизмнен өзгеше, орыс социал-демократиялық оппортунизмнің өзіне тән ерекшеліктері болды. Ол бернштейншілдік сәнді сөздермен де, таза жұмысшы қозғалысының тікелей нәтижелері және формаларымен де әуестенген партияның интеллигенттік қанатының көзқарасын бейнеледі, немесе оның тіпті өз алдына дербес көзқарасының жоқтығын мейлінше айқын бейнелеп отырды. Осы әуестенушілік жария марксистердің жаппай опасыздық істеп, либерализм жағына көшуіне және социал-демократтарды атышулы «тактика-процесс» теориясын жасауына бастады; бұл теория біздің оппортунистерге артта жүрушілер деген атақты тұрақтатты. Олар дәрменсіздікпен оқиғалардың соңынан сүйретілді, бір шектен екінші шекке ауытқып отырды, барлық жағдайда революцияшыл пролетариаттың қызметінің көлемін және оның күшіне сенімді төмендетіп отырды, мұның өзі бұл бәрінен бұрын және көбінесе пролетариаттың дербес әрекет ету қабілеттілігіне сілтеумен бүркемеленді. Бұл күлкілі жағдай, бірақ бұл факт. Жұмысшылардың дербес әрекет ету қабілеттілігі туралы рабо-

че-делошылдардан басқа соншалықты көп айтқан және өздерінің уағыздарымен осы дербес әрекет ету қабілеттілігінің шеңберін соншалықты тарылтқан, кеміткен, төмендеткен ешкім болған жоқ. ««Жұмысшы бұқарасының белсенділігін көтеру» туралы азырақ» сөйлеңдер,— деді саналы, алдыңғы қатарлы жұмысшылар өздерінің жалықпайтын, бірақ зердесіз ақылшыларына. «Біздегі белсенділік сіздердің ойлағандарыңыздан анағұрлым көп, және де біз тіпті ешбір «қолға ұстарлық нәтижелер» бермейтін талаптарды да көшедегі ашық күресіміз арқылы қолдай білеміз! Ал біздің белсенділігімізді «көтеретін» сіздер емессіздер, өйткені дәл сіздердің өздеріңізде сол белсенділік жетіспей жатыр. Стихиялылыққа азырақ табынып, өз белсенділіктеріңізді көтеру жағын көбірек ойлаңыздар, мырзалар!». Революцияшыл жұмысшылардың оппортунистік интеллигенттерге көзқарасын міне осылай сипаттауға тура келді («Не істеу керек?», 55-бет) *.

Жаңа «Искраның» «Рабочее Делоға» қарай екі адым кейін шегінуі бұл көзқарасты қайта тудырды. «Искраның» беттерінен хвостизмді уағыздайтын сөздер тағы да төгіле бастады және ол: о, құдай-тағала, пролетариаттың дербес әрекет ету қабілеттілігіне сенемін және соны ұстанамын деген сияқты жүрек айнытарлық анттармен бүркемеленуде. Пролетариаттың дербес әрекет ету қабілеттілігіне бола Аксельрод пен Мартынов, Мартов пен Либер (бундшыл) съезде профессорлар мен гимназистердің ешқандай ұйымға кірместен-ақ партия мүшелігіне жазылу правосын қорғады. Пролетариаттың дербес әрекет ету қабілеттілігіне бола іске іріткі салушылықты ақтайтын және интеллигенттік анархизмді мадақтайтын «ұйым-процесс» теориясы ойлап шығарылды. Пролетариаттың дербес әрекет ету қабілеттілігіне бола зәрені ұшырып қорқытпай бейбіт манифестация жасау туралы үш мәртебе сайлау арқылы тазартылған жұмысшы депутациясының *земствошылармен келісуі* сияқты «демонстрациялардың жоғары типі» деген одан осал соқпайтын атышулы теория шығарылды. Пролета-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 82-бет. *Ред.*

риаттың дербес әрекет ету қабілеттілігіне бола қарулы көтеріліс идеясы бұрмаланып, өңі айналдырылды, оның мән-мазмұны төмендетіліп, шатастырылды.

Осы соңғы мәселенің практикалық маңызы аса зор болғандықтан біз оқушының назарын осыған аудармақшымыз. Жұмысшы қозғалысының дамуы жаңа «Искраның» ақылгөйлерін мықтап мазақ етті. «Пролетариаттың таптық сана-сезімі мен дербес әрекет ету қабілеттілігін жоспарлы дамыту процесі» үшін демонстрациялардың жоғары типі ретінде «жұмысшылардың арызын почта арқылы земство мүшелерінің үйіне жеткізуді және оны көп дана етіп земство жиналысының залына шашуды» ұсынған оның бірінші хаты әлі Россияға тарап үлгірмей жатып;— қазіргі «тарихи кезеңде саясат сахнасы ұйымдасқан буржуазия мен бюрократия арасындағы тартысқа толы (!)», «төменгі топта болатын (тыңдаңыз, тыңдаңыз!) революциялық қозғалыс атаулының объективтік мағынасы біреу (!) және ол екі (!!) күштің қазіргі тәртіпті қирату мақсатын көздейтінінің ұрандарын қолдауға саяды» (демократиялық интеллигенцияны «күш» деп жариялап отыр) деп тіптен таңданарлық жаңалық айтатын оның екінші хаты Россияға әлі жетпей жатып; — саналы жұмысшылар бұл тамаша хаттарды әлі оқып шығып, оларды жақсылап мазақ етуге үлгірмей жатып, пролетариаттың шын күресінің оқиғалары жаңа искрашыл публицистердің бұл саяси қоқысының бәрін қоқыр төгетін орға бірден-ақ лақтырып тастады. Самодержавиені қиратуды мақсат етіп қана қоймайтын, қайта оны *шындап қиратуға кірісуге әзір отырған* үшінші (асылында, әрине, үшінші емес, есеп жағынан екінші және жауынгерлік қабілеті жағынан бірінші) *күш* бар екенін пролетариат көрсетті. 9 январьдан бастап жұмысшы қозғалысы біздің көз алдымызда халық қозғалысы болып *өсіп келеді.*

Ал енді осы көтеріліске көшуді тактика мәселесі ретінде күн ілгері әңгімелеп келген социал-демократтардың оны қалай бағалағанын,— және бұл мәселені практика жүзінде жұмысшылардың өздері қалай шеше бастағанын көрейік.

Біздің ең таяудағы практикалық міндеттерімізді белгілейтін ұран болып табылатын көтеріліс туралы бұдан үш жыл бұрын міне былай делінді: «Халық көтерілісін алып қараңыз. Қазіргі кезде ол көтеріліс туралы ойлап, соған дайындалуға тиіс екендігімізге, сірә, жұрттың бәрі де қосылар деймін. Бірақ қалай дайындалу керек? Көтерілісті дайындау үшін Орталық Комитет барлық жерлерге агенттер белгілей алмайды ғой! Бізде Орталық Комитет болған күнде де орыс елінің қазіргі жағдайында оның агенттер тағайындаумен тіпті еш нәрсеге қолы жетпес еді. Қайта, ортақ газетті жолға қою және оны тарату жөніндегі жұмыс үстінде өзінен-өзі құрылатын агенттер тобы көтеріліске шақыратын ұранды «күтіп, қарап отыра беруге» тиіс болмас еді, көтеріліс бола қалған күнде өзінің жеңіске жетуіне барынша көбірек кепілдік беретін ұдайы жұмыс істер еді. Нақ осындай жұмыс жұмысшылардың нағыз қалың бұқарасымен де, самодержавиеге наразы топтардың бәрімен де байланысты нығайтқан болар еді, ал мұның көтеріліс үшін өте зор маңызы бар. Жалпы саяси жағдайды дұрыс бағалау қабілеті, олай болса, көтеріліс үшін қолайлы мезгілді таңдап алу қабілеті нақ осындай жұмыстың үстінде жасалар еді. Нақ осындай жұмыс бүкіл Россияны толғандырып отырған белгілі бір саяси мәселелерге, сондай жағдайлар мен оқиғаларға бір уақыт ішінде үн қосуға, бұл «оқиғаларға» мүмкін болғанынша жігерлірек, мүмкін болғанынша бірыңғай, қолайлырақ жауап беруге *барлық* жергілікті ұйымдарды үйретер еді,— ал көтерілістің өзі, асылында, бүкіл халықтың үкіметке нағыз жігерлі, нағыз бірыңғай, нағыз қолайлы түрде «жауап» беруі ғой. Нақ осындай жұмыс, ақыр аяғында, Россияның барлық жерлеріндегі барлық революциялық ұйымдарға партияның *іс жүзіндегі* бірлігін жасайтын нағыз тұрақты, сонымен бірге нағыз астыртын қарым-қатынастар жүргізуді үйретер еді,— ал мұндай қарым-қатынастарсыз көтерілістің жоспарын бірлесіп талқылау, көтерілістің қарсаңында өте құпия ұсталуға тиіс қажетті дайындық шараларын қолдану деген мүмкін емес.

Қысқасы, «жалпы орыстық саяси газеттің жоспары» доктринерлік пен әдебиетшілдік дертіне шалдыққан

адамдардың кабинеттік жұмысының жемісі (жоспарды жете ойламаған адамдарға осылай болып көрінгені сияқты) емес, қайта, керісінше, ол жоспар *күнделікті өмірдегі шұғыл жұмысты бір сәт те ұмытпастан, көтерілісті барлық жағынан бірдей әзірлей бастаудың және оған қазірдің өзінде-ақ кірісудің* нағыз практикалық жоспары болып табылады» («Не істеу керек?» *).

Біз атап көрсеткен қорытынды сөздер революцияшыл социал-демократтар көтерілісті дайындау жұмысын қалай түсінгені туралы мәселеге айқын жауап береді. Бірақ, бұл жауап қаншама айқын бола тұрса да, ескі, артта жүрушілік тактика бұл пунктте де өзін көрсетпей қала алмады. Мартынов осы жақында «Екі диктатура» деген кітапша шығарды, оны жаңа «Искра» (№ 84) ерекше мақтап ұсынды. Лениннің «бүкіл халықтық қарулы көтерілісті әзірлеу, *белгілеу* және өткізу» туралы айта алғанына автор өзінің рабоче-делошыл жүрегімен өршелене ызаланады. Қаһарлы Мартынов дұшпанын былай деп жайратады: «Халықаралық социал-демократия тарихи тәжірибенің және қоғамдық күштердің динамикасын ғылыми талдау негізінде тек сарай төңкерістері мен пронунциаментоны ғана күн ілгері *белгілеуге* және күн ілгері жасалған жоспар бойынша нәтижелі етіп өткізуге болатындығын, онда да мұның себебі — бұлардың халық революциялары болмай, яғни қоғамдық қатынастардағы төңкерістер болмай, билеуші топтағы өзгеріс қана болғандығынан екенін әрқашан мойындап келді. Социал-демократия халық революциясын күн ілгері *белгілеуге* болмайтынын, оның қолдан жасалмайтынын, қайта, оның өзінен-өзі жүзеге асатынын барлық жерде және әрқашан мойындап келді».

Бәлкім, оқушы бұл тираданы оқып шыққан соң, Мартынов, тегі, елеулі дұшпан «емес» және оны шындап есепке алудың өзі күлкілі деп айтатын шығар. Біз мұндай оқушыға толық қосылған болар едік. Біз мұндай оқушыға тіпті біздің жаңа искрашылдардың барлық теориялары мен барлық пайымдауларын шындап есепке алудан асқан азап жер үстінде жоқ екенін де айтар

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 196—197-беттер. *Ред.*

едік. Бар қырсық, осындай бос сөздердің «Искраның» (№ 62) бас мақалаларында да айтылып жүргенінде. Тіпті бұдан да асқан қырсық бар, ол — осындай бос сөздермен басын қатырып жүрген адамдардың партия ішінде бар болып отырғандығында және аз емес екендігінде. Сондықтан «ұйым-процесті» ашқан Роза Люксембург «теориясы» туралы біздің айтуымызға тура келгені сияқты, түкке тұрғысыз нәрселер туралы да айтуға тура келеді. Көтерілісті халық революциясымен шатастырудың керегі жоқ деп Мартыновқа түсіндіруге тура келеді. Орыс самодержавиесін құлату тәсілі туралы практикалық мәселені шешу үстінде қоғамдық қатынастардағы төңкеріске терең мағынада сүйеніш ету тек Кифа Мокиевичке [100] ғана лайықты екенін ұғындыруға тура келеді. Бұл төңкеріс Россияда крепостниктік правоның құлауынан-ақ басталды және біздің саяси қондырманың қоғамдық қатынастарда болған төңкерістен пақ артта қалушылығы қондырманың күйреуін болдырмай қоймайды, оның үстіне бірден, *бір соққыдан* күйреуі, әбден, тіпті әбден мүмкін, өйткені Россиядағы «халық революциясы» патша өкіметіне жүздеген соққы берді, ал енді оның күйреуін жеріне жеткізетін жүз бірінші соққы ма, әлде жүз оныншы соққы ма, ол арасы белгісіз. Тек өздерінің филистерлігін пролетарларға аударып жүрген оппортунист интеллигенттер ғана көптеген соққылардың үстіне тағы бір соққы берудің тәсілдері практикалық тұрғыдан талқыланып жатқан қазіргідей кезде «қоғамдық қатынастардағы төңкеріс» жөніндегі өздерінің гимназиялық білімдерін көрсете алады. Тек жаңа «Искраның» оппортунистері ғана қорқынышты «якобиншілдік» жоспар туралы жан-ұшыра айқай сала алады; ал жоспарда негізгі салмақ, біздің көргеніміздей, саяси газеттің жәрдемімен жан-жақты бұқаралық үгіт жүргізуде болып отыр!

Халық революциясын белгілеуге болмайды, ол дұрыс. Осы ақиқатпен таныстырғаны үшін Мартыновты және «Искраның» 62-номеріндегі бас мақаланың авторын мақтамауға болмайды (онда Мартыновтың сенімді серігі немесе шәкірті «утопистермен» күресе отырып, «біздің партиямызда жалпы қандай көтерілісті дайын-

дау туралы сөз болуы мүмкін?»,— деп сұрайды). Бірақ егер біз көтерілісті шын мәнісінде дайындаған болсақ, және егер қоғамдық қатынастарда *болған* төңкерістердің арқасында халық көтерілісін жасау мүмкін болса, онда көтерілісті белгілеу әбден жүзеге асыруға болатын нәрсе. Жаңа искрашылдар үшін мұны қарапайым мысалмен түсіндіруге тырысып көрейік. Жұмысшы қозғалысын белгілеуге бола ма? Жоқ, болмайды, өйткені ол қоғамдық қатынастардағы төңкерістен туатын мыңдаған жеке әрекеттерден құралады. Стачканы белгілеуге бола ма? Болады, әрбір стачка қоғамдық қатынастардағы төңкерістің нәтижесі болып табылатындығына *қарамастан,* ескеріп қойыңыз, Мартынов жолдас, міне, осыған қарамастан, белгілеуге болады. Стачканы қашан белгілеуге болады? Оны белгілейтін ұйым немесе үйірме сол жердегі жұмысшылар *бұқарасы* арасында ықпал жүргізіп отырған кезде және жұмысшылар бұқарасы ішіндегі наразылық пен ашу-ызаның өрлеу кезеңін дұрыс таңдай білген кезде стачканы белгілеуге болады. Істің мәнісі неде екенін сіздер енді түсіндіңіздер ме, Мартынов жолдас және «Искраның» 62-номерінің «бас мақалашысы» жолдас. Егер түсінсеңіздер, енді көтерілісті халық революциясымен салыстырып көріңіздерші. «Халық революциясын күн ілгері белгілеуге болмайды». Ал көтерілісті белгілеушілер бұқара арасында ықпал жүргізіп отырса және кезеңді дұрыс бағалай алса, онда көтерілісті белгілеуге болады.

Біздің бағымызға, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың дербес әрекет ету қабілеттілігі жаңа «Искраның» артта жүрушілік философиясынан көш ілгері алда болып шықты. Ол революцияшыл таптың алдыңғы қатарлы отрядын ұйымдастырып, көтеріліске даярланған адамдар көтерілісті әзірлей алмайды, деп дәлелдейтін теориялар шығарумен әбігерленіп жүргенде, көтеріліске дайындалмаған адамдардың көтерілісті белгілей алатынын және белгілеуге мәжбүр болатынын оқиғалар көрсетіп беріп отыр.

Бізге петербургтік жолдас жіберген мынадай прокламация бар. Оныншы январьда Петербургте бір жария баспахананы басып алған жұмысшылар оны өздері бас-

паханада теріп, 10 000 данадан астам етіп басып шығарып, таратқан.

«Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Азаматтар! Кеше сіздер самодержавиелік үкіметтің айуандықтарын көрдіңіздер! Көше-көшеде сел болып аққан қанды көрдіңіздер! Жұмысшы ісі жолында қаза болған жүздеген күрескерлерді көрдіңіздер, өлімді көрдіңіздер, жаралы әйелдер мен қорғансыз балалардың зар жылағанын естідіңіздер! Жұмысшылардың өз қолымен тас төсеген көшелеріне олардың қаны мен миы шашырағанын көрдіңіздер! Ал жұмысшы көкірегіне мылтығын кезендіріп, оқ төндірген әскерді айдап салған кім?— Патша, ұлы князьдар, министрлер, генералдар, патша сарайы маңындағы лағынеттер.

Олар — кісі өлтірушілер!— оларға өлім келсін! Қолға қару алыңдар, жолдастар, арсеналдарды, қару-жарақ қоймаларын, қару-жарақ магазиндерін басып алыңдар. Түрмелерді талқандаңдар, жолдастар, бостандық жолындағы күрескерлерді құтқарыңдар. Жандарм мен полиция басқармаларын, барлық қазына мекемелерін қиратыңдар. Патша үкіметін құлатайық, өз үкіметімізді орнатайық. *Революция жасасын,* халық өкілдерінің құрылтай жиналысы жасасын!— *Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы».*

Бұл алдыңғы қатарлы инициативті бір топ жұмысшының көтеріліске шақырған үндеуі сәтті болмады. Көтеріліске шақырған бірнеше сәтсіз үндеулер немесе көтерілісті «белгілеудің» бірнеше рет сәтсіздікке ұшырауы бізді таңдандырмас еді және сенімімізден айырмас еді. Біз бұл жөнінде «қоғамдық қатынастардағы төңкерістің» қажеттілігі туралы деп бет алды лағуды және «өз үкіметімізді орнатайық!» деп ұран көтерген жұмысшылардың «утопизмін» көпіре сөгуді жаңа «Искраға» бердік. Осындай үндеудің бар салмағы осы ұранда деп тек үмітсіз педанттар немесе шатастырушылар ғана айта алады. Қазір біздің алдымызда таяу тұрған міндеттерді орындауға практика жүзінде осылай тамаша батыл кірісқендікті біз үшін атап, баса көрсетудің маңызы зор.

Петербург жұмысшыларының үндеуі олардың өздері тілегеніндей тез жүзеге асқан жоқ және жүзеге аспай-

тын да еді. Бұл үндеу әлі талай рет қайталанады, көтеріліс әрекеттерінің де әлі сан рет сәтсіздікке апарып соғуы ықтимал. Бірақ бұл міндетті жұмысшылардың өздерінің осылай қою фактісінің бір өзінің орасан зор маңызы бар. Жұмысшы қозғалысының бұл міндеттің практикалық қажеттілігін сезіп білуге жеткізген және кез келген халықтық толқулар жағдайында ол міндетті ең таяу кезекке қою ісін жақындатқан табысын,— міне, бұл табысты пролетариаттан еш пәрсемен тартып алуға болмайды.

Социал-демократтар жалпы пікірлер негізінде көтерілісті дайындау ұранын бұдан үш жыл бұрын көтерген болатын *. Пролетариаттың дербес әрекет ету қабілеттілігі де азамат соғысының тікелей ықпалымен нақ осы ұранға жеткен-ді. Дербес әрекет ету қабілеттілігі дегеніміз әр түрлі болады. Революцияшыл инициативті пролетариаттың дербес әрекет ету қабілеттілігі бар да, өсіп жетпеген және демеуге сүйеніп келе жатқан пролетариаттың дербес әрекет ету қабілеттілігі бар, сапалы социал-демократиялық дербес әрекет ету қабілеттілігі бар да, зубатовтық дербес әрекет ету қабілеттілігі бар. Сондай-ақ қазіргі кезеңде де дербес әрекет ету қабілеттілігінің нақ осы екінші түріне кішеметпен қарап отырған социал-демократтар да бар; олар «таптық» деген сөзді сансыз рет қайталап, күнделікті көкейтесті мәселелерге тікелей жауап беруден бұлтаруға болады деп ойлайды. «Искраның» 84-номерін алыңыз. «Неліктен,— деп жеңімпаз пішінмен бізге дүрсе қоя береді оның «бас мақалашысы»,— бұл көшкіннің (9 январьдың) қозғалуына дем берген профессионал революционердің шағын ұйымы болмай, Жұмысшылар жиналысы болуы неліктен? *Мұның себебі — бұл Жиналыс жұмысшылар бұқарасының дербес әрекет ету қабілеттілігіне негізделген шын мәнісіндегі* (тыңдаңыз!) *кең ұйым болды».* Егер бұл тамаша сөйлемнің авторы Мартыновқа бас июші адам болмаса, ол бәлкім, мынаны түсінген болар еді. Жиналыс зубатовтық дербес әрекет ету қабілеттілігінен социал-демократиялық дербес-әрекет ету қабілеттілігіне

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 196—197-беттер. *Ред.*

нақ көшкен кезде және тек сол себептен ғана ол революцияшыл пролетариаттың қозғалысына қызмет етті (осыдан кейін ол бірден-ақ жария Жиналыс болып өмір сүруден қалды).

Егер жаңа искрашылдар немесе жаңа рабоче-делошылдар артта жүрушілер болмаса, «жұмысшы қозғалысын жария ету ісі, сайып келгенде, Зубатовтарға емес, нақ бізге пайда келтіреді» («Не істеу керек?») деп айтқан адамдардың болжауын дәл тоғызыншы январьдың растағанын олар корген болар еді. Нақ тоғызыншы январь ғана сонда тұжырымдалған міндеттің: «бүгінгі арам шөпті де шаба алатын» (яғни зубатовшылдықтың бүгінгі аздырушылық әрекетін жоя алатын) *«және ертеңгі бидайды да ора алатын»** (яғни өзінің жария етілуі арқасында бір адым ілгері басқан қозғалысқа революциялық басшылық ете алатын) «орақшыларды дайындау» міндетінің барынша маңыздылығын тағы да айқын корсетті. Ал жаңа «Искраның» Иванушкалары революцияшыл орақшылардың берік ұйымының маңызын төмендету үшін бидай шығымы тым қалың дегенді сүйеніш етеді! Олар, бундшылдар сияқты, «жұмысшылардың дербес әрекет ету қабілеттілігі» деген сөздерді, әулиедей көріп қасиеттеп, бетке ұстап отыр!

«Революцияның тылына шабуыл жасау»,— деп жалғастырады сол жаңа искрашыл бас мақалашы,— қылмыс болар еді. Бұл сөйлемнің шынында не мағына беретінін бір алланың өзі біледі. «Искраның» жалпы оппортунистік бет-бейнесімен бұл сөйлемнің қандай байланыста тұрғанын, біз, сірә, тағы бірде айрықша сөз қылармыз. Ал қазір мынаны айтсақ та жеткілікті; бұл сөйлемнің шын саяси мағынасы біреу ғана, атап айтқанда: автор революцияның «шағын» және «якобиншілдік» авангарды жөнінде жек көрушілікпен мұрнын тыржитып, революция тылы алдында бас иеді.

Жаңа «Искра» Мартынов рухында неғұрлым жігерлілік жасаған сайын хвостизм тактикасы мен революциялық социал-демократия тактикасы арасындағы қарама-қарсылық соғұрлым айқын бола түседі. Көтеріліс

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 127—128-беттер. *Ред.*

стихиялық қозғалыстардың біріне қосылуға тиіс деп біз «Вперёдтің» * 1-номерінде-ақ көрсеткенбіз. Демек, егер әскери теңеуді қолданатын болсақ, «тылды қамтамасыз етудің» маңыздылығын біз еш уақытта естен шығармаймыз. Біз 4-номерде ** стихияның революцияшыл элементтерін қолдап, дамытуға әуел бастан бар күш-жігерін жұмсап, бұл стихияның күдікті, зубатовтық тылына ұстамдылықпен, сенімсіздікпен қараған Петербург комитетшілерінің тактикасы дұрыс екенін айттық. Біз енді сөзді жаңа искрашылдарға әлі сан рет айтуымызға тура келетін кеңеспен аяқтаймыз; революция авангардының міндеттерін төмендетпеңіздер, бұл авангардты өзіміздің *ұйымдасқан* дербес әрекет ету қабілеттілігімізбен қолдауға міндетті екенімізді ұмытпаңыздар. Жұмысшылардың дербес әрекет ету қабілеттілігін дамыту туралы жалпылама сөздерді азырақ айтыңыздар — сіздер байқамай отырған революциялық дербес әрекет ету қабілеттілігін жұмысшылар сансыз көп көрсетуде!— өздеріңіздің меншікті хвостизміңізбен жетілмеген жұмысшыларды аздырмауды көбірек ойлаңыздар.

«Вперед» № 6,
14(1) февраль, 1905 ж.

«Вперед» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша
басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 144-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 227-бет. *Ред.*

БІЗ РЕВОЛЮЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ТИІСТІМІЗ БЕ?

Бұл ертерек, тым ерте, бұдан бір жылдан астам бұрын болған оқиға. Атышулы неміс социал-демократы Парвустың айтуынша, орыс партиясында «принципті алауыздықтар» туып жатты. Централизмнің бір беткейлігіне қарсы, жұмысшыларға қайдағы бір Женевадан «команда беру» идеясына қарсы, үгітшілер ұйымының, басшылар ұйымының идеясын асыра бағалаушылыққа қарсы күресу пролетариат партиясының ең бірінші кезектегі саяси міндеті бола бастады. Меньшевик Парвустың неміс тілінде апта сайын шығатын өзінің «Aus der Weltpolitik» («Дүние Жүзілік Саясат Саласынан») листогында 1903 ж. 30 ноябрьде баяндалған терең, батыл да бұлжымас сенімі осындай.

Қайырымды Парвустың өсек-аяңның құрбандығы болғандығы, оның принциптік алауыздықтар деп жүргенінің негізінде ұрыс-керіс жатқаны, ал жаңа «Искраның» айқындала бастаған идеялық бет бұрысы оппортунизмге қарай ойысу екендігі оған сонда айтылған болатын (қараңыз: Лениннің «Искра» редакциясына жазған хаты, декабрь 1903 ж.*). Парвус үндемей қалды, бірақ оның басшылар ұйымының маңызын асыра бағалаушылық туралы «пікірін» жаңа искрашылдар сап саққа жүгіртіп, іліп әкетті.

Он төрт ай өтті. Партия жұмысына меньшевиктердің іріткі салушылығы мен олардың уағыздарының оппор-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 106—107-беттер. *Ред.*

тунистік сипаты айқын білінді. 1905 жылдың тоғызыншы январы пролетариаттың революциялық күш-жігерінің орасан молдығын және социал-демократтар ұйымының күллі жеткіліксіздігін көрсетіп берді. Парвус ақылға келді. «Искраның» 85-номерінде оның мақаласы басылып шықты, бұл мақала, істің шын мәнісінде, оппортунистік жаңа «Искраның» жаңа идеяларынан революциялық ескі «Искра» идеяларына мейлінше толық бет бұрғандық белгісі болды. «Қаһарман болды,— дейді лепіріп Парвус Гапон жөнінде,—бірақ саяси басшы болмады, қимыл программасы болмады, ұйым болмады»... «Ұйым жоқтығының қайғылы зардабы тиді»... «Бұқара бытырады, бәрі бет-бетімен кетіп жатыр, байланыстырушы орталық жоқ, қимыл жасаудың басшылық программасы жоқ»... «Қозғалыс байланыстырушы және басшылық етуші ұйымның жоқтығынан күйреді». Сондықтан Парвус *«революцияны ұйымдастыру керек»* * деген ұран ұсынады, біз бұл туралы «Впередтің» 6-номерінде-ақ айтқан болатынбыз. «Біздің қазіргі саяси жағдайларда бұл жүздеген мыңды ұйымдастыра алмайтынымызға» (әңгіме көтеріліске әзір тұрған бұқара жайында болып отыр) революция сабақтарының ықпалымен Парвустың көзі жетті. «Бірақ біз,— деп ол «Не істеу керек?» деген кітаптың әлдеқашанғы пікірін дұрыс қайталайды,— біз байланыстырушы ұйытқы бола алатын, ал революция кезінде әлгі жүздеген мыңды өзінің төңірегіне біріктіре алатын ұйым құра аламыз». «Бұқараны көтеріліске әзірлеу, бұқараны көтеріліс кезінде өздерінің төңірегіне топтау, белгілі ұран бойынша көтерілісті бастау жөнінде айқын белгіленген міндеті бар жұмысшы үйірмелері құрылуы керек».

Жаңа «Искраның» қоқысы басып қалған бұрынғы осы дұрыс пікірлерді көргенде біз: ақыры осылай болды! деп бір желпініп қалдық. Ақыр соңында пролетарлық партия қызметкерінің революциялық түйсігі рабоче-делолық оппортунизмнен тіпті уақытша болса да үстем болып шықты. Ақыр соңында біз революция тылының алдында бас имейтін, қайта революция авангар-

* Қараңыз: осы том, 274—284-беттер. *Ред.*

дын қолдау міндетін тайсалмай көрсетіп отырған социал-демократтың үшін естіп отырмыз.

Жаңа искрашылдар, әрине, Парвуспен келісе алмады. Редакциялық ескертуде ««Искра» редакциясы Парвус жолдас білдірген пікірдің бәріне бірдей қосыла алмайды»,— делінген.

Әлбетте, қосылмайды! Өздерінің бір жарым жылдан бергі оппортунистік сандырағын «бетке басатын» пікірлерге олар «қосыла қойсын ба», әлбетте, қосылмайды!

«Революцияны ұйымдастыру керек!» Бірақ бізде ақылды Мартынов жолдас бар ғой, ол революцияның қоғамдық қатынастардағы төңкерістен туатынын, революцияны белгілеу мүмкін емес екенін біледі. Мартынов Парвусқа оның қатесін түсіндіреді, егер тіпті Парвус революция авангардының ұйымы туралы айтып отырса да, ол мұның өзі «тар шеңберлі» және жаман ойлы «якобиншілдік» идея екенін көрсетіп береді. Сонан соң. Біздің ақылды Мартынов өзінің соңынан жіпке байлап жетектеп, Тряпичкин-Мартовты [101] ертіп келеді ғой, ал оның өз ұстазының айтқанын одан да гөрі тереңдете түсуге қабілеті бар, ол бәлкім, «революцияны ұйымдастыру керек» деген ұранды «революцияны *бастау керек»* деген ұранмен ауыстыра да алар (қараңыз, № 85, курсив автордікі).

Иә, оқушы, «Искраның» бас мақаласында бізге нақ осындай ұран беріліп отыр. Қазіргі заманда, сірә, еркін мылжың-процесс үшін немесе мылжыңдау процессі үшін тіл безеуді «бастаса болғаны», жетекші мақала жазуға болатын сияқты. Жақын келіп қарағанда құр сылдыр сөзден басқа, қайдағы бір декаденттік бұраң сөздерден басқа еш нәрсе болмаса, оппортуниске әрдайым осындай ұрандар керек.

Парвус кенеттен большевик бола қалғандай, ұйымдастыру керек те ұйымдастыру керек деп қақсайды. Ұйымдастыру *процесс* екенін ол, бейшара, түсінбейді. («Искра» № 85,— сонымен қатар жаңа «Искраның» барлық бұрынғы номерлері және әсіресе көпірме Розаның көпірме фельетондары). Диалектикалық материализмнің барлық рухы бойынша тек ұйымдастыру ғана емес, тактика да процесс болып табылатынын ол, бай-

ғұс, білмейді. Ал ол, дәл «заговоршы» сияқтанып, ұйым-жоспармен әуре болуда. Ал ол, дәл «утопист» сияқтанып, қайдағы бір, құдай сақтасын, екінші немесе үшінші съезде, бірден ұйымдастыра салуға болады деп ойлайды.

Ал осы Парвус «якобинизмді» Геркулес бағаналарына дейін жеткізе қаншалықты әсірелеп зорайтып көрсетті десеңізші. Ойлап көріңдерші: «белгілі ұран бойынша көтерілісті бастау керек», дейді! Бұл біздің атақты Мартынов бекерге шығарған көтерілісті «белгілеу» туралы идеядан да анағұрлым жаман ғой. Әрине, Парвус Мартыновтан үйренуі керек. Парвус «Искраның» 62-номерін оқуы керек, оның бас мақаласынан ол көтерілісті әзірлеу туралы біздің партиямыздың ішінде қандай зиянды *«утопиялық»* идеялардың 1902 жәпе 1904 жылдары соншама мезгілсіз етек алғанын біледі. Парвус «Рабочийдің» кітапшасына жазған Аксельродтың алғы сөзін оқып шығуы керек, сонда ол «халық бұқарасының ең артта қалған, сапасы неғұрлым төмен және тура тағыланып кеткен (!!) элементтерінің стихиялық көтерілісіне барынша үміт артатын» адамдардан социал-демократияға қатерлі қауіп төніп отырғанын, ал мұның «партия үшін ауыр, өте зиянды және тиген жеріп ойып түсетін мерез» (sic!) болып табылатынын біледі.

Парвус қазір жүздеген мыңды ұйымдастыру мүмкін емес деп тауып, «байланыстырушы ұйтқы бола алатын ұйым құру» міндетін бірінші кезекке қойып отыр. Осындай нәрселер өздерінің органында жазылып отырғанда біздің жаңа искрашылдар қалайша жалтарып, бұлтармасын? Енді байланыстырушы ұйтқы ретіндегі ұйым дегеніміздің өзі профессионал революционерлер ұйымы ғой, ал оны атағанның өзінде-ақ біздің жаңа искрашылдар естерінен танып қалады.

Парвустың мақаласымен қатар «Искраға» біз оның бас мақаласы үшін сондай разымыз. Ескі «Искраның» айқын, анық, тура және батыл революциялық ұрандарымен салыстырғанда мазмұнсыз, шатасқан, артта жүрушілік сылдыр сөздер қаншалықты бадырайып бөлек тұр! «Россияның да, Европаның да *бұдан былай еш уақытта басын қатырмау* үшін сенімділік саясаты сах-

надан кетіп барады»-мыс деген сөздер көпірме бос сөз емей немене? Іс жүзінде Европаның буржуазиялық газетінің қай номерін алсаңыз да, бұл бас қатырушылық әлі бар екенін және біраз табысқа жетіп отырғанын көрсетеді. «Самарқау орыс либерализмі өлтіре жайратылды». Либерализмнің «саяси» бой тасалай тұру тілегін оның өлімі деп білу балалыққа салынып, саяси аңқаулыққа жол беру болады. Іс жүзінде, либерализм тірі, өмір сүріп отыр және әлденіп келеді. Ол нақ қазір өкіметті алу қарсаңында тұр. Ол нақ сәті түскен кезеңде сенімді және қауіпсіз түрде өкіметке қол созу үшін де бой тасалап отыр. Ол нақ соның үшін де жұмысшы табына барынша жағымпазданып жүр. Бұл қылымсушылықты (нақ бастап кеміріп отырған қазіргі кезеңде жүз есе қауіпті қылымсушылықты) шындық деп санап, оның үстіне мақтаншақтықпен: «туған елді азат етуші — пролетариат, бұл күндерде бүкіл ұлттың авангарды — пролетариат деп, *оның қаһармандық ролін* либерал-демократиялық буржуазияның алдыңғы қатарлы элементтерінің қоғамдық пікірі *танып отыр»*, деп мәлімдеу үшін барып тұрған соқыр болу керек. Либерал буржуа пролетариатты қаһарман деп танығанда, пролетариат патша өкіметіне соққы беріп отырса да, оның *өзі* тілеген бостандықты *жеңіп алуға* әлі жеткілікті күшті болмағандықтан, әлі жеткілікті социал-демократиялық болмағандықтан, *нақ сондықтан ғана* танитынын, ақыры, түсінсеңдерші енді, жаңа искрашыл мырзалар. Қазіргі либералдық жалбаңдаушылық жөнінде біз қуанбауымыз керек, қайта пролетариатты сақтандырып отыруымыз керек екенін және оған бұл жалбаңдаушылықтың ішкі сырын көрсетіп отыруымыз керек екенін түсінсеңдерші. Сіздер мұның ішкі сырын көрмей отырсыздар ма? онда конституцияның керектігі туралы *фабриканттардың, көпестердің, биржевиктердің мәлімдемелеріне* қарап көріңіздер! Самарқау либерализмнің өлгендігін бұл мәлімдемелер шындығында да қалай айқын көрсетеді? Либерал сөзуарлар пролетарлардың ерлігі туралы сайрай береді, ал фабриканттар сабырлы да салмақты кейіппен жарытымсыз шолақ конституцияны та-

лап етіп отыр, істің жайы, міне, осындай, аса сүйікті «басшылар»! *

Бірақ бәрінен де гөрі «Искраның» қарулану туралы мәселе жөніндегі пайымдаулары елден ерекше. «Пролетариатты қаруландыру жөніндегі, халықтың үкіметке барлық жерде бірдей және бір мезгілде шабуыл жасауын қамтамасыз ететін ұйымды жүйелі түрде даярлау жөніндегі жұмыс» «техникалық» (!?) міндет деп жарияланады. Ал біз, әрине, жексұрын техникадан жоғары тұрмыз және әр нәрсеге тереңірек көз жібереміз. «Олар («техникалық» міндеттер) қаншалықты маңызды болса да, бұқараны көтеріліске әзірлеу жөніндегі біздің жұмысымыздың *ауыр салмағы бұларда емес»*... «Егер астыртын ұйымдар халықты таптырмас бір қарумен — *самодержавиеге шабуыл жасауды және мұның үшін қаруланудды күшті керексінумен* қаруландыра білмесе, олардың барлық әрекетінің ешқандай маңызы болмайды. Біз өзіміздің күш-жігерімізді міне осыған — *көтеріліс жасау мақсаты үшін бұқараның өзі қаруланұын олардың ішінде насихаттауға жұмсауымыз керек»* (екі жердегі соңғы сөздердің астын сызған автор).

Иә, иә, мұның өзі «якобиншілдікке» дейін жетті дерлік деуге болатын, тар өрісті Парвустегідей емес, мәселені шынында да тереңнен көтергендік. Істің салмағы қаруландыру жөніндегі жұмыста емес, ұйымды жүйелі түрде даярлауда емес, қайта, керісінше, халықты қаруланудды, соның өзінде өздігінен қаруланудды күшті керексіну сезімімен қаруландыруда. Біздің қозғалысымызды кері сүйреуге тырысатын бұл филистерлік дөрекілікті көргенде, социал-демократия үшін сондай қатты ұяласың! Халықты қаруланудды күшті керексіну сезімімен қаруландыру — социал-демократияның тұрақты жә-

* Біз либералдық лагерьден мынадай қызықты мәліметтер алған кезде, жоғарыда келтірілген жолдар жазылып қойылған-ды. Немістің буржуазиялық-демократиялық «Frankfurter Zeitung» (17 февраль, 1905) газетінің Петербургтегі арнаулы тілшісі саяси жағдай жөнінде *Петербургтің либерал журналисінің* мынадай пікірін хабарлады: «Егер қазіргі кезеңдегідей сәтті либералдар пайдалана алмаса, онда олар ақымақ болған болар еді. Қазір барлық құрал либералдардың қолында, өйткені *олар өз арбасына жұмысшыларды жегіп алды,* ал үкіметтің адамы жетпейді, себебі — бюрократия ешкімге жол бермей отыр». Егер жаңа «Искра» осындай кезеңде либерализмнің өлгені туралы жазып отырса, оның ішінде, шынында да, қандай қасиетті ақ пейілділік орын тепкен десеңізші?

не жалпы әр уақыттағы әрі барлық жердегі міндеті, Жапонияға да, Англияға да, Германияға да, Италияға да бірдей қолдануға болатын міндет. Қаналушылар мен қанаушылыққа қарсы күресуші таптар бар жердің бәрінде де социалистің уағызы бұқараны әрқашан, ең әуелі және бәрінен бұрын қарулануды күшті керексінумен қарулапдырады, сондықтан жұмысшы қозғалысы *басталған* кезде, бұл *«керексінушілік»* дайын күйінде болады. Социал-демократияның бұл күшті керексіну сезімін тек сапалы түрге айналдыруына ғана тура келеді, керексінушілерді ұйымның және жоспарлы қимыл жасаудың қажеттігімен, күллі саяси конъюнктурамен санасуға көндіруіне тура келеді. «Искраның» редакторы мырза, сіз, неміс жұмысшыларының кез келген бір жиналысына барып көріңізші, онда тіпті полиция жөнінде де адамдардың жүзінде өшпенділіктің оттай жанатынын, олардың зәрлі мысқылды жаудыратынын, жұдырықтарын түйіп кіжінетінін көресіз. Сонда халықты қорлаушы буржуйлар мен олардың малайларының дереу сазайын беруге осындай күшті керексінуді тежеп отырған қандай күш? Ұйым мен тәртіптің күші, саналылықтың күші, жеке адамдарды өлтірудің сорлы екенін, елеулі халықтық, революциялық күрестің сағаты әлі жетпегенін, мұның үшін қолайлы саяси конъюнктура жоқ екенін түсіне білудің күші. Міне, сондықтан осындай жағдайларда социалист халыққа: қаруланыңдар деп айтып отырған жоқ және еш уақытта айтпайды, бірақ әр уақытта және міндетті түрде қайта халықты қарулануды және жауға шабуыл жасауды күшті керексіну сезімімен қарулапдырып отырады (әйтпесе ол социалист емес, кобік ауыз мылжың). Қазір Россиядағы жағдайлар күнбе-күнгі жұмыстың нақ осы жай-жапсарынан өзгеше. Дәл сондықтан осы кезге дейін еш уақытта: қару алыңдар! деп айтпаған, бірақ жұмысшыларды қарулануды күшті керексіну сезімімен әрқашан қаруландырып келген революцияшыл социал-демократтар, *қазір* барлық революцияшыл социал-демократтар революцияшыл-инициативалы жұмысшылармен бірге ілесе отырып, *қару алыңдар!* деп ұран көтерді. Міне, осындай кезеңде, ақырында, бұл ұран көтерілген кезде,

«Искра» келіп: істің салмағы қаруланууда емес, өздігінен қаруланууды күшті керексінуде, дейді. Ал бұл жансыз интеллигенттік сөзуарлық емес пе, бұл үмітсіз тряпичкиндік емес пе? бұл адамдар партияны революциялық авангардтың маңызды міндеттерінен пролетариаттың «соцынан» қарап қалуға қарай кері сүйремей ме? Сондай-ақ, біздің міндеттерімізді осындай адам айтқысыз мазаққа айналдырушылық белгілі бір Тряпичкиннің жеке басының қасиеттеріне байланысты емес, бұл олардың ұйым-процесс немесе тактика-процесс туралы қанатты сылдыр сөздермен елден ерекше тұжырымдалған бүкіл позициясына байланысты болып отыр. Бұл позицияның өзі адамды мынадай жағдайға сөзсіз ұрындырмай қоймайды: адам кез келген тиянақты ұраннан қорқатын болады, кез келген «жоспардан» жалтақтайды, батыл революциялық инициативадан кері шегіншектейді, көбік ауызданып, баяғыда бір айтқанын қайта-қайта айта беретін болады, біздер, социал-демократтар, пролетариаттың революциялық белсенділігінен коріпсу артта қалып отырған кезде,— тап осындай кезде ілгері шығып озып кетем бе деп қорқады. Шынында да: өлі жандар тіріні қос қолдап ұстап алды, рабочеделолық жансыз теориялар жаңа «Искраны» да үмітсіз етіп жансыздандырды.

«Ұлтты азат етуші таптың авангарды болып табылатын социал-демократияның саяси басшылық ролі туралы» «Искраның» пайымдауына қарап көріңіздерші. «Біз техникалық жағынан ұйымдастыруды және көтерілісті өткізуді бүтіндей өз қолымызға алғанмен де, бұл рольге жете де алмаймыз, оны өзімізге берік баянды ете де алмаймыз»,— деп үйретеді бізге. Тек ойлап қапа көріңдерші: егер біз көтерілісті өткізуді бүтіндей өз қолымызға ала алсақ, авангардтық рольге қол жеткізе алмаймыз! Осындай адамдар да әлі авангард жайында сөз қылып отыр-ау! Олар демократиялық көтерілісте басшылық ету ролін тарих өздеріне жүктей ме деп *қорқады,* «көтерілісті өткізуге» тура келе ме деген ойдан *үрейленеді.* Социал-демократиялық ұйым «көтерілісті өткізуге» *тиісті емес,* демократиялық республикаға қарай революциялық жолмен өтуді бүтіндей өз қолына

алудың қамын істеуге тиісті емес деген ой олардың көз алдына елестейді де тұрады,— олардың тек «Исканың» бетінде мұны тура айтуға әлі батылы бармай отыр. Оларға, социализмнің бұл түзелмейтін жирондистеріне, бұл арада ғаламат болып якобиншілдік елестейді. Көтерілісті өткізуді бүтіндей өз қолымызға алуға біз неғұрлым жігер салып тырыссақ, бұл істің соғұрлым зор бөлігін өз қолымызға алатынымызды, істің бұл бөлігі неғұрлым үлкен болса, антипролетарлық немесе пролетарлық емес демократияның ықпалы соғұрлым аз болатынын олар түсінбейді. Олар қайткенде де артта болғысы келеді, олар тіпті өздеріне артта болу керек деген ерекше философия ойлап шығарып жатыр,— Мартынов мұны қазірдің өзінде-ақ баяндай бастады, ертең, сірә, «Исканың» бетінде барынша *шегіне жеткізіп* айтар.

Оның пайымдауларын ізін суытпай түсініп көріңдерші:

«Саналы пролетариат, тарихи дамудың стихиялық процесінің логикасына сүйене отырып, революция қарсаңындағы кезең тудыратын ұйымның барлық элементтерін, толқудың барлық элементтерін өз мақсаты үшін пайдаланады...»

Өте жақсы! Бірақ *барлық* элементтерді пайдалану дегеніміз басшылық етуді *бүтіндей* өз міндетіне алу деген сөз ғой. «Искра» өзін өзі соққылап алады да, сонысын сезіп, мынадай сөздер қосуға асығады:

«...бұл барлық элементтер одан революцияның өзіне техникалық жағынан басшылық ету үлесін алып қоятындығына, сөйтіп біздің талаптарымызды халық бұқарасының ең артта қалған топтарына жеткізуге тілесін-тілемесін қолғабыс ететініне титтей де шіміріпейді».

Оқушы, сіз осыдан сіптеме түсінесіз бе? *Басшылық ету* үлесін олар алып қоятындығына *шіміріпестен барлық* элементтерді пайдалану!!?? Құдайдан қорықсаңыздаршы, мырзалар: егер *біз* барлық элементтерді шын мәнісінде пайдаланып отырған болсақ, егер *біздің* талаптарымызды өзіміз пайдаланатындар шын мәнісінде қабылдап отырған болса, онда олар бізден басшылықты *алып қоймайды*, қайта, керісінше, біздің басшылығы-

мызды қабылдайды. Ал егер осы *барлық* элементтер бізден басшылықты шын мәнісінде алып қоятын болса (және, әрине, тек «техникалық» басшылықты ғана емес, өйткені революцияның «техникалық» жағын саяси жағынан бөлу барып тұрған сандырақ), онда біз оларды пайдаланбаймыз, олар бізді пайдаланады деген сөз.

«Егер шіркеуді мемлекеттен бөлу жөніндегі біздің талабымызды бұқара арасына таратқан священниктен кейін, Қысқы сарайға халық жорығын ұйымдастырған монархиялық жұмысшы қоғамынан кейін, халық бұқарасын патша әскеріне қарсы ақырғы ұрысқа бірінші болып бастайтын генералмен немесе патша өкіметінің ресми құлатылғанын бірінші болып жариялайтын чиновникпен орыс революциясы толыға түссе, біз тек қуанған болар едік».

Иә, бұған біз де қуанамыз, бірақ біз *ықтимал* жақсылық жөніндегі қуаныш сезіміміздің логикамызды көмескілемеуін тілер едік. *Орыс революциясы* священникпен немесе генералмен толығады деген не сөз? Бұл — священник немесе генерал революцияны жақтаушы немесе оның жетекшісі болады деген сөз. Бұл «жаңа адамдар» революцияның толық саналы немесе толық саналы емес жақтаушысы болуы мүмкін. Ал толық саналы емес жақтаушы болған ретте (жаңа адамдар жөнінде жағдай осындай болуы мейлінше ықтимал) олардың саналылығы жеткіліксіздігіне қуануға тиісті емеспіз, қайта қайғыруымыз керек және оны *барлық күш-жігерімізбен түзеп, толықтырып отыруымыз керек.* Біз мұны істемесек, әзірге бұқара саналылығы кем жетекшінің соңынан жүріп отырғанда, барлық элементтерді социал-демократия пайдаланып отырған жоқ, қайта оны барлық элементтер пайдаланып отыр деп айтуға тура келеді. Революцияның жақтаушысы, кешегі священник немесе генерал, иә болмаса чиновник тұла бойын соқыр сенімділік билеген буржуазиялық демократ болуы мүмкін, сондықтан жұмысшылар *оның соңынан* қаншалықты еретін болса, буржуазиялық демократия жұмысшыларды соншалықты «пайдаланады». Сіздерге бұл түсінікті ме, жаңа искрашыл мырзалар? Егер түсінікті болса, революцияның толық саналы (*яғни* социал-демократиялық)

жақтаушыларының басшылық етуді өз міндетіне алуынан сіздер неге *қорқасыздар?* Социал-демократ офицердің (мен сіздердің мысалыңызға ұқсас мысалды әдейі алып отырмын) және социал-демократиялық ұйым мүшесінің сол ұйымның бастауы және тапсыруы бойынша сіздер жобалап отырған генерал атқаратын қызмет пен міндеттерді «бүтіндей өз қолына алуынан» неге қорқасыздар?

Парвусқа қайта оралайық. Ол өзінің тамаша мақаласын іріткі салушыларды «лақтырып тастау керек» деген тамаша кеңеспен аяқтайды. Іріткі салушыларды аластау орыс социал-демократтары көпшілігінің ең бір күшті, ең бір батыл ұраны екенін біз «Партиядан» деген бөлімде басып отырған хабарлардан көруге болады [102]. Нақ солай, Парвус жолдас: мейлінше аяусыз «лақтырып тастау керек» және бұл лақтырып тастауды іріткі салушылықты ұйым-процесс, ұйым-тенденция «теорияларымен» дәріптеп келген және дәріптеп отырған социал-демократиялық баспасөз сабаздарынан бастау керек. Бұл туралы сөйлеп қана қоймау керек, мұны *істеу керек.* Партияны ұйымдастырғысы келетін барлық партия қызметкерлерінің съезін дереу шақыру керек. Сендірумен және ұялтумен шектелмеу керек, қайта барлық қобалжушыларға, барлық ауытқушыларға, сенімсіздер мен күдіктенушілерге: қалаған жағыңызға шығыңыздар! — деген тура және батыл ультиматум қою керек. Газетіміздің бірінші номерінен бастап біз «Вперед» редакциясының атынан, іріткі салушылардың әрекетінен адам айтқысыз ызалы болып отырған орыс партия қызметкерлерінің күллі бұқарасы атынан осы ультиматумды қойдық та. Іріткі салушыларды жылдамырақ аластаңдар, жолдастар, сөйтіп бірлесіп ұйымдастыру жұмысына кірісіңдер! Ұйым-процесс туралы мылжыңдап жүрген мыңдаған интеллигенттік Тряпичкиндерден гөрі ұйым-жоспарды қабыл алған жүздеген революцияшыл социал-демократ артық!

1905 ж. 1 және 8 (14 және 21) февральдың аралығында жазылған

1905 ж. 21(8) февральда «Вперед» газетінің 7-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

КӨТЕРІЛІС ҮШІН ЖАУЫНГЕРЛІК КЕЛІСІМ ЖАСАУ ТУРАЛЫ

«Революционная Россия» (№ 58) былай дейді: «Өзара қырқысқан жауласушылық жегідей жеген революциялық-социалистік фракциялар арасына жауынгерлік бірлік рухы, ақыры, тым болмаса енді енетін болсын және ол қылмысты түрде титықтатылған социалистік ынтымақ санасын қайтадан жандандыратын болсын... Тегеуріпді тойтарыс беру жолымен революцияшыл күштердің әрекетін күшейте отырып, оларды мүмкіндігінше көп сақтап қалайық!»

Социалист-революционерлердің құрғақ сөзі басым екендігіне біздің сан рет наразылық білдіруімізге тура келіп еді, бұл жолы да біз оған наразылық білдіруге тиістіміз. «Өзара қырқысқан жауласушылық» және т. б. туралы қорқынышты сөздердің керегі не, мырзалар? Бұл сөздер революционерлерге лайық па? Нақ қазір, нағыз күрес жүріп жатқан, қан төгіліп жатқан кезде, «Революционная Россия» бұл туралы да шамадан асыра әсірелеп айтады, нақ қазір «өзара қырқысқан жауласушылық» туралы осылайша теріс бұрып асыра айтушылық ерекше жалған болып естіледі. Күштерді сақтап қалу дейсіз бе, сіз? Бірақ күштер әр текті нәрсені жамап-жасқаумен емес, біртұтас, бірауызды, принцип жағынан ынтымақтас ұйыммен сақталады ғой. Мұндай жамап-жасқау жөніндегі сәтсіз әрекеттермен күштер сақталмайды, қайта ысырап болады. Сөз жүзінде емес, іс жүзінде «жауынгерлік бірлікті» жүзеге асыру үшін біздің нақ неде және нақ қаншалықты бірыңғай *бола алатынымызды* анық, айқын, соның өзінде *тәжірибеден*

білу керек. *Мұнсыз* жауынгерлік бірлік туралы әңгіме жай бос сөз, бос сөз, тағы да бос сөз, ал *мұны* білу, бәрінен де бұрын, сіздер сондайлық «қорқынышты» терминдермен айтатын нақ сол айтыстар, күрестер және жауласулар арқылы ғана мүмкін болады. Орыс қоғамдық ой-пікірі мен орыс социалистік ой-пікірінің тұтас бір үлкен кезеңін қамтып отырған алауыздықтар жайында біз үндемей қалсақ, ол шынында жақсы болар ма еді? Демократиялық буржуазияның көмескі, социалистік қиялға толы идеологиясы — халықшылдық пен пролетариат идеологиясы — марксизмнің қиян-кескі күресін тудырған тек «талас-тартысқа табынушылық» болғаны ма? Жарайды, мырзалар, әлгіндей сөздерді айтуға дейін барып, халықшылдық пен сіздің «социал-революционизмнің» буржуазиялық-демократиялық мәніне маркстік көзқарасты «зәбір» деп санай беретін болсаңыздар, сіздер өздеріңізді тек мазақ етесіздер. Біз Россиядағы болашақ революциялық комитеттерде де сөзсіз таласамыз, ажырасамыз, жауласамыз,— бірақ тарихтан үйреніп отыру керек қой. Мұның әрекет жасау үстінде күтпеген, ешкімге түсініксіз, шатасқан таластар болып шықпауын ойластыру керек, принципті тұрғыдан таласуға, әрбір бағыттың түпкі негіздерін білуге, мүмкін болатын бірлікті және болмай қоймайтын жауласуды күн ілгері белгілеуге әзір тұру керек. Революцияшыл халық комитеттерінде мейлінше әр алуан элементтерді *өзара егестер мен күйініште өкініштер үшін* тым асығыс, шала-шарпы жамап-жасқайтын «жауынгерлік бірлік» тәжірибесінің орасан зор зиян келтіретінін көрсететін мысалдар революциялық кезеңдер тарихында өте-мөте көп кездеседі.

Осы тарихтың сабағын біздің пайдаланғымыз келеді. Сіздерге өрісі тар догма болып көрінетін марксизмді біз осы тарихи сабақ пен басшылықтың өзегінің өзегі деп білеміз. Революцияшыл пролетариаттың *дербес*, ымыраға келмейтін маркстік партиясын біз социализм жеңуінің бірден-бір кепілі және жеңіске жетудің ауытқудан неғұрлым ада жолы деп білеміз. Сондықтан біз тіпті ең революциялық кезеңдерде де социал-демократиялық партияның толық дербес партия болуынан, біздің идео-

логиямыздың ешбір ымыраға келмейтін идеология болуынан бас тартпаймыз.

Сіздерге бұл жауынгерлік бірлікті *жоққа* шығару сияқты болып көріне ме? Сіздер қателесесіздер. Күрес үшін және күрес үстінде келісім жасаудан біздің бас тартпайтынымызды екінші съезіміздің қарарынан көруіңізге болады. Россияда революцияның басталуы бұл келісімдердің практикада жүзеге асырылу кезеңін сөзсіз жақындатады деп біз «Вперёдтің» 4-номерінде атап көрсеттік *. Революциялық социал-демократия мен демократияның революцияшыл элементтерінің бірлесіп күресуі самодержавиенің күйреу заманында болмай қоймайтын және керекті іс. Біздің ойымызша, егер біз жүз жыртысатын ащы сөздердің орнына жауынгерлік келісімдер жасаудың мүмкіндіктері мен олардың, егер осылай деп айтар болсақ, «компетенциясының» мүмкін болатын шектерін дұрыстап және байсалды салмақтап қарасақ, болашақ жауынгерлік келісімдер жасау ісіне жақсырақ қызмет етер едік. Біз «социалист-революционерлер партиясының» халықшылдықтан марксизмге қарай прогресін зерттеуге кірісіп, «Вперёдтің» 3-номерінде бұл жұмысты бастадық**.

«Бұқараның өзі қаруға жармасты»,— деп жазды «Революционная Россия» 9 январь жөнінде.— «Ерте болсын, кеш болсын, бұқараны қаруландыру туралы мәселенің шешілетіні күмәнсыз». «Міне сонда терроризм мен бұқаралық қозғалыстың қосылуы барынша айқын көрініп, жүзеге асады, ал біз өзіміздің партиялық тактикамыздың күллі рухына сәйкес сөзімізбен де, ісімізбен де осыған ұмтылып отырмыз». (Жақшаның ішінде ескертіп өтейік, «ісімізбен» деген сөзге біз ыңыласпенақ сұрақ белгісін қояр едік, сөйтіп цитатты жалғастыра берейік.) «Осы жақын таяу кезге дейін қозғалыстың осы екі факторы бір-бірінен алшақ, бытыраңқы жатты және осы бытыраңқылығы салдарынан тиісті күші болмады».

Шындықтың аты шындық деген осы! Тап солай. Интеллигенттік террор мен бұқаралық жұмысшы қозға-

---

* Қараңыз: осы том, 217—219-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 203—211-беттер. *Ред.*

лысы *бір-бірінен алшақ бытыраңқы жатты және осы бытыраңқылығы салдарынан тиісті күші болмады.* Революциялық социал-демократия әрқашан нақ осыны айтып отырды. Нақ осы себептен ол әрқашан терроrға қарсы күресіп қана қоймай, біздің партиямыздың интеллигенттік қанатында сан рет байқалған террор жағына ауытқушылыққа да қарсы күресіп отырды*. Нақ осы себептен ескі «Искра» да террорға қарсы таласты; ол 48-номерінде былай деп жазды: *«ескі үлгідегі* террорлық күрес революциялық күрестің ең бір қатерлі түрі еді, сондықтан оған кіріскен адамдар батыл және жан қияр қайраткер деген атақ алды... Ал қазір демонстрациялар өкіметке ашықтан-ашық қарсыласуға ұласып жатқан кезде, біздің ескі терроризм күрестің айрықша батыл тәсілі болудан қалады... Қазір ерлік істер алаңдарда істеледі; қазір замапымыздың шын ерлері — өздерінің езушілеріне қарсы көтеріліске шыққан халық бұқарасын бастап келе жатқан революционерлер болып отыр... Ұлы француз революциясының терроризмі... 1789 жылы 14 июльде Бастилияны алумен басталды. Оның күші халықтың революциялық қозғалысының күші болды... *Бұл* терроризм бұқаралық қозғалыстың күшінен түңілуден туған жоқ, қайта, керісінше, оның күшіне мызғымас берік сеніммен туды... *Бұл* терроризмнің тарихы орыс революционері үшін өте-мөте ғибратты» **.

Дұрыс және мың мәртебе дұрыс! *Бұл* терроризмнің тарихы өте-мөте ғибратты. «Искрадан» келтірілген, бұдан $1^1/_2$ жыл бұрынғы дәуірге жататын цитаттар да ғибратты. Бұл цитаттар революция сабақтарының ықпалымен социалист-революционерлер де танығысы келген ой-пікірлерді бізге барынша толық көрсетеді. Бұл цитаттар бұқаралық қозғалысқа *сенудің* маңызын біздің есімізге салады, тек принциптілік арқасында ғана қол жететін және бұл қозғалыстың ұзақ тоқтап қалған *сияқ-*

* Кричевский «Рабочее Делоның» 10-номерінде. Мартов пен Засулич Леккерттің оқ атуы жөнінде [103]. Жалпы жаңа искрашылдар Плевенің өлтірілуі жөніндегі листокта [104].

** Бұл мақаланы «Искрада» Плеханов жазған және ол «Искраны» (№№ 46—51) Плеханов пен Ленин редакциялаған кезеңге жатады. Плеханов ол кезде оппортунизмге икемділік жасау жөніндегі әйгілі жаңа бағыт жайында әлі ойлай қоймаған еді.

ты болып көрінуінен туған «түңілушіліктерден» бір өзі ғана құтқара алатын революциялық ұстамдылықты есімізге салады. Қазір, 9 январьдан кейін, сырт қарағанда, бұқаралық қозғалыстағы «түңілушіліктер» жайында сөз болуы да мүмкін емес сияқты. Бірақ бұл тек сырт қарағанда ғана. Бұқара ерлігінің жарқын көрінісіне лезде «таңданушылықты» тап күресі принципін негізгі принцип деп қойғандықтың нәтижесінде партияның бүкіл қызметін бұқара қозғалысымен тығыз байланыстырып отыратын берік, ойластырылған сенімнен ажырата білу керек. Революциялық қозғалыстың 9 январьдан кейінгі жеткен қазіргі сатысы қаншалықты жоғары болса да, біздің социалистік және демократиялық партияларымыз еркін Россияда жаңа негізде қайта туғанға дейін бұл қозғалыс қайткен күнде де әлі талай кезеңнен өтеді. Сондықтан біз социал-демократияның пролетариаттың тап күресімен мызғымас берік байланысын осы кезеңдердің бәрімен, күрестің барлық қиынқыстау кезеңдерімен алып өтуге тиістіміз,— осы байланысты нығайту және бекіту жөнінде үнемі қамқорлық жасап отыруға тиістіміз.

Сондықтан «Революционная Россияның»: «Қарулы күрестің пионерлері толқыған бұқараның ішіне араласып кетті...» деп пайымдауы біздіңше көрінеу асыра айтқандық сияқты. Бұл қазірдің өзінде жүзеге асырылған іс емес, көбіне көп болашақта жүзеге асырылуын тілейтін іс. 17 (4) февральда Москвада Сергейдің өлтірілуі, ол туралы телеграф дәл бүгін хабарлады, сірә, ескі үлгідегі терроризм болса керек[105]. Қарулы күрестің пионерлері толқыған бұқараның ішіне *әлі* араласып кеткен *жоқ*. Бомбамен қаруланған пионерлер, сірә, Москвада Сергейді аңдып жүрген болса керек, ал тап сол уақытта (Питерде) пионерлері жоқ, қару-жарағы жоқ, революцияшыл офицерлері жоқ және революциялық штабы жоқ бұқара, сол «Революционная Россияның» айтқанындай, «асқан ашу-ызамен қаптаған қалың найзаға қарсы шауып» жатқан болса керек. Жоғарыда айтылған бытыраңқылық *әлі бар*, сондықтан «бұқараның жеке-дара ерлер дәрежесіне дейін көтерілгені, бұқара ішінде жаппай ерліктің оянғаны» («Рево-

люционная Россия» № 58) жұрттың бәріне қазір неғұрлым айқын бола түскен сайын, бірен-саран, интеллигенттік террор өзінің қанағаттанғысыздығымен соғұрлым таңдандыра түседі. Пионерлер *іс жүзінде* бұқара ішіне араласып кетуі керек, яғни көтеріліске шыққан бұқарамен үздіксіз, іс жүзіндегі байланыста өзінің жанқиярлық жігерін жұмсауы керек, сөздің бейнелі, символикалық мағынасында емес, дәлме-дәл өз мағынасында, бұқарамен бірге жүруі керек. Ал мұның қажет екендігіне,— оған қазір қандай да күмән бола қоймас. Ал мұның мүмкін екендігін,— оны тоғызыншы январь және жұмысшылар бұқарасының осы күнге дейін созылып отырған іштей терең толқуы дәлелдейді. Ал бұл бұрынғы міндеттермен салыстырғанда анағұрлым қиын, жаңа және жоғары міндет болып табылады және мұның өзі ол міндетті орындауға практика жүзінде дереу кірісуден бізді тоқтата алмайды және тоқтатуға тиіс те емес.

Социал-демократиялық партияның революциялық-демократиялық партиямен, социалист-революционерлер партиясымен жауынгерлік бірлігі ол міндетті орындау ісін жеңілдететін құралдардың бірі болып шығар еді. Қарулы күрестің пионерлері көтерілуші бұқараның ішіне неғұрлым тез «араласып кетсе», социалист-революционерлердің мынадай сөздермен өздері белгілеген: «революциялық терроризм мен бұқаралық қозғалыстың көріне бастаған бірігуі өсіп, күшейе берсін, бұқара күрестің террорлық құралдарымен сақадай сай қаруланып, тезірек көтеріліске шыға алатын болсын!» деген жолмен неғұрлым батыл жүретін болса, ондай бірлік соғұрлым тезірек жүзеге аса түседі. Осындай жауынгерлік бірлік орнату әрекеттерін тезірек жүзеге асыру мақсатымен біз Георгий Гапонның бізге келіп түскен мына хатын ықыласпен жариялап отырмыз:

«Россияның социалистік партияларына ашық хат.

Петербургте және Россияның басқа жерлерінде январьда болған қан төгіс күндер езілген жұмысшы табы мен қан ішер патша бастаған самодержавиелік тәртіпті бетпе-бет қарсы қойды. Ұлы орыс революциясы басталды. Халық бостандығын шын мәнісінде ардақтайтындардың бәрі не жеңіп шығуы, не өлуі керек. Бастан кешіріп жатқан тарихи кезеңнің маңыздылығын

біліп, істің жайы қазіргідей болып отырған жағдайда мен, ең алдымен, революционер әрі іскер адам болғандықтан, Россияның барлық социалистік партияларын өзара дереу келісімге келуге және патша өкіметіне қарсы қарулы көтеріліске шығуға шақырамын. Әрбір партияның барлық күштері жұмылдырылуға тиіс. Бәрінің техникалық жағынан жауынгерлік ортақ жоспары болуға тиіс. Бомба мен динамит, жеке террор мен жаппай террор, халық қозғалысына қолғабысы тиетін нәрсенің бәрі жұмсалуы керек. Ең таяудағы мақсат — самодержавиені құлату, революцияшыл уақытша үкімет құру, бұл үкімет саяси және діни бостандық жолындағы барлық күрескерлерге дереу амнистия жариялайды — халықты дереу қаруландыруды және жалпыға бірдей, тең, жасырын және төте сайлау правосы негізінде дереу құрылтай жиналысын шақырады. Жолдастар, іске кірісіңдер! Алға, ұрысқа аттаныңдар! Петербург жұмысшыларының 9 январьдағы ұранын — бостандық не өлім! — деген ұранды қайталайық. Ендігі іркіліс пен ырың-жырыңның бәрі — өздеріңіз мүддесін қорғап отырған халықтың алдында қылмыс. Өзім халықтың қалың ортасынан шығып (шаруаның баласымын), халыққа қызмет етуге барлық күш-жігерімді жұмсап, өз тағдырымды жұмысшы табының езушілеріне және қанаушыларына қарсы күреспен біржолата байланыстырған менің өзім пролетариат пен барлық еңбекші бұқараны капиталистік езушіліктен және саяси құлдықтан шын мәнісінде құтқару ісімен шынымен шұғылданатын адамдармен, әрине, адал жүрегіммен, барлық жан-тәніммен бірге боламын.

Георгий Гапон».

Біз, өз тарапымыздан, бұл хат жөніндегі пікірді мүмкіндігінше толық тура және айқын айту керек деп санаймыз. Ол ұсынып отырған «келісімді» біз мүмкін, пайдалы және керекті іс деп есептейміз. Г. Гапонның нақ «келісім» туралы айтып отырғанын біз құттықтаймыз, өйткені әрбір жеке партияның толық принциптік және ұйымдық дербестігінің сақталуы ғана олардың жауынгерлік бірлік орнату әрекеттерін үмітсіз етпейді. Әр текті нәрселердің басын бостан-босқа қосып, істі бүлдіріп алмау үшін біз бұл әрекеттер жөнінде өте сақ болуымыз керек. Біздің сөзсіз getrennt marschieren (бөлек жүруімізге) тура келеді, бірақ біз сан рет және нақ қазір vereint schlagen (бірлесіп соққы бере) аламыз. Біздің көзқарасымыз тұрғысынан алғанда бұл келісімнің тек социалистік партияларды ғана емес, сондай-ақ *революцияшыл* партияларды да қамтығаны жақсы болар еді, өйткені күрестің таяудағы мақсаттарында социалистік ештеңе жоқ, сондықтан біз таяудағы демо-

кратиялық мақсаттарды социалистік революция жөніндегі біздің түпкі мақсаттарымызбен шатастырмауға тиістіміз және шатастыруға еш уақытта жол бермейміз. «*Жеке* террор мен жаппай терроpға» жалпы шақырудың орнына іс жүзінде терроризмді бұқара көтерілісімен тікелей және нақты *қосуды* бірлескен әрекеттің алдына тура және айқын міндет етіп қойған жақсы болар еді және біздің көзқарасымыз тұрғысынан алғанда да келісім жасау үшін бұл *керек.* Рас, Гапонның: «халық қозғалысына қолғабысы тиетін нәрсенің бәрі» деген қосымшасы оның жеке террорды да нақ осы мақсатқа бағындырғысы келген тілегін айқын көрсетеді, бірақ бұл тілек, «Революционная Россияның» 58-номеріндегі біз атап өткен пікірді көрсете отырып, айқынырақ білдірілуге тиіс және мүлдем екіұшты мағына тудырмайтын практикалық шешімдерде көрінуге тиіс. Ақырында, ұсынылып отырған келісімнің жасалу мүмкіндігінің жағдайларына байланыстырмай, біз мынаны ескертейік: бізге Г. Гапонның партиядан тыс жағдайы да қолайсыздау болып көрінеді. Әрине, патшаға сенуден, оған петициямен барудан революциялық мақсаттарға қарай сонshалықты тез ауып, Гапонның дүниеге айқын революциялық көзқарасты бірден белгілей алмағаны өзінен-өзі түсінікті. Бұл болмай қоймайтын нәрсе және революцияның дамуы неғұрлым шапшаң және неғұрлым кең болса, мұндай құбылыс соғұрлым жиі қайталана береді. Бірақ партиялардың, бағыттардың, жеке сарындардың арасындағы қатынастарда толық айқындық пен тиянақтылықтың болуы олардың арасында белгілі бір нәтижелі уақытша келісім жасалуының сөзсіз қажетті шарты болып табылады. Айқындық пен тиянақтылық әрбір практикалық шарада керек болады және олар қазіргі, *практикалық* істе тиянақтылық болуының, ауытқулар болмауының шарты. Россияда революцияның басталуы «революция» деген ұран «іскер адамдар» үшін олардың мақсаттарын және олардың әрекет ету құралдарын анықтауға әбден жеткілікті деген пікірге сүйенетін көптеген адамдарды, мүмкін тіпті бағыттарды да саяси сахнаға шығаруы ықтимал. Ондай пікірден артық қате пікір болуы мүмкін емес. Неғұрлым жо-

ғары немесе неғұрлым қолайлы немесе неғұрлым «дипломатиялық» болып көрінетін партиядан тыс позиция— іс жүзінде *неғұрлым көмескі,* неғұрлым бұлдыр және практикалық қызметте сөзсіз дәйексіздік пен солқылдақтық қаупін тудыратын позиция болып табылады. Революция жолындағы біздің мұратымыз барлық партиялар, барлық бағыттар, барлық сарындар әсте революциялық былыққа келіп қосылу болмауға тиіс. Қайта керісінше, революциялық қозғалыстың өсіп, ұлғаюы, оның халықтың әр түрлі таптары мен топтарының қалың ортасына барған сайын жақындай түсуі сөзсіз үсті-үстіне жаңа бағыттар мен сарындарды тудырады (тудырғаны жақсы да). Олардың өзара қарым-қатынастарындағы және революцияшыл пролетариаттың позициясына олардың көзқарастарындағы толық айқындық пен тиянақтылық қана революциялық қозғалыстың неғұрлым табысты болуын қамтамасыз ете алады. Өзара қарым-қатынастардың толық айқындығы ғана таяудағы ортақ мақсатқа жету үшін келісім жасау ісінің табысты болуын қамтамасыз ете алады.

Бұл таяудағы мақсат, біздің пікірімізше, Г. Гапонның хатында әбден дұрыс *белгіленген:* 1) самодержавиені құлату, 2) революциялық уақытша үкімет, 3) саяси және діни бостандық жолындағы—әрине, сондай-ақ стачкалар бостандығы және т. т. жолындағы күрескерлерге дереу амнистия беру, 4) халықты дереу қаруландыру және 5) жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын сайлау правосы негізінде бүкіл россиялық құрылтай жиналысын дереу шақыру. Барлық азаматтардың толық теңдігін және сайлау кезіндегі толық саяси бостандықты революциялық үкіметтің дереу жүзеге асыруын Гапон, әрине, топшылап қана айтады, бірақ оны ашық көрсетуге де болар еді. Бұдан соң демократиялық төңкерісті қолдау және оны жеке салаларда жүзеге асыру мақсатымен барлық жерде революциялық шаруа комитеттерін құруды да уақытша үкіметтің программасына енгізу қолайлы болар еді. Революцияның нәтижелі болуы көбіне-көп шаруалардың революциялық дербес әрекет ету қабілеттілігіне де байланысты, сондықтан жоғарыда біз атап көрсеткен ұран сияқты ұранды бас-

шылыққа алып, әр түрлі социалистік және революциялық-демократиялық партиялар жақындаса алар еді.

Саяси санасы кем халықтың көзқарасынан революциялық көзқарасқа көшуді өз басынан кешіріп, терең сезініп білген Г. Гапонның саяси қайраткер үшін керекті революциялық көзқарас айқындығына жетуі жолында қызмет етуін тілейміз. Көтеріліс үшін жауынгерлік келісім жасауға шақырған оның үндеуі жемісті болып шығуын, сойтіп революцияшыл пролетариаттың революциялық демократиямен бір сапта болып, самодержавиеге соққы бере алатын болуын және оны неғұрлым тез, неғұрлым аз шығынмен бұлтартпай құлатуын тілейміз.

1905 ж. 4(17) февральда жазылған

1905 ж. 21(8) февральда «Вперед» газетінің 7-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯНЫҢ III СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ [106]

РЕДАКЦИЯДАН

«Вперед»тің» редакциясына орыс бюросының бастамасына өзінің шын жүректен тілектес екенін білдіру ғана қалады. Ақыры, шетелдік бонапартистер [107] тудырған жағдайдан *партиялық* жолмен шығуға қарай жігерлі қадам жасалды! Біз «Партиядан» деген бөлімде бюроның шақыруына [108] комитеттердің қалай тез үн қосып отырғаны жайында мәліметтер басып отырмыз. Өздерін РСДРП-ның қатарында деп санайтын немесе өздерінің көзқарастары мен тілектестігі жағынан болса да оған жақын деген топтар мен ұйымдардың *барлығы,* сол сияқты жеке адамдар осылардан үлгі алатын болсын. Үшінші съезд *бірінші рет* оның құрамы (партия уставы негізінде), жұмыс барысы, кімнің болса да оған қатысу правосы күн ілгері белгілі болған жағдайларда шақырылғалы отыр. Осы жағдайлармен жолдастардың бәрі де кеңінен пайдаланатын болсын! Әркімнің съезге шағым беру мүмкіндігіне партиямыздың уставы кепілдік беретінін олар ұмытпауы тиіс (уставтың 10-параграфы: «Партияның әрбір мүшесі немесе *партиямен қандай да болса істес болған кез келген адам* өзінің өтінішін түп нұсқа түрінде Орталық Комитетке, Орталық Орган редакциясына *немесе партия съезіне* жеткізуді талап етуге праволы»). Осы мүмкіндікпен *дереу* пайдаланатын болсын. Мұндай өтініштерді қазір съездің Ұйымдастыру комитеті ретінде қалыптасып отырған орыс бюросына жеткізуді «Вперед» редакциясы өз міндетіне алады. Съезге комитеттер мен устав бойынша толық праволы

басқа да партия ұйымдарының өкілдері ғана шешуші дауыспен қатыса алады. Бірақ съездің өзінің рұқсаты бойынша *кеңесші* дауыспен кімнің болса да қатысуына болады, ал Ұйымдастыру комитетінің рұқсаты бойынша толық праволы емес партия ұйымдарының делегаттары да қатыса алады (партия уставының 3-параграфы, 2-ескерту: «1-ескертуде көрсетілген шарттарға сай келмейтін», яғни съезден бір жыл бұрын өзінің толық праволы атағымен бекімеген «ұйымдардан съезге кеңесші дауыспен делегаттар шақыруға Орталық Комитетке рұқсат беріледі».— Бонапартистік Орталық Комитет пен Советтің ырқына көнбей, комитеттердің көпшілігінің тапсыруы бойынша съезд шақырып отырған Ұйымдастыру комитетінің съезд шақыру жөнінде Орталық Комитеттің барлық праволарына ие болатыны өзінен-өзі түсінікті).

«Вперед» редакциясы, өз тарапынан, съезге шамамен мынадай *күн тәртібін* ұсынады: 1. Съезді заңдастыру (регламент, Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы, мандаттарды тексеру). 2. Делегаттардың есебі. 3. Партиядағы дағдарыс*. 4. Ұйымдық мәселе. 5. Көтеріліске көзқарас. 6. Көтеріліс мақсаты үшін революциялық демократиямен келісім жасау. 7. Либералдарға көзқарас. 8. Шаруалар арасындағы жұмыс және революциялық шаруалар қозғалысын қолдау. 9. Әскер арасындағы жұмыс. 10. Насихат және үгіт жұмысын жақсарту. 11. Қызмет адамдарын сайлау.

Съездің табысты болуы үшін осы және басқа ірі мәселелер жөнінде баяндамалар мен қарарлар даярлауға және талдап жасауға (сонымен қатар баяндамалар үшін материал жинауға да) партияның барлық мүшелерінің белсене қатысуы сөзсіз қажет. Партиялықты жақтаушылардың бәрін біз *дереу* осы жұмысқа кірісуге шақырамыз. Партиядағы дағдарыстың шытырманы-

---

* Бебель өзін «Искраның» жақтаушылары мен «Впередтің»[109] жақтаушылары арасында аралық төреші болуға ұсынып, Ленинге хат жазды. Ленин: ол да, «Впередтің» оған белгілі жақтаушыларының ешқайсысы да өз әрекеттерімен бүкіл партияның қолын байлауға праволы емес, сондықтан Бебельдің ұсынысы орыс бюросы шақырғалы отырған партия съезінің қарауына берілуі керек. Біз съезд бұл ұсынысты «партиядағы дағдарыс» деген пунктке жатқыза алар еді деп ойлаймыз деп жауап қайтарды.

на қалай болса да қатысқан *әрбір адам* одан шығудың амалдары туралы өз тәжірибесін немесе өз пікірін қысқаша хабарлап, съезге көмектесе алады. Кез келген партия ұйымында немесе партияға жақын тұрған ұйымда жұмыс істеген *әрбір адам* ұйымдық мәселенің сан салаларын шешу үшін өзінің жеке басының тәжірибесіне негізделген өте пайдалы материал бере алады. (Мұндай хабарлардың программасы шамамен алғанда мынадай: жұмыс істеген жері және уақыты; ұйым мүшелерінің, жұмысшылар мен интеллигенттердің сапы; олардың арасындағы қатынастар; жазылған уставтар керек пе және қандайлары керек; автономияның шектерін, еңбек бөлінісінің, партияға кіретін және оған жақын тұрған топтардың шектерін, мүшелерді кооптациялауды және шығаруды нормалаудың керегі бар ма және керек болса қандай болу қажет; сайлау негізі; насихатшылар, үгітшілер, ұйымдастырушылар топтарына, аудандық және фабрикалық үйірмелерге, әдеби және техникалық комиссияларға комитеттердің көзқарасы және т. б. және т. с.)

Шаруалар арасындағы және солдаттар арасындағы жұмыс туралы кейбір материалдар «Вперед» редакциясына қазірдің өзінде жеткізілді. Өз мүшелерінің насихат, үгіт және ұйымдастыру ісіндегі тәжірибесін жинақтау және съезге баяндама әзірлеу жолында үздіксіз жұмыс істеп жатқан бір топ бізге мәлім. Үлкен қалалардың бірінде еврей ойраны бола қалған жағдайда *жүздеген* жұмысшылардың қарулы қарсылығын ұйымдастыру жөніндегі жұмысқа қатысқан бір жолдастың баяндамасын, сондай-ақ әскери істі үйренген бір жолдастың көшедегі күрес туралы мәселе жөніндегі баяндамасын беруге бізге уәде етті. Осындай жұмысқа мүмкіндігінше көп жолдастардың *дереу* кірiскені өте-мөте маңызды.

Партиядағы дағдарыс әдебиетте ұсақ-түйек белгілеріне дейін айқындалды. Оны талқылау көп уақыт алмайды және алуға тиіс емес. Съезд жұмысының өзекті пункті — біздің революциялық қозғалысымыздың жаңадан мықтап өрлеуінен туып отырған ұйымдасу мен тактиканың *жаңа мәселелері* болуға тиіс. Бұл мәселе-

лерді шешу үшін азды-көпті болса да қозғалысқа қатысқан *барлық* социал-демократтардың коллективтік тәжірибесінің маңызы өлшеусіз зор. Бұл тәжірибені тек тезірек жинақтап, оны съездің талқылауына ыңғайлау керек.

Іске кірісейік, жолдастар! Социал-демократиялық жұмысшы қозғалысын қастерлеп, құрмет тұтатып әрбір адам съезге белсене көмектесуге дереу кірісетін болсын. Сонда ғана партия уақытша кемсіту және әлсіреу дәуірінен ұлы орыс революциясына мейлінше белсене қатысу жолына, орыс халқының лағынет жауын жеңуге жеткізетін жолға тезірек шығатын болады!

1905 ж. 13 (26) февральдан ертерек жазылған

1905 ж. 28(15) февральда «Вперед» газетінің 8-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ЖАҢА ИСКРАЛЫҚ ЛАГЕРЬДЕН

Плеханов «Искраның» 87-номеріндегі бас мақалада Мартовқа ілтифатпен, сыпайы ғана бас изеп қойып, kill with kindness (мақтамен бауыздап өлтіру) тактикасын ойдағыдай жүзеге асырады. 85-номердегі бас мақаланың авторы алдында жалбаңдай отырып, Плеханов *істің шын мәнісіне келгенде оны түгелдей бекерге шығарады* және «Вперед» әрқашан қорғап келген көзқарастардың нақ өзін қуаттайды. Іске сәт! Тек Мартыновпен пікір үйлестігін есепке алыңыз, аса құрметті диалектик. Егер сіз, *«жеңісті дайындап»* (87-номердің ұраны) алып, жеңіске ие болсаңыз, сіз үшін өте қорқынышты және аса қауіпті болып шығатын перспектива туралы онымен сөйлесіп көріңіз! Онымен «өкіметті басып алудың», «уақытша үкіметке қатысудың» және «революциялық диктатураның» аса қауіптілігі туралы сөйлесіп көріңіз. Бейшара Плеханов-ай, Троцкийдің, Мартыновтың, Рабочийдің және Аксельродтың бүкіл (?) редакция болып мақұлдаған кітапшалары алға тартып отырған қоқыр-соқырдан арылып шығу үшін оған әлі ұзақ уақыт әуре болуға тура келеді! «Искраның» 86-номеріне қосымшада Попов *Лениннің «Мәлімдемесінде» жарияланған хаттың авторы өзі екенін мойындайды.* Дәлелдеуге керегі де осы еді! Азшылық джентльмендерінің партияны үнемі алдап келгені дәлелденді. Біздің алдын ала айтқанымыздай, джентльмендер оқушының назарын бонапартистерді әшкерелейтін хатты конфискелеуге Лениннің правосы болды ма,

жоқ па деген мәселеге аударып, құтылып кетуге тырысады. Өздерінің моральдық сезімталдығымен мәлім болып отырған Мартов пен Попов, ұрлық туралы да, шпиондық туралы да және сондайлар жөнінде де байбалам салуда. Ұрсыспа, керісе беріңдер, мырзалар, аянбаңдар: дәлелдерің болмағандықтан сіздерге тек балағаттасу ғана қалады.

«Вперед» № 8, 28 (15) февраль, 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯДАҒЫ ҰЙЫМДАРҒА ХАТ

28. II. 1905.

Қымбатты жолдастар! С.-Петербург, Тула, Москва, Солтүстік, Нижний, Кавказ, Одесса съезді шақыруға қосылды деген хабар алып отырмыз,— әрине, басқалар да қосылады. Орталық Комитет те съезді жақтайтынын мәлімдеді деседі. Әлбетте, оған енді ешкім сенбейді; жұрттың бәрі съезге келе берсін, барлығы да шақырылды ғой, бірақ съезді бюро, тек қана бюро шақырады деседі. Орталық Комитетке титтей де сенім қалмағандығының (және оны жақтап берілген кейбір бірлі-жарым дауыстың да дереу қайтып алынғандығының) себебін айтып жатудың қажеті бола қояр ма екен. Орталық Комитеттің тек алдаушылыққа салынып және айла істеп отырғанын жұрттың бәрі де түсінеді.

Съезге әзірлікті дереу бастаудың және бұл іске бүкіл аудандық, насихаттық, фабрикалық үйірмелерді, жалпы барлық, соның ішінде, әсіресе жұмысшы үйірмелерін барынша жігерлі түрде қатыстырудың маңызы өте-мөте зор. «Вперёдтің» 8-номерінде * (бүгін шығады) бұл туралы біз тағы да айтып отырмыз. Съезге жұмысшылардың қатысуы өте-мөте пайдалы болар еді. (Біздіңше, кеңесші дауыспен қатысуға барынша кеңшілік беру керек. Демек, мәселе тек ақшада ғана. Кеңірек үгіттеңдер: делегатқа 150—200 сом жинап берушілер жұмысшылар арасынан табылатындығына, мұндай мақсатқа арнайы жәрдем берушілер интеллигенттер ара-

* Қараңыз: осы том, 306—309-беттер. *Ред.*

сынан да табылатындығына біз сенімдіміз. Съезде қаралатын мәселелер маңызды: ұйымдық мәселе, периферияға көзқарас, көтеріліс мәселесі, жұмысшыларды қаруландыру (динамит шеберханаларын құру), көтеріліс үшін социалист-революционерлермен келісім жасау, шаруалардың революциялық қозғалысын қолдау және басқа да көптеген мәселелер. Әскер арасындағы, шаруалар арасындағы жұмыс туралы баяндамалар аса маңызды. Съезд үшін офицерлермен, студенттермен және басқалармен байланысты мүмкін болғанынша кеңінен пайдаланыңыздар. Съезде уставтың мартовтық 1-параграфын лениндік 1-параграфпен алмастыру көзделіп отыр, мұның өзі *партия* ұйымдарының, сондай-ақ партияға *жақын тұрған* ұйымдардың праволарын кеңейте түспекші. Революциялық демократия элементтерінің көпшілігі бүгап жақын келетін болады. Жұрттың бәрі және әркім де съезге неғұрлым белсенді әзірленетін болсын.

Жалынды сәлем. *Ленин*

Питерден бізге аудандық жұмысшы жиналыстарының протоколдарын жібере бастады. Еліктеуге лайықты үлгі. Жалпы алғанда «Впередке» жұмысшылардың өздерінің де жиі-жиі жазып тұруларын қатты өтінеміз.

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АНКЕТ [110]

ПАРТИЯНЫҢ III СЪЕЗІНЕ

Партияның III съезі шақырылуы себепті кейбір практик-жолдастар бізден мынадай мәлімдеме басуды сұрайды. Съезде ұйымдық мәселені алдағы талқылау кезінде Россияда жұмыс істеген жолдастардың мүмкін болғанынша көпшілігінің ескертулері мен пікірлерінің еске алынғаны және айрықша мұқият талқыланғаны өте жақсы болар еді. Сондықтан онда жұмыс істегендердің *барлығы* бұған үн қосын, мына сұрақтарға жауап беретін болсын. «Вперед» редакциясы мұның бәрін бір жерге жинап, съезге тапсырады, сөйтіп, әрбір делегат көптеген жолдастардың коллективтік тәжірибесімен пайдалана алатын болады. Уставты қайта жасау және съездің қарарларын әзірлеу үшін анықтау керек болатын ең басты мәселелердің тізбесі шамамен алғанда мынадай. 1) Жұмыс орны мен уақыты және қанша уақыт істеді? 2) Комитет немесе комитет мекемелерінің бірінің мүшесі болып жұмыс істеді ме және қандайының мүшесі болды? фабрикалық үйірменің бе және т. т.? 3) Жауап жазып отырған адамға мәлім комитеттердің немесе комитет бөлімшелерінің, ұйымдастыру топтарының және т. б. әрқайсысының мүшелерінің саны қаншалықты көп еді? әрқайсысында жұмысшылар және интеллигенттер қанша? 4) Перифериядан комитетке кооптациялау дәстүрі қандай еді? Периферияда жұмыс істеудің орташа мерзімін көрсетуге болмас па? Кооптацияға бола наразылық туғандығын көрсететін және т. с. мысалдар жоқ па? Барлық жауаптарда II съезге

дейінгі және одан кейінгі кезеңді мұқият бөліп көрсету керек. Әсіресе II съезге *дейінгі* кезең туралы толық деректер өте керек. 5) NN жұмыс істеген жерде *барлық* партия ұйымдары, топтар, үйірмелер және т. б. қанша еді? Әрбір топ, оның мүшелерінің саны, қызметтері және т. б. көрсетілсін. 6) Партиялық болып саналмаған, бірақ партияға жақын тұрған топтар (ұйымдар, үйірмелер және т. б.) болды ма? 7) Периферия мен (және перифериялық үйірмелердің алуан түрлерінің бәрі мен) комитет арасындағы байланыс қалай жүргізілді? Байланыстың бұл формалары қызметкерлерді қанағаттандырды ма? 8) Сайлау негізін қолдануды мүмкін және қолайлы деп санайсыз ба? Егер санамайтын болсаңыз, неліктен? Егер санайтын болсаңыз, нақ қалай? Сайлау правосын қандай үйірмелерге беруге болар еді,— мұны дәл көрсетіп айтқан жөн. 9) Интеллигенттік және жұмысшы комитеттерін (топтарын, үйірмелерін, ұйымдарын және т. б.) бөлектеуді пайдалы деп санайсыз ба? Егер санамасаңыз, неліктен? Егер санайтын болсаңыз, бөлектеудің формасын көрсетуді сұрайды. 10) Комитет орталық, басшы топты сайлады ма әлде жоқ па? Егер сайлаған болса, нақ қалай? оны қаншалықты жиі тексеріп тұрды? оның құрылуына разы болды ма? 11) Жергілікті ұйымдардың жазба уставтары пайдалы және мүмкін болады деп санайсыз ба? 12) Партияның уставына жергілікті ұйымдар (комитеттер және басқалар) жөнінде қайсы бір нормалар енгізуді пайдалы болады деп санайсыз ба? Егер санасаңыз, бұл нормаларды белгілеуіңізді сұрайды. 13) Комитеттерден және басқа ұйымдардан мүшелер енгізу (және шығару) жөнінде Орталық Комитеттің дәл праволарын партияның уставында белгілеуді қажетті деп санайсыз ба? Орталық Комитеттің дәл праволары қандай болуға тиіс? 14) Жергілікті комитеттердің автономиялығын айрықша нормалармен қорғау қажет пе және нақ қандай нормалармен қорғау қажет? 15) Сіз мүше болған комитет немесе топ, үйірме және т. б. қаншалықты жиі бас қосып отырды? Егер мүмкін болса, сіз жұмыс істеген уақыт ішінде болған барлық жиналыстарды түгел атап өтіңіз. Егер мүмкін болмаса, жобалап айтыңыз. Жиналыстардың жиі өтуі-

нен қолайсыздық болды ма? Сіздің тәжірибеңіз бойынша, бір айда шақыруға мүмкін және қажет деген жиналыстың орташа саны қанша және жиналыс мүшелерінің саны қанша болу керек?

1905 ж. 20 февральдан (5 марттан) ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ЖЕНЕВАДАҒЫ КЛУБЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗБАЛАРЫ [111]

1905 ЖЫЛҒЫ 5 МАРТТАҒЫ ПРОТОКОЛ

I

Ленин. Секция жұмыстарының барлық нәтижелері жария етілетін болсын,— ең алдымен Степанов өз баяндамасын жазбаша түрде, сондай-ақ протоколдарды да тапсыратын болсын деп ұсынады. Бұл протоколдардың жалпы жинағы съезге берілсін; олар съезд жұмыс істеген кезде көптеген практикалық нұсқаулар бере алады. Степановтың баяндамасы, өкінішке қарай, тым жалпылама сипатта болды. Баяндамалардан қарарлар түрінде дәл қорытындылар жасау үшін олар неғұрлым нақты болуға тиіс. Бұл үшін шетелдік және орыс жолдастардың арасында анкета таратуды ұсынамын, сонымен бірге олар қойылған сұрақтарға дәл жауап (иә, жоқ, мынадай деп) берулері керек. Олардың жұмысының сипаттамасы, мысалы, қай қалада істегені, жиналыстарда қандай мәселелер шешкендігі және т. т. қажет. Ал жалпылама қорытындылар бірдемелер бергенімен, бірақ олардан, қайталап айтайын, дәл қорытындылар жасауға болмайды. Сондықтан үйірменің осындай сұрақтізбесін әзірлеумен шұғылдануын және оны шетелдегі және Россиядағы жолдастарға жіберуді, сөйтіп сұрақтардың бәріне олардың қысқа жауап беруін ұсынамын. Егер бізде осындай ішкі материал болса (егер 100—200 жолдас жауап жіберсе), онда съезд оны дәл қорытындылар жасау үшін пайдалана алады.

Ұсыныстарымды қайталап айтайын: біріншіден, съезге барлық протоколдардың жинағын, сондай-ақ протоколдардың өзін де тапсыру қажет, екіншіден, сұрақтіз-

бе әзірлеумен шұғылдану керек. Ал мұнымен кейінге қалдырмай тап қазірден бастап шұғылдану қажет, тіпті секциялар жөніндегі барлық жұмысты тастап, барлық протоколдарды тәртіпке келтірумен шұғылдануды және солар бойынша съезге баяндама жазуды ұсынамын.

II

Ленин. Қазір, III съезді шақыру туралы хабар шыққаннан кейін, секциялардың жұмысы басқаша сипат алып отыр. Секциялар жұмыс істегелі, міне, 2 ай болды, бірақ дегенмен қандай аз істелген десеңізші: протоколдар түгел емес, баяндамалар жоқ; ал бұл жұмыстарды тездету керек, өйткені бұл жұмыстар босқа қалмай, практикалық маңыз алуы керек, яғни мұның бәрін съезге тапсыру керек. Протоколдарды тезірек тапсыру үшін мен бүкіл үйірмені секретарьларға көмекке жұмылдыруды ұсынамын. Қайталап айтамын, егер үйірме бұл жұмысты аяқтамаса, онда оның барлық жұмысының сол үйірмеде қалып қою қаупі бар, оның бер жағында бұл жұмыстар ұйымдық жорпарлар жасауға мықтап жәрдем етер еді. Сонымен қатар сұрақтізбе әзірлеуге дереу кірісуді ұсынамын — бұлардың бәрін тездету керек, оқиғалар күтіп тұрмайды, съезд тез арада-ақ болуы мүмкін. Бәрінен дұрысы — сұрақтізбені әзірлеуді жеке комиссияға тапсырған жөн.

III

Ленин. Ольга жолдастың ұсынысына менің ешқандай қарсылығым жоқ. Ал менің тәжірибеме келетін болсақ, онда қазір оқиғалар, жұмыс жағдайы соншалықты тез өзгеріп жатқанда, менде ондай тәжірибе жоқ қой деп ойлаймын. Мен сұрақтізбені жасаған едім, бірақ ол тым жалпылама. Мен сұрақтізбені жасау жөніндегі комиссияға тәжірибелі жолдастарды сайлауды және мүмкін болғанынша бұл істі тездетуді ұсынамын.

Бірінші рет 1934 ж. Лениннің XXVI жинағында басылған

Протоколдық жазба бойынша басылып отыр

ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ ЖАҢА КҮШТЕР[112]

Социал-демократияның өрге басуымен байланысты Россияда бұқаралық жұмысшы қозғалысының дамуы тамаша үш асумен сипатталады. Бірінші асу — тар шеңберлі насихаттық үйірмелерден бұқара арасында кең экономикалық үгітке көшу; екінші асу — ірі көлемді саяси үгітке және ашық, көше демонстрацияларына көшу; үшінші асу — тура азамат соғысына, тікелей революциялық күреске, халықтың қарулы көтерілісіне көшу. Бұл асулардың әрқайсысы, бір жағынан, социалистік ой-пікірдің көбінесе бір бағытта жұмыс істеуі арқылы, екінші жағынан, жұмысшы табының тұрмыс жағдайларындағы және барлық психикалық қалпындағы терең өзгерістер арқылы, оның үсті-үстіне жаңа топтарын неғұрлым саналы және белсенді күреске ояту арқылы әзірленді. Бұл өзгерістер кейде айқай-шусыз жүріп жатты, пролетариаттың күш жинауы сахна сыртында, елеусіз жүргізіліп, бұқаралық қозғалыстың беріктігіне, өмірге бейімділігіне интеллигенттерді жиі түңілдіріп отырды. Бұдан соң күрт өзгеріс туды да, барлық революциялық қозғалыс бірден жаңа, жоғары сатыға көтерілді. Пролетариаттың және оның алдыңғы қатарлы отряды — социал-демократияның алдынан *практикалық* жаңа міндеттер шығып отырды, бұл міндеттерді орындау үшін жер астынан шыққандай жаңа күштер туып отырды, күрт өзгеріс қарсаңында ол күштерді ешкім тіпті бар деп те ойламаған-ды. Бірақ мұның бәрі бірден бола қойған жоқ, қобалжулар, социал-

демократияның ішіндегі бағыттардың күресі болмай қалған жоқ, ескірген, әлдеқашан дәурені өтіп, келмеске кеткендей болған көзқарастарға қайта оралулар болмай қалған жоқ.

Қазіргі уақытта да Россиядағы социал-демократия қобалжудың осындай кезеңдерінің бірін басынан кешіріп отыр. Саяси үгітке оппортунистік теорияларды бұзып өту арқылы көшкен, жаңа міндеттерді орындау үшін күш жетпейді деп қорыққан, пролетариаттың тілектерінен социал-демократияның артта қалушылығын «таптық» деген сөзді шамадан тыс жиі қайталаумен немесе партияның тапқа көзқарасын артта жүрушілік мағынада түсіндірумен ақтаған кездер болды. Бұл болжамсыз қауіптенушілік пен артта қалған көзқарастардың бәрін қозғалыстың барысы аулақ ысырып тастады. Қазір де жаңа өрлеу тағы да, біршама басқа түрде болса да, дәурені өткен үйірмелерге және бағыттарға қарсы күреспен жалғасып отыр. Рабоче-делошылдар жаңа искрашылдар болып қайта шықты. Біздің тактикамыз бен ұйымымызды жаңа міндеттерге бейімдеу үшін «демонстрациялардың жоғары типі» (земство науқанының жоспары) туралы немесе «ұйым-процесс» жөніндегі оппортунистік теориялардың қарсылығын жеңіп отыруға тура келеді, көтерілісті «белгілеудің» алдында немесе пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы алдында кертартпалық үрейленушілікке қарсы күресуге тура келеді. Пролетариаттың көкейтесті тілектерінен социал-демократияның артта қалушылығы тағы да «таптық» деген сөзді шамадан тыс жиі (және көбінесе ақылға қонымсыз) қайталаумен және партияның тап жөніндегі міндеттерін кемсітумен ақталып отыр. Дербес әрекет етудің төменгі формалары алдында бас ию және шын мәніндегі социал-демократиялық дербес әрекет етудің, пролетариаттың өзінің шын мәніндегі революциялық инициативасының жоғары формаларын елемеу арқылы «жұмысшының дербес әрекет етуі» деген ұранды тағы да орынсыз қолданып жүр.

Ескірген және өмірге икемсіз көзқарастардың осы барлық сарқыншақтарын қозғалыстың барысы бұл жо-



1

Новые задачи и новые силы.

Развитие массового рабочего движения в России в связи с развитием социалдемократии характеризуется тремя замечательными переходами. Первый переход от узких пропагандистских кружков к широкой экономической агитации в массах; второй — к политической агитации в крупных размерах и к открытым, уличным демонстрациям; третий — к настоящей гражданской войне, к непосредственной революционной борьбе, к вооруженному народному восстанию. Каждый из этих переходов подготовлялся, с одной стороны, работой социалистической мысли в одном, преимущественно, направлении, с другой стороны, глубокими изменениями в условиях жизни и во всем психическом укладе рабочего класса, пробуждением новых и новых слоев его к более сознательной и активной борьбе. Эти изменения происходили иногда бесшумно, накопление сил пролетариатом совершалось за сценой, незаметно, вызывая нередко разочарование интеллигентов в прочности и жизнеспособности массового движения. Затем наступал перелом, и все революционное движение как бы сразу поднималось на новую, высшую ступень. Перед пролетариатом и его передовым отрядом, социалдемократией, вставали практически новые задачи, для разрешения которых вырастали словно из земли новые силы, которых никто не подозревал еще накануне перелома. Но происходило все это не сразу, не без колебаний, не без борьбы направлений в социалдемократии, не без возвратов к устарелым, давно, казалось бы, отжившим и похороненным воззрениям.

В. И. Лениннің «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1905 ж.

Кішірейтілген

лы да аулақ ысырып тастайтынына зәредей де күмәнданута болмайды. Алайда бұлай аулақ ысырып тастау ісі ескі қателерді тек теріске шығарумен тынбауы керек, қайта жаңа міндеттерді практикада жүзеге асыру жолындағы, біздің партиямызға жаңа күштерді тартып, оларды пайдалану жолындағы революциялық тиімді жұмысты әлдеқайда көбірек жүргізуде болу керек, ал мұндай жаңа күштер қазір революция майданына олшеусіз көп мөлшерде шығып жатыр. Революциялық тиімді жұмыстың нақ осы мәселелері алдағы үшінші съездің қызметінің басты тақырыбы болуы керек, партиямыздың барлық мүшелері өздерінің жергілікті және ортақ жұмысында қазір нақ осы мәселелерге барлық ой-ниеттерін жұмылдыратын болуы керек. Біздің алдымызда тұрған жаңа міндеттердің қандай екенін біз жалпы тұрғыдан талай рет айттық: қала мен деревня кедейлерінің жаңа топтары арасында үгіт жұмысын күшейту, негұрлым кең, оралымды және берік ұйым құру, көтерілісті әзірлеу және халықты қаруландыру, бұл мақсаттар үшін революциялық демократиямен келісім жасау. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін қандай жаңа күштердің бар екенін бүкіл Россиядағы жаппай стачкалар туралы, жастардың, жалпы демократиялық интеллигенцияның және тіпті буржуазияның көптеген топтарының среуілдері мен революциялық пиғылы туралы хабарлар айқын баяндайды. Осы орасан зор тың күштердің болуы, тіпті Россиядағы қазіргі, бұрын-соңды болып көрмеген революциялық толқудың өзі жұмысшы табы мен шаруалар ішіндегі тұтанғыш материалдың бүкіл мол қорының шағын бөлігін ғана шарпығанына толық сенімділік — міне, осының бәрі жаңа міндеттерді орындауға болатынына және сөзсіз орындалатынына толық және күмәнсыз кепіл болады. Біздің алдымызда тұрған практикалық мәселе ең алдымен мынада болып отыр: осы жаңа күштерді *нақ қалай* пайдалану, бағыттау, біріктіру, ұйымдастыру керек, капиталистік қанаушылық дүниесі әзірге бар тұрғанда біздің алдымызда тұрған және біздің алдымызда бола беретін сол ескі және дағдылы міндеттерді әсте естен шығармай, социал-демократиялық жұмысты ең алдымен жаң-

дайдың өзі ұсынып отырған жаңа жоғары міндеттерге *нақ қалай* жұмылдыру керек.

Бұл практикалық мәселені шешудің кейбір тәсілдерін белгілеу үшін бір жеке, бірақ біздің байқауымызша, өте ерекше сипаттағы мысалдан бастайық. Жақында, революция басталардың қарсаңында ғана, либерал-буржуазиялық «Освобождение» (№ 63) социал-демократияның ұйымдық жұмысы туралы мәселені қозғады. Социал-демократиядағы екі бағыттың күресін зейін сала қадағалай отырып, «Освобождение» жаңа «Искраның» «экономизмге» қарай ойысқанын тағы да қайта-қайта пайдаланып қалуды және «экономизмге» өзінің терең принципті тілектестігін («Рабочийдің» демагогтық кітапшасы жөнінде) баса көрсетуді есінен шығарған жоқ. Бұл кітапшадан революциялық социал-демократияның ролін қалай да жоққа шығару немесе төмендету көрінетіндігін либералдық орган дұрыс байқаған (ол туралы «Впередтің» 2-номерін қараңыз *). Барынша адал марксистер жеңгеннен кейін экономикалық күрес еске алынбады деген «Рабочийдің» мүлдем теріс пікірлері жөнінде «Освобождение» былай дейді:

«Қазіргі орыс социал-демократиясының бос қиялдығы мынада: жұмысшы табының революциялық қозғалыс деп атауға тұрарлық қозғалысы үшін жеткілікті берік және жеткілікті кең негізді тек мәдени жұмыс қана, жария және саяси емес формалар ғана жасай алатынын түсінбегендіктен ол мәдени жұмыстан үрейленеді, жария жолдардан үрейленеді, «экономизмнен» үрейленеді, жұмысшы қозғалысының саяси емес деп аталатын формаларынан үрейленеді». Сөйтіп, «Освобождение» освобождениешілдерге «профессионал жұмысшы қозғалысын жасау ісінде инициативаны өз қолына алуға», бұл қозғалысты социал-демократияға қарсы емес, қайта онымен бірге жасауға кеңес береді, соның өзінде социалистерге қарсы ерекше заң дәуіріндегі неміс жұмысшы қозғалысының жағдайларынан мысалдар келтіріледі.

Бұл жерде осы мысал туралы айтып жатудың қаже-

---

* Қараңыз: осы том, 170—177-беттер. *Ред.*

ті жоқ, ол мүлдем қате. Ең алдымен жұмысшы қозғалысының жария формаларына социал-демократияның көзқарасы туралы ақиқатты қалпына келтіру керек. «Социалистік емес және саяси емес жұмысшы одақтарын жария ету ісі Россияда қазірдің өзінде-ақ басталды» — делінген-ді 1902 жылы «Не істеу керекте»*. «Біз ендігі жерде бұл ағыммен сапасыздай отыра алмаймыз». Онда қалай сапасу керек? деген сұрақ қойылады да, зубатовтық ілімдерді ғана емес, сонымен қатар «таптардың ынтымақтастығы» туралы қалай да болса қиюластырылған либералдық сөздерді әшкерелеп отыру қажеттігі көрсетіледі («Освобождение» социал-демократтарды ынтымақтасуға шақыра отырып, бірінші міндетті толығынан мойындайды да, екінші міндет жайында жұмған аузын ашпайды). «Мұны істеу,— делінген одан әрі,— жұмысшы қозғалысын жария жүргізу сайып келгенде Зубатовтарға емес, нақ бізге пайда келтіретінін ұмыту керек дегенді тіпті де білдірмейді». Ашық жиналыстарда зубатовшылдық пен либерализмді әшкерелей отырып, біз бидайды арам шөптен ажыратамыз. «Бидай дегеніміз — жұмысшылардың бұрынғыдан да қалың және ең артта қалған топтарының назарын әлеуметтік және саяси мәселелерге аудару деген сөз, бұл — біздерді, революционерлерді, шын мәнінде жария жұмыс болып табылатын (жария кітаптарды тарату, өзара жәрдем көрсету және т. с.) және оны дамыту біздің үгіт жүргізуімізге керекті материалды барған сайын сөзсіз неғұрлым көп беріп отыратын міндеттерден босату деген сөз».

Қозғалыстың жария формаларынан *«үрейлену»* туралы мәселе жөнінде «Освобождениенің» бүтіндей *«бос қиялдың»* құрбаны болып шыққаны осыдан айқын көрінеді. Революцияшыл социал-демократтардың бұл формалардан үрейленбейтіні былай тұрсын, қайта оның ішінде *арам шөптің* де, *бидайдың* да бар екенін тура көрсетеді. Демек, «Освобождение» өзінің пайымдауларымен *либерализмнің таптық мәнін* революциялық социал-демократияның әшкерелеуінен либералдардың

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 126-бет. *Ред.*

шынымен (және оған негіз бар) *үрейленетінін* тек бүркемелей түседі.

Ал қазіргі міндеттердің тұрғысынан қарағанда революционерлерді олардың атқаратын қызметтерінің біразынан босату туралы мәселе бізді ерекше қызықтырып отыр. Атап айтқанда, біз бастан кешіріп отырған революцияның басталу кезеңі бұл мәселеге аса шұғыл және аса кең маңыз беріп отыр. «Революциялық күресті неғұрлым жігерлірек жүргізсек, үкіметтің «кәсіпшілік» жұмыстың бір бөлегін жария етпеуге соғұрлым амалы болмайды, сөйтіп бізді біраз жүктен арылтады», делінді «Не істеу керекте» *. Бірақ жігерлі революциялық күрес бізді «ауыртпалығымыздың біразынан» тек осы жолмен ғана емес, көптеген басқа жолдармен де арылтады. Бастан кешіріп отырған кезең бұрын тыйым салынған көптеген нәрселерді «жария етіп» қана қойған жоқ. Оның қозғалысты кеңейткені соншалық — үкіметтің ашық жол беруінің үстіне, бұрын тек революционерлердің ғана қолы жетеді деп саналып келген және тек соның ғана қолы жетіп жүрген көп нәрселер күнделікті практикаға енді, бұқара үшін дағдылы, қолы жететін іс болып алды. Социал-демократиялық қозғалыс дамуының бүкіл тарихи барысы оның өзіне неғұрлым елеулі қимыл бостандығын барлық кедергілерге қарамастан, патша өкіметінің заңдары мен полицияның шараларына қарамастан, барған сайын жеңіп ала беруімен сипатталады. Жұмысшы табының ішінде де, сондай-ақ басқа (жұмысшы демократиясы талаптарының, әрине, шағын бөлігін ғана қостайтын) таптардың ішінде де революцияшыл пролетариат белгілі бір тілектестікке және қолдауға ие болып отырған секілді, ал үкіметтің бұған қолы жете алмайды. Қозғалыстың бас кезінде социал-демократқа көптеген мәдениетшілік дерлік жұмысты атқаруға, өзінің күштерін бір ғана экономикалық үгітке дерлік жұмсауына тура келді. Енді, міне, мұндай міндеттердің бірінен соң бірі барған сайын жаңа күштердің, қозғалысқа тартылып отырған неғұрлым қалың топтардың қолына көшіп келеді. Ал шын мә-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 168-бет. *Ред.*

піндегі *саяси* басшылық қызметі, жұмысшы қарсылығы мен халық наразылығы көріністерінен туатын *социал-демократиялық* қорытындыларды көрсетіп отыру қызметі барған сайын революциялық ұйымдардың қолына шоғырлана берді. Алғашқыда бізге жұмысшыларды оқи, жаза білуге үйретуімізге тура келді, бұл тура мағынасында да, жанамалап айтқанда да дәл осылай болды. Қазір саяси сауаттылықтың дәрежесі орасан зор артқаны сонпалық, өзіміздің барлық күшімізді революциялық тасқынға ұйымдасқан түрде басшылық етудің неғұрлым нақты социал-демократиялық мақсаттарына шоғырландыруға болады және шоғырландыру керек те. Осы уақытқа дейін біздің күшімізді тым көбірек жұмсаттырып келген көптеген «әзірлік» жұмыстарын қазір либералдар мен жария баспасөз атқарып отыр. Қазір әлсіреген үкімет қудаламай отырған жағдайда демократиялық идеялар мен талаптарды ашық насихаттаудың кең етек алғаны сонпалық, біз қозғалыстың мүлдем жаңа құлаш жаюына бейімделуге тиіспіз. Әрине, бұл әзірлік жұмысында арам шөп те, бидай да бар, әрине, қазір социал-демократтардың жұмысшыларға буржуазиялық демократияның ықпал жасауына қарсы күреске барған сайын неғұрлым көп көңіл бөлуіне тура келеді. Бірақ, көбіне көп саяси сапасы кем бұқараны оятуға бағытталған бұрынғы қызметімізден гөрі, нақ осындай жұмыстың шын социал-демократиялық мазмұны әлдеқайда артық болады.

Халық қозғалысы неғұрлым кеңейе түссе, әр түрлі таптардың шын сыр-сипаты соғұрлым айқындала түседі, *партияның* оқиғалардың соңында сүйретілмей, тапқа басшылық ету, оның ұйымдастырушысы болу міндеті соғұрлым маңыздырақ бола түседі. Барлық жерде бірдей революциялық дербес әрекет ету атаулының бәрі неғұрлым көбірек дамп түссе, әр түрлі даурықпашылдар* сонша сүйсіне қайталап жүрген жалпы дербес әрекет ету туралы рабоче-делолық сөздердің түкке тұрғысыздығы мен мағынасыздығы соғұрлым айқындала түседі, *социал-демократиялық* дербес әрекет етушілік-

* «Вперед» газетінде «әр түрлі даурықпашылдар» деген сөздердің орнына «жаңа искрашылдар» деп басылған. *Ред.*

тің маңызы соғұрлым артып шығады, біздің *революциялық инициативамызға* оқиғалардың қоятын талаптары соғұрлым жоғары бола береді. Қоғамдық қозғалыстың жаңа тасқындары үсті-үстіне неғұрлым кең шалқи түссе, сол толқындар үшін жаңа арналар жасай білетін берік социал-демократиялық ұйымның маңызы соғұрлым арта түседі. Бізден тәуелсіз жүргізіліп жатқан демократиялық насихат пен үгіт бізге неғұрлым көбірек қолайлы қызмет істесе, жұмысшы табының буржуазиялық демократиядан тәуелсіздігін қорғау үшін социал-демократияның ұйымдасқан басшылығы соғұрлым маңыздырақ болады.

Армия үшін соғыс кезеңі қандай болса, социал-демократия үшін революциялық кезең де сондай. Армиямыздың кадрларын көбейтіп отыру керек, оны бейбіт контингенттен соғыс контингентіне көшіру керек, запастағылар мен резервтегілерді мобилизациялау керек, демалыс алғандарды қайта шақырту керек, жаңа қосалқы корпустар, отрядтар, қызметтер құру керек. Соғыста өз қатарыңды даярлығы аз рекруттармен толықтырып отыруға, офицерлерді әрдайым қарапайым солдаттармен алмастырып отыруға, солдаттарды офицерлікке көтеруді шапшаңдатуға және оңайлатуға тура келетіндігі сөзсіз және қажетті іс екендігін ұмытпау керек.

Әсірелемей айтқанда: халықтың жүздеген есе өскен революциялық жігерінің тасқынымен біршама тең басып отыру үшін сан алуан партия ұйымдары мен партияға жақын тұрған ұйымдардың құрамын мықтап кеңейту керек. Бұл, әрине, тыңғылықты әзірлікті және марксизм ақиқаттарына үздіксіз үйретуді көлеңкеде қалдырған жөн деген сөз емес. Олай емес, бірақ мынаны есте ұстау керек: даярлық және үйрету ісінде қазір соғыс қимылдарының өзінің орасан зор маңызы бар, олар дайындығы жоқтарды дәл *біздің* бағытта және бүтіндей біздің бағытта *үйретеді*. Қазір революциялық оқиғалардың барысы барлық жерде бірдей *бұқараға көрнекі сабақ* беруде және бұл сабақтардың бәрінің де нақ біздің догмамызды дәлелдеуі марксизмге біздің «доктринерлік» адалдығымызды қуаттап отырғанын ес-

те ұстау керек. Демек, біз догмадан бас тарту туралы, тиянақсыз интеллигенттер мен революцияшыл қуыс кеуделерге біздің сенімсіздікпен, күдіктене қарауымызды бәсеңсіту туралы айтып отырғанымыз жоқ, қайта мүлдем керісінше. Біз догмаға үйретудің жаңа әдістері туралы айтып отырмыз, ал оларды социал-демократтың ұмытуы кешірімсіз болар еді. Біз, мәселен, террорды бұқараның көтерілісімен іс жүзінде біріктіру қажеттігі, білімді орыс қоғамының либералдығы тасасынан біздің буржуазияның таптық мүдделерін көре білу керектігі жөніндегі өзіміздің ескі «догмалық» сабақтарымызды енді үйірмелерге емес, бұқараға үйрететін болу үшін ұлы революциялық оқиғалардың көрнекі сабақтарымен пайдаланудың қазір қаншалықты маңызды екенін айтып отырмыз (осы мәселе жөнінде «Вперёдтің» 3-номеріндегі социалист-революционерлермен айтысты салыстырыңыз *).

Ендеше, әңгіме біздің социал-демократиялық талап қойғыштығымызды, біздің дәйекті түрдегі келіспеушілігімізді бәсеңсіту туралы емес, қайта екеуін бірдей жаңа жолдармен, үйретудің жаңа әдістерімен нығайту туралы болып отыр. Соғыс кезінде рекруттарды қолма-қол соғыс қимылы үстінде үйрету керек. Үйретудің жаңа тәсілдерін батылырақ қолға алыңыздар, жолдастар! Жасақтарды үсті-үстіне жаңадан батылырақ құрып, оларды ұрысқа жөнелтіп отырыңыздар, жұмысшы жастарды көбірек тартыңыздар, комитеттерден бастап фабрикалық топтарға, цехтық одақтарға, студенттік үйірмелерге дейін барлық партия ұйымдарының дағдылы шеңберлерін кеңейтіңіздер! Бұл істе біздің қандай болса да кешеуілдеуіміз социал-демократия жауларының пайдасына қызмет ететінін естеріңізде болсын, өйткені жаңа қайнар бұлақтар дереу ағар жол іздейді, олар социал-демократиялық арна таба алмаса, социал-демократиялық емес арнаға түседі. Революциялық қозғалыстың әрбір практикалық қадамы жас рекруттарды сөзсіз және қайткенде де нақ социал-демократиялық ғылымға үйрететінін естеріңізде болсын, өйткені бұл ғылым әр түр-

* Қараңыз: осы том, 203—211-беттер. *Ред.*

лі таптардың күштері мен тенденцияларын объективті-дұрыс есепке алуға негізделген, ал революция дегеніміз — ескі қондырманы бұзу және жаңа қондырманы өзінше құруға тырысатын әр түрлі таптардың дербес бой көрсетуі. Тек біздің революциялық ғылымды бір ғана кітаптық догмаға дейін төмендетуші болмаңыздар, тактика-процесс, ұйым-процесс туралы жексұрып сөздермен, ауа жайылушылықты, жігерсіздікті, енжарлықты ақтайтын сөздермен оның оңіп айналдыра көрмеңіздер. Сан алуан түрлі топтар мен үйірмелердің сан алуан әрекеттеріне кеңінен жол беріңіздер, өйткені олардың ұстаған жолының дұрыстығы біздің кеңестерімізден басқа және біздің кеңестеріміздің үстіне революциялық оқиғалардың барысының өзі қоятын қатаң талаптармен қамтамасыз етілетінін есте ұстаңыздар. Саясатты көбінесе жаудан үйренуге тура келетіндігі жөнінде әлдеқашан-ақ айтылған. Ал революциялық кезеңдерде дұшпан дұрыс қорытындыларды мейлінше ғибратты түрде және шапшаң-ақ әрқашан алдымызға еріксіз әкеп тартады.

Сонымен, қорытындылайық: жүздеген есе өсіп отырған қозғалыспен, жұмыстың жаңа қарқынымен, неғұрлым еркін жағдайлармен, әрекет етудің неғұрлым кеңейген өрісімен санасу керек. Бүкіл жұмысқа мүлдем басқаша серпін керек. Үйрету тәсілдерінің негізгі орталығын бейбіт оқыту сабақтарынан соғыс қимылдарына көшіру қажет. Біздің *барлық және кез келген* ұйымдарымыздың қатарына жас күрескерлерді батылырақ, кеңірек, шапшаңырақ тартып отыру керек. Бұл үшін бір минут та кешеуілдетпестен, *жүздеген* жаңа ұйымдар құру қажет. Иә, жүздеген жаңа ұйымдар керек, бұл әсірелеу емес, мұндай кең ұйымдастыру жұмысымен шұғылдануға енді «кеш» деп маған қарсы сөз айтпаңыздар. Жоқ, ұйымдасу еш уақытта кеш болмайды. Сондықтан барлық және кез келген партия ұйымдарын көбейтіп, нығайту үшін бізге заң бойынша беріліп отырған және заңға қарамастан өзіміз күшпен алып отырған бостандықты пайдалануымыз керек. Революцияның барысы мен нәтижесі қандай болса да, қандай бір жағдайлар оны қаншалықты ерте тоқтатса да, оның барлық

нақты табыстары тек пролетариаттың ұйымшылдық дәрежесіне қарай берік әрі сенімді болады.

Партияның екінші съезінде көпшіліктің жақтастары әбден тұжырымдап ұсынбақшы болған: ұйымдасыңдар! деген ұран енді дереу жүзеге асырылуға тиіс. Егер біз жаңа ұйымдарды батыл, ынтамен құра білмесек, онда біз авангардтық роль атқаруға құр босқа ниеттенуден бас тартуымыз керек. Егер біз комитеттердің, топтардың, жиналыстардың, үйірмелердің қазірдің өзінде қол жеткен шектерінде, формаларында және шеңберінде дәрменсіз тоқтап қалатын болсақ, мұнымен біз өзіміздің олақтығымызды ғана дәлелдейміз. Қазір барлық жерде, біздің еркімізден тыс, ешқандай тиянақты программасы және айқын мақсаты жоқ, тек оқиғалардың ықпалымен мыңдаған үйірмелер құрылып жатыр. Социал-демократтар осындай үйірмелердің мүмкін болғанынша көпшілігімен қолма-қол қатынас орнатып, ол қатынастарын нығайтып отыруды өздеріне міндет етіп қоятын болулары керек, оларға көмек көрсетіп, өздерінің білім және тәжірибе қорымен сауаттандырып отырулары тиіс, өздерінің революциялық инициативасымен жігерлендіріп отырулары керек. Осындай үйірмелердің бәрі, көрінеу социал-демократиялық еместерден басқалары, не партияға тура кіретін болсын, *не партияға жанасатын* болсын. Соңғыларынан біздің программаны қабылдауды да, біздермен ұйымдық жағынан міндетті түрде қатынас орнатуды да талап етуге болмайды: мұндай *жанасушы* үйірмелердең социал-демократтардың жігерлі түрде қолдауымен, оқиғалар барысының ықпалымен социал-демократиялық жұмысшы партиясының әуелі демократиялық жәрдемшілері, содан соң табанды мүшелері өсіп шығуы үшін олардың тарапынан бір ғана наразылық сезімі, халықаралық революциялық социал-демократияның ісіне бір ғана тілектестігі жеткілікті болар еді.

Адам әрі көп, әрі жоқ,— көптен бері-ақ социал-демократияның ұйымдық өмірі мен ұйымдық тілектерінің қайшылықтары осы қайшы формуламен шектеліп келді. Ал бұл қайшылық қазір ерекше күшпен көрініп отыр: жаңа күштерді бар ынтамен шақыруды, ұйымдар-

да адам жоқ деген шағымдарды тұс-тұстан бірдей жиі естисің, сонымен қабат қызмет көрсетуге барлық жерде бірдей қисапсыз көп ұсыныстар жасалып, жас күштердің өскендігі, әсіресе оның жұмысшы табы арасында көп өсіп келе жатқандығы байқалады. Осындай жағдайда адам жоқ деп шағынатын ұйымдастырушы-практик ұлы француз революциясының ең шарықтаған кезінде 1793 ж.: Францияда адам жоқ, айналадағының бәрі ергежейлілер деп жазған Ролан ханымның басында болған бос қиялға ұшырайды. Кімде-кім осылай десе, ол ағаш тасасынан орманды көрмеген болады, ол оқиғаларға алданып қалған болады, ол революционер бола отырып, өзінің санасымен де және өзінің қызметімен де оқиғаларды меңгере алмаған, қайта оқиғалар оны меңгеріп алған болады, оқиғалар оны билеп-төстеп, жаныштап алған болады. Мұндай ұйымдастырушының *істен босанып шыққаны жөн,* дағдылы және жаттанды кертартпалықтан тез арылатын жігерлі жас күштерге орын босатқаны мақұл.

Адам бар, революциялық Россияда адам нақ қазіргідей бұрын-соңды көп болып көрген емес. Қазіргі орыс пролетариатындағыдай,— уақытша одақтастар, саналы достар, еріксіз жәрдемшілер жағынан,— соншалықты қолайлы жағдай революцияшыл тапта еш уақытта болып көрген емес. Адам көп, тек хвостистік ой-пікірлер мен уағыздарды сыртқа лақтырып тастау керек, тек бастама мен инициативаға, «жоспарлар» мен «әрекеттерге» кеңшілік беру керек, міне, сонда біз ұлы революцияшыл таптың лайықты өкілдері болып шыға аламыз, сонда Россия пролетариаты *бүкіл ұлы орыс революциясын* қандай ерлікпен бастаған болса, ол оны сондай ерлікпен жүзеге де асыра алады.

«Вперед» № 9, 8 март (23 февраль), 1905 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

ОСВОБОЖДЕНИЕШІЛДЕР МЕН ЖАҢА ИСКРАШЫЛДАР, МОНАРХИСТЕР МЕН ЖИРОНДИСТЕР

«Освобождениенің» 66-номерінде Мартыновтың «Екі диктатура» деген кітапшасына («Искра» редакциясы мақұлдаған және ұсынған, 84-номерін қараңыз) рецензия басылды. Күткендегідей-ақ, либерал буржуа социал-демократиядағы оппортунистік қанатқа өзінің тілектес екенін жасырмайды. *«Акимов мырзаның еңбегімен қатар»* Мартыновтың кітапшасы «Освобождение» үшін *«бүкіл ең жаңа социал-демократиялық әдебиеттің ішіндегі өте қызықты шығармалардың бірі»* болып табылады. Революцияшыл тапты уақытша үкіметке қатысу және *демократиялық* төңкерістегі («якобиншілдіктен» шошынған Мартынов бұл төңкерісті социалистік революциямен шатастырады!) «революциялық диктатура» жөніндегі қатерлі перспективамен үрейлендіріп отырған хвостизмнің уағызына либерал басқаша тұрғыдан қарай алатын ба еді? «Освобождениенің» «Маңызды бет бұрыс» деген мақаласында ревизионистерге икемділік жасау туралы плехановтық идеяны құттықтағаны кездейсоқтық бола ма? «Освобождениенің» (№ 57) «шын мәнінде большевистерге қарағанда меньшевистер қазір неғұрлым өміршеңдік пен іске қабілеттілікті қорғап жүр» деп мәлімдеуін немен түсіндіруге болады? Мұны «орыс либерализмінің идеялық өміршеңдігіне бірден-бір үміт социал-демократиялық оппортунизмнің өміршеңдігінде екенімен» («Жарамсақ либерал» деген біздің басы-

лымды қараңыз) * түсіндіреміз бе? *«Искраның»* (қараңыз: № 72) *редакциялауымен* шыққан Троцкийдің «Біздің саяси міндеттеріміз» деген кітапшасы «социал-демократиялық әдебиетпен шұғылданушыларға Акимов, Мартынов, Кричевский мырзалардың және басқа да экономист деп аталатындардың жазғандарынан бұрыннан таныс кейбір идеяларды өте әділеттілікпен қорғайды» («Освобождениенің» 57-номері) деп дәлелдеген Струве мырза дұрыс айта ма, әлде бұрыс айта ма? Егер Мартынов және К° бұл сұрақтар жөнінде ойластырған болса, онда ол, бәлкім, бір жағынан, якобиншілдер мен жирондистер арасындағы, екінші жағынан, революцияшыл социал-демократтар мен оппортунистер арасындағы қарым-қатынастардың ұқсастығы туралы бас қататын (ой, қандай бас қатыратын!) ескі искралық идеяларды аңғарған болар еді. (Біз қателеспесек, бұл идея бірінші рет «Искраның» 2-номерінің Плеханов жазған бас мақаласында ұсынылды.) Жирондистер ұлы француз революциясының ісіне опасыздық жасаушылар болды ма? Жоқ, болған жоқ. Бірақ олар бұл істің дәйексіз, тартыншақ, оппортунист қорғаушылары болды. *Сондықтан да* якобиншілдер оларға қарсы күресті, қазір революцияшыл социал-демократтар 20-ғасырдың алдыңғы қатарлы табының мүдделерін қандай дәйектілікпен қорғап отырса, олар 18-ғасырдың алдыңғы қатарлы табының мүдделерін сондай дәйектілікпен қорғады. Сондықтан да ұлы революция ісіне тура опасыздық жасағандар, монархистер, конституционалист-поптар және т. б. жирондистерді қолдап, оларды якобиншілдердің шабуылынан ақтап келді. Аса құрметті жирондист Мартынов, енді сіз бірдеме түсіне бастаған жоқсыз ба? Әлі де түсінген жоқсыз ба? Ендеше, сізге тағы түсіндірейік: жаңа искрашылдар пролетариат ісіне опасыздық жасаушылар болып табыла ма? Жоқ, табылмайды. Бірақ олар бұл істің (және бұл іске жөн сілтейтін ұйым мен тактика принциптерінің) дәйексіз, тартыншақ, оппортунист қорғаушылары болып табылады. Сондықтан да революцияшыл социал-демократтар олардың позицияларына қарсы күреседі (біреулері тікелей және ашық,

* Қараңыз: осы том, 75—78-беттер. *Ред.*

енді біреулері жасырып, редакция кабинеттерінің есігін жауып алып, айла-шарғылар арқылы күреседі). Сондықтан да пролетариат ісіне *тікелей опасыздық жасаушылар,* освобождениешілдер, жаңа искрашылдарды идеялық жағынан қолдап, ақтап отыр. Аса құрметті жирондист Мартынов, сіз енді бірдеме түсіне бастаған жоқсыз ба?

«Вперед» № 9, 8 март (23 февраль), 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ШЕКСІЗ СЫЛТАУЛАР

«Искра» мен Совет деп аталатын өздерінің съезді шақыруға бөгет жасау, сылтау айту, бұлтару тактикасын әлі жүргізіп келеді. Съезді Совет шақырады, сондықтан Советтен басқалар шақырған съездің қандайы да заңсыз болады дегенді ең жақсы іске қолдануға тұрарлық қайсарлықпен қайталап, Плеханов ресми көзқарас тұрғысында болуға тырысады. Бұл пайымдаудың бір жақты және аңқау-арамзалық ниетте екені соншалық, тіпті «қоянға аю құлағының бір жапырағын кесіп берер ме еді» дегендей — Плехановқа партия уставы мен партия заңын мүлтіксіз сақтағаны үшін медаль бергің келеді! Диалектикалық, яғни жан-жақты қараудың қадірмен жақтаушысынан біз асқан ізеттілікпен былай деп сұраған болар едік: Совет партия үшін бе, әлде партия Совет үшін бе? Совет партияға есеп беріп отыруға тиіс пе және партияның бақылауына жата ма, әлде партия Советке есеп беріп отыра ма? Төменгі коллегия жөніндегі тәртіп жоғары коллегия жөніндегі тәртіппен бұзылмай ма?? Заңдылықты мүлтіксіз қорғаушымыз бұл жөнінде партияның екінші съезіндегі өзінің пайымдауларын есіне түсірмес пе екен?

Біздің устав бойынша, дауыстың тең жартысы съезді жақтап берілген күнде Совет съезді шақыруға міндетті. Егер Совет өзінің міндетін орындаудан жалтара-

тын болса, партия не істеу керек? Неміс социал-демократиялық партиясының уставында бұл сұраққа тура жауап беріледі, атап айтқанда: онда съезді партияның жоғары басқармасы шақырмайды, басқармадан тәуелсіз, айрықша бақылау комиссиясы шақырады. Біздің уставта бұл сұраққа ешқандай жауап берілмеген. Жаңа «Искрадағы» достарымыздан біз былай деп сұраймыз: сонда бұл шешілмейтін мәселе болғаны ма? сонда бұл Совет өзінің партиялық міндеттерін орындаудан жалтарған жағдайда, партия таратылып, ол Советпен ауыстырылуға тиіс болғаны ма? Партия Совет үшін болғаны ғой, солай ма?

Жоқ, олай емес, партия өзінің қызмет адамдарының уставты орындауын өзі қадағалап отыруға *міндетті,* ал «қадағалау» дегеніміз тек сөзбен ғана бетке басу емес, іспен түзетіп отыру болып табылады деп ойлауға біздің батылымыз барады. Кімде-кім өздерінің сеніп қойған адамдарынан сол сенгендер алдындағы өз міндеттерін орындауды талап ете білмесе және *орындата* алмаса, ол саяси тұрғыдан азат азамат деген атаққа лайықты емес. Кімде-кім өздерінің сеніп қойған адамдарынан сол сенгендер алдындағы олардың партиялық міндеттерін орындауды талап ете білмесе және *орындата* алмаса, ол партия мүшесі деген атаққа лайықты емес. Совет комитеттердің сеніп қойған органы. Комитеттер осы сеніп қойған органына сенгендер алдындағы өз міндеттерін орындатып отыруға *міндетті.* Комитеттер мұны съезд шақыру үшін өздерінің бюросын сайлап алмайынша, басқаша *істей алмайды.* Комитеттер осылай істеді де. Егер олар өздерінің ең қарапайым партиялық міндеттерін мойындайтын болса, олар осылай істеуге *міндетті* еді.

Құрметті Плеханов жолдас бұл айтылғанның дұрыстығын бекерге шығаруға тырысып көрмес пе екен? Партия мекемесі съезд шақырудан жалтарған жағдайда мүшелері *нақ* біздің комитеттеріміздің істегеніндей істемеген дүние жүзінде кез *келген бір* социал-демократиялық партияны ол атап көрсетпес пе екен? Плеханов жолдасты айтысқа шақырамыз: байқап көріңіз!

Енді екінші, факт жүзіндегі, мәселеге көшейік: біздің Совет съезд шақыру жөніндегі өзінің партиялық борышын орындаудан шынында да жалтарды ма? Бұл тек ресми мәселе емес, өйткені устав бойынша атқарылуға тиісті борыштан басқа... борыш бар *.

1905 ж. 24 февральдан (9 марттан) кешірек жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* Қолжазба осы арадан үзіледі. *Ред.*

РСДРП III СЪЕЗІНІҢ ЖҰМЫСЫ МЕН ШЕШІМДЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖОСПАРЫ

1905 ж. февральда жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

1

СЪЕЗДІҢ КҮН ТӘРТІБІНІҢ ЖОБАСЫ

Регламент.
Мандаттарды тексеру.
Біржолата заңдастыру (кеңесші дауыспен шақыру).
2. 1. Партиядағы дағдарыс.
4. 3. 2. Ұйымдық мәселе.
3. Делегаттардың есебі.
3. 4. Көтеріліске көзқарас.
5. Көтеріліс үшін жауынгерлік келісім.
6. Либералдарға көзқарас.
7. Шаруалар арасындағы жұмыс.
8. Әскер арасындағы жұмыс.
9. Насихат және үгіт жұмыстарын жақсарту.
10. Қызмет адамдары мен мекемелерді сайлау.

2

ҚАРАРЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

Қарарлар:

1. Азшылықтың іріткі салушылық әрекеті туралы қарар.
2. Плехановтың «ымырашылдық» * позициясы туралы қарар.
3. Жаңа искрашылдардың принципті позициясы туралы қарар.
4. Жұмысшылар мен интеллигенттердің ұйымдардағы қатынасы туралы қарар.
5. Көтеріліс туралы ашық қарар.
6. » » жасырын қарар.
7. Көтеріліс үшін жауынгерлік келісім туралы ашық қарар.
8. » » » » жасырын қарар.
9. Старовердің қарарын күшінен айыру туралы қарар.
10. Жаңа «Искраның» земстволық жоспары туралы қарар.
11. «Шаруалар арасындағы жұмыс» туралы қарар.
12. Шаруалар қозғалысын қолдау туралы қарар.
13. Әскер арасындағы жұмыс туралы қарар.
14. Насихат және үгіт жұмысы туралы қарар.

---

* «Ымырашылдық» деген сөз «позициясы» деген сөздің үстіне жазылған. *Ред.*

3

СЪЕЗД ШЕШІМДЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖОСПАРЫ

Қарарлар:

1. a) Азшылықтың нақты объектісі: орталықтардың құрамы.
   b) Съезд қаулыларының орындалмауы.
   c) Лигаға дейін жікке бөліну: жасырын ұйымның құрылуы.
   d) Бұл әрекеттің және одан туатын барлық іріткі салушылықтың арамдығы.
   e) Іріткі салушылықты ұйым-процесс, ұйым-тенденция туралы теориялармен, бюрократизм, формализм etc. туралы екіжүзділік айқай-шумен ақтаудың масқарашылдығы.
   f) Олардың іріткі салушылық әрекеттерінен Россиядағы тиімді жұмысқа тиген орасан зор зиян.
   g) Іріткі салушылардан біржола ажырасу қажеттілігі.
   h) Жікке бөлінудің себептері мен тарихын қысқаша баяндайтын кітапша шығаруды орталықтарға тапсыру және халықаралық социал-демократияға хабарлау.
2. a) Ымырашылдық деп аталатын ағым жөнінде пікір алысудың қажеттілігі.
   b) Оның бірден-бір адал, екіжүзділікке ұрынбаған өкілі *«Искраның»* 52-номерін жазған кездегі Плеханов болды.
   c) Съезд партияның және Лиганың II съезінде Плехановтың позициясы дұрыс болды және коопта-

циялау кезінде татулық болуын шын ниетпен тіледі деп таниды.

d) Өкінішке қарай, Плеханов ревизионистер мен дарашыл анархистер жөніндегі өзінің икемге келу позициясында қала алмады. Оның тарапынан істеліп жатқан *принципті* ақталудың барлық әрекеттері көрінеу дұрыс емес, бұл тек ойға іріткі салады және партияның ішкі қатынастарында айлакерлік тудыра алады.

e) Қазір ымырашылдар деп аталатындар шын мәнінде екіжүзді меньшевиктер. Плехановтың программасынан басқа ымыраға келудің ешқандай *дербес* программасы жоқ, ал оны Плехановтың өзі де қазір теріске шығарып отыр (ревизионистер мен анархияшыл дарашылдарға жеке икемділік жасау, бірақ олармен принциптік *таластар).*

3. a) Съезд біздің позициямыздың жаңа искрашылдардың позициясынан принципті жағынан өзгеше екендігін мойындайды.

b) II съезде-ақ жаңа искрашылдар әуелі бүтіндей оппортунистік қанатқа қарсы күрес ашып, соңында көріне (өздерінің еркі мен санасының ырқынан тыс бола тұрса да) оған қарай бет бұрып, принциптілік жағынан толық тұрлаусыздық көрсетті.

c) II съезден кейін оппортунистік сипат бұрынғыдан да айқындала түсті: ұйым жөнінде де — үздіксіз істелетін кішкентай опасыздықты ақтаушылық. Пролетариаттың тап күресінің ұйым сияқты құралын мұқалту. Іріткі салушылық пен интеллигенттік анархизмді ақтап, дәріптеуге дейін барып, марксизмді бұрмалаушылық.

d) «Искра» өз саясатының жалпы бағыты жөніндегі мәселелерде «жаңа «Искра» мен ескі «Исканың»» арасында тұңғиық жатқанын» өзі мойындауы керек еді. Хвостизмге қарай бет бұрыс.

e) Тактикада бұл либералдар жөніндегі көзқарастан көрінді. Земство науқаны.

f) » » көтеріліс » » » Кері сүйреп, шатастыруға әрекеттену.

g) » » қарулану » » »

h) » » «жұмысшының дербес әрекет ету қабілеттілігі» деген ұранмен санасы жетілмеген жұмысшыларды аздырудан etc. корінді.

i) Тұтас алғанда, жаңа искрашылдар = партияның оппортунистік қанаты.

Принцип жағынан ала-құла элементтер солардың лагерінде.

ұйым-процесс партия және тап либералдар және земство науқаны көтеріліс қарулану революциялық диктатура	Принцип жөніпен тұрақсыздық (II съезд). Оппортунистік «Рабочее Дело»-ға бет бұрыс (тұңғиық). Оларды партияны төңіректеп жүрген интеллигенцияның және Струве à la ашық оппортунистердің мақұлдауы. Ескі «Искраның» бағыты жолында күресу қажеттігі.

4. a) Интеллигенттік партия туралы айқай-шудың жалғандық сипаты. Либералдардың пайдаланғаны. Жаңа искрашылдардың өздері бас тартты.

b) Жұмысшылар арасындағы уағыздың демагогтық сипаты. «Сайлау негізі», оның *еркін* саяси жағдайлар тұсында қажеттілігі, Россияда оның *кең* көлемде мүмкін еместігі.

c) Хвостизмді бүркемелейтін «жұмысшының дербес әрекет ету қабілеттілігі» туралы бос сөздер,— ұйымдық жағынан *мүмкін емес* нәрсеге уәде береді; арзан құралдармен «бюрократизмге», «формализмге» etc. қарсы наразылық туғызады, бірақ

ол еш нәтиже бермейді; жұмысшылардың *революциялық* дербес әрекет ету қабілеттілігін байқамайды, төменгі, артқы жақтан айналсоқтап шықпай қояды.

d) Жұмысшыларды сақтандыру керек. Саналы жұмысшылар *рабоче-делошылдардың* осыған ұқсас тәсілдерін білуге және есте ұстауға тиіс, ескі «Искраның» позициясын — жұмысшылар бұқарасының саналы социал-демократ жұмысшыларды, жұмысшы-революционерлерді, біздің Бебельдерді шығаруының маңыздылығын, әрбір ауданды, әрбір заводты etc. *ұйымдастырудың* маңыздылығын білуге және есте ұстауға тиіс.

e) Пролетариаттың *социал-демократиялық* таптық партиясының болуына кепілдік алдыңғы қатарлы жұмысшылардың толық саналылығында ғана, социал-демократтардың, интеллигенттердің және жұмысшылардың арасындағы өзгешеліктің толық жойылуында ғана жатыр.

5* a) Көтеріліске дереу әзірленудің қажеттігі.

b) Ұйым құрудың және жауынгерлік сипаттағы ұйымдар құрудың »

+7. c) Жаппы ұйымдарды көбейтудің »: революцияны ұйымдастыру.

d) Террор іс жүзінде бұқара қозғалысымен қосылатын болуы керек.

e) Көтерілістің мақсаты: революциялық уақытша үкімет, халықты қаруландыру, құрылтай жиналысы, революциялық шаруалар комитеттері.

f) Социал-демократияның өкіметті пайдаланғандағы міндеті: бүкіл демократиялық программаны толық жүзеге асыру, дербес ұйым мен жұмысшы табының ұйымы, пролетариат пен деревня кедейлерінің революциялық дербес әрекет ету қабілеттілігін дамытуға ұмтылу, таптық программа мен таптық көзқарасты үздіксіз қорғау және революциялық демократияның жалған үміттеріне сын көзбен қарау.

---

* 6 және 8 пункттер қалдырылып кеткен. Олар туралы осы томның 342-бетін қараңыз. *Ред.*

g) Осы (жоғарыда айтылған) шарттар көтеріліс жасау үшін социал-демократияның революциялық демократиямен жауынгерлік келісімін де белгілейді.

шеме-се 7: h) Революциялық демократия дегеніміз—социал демократияның *барлық* демократиялық программасын қабылдайтын, ешқандай революциялық шаралардан тайынбайтын, бірақ айқын социал-демократиялық таптық саналылығы жоқ дәйекті және батыл демократиялық ағымдар.

9. a) Староверді̇ң қарары принцип жағынан дұрыс емес: істің салмағы мәлімдемелерде емес, күресте, күрестің бірлігінде.

b) Либералдар мен либералдық демократияның мәлімдемелеріне және ұрандарына сенуге болмайды (Струве).

c) Оны демократиялық интеллигенция мағынасында бет алды және теріс түсіндіру. *Күшпен* келісім жасау керек, ал интеллигенция күш емес. Староверді̇ң шатыстыруы.

d) Кезекте тұрған келісім мәлімдемелер шартымен емес, көтеріліске *қатысу* шартымен, либералдық демократиямен емес, *революциялық* демократиямен жасалады.

10. a) Земствошылармен келісім тіпті Староверді̇ң қарарының шарттарын да бұзады.

b) Либералдарды қорқытпау туралы әңгіменің орынсыздығы және мезгілсіздігі. Мұны анархизм қаупімен ақтаудың мүмкін еместігі.

c) «Демонстрациялардың жоғары типі» туралы ұрандардың реакциялық мәні.

d) Импрессионизм — жаңа «Искраның» оппортунизмі.

e) «Таптық дербес әрекет ету қабілеттілігі» және таптық жоспарлы даму туралы сөздердің орынсыз қолданылуы.

f) Партияның жас мүшелері ғибрат алу үшін олардың бірінші хаты жариялансын.

11. a) Қазіргі уақытта өте маңызды:
b) демократиялық жақтарды баса көрсету, || NB: шаруа буржуазиясымен бірге помещиктерге қарсы, село пролетариатымен бірге буржуазияға қарсы.
c) *социалистік (бүкіл* социалистік) программаны бірде-бір минут естен шығармау.
d) жалпы пролетариаттың және әсіресе *социалистік пролетариаттың* көзқарасында мызғымай тұру.

12. e) Ұсақ буржуазиялық социализмнің жалған үмітіне әрекет етумен де, әрекетсіздікпен де әсте дем бермей, шаруа буржуазиясының реакцияшыл элементтерінің монархиялық және цезарьлық жалдаптықпен ықпал етуге қарсы барлық күшпен күресе отырып, село пролетариатының да, шаруа буржуазиясының да помещиктерге қарсы *революциялық* қозғалысын помещиктік жерлерді біржола экспроприациялауға дейін қолдап отыру.

13. a) Солдаттар арасындағы жұмыстың зор маңызы:
b) Листоктар.
c) Әскери ұйым, оның элементтері? Айрықша әскери ұйымның je nachdem * пайдалы болуы мүмкін.
d) **.

14. a) *Программаны* негізге алу керек...
b) Жүріп-тұрушы топтар.
c) Лекциялар және үгітшілік сөздер.

* *
*

Жаңа искрашылдарға қарсы принципті қарарда мыналарды атап көрсету маңызды:

(a) Саналы пролетариаттың берік ұйымдасуы мен оның авангарды — социал-демократиялық жұмысшы партиясы идеясын бекерге шығару немесе төмендету жү-

---

* — жағдайға қарай. *Ред.*

** d пункті жазылмаған. Бүкіл 13-параграфтың тұсына сұрақ белгісі қойылған. *Ред.*

мысшы қозғалысын буржуазиялық демократияның құйыршығына айналдыруға апарып соғады.

(б) Пролетариаттың стихиялық қозғалысына саналы социал-демократиялық ықпал жасаудың ролін демагогтықпен төмендету және марксизмді социал-демократияның революциялық инициативасы мен алдыңғы қатарлы міндеттерін кері тартатын мағынада теориялық тұрғыдан бұрмалау да осыған апарып саяды.

Революцияға техникалық және саяси басшылық етуді бір-бірінен ажырату және қарама-қарсы қою да осыған саяды және —

және — *

---

* Қолжазба осы арадан үзіледі. *Ред.*

4

СЪЕЗД ҚАРАРЛАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ

1. МЕНЬШЕВИКТЕРДІҢ НЕМЕСЕ ЖАҢА ИСКРАШЫЛДАРДЫҢ ІРІТКІ САЛУШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ҚАРАР

Съезд меньшевиктердің немесе жаңа искрашылдардың партияның екінші съезінен кейінгі әрекеті жөнінде даусыз дәлелденген фактілердің дәл анықтығын көрсетуді қажет деп санайды. Бұл съездің қарарлары мен сайлауының заңдылығына тіпті таласуға да әрекет жасамай-ақ олар именбестен съездің шешімдерін тоқтатып тастап отырды. Съезден кейін іле-шала олар съезд құрған орталық мекемелерге бойкот жасады және партияның ішінде одан жасырын айрықша ұйым құрды. Бұл ұйым Орталық Органның редакциясына және партияның Орталық Комитетіне съезд қабылдамай тастаған алты кандидатты күштеп енгізу мақсатын көздеді. Партияның еркі мен мүдделеріне қайшы келетін осы мақсатына жету жолындағы күресте меньшевиктер барлық жерде бірдей астыртын жік тудырып, социал-демократтар арасындағы жолдастық қарым-қатынасты аздырды, партияның Орталық Органын өтірік-өсек пен ұрыс-керіс органына айналдырып, орталық мекемелерді сайлаған және олардан есеп талап еткен партия комитеттеріне қарсы дөрекі және әдепсіздік қылықтар істеді, партия Советін үйірмешілдік кек алу құралына дейінгі дәрежеге түсіріп, үшінші съезді талап еткен партияның үнін тура өтірікке айналдырудан да тайынбады, сөйтіп барлық жерде бірдей партияның тиімді жұмысына ірітки салды.

Съезд бұл ірітки салушылық әрекетті үзілді-кесілді айыптайды, ірітки салушылықты ақтап келген және ре-

волюциялық марксизм теориясын болып көрмеген дәрежеге дейін төмендеткен атышулы ұйым-процесс теориясынан барлық саналы социал-демократтарды сақтандырады.

Съезд партия көпшілігінің жақтастары іріткі салушыларға қарсы қарарлар әзірлеп және III съезді талап етіп, партияға мүше серіктеріне қарсы адал жолдастық күрестің барлық құралдарын сарқып болды деп табады. Қазір, партия құрған орталықтар партия алдындағы жауаптылықтан біржолата жалтарған кезде, съезд олар өздерін партиядан тысқары қалдырды деп тануға мәжбүр болып отыр. Съезд партиялықты жақтаушыларға іріткі салушылардан бөлек және олардан дербес жұмыс істеуден басқа жол қалған жоқ екенін атап көрсетеді. Сондықтан съезд азшылықтың жақтастарын немесе жаңа искрашылдарды партиямыздың бірде-бір ұйымына қабылдауға болмайды деп қаулы етеді.

Съезд бүкіл россиялық және халықаралық социал-демократияны хабардар ету үшін осы қарарды түсіндіретін шағын кітапша бастырып шығаруды партияның Орталық Комитетіне тапсырады.

2. ПЛЕХАНОВТЫҢ ПАРТИЯДАҒЫ ДАҒДАРЫС КЕЗІНДЕГІ ӘРЕКЕТІ ТУРАЛЫ ҚАРАР

Съезд партияның екінші съезінде және шетелдік Лиганың съезінде программалық, тактикалық және ұйымдық мәселелер жөнінде Плехановтың ұстаған позициясын дұрыс деп табады. Съезд Лига съезінен кейін Плеханов партияда татулық орнату және меньшевиктер тарапынан жасалынып қалған жікке бөлінушілікті жою мүддесін көздеп, бүкіл партия алдында ревизионистер және анархияшыл дарашылдар деп өзі дұрыс сипаттаған адамдарға икемділік жасау («Искра» № 52, 1903 жылғы 7 ноябрь) саясатын ұсынды деп санайды. Плехановтың осы позицияда қала алмағанына, оның арсыздық амалдардың бәрін қолданып және партияның еркіне қарама-қарсы меньшевиктердің барлық талаптарын қанағаттандыруға күш салғанына, оның меньшевиктерді ақтау мақсатын көздеп, өзі теріс деп тапқан олардың

принциптік позициясын қорғауға және партия көпшілігімен қайдағы жоқ алауыздықтарды ойлап шығаруға дейін құлдырағанына съезд қатты өкініш білдіреді.

Съезд партияға мүше серіктері жөніндегі бұл айлакерлік саясатты батыл айыптайды, өйткені мұндай саясат жеке адамдар жөнінде қандай адамгершілік ізгі ниеттерден туғанның өзінде, партияға берекесіздік туғызатын ықпал жасамай тұрмайды.

3. ЖАҢА ИСКРАШЫЛДАРДЫҢ ПРИНЦИПТІК ПОЗИЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАР

Съезд революциялық социал-демократиядан оппортунизмге қарай ауытқыған меньшевиктердің немесе жаңа искрашылдардың принциптік позициясына қарсы күресуді сөзсіз қажет деп санайды. Мұның өзі партияның екінші съезінде-ақ жеке пайымдаулардан да, сондай-ақ ескі «Искраға» қарсы болған азшылықтың бүкіл құрамынан да және принциптік жағынан неғұрлым тұрақсыз сарындардан да байқалды. Екінші съезден кейін меньшевиктердің рабоче-делолық оппортунизмге қарай бет бұрысының айқын болғандығы соншалық, тіпті олардың өздері ескі «Искра» мен жаңа «Искраның» арасында тұңғиық жатқандығын мойындады. Шынында да, жаңа «Искра» бірсыпыра мәселелер жөнінде сөзсіз теріс және пролетариаттың таптық сана-сезімін күңгірттендіретін ұрандар мен теориялар ұсынды. Бұған марксизмді іріткі салушылық пен интеллигенттік анархизмді ақтауға дейін құлдырататын ұйым-процесс теориясы жатады. Бұған таптың алдыңғы қатарлы отряды, басшысы және ұйымдастырушысы болып табылатын партияның міндеттерін төмендететін партияның тапқа көзқарасы жөніндегі теріс пікірлерге қайта оралушылық жатады. Либералдарға көзқарас туралы және земство науқанының жоспарлары туралы мәселе жөнінде,— көтерілісті әзірлеу, оны белгілеу және өткізу жайындағы ой-пікірдің атышулы бос қиялдығы туралы,— бұқараны қаруландыру, революция кезінде оған техникалық және ұйымдық жағынан басшылық ету міндеттері туралы,— самодержавиені құлату дәуірінде про-

летариат пен ұсақ буржуазияның революциялық демократиялық диктатурасының мүмкін еместігі және керексіздігі туралы және т. б. мәселе жөнінде жаңа «Искраның» ескі «Искраға» қарсы алға тартқан таластары да сондай теріс және реакцияшыл еді. Бұл көзқарастардың бәрі Россияның қазір басынан кешіріп жатқан революциялық кезеңінде революцияшыл пролетариат партиясы үшін зиянды және қатерлі бола отырып, теориялық жағынан ғана емес, тура практикалық жағынан да партияны кері тартады. Сондықтан съезд партияның барлық мүшелеріне өздерінің насихаты мен үгітінде мұндай көзқарастардың терістігін түсіндіріп отыруды тапсырады.

4. СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАС ТУРАЛЫ ҚАРАР

Съезд социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттер арасында жаңа искрашылдар жүргізіп отырған сенімсіздік және өшпенділік тудыру саясатын батыл айыптайды. Съезд бұдан біршене жыл бұрын партияның рабоче-делошыл қанаты жүргізген күрестің осындай тәсілдерін саналы жұмысшылар басынан кешіргендігін және ол тәсілдерді қабылдамай тастағанын олардың есіне салады. Жұмысшылардың дербес әрекет ету қабілеттілігі туралы және сайлау негізі туралы жаңа искрашылдардың босқа айтып жүрген жел сөздері біздің ұйымдарымызда жұмыстың іс жүзінде ешқандай жақсаруына жеткізіп отырған жоқ, тек орындалмайтын нәрсені демагогтықпен уәде етеді. Еркін саяси жағдайлар болған кезде біздің партиямыз бүтіндей сайлау негізі принципінде құрыла алады және құрылатын болады. Самодержавие тұсында мұның өзі партияға кіріп отырған мыңдаған жұмысшылардың күллі бұқарасы үшін жүзеге асырылмайтын нәрсе.

Съезд социал-демократиялық жұмысшы партиясының саналы жақтастарының міндетін тағы да еске салады: ол — пролетарлар мен жартылай пролетарлардың неғұрлым қалың топтарын толық социал-демократиялық

саналылық дәрежесіне дейін үздіксіз көтере отырып, олардың революциялық және социал-демократиялық дербес әрекет ету қабілеттілігін дамыта отырып, қозғалысқа және партияның барлық ұйымдарына толығынан басшылық ете алатын жұмысшыларды жұмысшы бұқарасының өз ішінен мүмкіндігінше көп шығаруына қамқорлық істей отырып, бұл партияның жұмысшы табы бұқарасымен байланысын барлық күш-жігерімен нығайту болып табылады.

Съезд партияның атынан революцияшыл социал-демократтардың беретін кеңестерін қайталап айтады: біздің партияға кіретін жұмысшы ұйымдарын мүмкіндігінше көбірек құру керек, партияға кіргісі келмейтін немесе кіруіне мүмкіндігі жоқ жұмысшы ұйымдарының ең болмағанда партияға жақын жанасуына жетісу керек; саналы социал-демократ жұмысшылардың партия комитеттеріне мүше болып мүмкіндігінше көбірек енуіне жету керек.

УСТАВТЫҢ ОРТАЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ПУНКТІН ӨЗГЕРТУ

Россияда жұмыс істеуші жолдастардың едәуір бөлігі, соның ішінде Көпшілік Комитеттерінің Бюросы *Россияда бір* орталық болуын жақтап отыр.

Мұндай реформа нені білдіруге тиіс? Бір орталықта Россияда жұмыс істейтін жолдастар басым болуы керек,— бұл жоғарыда айтылған тенденциядан сөзсіз келіп шығады. Оның жүзеге асырылуы орталықтың құрамын сайлайтын съездің еркіне бүтіндей байланысты. Демек, бұл арада дауласатын да ештеме жоқ, сөз қылатын да ештеме жоқ.

Бірақ бұдан соң Орталық Органның Орталық Комитетке қатынасы қандай болады? Орталық Орган, деседі бізге, Орталық Комитет тағайындайтын комиссия болып табылады. Орталық Орган редакциясының бір (немесе екі) мүшесі (деседі тағы сол жолдастар) оның бір бөлігі және *азшылық* бөлігі болып Орталық Комитетке кіре алады. Сонда Орталық Комитеттің бұл шетелдік бөлігінің Орталық Комитет істеріне қатысы немен білінбекші? — деген сұрақ туады. «Хат-хабар жазысу арқылы» Орталық Комитеттің істеріне нақты *қатысу* деу көрінеу бос қиял, бұл жайында, тек мазақ үшін айтуға болады. Шетелде көп еңбек сіңіріп, қисапсыз әбігерленіп, соңына түсіп, ұрсысып жүріп және жаманатты болып барып нашар ғана *post factum* хабарға әрең қол жетеді, ал шетелден «істерді шешуге қатысу» туралы тек «маңғаздану үшін» немесе екіжүзділік үшін айтуға болады.

Сонымен, екінің бірі: не Орталық Комитеттің шетелдегі мүшелері (respective * шетелдегі мүшесі) шетелде

* — немесе, тиісінше. *Ред.*

бүкіл Орталық Комитеттің мезгіл-мезгіл жиналыстарын өткізіп тұруды *партияның уставы бойынша* келісіп алады (өйткені басқа «шарттар» жарамсыз). *Егер* осылай болса, бұл жоғарғы орталық *іс жүзінде* қазіргі партия Советіне толық дәлме-дәл келеді, яғни жылына 3—4—5 рет жиналатын және бүкіл жұмысқа тек *жалпы бағыт* беріп отыратын мекемеге айналады. *Не болмаса* Орталық Комитет Россияда жиналады да, барлық істерді *сонда,* шетелдегі мүшенің *қатысуынсыз* шешіп отырады; онда шетелдегі мүше Орталық Комитеттің мүшесі болып жай ғана, *көрінеу жалған* саналады. *Іс жүзінде* ол ортақ істерді шешуге қатыса *алмайды.* Мұндай жағдайда Орталық Комитеттің «шетелдегі мүшелері» деген осындай «қызмет орнына» (немесе осы синекураға?) адам табыла қоюына күмәндануға толық право бар!

Басқаша (және ең ақырғы мүмкін деген) болжам мынадай. Бір орталық ретіндегі Орталық Комитеттің *бүкіл* құрамы Россияда жұмыс істейтін жолдастардан тұрады. Тек осындай орталық қана *нақты* бірыңғай орыс орталығы болады. Шетелге ол өзінің агентурасын тағайындайды. Алайда, *іс жүзінде* бұл агентура дербес орталық болып өмір сүреді: шынында да, Орталық Органның редакциясын алып қараңыздаршы. Әрине, бұл арада тек *ұзақ және ұзақ жолмен* ғана құрылатын, қалыптасатын, әуендесетін *тұтас бір коллегия* керек (Россия II съезден кейін *жаңа* Орталық Орган құру үшін *бір жарым жыл* күш жұмсады, ал мұның өзі ауыр *жалпы партиялық* дағдарысқа бүкіл Россияның өте-мөте назар аударып отырған кезде осылай болды!). Практикада бұл коллегия *апталық* органды әбден дербес жүргізеді. Орыс Орталық Комитеті оның істі жүргізуіне *ең жақсы дегенде* жарты жылда бір (немесе $1^1/_2$ жылда бір) «кеңес өткізумен» — мұндай «кеңестің» «Советтен» өзгешелігі қандай?— немесе Орталық Комитеттің *жеке* мүшесінің «хатымен» үн қосады. Практикада бұл шетелдік коллегия партияның *жүздеген* мүшесі алдында шетелде (рефераттар және жиналыстар) үгіт жүргізеді және қызметкерлер даярлайды. Орталық Комитеттің бұл жұмысқа *іс жүзінде* бағыт сілтеп отыруға, шетелдік кол-

легияның бұл жұмысына *іс жүзінде* басшылық етіп отыруға *нақты шамасы* келмейді. Орталық Комитеттің бұл жұмысқа оны жүргізуші кісілермен *оқта-текте* кеңес өткізуден басқаша түрде *қатысып отыруына* нақты шамасы келмейді. Және тағы да: бұл кеңестердің Советтен өзгешелігі қандай??

Қорытынды: іс жүзінде, практикада «бір» орталық не *жалған нәрсе* болады, не мазақтап «үш орталық» деп атап жүрген қазіргі жүйеге айналып кетеді, сөзсіз және қалай да айналып кетеді. Іс жүзінде, практикада географиялық, саяси жағдайлардың және жұмыс сипаты жағдайларының өзгешелігі біздің партияда екі орталық болуын сөзсіз және қалай да (самодержавие құлағанға дейін) керек етеді және керек ететін болады; бұл екі орталық *«кеңестер арқылы»* тек *мезгіл-мезгіл* ғана бас қосып, *іс жүзінде* әрқашан партияның жоғарғы немесе жоғары «Советі» ролін атқарып отырады.

Әрине, шетелдегі орталыққа қарсылық жауаптың россиялықтарда: шетелдегісі жойылсын! екі орталық жойылсын! деген жаппай айқай-шу туғызуы өзінен-өзі түсінікті. Бұл қарсы жауап заңды және *мақтарлық*, ол II съезден кейін партия күштерінің және партиялық саналылықтың орасан зор артқандығының белгісі. Бұл қарсы жауап біздің партиямыздың бір адым ілгері басқанын білдіреді, оған дау жоқ. Бірақ өзіңді сөзбен алдарқатуға немесе қазіргі сәттің *әсерін*, «шетелдіктерге» қарсы өткінші «ызаны» «жүйеге» айналдыруға жол бермеу керек. Ашу-ызаға негіздеп ешқандай партиялық жүйе құра алмайсың. «Бір орталық болсын» деген қарапайым және тұжырымды ережені ұйғара салудан оңай еш нәрсе жоқ, бірақ мұндай ұйғарындымен біз Россиядағы және шетелдегі жұмыстың әр түрлі міндеттерін нақты (қағаз жүзінде емес) біріктірудің тәсілдері туралы өте күрделі мәселені шешуге тіпті де жақындай алмаймыз.

1905 ж. февральда жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КОММУНА ТУРАЛЫ БАЯНДАМА ЖОСПАРЫ [113]

1. Коммунаның тарихи очеркі.

   III Наполеон тұсындағы Франция. Империализмнің негізі: буржуазия енді... басқара алмайтындай..., пролетариат әлі басқара алмайтындай...[114]

   III Наполеонның авантюризмі. Сыртқы сәнділіктің, соғыстардың қажеттілігі.

2. 1848 жылғы июньнен кейін пролетариаттың өсуі. Internationale Arbeiter Association 1864.[115] Оны III Наполеонның қудалауы.

   Француз жұмысшыларының соғысқа қарсы наразылығы (12 июль, Интернационалдың Париж секциясы, S. 16), неміс жұмысшыларының да (16 июльдегі Брауншвейг жұмысшыларының жиналысы, Хемниц жиналысы, Интернационалдың Берлин секциясы, S. 18) [116] наразылығы.

3. Седан: 1870 жылғы 2 сентябрь және *1870 жылы 4 сентябрьде* республиканың жариялануы. Либерал алаяқтар өкіметті басып алады.

   Либерал адвокаттар мен екіжүзді монархистер: *Тьер*.

4. Ұлттық қорғаныс үкіметі = халыққа опасыздық жасау үкіметі. Трошю: Парижді қорғау «жоспары». Қорғау комедиясы. Париж жұмысшыларының ерлігі. 1871 жылы 28 январьдағы *т і з е б ү г у*.

5. Соғыс және бітім туралы мәселені шешу үшін 8 *күн ішінде* (S. 34) Ұлттық жиналысты шақырудың

Бисмарк белгілеген шарттары. Тьердің монархистермен егесі.

Юнкерлер палатасы (ruraux *). *Бордодағы Ұлттық жиналыс* 630 мүше=30 бонапартшыл + 200 республикашыл (100 баяу және 100 радикал) + 400 монархист (200 орлеаншыл + 200 легитимист).

Тьердің Фаллумен әңгімесі.

6. Парижді арандату: монархияшыл елшілерді тағайындау: ұлттық гвардия солдаттарынан «30 су»-ды тартып алып қою; Парижде полиция префекті Валентэн, ұлттық гвардияның бастығы д'Орель де Паладин және басқалар (Трепов пен Васильчиков!!) [117]; Ұлттық жиналыстың Версальға көшірілуі; республикалық газеттерді жауып тастау және т. т. Соғыс шығындарын кедейлерге аудара салуға тырысушылық (S. 35). Парижідің қарулы жұмысшылары және — монархиялық жиналыс. Жанжал болуы сөзсіз.
7. Маркстің сақтандыруы **: Интернационалдың Бас Советінің 1870 жылы 9 сентябрьдегі екінші адресі: «1792 жылғы ұлттық дәстүрлерге еліктемеу керек», «өз табының ұйымын» дамыту, үкіметті құлату мақсатын көздемеу («естен адасқан ақымақтық»): S. 25. Интернационалдың (Бас Советтің) секретарь Евгений Дюпон да Франция үшін 1870 жылы 7 сентябрьде нақ осыны жазды (Weill, 134).
8. Арандатудың ақырғы әрекеті. 1871 жылы 18 мартта ұлттық гвардиядан зеңбіректер тартып алынды. Тьердің алдамшы дәлелдері. Қастандық сәтті болмады. Ұлттық гвардияның Орталық Комитеті Коммунаны жариялады. Париж Коммунасы мен Версаль үкіметі арасында *азамат соғысы басталды.*
9. Коммуна ішіндегі бағыттар: (а) *бланкистер. 1880* жылы ноябрьдің ішінде-ақ Бланки «Ni Dieu ni maître»-де *** тап күресі теориясын және пролетариат мүдделерін ұлттық мүдделерден бөлектеуді

* — деревняшілдік. *Ред.*

** 1870 жылы *«Patrie en danger»* («Отанға қауіп төнді» *Ред.*) деген ұйымды құрған Contra *Бланки.* (NB).

*** — «Құдай да жоқ, мырза да жоқ». *Ред.*

шенейді (Weill, 229) (жұмысшыларды революциялық буржуазиядан бөлектемейді); (б) *прудонистер* (мутуалистер) «айырбас және кредит ұйымы».

Жұмысшы табының революциялық түйсігі қате теорияларға *қарамастан* жарыққа жол табуда.

10. Коммунаның саяси шаралары:

(1) тұрақты әскерді жою

(2) бюрократияны жою а) барлық чиновниктердің сайланып қойылуы; б) жалақы 6000 fr.-тен > емес.

(3) шіркеуді мемлекеттен бөлу

(4) тегін оқытуды енгізу

| Программа-minimum |

Коммуна және шаруалар. 3 айда бәрі де басқаша болған болар еді! (S. 49—50) *

Коммуна және Интернационал. Франкель, *поляктар* (бүкіл дүние жүзілік республиканың туы).

11. *Коммунаның экономикалық шаралары.*

(1) наубайшылардың түнгі жұмысына тыйым салу.

(2) штрафтарға тыйым салу.

(3) тастап кеткен фабрикаларды есепке алу, аралық комиссиялардың белгілеуі бойынша құнын төлетіп, жұмысшылардың серіктіктеріне беру (S. 54).

NB | Банкті алмады. 8 сағаттық жұмыс күні өтпеді. Weill, 142. |

(4) залогтарды сатуды тоқтату. Төлемдерді (пәтер ақы) өтеуді кейінге қалдыру.

12. Күйреу. Ұйымдастырудағы кемшіліктер. Қорғаныс жағдайы. Тьердің Бисмаркпен келісім жасауы {Бисмарктің ролі = жалдамалы кісі өлтіруші}. *1871 жылғы 21—28 май аралығындағы қанды апта.*

Оның жан түршігерлік сиқы, жер аудару etc. Өсек-жала (S. 65—66).

Балалар мен әйелдер...

P. 487: 20 000 көшелерде өлтірілді, 3000 түрмелерде өлді etc. Әскери соттар: 1875 жылғы 1 январьға

* «құпияны» әйгілеу: Трошюдің қылықтары, монастырьлардағы «тәртіптер» (S. 54). *Әлі өте аз істелді!*

дейін *13700* адам (80 әйел, 60 бала) сотталды, жер аудару, түрмеге жабу [118].

13. Сабақтар: буржуазия *еш нәрседен* тайынбайды. Бүгін либералдар, радикалдар, республикашылдар, ертең опасыздық, атқылау.

Пролетариаттың дербес ұйымы — тап күресі — азамат соғысы.

Қазіргі қозғалыста біздің бәріміз де Коммунаның үлгісімен келе жатырмыз.

1905 ж. февральда — мартта жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ ЛОПУХИННІҢ БАЯНДАУ ХАТЫ» ДЕГЕН КІТАПШАҒА АЛҒЫ СӨЗ

Қанағат қарын тойдырар! — дегендей болады Лопухин мырза өзінің баяндау хатында. 1881 жылдан бастап Россия империясының ең тұрақты, негізгі заңдарының бірі болып алған тәртіпті қорғауды күшейту туралы «уақытша» Ереже — полиция үшін жақсы нәрсе. Полиция «тоғышарларды уысында ұстауға» қалаған правалары мен өкілдіктерін алады деп хатта дәл айтылғандай, оны оқып, адам айтқысыз ауыр, қолапайсыз, кеңсе тілімен жазылған сөздеріне негұрлым жиі сүрінген сайын мұның өте дәл айтылғандығы соғұрлым көзге айқындырақ көрінеді. Иә, бұл «Ереже» тұсында полиция не істесе де ерікті еді, бірақ «Ереженің» «жақсы» қасиеттері енді полицияның өзін де тым дандайсытып жіберсе керек. Бұл бір жағы. Ал екінші жағынан, бұдан жиырма бес жыл бұрын төтенше шаралар болып көрінуі ықтимал басып-жаншудың төтенше шараларының үйреншікті нәрсе болып алғаны соншалық, халық оған, егер осылай деп айтар болсақ, бейімделіп алды. Ұзақ уақыт және шамадан тыс қолданудан жаңа серіппе қандай әлсірейтін болса, төтенше шаралардың жазалаушылық маңызы да сондай әлсіреді. Әуреленуге де тұрмайды, дейді полиция департаментінің директоры Лопухин мырза өзінің өзгеше бір қайғылы, жабырқау сарында жазылған бүкіл баяндамасында.

Полицейдің бұл жабырқау сарыны, орыстың негізгі полициялық заңына қарсы бағытталған оның осы іс

тұрғысынан айтылған құрғақ сыны, солай бола тұрса да аяусыз сыны социал-демократқа тамаша қуанышты әсер етеді. Полицияның рақат өмір сүрген күндері өтті! Революциялық партияның өмір сүруі туралы тіпті ойлауға да болмаған алпысыншы жылдар өтті. Шын мәнінде өмір сүрген және үрей тудырып келген осындай партияның күштері «саяси төңкеріс жасау үшін емес, жеке қастандық істеу үшін ғана жеткілікті» болған жетпісінші жылдар өтті. Ол уақыттарда, «астыртын үгіт жеке адамдарға және үйірмелерге сүйеніп келген» кезде, жаңадан ойлап шығарған серіппе әлі біраз әрекет жасай алатын еді. Ал қазір, «Россияда осы күнгі тәртіпке деген наразылық та, күшті оппозициялық қозғалыс та кеңінен өрістеп отырған қоғамның қазіргі жағдайында» ол серіппе қандай дәрежеге дейін әлсіреп кетті деңізші! Тәртіпті қорғауды күшейту туралы төтенше шараларды «бейбіт сипаттағы және тек қана экономикалық тілектерден туған стачкалар үшін жұмысшыларға» мың-мыңдап қолдануға, иә, пақ *қолдануға,* тура келгенде, тіпті тасты да саяси жағынан қауіпті қару деп тануға тура келгенде, бұл шаралар қаншалықты қисынсыз және мағынасыз болды десеңізші!

Бейшара Лопухин қапаланғанынан екі леп белгісін қатар қояды, сөйтіп тәртіп қорғауды күшейту туралы Ереже душар еткен мән-мағынасыз зардаптарды өзімен бірге мазақ етуге министр мырзаларды шақырады. Революциялық қозғалыс шын мәнінде халық ортасына еніп, жұмысшылар бұқарасының таптық қозғалысымен мызғымас байланыс орнатқан уақыттан бері қарай бұл Ереженің барлық жері,— паспорттарды тіркеу талабынан бастап ақыры әскери соттарға дейінгі оның барлық жері жарамсыз болып шықты. Тіпті «аулашылар қою тәртібі» де бәрінен құтқаратын, бәрімен жарылқайтын аулашылар қою тәртібі де полицей-министрдің қаһарлы сынына ұшырады, ол бұл тәртіп алдын алу жөніндегі полиция қызметін босаңсытатын әсер етті деп айыптады.

Шынында да, полициялық тәртіп әбден банкрот болған екен!

Сондай-ақ, аса құрметті Лопухин мырза сияқты жоғары мәртебелі адамның мәлімдемелерімен қоса, бұл банкроттықты патша саясатының бүкіл даму барысы да дәлелдеп отыр. Рас, шын мәнінде халықтық революциялық қозғалыс болмаған кезде, саяси күрес тап күресімен бір тұтас болып әлі ұштаспаған кезде, жеке адамдар мен үйірмелерге қарсы полициялық шаралардың бір өзі жарайтын еді. Таптарға қарсы бұл шаралар кісі күлерлік дәрменсіз болып шықты, бұл шаралардың шектен тыс көптігі полицияның жұмысына кедергі бола бастады. Тәртіп қорғауды күшейту туралы Ереженің бір кездегі қаһарлы параграфтары революционерлерге шындап тиісуден гөрі, қайта революционерлер қатарына жатпайтын «тоғышарлардың» наразылығын әлдеқайда көбірек қоздыратын болымсыз, ұсақ, жалақорлық тиісу болып шықты. Халық революциясына қарсы, тап күресіне қарсы полицияға сүйенуге болмайды, мұнда да халыққа, мұнда да таптарға сүйену керек. Лопухин мырзаның хатының моралы осындай. Самодержавиелік үкіметтің практикада келіп отырған моралы да дәл осындай. Полициялық механизмдердің серіппесі әлсіреді, бір ғана әскери күштер жеткіліксіз. Ұлттық, нәсілшілдік өшпенділікті қоздыру керек, қалалық *(ал одан соң, әрине, селолық та)* ұсақ буржуазияның санасы неғұрлым төмен топтарынан «қара жүздіктер» құру керек, патша тағып қорғауға халықтың өз ішіндегі барлық реакцияшыл элементтерді топтастыруға тырысу керек, полицияның үйірмелерге қарсы күресін халықтың бір бөлегінің халықтың екінші бөлегіне қарсы күресіне айналдыру керек.

Бакуде татарларды армяндарға қарсы айдап салып, жаңа еврей ойрандарын жасауға тырысып, земствошыларға, студенттерге және бүлікшіл гимназистерге қарсы қара жүздіктерді ұйымдастырып, патшаға адал берілген дворяндар мен шаруалардың кері тартпа элементтеріне жалбарынып, қазір үкімет нақ осылай істеп отыр. Несі бар! Біз, социал-демократтар, самодержавиенің бұл тактикасына таңданбаймыз және одан қорықпаймыз. Қазір, жұмысшылар ойран жасаушыларға қарсы қарулы тойтарыс ұйымдастырып отырған кезде,

біз үкіметтің нәсілшілдік өшпенділікті өршітумен енді алысқа бара алмайтынын білеміз; ал ұсақ буржуазияның қанаушы топтарына сүйенуі арқылы, үкімет нағыз пролетарлардың бұрынғыдан да қалың бұқарасын өзіне қарсы қоятын болады. Дәулеттілер өкіметінің «көзқарасынан» немесе білімді адамдардың «ізгілер» жағына шығуынан саяси және әлеуметтік төңкерістер болады деп біз еш уақытта күткеніміз жоқ және күтпейміз де. Біз саяси өзгерістердің негізінде тап күресі, халықтың қаналушы бөлегінің қанаушы бөлегіне қарсы күресі жатыр және *түптеп келгенде* осындай бүкіл өзгерістердің тағдырын осы күрестер шешеді деп әрқашан үйретіп келдік және үйретіп келеміз. Полицияның дәрменсіздік әрекеттері толық күйрегенін мойындай және тура азамат соғысын ұйымдастыруға көше отырып, үкімет мұнысымен *ақырғы есеп айырысатын сәт* жақындап келе жатқанын дәлелдейді. Тіпті жақсы. Ол азамат соғысын бастағалы отыр екен. Тіпті жақсы. Біз де азамат соғысын жақтаймыз. Егер біз өзімізді қай жерде ерекше сенімді ұстай алатын болсақ, нақ осы салада, езілген және правосыз, еңбеккер және бүкіл қоғамды асыраушы сан миллион адамдардың қаптаған қалың бұқарасының артықша жағдайдағы арамтамақтар тобына қарсы шайқаста ерекше сенімді ұстаймыз. Әрине, нәсілшілдік араздық пен тайпалық өшпенділікті өршіте отырып, үкімет тап күресінің өрлеуін аз-кем күнге кідірте алады, кідірткенде тек аз уақытқа ғана кідіртеді, бірақ соның өзінде жаңа күрес майданын бұрынғыдан да кеңейтіп алады, халықтың самодержавиеге қарсы ашу-ызасын бұрынғыдан да гөрі күшейтіп алады. Бұған: патша өкіметіне қарсы халықтың барлық тобының революциялық пиғылын сан есе арттырған Баку ойранының салдары дәлел. Үкімет қан төгумен және көше шайқастарындағы көптеген құрбандықтармен халықты үрейлендіруді ойлап еді,— іс жүзінде *ол халықты* қан төгістен, тікелей қарулы қақтығыстан *қорықпауға үйретеді.* Іс жүзінде ол біздің тіпті есімізге де келмеген кең көлемді және сондай ықпалды үгітпен біздің пайдамызға іс істеп отыр. Француздардың революциялық өлеңінің сөзі-

мен айтқанда, Vive le son du canon! дейміз біз — «Зеңбіректердің гүрсілі жасасын!», революция жасасын, патша үкіметіне және оның жақтастарына қарсы ашық халықтық соғыс жасасын!

Н. Ленин

1905 ж. февральда — мартта жазылған

1905 ж. «Полиция департаментінің директоры Лопухиннің баяндау хаты» деген кітапшада басылған Женева, «Вперед» баспасы

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

ОЛАРДЫҢ КІМДІ АЛДАҒЫСЫ КЕЛЕДІ?

«Искраның» біз жаңа ғана алған 89-номерінде «партия Советінің» 1905 жылғы 8 марттағы қаулысы бар екен. Күткендегідей, шетелдік «Совет» партияның орыс комитеттері шақырғалы отырған съезге қарсы аласұрады, «оған қатысушылар өздерінің мұндай әрекетімен өздерін партиядан тысқары қалдырады» деп жариялайды. Россияда жұмыс істеп жатқан партия шетелдік үйірмеден іс жүзінде әлдеқашан алыстап кеткен-ді, ал қазір ресми түрде де алыстап кетіп отыр, сондықтан шетелдік үйірменің ызалануы бізге әбден түсінікті. Сонымен бірге, Советтің істеп отырғанындай, ызаланудың және ашынудың ықпалымен ғана адамдар бұлайша нашар пайымдай алуы мүмкін, осылайша олақ «ақиқаттан бұлтара алады». «Устав бойынша,— дейді бізге,— съезді тек Совет шақыра алады». Иә, Совет уставты бұзып, өзіне міндетті болған съезд шақырудан алдау арқылы бас тартатын жағдайдан басқа реттерде солай болады. Советтің нақ осы «жағдайға» ұшырап отырғанын партия әлдеқашан дәлелдеді де (қараңыз: Орловский: «Совет партияға қарсы», онда, былайша айтқанда, «Советтің» арифметикасы бойынша 16×4=61 болатыны көрсетілген!). 1905 жылдың 1 январына, дейді бұдан әрі бізге, Советтің бірауыздан қабылданған (Ленинді қоса) қаулысы бойынша, толық праволы ұйымдардың саны, орталықтарды қоспағанда, 33 болды дейді. Бұл дұрыс емес. 1905 жылдың 1 январына толық праволы ұйымдардың саны тек 29 болғанын партия сол кітапшадан

көптен бері-ақ біледі. «Искра» атап отырған Кубань және Қазан комитеттері Советте еш уақытта бекітілмеген, ал Полесье және Солтүстік-Батыс комитеттері 1905 жылдың 1 апрелі қарсаңында ғана бекітілген. Сонда 29 ұйым қалады (С.-Петербург, Москва, Тверь, Солтүстік, Тула, Нижний Новгород, Саратов, Урал-Уфа, Сибирь, Дон, Харьков, Киев, Одесса, Екатеринослав, Рига, Орел-Брянск, Смоленск, Самара, Воронеж комитеттері, Кавказ одағы = 4 комитет, Курск, Астрахань, Николаев, Қырым, Горнозаводск комитеттері, Лига). «Көпшілік Комитеттерінің Бюросы» 10 ұйымның өкілдігін дәлел етеді, дейді бұдан әрі Совет. Бұл өтірік. Бюроны 1905 жылдың 1 январына дейін үш конференцияда он үш комитет (6 солтүстік, 3 оңтүстік, 4 кавказдық комитеттер) сайлағанын жұрттың бәрі біледі. Бюро съезді шақыруды жақтап шыққаннан кейін бюроға Воронеж және Тула комитеттері қосылды. Сонымен, 1905 жылдың 1 январына толық праволы 28 орыс ұйымынан 15 ұйым бонапартшыл орталықтардың ырқына қарамастан съезді шақыруды жақтап шықты. Жалпы съезд шақыруды әлдеқашан жақтап шыққан толық праволы ұйымдардың бірқатары (Саратов, Сибирь комитеттері және басқалар) бұл арада әлі есептелген жоқ (Шаховтың «Съезд үшін күрес» деген кітапшасын қараңыз). Істің жайымен документтер бойынша емес, шетелдегілердің бос мылжың сөзі бойынша танысушы бейхабар жұртты Советтің алдауға тырысқан әрекетінің қаншалықты ерсі және қолапайсыз екені мына екі анықтамадан өте айқын көрінеді. Азшылық бастырып шығарған, «1904 жылы 2 сентябрьде Женевада болған жиналыс туралы есеп» деген өте қызықты кітапшада Дан партия комитеттерінің көпшілігі «Искрамен» арадағы барлық жолдастық қатынастарды үзгенін мойындайды, ал көпшілікке өте-мөте өшіккен Плеханов жауласушы жақтардың күші біршама теңбе-тең деп мәлімдеуге мәжбүр болып отыр!! (Бұл шетелдегі адамның пікірі екенін ескеріңіз.) Азшылық теріске шығара алмағаны былай тұрсын, қайта Поповтың тура тануымен қуатталған Лениннің «Мәлімдемесінде» * анау-мынау емес, Орталық

* Қараңыз: осы том, 129—130-беттер. *Ред.*

Комитет агентінің өзі азшылық жағында тек 4 орыстық комитет бар және нағыз шын партия съезінде редакция мен Совет сөзсіз ауыстырылады деп мойындайды. Тағы да: сіздер кімді алдағыларың келеді, кооптацияның құрметті сабаздары? Бірден-бір нағыз партиялық жолдан — съезд шақырудан сіздер оттан бетер қорқасыздар, сөйте тұрып өз дұшпандарыңызды ұйымдардың болмашы бөлігі ғана, бар болғаны төрттен бірі ғана қолдайды деп сендірмекші боласыздар! Сіздер өздеріңізді өздеріңіз қалай соққылап отырғаныңызды ыза-ашумен байқамайсыздар. II Николай құрылтай жиналысын шақырудан қорыққанда, патша өкіметінің дұшпандары халықтың болмашы бөлегі болғандықтан қорықпай ма екен?

«Вперед» № 10,
15 (2) март, 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРИАТ ЖӘНЕ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ

Самарқау орыс либерализмі өлтіре жайратылды-мыс, пролетариат біздің демократияның авангарды ролінде табылды-мыс дейтін жаңа искрашылдардың пікірі кешіргісіз соқырлық болып табылатындығын бұрын атап көрсеткен болатынбыз *. Қайта керісінше, нақ қазір буржуазиялық демократия жұмысшы қозғалысын өз қолына алу үшін барынша күш жұмсап жатыр, сондықтан нақ қазір жаңа искрашылдар қайта тудырып жүрген рабоче-делошылдық өте-мөте зиянды. Россияда таратылып жүрген және бұл мәселе жөнінде бағалы материал беретін қызықты бір листок мынау:

«Соңғы уақытта буржуазияның ұйымдасуға тырысатыны байқалып жүр, бірақ бұдан да көбірек көзге түсетін факт — буржуазиялық демократияның жұмысшыға бет бұрып отырғандығы болып табылады. Демократтар пролетариаттың экономикалық және саяси күресінің басшысы болып шыққысы келеді. «Өз көзқарасымыз бойынша біздер, дұрысын айтқанда, социал-демократтармыз,— дейді олар,— бірақ социал-демократия өздерінің партиялық талас-тартысымен жүріп, қазіргі кезеңнің маңыздылығын түсінбеді, сөйтіп жұмысшы қозғалысын бастауға олар қабілетсіз болып қалды, сондықтан мұны біздің істегіміз келеді». Бұл жаңа «іштей социал-демократтардың» бұдан арғы сөздерінен олардың дербес программа жасамай-ақ, жұмысшылардан келіп түскен су-

---

* Қараңыз: осы том, 288—289-беттер. *Ред.*

рақтарға түсінік беріп, жауап қайтарып отырғылары келетіні байқалады. Әдебиет нақ осы талаптарға сай болуға тиіс және әсте партиялық сипатта болмауға тиіс. Сонымен, комитеттің тактикасы мен қазіргі қылығына наразы бұл «таза социал-демократтар» әлдеқашан тарих теріс деген «құлақ қою» формаларына, о дүниедегі «экономизм» формаларына өздері бой ұрып отыр. Өздерін социал-демократтармыз деп санай отырып, өздерін жұмысшы табының тілегін шын білдірушілерміз деп санай отырып, бұл мырзалар жұмысшы қозғалысының басшылығында біртұтас жұмысшы партиясы тұрғанда ғана, пролетариат өзінің таптық дербестігін ұғынып, өзін шын азат ету ісі жұмысшы партиясының әрекеттеріне кір келтіретін буржуазиялық демократияның істейтін ісі емес, өз қолымен істейтін іс болуға тиіс екенін түсінгенде ғана жұмысшы қозғалысы елеулі нәтижелерге жете алатындығын түсінбейді немесе түсінгісі келмейді. Бұл социал-демократсымақтар, марксистер-міс дейтіндер, жұмысшылардың бостандық пен социализмге жетуіне ылғи буржуазиялық интеллигенциядан құралған қайдағы бір «демократтар» (бірақ социал-демократтар емес) жол сілтеулері керек деп көрсетуге тырысып, жұмысшы бұқарасының ішіне қандай іріткі салатындарын түсінуге тиісті еді.

Алайда, олар бүгінгі күннің саясат құмарлығымен әуестеніп кетіп, социализмді тіпті мүлдем ұмытқан сияқты. Олар оппортунизм элементтерін жұмысшы қозғалысына біртіндеп енгізуде. Жұмысшылар интеллигенттерге үміт артып, өздерінің партиясын құруға тырысудан қалып барады. Жұмысшы табының бұл жаңа достары мұндай құбылыстарға неліктен жол беріп және тіпті қолдап отыр? Бұдан «демократтардың» өздері ашық жауап береді: «Бұрын біздің топ тек интеллигенция арасында жұмыс істеп келіп еді,— дейді олар,— бірақ соңғы оқиғалар бізді жұмысшыларға да бет бұруға мәжбүр етті».

Өздерін «принципінде» социал-демократтармыз деп атап жүрген демократияшыл ас ішіп, аяқ босатар мырзалар бұқара көшеге шыққанда ғана және көше бойы мыңдаған жұмысшылардың қанына боялғанда ғана про-

летарлық қозғалысқа ізгілік көңіл бөлді. Осы кезде олар, жұмысшы табының шын досы ретінде шыға келіп, орыс пролетариатының революциялық көңіл күйін даярлап, бағыттаған және көп құрбандықтар жасау арқылы біртұтас Жұмысшы социал-демократиялық партиясын құрған ондаған жылдық жұмысты екіжүзділікпен елемей өтеді. Сірə, ең жаңа стильдегі бұл социал-демократтар бүкіл маркстік теориядан тек бір нәрсені: ұйымдасқан пролетариаттың күші ғана самодержавиелік озбырлықты құлатып, саяси бостандықты жеңіп алады, ал ол бостандықпен көбінесе буржуазия пайдаланады дегенді ғана алған (онда да жақып арада ғана алған) болса керек. Пролетариаттың жаңа достары жұмысшы қозғалысын ерттеп мініп алып, оны қолма-қол жеткен нәтижелер деген шыбыртқымен қамшылай отырып, «Біздің бостандығымызға қарай, алға!» деп айқай салады. Орыстың: «құдайым, бізді достардан сақтай гөр, жаулардан өзіміз-ақ құтыламыз»» деген мақалы дұп-дұрыс.

«Вперед» № 10,
15 (2) март, 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРИАТ ЖӘНЕ ШАРУАЛАР

Шаруалар көтерілістері басталып жатыр. Шаруалардың помещиктік усадьбаларға шабуыл жасағаны туралы, шаруалардың помещиктің астығын, малын конфискелегені туралы әр түрлі губерниялардан хабарлар келіп жатыр. Маньчжурияда жапондар талқандаған патша әскерлері оның кегін қарусыз халықтан алып жатыр, ішкі жауға қарсы — деревня кедейлеріне қарсы экспедициялар шығарып жатыр. Қалалардағы жұмысшы қозғалысы революцияшыл шаруалар тарапынан жаңа одақтас тауып отыр. Пролетариаттың саналы авангарды — социал-демократияның шаруалар қозғалысына көзқарасы туралы мәселе тікелей практикалық маңыз алып отыр және ол біздің барлық партия ұйымдарымызда, насихатшылар мен үгітшілердің сөйлеген сөздерінде күн тәртібінің ең таяу кезегіне қойылуға тиіс.

Социал-демократия шаруалар қозғалысы оның алдына екі жақты міндет қоятындығын талай рет атап көрсеткен болатын. Шаруалар қозғалысы революциялық-демократиялық қозғалыс болып табылатындықтан біз оны сөзсіз қолдап, ілгері бастырып отыруға тиістіміз. Мұнымен бірге біз село пролетариатын, қала пролетариаты сияқты және онымен бірге, дербес таптық партияға ұйымдастыра отырып, оның мүдделері мен буржуазиялық шаруалар мүдделерінің келіспес қарама-қайшылықта екенін оған түсіндіре отырып, оны социалистік революция үшін күресуге шақыра отырып, езушілік пен қайыршылықтан құтылудың жолы шаруалар-

дың бірнеше топтарын ұсақ буржуаларға айналдыруда емес, бүкіл буржуазиялық құрылысты социалистік құрылыспен алмастыру болып табылатындығын оған көрсете отырып, өзіміздің таптық пролетарлық көзқарасымызда мызғымай тұруға тиістіміз.

Социал-демократияның бұл екі жақты міндеті ескі «Искрада», оның 3-номерінен * бастап, шаруалардың яғни 1902 жылғы тұңғыш қозғалысынан бұрын-ақ сан рет атап көрсетілген-ді; ол біздің партиялық программамызда да көрсетілді; ол біздің газетімізде де қайталанған болатын (№ 3) **. Қазір, бұл міндеттің практикалық қойылысын анықтау өте маңызды болып отырған кезде, немістің социал-демократиялық «Die Neue Zeit» журналында «Россиядағы шаруалар және революция» деген мақала басып шығарған Карл Каутскийдің ескертпелерін келтіру назар аударарлықтай. Социал-демократ болғандықтан Каутский біздің революцияның алдында *қазір* социалистік төңкеріс жасау міндеті емес, осы күнгі, яғни капиталистік, өндіріс әдісінің даму жолынан саяси кедергілерді алып тастау міндеті тұр деген ақиқатты мүлтіксіз қорғайды. Сонымен Каутский былай деп жалғастырады: «Қалалардағы революциялық қозғалыс шаруа мен помещик арасындағы қарым-қатынас туралы мәселеде бейтарап қалуға тиіс. Шаруалар мен помещиктің арасына түсуге, помещикті қорғап, шаруаларға қарсы шығуға оның ешқандай дәлелі жоқ; оның тілектестігі бүтіндей шаруалар жағында. Бірақ қалалардағы революциялық қозғалыстың міндеті, ең болмаса «ескі тәртіп» кезіндегі француздың феодалдық дворяндарының атқарған роліндей емес, қазіргі Россияда мүлдем басқаша роль атқарып отырған помещиктерге шаруаларды тіпті де өшіктіру болып табылмайды. Алайда қалалық революционерлер, тіпті өздері тілеген күнде де помещиктер мен шаруалар арасындағы қатынастарға өте аз ықпал ете алған болар еді. Бұл қатынастарды помещиктер мен шаруалардың өздері өзара белгілейді». Байланысты тұсынан үзіп алғандықтан бірталай түсі-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 461—470-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 203—211-беттер. *Ред.*

ніспеушіліктер тугызуы мүмкін Каутскийдің бұл ескертпелерін дұрыс түсіну үшін мақаланың аяқ жағындағы оның мына ескертпесін де сөзсіз еске алу керек. «Жеңімпаз революция,— дейді ол онда,— революцияның қас жауларының ірі латифундияларын пролетарлар мен шаруалардың тұрмыс жағдайын жақсартуға пайдалану үшін, сірә, ерекше қиыншылықтар кездестірмеген болар еді».

Каутскийдің осы айтқандарын ыждағаттан салыстырған оқушы бұлардан мәселенің қазір біз суреттеген нақ социал-демократиялық қойылысын оп-оңай көре алады. Каутскийдің сөздеріндегі кейбір көмескілікті және екіұштылықты оның ескертпелерінің үстірт жасалғандығынан және орыс социал-демократиясының аграрлық программасымен таныстығының жеткіліксіздігінен деп түсіндіруге болады. Істің мәнісі мынада—шаруалар мен помещиктер арасындағы тартысқа революцияшыл пролетариаттың көзқарасы орыс революциясының әр түрлі аударыс-төңкерістері кезіндегі барлық реттер мен барлық жағдайларда бірдей бола бермейді. Бір жағдайларда, белгілі конъюнктураларда бұл көзқарас тек тілектестік көзқарас емес, тура қолдау көзқарасы, тек қолдау ғана емес, «өшіктіру» көзқарасы да болуы мүмкін. Басқа жағдайларда бұл көзқарас бейтараптық бола алады және болуға тиіс. Каутскийдің келтірілген ескертпелеріне қарағанда, ол революциялық демократияның тұрпайы жалған үмітіне белшесінен батқан біздің «социалист-революционерлерден» ғана өзгеше емес, сонымен қатар Рязановқа немесе Икске ұқсап, есептің барлық комбинациялар үшін бірдей, «қарапайым» шешімін іздейтін көптеген социал-демократтардан да өзгеше, біздің міндетіміздің осы екі жақтылығын дұрыс аңғарған. Мұндай социал-демократтардың (және барлық социалист-революционерлердің) негізгі қатесі мынада: олар таптық көзқарасты берік ұстамайды және, есептің барлық комбинациялар үшін бірдей шешімін іздеп, ауқатты шаруа мен орта шаруаның екі жақты табиғатын ұмытады. Өздерінің жобаларында олар, асылында, екі тапты ғана: не помещиктер мен «шаруа-жұмысшы табын», не меншік иелері мен пролетарларды есепке ала-

ды. Ал іс жүзінде біздің алдымызда өздерінің таяудағы және түпкі мақсаттары жағынан әр түрлі үш тап тұр, олар: помещиктер, ауқатты және ішінара орта шаруалар және, ақырында, пролетариат. Жағдай осындай болып отырғанда, іс жүзінде пролетариаттың міндеті екі жақты болмай тұра алмайды, сондықтан Россиядағы социал-демократиялық аграрлық программа мен аграрлық тактиканың барлық қиындығы мынада: пролетариат үшін қандай жағдайларда бейтарап қалу міндетті, қандай жағдайларда қолдау және «өшіктіру» міндетті екенін мүмкін болғанынша айқын және дәл белгілеуде болып отыр.

Бұл міндеттің шешімі тек біреу ғана болуы мүмкін: шаруа буржуазиясымен бірге крепостниктік тәртіп атаулыға қарсы және крепостник-помещиктерге қарсы, қала пролетариатымен бірге шаруа буржуазиясына және қандай да болса басқа буржуазияға қарсы,— село пролетары мен оның идеологы — социал-демократтың «бағыты» міне осындай. Басқаша айтқанда: шаруалар революцияшыл-демократияшыл болып бас көтеріп *отырғандықтан,* бұл шаруаларды қандай да болса «қасиетті» бариндік «меншікті» тартып алудың бәрінє дейін қолдап, итермелеп отыру керек. Бұл шаруалар реакцияшыл болып немесе пролетариатқа қарсы бас көтеріп *отырғандықтан* шаруаларға сенімсіздікпен қарау керек, одан бөлек ұйымдасу керек, оған қарсы күресуге әзір тұру керек. Басқаша айтқанда: шаруаның помещикке қарсы күресі демократияның күшейіп, нығаюына пайда келтіретін болса, оған көмектесу керек; шаруаның помещикке қарсы күресі пролетариат үшін де, демократия үшін де келер-кетері жоқ жер иемденуші таптың екі фракциясы арасындағы жай өш алысу ғана болса, шаруалар жөнінде бейтарап болу керек.

Әрине, шаруа мәселесіне ойластырылған теориялық көзқарас тұрғысынан қарамайтын, өтімді және әсерлі «революцияшыл» (сөз жүзіндегі) ұранмен әуестенетін, нақ шаруа мәселесі жөніндегі революцияшыл авантюризмнің орасан зор және елеулі қаупін түсінбейтін адамдарды мұндай жауап қанағаттандырмайды. Мұндай адамдарға келгенде,— ал олар қазірдің өзінде-ақ біздің

арамызда аз емес, олардың қатарына социалист-революционерлер жатады және революцияның шаруалар қозғалысымен бірге дамуы олардың қатары көбейетіндігіне кепіл,— мұндай адамдарға келгенде социал-демократтар революциялық тиянақсыздық атаулыға қарсы шығып, таптық күрес көзқарасын мызғымай қорғауы керек, революциялық созуарлыққа қарсы шығып, шаруалардың әр текті элементтерін ыждағаттылықпен есепке алуы керек. Практикалық тұрғыдан және нақты айтқанда, ақиқатқа бәрінен гөрі мына дәлелмен жақындауға болады: социал-демократияның аграрлық мәселедегі барлық дұшпандары бізде нақ европалық Россияда ауқатты шаруалардың тұтас бір тобы (барлығы 10 миллиондай үйден $1^1/_2$—2 миллион үй) бар болып отырған фактісімен санаспайды. Шаруалардағы барлық өндіріс құралдары мен барлық меншіктің кем дегенде жартысы осы топтың қолында. Бұл топ батрактар мен күндікшілерді жалдамай күн көре алмайды. Бұл топтың крепостниктік тәртіпке, помещиктерге, чиновниктерге қас екені күмәнсыз, оның демократ болуы мүмкін, бірақ оның село пролетариатына деген дұшпандығы одан да бетер күмәнсыз. Бұл таптық дұшпандықты аграрлық программа мен тактикада бүркемелеуге немесе елемей отуге тырысушылық әрекеттің қандайы болса да біле тұра немесе білместіктен социалистік көзқарастан аулақтап кету деген сөз.

Село пролетариаты мен шаруа буржуазиясы арасында орта шаруалар тобы жатыр, оның жағдайында қарама-қарсы екі жақтың екеуінің де сипаты бар. Бұл топтардың бәрінің жағдайына, бүкіл шаруалардың жағдайына ортақ сипат, санасыздық пен реакцияшылдықтың әр түрлі белгілері зор екеніне қарамастан, олардың бүкіл қозғалысын ешбір күмәнсыз демократиялық қозғалыс етеді. Біздің міндетіміз — таптық көзқарас тұрғысынан еш уақытта таймау және қалалық пролетариатпен селолық пролетариаттың мейлінше тығыз одағын ұйымдастыру болып табылады. Біздің міндетіміз — «жерге жәнеерікке» ұмтылған жалпы, бірақ көмескі талаптың *шын* демократиялық және революциялық мазмұны қандай екенін өзімізге және халыққа ұғындыру болып табыла-

ды. Сондықтан біздің міндетіміз — деревняда да социалистік күрес элементтерін даярлаумен қатар, бұл талапты мейлінше жігерлі түрде қолдап және ілгері итермелеп отыру болып саналады.

Социал-демократиялық жұмысшы партиясының шаруа қозғалысына практикалық көзқарасын дәл белгілеу үшін біздің партияның үшінші съезі шаруалар қозғалысын қолдау туралы қарар қабылдауға тиіс. Жоғарыда айтылғандарды және социал-демократиялық әдебиетте сан рет сөз болған көзқарастарды тұжырымдайтын, қазір партия қызметкерлерінің мүмкін болғанынша қалың тобының ішінде талқылануға тиісті қарардың жобасы мынадай:

«Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы саналы пролетариаттың партиясы ретінде барлық еңбекшілерді қанаушылық атаулыдан толық азат етуге ұмтылады және қазіргі қоғамдық және саяси құрылысқа қарсы бағытталған революциялық қозғалыстың қандайын болса да қолдайды. Сондықтан РСДРП қазіргі кездегі шаруалар қозғалысын да мейлінше жігерлі түрде қолдайды, шаруалардың жағдайын жақсарта алатын барлық революциялық шараларды қорғайды және бұл мақсат үшін помещиктік жерді экспроприациялаудан да тайынбайды. Бұл арада РСДРП, пролетариаттың таптық партиясы болғандықтан, село пролетариатының дербес таптық ұйымдасуына үздіксіз тырысып отырады, оның мүдделері мен шаруа буржуазиясының мүдделері келіспес қарама-қарсылықта екенін оған түсіндіріп отыру міндетін, село пролетариаты мен қала пролетариатының бүкіл буржуазиялық қоғамға қарсы бірлескен күресі ғана социалистік революцияға жеткізе алатынын, деревня кедейлерінің бүкіл бұқарасын жоқшылық пен қанаушылықтан жалғыз социалистік революцияның ғана шын мәнінде құтқара алатынын оған түсіндіріп отыру міндетін бір минут та ұмытпайды.

Шаруалар арасындағы үгіттің практикалық ұраны ретінде және бұл қозғалысқа саналылықты көбірек енгізудің құралы ретінде, РСДРП бүкіл демократиялық өзгерістерді және сонымен қатар ол өзгерістердің жүзеге асуын барлық жағынан бірдей қолдау үшін революция-

лық шаруалар комитеттерін дереу құруды ұсынады. Мұндай комитеттерде де РСДРП, бір жағынан, барлық революциялық-демократиялық бой көрсетулерде бүкіл шаруаларды қолдап отыру мақсатын көздеп, ал екінші жағынан, село пролетариатының шаруа буржуазиясына қарсы күресінде оның шын мүдделерін қорғау мақсатын көздеп, село пролетариатының дербес ұйымдасуына тырысатын болады».

«Вперед» № 11,
23 (10) март, 1905 ж

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КӨШЕ КҮРЕСІ ТУРАЛЫ

(КОММУНА ГЕНЕРАЛЫНЫҢ КЕҢЕСТЕРІ) [119]

Редакциядан. Ұсынылып отырған мақала — Париж Коммунасының атақты қайраткері Клюзеренің бір мемуарының аудармасы. Төменде келтіріліп отырған қысқаша өмірбаян деректеріне қарағанда, ол бәрін болмаса да өзінің пікірлерінің көбін Париждің көше көтерілістерінің тәжірибесіне негіздеген. Мұның үстіне, ол пролетариаттың барлық дәулетті таптарға қарсы революциясын әдейілеп соз етеді, ал біз Россияда үкімет шайкасына қарсы едәуір дәрежеде жалпы халықтық революцияны бастан кешіріп отырмыз. Сондықтан, әрине, Клюзеренің соны пікірлері орыс пролетарына батыс европалық жолдастардың тәжірибесін біздің жағдайымызға лайықтап өздігінен қорыту үшін тек материал ғана болуға тиіс екені өзінен-өзі түсінікті. Автордың көңіл бөлуге тұрарлық өмірбаянымен оқушыны қысқаша таныстырып өтуді артық болмас деп санаймыз.

Густав-Павел Клюзере (Cluseret) 1823 жылы 13 июньде Парижде туды. Сен-Сир әскери мектебінде оқып, одан 1843 жылы подпоручик (sous-lieutenant) болып шықты. 1848 жылы поручик атағында жүріп Парижде жұмысшылардың көтерілісін (июнь күндері) күшпен басып-жаныштауға мейлінше белсене қатысты. 6 сағат ішінде 11 баррикаданы басып алып, 3 туды қолға түсірді. Бұл «ерлігі» үшін құрметті легион орденін алды. 1855 жылы капитан шенінде Қырым соғысына қатысты. Содан кейін отставкаға шықты. Гарибальдидің армиясымен бірге Италияны азат ету жолындағы соғысқа

қатысты. 1861 жылы Америкаға кетіп, құл иеленуші штаттарға қарсы өзара соғысқа қатысты. Генерал дәрежесін және (Croskeys тұсындағы жеңістен кейін) Америка азаматы болу правосын алды. Францияға қайтып келді. 1868 жылы «L'Art» * газетіндегі мақалалары үшін түрмеге түсті. Сен-Пелажи түрмесінде Интернационал қайраткерлерімен байланыс жасады. Газеттердегі батыл әскери сыны үшін Америка азаматы ретінде Франциядан қуылды. Республика жарияланғаннан кейін (4 сентябрь 1870 ж.) Парижге қайтып келді, Лионда және Марсельде көтеріліс жасау әрекетіне қатысты. 1871 жылы 3 апрельде Коммунаның әскери министрі болып тағайындалды. 16 апрельде Коммунаның мүшелігіне сайланды. Исси бекінісін жауға бергені үшін оны Коммуна орнынан түсіріп, тұтқынға алды, бірақ жолдастық сот ақтап жіберді. Коммуна құлағаннан кейін Франциядан қашып кетті. 1872 ж. 30 августа Версаль соты өлім жазасына кесті. 1881 жылғы амнистиядан кейін Францияға қайтып келді, *«Коммуна»* және *«Марсельеза»* [120] газеттеріне жазып тұрды. Армияны бағынбауға үгіттегені үшін екі жыл түрмеге кесілді. Франциядан қашты. 1888 жылы депутаттар палатасының сайлауында революциялық партияның кандидаты ретінде шығып сөйлеп, парламентаризм мен радикалдық, «клемансолық» партияны [121] соққылады. 1889 ж. Тулонның 2-округінде депутаттар палатасына сайланды. Социалистік жұмысшы тобында болды. «Армия және демократия» деген кітап (1869) және Коммунаға арналған екі том «Мемуарлар» (1887) жазды.

«Вперед» № 11,
23 (10) март, 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

---

* — «Өнер». *Ред.*

АЛҒАШҚЫ АДЫМ

«Искраның» 91-номерінен партия Советінің 1905 ж. 10 марттағы қаулысын оқып шығып: еңбектеніп көріңіз, бірдеме шығар, дедік біз. Советтің 1905 жылғы 8 марттағы қаулысы туралы хабар және «Вперёдтің» 10-номеріндегі біздің жауабымыз * Россияға жетіп үлгірген де жоқ, онда да енді Советтің жаңа, тамаша бет бұрыс жасағанын атап өтуге тура келеді, ал біз бұл бет бұрыс үшін жаңа искрашыл жолдастарды шын ниетімізбен құттықтаймыз және осы бағытта олардың бұдан әрі қадам басуын шын ниетімізбен тілейміз.

Советтің 1905 ж. 10 марттағы қаулысы орыс Бюросы шақырып отырған партияның III съезінің мүшелеріне арналған үндеу болып отыр, мұнда партияның бірлігін қалпына келтіру үшін герман партиясы мен Бебельді келістіруші етіп алу жөнінде съезге ұсыныс жасалған және мәселені аралық адамның тексеріп шешуі идеясын жүзеге асыру туралы келіс сөз жүргізу үшін съезге Советтен екі өкіл жіберуге келісім білдірілген.

«Жаңа жолға» қарай алғашқы адым жасай отырып, әлбетте, Совет өзінің кейбір ескі тәсілдерін қолданбай қалған жоқ, «Вперёдтің» 10-номерінде-ақ ішкі мәні сорақы екенін біз көрсеткен өтірікті қайталамай қала алмады,— атап айтқанда бұл өтірік мынадай: орыс комитеттерінің көпшілігі шақырып отырған съезд партия съезі болмайды-мыс, «партия мүшелерінің аз ғана тобы өз қарарларын партияның нағыз көпшілігіне таңғысы»

* Қараңыз: осы том, 367—369-беттер. *Ред.*

келеді-міс. Бұл жалтарулар кісі күлерлік болмаса да өкінішті болар еді, сондықтан бұған біздің тағы да тоқталып жатқымыз келмейді. Оның үстіне бұған тоқталғымыз келмейтіні — Советтің жаңа адымы барлық назарды табиғи түрде бүтіндей өзіне аударып әкетіп отыр, өйткені Совет әйтеуір ақырында (әйтеуір ақырында!) партиядағы дағдарысты реттеу ісінде партия съезінің маңызын түсінді, ақырында, болмашы, жасқаншақ, дәйексіз әрекет болса да, әйтеуір алғашқы әрекетті жасады, нақты жағдайға тура қарауға, затты өз атымен атап, екінші съезден кейін туған партияның екі бөлігі арасында тікелей келіс сөздер жүргізу арқылы партияның бірлігін қалпына келтіру жолын — «жаңа жолды» байқап көруге әрекет жасады.

Талаптарың оң болсын! Әлдеқашан осылай ету керек еді,— сонда сорлатқан, сорақы, созалаң дағдарыс пен жасырын жікке бөлінуге кеткен талай айлар пролетариат партиясы үшін сақталған болар еді. Россияда қызмет етіп жүрген партия қызметкерлерінің еркімен тура және ашық сапасуға сәл байсалды, адал тілек білдірілген болса,— россиялық социал-демократия өзінің уақытша ыдырауға ұшыраған халінен бұдан бір жыл бұрынақ құтылған болар еді. Иә, бір жыл бұрын, тіпті бір жылдан да ерте құтылған болар еді.

Бұл 1904 ж. январьдың аяғында болды. Партия Советі партиядағы жаңа жағдайды және партиядағы дағдарысты талқылау үшін алғаш жиналған-ды, онда Плеханов, Аксельрод, Мартов, Васильев және Ленин болды. Бұған қатысқан Орталық Комитеттің мүшелері және көпшіліктің жақтастары болған соңғы екеуі мынаны айқын көрді: партияны *іс жүзінде* азшылық жікке бөлген және бұл жікке бөлінудің *жасырын* сипаты партияға ұшы-қиыры жоқ іріткі салады, партияны мүлде кері кетіреді, «қиян-кескі керістің» нағыз дөрекі тәсілдерін жүргізу үшін бір жақтың қолын бос қояды, ал екінші жақты ортақ шешімдерді орындау борышымен матап қояды. Жасырын адюльтердің ашық еркін махаббатқа қатысы қаншалықты болса, партиядағы *жасырын* жікке бөлінушілік те (өзінің моральдық-саяси маңызы жағынан және өзінің моральдық-саяси нәтижелері жағынан)

шамамен алғанда ашық жікке бөлінушілікке қатысы соншалықты.

Міне, сондықтан да Советтің осы аталған мүшелері қарар ұсынады (28 январь, 1904 ж.), бұл қарарды Шахов түгел бастырып шығарды («Съезд үшін күрес», 81-бет) * және онда *большевиктер*, редакцияда да, Советте де, яғни партияның жоғары мекемесінде өз қарсыластарының басым екендігіне қарамастан, тарихи кезеңнің аса күрделі міндеттері алдында партия ішінде татулықтың қажеттілігі туралы бірінші болып сөз қозғайды. Большевиктер онда, бір жағынан, қажетті және сөзсіз идеялық күрес пен «лайықсыз керістің», іріткі салушылықтың, орын үшін бас араздықтың, бойкоттың, тағы сондайлардың арасындағы айырмашылықты айқын ажыратып көрсетеді. Большевиктер партия Советін партияның барлық мүшелерін олар «өздерінің арасындағы ұсақ-түйек бас араздықтың бәрін тез тастап, идеялық күресті уставты бұзуға апармайтын, практикалық іс пен тиімді жұмысқа кедергі келтірмейтін шеңберге біржола» қоюға шақыруға үндейді. Бізде партияның дербес әрекет етуі туралы айтуды ұнататын, бірақ партияның жікке бөлінуіне қатысты *документтерді зерттеп білуден* гөрі желбуаз өсек-аяңды артық санайтын партияның ұмытшақ мүшелері соншалық көп, сондықтан біз партия істерін талдап түсінгісі келген жолдастардың бәріне «Съезд үшін күрес» деген кітапшаның 81-бетіне көз салуды батыл ұсынамыз.

Әрине, меньшевиктер Ленин мен Васильевтің қарарын қабылдамай, Орталық Комитетті меньшевиктерді «кооптациялауға» шақыратын қарарды (Плеханов, Мартов және Аксельрод) қабылдады. Орталық Комитет 1903 ж. 26 ноябрьде өзінің, Орталық Комитеттің, таңдауымен *екі* меньшевикті кооптациялауға келісім бергендіктен, Советтің бұл қарары белгілі *үш* адамды Орталық Комитетке еріксіз таңудан басқа түк те емес еді. Дәл осы «үшеуге» бола принциптік алауыздықтардың ойлап шығарылғандығын және *1904 ж. ноябрьге дейін* «лайықсыз керістің» жүргізіліп келгенін қазір бүкіл партия документ жүзінде (Лениннің «Мәлімдемесі-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 122-бет. *Ред.*

нен») * біледі. Кооптация туралы қарарға жауап ретінде Ленин мен Васильев ерекше пікір ұсынды (Шахов, 84-бет) **, білмейтіндерді немесе ұмытшақтарды үйрету үшін біз мұны қайта оқып шығуды ұсынамыз, ал мұнда былай делінген: «қазіргі партиялық араздықтардан адал және дұрыс шығудың, орталықтардың құрамы үшін болып отырған бұл масқара күресті тоқтатудың дереу партия съезін шақырудан басқа ешқандай әдісін» Орталық Комитеттің бұл мүшелері «мүлде көре алмай отыр».

Меньшевиктер, әлбетте, съезді болдырмауға тырысуда. Съезде нендей бір келісімдер жасасуға болады, әйтпесе күрестің өзі жасырын және сатқын махаббат сияқты жексұрын сипат алып кетеді деп айтқан ақыл оларға ешқандай әсер етпейді. Айта кететін бір нәрсе, егер «сатқын махаббат» жөнінде ұялмасқа бел байлаған меньшевиктер тарапынан бұл тактика заңды және түсінікті болса, *ымырашыл* Плеханов тарапынан бұл тактика өте зор қателік болып шықты, оны дағдарыстың одан кейінгі бет алысы айқын көрсетті. Қазір барша жұрт та, әрбір адам да фактілерден (атап айтқанда Глебовтың және оның серіктерінің кейінгі кездегі қылығын көрсететін фактілерден) мынаны көріп-біліп отыр: егер Плеханов 1904 жылғы январьда съезді жақтап дауыс берген болса, онда съезд тез арада шақырылған болар еді және *съезде айбарлы ымыраласқан партия құрылған болар еді,* ал мұндай партия жеке алғанда көпшіліктің де, азшылықтың да басым болуына *ешқандай жағдайда да* мүмкіндік бермеген болар еді. *Онда* съезд *ымыраласу* съезі бола алатыны былай тұрсын, шын мәнінде сөзсіз сондай съезд болған болар еді. Қайталап айтамыз: бұл бос жорамал емес, кейінгі оқиғалардың нақты барысында *сөзсіз дәлелденген* ой-пікір. Бірақ Плеханов та тура және ашық түсінісіп, біржолата келісу әрекетінен гөрі «сатқын махаббатты», яғни жасырын жікке бөлінушілікті артық санады.

Ал қазір біз нені көріп отырмыз? Меньшевиктер жасқаншақ, тиянақсыз түрде болса да, кешігіп болса да

* Қараңыз: осы том, 121—132-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 155—156-беттер. *Ред.*

большевиктердің ұсынған жолына келуге мәжбүр болып отыр. Большевиктер өз айтқанында тұрып, съезді шақыратын болды, олар егер «құрметті жұбайлардың» бұдан әрі «бірге тұруына» тағдыр жазбаған болса, онда зымиян су жүректерге ұқсап жасырынбай, ашықтан-ашық ажырасу керек деп орынды пікір айтып отыр.

Әрине, ештен кеш жақсы, сондықтан Советтің жасқаншақ адымын, өзінің екі «өкілін» жіберуге дайын екенін де біз шын ниетімізбен құттықтаймыз. Бірақ біз бұл қадамның жасқаншақтығына және дәйексіздігіне сөзсіз қарсылық білдіреміз. Сіздердің съезге *шетелдегі Советтің* тек екі өкілін ғана жібергелі отырғандарыңыз қалай, мырзалар? *Барлық* партия ұйымдарының өкілдерін неге жібермейсіздер? Көпшілік Комитеттері Россиялық Бюросының мүшелері съезге барлығын *шақырды ғой* және соның ішінде редакцияға да, Советке де, Лигаға да арнаулы хаттар жіберді ғой! Мұндай өрескел және ақылға сыйымсыз қайшылық неліктен: бір жағынан, Орталық Комитеттің үш серісімен *екіжүзді* бітім жасау үшін (көпшілік комитеттерінің еркіне кеpiне қарсы) Советтен «өздеріңіздің екі өкіліңізді» жіберумен ғана тынған жоқсыздар, *азшылықтың барлық комитеттері мен ұйымдарының пікірін сұрадыңыздар,* бұл жөніпде «Искраның» 83-номерінде тура мәлімделген болатын. Ал, екінші жағынан, бүкіл партиямен *шын* татуласу үшін сіздер «тікелей келіс сөздер жүргізуге» жалғыз шетелдік Советтің екі өкілін ғана жібересіздер. Бізге әдебиетшілер тобымен келісуден гөрі меньшевиктермен келісу жүз рет маңыздырақ, демек, орыс меньшевиктері қайда? Сонда ұйымдардың мүшелері мен өкілдері — *жұмысшылар* қайда, сіздер екінші съезге қарсы айдап салған және олардың дербес әрекет ету қабілеттілігі туралы өздеріңіз даурығып жүрген жұмысшылар қайда?? Сонда Акимов пен Брукэр, Махов пен Егоров жолдастар (немесе олардың достары мен пікірлестері) өз көзқарастары тұрғысынан меньшевиктерді мейлінше дәйекті түрде жақтаған, алайда өздерінің беделін түсірмеген, яғни кооптацияға бола ұрыс-керіске қатыспаған осы жолдастар қайда? Жаңа «Искрада» Плеханов және басқалар сендіргендей, сіздер олармен келісті-міс деген

Кричевский жолдас және басқа бұрынғы «экономистер» қайда? Көп нәрселер жөнінде сіздердің Рязановпен ынтымақтас болғандарыңыз бізге түсінікті, алайда ол *меньшевиктік ұйым болғандықтан Лигаға кіруден бас тартты ғой*, сонда да Рязанов жолдас қайда?

Әлде сіздер бұл жолдастардың бәрінің де мандаттары жоқ дейсіздер ме? Бірақ, сіздер, *«ресми пікірлердің бәрін былай алып қойып»,* съезге хат жазып отырсыздар ғой!!

Жоқ, мырзалар, біздерді жартыкеш шаралармен қанағаттандыра алмайсыздар және әдемі сөздермен алдандыра алмайсыздар. Егер сіздер шын мәнінде — турасынан және «ресми пікірлер» қоспай-ақ айтайық — бір ұйымда бірлесіп жұмыс істейміз десеңіздер, онда *бәріңіз де съезге келіңіздер* және бізден кооптация жөніндегі пікірлер емес, *тек бір ғана* идеялық пікірлер бөлектеп жүрген жолдастардың бәрін де шақырыңыздар. Онда «революционерлердің ізгі ниетімен» санасасыздар, ал сіздер съезден тасаланғанда, осыны орынсыз сылтау етіп жүрсіздер, шынында осының *тек бір өзі* съезге қатысушы *бүкіл* партияның тағдырын түгелдей және сөзсіз шеше алады. Онда *съездің барлық мүшелерінің* осы «ізгі ниетіне» ықпал ете алатын келістірушілерді іздеңіздер. Біз мұндай келістірушінің қай-қайсысын да шын ниетімізбен құттықтаймыз.

Еңбектеніп көріңіз, бірдеме шығар... Большевиктер өзінің ашық күресімен мынаған қол жеткізді: біз қазір дағдарыстан құтылудың болуы ықтимал, төте, бірыңғай жолына өте жақын келдік. Біздің съезді шақыруға қолымыз жетті. Біздің партиясыз қалған партия Советінің бурбондарша айқайлауынан меньшевиктердің тікелей келіс сөздер жүргізу үшін тура және ашықтан-ашық ұсыныс жасауға бет бұруына қолымыз жетті. «Жаңа жолмен» екінші қадам жасауға Советтің ақылы мен адалдығы жете ме, жетпей ме,— бірақ қалай болғанда да біз партиялықтың үйірмешілдікті толық жеңуін қамтамасыз етеміз деп сенеміз.

«Вперед» № 11,
23 (10) март, 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕ [122]

Программа жобасын жазған мен *емес* екенімді осылай баса айту арқылы программа жобасы туралы біздің таласымызды оспақ, кекесін, кінә түрінде Плеханов бірінші болып жұрт алдына тартып отыр. Амал не, ол бұл таластар туралы әңгіме етпейді, тек өсек-аяңмен, яғни селт еткізерлік, бірақ түсініксіз, тексеруге келмейтін пікірді айтумен шектеледі. Сондықтан мен өз әріптесімнің Плехановқа қарсы мақаласына мынаны қосуға тиістімін: программа жобасын талқылаған кездегі біздің таластарымыз туралы менде документті деректер бар, ал бұл деректерді мен бір реті келгенде жариялаймын. Сонда оқушылар мынаны көретін болады: 1) біздің арамыздың сууы «Не істеу керектің?» салдары деген Плехановтың пікірі мүлдем бекер. Арамыздың сууы программа туралы таластар кезінде алтаудың қақ бөлінуінен болды; 2) мен ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстырып шығаратыны туралы тезисті программаға енгізуді жақтадым және жақтап шықтым. Ал Плеханов атышулы «азды-көпті» деген сияқты тұрлаусыз сөздермен қанағаттанғысы келді; 3) мен біздің партияның таптық сипаты туралы әңгіме болатын жердегі «еңбек етуші және қаналушы бұқара» деген терминнің орнына, «пролетариат» деген терминді алуды жақтадым және жақтап шықтым; 4) мен және алтаудың ішіндегі менің жақтастарым Плеханов программасының жобасында партияның пролетарлық сипаты жеткілікті көрсетілмеген деп оны кінәлағанымызда, ол маған партияның пролетарлық сипатын мартыновша түсінесіз деп қарсы дау айтты.

«Вперед» № 11,
23 (10) март, 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММА ТУРАЛЫ

(III СЪЕЗГЕ ХАТ)

Шаруалардың күн санап етек алып, күшейіп отырған жаңа қозғалысы біздің аграрлық программа туралы мәселені тағы да бірінші қатарға қойып отыр. Бұл программаның негізгі принципі, әрине, алауыздықтар мен таластар туғыза алмайды. Пролетариат партиясы шаруалар қозғалысын қолдауға тиіс. Осы күнгі помещиктік жер иеленушілікті партия еш уақытта шаруалардың революциялық тегеурінінен қорғамайды, бірақ сонымен қатар ол деревняда тап күресін өршітуге және бұл күреске саналылық енгізуге әрқашан да тырысатын болады. Меніңше, бұл принциптерді социал-демократтардың бәрі де жақтайды. Бұл принциптерді нақты өмірге қолдануға тура келген кезде ғана, бұларды кезектегі міндеттерге сәйкес программада тұжырымдауға тура келген кезде ғана алауыздық басталады.

Әр алуан теориялық алауыздықтарды басқадан гөрі өмір шындығы жақсы шешеді, сондықтан мен революциялық оқиғалардың шапшаң бет алысы социал-демократия арасында аграрлық мәселе жөнінде болып отырған осы алауыздықтарды да жояды деп сенемін. Әр алуан жер реформалары жайында негізсіз жобалар жасаумен әуестенушілік біздің жұмысымыз емес екендігін, біз пролетариатпен байланысты нығайтуға, шаруалар қозғалысын *қолдауға,* сөйте тұра шаруа-қожайынның меншікшілдік тенденцияларын, революция неғұрлым тез ілгері басқан сайын, пролетариатқа деген жаулығы соғұрлым тез және соғұрлым айқын біліне түсетін тен-

денцияларын естен шығармауға тиіс екендігімізді ешкім бекер дей қоймас.

Бірақ, екінші жағынан, басымыздан кешіріп отырған революциялық кезең әбден айқындалған нақты ұранды талап ететіндігі анық. Мұндай ұран — *революциялық шаруалар* комитеттерін құру болуға тиіс, ал біздің партияның аграрлық программасы оны өте дұрыс көтерді. Шаруалар қозғалысында қараңғылық, санасыздық аяқ алып жүргісіз көп, сондықтан бұл жөнінде қайсы бір бос қиялға берілу өте-мөте қауіпті болған болар еді. Мужиктің қараңғылығы ең алдымен қозғалыстың *саяси* жағын түсінбеушілігінде,— мәселен, *бүкіл мемлекеттің бүкіл* саяси құрылысын демократиялық жолмен негізінен қайта құрмайынша, жер иеленуді кеңейту жолында ешқандай берік қадам жасауға мүлде мүмкін емес екендігін түсінбеушілікте болып отыр. Шаруаға жер керек, ал оның революциялық сезімі, оның түйсіктен туған, қара дүрсін демократизмі помещик жеріне қол салудан басқа түрде көрінуі *мүмкін емес.* Мұны, әрине, ешкім теріс демейді. Социалист-революционерлер шаруалардың осы көмескі тілегіне таптық тұрғыдан талдау жасаумен қараудың орнына, осы жағдаймен шектеліп жүр. Социал-демократтар осындай талдаудың негізінде кесінді жерлерді қайтарып беру талабынан әрі шаруалардың бәрі бірдей ынтымақтасып баруы *мүмкін* бола қоймас дегенді айтады, өйткені мұндай аграрлық өзгеріс шеңберінен асқанда, село пролетариаты мен «шаруақор мужиктердің» арасында антагонизм айқын туатындығы сөзсіз. Әрине, социал-демократтар көтеріліс жасаған мужиктің «помещикті біржолата құртуына», оның *бүкіл* жерін тартып алуына ешбір қарсы болмайды, бірақ олар пролетариат программасында авантюризмге салына алмайды, меншікшілерге қарсы таптық күресті меншік иесі таптардың немесе разрядтардың тек алмасуы болып табылатын жер иеленуді қайта құрудың (тіпті демократиялық қайта құрудың да) дәмелендіргіш перспективасымен көмескілей алмайды.

Осы уақытқа дейін біздің программада кесінді жерлерді қайтару талабы қойылып келді, ал программаға берілген түрлі түсініктемелерде: кесінді жерлер тіпті де

бөгет емес, қайта «бұдан да ілгері басу үшін керекті есік» *, пролетариат шаруаларды бұдан арғы сапарында да бар ынтасымен қолдайды, бірақ ол өзінің уақытша одақтасы болған қожайын шаруа шаруақорлық шеңгелін созып келе жатқан жоқ па деп, оған сөзсіз көз салып, бақылап отырады делініп келді. Енді, революциялық оқиғалар алдында, еріксіз мынандай сұрақ туады: тактикамыздың *осындай* қағидасын түсініктемелерден программаның өзіне көшіру дұрысырақ болмас па екен? Өйткені қайткенмен де программа дегеніміз социал-демократия көзқарастарының жалпы партиялық ресми көрінісі болып табылады ғой, ал түсініктемелердің қай-қайсысы да қажеттігіне қарай белгілі бір социал-демократтың азды-көпті өзіндік көзқарасы болып табылады. Сондықтан программаға бұл мәселе жөніндегі саясатымыздың неғұрлым жалпы қағидасын енгізу, ал түсініктемелерде, мәселен, кесінді жерлер сияқты жеке шараларды, жеке талаптарды дамыту дұрысырақ емес пе?

Өз ойымды неғұрлым анықтап айту үшін мен бұл арада біздің программаның тиісті жерінен орын алуға мүмкін деген тұжырымды келтірейін: (РСДРП ең алдымен мынаны талап етеді)... «4) крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын жою үшін, деревнядағы жалпы қарым-қатынастардың бәрін демократиялық жолмен өзгерту үшін және шаруалардың хал-жайын жақсартатын, помещиктердің жерлерін тартып алудан да тайынбайтын революциялық шаралар қолдану үшін шаруалардың революциялық комитеттерін құру. Социал-демократия село пролетариатының дербес мүдделерін және дербес ұйымын қорғай отырып, шаруаларды олардың барлық революциялық-демократиялық істерінде қолдап отырады».

Программаға ұсынылып отырған тұжырымға осы кезге дейін әдетте түсініктемелерде айтылып жүрген нәрселер енгізілді, ал «кесінділер» программадан түсініктемеге көшіріледі. Мұндай өзгерістің артықшылығы — программада пролетарлық позицияның айрықша екендігі айқынырақ көрсетіледі, ал мұндай маңызды мә-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 211-бет. *Ред.*

селедегі айқындылық бүкіл редакциялық қолайсыздықты басып кетеді (программаға анық талаптың орнына әдетте түсініктемелерге жатқызылатын түсіндірулерді енгізу осындай қолайсыздық болып табылады). Дегенмен, ескерте кетейік, біздің программада қазірдің өзінде мұндай түсіндірулер бар: мәселен, полициялық-чиновниктік езушілікті[123] ныгайтуға байланысты реформалармен күресу туралы пунктті салыстырыңыз. Тағы да бір артықшылық—социал-демократия шаруаға ол кесінді жерлерден әрі бара алмайды және баруға тиіс те емес дейді-міс, деген қисынсыз пікірді программа біржолата жояды. Бұл пікірді программаның айқын тұжырымы арқылы жою қажет, оны түсініктемелерде түсіндірумен қанағаттанбау керек. Мен ұсынып отырған тұжырымда жерді экспроприациялаудың ешқандай нақты тәсілдері көрсетілмеуі оның кемшілгі болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл, шынын айтқанда, кемшілік пе?

Аграрлық мәселе жайында жазған социал-демократтар біздің бұл жөнінде негізсіз жобалар жасаумен әуестенушіліктің қаншалықты лайықсыз екендігін әрдайым көрсетіп келді, өйткені жер реформасының ең басты шарасы — жерді национализациялау — *полициялық мемлекетте* қажеттігіне қарай бұрмаланатын болады және қозғалыстың таптық сипатын бүркемелеу үшін пайдаланылады. Ал оның бер жағында жер қарым-қатынастарын қайта құру жөніндегі басқа шаралардың бәрі де капиталистік құрылыс тұсында национализациялауға жақындағандық қана, тек жеке шаралар ғана, тек ықтимал шаралардың кейбіреулері ғана, яғни социал-демократия тіпті де *өзін тежеуге тиісті* емес шаралар ғана болып табылады. Қазіргі уақытта социал-демократтар национализациялауға қарсы, ал тіпті социалист-революционерлердің өздері де біздің сынымыздың әсерімен бұл национализациялауға неғұрлым сақтықпен қарайтын болды (олардың программасының жобасын олардың бұрынғы «батылдығымен» салыстырыңыз).

Бірақ әңгіме мынада: революциялық қозғалыс тұрақты армияны, тағы сондайларды жоюмен қатар бізді таяудағы талаптарымыздың бірі болып табылатын демократиялық республикаға бастап келеді.

Ал демократиялық республика тұсында, халықтың қаруланған кезінде, басқа да осындай республикалық шараларды жүзеге асырар кезде социал-демократия жерді национализациялауға келгенде ант беріп, өз қолын өзі байлай алмайды. Сонымен, мен ұсынып отырған тұжырымның кемшілігі тек жорамал ғана. Шынына келгенде ол тұжырым қазіргі сәт үшін ұстамды таптық ұран береді — оның үстіне ұран толығынан нақты ұран,—сонымен қатар ол революциямыз ойдағыдай дамыған күнде қажетті немесе тілекке сәйкес келетін «революциялық-демократиялық» қадамдар жасау үшін кең өріс береді. Қазіргі уақытта, сондай-ақ шаруалар көтерілісінің толық жеңіп шыққанға дейінгі бұдан былайғы уақытта да, революциялық ұран *мужик пен помещиктің* арасындағы антагонизмді сөзсіз есепке алуға тиіс; ал кесінділер жайындағы пункт бұл жағдайды мүлде дұрыс көрсетті; оның бер жағында, әр алуан «национализациялаулар», «рента берушіліктер», «социализациялаулар» және т. с.— олардың кемшілігі де нақ осында — аталған антагонизмді елемейді және бүркемелейді.

Мен ұсынып отырған тұжырым сонымен қатар революциялық шаруалар комитеттерінің міндетін «деревнядағы жалпы қарым-қатынастардың бәрін демократиялық жолмен өзгертуге» дейін кеңейтеді. Біздің программада шаруалар комитеттері ұран есебінде ұсынылды және де олардың *шаруалар,* яғни сословиелік комитеттер деп сипатталуы өте дұрыс, өйткені сословиелік езгіні тек бүкіл төменгі езілген сословие ғана жоя алады. Бірақ бұл комитеттердің міндеттерін жалғыз аграрлық реформалармен ғана тежеп қоюға негіз бар ма? Сонда басқа өзгерістер үшін, мәселен, әкімшілік т. с. өзгерістер үшін *басқа* комитеттер құру керек бола ма? Менің жоғарыда көрсеткенімдей, шаруалардың бар қырсығы — олардың қозғалыстың саяси жағын мүлде түсінбейтіндігінде. Егер шаруалардың хал-жайын жақсарту ісіндегі олардың жемісті революциялық шараларын (астықты, малды, *жерді* конфискелеу) жеке жағдайларда болса да *шаруалар комитеттерін* құрумен және олардың қызметімен, сондай-ақ бұл комитеттерді революциялық партиялардың (ал, ерекше қолайлы жағдайларда рево-

люциялық уақытша үкіметтің) толық мақұлдауымен ұштастыруға тура келген болса, онда шаруаларды демократиялық республика жағына тарту жолындағы күресте ұттық деп есептеуге болар еді. Ал шаруаларды бұлай тартпайынша олардың революциялық қадамдарының бәрі де өте баянсыз болады, олардың барлық жеңіп алғандарын өкімет басында тұрған қоғамдық таптар оп-оңай тартып алып қоятын болады.

Ақырында, «революциялық-демократиялық» шараларды қолдау туралы айта келіп, ұсынылып отырған тұжырым шаруалардың жерді тартып алуы сияқты шаралардың жалған социалистік, алдамшы *сыртқы көрінісі* мен олардың нағыз демократиялық мазмұнының арасына айқын шек қояды. Осылай шек қоюдың социал-демократ үшін қаншалық маңызды екенін білу үшін Маркс пен Энгельстің, мәселен, Американдағы аграрлық қозғалысқа көзқарасын (Маркс 1848 жылы Криге [124] туралы, Энгельс 1885 жылы Генри Джордж [125] туралы) еске түсірудің өзі жеткілікті. Қазір жер үшін болатын шаруалар соғысын, жер алуға ұмтылушылықты (жартылай крепостниктік елдерде немесе отарларда), әрине, ешкім *теріс* деп тапнайды. Біз оның заңдылығы мен прогресшілдігін толық мойындаймыз, бірақ біз сонымен қатар оның демократиялық, ягни *сайып келгенде* буржуазиялық-демократиялық мазмұнын әшкерелейміз, сондықтан да осы мазмұнды қолдай отырып, біз өз тарапымыздан ерекше «ескертулер» жасаймыз, *пролетарлық* демократияның «дербес» ролін, социалистік революцияға ұмтылып отырған таптық партия ретінде социал-демократияның айрықша мақсаттарын көрсетеміз.

Алдағы съезде менің ұсынысымды талқылауды және программаның тиісті пунктін мен көрсеткен рухта кеңейтуді жолдастарға ұсынуыма себеп болып отырған пікірлер міне осындай.

*«Вперед» № 12,
29 (16) март, 1905 ж.
Қол қойған. — ъ*

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БОНАПАРТИСТЕРДІҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

Женева, 29(16) март.

Біз Тверьден жаңа ғана мынадай хабар алдық: 9 мартта Орталық Комитет өкілінің қатысуымен өткен перифериянын Комитетпен бірлескен жиналысында Орталық Комитет шақыратын (1905 жылғы 4 мартта партияға арналған үндеуі) партияның III съезіне көзқарас туралы мәселе талқыланды. Тверь комитетінің қарары оқылды: «Партияның III съезіне әзірлену жөніндегі РСДРП Орталық Комитетінің үндеуін (Орталық Комитеттің 1905 ж. 4 марттағы қарарын) құттықтай келіп, Тверь комитеті өз мәжілісінде бұл съезге делегат жіберу арқылы қатысу керек деп қаулы етті. Тверь комитеті Ұйымдастыру бюросы өкіліне осы Бюро ұйымдастыратын съезге өзінің қатысатыны жайында мәлімдеме жасағандықтан, Тверь комитеті мынаны атап көрсетуді борышы деп есептейді: ол бұл мәлімдемені Бюро өкілі * ұйымдастырылатын съезді кезекті съезд ету жөнінде Орталық Комитеттің қаулысы бар дегендіктен жасаған болатын».

Периферия жиналысы Тверь комитетінің қарарына қосылмады. Бір адам қарсы, бір адам қалыс қалып, көпшілік жеті дауыспен мынадай қарар қабылданды: «III

* Тверь комитеті мен перифериянын февральдағы мәжілісінде III съезд туралы баяндама жасаған Көпшілік Комитеттері Бюросының өкілі бізге Тверь комитетінің бұлай деуі «дәл емес» деп хабарлайды: «Мен Орталық Комитеттің мүшесі Никитичтің *тікелей мәлімдемесі* негізінде,— дейді ол бізге,— Орталық Комитеттің кезекті III съезді жариялау *ниеті болғанын*, келісу жолымен, Бюро шақырғалы отырған съезді осы кезекті съезд еткісі келгенін хабарладым, бірақ сол кезде түрлі жағдайлардың салдарынан бұл мәселе жөнінде Бюромен ресми келіс сөз жүргізуге әлі *үлгірмеген* едім».

съезді дереу шақыруға әзірлену жөніндегі Орталық Комитеттің үндеуін, ақырында, естіген соң және Орталық Комитеттің осы бастамасын құттықтап, біз Ұйымдастыру бюросы шақыратын *партия* съезіне қазірдің өзінде қатысқанымызды мәлімдейміз. Орталық Комитеттің 4 марттағы «Партияға» деген үндеуінде жасаған ұсыныстарын біз Орталық Комитет пен Ұйымдастыру бюросы арасында тек ресми келісім жасалған күнде ғана қабылдауға болады деп есептейміз» (жақтаушылар — 6, қарсы — 3). Қарсы дауыс берген үшеудің ой-пікірін сипаттау үшін қарсы дауыс берген екі жолдас ұсынған екінші бір қарарды келтірейін: «Партияның III съезін шақыру туралы Орталық Комитеттің қарарын құттықтай отырып, жергілікті ұйым Орталық Комитет пен Ұйымдастыру бюросына өзара келісімге келуді өте-мөте ұсынады. Егер келісім болмаса, жергілікті ұйым өз еркімен әрекет ететін болады».

Бұл хабардан шығатын қорытынды мынадай: 1) комитеттің өзінің мойындауынша, Тверь комитеті перифериямен бірге Көпшілік Комитеттері Бюросы ұйымдастыратын съезге қатысуға келісетіндігі туралы мәлімдеді; 2) содан соң, Орталық Комитеттің III съезді шақыруға берген жаңа уәделерінің ықпалымен, Тверь комитеті өзінің келісімін қайтып алды. Алайда периферия комитетке ермеді және Бюро шақырып қойған съезге қатысудан бас тартпады; 3) Орталық Комитеттің III съезді шақыру жайындағы жаңа уәделері оның осы кезге дейін жарияланбаған, бізге беймәлім «1905 жылғы 4 марттағы партияға арналған үндеуінде» берілген.

Біздің атақты Орталық Комитеттің қимыл-әрекеттерін тиісінше бағалау үшін, 1-ден, партия уставын, 2-ден, кейбір фактілерді жолдастардың есіне салайық. Устав бойынша съезді Орталық Комитет шақырмайды, *Совет* шақырады. Олай болса, Орталық Комитет өзі жауап бермейтін уәделер беріп отыр. Орталық Комитет устав бойынша өзі, Орталық Комитет, істей алмайтын нәрсе жөнінде уәде береді. Орталық Комитет уәде береді немесе жорамал жасайды, ал Совет шешеді. Орталық Комитеттің уәдесіне аңқаулықпен құлақ асып жүрген және уставты нашар білетін партия мүшелері алданып қалып

отыр. Ал Советтің қалай «шешіп отырғаны» туралы фактілер былай дейді. Совет 8 марттағы (жаңаша) қаулысында («Искра» № 89) ол *«партия қызметкерлерінің көпшілігімен келісе отырып»* (мүмкін, соның ішінде Тверь комитеті де бар шығар?) *«мұндай кезеңде партия съезін шақыруды орынсыз деп табады»* деп мәлімдеді. Мұның өзі әлі де айқын емес пе? Осыдан Советтің ұялмастан партияны қайта-қайта алдап отырғандығы, өйткені ол «партия қызметкерлерінің көпшілігінен» ешқандай «келісім» алмағаны қалайша көрінбейді?

Сонан соң 10 мартта (жаңаша), яғни бір күннен кейін, Совет басқа қаулы қабылдайды («Искра» № 91), онда Көпшілік Комитеттерінің орыс Бюросы шақырған съезге екі өкіл жіберуге ризалық білдіреді, *бірақ съезді шақыруға келісетіндігі туралы бір де сөз айтпайды.*

Қосып айтайық, Совет съезді шақырудың «орындылығына» ресми түрде тек қарсы шығып қана қойған жоқ, сонымен қатар *съезд жөніндегі дауыстарды көрінеу қолдан жасап,* толық праволы деген комитеттердің санын арттырып отыр, ол қашан және қандай жаңа комитеттерді бекітілген деп танитынын партияға хабарлаудан бас тартып отыр. Советтің 8 марттағы қаулысында («Впередтің» 10-номерінде талданған) * 1905 ж. 1 январына толық праволы деп Полесье, Солтүстік-Батыс, Кубань және Қазан комитеттері аталған, бірақ соңғы екі комитетті Орталық Комитет тіпті бекітпеген, ал алғашқылары 1905 жылғы 1 апрельден бастап қана толық праволы болады.

Тек есепте ғана болмай, іс жүзінде партия мүшесі болғысы келетін партия мүшелерінен біз былай деп сұраймыз: олар осындай ойыншыққа шынымен жол беріп қоймақ па? Совет дауысты көрінеу қолдан жасап, съезге қарсы шығады, ал Орталық Комитет берілген уәделердің устав бойынша ресми маңызы болуы *мүмкін емес* екенін білмейтін адамдардың аңқаулығымен пайдаланып, съезд жөнінде «уәделер» береді! Съезді шақыруға Орталық Комитеттің «келісім бергендігі» жайындағы алғашқы хабарлар жөнінде 28 (15) февральда «Вперед-

---

* Қараңыз: осы том, 367—369-беттер. *Ред.*

тің» 8-номерінде-ақ біздің жазғандарымызды фактілер *түгелдей* растап отырғап жоқ па? Ескерте кетейік, содан бері *бір ай өтті,* «Искра» содан бері 88, 89, 90, 91 және 92-номерлерін (ескіше 10 март делінген) жарыққа шығарды, бірақ съезді шақыруға Орталық Комитеттің «келісімі» жөніндегі осы «қиып» мәселе жайында *бір ауыз сөз де* айтқан жоқ! «Впередтің» 8-номерінде мына айтылғандарды біздің тек қайталауымыз ғана қалып отыр:

«Біз жаңа ғана хабар алдық, мұны Орталық Комитеттің съезді дереу шақыруға келіскені деп түсінуге болады. Бұл хабардың растығына әзірше ешбір қол қоймасақ та, алайда, біз мұны шын сияқты деп есептейміз. Съезді жақтаған ұйымдарды таратып, комитеттерге бойкот жасап, іріткі салып, Орталық Комитет көптеген айлар бойы съезге қарсы күресті. Мұндай тактика сәтсіздікке ұшырады. Енді, «ресмилік түк емес, бар керегі — орындылық» деген өз ережесін қолдана отырып,— «орындылық» үшін *(яғни съезді болдырмау үшін)* Орталық Комитет съезді дереу шақыруды жақтайды деп ресми түрде жүз рет болса да мәлімдеме жасауға дайын. Партиялық «Шидловский комиссиясының»[126] көз бояушылығына Бюро да, жергілікті комитеттер де алданбайды деп сенеміз».

Постскриптум. Женева, 30 (17) март. Орталық Комитеттің әрекеттері жөнінде нағыз күнделік жазып отыруға тура келеді. Біз Көпшілік Комитеттері Бюросына жіберген Орталық Комитеттің мынадай хатын алдық:

«Орталық Комитет 4 мартта партияның III съезіне әзірлену жөнінде партия комитеттеріне үндеу жазылсын деп қаулы етті және де съезді мүмкіндігінше ең таяу уақытта шақыруға өз тарапынан шаралар қолдануды ұйғарды.

Жалпы партиялық съездің табысты болуы және оның тез арада шақырылуы *қазір* съезді жақтап отырған барлық жолдастар мен ұйымдардың мүмкіндігінше ынтымақтасып жұмыс істеуіне байланысты болғандықтан, Орталық Комитет «көпшілік» деп аталатынның комитеттері Ұйымдастыру бюросына бұл істе өзара келісімге келіп, съезді тез шақыру үшін және оған *бүкіл* партияның өкілдері неғұрлым толық қатысуын қамтамасыз ету үшін бірігіп жұмыс жүргізуге ұсыныс жасайды.

6 март, 1905 ж.

РСДРП Орталық Комитеті»

Шынында да, орыс комитеттерінің ұзақ төзімділігі және олардың сенімділігі шексіз-ақ! Орталық Комитет

өзінің 4 марттағы үндеуін неге жарияламайды? Бюромен «келісімге келу» туралы жалған сөздерді ол неге айтады? Бюро съезге *бәрін* түгелінен, *бүкіл партияны* шақырды, ол мұны бұдан бір ай бұрын ашық, жария түрде істеді. Бюро енді *ешқандай кешеуілдету мүмкін емес* деп Орталық Комитетке әлдеқашан-ақ жауап берген болатын. Кімде-кім *жалпы партиялық съезді* сөз жүзінде ғана қолдамаса, ол съезге келе берсін, басқа не айтамыз. Сонымен, ақырында, устав бойынша съезді Орталық Комитет емес, съезге қарсы шыққан Совет шақыруға тиісті болып отырғанда, Бюроның Орталық Комитетпен келісімінің қандай маңызы болмақ?

Совет пен Орталық Комитеттің екі жақты айласын енді *жұрттың бәрі* көреді деп сенуге болады. Ал Бюроның *өзі белгілеген* және *Орталық Комитетке хабарлаған* мерзімде съезді шақыру жұмысынан бір адым да кейін шегінбейтініне біз сенімдіміз.

1905 ж. марттың аяғында «Вперед» газетінің 13-номерінен жеке оттиск болып басылған

Жеке оттискінің тексті бойынша басылып отыр

ЕКІНШІ АДЫМ

Біз «Впередтің» 11-номерінде партиясыз қалған партия Советінің алғашқы адымын құттықтаған едік *. Біз өзімізден: жаңа жолмен екінші адымды жасауға Советтің ақылы мен адалдығы жете ме әлде жетпей ме? — деп сұрағанбыз. Енді біз жаңа ғана Россиядан: *Орталық Комитет екінші адымды жасады* деген хабар алып отырмыз. Бұл іс жөніндегі дереу жариялауға болатын документтер мынау.

1) Орталық Комитеттің 1905 жылғы 4 мартта партияға жазған үндеуі.

Партияға

Жолдастар! Россияда революция басталды! Революцияның бастамасы оның тағдырын шешетін ең басты және негізгі күш қала пролетариаты екенін айдан анық дәлелдеп берді. Алайда революцияның нәтижесін тездету, халық бұқарасының революциялық күресіне жоспарлылықты енгізу және, әсіресе, пролетариат пайдасына шешілген революцияның нәтижелерін барынша есепке алу партиямыздың күштері мен ұйымының іс жүзіндегі жағдайына орасан зор байланысты болып отыр. Тарих біздің партияға Россия пролетариаты алдында, бүкіл халқымыздың алдында, ақырында, бүкіл дүние жүзі пролетариаты алдында саяси және моральдық жауапкершілікті жүктеп отыр. Қазіргі күйде біздің партия өз міндеттерін лайықты дәрежеде россиялық социал-демократиядағы потенциалды күштердің халжайына қарай қажетті және мүмкін дәрежеде орындауға қабілетсіз болып отыр. Партияның жекелеген көрнекті мүшелері, ықпалды топтар мен толып жатқан партиялық мекемелер өзінің ішкі партиялық қызметінде терең мәнді саяси себептерді

* Қараңыз: осы том, 382—387-беттер. *Ред.*

немесе интеллигенттік ызаны қаншалықты басшылыққа алғанын қолға документтер алып айқындап жатудың өзі қазіргі кезеңде мезгілсіз және нәтижесіз нәрсе деп санап,— қысқасы, партия ішінде терең іріткі салуға кімнің қандай дәрежеде кінәлы екендігі жөніндегі мәселені былай қойып, Орталық Комитет өзіне жүктелген жауапкершіліктің барлық ауыртпалығын мойындай отырып, партияның қажетті бірлігін қамтамасыз ету үшін және біржолата жікке бөлінуді болдырмау үшін қолдан келген барлық шараны қолдануға өзінің бекем бел байлағанын бүкіл партия алдында мәлімдейді. Революцияның дамуы россиялық социал-демократияның алдына күн сайын дерлік бірсыпыра жаңа мәселелер қойып отыр. Бұл мәселелердің көпшілігі біздің тактикада жөнді көрсетілмеген, өйткені мұның өзі көбінесе «бейбіт» уақытқа лайықталып жасалған тактика. Ал бірқатар басқа мәселелерге партияның бұрынғы тәжірибесінен жауап табылмайды, өйткені бұл мәселелер енді ғана пайда болған жаңа себептерден туып отыр. Партиялық әдебиет, әрине, көмек көрсетіп отыр, бірақ оның жауаптары толықтығы, бірыңғай ұстамдылығы жағынан, жұрттың бәрі мойындайтын беделділігі жағынан жергілікті қызметкерлерді әрдайым қанағаттандыра бермейді. Ең соңғы уақыттарда жеке конференциялардан кейін біріккен комитеттердің едәуір бөлігі партияның II съезі қабылдаған партия уставы негізінде өмір сүріп отырған партияның орталық мекемелеріне сенімсіздік саясатын қолданды, сөйтіп оны өз органын, өз орталығын құрумен тындырды, ал қазіргі уақытта өз съезін шақыру жөнінде жұмыс істеп жатыр. Ақырында, осы жылдың жазында кезекті III съезді шақыру үшін партияның уставы белгілеген уақыт туады.— Мұндай жағдайларда Орталық Комитет жікке бөлінуді болдырмаудың бірден-бір және ең соңғы амалы *ең таяу уақыттың ішінде жалпы партиялық съезді шақыруда* деп біледі.

Басымыздан кешіріп отырған саяси кезеңнің партия алдына қойған аса маңызды міндеттерін әбден талдап шешу мағынасында да, сондай-ақ партияның шын мәнінде берік бірлігін орнату мағынасында да съездің жұмысы жемісті болуы барлық елеулі және ықпалды ағымдардың съезде жан-жақты және толық қатыстырылуына байланысты деп сенген Орталық Комитет, устав негізінде, өкілдіктің толық болуын қамтамасыз ету үшін жолдастарды кеңесші дауыспен съезге шақыру жөніндегі өзінің правосын кең пайдалануға бел байлады. Партияны жегідей жеп отырған егестің кей жерлерде елеулі топтардың комитеттерден тікелей бөлініп кетуіне, ал кей жерлерде — комитеттер мен периферия арасында қатты антагонизм тууына себепкер болғанын ескеріп, Орталық Комитет: 1) осы жылғы 1 мартқа дейін комитеттерден бөлініп кеткен барлық топтарға, 2) ірі өнеркәсіп орталықтарының барлық перифериялырына комитеттің қызмет істеп отырған ауданында ең кемі 20 000 жұмысшысы бар және съезге делегат сайлау мәселесінде периферия мүшелерінің жартысынан көбі жергілікті комитетке сенімсіздік туғы-

затын жердегі перифериялarға кеңесші дауыс правосымен съезге өз өкілдерін жіберуді ұсынады.

Ескерту. Орталық Комитет бұл ретте периферия құрамына кіретіндер деп мыналарды: комитет қарамағындағы ұйымдардың біріне кіретін, комитеттің басшылығымен және бақылауымен үгіт, насихат, ұйымдастыру, әдебиет жазу, бастырып шығару және тарату жөнінде белсенді революциялық жұмыс істеп жүрген жолдастарды ғана есептеу керек деп ұсынады. Одан әрі, устав бойынша жалпы партиялық съезді партия Советі шақыратын болғандықтан, Орталық Комитет қазір партияның бірлігін қамтамасыз етудің бірден-бір құралы ретінде III съезді шақыруды жақтауға партияның жергілікті комитеттерін шақыра отырып, өз тарапынан, партия Советіндегі өз өкілдері арқылы съезді тезінен шақыру туралы өзінің қарарын қуаттайды және қазірден бастап практикалық бірсыпыра әзірлік шараларын қолданады. Оның үстіне, Орталық Комитет: бірнеше комитеттердің бастауы бойынша съезді шақыру мақсатымен құрылған «Ұйымдастыру бюросын» осы іске қатыстыру үшін қолынан келген шаралардың бәрін істейді деп мәлімдейді, ал «Ұйымдастыру бюросының» әзірлік жұмыстары съезді шақыруды тездетуге және жеңілдетуге себеп болады.

Ескерту. «Көпшілік» деп аталатындар комитеттерінің «Ұйымдастыру бюросын» съезді шақыру әзірлігіне қатыстырудың егжей-тегжейі өзара келісім бойынша жасалуға тиіс. Жікке бөлінуді болдырмаудың және партияның іс жүзіндегі бірлігін, россиялық социал-демократияның алдында тұрған ұлы міндеттерді орындау үшін бір өзі ғана бізге қажетті күш бере алатын бірлігін орнатудың ақырғы құралы жалпы партиялық съезді *дереу* шақыруда деп біліп, Орталық Комитет *съезді дереу* шақыру ісіне барынша жігерлі әзірленуге партияның барлық мүшелерін шақырады.

4 март, 1905 ж. *РСДРП Орталық Комитеті*

2) Орталық Комитеттің 1905 жылы 6 мартта Көпшілік Комитеттері Бюросына жазған хаты.

Орталық Комитет 4 мартта партияның III съезіне әзірленуге шақырып, партия комитеттеріне үндеу жазуға қаулы етті және мүмкін қадерінше ең таяу уақыттың ішінде съезді шақыруға өз тарапынан шаралар қолдануға ұйғарды.

Жалпы партиялық съездің табысты болуы және оны тезінен шақыру ісі мүмкін болғанынша *қазір* съезді жақтап отырған барлық жолдастардың және ұйымдардың ынтымақтасып жұмыс істеуіне байланысты болғандықтан, Орталық Комитет съезді дереу шақыру, оған бүкіл партияның негұрлым толық қатысуын қамтамасыз ету мақсатымен бұл істе өзара келісім жасап, бірлесіп жұмыс істеу жөнінде «көпшілік» деп аталатындар комитеттерінің Ұйымдастыру бюросына ұсыныс жасайды.

6 март, 1905 ж. *РСДРП Орталық Комитеті*

3) Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросы атынан 1905 жылы 12 мартта партияға бірігіп жазылған үндеу.

Партияға

Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросы партияның III съезін шақыру жөніндегі инициативаны міндетіне алып, партияның барлық ұйымдарына мынаны жариялайды: жалпы партиялық тактика мен партияның ұйымдық бірлігін орнату үшін партияның III съезін дереу шақырудың шұғыл қажет екендігін ескере отырып, олар съезді бірігіп ұйымдастыру жөнінде мына негіздерде келісімге келді:

1) Съезд Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросының декларацияларында баяндалған программалар негізінде шақырылады, бұл программалардан төмендегідей күн тәртібі шығады:

a) съезді заңдастыру, b) партияның тактикалық мәселелері, c) партияның ұйымдық мәселелері: 1) орталықтарды ұйымдастыру, 2) комитеттерді ұйымдастыру, 3) партияның әр түрлі мекемелері мен олардың бөлімдері арасындағы өзара қарымқатынас, d) есептер, e) сайлау.

2) II съезде қабылданған устав бойынша съезге шешуші дауыспен қатысуға правосы бар партия ұйымдарының бәрі съезге шақырылады (яғни 4 Кавказдық комитет, Москва, Петербург, Тверь, Тула, Нижний Новгород, Солтүстік, Киев, Одесса, Екатеринослав, Харьков, Дон, Воронеж, Николаев, Саратов, Самара, Солтүстік-Батыс, Полесье, Астрахань комитеттері, Лига; Донецк, Қырым, Урал және Сибирь одақтары *, ал қалғандардың бәрі — кеңесші дауыспен қатысуға праволы).

3) Партияның III съезін шақыру жөнінде Көпшілік Комитеттері Бюросының осы кезге дейін орындап келген ұйымдастыру жұмысы мақұлданады.

4) Съезді шақыру жөніндегі бұдан былайғы жұмысты Көпшілік Комитеттері Бюросы мен Орталық Комитет бірігіп атқарады, олар Ұйымдастыру комитетін құрады.

5) Партия Советінің «Искраның» 89-номерінде жарияланған партияның III съезін шақыруға қарсылық білдірген қарарын Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросы съезді ұйымдастыру жөніндегі жұмысты тоқтатуға негіз болады деп танымайды.

12 март, 1905 ж.

Орталық Комитеттің Көпшілік Комитеттері Бюросымен нақ сол 1905 жылы 12 мартта жасаған шарты әзір жариялануға жатпайды.

* Рига, Смоленск, Курск, Орел-Брянск, Қазан, Кременчуг, Елисаветград және Кубань комитеттері жөнінде Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросы арасындағы шарттың 3-пунктін қараңыз.

* *
*

Сонымен, біз толық моральдық жеңіске жеткенімізге масаттана аламыз! Россия шетелдегілерден үстем болып шықты. Партиялық үйірмешілдікті жеңді. Ақырғы сәтте Орталық Комитет Көпшілік Комитеттері Бюросы шақырып отырған съездің шын партиялық съезд екенін көріп, оған қосылды. Ақырғы сәтте Орталық Комитет антипартиялық саясаттан бас тартып және шетелдік Советке қарсы көтеріліп, жеткілікті азаматтық ерлік көрсете білді. Біздің партияның уставы бойынша съезді Орталық Комитет шақырмайды, Совет шақырады. Олай болса, заң жолымен айтқанда, бұл мәселе жөнінде Орталық Комитеттің ешбір мәлімдемелері мен келісімдерінің ешқандай күші жоқ. Бірақ Совет уставты бұзып, съезд алдында есеп беруден жалтарған кезде,— комитеттердің съезді шақыру инициативасын өз қолына ала алатындығы былай тұрсын, тіпті солай етуге тиіс болды, демек, Орталық Комитет комитеттер сайлаған Бюроны танды, сөйтіп партиясыз қалған партия Советінің сәтсіз үлгісін қолдаудан бас тартты.

Біз қазір Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросы келісімдерінің нақты мәселелері туралы еш нәрсе айта алмаймыз. Бұл мәселелердің бәрін, сол сияқты съездің күн тәртібі туралы, оның құрамы, т. т. туралы мәселені, әрине, тек съездің өзі ғана шеше алады. Сондықтан біз съездің табысты болуын тілеумен ғана және барлық жолдастарды съезді барлық жағынан бірдей әзірлеу жұмысын дереу, нағыз жігерлі түрде қолға алуға шақырумен ғана шектелеміз. Қорытындысында бізге «Впередтің» 11-номерінде өзіміздің: «...біз қазір дағдарыстан құтылудың ықтимал тоте, бірыңғай жолына өте жақын келдік» * дегенімізді тек қайталау ғана қалады.

«Вперед» № 13, 5 апрель (23 март), 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз осы том, 387-бет *Ред.*

ЕВРОПА КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ САМОДЕРЖАВИЕ

Европа капиталы орыс самодержавиесін сақтап келеді деп социал-демократиялық баспасөз бұрын да талай рет көрсеткен болатын. Шетел заемдары болмаса, самодержавие өмір сүре алмаған болар еді. Өзінің соғыс жөніндегі одақтасын қолдау, әсіресе заем төлемдері дұрыс түсіп тұрған кезде қолдау француз буржуазиясына тиімді болды. Сондықтан француз буржуазиясы самодержавиелік үкіметке аз ғана соманы — *он миллиард франк* (4000 миллион сомға жуық) ақша қарыз берді.

Бірақ... ай астындағы әлемде өзгермейтін нәрсе жоқ! Жапониямен соғыс самодержавиенің бүкіл іріп-шірігенін әшкерелеп, ақырында, самодержавиенің тіпті «досы және одақтасы» француз буржуазиясынан алатын кредитін де құртты. Біріншіден, соғыс Россияның әскери әлсіздігін көрсетті; екіншіден, бірінен-бірі ауыр соққан, үздіксіз бірнеше жеңілістер соғыстан үміттенуге болмайтындығын және самодержавиенің бүкіл үкімет жүйесінің сөзсіз толық күйрейтіндігін көрсетті; үшіншіден, Россияда революциялық қозғалыстың мықтап өсуі Европаға да өрт салуы мүмкін осындай жарылыстан Европа буржуазиясын өлердей қорқытты. Тұтанғыш материал соңғы он жылдар ішінде таудай болып жиналды. Міне, сондықтан осы жағдайлардың бәрі бірге қосып алғанда, ақырында, бұдан әрі қарыз беруден бас тартуға себепкер болды. Самодержавие үкіметінің, бұрынғыша, Франциядан қарыз алу жөніндегі жуық арадағы әрекеті сәтсіздікке ұшырады: бір жағынан, капитал са-

модержавиеге енді сенбейді; екінші жағынан, революциядан қорыққан капитал Жапониямен бітім жасату және орыс либерал буржуазиясымен бітім жасату үшін самодержавиеге қысым көрсеткісі келеді.

Европа капиталы бітімді саудаға салып отыр. Буржуазия соғыстың революциямен байланысты екенін тек Россияда ғана емес, Европада да түсіне бастады, патша өкіметіне қарсы нағыз халықтық және жеңімпаз қозғалыстан қорқа бастады. Буржуазия қоғамды қанауға негізделген «қоғамдық тәртіпті» қатты күйреліcтен сақтап қалғысы келеді, орыс монархиясын конституциялы немесе конституциялысымақ монархия түрінде сақтап қалғысы келеді, сондықтан да буржуазия бітімді пролетариатқа қарсы және антиреволюциялық мақсатқа пайдаланып қалғысы келеді. Осы күмәнсыз факт бізге мынаны айқын көрсетеді: егер қазіргі қоғамның таптық антагонизмі естен шығарылатын болса, егер буржуазияның барлық, әр алуан әрекеттері қаншалық демократиялық, гуманитарлық әрекеттер болып көрінгенмен, буржуазия бұл реттерде ең алдымен және көбінесе өз табының мүдделерін, «әлеуметтік татулықтың» мүдделерін, яғни барлық езілген таптарды жапыштап, қарусыздандыру мүдделерін қорғайтындығы естен шығарылатын болса, соғыс пен бітім мәселесі сияқты тіпті «қарапайым» және айқын мәселенің де дұрыс қойылуы мүмкін емес. Сондықтан бітім туралы мәселенің пролетарлық тұрғыдан қойылысы да бұл мәселенің буржуазиялық-демократиялық тұрғыдан қойылысынан сөзсіз өзгеше және өзгеше болуға тиіс те, мұның өзі еркін сауда, антиклерикализм, т. с. жөнінде де осылай болады. Пролетариат соғысқа қарсы күресіп келді және үздіксіз күресе бермек, алайда қоғамның таптарға бөлінуін толық жойғанда ғана соғыс атаулыны жоюға болатынын, таптық үстемдік сақталып тұрғанда соғысты бір ғана демократиялық сентименталдық тұрғыдан қарап бағалауға болмайтындығын, қанаушы ұлттардың соғысы кезінде белгілі бір ұлттың прогресшіл буржуазиясы мен реакцияшыл буржуазиясының ролін ажырата білу қажет екендігін бір минут та ұмытпайды. Орыс социал-демократиясына марксизмнің осы жалпы қағидаларын

іс жүзінде жапон соғысы жөнінде қолдануға тура келді. Біз оның маңызын талдап қарағанымызда («Вперед» № 2, «Порт-Артурдың құлауы» деген мақала *), біздің социалист-революционерлер (Гед пен Гайндманды Жапонияға тілектес болғаны үшін сөккендер) былай тұрсын, тіпті жаңа искрашылдар да қате көзқарасқа, буржуазиялық-демократиялық көзқарасқа, қалай ұрынғанын көрсеткенбіз. Жаңа искрашылдардың бұл көзқарасқа ұрынғаны, біріншіден, *«қайткен күнде де бітім болсын»*, екіншіден, «жапон буржуазиясының жеңісін пайдалану» лайықсыз деген пайымдаулардан көрінді. Бұл пайымдаулардың қай-қайсысы да саяси мәселелерді сентименталдық негізге қоятын буржуазияшыл демократқа ғана лайықты еді. Қазір шындық мынаны көрсетіп берді: *«қайткен күнде де бітім болсын»* деген пайымдау Европа биржевиктері мен орыс реакционерлерінің ұранына айналды (князь Мещерский «Гражданинде» [127] қазірдің өзінде-ақ самодержавиені сақтап қалу үшін бітім қажет деп ашық айтып отыр). Революцияны басып-жаныштау мақсатында бітімді пайдалану біздің көз алдымызда *прогресшіл* буржуазияның жапон буржуазиясының жеңісін пайдалануына қарама-қарсы реакционердің пайдалануы болып шығып отыр. Жаңа искрашылдардың «пайдаланушылыққа» қарсы айтқан сөздері жалпы алғанда таптық көзқарасқа және түрлі күштерді есепке алу ісіне жат нақ сентименталдық сөздер болып шықты.

Реакцияшыл буржуазияның жаңа бейнесін көрсеткен оқиғалардың көзге айқын түсіп отырғаны соншалық, қазір «Искра» да өз қатесін түсіне бастады. Егер «Впередтің» 2-номеріндегі мақаламыз үшін ол 83-номерінде ашумен «беттен алса», қазір біз 90-номерден мынаны сүйсініп оқимыз (бас мақала): *«Тек қана* бітімді талап етуге болмайды, неге десеңіз самодержавие аман қалып отырғанда бітім дегеніңіз елдің апатқа ұшырауы болады». Міне, бұл осылай: тек қана бітімді талап етуге болмайды, өйткені патша бітімі патша соғысынан жақсы емес (ал кейде одан да жаман); «қайткен күнде де бітім

---

* Қараңыз: осы том, 166—167-беттер. *Ред.*

болсын» деген ұранды ұсынуға болмайды, тек самодержавиенің құлауымен бірге жасалатын бітім ғана болсын, азаттық алған халық жасаған, еркін құрылтай жиналысы жасаған бітім болсын, яғни қайткен күнде де жасалатын бітім емес, тек абсолютизмді құлату арқылы ғана жасалатын бітім керек. «Искра» осыны түсінгеннен кейін жапон буржуазиясының жеңісін пайдалануға қарсы айтылған өзінің жоғары адамгершілік рухындағы тирадаларының да орынсыз екендігін түсінер деп үміттенеміз.

Дегенмен, Европа капиталы мен оның саяси «жалдаптығына» қайтып оралайық. Патшалық Россияның бұл капиталды қаншалық қорқытқаны бір есептен, мына тағылым аларлық оқиғадан да көрінеді. Ағылшынның кертартпа буржуазиясының органы «Times» «Россия төлемді өтеуге қабілетті ме?» деген мақала басып шығарды. Мақалада Витте, Коковцев мырзалар мен олардың сыбайластарының финанс әрекеттерінің «айлалы механикасы» толық дәлелденген. Олардың қожалығы әрдайым зиянға қалдырып отырған. Олар ауыр жағдайдан тек борышқа белшесінен бата беру арқылы жол тауып келген. Оның бер жағында қарыздардан түскен ақша, бір қарыздан екінші қарызға дейінгі мерзімге, мемлекеттік казначействоға салынады, сөйтіп «алтын қорын» «басы артық ақша» деп мақтана көрсетеді. Қарызға алынған алтынды Россияның байлығын және оның төлемді өтеуге қабілеттілігін сипаттайтын дәлел ретінде жұрттың бәріне және әрбір адамға көрсетеді! Ағылшын көпесінің бұл қулық әрекетті атышулы алаяқтар Эмберлердің қулығымен салыстыруы тегін емес, Эмберлер қарызға алған немесе алаяқтықпен тапқан ақшасын (немесе тіпті іші толған ақша-мыс деген шкафты) жаңадан қарыз алу үшін көрсетіп отырған ғой! «Орыс үкіметінің континент рыноктарында борышқор есебінде жиі көрінуі,— деп жазды *«Таймс»,*— капиталдың жеткіліксіздігінен, өндірістік кәсіпорындардың қажетінен немесе уақытша және төтенше шығындардан болып отырған жоқ, көбіне-көп ұлттық табыстың ұдайы тапшылығынан болып отыр. Ал мұның мәнісі — істің жайы осылай болып тұрғанда Россия тікелей банкрот болуға бет алды

деген сөз. Оның ұлттық балансы оны жыл санап борышқа белшесінен батырып отыр. Оның шетелдіктерге бересі борыштары халық байлығынан асып түседі, сондықтан бұл борыштарды өтеуге оның нақты мүмкіндігі жоқ. Оның алтын қоры Эмберлердің үлкен шкафы деген сөз, ал шкафтағы атышулы миллиондарды алдауға түскендер қарызға берген және бұл миллиондар оларды бұдан былай да алдай беру үшін керек болады».

Айлакерлік екені рас емес пе? Алдауға түскен аңқауды табу, одан қарызға ақша алу. Содан соң, осы ақшаның өзін байлықтың дәлелі ретінде оның өзіне көрсету, сөйтіп тағы да оның өзінен жаңадан қарыз алу!

Эмберлердің атышулы алаяқ семьясымен салыстырудың дәл түскендігі және әйгілі «басы артық ақшаның» «мәні» мен мағынасын әбден масқаралағаны соншалық, байсалды кертартпа газеттің мақаласы біраз айқай-шу туғызды. Финанс министрі Коковцевтің өзі *«Таймсқа»* телеграмма жіберді, бұл газет телеграмманы дереу басып шығарды (23(10) март). Ренжіген Коковцев бұл телеграммада *«Таймс»* редакциясын Питерге келіп, алтын қорын өз көзімен тексеріп көруге шақырды. Редакция құрметтеп шақырғаны үшін алғыс айтты да, патша қызметшісін ренжіткен мақала алтын қорының бар екенін әсте теріске шығармайды деген қарапайым дәлелге сүйеніп, келуден бас тартты. Эмберлермен салыстырудың мәнісі Россияның айтып отырған алтын қоры онда жоқ деген сөз емес, мұның мәнісі — бұл қор шындығында бөтеннің ақшасы, қарызға алынған, бірақ өтелуі еш нәрсемен қамтамасыз етілмеген ақша деген сөз, бұл ақша Россияның байлығын көрсетпейді, сондықтан ілгеріде қарыздар алу үшін ол ақшаны дәлел ету күлкі болып шығады!

Коковцев мырза өткір, зәрлі салыстырудың *мәнін* түсінбей, өзінің телеграммасымен бүкіл дүние жүзіне күлкі болды. Банктердегі алтын қорын тексеру журналистердің міндетіне жатпайды,— деп жауап берді *«Таймс»* финанс министріне. Шынында да, баспасөздің міндеті әлгі нақты бар, бірақ ел байлығының дәлелі ретінде әншейін кісі көзі етіп қана қойылған «алтын қорының» көмегімен істелген қулық әрекеттің мәнін ашу еді. Га-

зет осы күлкілі телеграмма жөніндегі мақалада орыс министріне былай деп жон айтты: осы алтын қор сіздерде бар ма, жоқ па, мәселе онда емес. Біз оның бар екеніне сенеміз. Мәселе мынада: сіздердің активтеріңіз бен пассивтеріңіз қандай? Сіздердің борыштарыңыздың сомасы қандай және оларды өтерлік мүмкіндіктеріңіз қандай? Немесе, жай сөзбен айтқанда, осы сіздерде жатқан қор өздеріңіздікі ме, әлде қарызға алынған, қайтарылып берілуге тиісті қор ма, оның бер жағында, барлық борышты қайтарып беру үшін сіздерде еш нәрсе жоқ емес пе? Сонымен, ағылшын буржуалары есалаң министрді келемеж етіп, соншалықты сөз етуге тұрмайтын осы қулықты әр саққа жүгіртіп, әлденеше рет қайталады да, қосымша мынадай ақыл айтты: егер сіз өздеріңіздегі кредит пен дебетті тексеретін кісі іздеп отырған болсаңыз, онда орыс халқының өкілдеріне неге сұрау салмайсыз? Қазір халық өкілдері земство жиынына немесе ұлттық жиналысқа,— сіздерде ол қалай деп аталатын еді өзі,— жиналуды қатты тілеп отыр. Олар тек бір атышулы «алтын қорды» ғана емес, самодержавиенің *бүкіл* финанс шаруашылығын *толық* тексеруден, сірә, бас тартпас. Ал олар әбден тәптештеп және істің байыбына толық жете тексере білетін болса керек.

«Мүмкін,— деп мысқылдайды *«Таймс»* мақаласының аяғында,— мүмкін, өкілдігі бар жиналыс осындай тексеріс жүргізу жөніндегі өз правосын талап етеді деген сенім, осындай сенім патша үкіметін мұндай жиналысты шақырудан, ең болмағанда мұндай жиналыс қандай бір нақты билікке ие болады-ау деп қауіптенген жағдайда, оны шақырудан үрейленуге мәжбүр ететін шығар?»

Зәрлі сұрақ. Ал оның соншалық зәрлі, соншалық мәнді болатын себебі—шынында бұл сұрақты беріп отырған *«Таймс»* газеті емес, бүкіл *европалық буржуазия*,— бұл сұрақ айтыс амалы есебінде беріліп отырған жоқ, қайта осы сұрақ арқылы самодержавиеге өзінің сенбейтіндігін, оған қарызға ақша бергісі келмейтіндігін, орыс буржуазиясының заңды өкілдерімен істес болуға ұмтылатындығын тікелей көрсетіп отыр. Бұл сұрақ емес, сақтандыру. Бұл — кекесін емес, *ультиматум*, Европа ка-

питалының орыс самодержавиесіне жасаған ультиматумы. Егер Жапонияның одақтастары, ағылшындар, бұл ультиматумды мысқыл түрінде тұжырымдаса, Россияның одақтастары, французлар, ең кертартпа және ең буржуазияшыл газет «Temps»[128] арқылы тек сыпайылап, жуып-шайып, дәл соны айтып отыр, бірақ, дегенмен, бұдан былай қарыз беруден бас тартып, Жапониямен де, орыстың буржуазиялық либералдарымен де бітім жасауға самодержавиеге кеңес беріп отыр. Ағылшынның тағы бір байсалды журналы «The Economist» («Экономист»)[129] былай дейді: «Орыс финансы жөніндегі шындықты, ақырында, Францияда да мойындай бастады. Біз бұрын да талай рет былай деп атап көрсеткенбіз: Россия көптен бері-ақ қарызға алған ақшамен күнелтіп келеді, бірінен соң бірі ауысып жатқан финанс министрлерінің бәрінің лепірме мәлімдемелеріне қарамастан, Россияның бюджеттері жылдан-жылға дефицит туғызып отыр, бұл дефициттерді бухгалтерлік айла-шаралар арқылы қулықпен жасыруға тырысса да, осылай болып отыр; — ақырында, атышулы «басы артық ақша» көбінесе қарыздардан түскен пайдалардан және ішінара мемлекеттік банктегі вкладтардан құралады». Сөйтіп, орыс самодержавиесіне күйініпті шындықты осылайша айтып салған осы арнаулы финанс журналы, алайда, қосымша буржуазиялық жұбаныш айтуды қажет деп табады: егер сіз қазір дереу бітім жасай алсаңыз және либералдармен болар-болмас икемділікке бара алсаңыз, онда Европа сізге сөзсіз қайтадан миллиондап қарыздар бере бастайды.

Біздің көз алдымызда болып жатқан оқиғаны Россияны революциядан құтқару және патша өкіметін толық күйреуден сақтап қалу үшін халықаралық буржуазияның жалдаптығы деп атауға болады. Жалдаптар қарыз беруден бас тарту арқылы патшаға қысым жасап отыр. Олар өздерінің күшін — ақшалы қапшықтың күшін пайдаланып отыр. Олар Россияда баяу әрі тыңғылықты буржуазиялық-конституциялық (немесе конституциялықсымақ) тәртіптің болуын тілейді. Олар — француз биржевиктері мен ағылшын шонжарлары, неміс капиталистері мен орыс көпестері ұлттық айырмашылықтары-

на қарамастан, тез дамып келе жатқан оқиғалардың әсерімен революцияға қарсы буржуазиялық бір одақ болып неғұрлым тығыз топтасып жатыр. «Освобождение» осы оң самарқау буржуазиялық партия рухында әрекет жасап отыр. 67-номерде, «демократиялық партияның программасын» баяндай келіп, тіпті дауысты жасырын беру жолымен болатын жалпыға бірдей, тете, тең сайлау правосын да (ұзаққа ма?) мойындап (бірақ халықты қаруландыру жөнінде әдептілікпен жұмған аузын ашпастан!), Струве мырза өзінің жаңа profession de foi*-ын «маңғаздану үшін» көрпекті әріппен басылған мынандай ерекше мәлімдемемен аяқтайды: «Қазіргі кезеңде соғысты дереу тоқтату талабы Россиядағы *кез келген прогресшіл* партияның программасынан тыс және *программасынан жоғары* тұруға тиіс. Практика жүзінде мұның мәнісі — *қазіргі кезде Россияда өмір сүріп отырған үкімет* — Францияның делдалдығы арқылы — жапон үкіметімен бітімге келу туралы келіс сөз бастауға тиіс деген сөз». Соғысты тоқтату жөнінде буржуазиялық-демократиялық талап пен социал-демократиялық талаптың айырмасын бұдан айқын көрсетуге бола қоймас. Революцияшыл пролетариат бұл талапты «программадан жоғары» қоймайды, бұл талапты «қазіргі кезде өмір сүріп отырған үкіметтің» алдына қоймайды, мұны еркін, нағыз суверенді, халықтық құрылтай жиналысының алдына қояды. Революцияшыл пролетариат көрер көзге антиреволюциялық және пролетариатқа қарсы мақсатпен бітімге жетпекші болып отырған француз буржуазиясының делдалдығын «пайдаланбайды».

Ақырында, шын мәнісінде, самарқау буржуазияның осы халықаралық партиясымен қазір Булыгин мырза саудаласып отыр, айламен уақытты ұтып, дұшпанын қажытып, оны жалған уәделермен тойдырып, бірақ тиімді еш нәрсе бермей отыр, Россиядағы стачкашыларға қарсы әскер жұмсаудан басталып, сенімсіз адамдарды тұтқынға алуды, баспасөзді қудалауды одан әрі жалғастыратын, шаруаларды интеллигенттерге қарсы зұлым-

* — наным символы, программа, дүние танымды баяндау. *Ред.*

дықпен айдап салумен және көтеріліс жасаушы шаруаларды айуандықпен дүрелеумен аяқталатын бүкіл тәртіпті түгелімен сол қалпында қалдырып отыр. Ал либералдар қармаққа іліккелі тұр, кейбіреулері Булыгинге қазірдің өзінде сене бастады, ал Кузьмин-Караваев мырза заң қоғамында әлгі... әлгі... әлгі Булыгин мырзаның тамаша көздері үшін жалпыға бірдей сайлау правосын құрбан етіңдер деп либералдық қоғамды сендіріп отыр!

Самарқау кертартпа буржуазияның халықаралық одағына тек бір ғана күш қарсы тұра алады, ол — революцияшыл пролетариаттың халықаралық одағы. Бұл одақ саяси ынтымақтастық мағынасында қазірдің өзінде әбден қалыптасты. Істің практикалық жағына және революциялық бастамаға келетін болсақ, онда бұл жөнінде барлық мәселе Россияның жұмысшы табына және оның қала мен деревняның миллиондаған кедейлерімен бірге батыл ұрысқа демократиялық аттанысының жемісті болуына байланысты.

«Вперед» № 13, 5 апрель (23 март), 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

1789 ЖЫЛҒЫ ТИПТЕС РЕВОЛЮЦИЯ МА, ӘЛДЕ 1848 ЖЫЛҒЫ ТИПТЕС РЕВОЛЮЦИЯ МА?

Орыс революциясы жөніндегі маңызды мәселе, міне, мынада:

I ол патша үкіметін *толық* құлатуға дейін, республикаға дейін жете ме,

II әлде патшаның билігін ықшамдаумен, тежеумен, монархиялық конституциямен шектеле ме?

Немесе басқаша: революция 1789 жылғы типтес әлде 1848 жылғы типтес бола ма * — тағдырдың бізге жазғаны қайсы? (*типтес* деп отырған себебіміз — 1789 және 1848 жылдардағы келмеске кеткен әлеуметтік-саяси және халықаралық жағдайдың қайталауы мүмкін деген қисынсыз пікірді болдырмау).

Социал-демократ біріншісін тілеуге, соған *жетуге* ұмтылуға тиіс екендігіне күмән бола қоймас.

Ал оның бер жағында мәселені мартыновша қоюдың өзі шағындау революция болсын деген тартыншақтық тілекке сайып отыр. II типті революцияда пролетариат пен шаруалардың өкіметті басып алу «қаупі», Мартыновтарды үрейлендіретін «қауіп» мүлде жоғалады. Екінші жағдайда социал-демократияның *тіпті революция жөнінде де* «оппозицияда» қалуы сөзсіз,— Мартынов атап айтқанда тіпті революция жөнінде де оппозицияда қалғысы келеді.

Қай тип ықтимал? — деген сұрақ туады.

---

* NB: бұл арада «немесе 1871 жылғы»?—деп қосушылар болар. Бұл сұрақты көптеген социал-демократ *еместер* тарапынан бізге айтылатын *қарсы пікір* ретінде қарау керек.

I типтің пайдасына (1) 1848 жылғы Германиядағыға қарағанда орыстың төменгі таптарында ашу-ызаның, революциялық жігердің адам айтқысыз молдығы үндеп отыр. Біздегі өзгеріс *күрт өзгеріс*, бізде самодержавие мен саяси бостандықтың арасында *ешқандай* аралық сатылар болған жоқ және болмай отыр (земство есепке алынбайды), бізде деспотизмнің де азиаттық шырқы әлі бұзылмаған. (2) Біздегі сәтсіз соғыс *қауырт* күйреуді бұрынғыдан бетер мүмкін етеді, ойткені соғыс патша үкіметін әбден шатастырады. (3) Бізде халықаралық жағдай тиімдірек, ойткені пролетарлық Европа орыс монархиясына европалық монархиялардың көмектесуіне мүмкіндік бермейді. (4) Бізде сапалы революциялық партиялардың, олардың әдебиеті мен ұйымының дамуы 1789, 1848 және 1871 жылдардағыдан гөрі сан есе жоғары. (5) Бізде патша өкіметінің езгісіндегі бірсыпыра халықтар, поляктар, финляндықтар, т. т. самодержавиеге жасалатын шабуылды ерекше тегеурінді ететін болады. (6) Бізде шаруалар мейлінше күйзелген, адам айтқысыз жұтаған, сондықтан олардың жоғалтатын түгі де жоқ.

Бұл пікірлердің бәрі, әрине, әбден дәйекті пікірлер емес. Бұларға басқа бір пікірлерді қарсы қоюға болады: (1) Бізде феодализмнің қалдықтары өте аз. (2) Үкіметтің тәжірибесі көбірек және оның революциялық қаупті танып білерлік көптеген құралдары бар. (3) Соғыс революция жөнінде алғанда бөгде міндеттер туғызып, революциялық жарылыстың тікелей болуын қиындатады. Соғыс орыстың революцияшыл таптарының әлсіздігін дәлелдейді, бұлар соғыс болмаса, көтеріле алмас еді (Карл Каутскийдің «Әлеуметтік революцияда» айтқанын салыстырыңыз). (4) Бізде төңкеріс жасауға басқа елдерден дүмпу жоқ. (5) Россияны ыдырататын ұлттық қозғалыстар орыстың бірталай ірі және ұсақ буржуазиясын біздің революциядан бөліп тастай алады. (6) Пролетариат пен буржуазия арасындағы антагонизм 1789, 1848, 1871 жылдардағыдан гөрі бізде анағұрлым терең, сондықтан буржуазия *пролетарлық* революциядан көбірек қорқады да, реакцияның құшағына тезірек енеді.

Осы + және — біткеннің бәрін, әрине, тек тарих қана есептей алады. Біздің міндетіміз, социал-демократияның міндеті,— өзіміздің *басты* міндетіміз: пролетариаттың дербес ұйымын құру екендігін еш уақытта ұмытпастан буржуазиялық революцияны мүмкіндігінше ілгері қарай *итермелеу*.

Мартыновтың шатасып отырған жері, міне, осы. Толық революция дегеніміз — пролетариат пен кедей шаруалардың өкіметті басып алуы. Ал *бұл таптар* өкімет басында бола отырып, *социалистік* революцияға ұмтылмай *қоймайды*. *Ergo* *, өкіметті басып алу, әуелі демократиялық төңкеріске қадам басу болғанмен, одан арғы жерде, қатысушылардың еркінен (және кейде санасынан) тыс социалистік төңкеріске *к ө ш е д і*. *Бірақ бұл арада да күйреу сөзсіз.* Ал социалистік революция жасау әрекеттері сөзсіз күйрейтін болса, онда біз (1871 жылы Париждегі көтерілістің сөзсіз күйрейтіндігін алдын ала білген Маркс сияқты): *көтеріліс жасамаңдар,* алдысын аңдыңдар, ұйымдасыңдар, reculer pour mieux sauter ** деп пролетариатқа *кеңес беруге* тиіспіз.

Шынына келгенде, Мартыновтың (және жаңа «Исканың») *пікірі,* егер ол мұны жете ойлаған болса, осындай.

1905 ж. мартта — апрельде жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Демек. *Ред.*
** — Жақсылап секіру үшін кейін шегіну. *Ред.*

ПАРТИЯҒА

Жолдастар! Біздің партия бір жарым жылдан аса уақыттан бері қандай ауыр дағдарысты басынан кешіріп отырғанын бәріңіз де білесіздер. Партияның екінші съезінен бері, бірсыпыра өкінішті оқиғалардың салдарынан, партиямыздың шетелдік орталық мекемелері, Орталық Органның редакциясы мен Совет, партия съезінің азшылығы жағындағылардың қолында қалып отыр. Партия қызметкерлерінің наразылығы күшейе берді де, социал-демократияның барлық ісіне адам айтқысыз кедергі жасап, пролетариат партиясының беделін түсірген томаға тұйық, табан тірескен күреске әкелді. Жасырын жікке бөлінудің мейлінше зиянды екенін көрген партия комитеттері дағдарыстан құтылудың бірденбір партиялық жолы ретінде III съезді шақыруды талап ете бастады. 1904 жылдың көктемінен бастап бүкіл партияның өмірі съезд үшін күреске жұмсалды. Партияның шетелдік Советі съезге барынша қарсы болды. Орталық Комитет азшылықтың кооптация жөніндегі талаптарын қанағаттандыруға тырысып, осындай жолмен партия ішінде татулықты қалпына келтіруге үміттенді, бірақ бұл үміт те ақталмады. Татулықты қалпына келтірудің орнына күрес шиеленісе түсті.

Россиядағы жұмысшы қозғалысы мен революцияның дамуындағы ұлы оқиғалар, 9 январь және оның зардаптары, партиядан күш пен жігерді бұрынғыдан да аямай жұмсауды талап ететін жаңа жағдай туғызды. Партия съезінің қажеттілігі орыс қызметкерлерінің басым көп-

шілігі үшін барған сайын мейлінше айқындала түсті. Шетелдік Советтің қарсылығы бірқатар орыс комитеттерінің партия съезін шақыру үшін айрықша Бюро сайлауына себепкер болды. Осындай жағдайда Орталық Комитет жалпы партиялық съезді дереу шақыру үшін Көпшілік Комитеттері Бюросына қосылуды өзінің партиялық борышы деп тапты.

Тіпті жалаң ресми көзқарас тұрғысынан қарағанда да съездің қапшалық қажет екені мынадан көрінеді. Партия Советі орталық мекемелерден басқа 33 ұйымды толық праволы ұйым деп санайтынын партия мүшелері «Искраның» 89-номерінен білді. Демек, тіпті осы есеп бойынша да (ал партия қызметкерлерінің едәуір бөлегі бұған қарсы партия ұйымдарының саны 31 деп есептеді) съезді міндетті түрде шақыру үшін 38 дауыс керек болды ($33 \times 2 = 66$; $66 + 9 = 75$; $75 : 2 = 37^1/_2$).

Көпшілік Комитеттері Бюросын сайлаған 13 комитет съезді әлдеқашан-ақ жақтап шықты. Бұл 13 комитетке Урал, Тула, Воронеж, Самара, Солтүстік-Батыс, Смоленск, Харьков, Қазан комитеттері, яғни 8 комитет қосылды. Осы 21 комитет Орталық Комитеттің төрт дауысымен бірге (Орталық Комитеттің өзінің екі даусы және олардың Советтегі делегаттарының екі даусы) $42 + 4 = 46$ дауыс береді.

1905 ж. марттың аяғында — апрельдің басында жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

«ШАРУАЛАР ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ [130]

1

шаруалар және социал-демократия.

Марксизм теориясы және социал-демократияның программасы

1. Батыс европалық социал-демократиядағы аграрлық мәселе. Давид etc.

2. Россиядағы аграрлық мәселе: бұрынғы халықшылдар да, либералдар да, социалист-революционерлер де. Реформалар тұсындағы практикалық маңыз.

3. *Ірі және ұсақ өндірістер.*
   Auhagen
   Klawki
   etc. *Қызметкер, мал ұстау, жерді пайдалану* жөніндегі *қорытындылар.*

Дания (Давид).

4. **Кооперациялар. Давид** etc. Француз реакционерлері:
   Рокиньи
   Гольц
   Бухенбергер.

5. Россияның ерекшеліктері.
   Шаруа буржуазиясымен бірігіп помещиктерге қарсы.

Қала пролетариатымен бірігіп шаруа буржуазиясына қарсы.

6. Шаруалар арасындағы социал-демократиялық үгіттің, әсіресе, саяси жандану дәуіріндегі маңызы. Шаруалардың сана-сезімінің, демократиялық және социал-демократиялық ой-пікірдің дамуы.

2

1. (α) шаруалардың жағдайы, эволюциясы мен ролі туралы марксизм теориясы — және (β) социал-демократияның программасы. Тығыз байланысты.
2. Шаруа мәселесінің маңыздылығы. Социал-демократиялық партиялардың аграрлық программалары: француз (ұсақ буржуазиялық сипаты. Энгельстің сыны [131]), неміс (1895. Бреславль, оппортунистік және революцияшыл қанаттар), *орыс*... (Сыншылар. «Давид.»). (Булгаков)...
3. Социал-демократтардың *орыс* аграрлық программасы оларды *халықшылдар* мен *социалист-революционерлерден* ерекше етіп көрсетеді.
4. Марксизмнің шаруалар жөніндегі теориясының негіздері (салыстырыңыз: «Капитализмнің дамуы» Маркстен алынған цитаттар). (1) ірі өндірістің ролі; (2) шаруалардың ұсақ буржуазияшылдығы; (3) оның өткендегісі (—) мен келешегі (+). К. Каутскийді қосу керек. «Әлеуметтік революция».
5. Егіншіліктегі ірі және ұсақ өндіріс...

   Stumpfe. **Сушон.**
   M. S. *-**тен:** *Hecht,* Auhagen, Klawki, Baden,
   Герман статистикасы...
6. Қорытынды: қызметкер, мал ұстаудың, жерді пайдаланудың едәуір екендігі.
7. Қосу керек: Huschke, Haggard, Baudrillart, Lecouteux, *Пруссия анкетасы,* Бавария мен Гессен анкеталары, Hubach.
8. Борыш. *Пруссия статистикасы.*

* — Manuscript'-тен — қолжазбадан. *Ред.*

9. Кооперациялар. Мәселенің жалпы қойылысы.
   Рокиньи, Гольц, Бухенбергер, Haggard.
   Неміс және *орыс* статистикалық мәліметтері (қоғамдық аренда). *Дания.*
10. Батыс жөніндегі қорытындылар.
11. Россияның ерекшеліктері... 2 қанатқа.
    Шаруа буржуазиясы және село пролетариаты.
    Крепостниктік тәртіптің қалдықтары және буржуазиямен күрес.
12. Шаруа буржуазиясымен бірігіп помещиктерге қарсы etc.
    Қала пролетариатымен бірігіп буржуазияға қарсы.
    } кесінді жерлермен байланыстыру керек.
13. Аграрлық мәселенің таяу болашақтағы практикалық маңызы:
    Деревнядағы таптық қарама-қарсылықтарды айқындай түсу.
    Демократиялық және социал-демократиялық үгіт пен насихат.

Ерте дегенде 1904 ж. сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1938 ж. Лениннің XXXII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДАҒДАРЫСТАР ТУРАЛЫ НАСИХАТТЫҚ ӘҢГІМЕНІҢ ЖОСПАРЫ [132]

1. Дағдарыс дегеніміз не? — Өнеркәсіптің тоқтап қалуы, жұмыссыздық, товар өткізудегі іркіліс, артық өндіру.
1. α) Өнеркәсіп дағдарысы дегеніміз не?
   β) Фабрикалардың тоқтап қалуы, товар өткізудегі іркіліс, банкрот болу, жұмыссыздық.
   γ) Артық өндіру...
2. *Overproduktion*, **underconsumption***.
   (Қайшылықтарды оршіту.)
2. α. Overproduktion және underconsumption.
3. Бұл қалай болады? (α) Қазіргі заманғы қоғамның 2 тапқа, буржуазияға және **пролетариатқа** бөлінуі. (β) Рынокқа шығару үшін өндіру.
4. Бәсеке, оның халықаралық сипаты, жанталаса рынок іздеу, өндірістің орасан осуі.
5. Жанды еңбекті керексінудің азаюы: *интенсивтендіру, машиналар,* әйелдер *мен балалар, маман жұмысшылар* мен қара жұмысшылар,
5. bis: **Ұсыным осе берді, өтім шамалы.**
6. Дүркін-дүркін болатын дағдарыстар, олардың ұдайы болып тұратындығы, капитализм тұсында дағдарыстардың болмай коймайтындығы. (Гүлдену кезіндегі жалған үміт.)

---

* — Артық өндіру, жеткілікті тұтынбау. *Ред.*

8.7. * *Резерв армиясы.* Жұмыссыздықтың күйзеліске ұшыратуы. *Құлдық:* пайда *келтірген-де ғана өмір сүруге праволы болу.*
(Қайыршы қарттар %): {$^1/_3$—$^1/_2$}...

7.8. Дағдарыстың жұмысшыларға және *ұсақ қожайындарға* әсері. Күйзеліс, қайыршылық: социалистік сананың ояна бастауы...
1889 ж. Англияда болған жұмыссыздар митингісі [133].

9. Дағдарыс және капитализм. Дағдарыс және ірі өндірістің дамуы — трестер etc. Социализмнің міндеттері. Социалистік революция: социал-демократиялық жұмысшы партиялар.

Ірі өндірістің мысалдары:
Морозов:
Бу диірмендер:
Темір және болат:

1904 ж. күзде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* Кейінірек 7-пункт сегізінші, ал сегізінші жетінші болып өзгертілген. *Ред.*

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПРОГРАММА ТУРАЛЫ ҮШ ӘҢГІМЕНІҢ ЖОСПАРЫ

α) Қазіргі заманғы құрылыс.

β) Социалистік мақсаттар және тап күресі.

γ) Самодержавиеге қарсы күрес.

| 2—3 сағатқа |

| α—γ — үш әңгімеге болу керек |

Социал-демократиялық программа туралы

1-ші әңгіменің жоспары

α {

1. Өз жағдайларын жақсарту үшін жұмысшылардың қожайындарға қарсы күресі бүкіл дүние жүзінде жүріп жатыр. Стачкалар — социализм. Істің мәнісі неде?
2. Осы заманғы қоғам былайша құрылған: еңбекшілерге және қанаушыларға бөлінеді. 2 тап. Меншікшілер және пролетарлар. Кім кімді асырап отыр?
3. Жұмысшылардың күйзелуі: ақының төмендігі. Аштық. Жұмыссыздық. Әйел еңбегі. Бала еңбегі. «Ұлттың азғындауы». Жезөкшелік. Қоғамдық және саяси езгі.

β

4. Қожайындарға қарсы күресу үшін ірі өндірісте жұмысшылардың бірігуі. Капитализм тұсында бүкіл қоғам тығыз топтасып, социалистік өндіріске көшуді мүмкін етеді. Ірі фабрикалар мен имениелерде қожайындардың *керексіздігі* жөнінде мысал.
5. Социалистік революция = жердің, фабрикалардың жұмысшылардың қолына өтуі. Социалистік өндіріс, жұмыс күнінің қысқаруы etc.
6. Жұмысшыларға күресті *жеңілдету* үшін, оларды азғындаудан *қорғау* үшін қазіргі қоғамға қойылатын талаптар: жұмысшы реформалары, 8 сағаттық жұмыс күні, ақыны апта сайын төлеп отыру, пәтер үй беру, медициналық көмек, мектептер etc.

γ

7. Саяси талаптар. Самодержавие деген не? Саяси бостандық үшін күрес. (Конституция — республика, сөз бостандығы, жиналыс бостандығы etc. etc.)
8. Революциялық партиялар және олардың жұмысшы табы күресіндегі ролі. «Халық еркі» және *социал-демократия*.

1904 ж. күзде жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ОЛАР ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАДЫ?» ДЕГЕН МАҚАЛА ТЕЗИСТЕРІНІҢ НОБАЙЫ[134]

Олар қалай қорғанады?

1) Лениннің «Земство науқаны және «Искраның» жоспары» туралы кітапшасына — редакцияның *және* Плехановтың екі жауабы. *Және* деген сөз де таңқаларлық (Плеханов редакцияда деп *саналады)*, бірақ осы жауаптардың *айырмашылығы өте-мөте* назар аударарлықтай.

Плеханов теріс позицияны өте сақ және өте ақылды қорғайды. Редакция ақылсыз қорғайды.

Плеханов 1) Старовердің қарары туралы да және *ол қарардың* «Искраның» «жоспарымен» байланысы туралы да, 2) «жұмылдырудың жоғары типі» туралы да *бір ауыз сөз де* айтпайды. Ergo *, Плеханов «Искраның» қатесінің *мәніне* әдейі тоқталмайды (қатенің басы — оның шыққан негізі Старовердің қарары. Ал ақырғы пункті — «жоғары» тип жайлы пайымдаулар).

Редакция өз позициясының Старовердің қарарымен байланысты екенін әдейі *атап көрсетеді*, сөйтіп «жоғары тип» туралы пікірді *қорғайды.*

Редакция да, Плеханов та үрейлену туралы сөздерді (тайсалақтап, көріне шегіншектеп) өте нашар *қорғайды.*

Плеханов «Искраның» редакциясы ескі Ленинге сәйкес әрекет жасады деп дәлелдемек болып, ескі және жаңа Лениннің [135] қайшылықтары төңірегінен ылғи айналсоқтап шықпайды.

* — Демек. *Ред.*

Плеханов істің мәнін былай деп көрсетеді: Ленин земствошылардың алдында демонстрация жасауға *енді* қарсы-мыс және оларға «іс-әрекеттің дұрыс программасын» қабылдатуға қарсы-мыс. Бұл сандырақ, бұрмалау.

«Искраға» қарсы менің тезистерім қандай еді?

1) Үрейлену туралы сөздер орынсыз және пасық.

Жауап? Плеханов тамбовтықтар жөнінде (ха—ха!) [136] Плеханов анархистер жөнінде (қайда?) редакция «обструкция» жасап отыр	Редакция топалуда дерлік: «артық сөз».

2) Либералдармен «келісім» «уәделермен» емес, күрестің нақты бірлігімен белгіленуге тиіс.

   *N i l** — Плеханов

3) Староверднің шарттары лақтырып тасталды. (Редакция шын мәнінде мойындап, мейлінше нашар қорғанады.)

4) «Жаңа тип». Редакция — schwach **. Плеханов — *n i l.*

   Көтеріліс туралы мәселе жөнінде «Искраның» **62** номерін қараңыз. Leading ***

   Көтерілісті әзірлеуге

   «таза утопиялық көзқарастар».

   «Көріне бастады»...

1904 ж. 28 декабрь мен 1905 ж. 11 январьдың (10 және 24 январьдың) аралығында жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Nihil — түк емес. *Ред.*

** — жаман. *Ред.*

*** — Бас мақала. *Ред.*

«1895 және 1905 (КІШКЕНЕ ПАРАЛЛЕЛЬ)» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

1895 және 1905

(Кішкене параллель)

Мұнда eigentlich * екі тақырып: 1) жұмыстың өсу параллелі; 2) қазіргі ұйымдық міндеттер. Оларды *екі* шағын мақалаға бөлу керек.

1. Сол кездегі және қазіргі социал-демократиялық жұмыстың өрісін, колемі мен формаларын салыстыру.

2. Өріс: ол кезде тек үйірмелер. Бұқаралық үгіттің *алғашқы* жаңа-жаңа басталуы. Өте қиын ұғылатын, сабақ беру секілді жүргізілетін насихат. Социал-демократтар халық ерікшілерінің, халық правошыларының арасынан өзіне жол салды etc.

3. Қазір. Партия. Дағдылы бұқаралық үгіт. Көшеге шығып, саяси ашық бой корсету. Революциялық заман.

4. Формалары. 10—16 адам (комитет). 20—30 жұмысшы үйірмелері. 100—150 maximum байланыстар. «Әдебиет оқу». *Өздігінен білім алу* — мәселенің түйіні.

5. Қазір. Ұйым көптеген «қабат» болып ұлғайды. С.-Петербург және Одесса [комитет—аудандар—ұйымдастыру жиналыстары (орталық үйірмелер) — топтар, ал сонап кейін «орталық» және бюро. Жаңа *қабаттар* шамасы бесеу болып қалар].

* — дұрысында. *Ред.*

6. «Жолдасқа хат» жаңа қабаттар реттеліп жатқан, ал «экономистер» олардың өсуіне кедергі жасаған кезде жазылған болатын. Енді «Жолдасқа хатта» қорғалған идеялар нақты жүзеге асырылған.

7. Жаңа міндеттер: γ) Қабаттардың көптігі партия қызметкерлерінің, партия мүшелерінің жаңа тобын тәрбиелеп шығарды. Олардың қатысын ресми тіркеу. (1) Хабарлау — қарарлар — сұраулар — Орталық Органмен тікелей байланыс. (2) Сайлау негізінде? (3) Кооптациялау үшін кандидаттар атала ма немесе сайлана ма?

8. Екінші, бәлкім, мұнан да гөрі неғұрлым маңызды міндет: жаңа көлденең қабаттарды өсіре беру жөніндегі жұмысты жаңа, былайша айтқанда, әсер етудің «тік» тәсілдерімен толықтыру керек. Яғни: қозғалыстың өсуі қабаттар жөніндегі осы күнделікті жұмысты бұқаралық жиналыстардың жаңа формаларында жоғарғы қабаттардың бұқараға бет бұруымен толықтыруды қажет те, мүмкін де етіп отыр. Көп «қабаттар» жөніндегі жұмыстың табиғи жемісі ретінде «жедел жиындар» мен «шағын жиындар» өзіненөзі сол жоғары формаға, шетелдерде басым болып отырған және бізде le lendemain de la révolution* салтанат құратын формаға, атап айтқанда: пролетариатқа саяси жағынан ықпал жүргізудің және оны социал-демократиялық бағытта тәрбиелеудің басты құралы ретінде «шағын жиындарға» жеткізеді.

9. Бұл үшін «қабаттардың» қажеттігі *кемімейтіндігі* түсінікті. Олар (әрқашанда ма?) қажет болады «Ауыстырмау» керек, қайта «толықтыру» керек...

1905 ж. 9(22) январьдан ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — революцияның келесі күні. *Ред.*

«ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ БУРЖУАЗИЯ ДЕМОКРАТИЯСЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА МАТЕРИАЛ [137]

Либералдармен келісімдер туралы

1) «Искра» мен «Вперед» арасындағы талас мәселе, сонымен қатар, мынада болды: келісім *шартты болуы* керек пе немесе *шартсыз болуы* керек пе — «Искра» партия ұйымдарына жолдаған 2-хатында мәселені осылай тұжырымдайды.

2) Бұл мәселені талдап түсіну үшін екі жақтың да келісімге ықыласты екендігін еске сала кетейік. *Іс жүзінде* айырмашылық неде болып отыр?

3) «Искра» бойынша, *шартсыз* келісімге келу пролетариаттың мүдделерін буржуазияға берген болып саналады.
   Ergo* α) «Искра» шартқа сенеді.
   β) «Искра» пролетариаттың *буржуазиямен де күресетіні туралы* мәселені есінен шығарады.

4) «Искра» бойынша, *күш* буржуазияда болып отыр (бұл дұрыс).
   ‡‡ Земствошылармен келісім мүмкін емес («шаяндар») («жалпыға бірдей сайлау правосын мойындамайды»).

   Ең солшыл — радикал интеллигенциямен келісім жасау керек.

* — Демек. *Ред.*

5) *Бірақ интеллигенция әлсіз* және де буржуазияның іс-әрекеті оған байланысты емес!!
Бұл — «Искраның» негізгі шатасуы.

6) Біздінше, келісімдер керек. Бірақ олардың мәнісі сөз жүзіндегі *шарттар* емес, болашақ туралы келісімдер емес, *буржуазиядан* үміт ету емес (біз ешқандай үмітке сенбейміз),— күреске нақты түрде қатысу (демонстрациялар, көтеріліс, сайлау etc.). Шарттардың орындалуын *күткендіктен* көмектеспейміз, жауға соққы беру үшін қолайлы кезеңді пайдалану мақсатында көмектесеміз (кезең қымбат, өйткені жауға, патша өкіметіне, қарсы тіпті земствошылар да көтеріліп отыр), реакцияшыл самодержавиеден гөрі прогресшіл буржуазияны артық санағандықтан көмектесеміз.

7) Біз *шарттар қоймастан* «келісім» жасауға даярмыз деп айтуға бола ма?
Жоқ, өйткені біздің шартымыз *іс жүзінде* күреске *қатысу* болып отыр.
Жаңа «Искраның» шарты — жалпыға бірдей сайлау правосы үшін, жұмысшылар үшін («=социал-демократия жағында болуға») *уәде берсе* болғаны etc.

8) Буржуазияшыл демократтар *сәл ғана* прогресс үшін болса да *күрессе,* біз оларды әрдайым қолдап отырамыз.
Буржуазияшыл демократтар біршама *үлкен* прогресс үшін *уәде берсе* болғаны, «Искра» оларды әрдайым қолдап шығады.
Осы екі тактиканың қайсысы пролетариаттың мүдделеріне сай келеді?

\# 2-хатты цитатқа келтіру керек.

1905 ж. 11 (24) январьдан ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«АЛҒАШҚЫ САБАҚТАР» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ТЕЗИСТЕРІ

Алғашқы сабақтар

1) Кейбір қорытындылар. Бірінші толқын өтті. Ертеңінде екіншісінің болатыны сөзсіз.

Бірінші сабақтан қорытындылар.

---

2) Тарихи көзқарас:

1885 — 1891 — 1896 — 1901

1885 — 1891	1891 — 1896	1896 — 1901	
6	5	5	
{стачка «салют ретінде 101 дүркін оқ ату»}	— болмашы демонстрация	— стачка (*30* мың)	орасан зор демонстрациялар

— 1902 — 1903 — 1905...

1902 — 1903	1903 — 1905	
2	2	{20 жыл}
стачка және демонстрация (Дондағы Ростов)	— стачка және демонстрация $>$100 мың	— стачка және көтеріліс {1 млн.-ға дейін}

---

3) Сан сапаға айналады. Көтерілістің басталуы. Халықтың қарулануы, үкіметті құлату. *Петербург жұмысшыларының прокламациясы**.

---

* Қараңыз: осы том, 281-бет. *Ред.*

4) Көтеріліс идеясының тарихы жөнінде. {«**Не істеу керектен?**» цитаттар келтіру} Contra **шатастырушылар.**

---

5) Ұйымның маңызы. «Революцияның тылы». Хвостизм. Даярлық класс.

{ Зубатовшылдықпен байланысты істің нақты жағдайы — «оларға үйдегі құмыраларда бидай өсіру мүмкіндігін беру» («Не істеу керек?»). * }

---

6) Зубатовшылдар (және жария қайраткерлер) *біздің бұрынғы жұмыстарымыздың* көптеген үлесінен бізді құтқарып отыр.

{ бұрын социал-демократ көбіне = мәдениетші
» » » көбіне = жария марксист
» » » » = экономикалық стачкашы }

стачкаларды салыстыру *демонстрацияларды* салыстыру — Қазір *қыруар* жұмыстар бізге *белгісіз* жаңа көмекшілердің қалың тобы арқылы атқарылып жатыр. Революция күндерінде *уақиғаларды* үгіттеу мен насихаттауға көшеде үйренеді, Маньчжурияда үйренеді (үйренуге қарсы емеспіз).

---

7) Ұйымның аса зор маңызы. Бір орталық. Агенттер. Жұмысшылардың және басқалардың *жүздеген үйірмелері* = әрекет жасау базаларын ұлғайтумен тең.

|| { Үйірмелердің санын ұлғайту үшін төтенше шаралар... } ||

— — олардың міндеттері: өзара топтасу
жалпы ұрандар үшін үгіттеу
демократиялық өзгерістерді талқылау
{ *көтерілістің практикалық мәселелерін талқылау, оны практикалық тұрғыдан әзірлеу,* күнделікті жұмыста }

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 127-бет. *Ред.*

үнемі *байланыс* жасау, жалпы жұмыс үстінде берік ұйым, ынтымақты ұйым болу = көтеріліс жасайтып күнге мейлінше жақсы әзірлену деген сөз.

Насихат-үгіт жұмысы versus * ұйым

бәрін > және > кеңінен және жартылай істеп жатқан біз емес, біздің *жаңа* достарымыз { және *үкіметтің өзі* }

әсіресе 1-кезекке.

{ De l'audace, encore de l'audace et toujours de l'audace — — — — de l'organisation et encore de l'organisation **. }

Бұқараның ерлік әрекеті = революция. Социал-демократия тарапынан да ерлікпен күш салынуы тиіс.

1) Социал-демократияның ұйымы неліктен тар шеңберлі емес?
2) *Өйткені* зубатовтық ұйым кең көлемді!
3) Бізге социал-демократияның кең ұйымы керек.

---

1) Кеше жаңбыр неге болмады?
2) Өйткені мен қол шатыр ала шықтым.
3) Ал бізге қол шатыр жаңбыр болғанда керек.

Плеханов жолдас, Мартынов пен Староверге аздап көз сала жүріңізші, шынында да көз салыңызшы! Олар өте сұлу жазады, сөз жоқ, тіпті тым жаңаша сұлу, декаденттік стильде жазады, тек бірақ *не жөнінде* десек, олардың мұнысы әрдайым сәтті бола бермейді.

1905 ж. январьдың аяғында жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — қарама-қарсы. *Ред.*

** — Батылдық, тағы да батылдық, әрқашан да батылдық — — — — ұйым және тағы да ұйым.[138] *Ред.*

*«ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ ЖАҢА КҮШТЕР» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА МАТЕРИАЛДАР**

1

«ПРОЛЕТАРИАТ АРМИЯСЫН ЖҰМЫЛДЫРУ» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА ЗАМЕТКАЛАР

1

{{Революция дегеніміз соғыс}}

6-номер үшін мына тақырыпқа басмақала жазса ше: *Байқау үшін күш жұмылдыру. Пролетариат армиясын жұмылдыру.*

{ Пролетарлық ынтымақтастық...
Стачкашылар *(жүз мыңдаған!)* бұқарасы...
Қозғалыстың басқа қалаларға ауысуының тездігі...
etc. etc. }

		мың
С.-Петербург —	150	200
Москва —	30	50
Рига —		50
Варшава —		100

1) С.-Петербург
2) Москва
3) Прибалтика
4) Польша {>1/2 миллион}
5) Поволжье (Саратов)
6) Оңтүстік (Киев)

Киев —
Нарва —
Лодзь — 100
Гомель —
Саратов —
Либава
Митава —
Колпино —

1) Стачка — мыңдаған
2) Демонстрация — мыңдаған
3) Қарулы қақтығысулар (полктардың)
4) Өлгені
5) Жараланғаны

* Қараңыз: осы том, 319—332-беттер. *Ред.*

2

Пролетарлар күшін жұмылдыру туралы мақалада мыналарды (тегі, тақырыбы жарамайды, өйткені тым жалпылама, жаттанды дерлік жалпылама, пролетарлық қозғалыстың революцияға өтуін білдірмейді) атап көрсеткен маңызды болар еді:

1) Революция базасының орасан зор кеңеюі 9 январьдың орасан зор үгітшілік ролінен туып отыр. Көптеген қосалқы, қосымша міндеттерді жаңа, сырттан келген күштерге аударып, таза (саналы) революцияшыл элементтер неғұрлым көкейтесті революциялық міндеттермен көбірек айналысатып болу керек.

2) Ұйым үшін базаны кеңейту: көтеріліс үшін, революция үшін толып жатқан қосалқы үйірмелер құрылуға тиіс және құрылатын болуы тиіс.

3) Нақты мақсат — үкіметті *құлату* *ең таяудағы* мақсат есебінде, «ертеңгі демонстрация» есебінде іс жүзінде талқылануы және анықталуы тиіс.

1905 ж. январьдың алғында жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2

«БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ЕҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ [139]

Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе

1. Ұлы оқиғалардың шағын қорытындысы. Революцияның басталуы (№ 4)[140] — көтеріліс (№ 5) — көтерілістің міндеті (№ 6).
2. Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе = көтеріліс. Оның шарты: шабуылды қолдап отыру. Тұтанғыш материал?
3. «Революцияның базисін кеңейту»: қала кедейлері мен шаруалар арасында үгітті күшейту (эволюцияның типі ретінде Гапонның үгіттік маңызы).
4. *Ұйымның* маңызы осындай кезеңдерде ерекше өседі: Россиядағы жолдастан хат «Партиядан» деген бөлімде[141]. «Революцияны ұйымдастыру» және көтерілісті *жүргізу* (және белгілеу) міндетінен кері шегіну емес, қайта *нақ* **осы** міндеттерді баса көрсету және *оларға әзірлену қажет*.
5. *Струвенің* 63-номердегі «Социал-демократияның ұйымдық жұмысы» деген мақаласы. Жай бос сөз.
   Contra *«Не істеу керек?»*. «Жұмыстың таусылып бітуінің» жалпы маңызы.
6. Ал қазір қозғалыс *адам айтқысыз* ұлғаюда. Белгісіз жолдар, есепсіз көп (ұшы-қиыры жоқ) одақтастар, есепсіз көп жолдастар, достар және тілектестер.
7. *«Соғыс уақыты»*. Жүздеген үйірмелер, сан алуан міндеттердің еселеп артуы, оқиғалардан үйрену, соғыстан үйрену, *басшылық етудің, басшылар ұйымының* өте-мөте маңызы...

1905 ж. 15 (28) февральдан кешірек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

3

«БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ЕҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУ ЖОСПАРЫ

M. S. *-тің 12-бетінен кейінгі жоспар

1. Қозғалысты ұлғайту және революционерді жартылай жария жағдайдағы міндеттерден босату. Мәдениетші. Стачкашы. {Жария марксист.}
2. Қазіргі жағдай. 8-номердегі Гусевтің хаты. *Халықты* үгіттеу, көше, жеңіп алған бостандық. Жария баспасөз *жалпыға бірдей сайлау правосы* туралы.
3. «Жұмысшылардың дербес әрекет жасауы» деген үндеудің өте-мөте оғаштығы. *Социал-демократиялық дербес әрекет жасау.*
4. Біз артта қалып барамыз ба? Жоқ, мәселе мұнда емес, ең маңыздысы — біздің партияның *тапқа* және **таптарға** деген нақты көзқарасының қаншалықты *айқын көрінетіндігінде.* Таптың авангарды, тәрбиешісі, ұйымдастырушысы ретінде *партияның* ролі ерекше маңызды бола бастады. Осы кезге дейін тек жалғыз біздер ғана дерлік сөйлеп келдік, *енді жүздеген басқа дауыстар естіледі.* Tant mieux!**
5. «Соғыс уақыты». Жүздеген үйірмелер = жаңа қайнарлар үшін жаңа каналдар жасады. *Революциялық жұмыстың құлаш жаюы.* Кеңінен қатыстырылған үйірмелер партияға енуде және партияға *қосылуда.* Оқиғалар үйретуде. Жастар жөнінен қорықпау ке-

* — Manuscript-тің — қолжазбаның. *Ред.*
** — Тіпті жақсы! *Ред.*

рек. Күрес үйретеді. Дүрбелең заманның саяси топтарға бөлінуі үйретеді. *Оң қанаттағылар* үйретеді.

Мысал: либерализмнің буржуазияшылдығы және «Революционная Россия». «Вперед» № 3.

1905 ж. 15(28) февральдан кешірек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған.

Қолжазба бойынша басылып отыр

4

«ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ ЖАҢА КҮШТЕР» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЗАМЕТКАЛАРЫ МЕН ЖОСПАРЫ

Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе емес,
«Жаңа міндеттер, жаңа күштер»

Мақала жете ойластырылмаған, жете тиянақталмаған [142]. Сондықтан берік жүйелі пікір айқын дамытылмайды. Бұл — газетке жарайтын нобайлар, бұлдыр бейнелер, әңгіме, «пікірлер мен заметкалар», бірақ мақала емес.

I Қозғалыстың құлаш жаюы. § 3, 4, 5.

4 II Ұйымдық міндет және біздің күшіміз. «Жұмыстан босану». Неғұрлым берік белгіленген міндеттерге мамандану § 7 (?).

Үш асу
Үш өткел
Үш өрлеу

Жария жағдайға көшу және Струве § 8—11

III Социал-демократтың мәдениетшіден, стачкашыдан ерекшеленуінің жалпы процесі (13—14). Даярлық жұмыс және finish.

IV *Партия* және тап, жалпы дербес әрекет жасау және *социал-демократиялық* дербес әрекет жасау, *ұйымдасқан* басшылық және хвостизм. 3|

5| V Басқаша үйрену: ұрыста үйрену (17—18)

6| VI Ұйымның жаңа мөлшері (20)

VII Адам әрі көп, адам әрі жоқ (21)

Жаңа тақырып

1891—(1895) α Үйірмеден экономикалық үгітке қарай. Бірден емес. Оралымсыздық. Дағдыдан тыс. Жаңа міндеттер.

1898—1901 β Экономикалық үгіттен саяси үгітке және *ашық* саяси демонстрацияларға қарай.

Бірден емес. Жаңа міндеттер. Оралымсыздық. Жаңа күштер.

1905 γ Саяси үгіт пен демонстрациядан *революцияға басшылық* етуге (диктатура) қарай. Бірден емес. Хвостизм. Ұйымшылдыққа қарсы. Мартыновшылдық.

Жаңа міндеттер және жаңа күштер

1. Өткелдер. Үш өрлеу.
2. Олардың ортақ белгісі: a) жұмыстан босану — социал-демократиялық міндеттерге жұмылу.
   b) жаңа күштер, жаңа серпін
   c) хвостизм факт жүзінде, оралымсыздық теория жүзінде.
3. Хвостизмнің қазіргі белгілері: Мартынов, «революцияны бастау», *социал-демократиялық* дербес әрекет жасау емес, дербес әрекет жасау. Партия және тап etc.
4. Жұмыстан босану. Струве және жария жағдай. («Освобождение» № 63)
5. Жұмыстан басқаша жағдайда босану. Қозғалысты кеңейту. Жаңадан үйрену. Ұрыста үйрену.
6. Ұйымның жаңа мөлшері және адамдар жоқ.

1905 ж. 23 февральдан (8 марттан) ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ПРОЛЕТАРИАТ ЖӘНЕ ШАРУАЛАР» * ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Пролетариат және шаруалар

«Социал-демократия және шаруалардың революциялық қозғалысы».

| х+у? | [143]

Шаруалар қозғалысының басталуы.

Біздің аграрлық программа және оның маңызы туралы *егжей-тегжейлі* баяндау.

Социал-демократияның көзқарасы. К. Каутский.

(1) Бейтараптық.

| Онша дәл емес, бірақ өте дұрыс пікір бар. |

(2) «Революция» экспроприациялаудан тайсалмайды. Қандай таптар осы «революцияны» нақты жүргізуші бола алады? Пролетариат және өте кедей шаруалар.

Ergo **, К. Каутский пролетариат пен шаруалардың төменгі топтарының диктатурасын жобалап та отыр. Біздің программа-минимумның талабы жалпы осындай.

Революциялық диктатура жөніндегі жаңа искрашылдардың реакцияшыл идеялары.

(α) Пролетарлық көтеріліс. Сол кезде уақытша үкімет және өкіметті басып алу!!

(β) Өкімет басындағы қайраткер күнінен бұрын қаза болды (Петрушкиндік цитаттар.)

(γ) Пролетариаттың «стихиялық» диктатурасы.

---

* Қараңыз: осы том, 373—379-беттер. *Ред.*

** — Демек. *Ред.*

(δ) «Болашақтың оппозициялық партиясы». Ergo, революцияның артта жүрушілік оппозициясы!!

(ε) Гапонға тура жауап беруден жалтарып кетті.

Революцияшыл шаруалар қозғалысын қолдау туралы съездің қарары. Таптық партия және таптық көзқарас.

Сынау позициясын сақтай отырып және реакциялық демократияға қарсы қарулана отырып, революциялық демократияны әрдайым итермелеп отыру, оған *қосылып кетпеу.*

Таптық партия мен таптық көзқарас хвостизм деген сөз емес,— біздің тап оппозициялық партия — (мартыновшылдық).

— революциялық демократияның міндеттерін белгілеу және таптардың тарихи қайшылықтарын алдын ала болжау мағынасындағы гегемония etc.

1905 ж. 10 (23) марттан ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Июль, 1904 — март, 1905)

АТЫ-ЖӨНІ БЕЛГІСІЗ АДАМҒА ЕКІ ХАТ

В. И. Ленин бұл хаттарды, тегі, 1904 жылы сентябрьде — октябрьде жазса керек. Лениннің екінші хатына жолдаған жауабында аты-жөні белгісіз адам 1904 жылы 4 (17) октябрьде былай деп жазған: «Аса құрметті Владимир Ильич! Ең алдымен мен жақында алған хатта қойылған сұрақтарға дереу жауап қайтарғалы отырмын: Сіз жазып отырған топқа мен өте ризашылықпен қатысамын... Сондай-ақ Сіз менен съезді қолдайсыз ба деп сұрайсыз? Меніңше, егер мен белгілі бір бағыттың («көпшіліктің») адамы болатын болсам, мен ол ұсынған ұранды — бұл жерде: съезді қолдауға тиістімін». Содан соң адресат былай деп жазады: «Сіздің бірінші хатыңызды алған жоқпын».

Хат сонында аты-жөні белгісіз адам «—ъ» деп қол қойған.

(КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. В. ФИЛАТОВҚА (В. СЕВЕРЦЕВКЕ) ХАТ

В. И. Ленин В. В. Филатовқа (В. Северцевке) хатты, тегі, 1905 жылы январьдың аяғында — февральдың басында жазса керек. Филатов 1905 жылы 7 февральда Ленинге жолдаған жауап хатында былай деп жазады: «Құрметті жолдас. Сіздің хатыңызды жаңа ғана алдым және дереу жауап жазғалы отырмын, тіпті қуанғанымнан қолым дірілдеп те кетті білем...». Филатовтың жауабына қарағанда, Ленин баррикададағы ұрыс мәселелері жөнінде білгісі келгенге ұқсайды (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Г. Д. ЛЕЙТЕЙЗЕНГЕ (ЛИНДОВҚА) ХАТ

Ленин Г. Д. Лейтейзенге (Линдовқа) хатты 1905 жылы 10 (23) март пен 9 (22) апрельдің аралығында жазса керек. Лейтейзен-

нің жауап хатына қарағанда, Ленин өзінің хатында Коммунаның генералы Клюзеренің өмірбаяны жөнінде білгісі келген, ол қазір тірі ме деп сұраған; сондай-ақ француз партияларының бірігу конгресі жөнінде білгісі келген (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

ГАЛЕРКА. «БОНАПАРТИЗМ ЖОЙЫЛСЫН!»

Женева, 1904

М. С. Ольминскийдің (Галерканың) кітапшасы 1904 жылы сентябрьдің бірінші жартысында 5000 дана болып шықты. Осы кітапшаны шығарумен көпшіліктің өз алдына дербес баспа қызметі басталады, мұны В. В. Воровскийдің Одесса комитетіне жазған хаты дәлелдейді (қараңыз: Лениннің XV жинағы, 176-бет).

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінің документтері, сондай-ақ В. И. Лениннің жазысқан хаттары және естеліктер В. Бонч-Бруевич пен Н. Лениннің баспасында шыққан кітапшалар мен мақалаларды Ленин қарап, редакциялады деуге негіз бола алады.

В. И. Ленин 1904 жылы 10 ноябрьде А. М. Стопаниге жазған хатында «Бонч-Бруевич тек бастырушы» деп көрсетеді (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 266-бет), демек, баспадағы бүкіл редакциялық жұмыс В. И. Лениннің мойнында болған.

ГАЛЕРКА ЖӘНЕ РЯДОВОЙ. «БІЗДІҢ ТҮСІНІСПЕУШІЛІКТЕРІМІЗ»

Женева, 1904

М. С. Ольминский (Галерка) мен А. А. Богдановтың (Рядовойдың) кітапшасы 1904 жылы сентябрьдің бірінші жартысында 5000 дана болып шықты. В. И. Ленин 1904 жылы 31 августа (13 сентябрьде) В. Д. Бонч-Бруевичке жазған хатында осы кітапшаға большевиктік социал-демократиялық әдебиет шығару жөнінде қадам жасалғандығы туралы хабарландыру, сонымен қабат осы хабарландыруды партия баспаханасында басудан бас тартқандығы туралы Носковтың 1904 жылғы 12 сентябрьдегі хаты, сондай-ақ Носковтың хатына Ленин жазған қосымша басылған листокты қосып шығару жөнінде ұсыныс жасайды (қара-

ңыз: Лениннің XV жинағы, 168—169-беттер). Бонч-Бруевич Лениннің бұл нұсқауын орындады.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Галерканың «Партиясыз орган және органсыз партия» деген мақаласына енгізген Лениннің редакциялық түзетулері сақталған, ол мақала «Біздің түсініспеушіліктеріміз» деген жалпы атпен бірнеше авторлардың мақаласын біріктірген Галерка мен Рядовойдың кітапшасына енді (қараңыз: Лениннің XV жинағы, 174—175-беттер).

«ПАРТИЯҒА»

Женева, 1904

Кітапша 1904 жылы сентябрьдің бірінші жартысында 2000 дана болып шықты. Бұл кітапшада басылған бірінші документ В. И. Лениннің «Партияға» деген мақаласы болды (қараңыз: осы том, 13—22-беттер), ол 22 большевиктің кеңесінде партияға арналған ресми үндеу ретінде қабылданды, ол «22-нің декларациясы» деген атпен белгілі.

Н. ШАХОВ. «СЪЕЗД ҮШІН КҮРЕС»

(Документтер жинағы). Женева, 1904

Н. И. Малининнің (Шаховтың) кітапшасы 1904 жылы октябрьдің екінші жартысында Лениннің алғы сөзімен (қараңыз: осы том, 40—41-беттер) 5000 дана болып шықты.

ГАЛЕРКА. «ЖАҢА ЖОЛҒА»

Женева, 1904

Кітапша 1904 жылы октябрьде 5000 дана болып шықты. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы кітапшаның В. И. Ленин белгілер салған қолжазбасы сақталған.

ОРЛОВСКИЙ. «СОВЕТ ПАРТИЯҒА ҚАРСЫ»

Женева, 1904

В. В. Воровскийдің (Орловскийдің) кітапшасы 1904 жылы ноябрьдің аяғында — декабрьдің басында 2000 дана болып шықты. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде кітапшаның В. И. Ленин редакциялық түзетулер енгізген қолжазбасы сақталған.

««ВПЕРЕД» ГАЗЕТІН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ»

Женева, 1904

«Хабарландыру» 1904 жылы 10 (23) декабрьде листовка түрінде 10 000 дана болып басылды. В. И. Ленин 1904 жылы 11 (24) декабрьде М. М. Эссенге жолдаған хатында былай деп жазады: «Кеше біздің «Вперед» газетімізді шығару жөнінде хабарландыру басылып шықты» (Шығармалар, 34-том, 282-бет).

М. С. Ольминский өзінің естеліктерінде былай деп жазды: ««Вперед» газетін шығару туралы хабарландыру Луначарскийге тапсырылған болатын. Оған мұны жаңадан екі немесе үш рет қайта жазуға тура келді. Ленин жолдас бір жеке әңгіме үстінде бұл қайта-қайта жазудың Луначарскийге өте ұнамағандығын, бірақ ол мұны білдірмеуге тырысқанын айтқан еді...» («Пролетарская Революция», 1924, № 11, 37-бет).

«ПАРТИЯНЫҢ III СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ХАБАР»

«Хабар» 1905 жылы 21 январьда Петербургте Көпшілік Комитеттері Бюросының қол қоюымен жеке листок болып басылды және «Вперед» газетінің 1905 жылғы 28(15) февральдағы 8-номерінде толық қайта басылды. «Вперед» газетіндегі осы «Хабарға» В. И. Ленин «Редакциядан» деген соңғы сөз жазды (қараңыз: осы том, 306—309-беттер).

Ресми документ болған «Партияның III съезін шақыру туралы хабардың» негізіне Лениннің 1904 жылы 11(24) декабрьден кешірек жазған және сол кезде-ақ Көпшілік Комитеттері Бюросының барлық мүшелеріне жіберілген «Ұйымдастыру комитетінің құрылуы туралы және Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының кезекті III съезін шақыру туралы хабар» алынды (қараңыз: осы том, 115—117-беттер).

Ленин 1904 жылы декабрьде М. М. Литвиновқа жазған хатында Россиядағы көпшіліктің біріккен комитеттеріне өздерін Көпшілік Комитеттерінің Бюросы деп атауды және бұл туралы дереу жұртшылыққа мәлімдеуді ұсынады, бұл үшін Ленин «Хабардың» жобасын жібереді (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 286-бет).

«ВПЕРЕД» ГАЗЕТІ

№ 1 — 4 январь, 1905 ж. (22 декабрь, 1904 ж.)
№ 2 — 14 (1) январь, 1905 ж.
№ 3 — 24 (11) январь, 1905 ж.
№ 4 — 31 (18) январь, 1905 ж.
№ 5 — 7 февраль (25 январь), 1905 ж.
№ 6 — 14 (1) февраль, 1905 ж.
№ 7 — 21 (8) февраль, 1905 ж.
№ 8 — 28 (15) февраль, 1905 ж.

№ 9 — 8 март (23 февраль), 1905 ж.
№ 10 — 15 (2) март, 1905 ж.
№ 11 — 23 (10) март, 1905 ж.
№ 12 — 29 (16) март, 1905 ж.
№ 13 — 5 апрель (23 март), 1905 ж.

«MÉMOIRES DU GÉNÉRAL CLUSERET» II ТОМЫНЫҢ «LA GUERRE DES RUES» ДЕГЕН ТАРАУЫНЫҢ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРМАСЫ

Paris, 1887

«Генерал Клюзереннің мемуары» деген кітаптың «La guerre des rues» («Көше күресі») — деген тарауы «Вперед» газетінің 1905 жылғы 23(10) марттағы 11-номерінде «Көше күресі туралы (Коммуна генералының кеңестері)» деген тақырыппен мақала болып басылып шықты. В. И. Ленин осы мақалаға «Редакциядан» деген алғы сөз жазды (қараңыз: осы том, 380—381-беттер).

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы тараудың В. Филатов аударған және Н. К. Крупская көшіріп жазған, В. И. Ленин редакциялық түзетулер енгізген қолжазбасы (қараңыз: Лениннің XXVI жинағы, 355—365-беттер), сондай-ақ генерал Клюзереннің өмірбаянының Ленин жазған алғашқы нобайы сақталған.

ЕСКЕРТУЛЕР

1 *«Біздің көздейтініміз не? (Партияға)»* — Ленин жазған және 22 большевиктің кеңесінде қабылданған «Партияға» деген үндеудің (қараңыз: осы том, 13—22-беттер) бастапқы нұсқасы. РСДРП-ның 19 мүшесі қатысқан кеңес Лениннің инициативасы бойынша 1904 жылы августың бірінші жартысында Женеваның (Швейцария) маңында болды. Бұл кеңестің шешімдеріне көп ұзамай тағы да 3 большевик қосылды, сөйтіп «Партияға» деген үндеу 22 большевиктің атынан шықты. Кеңеске В. И. Ленин, Н. К. Крупская, М. С. Ольминский, М. Н. Лядов, П. Н. Лепешинский және басқалар қатысты.

«Партияға» қабылданған үндеу большевиктер үшін партияның III съезін шақыру жолындағы күрес программасы болды.— *1.*

2 Бұл арада меньшевиктік «Искра» туралы айтылып отыр. Партияның II съезінде құрамында В. И. Ленин, Г. В. Плеханов және Л. Мартов бар партияның Орталық Органының редакциясы бекітілген болатын. Алайда меньшевик Мартов съездің шешіміне қарамастан II съезд сайламаған бұрынғы меньшевик-редакторларсыз (П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич) редакцияға кіруден бас тартты, сөйтіп «Искраның» 46—51-номерлері Ленин мен Плехановтың редакциялауымен шықты. Кейіннен Плеханов меньшевизм позициясына көшіп кетті де, съезд сайламай тастаған бұрынғы меньшевик-редакторлардың редакция құрамына енгізілуін талап етті. Ленин бұған келісе алмады, сөйтіп 1903 жылы 19 октябрьде (1 ноябрьде) «Искраның» редакциясынан шықты; ол Орталық Комитетке кооптацияланды да, сонда отырып оппортунист-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. «Искраның» 52-номері жалғыз Плехановтың редакциялауымен шықты, ал 1903 жылы 13(26) ноябрьде Плеханов өз бетімен партияның II съезінің еркін бұзып, «Искра» редакциясының құрамына оның бұрынғы меньшевик-редакторлары Аксельродты, Потресовты және Засуличті кооптациялады. «Искра» елу

екінші номерінен бастап революциялық марксизмнің айбынды органы болудан қалды. Меньшевиктер оны марксизмге қарсы, партияға қарсы күрес органына, оппортунизмді уағыздау трибунасына айналдырды. Меньшевиктердің өздері де «ескі «Искра» мен жаңа «Искраның» арасында терең тұңғиық жатыр» деп мойындады. Жаңа, меньшевиктік «Искра» партиялықтың негізін әлсіретті: партия шешімдерін міндетті түрде орындау талабы «бюрократизм» және «формализм» деп жарияланды, азшылықтың көпшілікке бағынуы партия мүшесінің еркі мен бостандығын «дөрекі қара күшпен» басып-жаншу деп қаралды, партиялық тәртіп «крепостниктік право» деп кемсітілді. Меньшевиктер партияны кері қарай, ұйымдық бытыраңқылық пен ауа жайылушылыққа, үйірмешілдік пен майдагерлікке қарай сүйреді.— *4.*

3 *Партия Советі* (1903—1905), РСДРП II съезі қабылдаған партия уставына сәйкес, жоғары партиялық мекеме ретінде құрылды, оның міндеті Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясының қызметін үйлестіру және біріктіру, Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясының бірі, толық құрамында шығып қалған жағдайда, осы мекемелерді қалпына келтіру, сондай-ақ партия атынан басқа партиялармен қарым-қатынас жасау болды. Совет уставта белгіленген мерзімде немесе бәрін қосқанда съездегі дауыстың жартысына правосы бар партия ұйымдарының талап етуі бойынша мерзімінен бұрын партия съездерін шақырып тұруға міндетті болды. Партия Советінде бес мүше болды, оның біреуін партия съезі, ал қалғандарын Орталық Комитет пен Орталық Органның редакциясы тағайындады, олар Советке екі мүшеден жіберіп отырды. РСДРП II съезі Советтің бесінші мүшесі етіп Г. В. Плехановты сайлады. В. И. Ленин бастапқы кезде Советке Орталық Органның редакциясынан енді, ал «Искраның» редакциясынан шыққаннан кейін Орталық Комитеттен сайланды. Плехановтың оппортунизм жағына бет бұрыс жасап, Орталық Орган редакциясын меньшевиктер басып алғаннан кейін, партия Советі меньшевиктердің большевиктерге қарсы күрес құралына айналды. В. И. Ленин меньшевиктердің іріткі салушылық, жікшілдік әрекеттерін әшкерелей отырып, партияны топтастыру жолында Советте дәйекті түрде күрес жүргізді. РСДРП III съезі қабылдаған устав бойынша партия Советі таратылды. Үшінші съезден бастап партияның съездер аралығындағы бірден-бір басшы орталығы Орталық Комитет болып саналады, Орталық Орган редакциясын да сол тағайындайды.— *7.*

4 В. И. Ленин 1904 жылы 15 августа М. К. Владимировқа жазған хатында РСДРП III съезін дереу шақыруды ұсынған мына 11 комитетті атайды: Петербург, Тверь, Москва, Тула, Сибирь, Кавказ, Екатеринослав, Николаев, Одесса, Рига, Астрахань комитеттері. Бұл комитеттердің III съезді шақы-

руды жақтаған қаулыларының көпшілігі 1904 жылы Н. Шаховтың «Съезд үшін күрес» деген кітапшасында басылды (сондай-ақ қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Документтер мен материалдар жинағы». М., 1955, 41—244-беттер).— *7.*

5 *«Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы»* В. И. Лениннің инициативасы бойынша 1901 жылы октябрьде құрылды. Лигаға «Искраның» шетелдік ұйымы мен «Социал-демократ» революциялық ұйымы енді, оған «Еңбекті азат ету» тобы да кіреді. Лиганың міндеті революциялық социал-демократияның идеяларын тарату және айбынды социал-демократиялық ұйым құруға көмектесу еді. Лига (оның уставы бойынша) «Искра» ұйымының шетелдегі өкілі болды. Ол шетелдегі орыс социал-демократтарының ішінен «Искраның» жақтаушыларын топтастырды, газетке материалдық көмек көрсетті, оның Россияға жеткізілуін ұйымдастырды және көпшілікке арналған маркстік әдебиет шығарды. РСДРП II съезі Лиганы комитеттің уставтық правосымен пайдаланатын шетелдегі бірден-бір партия ұйымы ретінде бекітті және оны РСДРП Орталық Комитетінің басшылығымен жәпе бақылауымен жұмыс істеуге міндеттеді.

РСДРП II съезінен кейін Шетелдік лигаға меньшевиктер бекініп алып, Ленинге қарсы, большевиктерге қарсы күрес жүргізді. Лиганың 1903 жылы октябрьде болған екінші съезінде меньшевиктер РСДРП II съезінде қабылданған партия уставына қарсы бағытталған Лиганың жаңа уставын бекітті. Осы уақыттан бастап Лига меньшевизмнің тірегіне айналды; 1905 жылға дейін өмір сүрді.— *7.*

6 В. И. Ленин бұл арада Петербург партия комитетінің партиядағы істің жайы туралы 1904 жылғы 23 июньдегі қарарын айтып отыр. Қарарда партиядағы берекесіздік жағдай аталған, меньшевиктік «Искра» редакторларының іріткі салушылық әрекеті көрсетілген және партияның III съезін дереу шақыру талап етілген, тек съезд ғана «партияны оның ішінде жікке бөлінудің пайда болуынан сақтап қалады» және «партияның көзқарасын шын мәнісінде және дұрыс білдіреді» делінген (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Документтер мен материалдар жинағы». М., 1955, 85—86-беттер). Қарар Н. Шаховтың «Съезд үшін күрес». Документтер жинағы. Женева, 1904. деген кітапшасында басылды.— *9.*

7 Бұл арада Орталық Комитеттің партияның жергілікті комитеттеріне жаңа мүшелер енгізу правосын шектеу туралы партия Советінің 1904 жылғы 5 (18) июньдегі қарары айтылып отыр.— *9.*

8 *«Южный рабочий»* тобы — осы атпен құпия шығып тұрған газеттің төңірегінде 1900 жылдың күзіне қарай Россияның

оңтүстігінде қалыптасқан социал-демократиялық топ («Южный Рабочийдің» бірінші номерін РСДРП Екатеринослав комитеті 1900 жылы январьда, соңғы, 12-номерін, 1903 жылы апрельде шығарды). Топтың құрамына және газеттің редакциясына әр кездерде И. Х. Лалаянц, А. Виленский, О. А. Коган (Ерманский), Б. С. Цейтлин, Е. Я және Е. С. Левиндер, В. Н. Розанов және басқалар кірді.

«Южный рабочий» тобы «экономистерге» қарама-қарсы көзқараста болды, ол пролетариаттың саяси күресін, самодержавиені құлатуды аса маңызды міндет деп санады, терроршылдыққа қарсы шықты, бұқаралық революциялық қозғалысты өрістету қажеттігін жақтады және Россияның оңтүстігінде революциялық зор жұмыс жүргізді. Сонымен бірге топ либерал буржуазияның ролін асыра бағалады, шаруалар қозғалысына мән бермеді. Революцияшыл социал-демократтарды «Искраның» төңірегіне біріктіру жолымен бір орталыққа бағындырылған маркстік партия құрудың искралық жоспарына қарама-қарсы «Южный рабочий» тобы облыстық социал-демократиялық бірлестіктер құру жолымен РСДРП-ны қалпына келтіру жоспарын ұсынды. 1901 жылдың декабрінде Россияның оңтүстігіндегі РСДРП комитеттері мен ұйымдарының съезі шақырылып, онда «РСДРП оңтүстік комитеттері мен ұйымдары одағының» құрылуы, «Южный рабочий» газетінің оның органы болуы ұйғарылуы осы жоспарды жүзеге асырудың нақты әрекеті еді. Бұл әрекет («Южный рабочий» тобының бүкіл ұйымдық жоспары сияқты) өміршең болмай шықты, сөйтіп 1902 жылдың көктеміндегі жаппай сәтсіздіктерден кейін, «Одақ» тарап кетті. «Южный рабочий» тобының тұтқыннан аман қалған мүшелері 1902 жылы августа Россия социал-демократиясының бірлігін қалпына келтіру жөнінде бірлесіп жұмыс істеу туралы «Искраның» редакциясымен келіс сөздер жүргізді. Топтың «Искрамен» ынтымақтастығы туралы мәлімдемесінің (1902 жылы 1 ноябрьде «Искраның» 27-номерінде және 1902 жылы декабрьде «Южный Рабочийдің» 10-номерінде жарияланды) Россияның социал-демократиялық күштерін жинап, топтастыру үшін зор маңызы болды. 1902 жылдың ноябрінде («Южный рабочий» тобы «Искраның» орыс ұйымымен, РСДРП Петербург комитетімен және «РСДРП солтүстік одағымен» бірге партияның II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетін құруға, ал кейін съездің жұмысына да қатысты. Бірақ «Южный рабочий» тобы бұл кезеңде де дәйекті революциялық позицияда болмады; оның қызметінде сепаратистік тенденциялар байқалып отырды, бұл ең алдымен оның «Искрамен» қосарландыра жалпы россиялық газет шығару жоспарын ұсынуынан көрінді. В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген еңбегінде «Южный рабочий» тобын ««Искраны» басшы орган деп сөз жүзінде ғана танып, іс жүзінде өздерінің ерекше жоспарларын көздеген және принцип жағынан тұрақсыздығымен көзге түскен» ұйымдардың

(Шығармалар толық жинағы, 8-том, 207—208-беттер) қатарына жатқызды. Партияның II съезінде «Южный рабочий» тобының делегаттары «центрдің» позициясында болды (Ленин «центрдің» өкілдерін «орташа оппортунистер» деп атады).

РСДРП II съезі, барлық жеке, дербес өмір сүріп келген басқа социал-демократиялық топтар мен ұйымдар сияқты, «Южный рабочий» тобын да таратуға қаулы етті (қараңыз: РСДРП екінші съезі. Протоколдар». 1959, 439-бет).— *14.*

9 *«Экономизм»* — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы орыс социал-демократиясындағы оппортунистік ағым, халықаралық оппортунизмнің орыстық бір түрі. «Экономистердің» баспасөз органдары «Рабочая Мысль» газеті (1897—1902) мен «Рабочее Дело» журналы (1899—1902) болды. Ленин орыс бернштейншілдері деп атаған «экономистердің» программалық документі 1899 жылы Е. Д. Кускова жазған «Credo» деп аталатын документ еді.

«Экономистер» саяси күрес либерал буржуазияның ісі деп санай отырып, жұмысшы табының міндеттерін жалақыны арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту жолындағы және т. с. экономикалық күреспен шектеді. Олар партия тек қозғалыстың стихиялы процесіне көз салып, оқиғаларды тіркеп отырушы ғана болуға тиіс деп санап, жұмысшы табы партиясының басшылық ролін теріске шығарды. Жұмысшы қозғалысының стихиялығы алдында бас иген «экономистер» революциялық теорияның, саналылықтың маңызын төмендетті, социалистік идеология жұмысшылардың стихиялық қозғалысынан пайда бола алады деп дәлелдеді; олар жұмысшы қозғалысына социалистік саналылықты революцияшыл интеллигенцияның сырттан енгізу қажеттігін теріске шығарды, сөйтіп буржуазиялық идеологияға жол ашты. «Экономистер» жұмысшы табының бір орталыққа бағындырылған партиясын құру қажеттігіне қарсы шығып, жекелеген үйірмелердің бытыраңқылығы мен майдагерлігін қорғады, социал-демократиялық қозғалыстағы алауыздық пен ауытқушылықты қолдады. «Экономизм» жұмысшы табын таптық революциялық жолдан тайдырып, оны буржуазияның саяси шылауына айналдыру қаупін туғызды.

Лениннің «Россия социал-демократтарының наразылығы» («Credo»-ға қарсы бағытталған, 1899 жылы Сибирьде айдауда жүрген кезде жазылған және айдауда жүрген он жеті марксист қол қойған), «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты», ««Profession de foi» жөнінде», «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—190; 260—297; 337—348-беттер; 5-том, 392—400-беттер) деген шығармалары «экономистердің» көзқарастарын жан-жақты сынауға арналған. «Экономизмді» идеялық жағынан талқандауды Ленин «Не істеу керек?» деген кітабында аяқтады (қараңыз: Шығармалар толық жи-

нағы, 6-том, 1—211-беттер). «Экономизммен» күресте лениндік «Искра» үлкен роль атқарды.

Рабоче-делошылдар — «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» органы «Рабочее Дело» журналының төңірегіне топталған «экономизмнің» жақтаушылары. Рабоче-делошылдар марксизмді «сынау еркіндігі» болсын дейтін бернштейншілдік ұранды қолдады және орыс социал-демократиясының тактикасы мен ұйымдық міндеттері мәселелерінде оппортунистік позиция ұстады, шаруалардың революциялық мүмкіндіктерін теріске шығарды және т. с. Рабоче-делошылдар пролетариаттың саяси күресін экономикалық күреске бағындыру жөніндегі оппортунистік идеяны насихаттады, жұмысшы қозғалысының стихиялығы алдында бас иді және партияның басшылық ролін жоққа шығарды. «Рабочее Дело» редакторларының бірі (В. П. Иваншин) ашық «экономистердің» органы, «Рабочее Дело» қолдап келген «Рабочая Мысльді» редакциялауға қатысты. Партияның II съезінде рабоче-делошылдар партияның оппортунистік нағыз оң қанаты болды.— *15.*

10 Лениннің қолжазбасында Орталық Комитет мүшелерінің есімдері сызылып тасталған да, мынадай текст берілген: «... Орталық Комитеттің өзіне жолданатын хатта осы *б е с е у і н і ң* есімін сөзсіз көрсету керек».— *23.*

11 *Орталық Комитеттің «июль декларациясы»* — Орталық Комитеттің мүшелері — ымырашылдар Л. Б. Красиннің, В. А. Носковтың және Л. Е. Гальпериннің 1904 жылы июльде қабылдаған қаулысы. Ол 26 пункттен тұрды, оның 9 пункті «Искраның» 1904 жылғы 25 августағы (7 сентябрьдегі) 72-номерінде «Орталық Комитеттің мәлімдемесі» деген тақырыппен жарияланды. Қаулы Орталық Комитеттің екі мүшесінің: Швейцарияда болған В. И. Лениннің және Р. С. Землячканың қатысуынсыз, заңсыз қабылданды. Сөйтіп, олардың Орталық Комитетте партия көпшілігінің позициясын қорғауға мүмкіндігі болмады. Бұл қаулыда ымырашылдар жаңа «Искраның» Плеханов кооптациялаған меньшевиктік редакциясының құрамын таныды. Орталық Комитеттің құрамына тағы да үш ымырашыл: А. И. Любимов Л. Я. Карпов және И. Ф. Дубровинский кооптацияланды. Ымырашылдар партияның III съезін шақыруға қарсы шықты және съезд шақыру жолында үгіт жүргізген Орталық Комитеттің Оңтүстік бюросын таратып жіберді. Олар В. И. Ленинді партияның Орталық Комитетінің шетелдік өкілі правосынан айырды және оның шығармаларын Орталық Комитет коллегиясының рұқсатынсыз басып шығаруға тыйым салады.

«Июль декларациясын» қабылдау Орталық Комитеттің мүшелері — ымырашылдар тарапынан РСДРП II съезінің шешімдеріне біржола опасыздық жасағандығы және олардың

ашықтан-ашық меньшевиктер жағына шыққандығы болып табылды.

В. И. Ленин «июль декларациясына» қарсы батыл наразылық білдірді. Өзінің «Орталық Комитеттің бес мүшесіне» деген хатында, «Орталық мекемелердің партиядан қол үзуі туралы мәлімдеме мен документтер» деген кітапшасында В. И. Ленин Орталық Комитеттің үш мүшесінің заңсыз әрекеттерін әшкереледі (қараңыз: осы том, 23—25; 121—132-беттер). Партияның жергілікті комитеттері — Петербург, Москва, Рига, Баку, Тифлис, Имеретия-Мингрелия, Николаев, Одесса, Екатеринослав комитеттері — В. И. Ленинді қолдап, «июль декларациясын» батыл айыптады.— *23.*

12 Бұл арада 1904 жылы мартта Орталық Комитеттің үш мүшесінің: Л. Е. Гальперин, Л. Б. Красин және В. А. Носковтың Орталық Комитеттің атынан шығаруды жобалаған, бірақ, тегі, шығара алмаған «декларациясы» айтылып отыр. Бұл декларацияның мазмұнын В. И. Ленин былай деп береді: «өздерінің март айында жазылған және *Глебов* жолдас мақұлдаған декларациясында *Валентин* жолдас пен *Никитич* жолдас былай деп мәлімдеген болатын: 1) азшылықтың талабы бойынша кооптация жасауға олар үзілді-кесілді қарсы; 2) олар «Не істеу керек?» деген кітапшада баяндалған ұйымдық көзқарастарға қосылады және 3) олар, немесе ең болмағанда олардың екеуі, партияның кейбір жазушыларының оппортунистік позициясын мақұлдамайды» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 449-бет).— *27.*

13 *Рига декларациясы* деп бұл арада 22 большевиктің кеңесінде қабылданған «Партияға» деген үндеуді айтып отыр, оны 1904 жылы августа РСДРП Рига комитеті жеке листок етіп бастырып шығарды (қараңыз: осы том, 13—22-беттер).—*29.*

14 Бұл арада *Орталық Комитеттің «июль декларациясы»* айтылып отыр. Қараңыз: 11-ескерту.— *29.*

15 *В. Бонч-Бруевич пен Н. Лениннің социал-демократиялық партиялық әдебиет баспасын* большевиктер 1904 жылғы жаздың аяғында, партия ұйымдары мен мүшелерінің партияның II съезінің шешімдерін қорғаған және партияның III съезін шақыруды талап еткен мәлімдемесін «Искраның» меньшевиктік редакциясы басып шығарудан бас тартқаннан кейін құрды.

Баспа туралы хабарландыруда Бонч-Бруевич былай деп жазды: «Социал-демократиялық партиялық әдебиет баспасын, әсіресе партияның екінші съезі көпшілігінің принципті позициясын қорғауға арналған әдебиетті шығаруды бастай отырып, барлық тілектестерді бұл бастаманы материалдық жағынан және әдеби қолдауға шақырамын». Бұл хабарландыру бірінші рет Галерка мен Рядовойдың «Біздің

түсініспеушіліктеріміз» деген кітапшасының мұқабасында жарияланды, ал сонан соң баспадан шыққан әрбір кітапшаның мұқабасына қайталап басылып отырды. «Біздің түсініспеушіліктеріміз» деген кітапша әуелі партиялық баспаханаға басуға берілді және сонда терілді. Алайда Носков В. Бонч-Бруевичтің басылымдарын партиялық баспаханада басуға тыйым салды. Носковпен осы жанжалдан кейін көпшіліктің басылымдарын басып шығару В. Бонч-Бруевич шарт жасап алған орыстың кооперативтік баспаханасына көшірілді. Көпшіліктің жергілікті партия комитеттері В. Бонч-Бруевич пен Н. Лениннің баспасына жәрдем көрсетіп отырды.— *30.*

16 *Орталық Комитеттің Оңтүстік бюросы* 1904 жылы февральда В. И. Лениннің тікелей жәрдемдесуімен құрылған болатын. Оның құрамына В. В. Воровский, И. Х. Лалаянц және басқалар енді. Орталық Комитеттің Оңтүстік бюросының тұрақты орны Одесса болды. Бюро алғашқы сәттен-ақ Ленинмен тұрақты байланыс жасап, большевиктік позицияны берік ұстады. Ол РСДРП-ның бүкіл оңтүстік комитеттері үшін біріктіруші және байланыстырушы орталық ролін атқарды, бұлар Орталық Комитеттің енжарлығы салдарынан басшылықсыз қалған болатын. «Июль декларациясы» дейтін шыққанға дейін Оңтүстік бюро II съезден кейін болған партия ішіндегі алауыздықтардың шын мәніндегі себептерін РСДРП комитеттері арасында түсіндіру жөнінде зор жұмыстар атқарды, неғұрлым ірі үш комитетті — Одесса, Николаев және Екатеринослав комитеттерін — біріктірді, орталық мекемелердің — Орталық Комитеттің, Орталық Органның және партия Советінің — еркіне қарамастан партияның III съезін дереу шақыруды жақтай отырып, меньшевиктерге және ымырашылдарға қарсы дәйекті күрес жүргізді.

Орталық Комитеттің Оңтүстік бюросы 1904 жылғы августың орта шеніне дейін өмір сүрді де, Орталық Комитеттің заңсыз қабылданған «июль декларациясы» себепті таратып жіберілді. Бюро қызметінің тоқтатылуына бірден-бір сылтау оның партияның III съезін шақыруды жақтап үгіт жүргізгені болды.

Орталық Комитеттің большевиктік Оңтүстік бюросын таратып, меньшевиктер Россияның оңтүстігінде орнығып алмақ болды. Алайда большевиктердің қызметі Бюро таратылғаннан кейін де тоқтаған жоқ. Комитеттерді біріктіру жөніндегі сәтті басталған істі оңтүстікке келген Землячка жолдас одан әрі жалғастырды. Оңтүстікте РСДРП комитеттерінің большевиктік бірінші конференциясы шақырылды, ол шамамен 1904 ж. 11 және 26 сентябрьдің аралығында (жаңаша) болып өтті. Конференция Оңтүстік бюроны қалпына келтірді, 22 большевиктің қарарына қосылды және «22-нің» конференциясына III съезді шақыру жөнінде Ұйымдастыру комитетін құруды ұсынды, оның құрамында болуға тиісті деген

кандидаттардың ішінде Землячка, Богданов жолдастардың және басқалардың есімдері аталды.

Орталық Комитеттің Оңтүстік бюросы Солтүстік және Кавказ бюроларымен бірге 1904 жылы декабрьде құрылған Көпшілік Комитеттерінің Бүкіл россиялық Бюросының (ККБ) ұйытқысы болды.— *37.*

17 В. И. Лениннің *«Бір адым ілгері, екі адым кейін»* (Роза Люксембургтің «Орыс социал-демократиясының ұйымдық мәселелері» деген мақаласына жауап) деген мақаласы герман социал-демократиясының органы «Die Neue Zeit»-те жариялау үшін Каутскийге жіберілген болатын, бірақ Каутский оны басудан бас тартты және қолжазбаны Ленинге кері қайтарды. Ленин қолжазбасының түпнұсқасы сақталмаған. Белгісіз адам көшіріп жазған неміс тіліндегі қолжазба сақталған, онда В. И. Лениннің аздаған түзетулері бар.

Автор қарап шыққан қолжазба бойынша мақаланың неміс тіліндегі тексті және оның орыс тіліне аудармасы басылып отыр.— *43.*

18 *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман») — Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылғы октябрьге дейін — К. Каутский, онан кейін — Г. Кунов редакциялады. «Die Neue Zeit»-те К. Маркс пен Ф. Энгельстің біркатар шығармалары: К. Маркстің «Гота программасына сыны», Ф. Энгельстің «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген мақаласы және басқалар тұңғыш рет жарияланды. Энгельс журналдың редакциясына кеңес беріп, үнемі көмектесіп отырды және оны марксизмнен ауытқуға жол бергені үшін жиі сынға алды. «Die Neue Zeit»-ке XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлері: А. Бебель, В. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Г. В. Плеханов, И. Лафарг және басқалар қатысып тұрды. Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, журналда ревизионистердің мақалалары, соның ішінде Э. Бернштейннің марксизмге қарсы ревизионистердің жорығын бастаған «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалары үнемі басылып отырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында журнал іс жүзінде социал-шовинистерді қолдап, центристік позицияда болды.— *43.*

19 *Бланкизм* — француз социалистік қозғалысындағы ағым, оны аса көрнекті революционер, француз утопиялық коммунизмінің көрнекті өкілі Луи Огюст Бланки (1805—1881) басқарды.

Бланкистер тап күресін теріске шығарды, «адам баласын жалдама құлдықтан пролетариаттың тап күресі арқылы құтқаруды күтпейді, шамалы ғана интеллигенттік азшылықтың

заговоры арқылы құтқаруды» күтеді (В. И. Ленин. Шығармалар, 10-том, 395-бет). Революциялық партияның қызметін заговоршылардың құпия шағын тобының қимылдарымен алмастыра отырып, олар көтерілістің жеңуі үшін қажет нақты жағдайды ескермеді және бұқарамен байланысты керек деп таппады.— *47*.

20 *Монтаньярлар және жирондистер* — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы дәуіріндегі буржуазияның екі саяси тобының аттары. Монтаньярлар, немесе якобиншілдер, деп өз кезіндегі революцияшыл тап — буржуазияның абсолютизм мен феодализмді құрту қажеттігін талап еткен неғұрлым батыл өкілдерін атаған. Жирондистердің якобиншілдерден айырмашылығы — олар революция мен контрреволюция арасында ауытқып отырды және монархиямен келісім жасау жолына түсті.

«Социалистік Жиронда» деп Ленин социал-демократиядағы оппортунистік ағымды атады; ал революцияшыл социал-демократтарды пролетарлық якобиншілдер, «Гора» деп атады. РСДРП большевиктер және меньшевиктер болып жікке бөлінгеннен кейін Ленин меньшевиктерді жұмысшы қозғалысындағы жирондистік ағым деп жиі атайтын.— *49*.

21 *«Искра»* («Ұшқын») — 1900 жылы В. И. Ленин негізін қалаған және Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық маркстік құпия газет.

Полицияның қуғындауы себепті Россияда революциялық газет шығаруға мүмкіндік болмағандықтан, Ленин Сибирьде айдауда жүрген кезінде-ақ оны шетелде шығарудың жоспарын егжей-тегжейлі ойластырған еді. Жер аудару мерзімі біткеннен кейін (1900 жылдың январы) ол дереу өз жоспарын жүзеге асыруға кірісті. 1900 жылы февральда Петербургте Ленин шетелден астыртын келген В. И. Засуличпен «Еңбекті азат ету» тобының жалпы орыстық маркстік газет шығаруға қатысуы туралы келіс сөз жүргізді. 1900 жылы марттың аяғы — апрельдің басында В. И. Ленин, Л. Мартов, А. Н. Потресов, С. И. Радченко және «жария марксистер» — П. Б. Струве, М. И. Туган-Барановский қатысқан «Псков кеңесі» деп аталған кеңес болып өтті, онда жалпы орыстық газет («Искра») пен ғылыми-саяси журнал («Заря») редакциясының осы басылымдардың программасы мен міндеттері туралы мәлімдемесінің лениндік жобасы талқыланды. Ленин 1900 жылдың бірінші жартысында Россияның бірқатар қалаларын (Москва, Петербург, Рига, Смоленск, Нижний Новгород, Уфа, Самара, Сызрань) аралап шықты, социал-демократиялық топтармен және жекелеген социал-демократтармен байланыс орнатты, олармен болашақ «Искраны» қолдау жөнінде келісті. Ленин Швейцарияға келгеннен кейін, 1900 жылғы августа, Ленин мен Потресов «Еңбекті азат ету» тобының

мүшелерімен кеңес өткізді, онда газет пен журналдың программасы мен міндеттері, болашақ қызметкерлер туралы, редакцияның құрамы және оның тұрақты орны туралы әңгіме болды; бұл келіс сөздер ажырасумен аяқтала жаздады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 362—382-беттер), алайда келіс сөздің аяғына қарай барлық даулы мәселелер жөнінде келісімге қол жетті.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылдың декабрінде Лейпцигте жарық көрді, кейінгі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден — Лондонда, 1903 жылдың көктемінен — Женевада шықты. Газетті жолға қоюға (құпия баспахана ұйымдастыруға, орыс шрифтілерін табуға, т. т.) герман социал-демократтары К. Цеткин, А. Браун және басқалар, сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский және ағылшын социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі Г. Квелч үлкен көмек көрсетті. «Искраның» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич кірді. Редакцияның секретары алғашқыда И. Г. Смидович-Леман, ал кейін, 1901 жылдың көктемінен бастап, Н. К. Крупская болды, ол сондай-ақ «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысу ісін жүргізіп отырды. «Искраның» ең басты назар аударған тақырыбы Россия пролетариатының және барлық еңбекшілерінің патша самодержавиесіне қарсы революциялық күресі мәселелері болды, ол халықаралық өмірдің, негізінен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса маңызды оқиғаларына үлкен көңіл бөліп отырды. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы және басшысы болды, ол партия құрылысы мен Россия пролетариатының тап күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазып отырды.

«Искра» партия күштерін біріктірудің, партия кадрларын жинау мен тәрбиелеудің орталығына айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара және т. б.) РСДРП-ның лениндік-искралық бағыттағы топтары мен комитеттері құрылды, ал 1902 жылғы январьда искрашылдардың Самарадағы съезінде «Искраның» орыс ұйымының негізі салынды. Искралық ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері және серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылып, жұмыс істеді.

Лениннің инициативасы бойынша және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын жасады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП II съезін әзірледі. Съезд шақырылған уақытқа дейін Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасы мен ұйымдық жоспарын мақұлдап, оны өздерінің басшы

органы деп таныды. Арнаулы қаулысында съезд «Искраның» партия үшін күресте ерекше роль атқарғанын атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады.

Партияның II съезінен кейін көп ұзамай-ақ Плехановтың қолдауы арқасында меньшевиктер «Искраны» өз қолдарына қаратып алып, оны марксизмге қарсы, партияға қарсы күрес органына, оппортунизмді уағыздау үшін трибунаға айналдырды. «Искра» елу екінші номерінен бастап революциялық марксизмнің айбынды органы болудан қалды (қараңыз: 2-ескерту).— *49.*

22 Бұл арада 1898 жылғы 1—3 (13—15) мартта Минскіде болған *РСДРП I съезі* айтылып отыр. Съезге 6 ұйымнан: Петербург, Москва, Екатеринослав және Киев «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одақтарынан», Киевтің «Рабочая Газета» тобынан және Бундтан 9 делегат қатысты. Съезд партияның Орталық Комитетін сайлады, «Рабочая Газетаны» партияның ресми органы етіп бекітті, «Манифест» жариялады және «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағын» партияның шетелдегі өкілі деп жариялады (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 11—16-беттер).

РСДРП I съезінің маңызы мынада: ол өзінің шешімдері мен «Манифесте» Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының құрылғанын жариялады және сол арқылы үлкен революциялық-насихатшылық роль атқарды. Алайда съезд программа қабылдаған жоқ, партияның уставын жасай алмады, съезде сайланған Орталық Комитет көп ұзамай тұтқынға алынып, «Рабочая Газетаның» баспаханасы қолға түсті, сондықтан да съезд жекелеген маркстік үйірмелер мен ұйымдарды біріктіріп, байланыстыра алмады. Бір орталықтан жасалған басшылық және жергілікті ұйымдардың жұмысында бірыңғай бағыт болмады.— *55.*

23 *«Рабочая Газета»* («Жұмысшы Газеті») — социал-демократтардың Киев тобының құпия органы; Б. А. Эйдельманның, П. Л. Тучапскийдің, Н. А. Вигдорчиктің және басқалардың редакциялауымен Киевте шығып тұрды. Екі номері: № 1— 1897 жылы августа және № 2 — сол жылдың декабрінде (ноябрь деп көрсетілген) шықты. Редакция мүшесі П. Л. Тучапский редакцияның тапсырмасымен шетелге барғанда Г. В. Плехановты және «Еңбекті азат ету» тобының басқа да мүшелерін «Рабочая Газетаның» 1-номерімен таныстырып, олардың газетке қатысып тұруы жөнінде келісімін алған. Г. В. Плеханов «Рабочая Газета» редакциясының мүшелеріне жазған хатында жалпы орыстық социал-демократиялық орган ретінде газетке жақсы баға беріп, пролетариаттың саяси күресі мәселелеріне көбірек көңіл бөлу қажеттігін көрсеткен. 1898 жылы мартта болған РСДРП I съезі «Рабочая Газетаны»

партияның ресми органы деп таныды. Алайда полицияның баспахананы талқандап, Орталық Комитеттің съезд сайлаған мүшелерін тұтқынға алуы салдарынан газеттің теруге дайындалып қойған үшінші номері жарық көре алмады.

1899 жылы Бундтың Орталық Комитеті газетті қайта шығаруға әрекет жасады, сөйтіп редакторлар тобы Ленинге газетті редакциялау жөнінде, кейінірек — оған қатысып тұруға ұсыныс жасады. Ленин жауабында бұл ұсынысты мақұлдайтынын айтты, бірақ редакторлар тобына бірқатар шарттар қойды, соның ішінде теориялық мәселелер, ең таяудағы практикалық міндеттер және газетті жолға қою жөніндегі негізгі көзқарастар жайында редакцияның онымен келісуін талап етті. Бұл шарттарды Ленин «Редакторлар тобына хатта» баяндады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 193—195-беттер). Ленин шығарылмақшы болған «Рабочая Газетаға» жариялау үшін жазылған «Біздің программа», «Біздің таяудағы міндетіміз» және «Көкейтесті мәселе» деген мақалаларын осы хатпен бірге редакторлар тобына жібереді (қараңыз: бұл да сонда, 196—214-беттер). Газет қайтадан шығарылмады, сондықтан мақалалар жарияланбай қалды.—*55.*

24 *«Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы»* 1894 жылы «Еңбекті азат ету» тобының инициативасымен құрылды және оның барлық мүшелеріне топтың программасын мойындау шарт етіп қойылды. «Одақтың» басылымдарын редакциялау топқа жүктелді де, 1895 жылы март айында топ өзінің баспаханасын «Одақтың» пайдалануына берді. 1895 жылы жазда, В. И. Ленин шетелде болған кезде, «Одақтың» «Еңбекті азат ету» тобының редакциялауымен «Работник» деген жинақ шығаруы туралы шешім қабылданды. «Одақ» «Работниктің» 6 номерін, «Листок «Работниканың»» 10 номерін шығарып, В. И. Лениннің «Штрафтар туралы заңды түсіндіру» (1895) деген кітапшасын, Г. В. Плехановтың «Орыс социал-демократиясына қарсы жаңа жорық» (1897) деген еңбегін және басқаларды бастырып шығарды.

РСДРП I съезі (1898 жылғы март) «Одақты» партияның шетелдегі өкілі деп таныды. Одан әрі «Одақта» оппортунистік элементтер — «экономистер» немесе «жастар» дейтіндер басым болып кетті. 1898 жылы ноябрьде Цюрихте болған «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» I съезінің оппортунистік көпшілігі РСДРП I съезінің «Манифесіне» ынтымақтастық білдіруден бас тартты. «Одақтың» I съезінде «Еңбекті азат ету» тобы «Работниктің» басуға дайындалып қойған 5—6-номерін және В. И. Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері», «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшаларын шығаруды өз міндетіне алып, «Одақтың» басқа басылымдарын редакциялаудан бас тартатынын мәлімдеді. «Одақ» 1899 жылдың апрелінде «Рабочее Дело» журналын шығаруға кірісті, оның редакциясына «экономистер» Б. Н. Кричевский, В. П. Иваншин және П. Ф. Теплов енді.

«Одақ» Э. Бернштейнге, мильераншілдерге және т. с. тілектестік білдірген мәлімдемелер жасады.

«Одақ» ішіндегі күрес оның II съезіне дейін (1900 жылғы апрель, Женева) және съездің өзінде де жалғаса берді. Осы күрестің нәтижесінде «Еңбекті азат ету» тобы мен оның пікірлестері съезді тастап шығып, дербес «Социал-демократ» ұйымын құрды.

РСДРП II съезінде «одақтың» өкілдері («рабоче-делошылдар») нағыз оппортунистік позицияда болып, съезд «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасын» партияның шетелдегі бірден-бір ұйымы деп танығаннан кейін съезді тастап кетті. РСДРП II съезінің шешімі бойынша «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» таратылды (қараңыз: «РСДРП екінші съезі. Протоколдар». 1959, 438-бет).— *55.*

25 *«Рабочая Мысль»* («Жұмысшы Ойы»)— газет, «экономистердің» органы; 1897 жылғы октябрьден 1902 жылғы декабрьге дейін шығып тұрды. 16 номері шықты. Алғашқы екі номері Петербургте мимеографта басылды. 3—11-номерлері шетелде, Берлинде шықты; 12, 13, 14 және 15-номерлерін басу Варшаваға көшірілді; соңғы 16-номері шетелде шықты. Газетті К. М. Тахтарев және басқалар редакциялады.

В. И. Ленин «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты» деген мақаласында және «Не істеу керек?» деген кітабында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 260—297-беттер және 6-том, 1—211-беттер), сондай-ақ «Искра» газетінде жарияланған мақалаларында «Рабочая Мысльдің» көзқарастарын халықаралық оппортунизмнің орыстық түрі ретінде сынады.

«Рабочее Дело» («Жұмысшы Ісі»)—«экономистердің» журналы, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» мерзімді емес органы. 1899 жылдың апрелінен 1902 жылдың февралына дейін Женевада Б. Н. Кричевскийдің, П. Ф. Тепловтың (Сибиряктың), В. П. Иваншинның, содан кейін А. С. Мартыновтың редакциялауымен шығып тұрды; 12 номері (тоғыз кітабы) шықты. «Рабочее Делоның» редакциясы «экономистердің» («рабоче-делошылдардың») шетелдік орталығы болды. «Рабочее Дело» марксизмді «сынау еркіндігі» болсын деген бернштейншілдік ұранды жақтады, орыс социал-демократиясының тактикалық мәселелері мен ұйымдық міндеттері жөнінде оппортунистік позицияда болды, шаруалардың революциялық мүмкіндіктерін жоққа шығарды және т. с.— *55.*

26 *Бернштейншілдік* — халықаралық социал-демократияда XIX ғасырдың аяғында Германияда пайда болған және герман социал-демократы Э. Бернштейннің есімімен аталған оппортунистік ағым. Бернштейн герман социал-демократиясы ішіндегі ревизионизмді ашықтан-ашық білдіруші болды, бұл әсіре-

се 1895 жылы Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін ерекше айқын көрінді.

1896—1898 жылдары Бернштейн Герман социал-демократиялық партиясының теориялық органы «Die Neue Zeit»-те («Жаңа Заман») «Социализм проблемалары» деген жалпы тақырыппен марксизмге ашықтан-ашық ревизия жасаған сериялы мақалалар басып шығарды. Герман социал-демократиялық партиясының сол қанаты өз газеттерінің беттерінде Бернштейнге қарсы күрес жүргізе бастады, бірақ партияның Орталық Комитеті Бернштейнге және бернштейншілдікке тойтарыс бермеді. «Die Neue Zeit» журналының бетіндегі айтыс 1898 жылы июльде Г. В. Плехановтың «Бернштейн және материализм» деген мақаласымен басталды.

1899 жылы Бернштейннің мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген тақырыппен жеке кітап болып шықты. Кітап герман партиясының оң қанаты мен II Интернационалдың басқа партияларының оппортунистік элементтері арасында қолдау тапты. Бернштейншілдік «сын еркіндігі» ұранын сондай-ақ Россияның «жария марксистері» мен «экономистері» қолдады. Орыс цензурасы Бернштейннің кітабын үш дүркін басып шығаруға кедергі жасаған жоқ, ал Зубатов оны жұмысшылардың оқуына ұсынылған кітаптардың қатарына қосты.

Герман социал-демократиялық партиясының Штутгарт (октябрь, 1898), Ганновер (октябрь, 1899) және Любек (сентябрь, 1901) съездерінде бернштейншілдік айыпталды, бірақ лидерлер көпшілігінің ымырашылдық позициясы салдарынан партия Бернштейннен ажыраспады. Бернштейншілдер «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналында және партия ұйымдарында ревизионистік идеяларды ашықтан-ашық насихаттай берді. В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясы ғана бернштейншілдікке және оны жақтаушыларға қарсы батыл да дәйекті күрес жүргізді. Ленин 1899 жылдың өзінде-ақ «Россия социал-демократтарының наразылығында» және «Біздің программа» деген мақалада бернштейншілдікке қарсы шықты; Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабында және оның «Марксизм және ревизионизм», «Европалық жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» деген және басқа мақалаларында бернштейншілдік жан-жақты сыналды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—190, 196—201-беттер, 6-том, 1—211-беттер; Шығармалар, 15-том, 17—28-беттер; 16-том, 365—370-беттер).— *55.*

27 *«Освобождение»* («Азаттық»)—шетелде 1902 жылғы 18 июньнен (1 июльден) 1905 жылғы 5 (18) октябрьге дейін П. Б. Струвенің редакциялауымен екі апта сайын шығып тұрған журнал. Журнал орыстың либерал буржуазиясының органы болды және самарқау-монархиялық либерализм идеяларын дәйектілікпен уағыздап отырды. 1903 жылы журналдың төңірегінде «Азаттық одағы» құрылып (1904 жылы

январьда қалыптасты), 1905 жылдың октябріне дейін өмір сүрді. Земствошы-конституционалистермен бірге «освобожденциешілдер» 1905 жылы октябрьде құрылған конституциялық-демократиялық партияның (кадеттердің) — Россиядағы либералдық-монархиялық буржуазияның жетекші партиясының — ұйтқысы болды.— *57.*

[28] *«Заря»* («Таң») — маркстік ғылыми-саяси журнал; «Искра» редакциясы 1901—1902 жылдарда Штутгартта жария түрде шығарып тұрды. «Заряның» не бары төрт номері (үш кітабы) шықты; 1-номері — 1901 жылы апрельде (іс жүзінде жаңаша 23 мартта) шықты, 2—3-номері—1901 жылы декабрьде, 4-номері—1902 жылы августа шықты. Журналдың міндеттері В. И. Ленин Россияда жазған ««Искра» мен «Заря» редакциясы мәлімдемесінің жобасында» белгіленген (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 349—361-беттер). 1902 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясының ішінде алауыздық және жанжал туған кезде, Плеханов журналды газеттен («Заряны» редакциялауды өз қолында қалдыру үшін) бөлу жобасын ұсынды, бірақ бұл ұсыныс қабылданбады, сөйтіп бұл органдардың редакциялары үнемі ортақ редакция күйінде қала берді.

«Заря» журналы халықаралық және орыс ревизионизмін сынады, марксизмнің теориялық негіздерін қорғады. «Зарядa» В. И. Лениннің «Кездейсоқ заметкалар», «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», ««Сыншы» мырзалар аграрлық мәселе жөнінде» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Ішкі жағдайға шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген еңбектері, сондай-ақ Г. В. Плехановтың «Біздің сыншыларға сын. I бөлім. П. Струве мырза Маркстің әлеуметтік даму теориясының сыншысы ролінде», «Cant Кантқа қарсы немесе Бернштейн мырзаның рухани өсиеті» және басқа еңбектері басылды.—*57.*

[29] *Бунд* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы Вильнода еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде құрылды; көбінесе Россияның батыс облыстарындағы еврей қолөнершілерінің жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. РСДРП I съезінде (1898) Бунд «тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербес ұйым» ретінде («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет) РСДРП құрамына кірді.

Бунд Россияның жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылдың апрелінде Бундтың IV съезінде РСДРП I съезі белгілеген ұйымдық қатынастарды жоймақ болған пікір айтылды. Съезд өзінің қарарында ол РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бір-

лестігі деп санайды, ал Бунд оған федерациялық бөлік ретінде кіруге тиіс деп мәлімдеді.

РСДРП II съезінде, Бундтың өзін еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану жөніндегі талабын съезд қабылдамай тастағаннан кейін, Бунд партиядан шықты. 1906 жылы партияның IV (Бірігу) съезінің шешімі негізінде Бунд қайтадан РСДРП құрамына кірді.

РСДРП-ның ішінде бундшылдар ұдайы партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) қолдап, большевиктер мен большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия талабын қарсы қойды. Столыпиндік реакция жылдарында Бунд жойымпаздық позицияда болды, антипартиялық Август блогын құруға белсене қатысты. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясында тұрды. 1917 жылы Бунд контрреволюциялық Уақытша үкіметті қолдады, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюция күштерімен қосылып кетті. Сонымен қатар Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасуды жақтаған бет бұрыс байқалды. 1921 жылы мартта Бунд өзін өзі таратты, ал оның мүшелерінің біразы жалпы негізде РКП(б) қатарына кірді.— *57.*

30 *Петербург «Жұмысшы ұйымы»* — «экономистердің» ұйымы, 1900 жылы жазда құрылды. 1900 жылы күзде «Жұмысшы ұйымы» Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағымен» қосылып, РСДРП Петербург комитеті деп танылды. Петербург партия ұйымында искралық бағыт жеңіске жеткеннен кейін Петербург социал-демократтарының «экономизмді» жақтаушылардың ықпалында болып келген бір бөлігі 1902 жылы күзде Петербург комитетінен бөлінді де, дербес «Жұмысшы ұйымын» қайта құрды. «Жұмысшы ұйымы» комитеті лениндік «Искра» мен оның маркстік партияны құрудың ұйымдық жоспары жөнінде дұшпандық позиция ұстады. Өзін партияға қарама-қарсы қоя отырып. «Жұмысшы ұйымы» комитеті жұмысшы қозғалысын дамытудың және күресте табысқа жетудің ең маңызды шарты жұмысшы табының дербес әрекет етуі деп демагогтық мәлімдеме жасады. Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» атынан өз бетімен мәлімдеме жасаған «Жұмысшы ұйымы» комитетінің шешімдеріне қарсы РСДРП-ның бірқатар жергілікті ұйымдары наразылық білдірді. Партияның II съезінен кейін, 1904 жылдың басында, «Жұмысшы ұйымы» жалпы партиялық ұйымға қосылды да, өзінің өмір сүруін тоқтатты.— *57.*

31 *РСДРП Воронеж комитеті* В. П. Акимов пен Л. П. Маховец (II съезде — Брукэр) бастаған «экономистердің» ықпалында болды, «олар съезде бүкіл бағыт жөнінен партияның революциялық қанатына қарсы күресті және Плеханов жолдастан бастап Попов жолдасқа дейін, жұрттың бәрі оларды ондаған рет оппортунистер қатарына қосты» (Шығармалар толық жинағы, 8-том, 425-бет).

В. И. Лениннің инициативасы бойынша 1902 жылы ноябрьде Псковта болған кеңесте партияның II съезін шақыру жөнінде Ұйымдастыру комитеті (ОК) құрылған болатын. Көп ұзамай-ақ РСДРП комитеттерінің барлығы дерлік Ұйымдастыру комитетіне қосылып, оған өздерінің сенімін білдірді және съезд шақыру жөніндегі оның инициативасын қолдады. Воронеж комитеті бірден-ақ Ұйымдастыру комитеті жөнінде қарсы позицияда болды, съезд шақыру жөнінде Ұйымдастыру комитетінің правосын мойындамай, комитеттердің оған деген сенімін жоғалтуға тырысты, өзінің жалақорлық хаттарында оның қызметін жамандады және т. т. Ұйымдастыру комитетін құруда басты роль атқарған лениндік «Искраны» «социал-демократияның опричнигі» деп атады және оны жікшілдік саясат жүргізді деп айыптады. Воронеж комитеті Ұйымдастыру комитеті мен ол дайындап жатқан съезд жөнінде қарсы позицияда болғандықтан, Ұйымдастыру комитеті Воронеж комитетін съезге шақырмаған мақұл деп ұйғарды. Екінші съезд бұл шешімді бекітіп, өзінің қарарында былай деп жазды: «Воронеж комитеті Ұйымдастыру комитетін, сондай-ақ уставты танымағандықтан, съезд устав негізінде шақырылып отыр, РСДРП II съезі Ұйымдастыру комитетінің аталған комитетті съезге шақырмауға сөзсіз праволы болғандығын атап көрсетеді» («РСДРП екінші съезі. Протоколдар». 1959, 436-бет).— *57.*

32 *РСДРП екінші съезі* 1903 жылы 17 (30) июль—10 (23) августа болды. Съездің алғашқы 13 мәжілісі Брюссельде өтті. Одан соң полицияның қудалауы салдарынан съездің мәжілістері Лондонға көшірілді.

Съезді «Искра» әзірледі, ол орыс социал-демократтарын революциялық марксизм принциптері негізінде топтастыру жөнінде Лениннің басшылығымен орасан зор жұмыс атқарды. «Искра» редакциясы аса маңызды документ — партия программасының жобасын әзірлеп, съездің талқылауына ұсынды (бұл жоба 1902 жылы 1 июньде «Искраның» 21-номерінде жарияланды). Съезге арналған бірқатар документтерді: РСДРП уставының жобасын, бірнеше қарарлардың жобасын, «Искраның» жұмысы туралы баяндаманың жоспарын Ленин жазды. Сонымен бірге Ленин съездің күн тәртібі мен жұмыс тәртібін мұқият жасап берді.

Съезге шешуші дауыспен 43 делегат қатысты, олар 26 ұйымның («Еңбекті азат ету» тобы, «Искра» ұйымы, Бундтың Шетелдік және Орталық комитеттері, «Орыс революция-

лық социал-демократиясының шетелдік лигасы», «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» және 20 россиялық социал-демократиялық комитеттер мен одақтар) өкілдері еді. Кейбір делегаттардың екі дауысы бар болатын, сол себепті съезде шешуші дауыстың саны 51-ге жетті. Россияның аса ірі социал-демократиялық комитеттерінің өкілдері болып саналатын съезд делегаттарының ішінде лениншіл профессионал революционерлер Р. С. Землячка, А. В. Шотман, П. А. Красиков, Н. Э. Бауман, А. М. Стопани және басқалар болды. Съездің құрамы бірыңғай емес еді. Съезге «Искраны» жақтаушылар ғана емес, сонымен бірге оған қарсылар да, тұрақсыз, солқылдақ элементтер де қатысты.

Съездің күн тәртібіне 20 мәселе қойылды.

Ленин съезде партияның уставы туралы баяндама жасады және съездің күн тәртібіндегі мәселелерді талқылағанда, олардың көпшілігі бойынша сөз сөйледі.

Партияның программасы мен уставын бекіту және басшы партия орталықтарын сайлау съездің аса маңызды мәселелері болды. Ленин мен оның жақтаушылары съезде оппортунистерге қарсы батыл күрес жүргізді.

Съезде талқыланған партия программасының «Искра» редакциясы әзірлеген жобасына, әсіресе жұмысшы қозғалысындағы партияның басшылық ролі туралы қағидаға, пролетариат диктатурасын жеңіп алу қажеттігі туралы пункт пен программаның аграрлық бөліміне қарсы оппортунистер тарапынан өршелене шабуыл жасалды. Батыс европалық социал-демократиялық партиялардың программаларында пролетариат диктатурасы туралы қағида жоқ дегенге сүйеніп, оппортунистер бұл қағидаға тікелей және жанама түрде шабуыл жасады. Троцкий пролетариат диктатурасы туралы мәселені оппортунистік тұрғыдан түсіндіріп сөз сөйледі, ол пролетариат диктатурасын орнату үшін партия мен жұмысшы табының бір-бірімен толық дерлік ұқсастығына жетуді, пролетариат ұлттың көпшілігі болуын міндетті шарт деп есептеді. Съезд оппортунистердің программаның искралық жобасына батыс европалық социал-демократиялық партиялардың программасы рухында өзгеріс енгізуге тырысқан барлық әрекеттеріне тойтарыс беріп, партия программасын бірауыздан (бір дауыс қалыс қалды) бекітті, онда пролетариаттың алдағы буржуазиялық-демократиялық революциядағы ең таяу міндеттері де (программа-минимум), сондай-ақ социалистік революция жеңіп, пролетариат диктатурасы орнатылуын көздеген міндеттері де (программа-максимум) көрсетілді. Партияның революциялық, маркстік программасының қабылдануы лениндік-искралық бағыттың елеулі жеңісі болды, бұл жеңіс съездің «Искраны» партияның Орталық Органы деп тану жөніндегі шешімімен бекітілді.

Партияның уставын талқылағанда уставтың бірінші параграфының тұжырымы туралы мәселе жөнінде шиеленіскен күрес өріс алды. Уставтың бірінші параграфының

Ленин ұсынған тұжырымында партияға мүше болу үшін, программаны мойындау және партияға материалдық көмек көрсету ғана емес, сонымен бірге партия ұйымдарының біріне тікелей қатысу да міндетті шарт болып табылады деп көрсетілді. Мартов съезге бірінші параграфтың оның өзі әзірлеген тұжырымын ұсынды, бұл тұжырым бойынша партияға мүше болу үшін, программаны мойындау мен партияға материалдық көмек көрсетуден басқа, партия ұйымдарының бірінің басшылығымен оған үнемі жеке жәрдемін тигізіп отырса да жеткілікті деп есептелді. Барлық солқылдақ элементтердің партияға кіруін жеңілдететін Мартовтың тұжырымын съезде антиискрашылдар мен «батпақ» («центр») қана қолдап қойған жоқ, сонымен бірге «солқылдақ» (тұрақсыз) искрашылдар да қолдады, сөйтіп съезд оны болмашы көпшілік дауыспен қабылдады. Кейіннен РСДРП III съезі II съездің шешімін өзгертіп, уставтың бірінші параграфын Лениннің тұжырымында қабылдады. Ал негізінен алғанда, съезд Ленин әзірлеген уставты бекітті.

Съезд сондай-ақ тактикалық мәселелер жөнінде бірқатар қарарлар қабылдады.

Съезде искралық бағыттың дәйекті жақтаушылары — лениншілдер мен «солқылдақ» искрашылдар — мартовшылдар екіге бөлінді. Партияның орталық мекемелерін сайлағанда лениндік бағытты жақтаушылар көпшілік дауыс алып, большевиктер деп, ал азшылық дауыс алған Мартовтың жақтастары меньшевиктер деп атала бастады.

Россияда жұмысшы қозғалысын дамытуда съездің орасан зор маңызы болды. Ол социал-демократиялық қозғалыстағы майдагерлік пен үйірмешілдікті жойып, жұмысшы табының революциялық партиясын, жаңа түрпатты партияны құрды. Съезд орыс социал-демократиясында лениндік принциптердің жеңісіне жеткізді және халықаралық жұмысшы қозғалысында маңызды бет бұрыс болды. Ленин: «Большевизм, саяси ой ағымы ретінде және саяси партия ретінде, 1903 жылдан бері өмір сүріп келеді» (Шығармалар, 31-том, 8-бет),— деп жазды — *57.*

33 В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының «в) Съездің басталуы.— Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал» деген бөлімінде Ұйымдастыру комитетінде болған жанжалдың мазмұнына егжей-тегжейлі тоқталады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 211—221-беттер).— *61.*

34 *Социалистерге қарсы ерекше заңды* жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу мақсатымен Германияда 1878 жылы Бисмарк үкіметі енгізді. Бұл заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды; социалистік әдебиет конфискеленді; социал-демократтар қуғын-сүргінге ұшыратылып, жер аударылды. Алай-

да қысым көрсету социал-демократиялық партияның сағын сындыра алмады, партия қызметі астыртын өмір сүру жағдайына бейімдеп қайта құрылды: шетелде партияның орталық органы «Социал-Демократ» газеті шығып тұрды және партия съездері мерзімінде (1880, 1883 және 1887 жылдары) шақырылып тұрды; Германияда, астыртын жағдайда, социал-демократиялық ұйымдар мен топтар тез арада қайтадан қалпына келді, оларды астыртын Орталық Комитет басқарып отырды. Бұқарамен байланысты нығайту үшін партия сонымен бірге жария мүмкіндіктерді де кеңінен пайдаланды, партияның ықпалы үздіксіз өсе берді: рейхстагқа сайлаулар кезінде социал-демократтарға берілген дауыстар саны 1878 жылдан 1890 жылға дейін үш еседен астам өсті.

Неміс социал-демократтарына К. Маркс пен Ф. Энгельс зор көмек көрсетті. Бұқаралық қозғалыстың және барған сайын күшейе түскен жұмысшы қозғалысының қысымымен 1890 жылы социалистерге қарсы ерекше заң жойылды.— *61.*

35 Партияның екінші съезінде Орталық Комитетке Ленгник, Кржижановский, Носков сайланды. 1903 жылы октябрьде (жаңаша) Орталық Комитетке Землячка, Красин, Эссен және Гусаров кооптацияланды. Сол жылғы ноябрьде Орталық Комитеттің құрамына Ленин енді және Гальперин кооптацияланды. 1904 жылдың июль—сентябрь айлары ішінде Орталық Комитеттің құрамында жаңа өзгерістер болды: Лениннің жақтаушылары Ленгник пен Эссен тұтқынға алынды. Келісімпаздар Кржижановский мен Гусаров отставкаға шықты, ал Орталық Комитеттің қалған мүшелері Красин, Носков және Гальперин, Лениннің наразылығына қарамастан, Орталық Комитеттің құрамынан көпшіліктің жақтаушысы — Землячканы заңсыз шығарды да, жаңадан үш келісімпаз — Любимовты, Карповты және Дубровинскийді кооптациялады. Осы өзгерістердің нәтижесінде Орталық Комитеттің көпшілігі келісімпаздар болып шықты.— *67.*

36 Ленин бұл арада партияның III съезін шақыру жөнінде үгіт жүргізген Орталық Комитеттің Оңтүстік бюросын тарату туралы Орталық Комитеттің шешімін айтып отыр.— *67.*

37 «Көпшілік Комитеттері Бюросының құрылуы туралы хабардың» жобасын В. И. Ленин 1904 жылдың 20 октябріне (2 ноябрьге) дейін жазған болатын. В. И. Ленин мен Н. К. Крупскаяның 1904 жылы 2 ноябрьде (жаңаша) А. А. Богдановқа жазған, Лениннің XV жинағында жарияланған (232—234-беттер), хатында былай делінген: «Бюро шамамен мынадай мәлімдеме шығаруды ұйғарып отыр...». Одан кейін хатта мәлімдеменің текстін салу үшін белгі қойылған. Алайда мәлімдеменің өзінің тексті хаттың алғашқы нұсқасында болмай шықты, ол 1940 жылы табылды және сол жылы «Пролетарская Революция» журналының 2-номерінде басылды. Бұл

жобаны Ленин мен Крупскаяның хатымен бірге 1904 жылы 2 ноябрьде большевиктік комитет Россияға жіберген болатын.— *70.*

38 Бұл арада «РСДРП мүшелеріне үндеу» деген декларация айтылып отыр, оны 22-нің кеңесі қабылдаған «Партияға» деген лениндік үндеуге жауап ретінде 1904 жылы октябрьде РСДРП Москва комитеті бастырып шығарды (қараңыз: осы том, 13—22-беттер). Декларация мынадай сөздермен басталады: «Біздер, РСДРП-нің «19» мүшесі, біздің партияның 22 мүшесі шығарған үндеумен қанағаттанғандықпен пайдаланамыз». Декларацияның авторлары II съезден кейін азшылық жағына ауысып кеткен Плехановтың позициясын қатты сынға алады, оны «саяси хамелеон» деп атайды, сондай-ақ меньшевиктік «Искраның», партия Советінің және ымырашыл Орталық Комитеттің позициясын сынайды; партияның III съезіне әзірленуді және оны шақыруды батыл жақтайды. Бұл декларацияны сол кезде Москваның Таганка түрмесінде тұтқында отырған бір топ большевиктер (Ф. В. Ленгник, Н. Э. Бауман, Е. Д. Стасова, Б. М. Кнунянц және басқалар) жазған болатын (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Документтер мен материалдар жинағы». М., 1955, 99—106, 306—308-беттер).— *70.*

39 В. И. Лениннің *«Земство науқаны және «Искраның» жоспары»* деген кітапшасы меньшевиктік «Искра» редакциясының 1904 жылы ноябрьде басылып шыққан хатын жан-жақты талдауға және сынауға арналған. Меньшевиктер бұл хатта социал-демократияның басты міндеті ретінде буржуазиялық либералдар мен земствошылар арқылы үкіметке талаптар қою жолымен «буржуазиялық оппозицияға ұйымдасқан түрде ықпал жасауды» ұсынды. Лениннің кітапшасына жауап ретінде редакция партия ұйымдарына арнап екінші хат жариялады. Екі хаттың екеуінде де «Тек партия мүшелері үшін» деген жазу болды. Меньшевиктік редакцияның екінші хатты тек қана меньшевиктердің арасына таратуы Ленинді баспадан шығып, комитеттер арасына таралып кеткен өзінің кітапшасына қосымша жазуға мәжбүр етті. Қосымша бөлек түсті қағазға басылды да, кітапшаның большевиктік баспаның қоймасында қалған даналарына жапсырылды.

Жергілікті большевиктік комитеттер: Петербург, Одесса, Екатеринослав, Николаев комитеттері ««Искраның» земство науқаны» жоспарына өздерінің мейлінше қарсы көзқарастарын ашық айтты. РСДРП Одесса ұйымының үгітшілер орталығының осы жоспар жөнінде қабылдаған арнаулы қарарында былай делінген: «Біз либералдарды «үрейлендіруден» қорқуды революциялық партияға лайықты емес деп есептейміз: жұмысшы партиясы барлық жерде және әрқашан өзінің түпкі мақсаты мен ең таяудағы талаптарын қандай болмасын либералдардың жоспарларымен санаспастан, айқын және

түсінікті тұжырымдап отыруға тиіс. Қазіргі кезде либералдармен одақтасу пролетариатқа тек опасыздық жасағандық, пролетариаттың таптық сана-сезімін аздыратын және партия қызметкерлерін негізгі және тұрақты міндет — орыс пролетариатын ұйымдастыру міндетінен басқа жаққа бұрып әкететін кешірімсіз саяси тоғышарлық әрекет болып табылады» («РСДРП үшінші съезі. Документтер мен материалдар жинағы». М., 1955, 195-бет). Лениннің «Земство науқаны және «Искраның» жоспары» деген кітапшасы 1904 ж. Женевада В. Бонч-Бруевич пен Н. Лениннің социал-демократиялық партиялық әдебиет баспасында 3000 дана болып басылып шықты. Ол жергілікті партия ұйымдарында кеңінен таратылды: тұтқынға алу және тінту кездерінде ол Смоленскіде, Батумиде, Ригада, Саратовта, Сувалкиде және басқа қалаларда табылды.

Меньшевиктердің ұйымдық және тактикалық оппортунизміне және олардың жікшілдік әрекеттеріне қарсы бағытталған бұл кітапша большевиктік күштерді топтастыруда үлкен роль атқарды, лениндік тактиканың негіздерін неғұрлым тереңірек түсінуге және 9 (22) январьдағы ұлы оқиғалардың алдында сасқалақтамауға мүмкіндік берді.— *79.*

40 Бұл арада меньшевик Староверлің (А. Н. Потресовтың) РСДРП II съезінде қабылданған «Либералдарға көзқарас туралы» қарары сөз болып отыр. Бұл қарарды сипаттай келіп, В. И. Ленин ол «либерализмге және демократизмге таптық талдау жасамайды», либерализммен келісімнің жалған, сөз жүзіндегі шарттарын ойдан шығарады деп атап көрсетті. Староверлің қарарына сынды В. И. Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 338—341-беттер), «Жұмысшы және буржуазия демократиясы» (осы том, 191—202-беттер) деген еңбектерінен қараңыз.— *83.*

41 *Угрюм-Бурчеев* — М. Е. Салтыков-Щедриннің «Бір қаланың тарихы» деген шығармасында бейнеленген және реакционерлердің, топас және ой-өрісі тар ұлықтардың жағымсыз бейнесі болып алған қала бастығының сатиралық образы. Бұл образ самодержавиелік озбырлықты көркем түрде өте күшті жинақтап бейнелеудің бірі есебінде дүние жүзілік әдебиеттің классикалық типтері галереясына қосылды.— *85.*

42 *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет; 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; әр түрлі бастырушылардың қолынан өтіп, өзінің саяси бағытын әлденеше рет өзгерткен. Бастапқы кезде баяу-либералдық бағыттағы газет болған ол 1876 жылдан, оның шығарушысы А. С. Суворин болған кезден бастап, реакцияшыл дворяндық және чиновниктік-бюрократтық топтардың органына айналды. 1905 жылдан — қаражүздіктердің органы. Февраль бур-

жуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын толық қолдап, большевиктерге өршелене жала жапты. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитеттің шешімімен 1917 жылғы 26 октябрьде (8 ноябрьде) жабылды.

В. И. Ленин «Новое Времяны» сатқын газеттердің үлгісі деп атады.— *85.*

43 *«Право»* — апта сайын шығып тұрған буржуазиялық-либералдық бағыттағы заң газеті; 1898 жылдың аяғынан 1917 жылға дейін Петербургте В. М. Гессен мен Н. И. Лазаревскийдің редакциялауымен шығып тұрған. Бұл орган көбінесе право мәселелерін ғылыми тұрғыдан талдап, тұжырымдауға арналды. 1904 жылдың күзінен бастап «Право» саяси публицистика үшін де көп орын бере бастады, сөйтіп шын мәнісінде «Азаттық одағының» жария органдарының біріне айналды.— *86.*

44 *Ростов демонстрациясы* — бұл арада 1902 жылы 2 (15) ноябрьде Владикавказ темір жолы Бас шеберханаларының котел цехы жұмысшылары бастаған Ростов стачкасы айтылып отыр. РСДРП Дон комитетінің шақыруы бойынша 1902 жылы 4 ноябрьде темір жол шеберханаларының барлық жұмысшылары ереуілге шығып, әкімшілікке бірқатар экономикалық талаптар қойды. Көп ұзамай-ақ плуг жасайтын «Аксай» заводының, Асмоловтың темекі фабрикасының және басқа да кәсіпорындардың жұмысшылары, почта және телеграф қызметшілері, приказчиктер және т. с. ереуілге қосылды. Стачка жаппай стачкаға айналып, саяси сипат алды.

Революциялық қозғалыстың кеңінен құлаш жаюы патша өкіметін абыржытты. Қолда бар әскер күші Ростовтың жұмысшылар тұратын төңірегінде — Темерникте күн сайын өтіп жатқан 30 мыңға дейін жұмысшылар қатысқан бұқаралық митингтерге кедергі жасай алмады. Тек қосымша күш келгеннен кейін ғана патша өкіметі қозғалысты қарумен басып-жаныштауға кірісті. 11 ноябрьде казактармен бірінші ірі шайқас болды, ол қарусыз жұмысшыларды атқылаумен тынды. Жұмысшыларды атқылау жөніндегі хабар жаңа революциялық өрлеу туғызды және Новороссийск мен Тихорецкаяда стачканың басталуына түрткі болды. Жазалау шараларына қарамастан Ростовта жұмысшылардың митингтері жалғаса берді, ал әскермен қақтығыстар кескілескен таптық шайқастарға айналып отырды. Тек 26 ноябрьде, 21 күндік шиеленіскен күрестен кейін ғана, әскердің сан жағынан көріне басым болуына байланысты жұмысшылар ереуілді тоқтатуға мәжбүр болды. Стачкаға РСДРП-ның искралық Дон комитеті басшылық етті, ол «Барлық азаматтарға» деген прокламацияда Ростов стачкасы туралы айтқанда оны орыс жұмысшыларын жалпы көтеріліске бастау жолындағы шабуылдар-

дың бірі деп көрсетті. Ростов оқиғаларын сипаттай келіп, В. И. Ленин «Жаңа оқиғалар және ескі мәселелер» деген мақалада былай деп жазды: «Осы сияқты оқиғалардан біз іс жүзінде мынаны айқын көреміз: бүкіл халықтың самодержавиелік үкіметке қарсы қарулы көтерілісі революционерлердің ойындағы және программаларындағы идея ретінде ғана емес, сонымен бірге қозғалыстың өзінің болмай қоймайтын, практикалық табиғи, *келесі* қадамы ретінде... пісіп жетілуде» (Шығармалар толық жинағы, 7-том, 65-бет).

Ростов стачкасы Россияның оңтүстігіндегі 1903 жылғы жаппай саяси стачканың прологы және 1905 жылғы бірінші орыс революциясы жаршыларының бірі болды.— *97*.

45 *Балалайкин* — М. Е. Салтыков-Щедриннің «Қазіргі заманғы идиллия» деген шығармасының кейіпкері; либерал даңғой, өзінің жеке басының мүдделерін бәрінен жоғары қойған авантюрист және суайт. Ленин Троцкийді меньшевиктік «Искраның» «редакция Балалайкині» деп атайды.— *98*.

46 Бұл арада Плеве өлтірілгеннен кейін ішкі істер министрлігіне князь П. Д. Святополк-Мирский келген соң 1904 жылдың екінші жартысында земствошылар қызметінің біраз жанданғандығы жөнінде айтылып отыр.

Дворяндық және буржуазиялық либералдар әрқашан да земствоны шаруашылық және мәдени прогрестің елеулі күші, өздерінің талаптарын қанағаттандыру жолындағы саяси күрестің маңызды құралы деп санап келді. Патша үкіметі ешқандай жеңілдіктерге жол бермеген соң, земство қозғалысы бірте-бірте «оппозициялық» сипат алды. Бірақ бұл жасқаншақ, қорқақ оппозиция болды, ол самодержавиеге қарсы батыл күрес жүргізе алмады, тек халық бұқарасының сыртынан патша өкіметінен біраз жеңілдіктер сұрап алуға тырысып бақты, ал бұл жеңілдіктер самодержавиенің негізіне ешқандай нұқсан келтірместен тек біршама баяу конституциялық талаптарды ғана жүзеге асыруға көмектесе алатын еді.

1904 жылдың екінші жартысында Россия конституциялық қозғалыстың жаңа толқынын басынан өткізіп жатты. Бұл қозғалысты әлсіретіп, земство арқылы самодержавие жағына либералдық қоғамның белгілі бір бөлегін тарту үшін жаңадан тағайындалған ішкі істер министрі Святополк-Мирский либералдық оппозицияға бірқатар жеңілдіктер жасады. Кейбір либералдар айдаудан қайтарылды, «Азаттық одағының» органы — «Новая Жизнь» газетін шығаруға рұқсат берілді, цензура болмашы жұмсақтық жасайтын болды және т. с. Министр земство жиналыстары мүмкіндігінше үлкен бостандық және өкілдік алуға тиіс деген пікір айтты. Министрдің қамқорлығын пайдалана отырып, 1904 жылғы күзде земствошылар бірнеше съездер өткізді, оларда заң шығару правосы болатын ерекше өкілдіктері бар мекемелер сайлауды көз-

дейтін саяси реформалар программасы жасалды. Патша үкіметі тарапынан земствоға мұндай жеңілдік жасауды В. И. Ленин конституционализмді ойыншық ету деп атады және қазіргі земство қозғалысы да «көтеріліс жасау қолынан келетін және оған әман даяр жұмысшылар бұқарасының күші араласпаса,.. бұрынғылар сияқты құр елес болып кететіні сөзсіз» (осы том, 100-бет) деп көрегендікпен ескертті.

1904 жылы декабрьдің ішінде-ақ патша үкіметінің либералдарға деген қысқа мерзімді жарамсақтануы тынып бітті. 1904 жылы 14 (27) декабрьде «Правительственный Вестникте» II Николайдың Сенатқа указы жарияланды, оны В. И. Ленин «либералдарға шапалақ» деп атады, сондай-ақ үкіметтің хабары басылды, онда земствошыларға «талқылауға заң жүзінде бұлардың өкілдігі жоқ мәселелерді көтермеу» жөнінде тәртіп берді, «үкіметке қарсы сипаттағы» жиын атаулыға тыйым салу үшін қолда бар барлық күш-құралды қолдануға дейін баратындығы айтылып, заңдарды, тәртіпті және тыныштықты бұлжытпай сақтау қажеттігі туралы ескертілді. Земство қозғалысы көп ұзамай-ақ саябырлай бастады да, 1905 жылдың күзінде, кадеттер мен октябристер партияларының құрылуына байланысты, өзінің дербес саяси ағым ретінде өмір сүруін тоқтатты.— *99.*

47 Бұл арада «экономистер» шығарып келген «Листок «Рабочего Деланың»» 6-номерінде (1901 жылғы апрель) басылған «Тарихи бет бұрыс» деген бас мақала туралы айтылып отыр, онда «деспотизмнің қамалына» дереу шабуыл жасау туралы авантюристік айқай-шу мерзімінен бұрын бой көрсетеді. Мақала авторы бұқараны революцияны қарсы алуға, оның адымын тездетуге шақырды, дереу шабуыл колонналарына сап түзеуге ұран тастады.— *100.*

48 *«Партиядағы ішкі жағдай туралы рефераттың тезистерін»* В. И. Ленин меньшевиктік «Искра» редакциясының земство науқанының жоспары туралы бірінші хаты мен оған Лениннің «Земство науқаны және «Искраның» жоспары» деген кітапшасында берілген жауап баспадан шыққаннан кейін көп кешікпей жазған болатын. В. И. Ленин партиядағы ішкі жағдай туралы рефератын 1904 жылы 19 ноябрьде (2 декабрьде) Парижде, 23—24 ноябрьде (6—7 декабрьде)Цюрихте және сол жылғы 25 ноябрьде (8 декабрьде) Бернде орыс саяси эмигранттарының жиналыстарында оқып берді.

Рефераттың идеялары «Жұмысшы және буржуазия демократиясы» деген мақалада айқындалып, одан әрі дамытылды (қараңыз: осы том, 191—202-беттер). Осы реферат бойынша жарыс сөздің лениндік жазбалары Лениннің XVI жинағының 74—78-беттерінде жарияланған.— *104.*

49 В. И. Ленин бұл арада 1904 жылы 29 ноябрьде (12 декабрьде) Женевада болған большевиктер жиналысын айтып отыр,

оның құрамы да шамамен «22-нің» конференциясының құрамындай болды. Бұл жиналыста партия көпшілігінің органы — «Вперед» газетін шығару туралы шешім қабылданды және бұл газеттің мына адамдардан редакция құрамы белгіленді: В. И. Ленин, В. В. Воровский, М. С. Ольминский және А. В. Луначарский.— *108*.

50 Бұл арада жергілікті большевиктік үш комитеттің: Оңтүстік, Кавказ және Солтүстік комитеттерінің конференциялары туралы айтылып отыр.

1) Оңтүстік облыстық конференция (3 комитеттің: Одесса, Екатеринослав және Николаев) 1904 жылы сентябрьде болды. Конференция партияның III съезін шақыруды жақтады және съезді шақыру жөнінде құрамында Землячка, Лядов, Богданов бар Ұйымдастыру комитетін құруды ұсынды. Конференция Ұйымдастыру комитетінің толық құрамын қалыптастыруды В. И. Ленинге тапсырды.

2) 1904 жылы ноябрьде Тифлисте Кавказ одағы комитетінің (4 комитеттің: Баку, Батуми, Тифлис және Имеретия-Мингрелия) облыстық конференциясы болды, ол да партияның III съезін дереу шақыруды жақтады және съезді әзірлеу үшін бюро сайлады.

3) 1904 жылы декабрьде Солтүстік облыстық конференциясы (6 комитеттің: Петербург, Москва, Тверь, Рига, Солтүстік және Нижний Новгород) болды. Конференция партияның меньшевиктер басып алған орталық мекемелеріне сенімсіздік білдірді, III съезді шақыруды батыл жақтады, «Ленин жолдас басшылық еткен әдеби топпен» ынтымақтастығын білдірді және съезді ұйымдастыру жөнінде айрықша бюро құрды. Солтүстік конференциясында Көпшілік Комитеттері Бюросының біржола қалыптасуы аяқталды, ол III съезді әзірлеу және шақыру жөніндегі тікелей практикалық жұмысты өз қолына алды. Көпшілік Комитеттері Бюросының құрамын В. И. Ленин Женевада негізінен белгілеп берген болатын, ал содан кейін осы конференцияларда сайланды. Көпшілік Комитеттері Бюросына В. И. Ленин, А. А. Богданов, М. М. Эссен, М. Н. Лядов, П. П. Румянцев, Р. С. Землячка, М. М. Литвинов, С. И. Гусев және басқалар енді.

В. И. Лениннің ұсынысы бойынша Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшелері жергілікті комитеттер мен топтарды жүйелі түрде аралап, меньшевиктер мен ымырашылдарға қарсы батыл күрес жүргізе бастады. Большевиктік «Вперед» газеті ескі лениндік «Искраның» дәстүрлерін жалғастыра отырып, меньшевиктердің оппортунизмін талқандады, партия бұқарасын идеялық жағынан рухтандырып, партияның III съезі жолындағы күрестің лениндік ұраны төңірегіне топтастырып отырды. Жергілікті комитеттердің басым көпшілігі Көпшілік Комитеттері Бюросы жағында болды. 1905 жылы мартта 28 комитеттен 21 комитет партия съезін шақыруды қолдап шықты. Көпшілік Комитеттері Бюросы өзінің

органы «Впередпен» қосылып, В. И. Лениннің басшылығымен меньшевиктер мен ымырашылдарға қарсы кескілескен күрес жағдайында РСДРП III съезін әзірледі және оны 1905 жылы апрельде шақырды.— *109.*

51 1904 жылы 20 августа (2 сентябрьде) Женевада болған жиналысты меньшевиктер Орталық Комитеттің «июль декларациясы» деп аталатынды қолдау мақсатында шақырған еді. Жиналысқа меньшевиктер де, большевиктер де шақырылған болатын. Алайда большевиктер жиналысқа қатысудан бас тартты, сөйтіп большевиктердің өкілі жиналыстың көпшілік пен азшылық атынан қарар қабылдауға праволы еместігі туралы мәлімдеме жариялап, жиналысты тастап кетті. Жиналыста меньшевиктер Россиядағы партия комитеттері Орталық Комитеттің ымырашылдық саясатына қарсы шығып отырғанын және комитеттердің басым көпшілігі меньшевиктік «Искраның» редакциясымен байланыс жасаудан мүлдем бас тартқанын мойындауға мәжбүр болды.— *110.*

52 *«Вперед»* («Алға») — апта сайын шығып тұрған большевиктік құпия газет; 1904 жылғы 22 декабрьден (1905 жылғы 4 январьдан) 1905 жылғы 5(18) майға дейін Женевада шығып тұрды. 18 номері шықты; тиражы 7—10 мың дана. Газеттің ұйымдастырушысы, идеялық дем берушісі және тікелей басшысы В. И. Ленин болды. Газеттің атын да ұсынған Ленин. Редакцияның құрамына В. В. Воровский, М. С. Ольминский, А. В. Луначарский енді. Россиямен (жергілікті комитеттермен) және тілшілермен бүкіл хат жазысып тұру ісін Н. К. Крупская жүргізді.

«Вперед» газеті меньшевиктік лидерлер II съезден кейін партияның орталық орындарын (Орталық Органды, партия Советін және Орталық Комитетті) алдау жолымен қолға түсіріп, жергілікті жерлерде партия ұйымдарын жікке бөле бастаған кезде, партия ішіндегі кескілескен күрес жағдайында шығып тұрды. Меньшевиктердің іріткі салушылық әрекеттері жұмысшы табының қимыл бірлігін бұзды. Россиядағы төніп келе жатқан революция қарсаңында, пролетариаттың жауынгерлік бірлігін қамтамасыз ету үшін күштерді топтастыру айрықша қажет болған кезде, партиядағы мұндай жағдайға төзуге болмайтын еді. В. И. Ленин мен большевиктер меньшевиктердің оппортунизміне және олардың іріткі салушылық әрекеттеріне қарсы ымырасыз күрес жүргізді, жергілікті партия ұйымдарын партиядағы дағдарыстан шығудың бірден-бір жолы болып табылатын, меньшевиктерді ауыздықтайтын және партияның еркіне сай келетін жаңа басшылық құратын партияның III съезін шақыру үшін күресуге үндей бастады. В. И. Ленин газеттің мазмұнын айқындай отырып, былай деп жазды: ««Вперед» газетінің бағыты *ескі «Искраның» бағыты* болып табылады. Ескі «Искраның» жолы үшін «Вперед» жаңа «Искраға» қарсы батыл

күресуде» (осы том, 253-бет). Ленин «Впередке» тек басшылық беретін мақалаларды ғана жазып қойған жоқ, сондай-ақ ол көптеген әр түрлі заметкалар жазып, корреспонденцияларды өңдеді. Кейбір мақалаларды Ленин редакцияның басқа мүшелерімен (Воровскиймен, Ольминскиймен және басқалармен) бірлесіп жазды. Түрлі авторлардың сақталып келген қолжазбаларында В. И. Лениннің көптеген түзетулер мен едәуір қосымшалар енгізгені айқын көрінеді. Газеттің әрбір номерінің теріліп шыққан беттерін Ленин міндетті түрде қарап отырған. Тіпті Лондонда өтіп жатқан III съездің жұмысымен бүтіндей шұғылданып жүрген кезінің өзінде де Ленин «Впередтің» 17-номерінің гранкаларын қарап шығуға уақыт таба білген. Сірә, тек 18-номер ғана Лениннің Лондоннан Женеваға баруына байланысты, оның редакторлық бақылауынан өтпей шықса керек. «Вперед» газетінде В. И. Лениннің 60-тан астам мақалалары мен заметкалары жарияланды. В. И. Ленин оларда қарулы көтеріліс мәселелері жөнінде, революциялық уақытша үкімет және пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы туралы, социал-демократияның шаруалар қозғалысына, либералдық буржуазияға, орыс-жапон соғысына көзқарасы туралы большевиктердің тактикалық бағытын белгілеп берді. Газеттің кейбір номерлерін, мәселен, 1905 жылғы 9(22) январь оқиғаларына және Россияда революцияның басталуына арналған 4 және 5-номерлерді түгелдей дерлік В. И. Ленин құрастырды. «Вперед» газеті жарық көргеннен кейін көп ұзамай-ақ жергілікті партия комитеттерінің ықыласына ие болды, оны олар өздерінің органы деп таныды.

Жергілікті партия комитеттерін лениндік принциптер негізінде топтастыра отырып, «Вперед» газеті партияның III съезін шақыруды қамтамасыз етті, В. И. Лениннің газет беттерінде ұсынған және негіздеген нұсқаулары съезд шешімдеріне негіз етіп алынды. «Вперед» газетінің тактикалық бағыты III съездің тактикалық бағыты болды. «Вперед» газеті Россияның партия ұйымдарымен тұрақты байланыс ұстады. Әсіресе РСДРП Петербург, Москва, Одесса, Баку, Екатеринослав және басқа комитеттермен, сондай-ақ Кавказ одағы комитетімен тығыз байланыста болды. В. И. Лениннің «Вперед» газетінде жарияланған мақалалары большевиктік баспасөздің жергілікті органдарында жиі-жиі қайта басылып отырды, жеке листовкалар немесе кітапшалар болып шығарылып тұрды. Лениннің «Впередтің» 4-номеріндегі «Россияда революцияның басталуы» деген мақаласын РСДРП Одесса, Саратов, және Николаев комитеттері, «Пролетариат және шаруалар» деген мақаласын («Вперед» № 11) РСДРП Петербург комитеті жеке листовка етіп бастырып шығарды. РСДРП Кавказ одағы комитеті В. И. Лениннің «Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы» деген мақаласын («Вперед» № 14) грузин, орыс және армян тілдерінде жеке кітапша етіп бастырды. Пар-

тияның үшінші съезі өзінің арнаулы қарарында «Вперед» газетінің меньшевизмге қарсы, партиялықты қалпына келтіру үшін күресте, революциялық қозғалыс тудырған тактика мәселелерін қоюда және шешуде, съезді шақыру жолындағы күресте аса зор роль атқарғанын атап көрсетті және газет редакциясына алғыс айтты. III съездің шешімі бойынша «Вперед» газетінің орнына партияның Орталық Органы ретінде «Пролетарий» газеті шығарыла бастады, бұл «Вперед» газетінің тура және тікелей жалғасы болды.

«Вперед» газеті бірінші орыс революциясы кезінде революциялық-пролетарлық саяси бағыттың ұсақ буржуазиялық және либералдық-буржуазиялық бағытпен күресінде орасан зор роль атқарды.— *110.*

53 Бұл арада Ленин Көпшілік Комитеттері Бюросы туралы айтып отыр.— *111.*

54 *«Ұйымдастыру комитетінің құрылуы туралы және Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының кезекті III съезін шақыру туралы хабарды»* Ленин 1904 жылы декабрьде жазған болатын және сол кезде-ақ Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшелеріне жіберілген еді. Лениннің бұл документі «Партияның үшінші съезін шақыру туралы хабардың» ресми негізіне алынды, ол Көпшілік Комитеттері Бюросының қолы қойылып, 1905 жылы 28 (15) февральда «Вперед» газетінің 8-номерінде жарияланды.— *115.*

55 *«Франкфурт Газеті»* («Frankfurter Zeitung») — күнделікті газет, ірі неміс биржашыларының органы, Майндағы Франкфуртте 1856 жылдан 1943 жылға дейін шығып тұрды. 1949 жылдан «Франкфурт Жалпы Газеті» («Frankfurter Allgemeine Zeitung») деген атпен қайта шыға бастады; батыс-европалық монополистердің жаршысы болып отыр.— *118.*

56 Орталық Комитеттің 4 мүшесі — В. И. Ленин, Ф. В. Ленгник, М. М. Эссен және Р. С. Землячка.— *126.*

57 *II Интернационалдың Амстердам конгресі* 1904 жылы августа болды; оған 476 делегат қатысты. Конгресте мына мәселелер талқыланды: 1) социалистік тактиканың халықаралық ережелері; 2) партиялардың бірлігі туралы; 3) жаппай стачка туралы; 4) отарлау саясаты туралы және басқалар. Конгреске РСДРП атынан баяндама дайындау Дан мен Глебовқа тапсырылды және онда партиядағы алауыздықтар туралы айтпау шарт етіп қойылды. Алайда Дан бұл шартты бұзды, сөйтіп баяндама «басынан аяғына дейін айтысқа құрылған және бүтіндей «азшылықтың» көзқарасын баяндау болып шықты» (Ленин). Большевиктер қарсы баяндама дайындап, оны конгресс делегаттарына таратып беруді ұйғарды. Баяндама В. И. Лениннің редакциясымен дайындалды және М. Ли-

диpінің (М. Лядов) қолы қойылып, «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясындағы партиялық дағдарысты анықтау жөніндегі материалдар» деген атпен шықты. Бұл баяндаманың едәуір бөлігін В. И. Ленин жазды.

Ленин конгреске қатыса алмайтын болғандықтан ол өзінің уәкілдігін партияның большевиктік бөлігінің өкілдері болған М. Н. Лядов пен П. А. Красиковқа сеніп тапсырды. Плеханов бастаған меньшевиктер большевиктердің конгреске қатысуына батыл қарсы шықты, олар большевизм дербес өкілдігі болуға право аларлықтай ерекше ағым болып саналмайды деп дәлелдеді. Ленин халықаралық конгрестің Бюросына шағым түсірді, онда Каутский, Бебель, Люксембург және Адлер большевиктерді РСДРП делегациясына енгізуді жақтап сөз сөйледі. Осының нәтижесінде меньшевиктер Лядов пен Красиковты орыс делегациясының құрамына енгізуге мәжбүр болды.

Конгрестен кейін партия Советі партиялық тәртіпті бұзды деп Ленинді айыптауға әрекет жасады және оған түсінік беру үшін Советке келуді ұсынды, бірақ Ленин Советтің секретары Мартовқа жолдаған хатында былай деп мәлімдеді: «Халықаралық конгрестің бюросы менің мандатымды өзімнің сеніп тапсырғанымды қабылдағаннан кейін, мен мұнан былайғы жерде ешқандай Советтің алдында ешқандай есеп беруге міндетті емеспін» (Шығармалар, 34-том, 257-бет).

Конгрестің шешімдері, біраз алға басқандықты білдіргеніне қарамастан, тұтас алғанда жартыкеш болды және оппортунизмге бұдан былай да жеңілдік беру болып шықты. Конгресс бұқаралық стачканы қарулы көтеріліске ұластыру мәселесін көтермеді, империалистік мемлекеттердің отарлау саясатын ақтап келген оңшыл оппортунистерге тойтарыс бермеді. Ревизионизмді сөз жүзінде айыптай отырып, конгресс өзінің қарарында олармен ажырасу жөнінде мәлімдеме жасамады, пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасы туралы мәселеге соқпай өте шықты. Мұндай жағдайдың болу мүмкіндігі мынадан еді: II Интернационалдың лидерлері революциялық қозғалыстың негізгі мәселелерін біржола қалыптасқан догма тұрғысынан қарап келді, социалистік революцияның жеңу мүмкіндігіне күмән келтірді.— *126.*

58 1904 жылы 15(28) июльде социалист-революционерлер партиясының жауынгерлік ұйымының үкімі бойынша эсер Сазонов ішкі істер министрі В. К. фон Плевені өлтірді. Плевенің өлтірілуіне оның тұсында ең жоғары шегіне жеткен аяусыз жазалау саясатына қатты наразылық білдіру себеп болды. Жеке террордың бұл актісіне баға бере келіп, В. И. Ленин күрес жүргізудің интеллигенттерге тән мұндай әдістерінен сақтандырды және «капиталистік қоғамда бұқаралық қозғалыс тек таптық жұмысшы қозғалысы түрінде ғана мүмкін» деп атап көрсетті.— *134.*

59 *Социалист-революционерлер* (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы» «Социалист-революционерлер партиясы» және басқалар) бірігуі нәтижесінде 1901 жылдың аяғында — 1902 жылдың басында пайда болды. «Революционная Россия» газеті (1900—1905) мен «Вестник Русской Революции» журналы (1901—1905) оның ресми органдары болды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қойыртпағы болды; Лениннің айтуы бойынша, эсерлер «марксизмді сәнді оппортунистік түрде «сынау» арқылы халықшылдықтың кемістіктерін жамап-жасқап түзетуге тырысады» (Шығармалар, 9-том, 315-бет). Эсерлер пролетариат пен шаруалар арасындағы таптық айырмашылықтарды көрмеді, шаруалар ішіндегі таптық жіктеліс пен қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін теріске шығарды. Эсерлер самодержавиеге қарсы күрестің негізгі әдісі ретінде уағыздаған жеке террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен нұқсан келтірді, бұқараны революциялық күреске жұмылдыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды және теңгерме пайдалану негізінде жерді қауымдардың қарамағына беруді, сондай-ақ алуан түрлі кооперацияларды дамытуды көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» программасы деп көрсетпек болған бұл программада социалистік еш нәрсе де жоқ еді, өйткені тек қана жерге жеке меншіктің жойылуы, Лениннің көрсеткеніндей, капиталдың үстемдігі мен бұқараның қайыршылығын жоя алмайды. Эсерлердің аграрлық программасының нақты, тарихи прогрестік мазмұны помещиктік жер иеленуді жою жолында күресу болды; бұл талап буржуазиялық-демократиялық революция дәуірінде шаруалардың мүдделері мен талаптарын объективті түрде білдірді.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер атын бүркемеленбек болған әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал ету жолында эсерлермен табанды күрес жүргізді, олардың жеке террор тактикасының жұмысшы қозғалысы үшін зиянды екенін ашып көрсетті. Сонымен бірге белгілі бір жағдайларда большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте эсерлермен уақытша келісім жасаудан да қашпады.

Шаруалардың таптық жағынан ала-құлалығы эсерлер партиясында саяси және идеялық тұрақсыздық пен ұйымдық ауа жайылушылықтың орын алуына, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасында әрдайым ауытқып отыруына себеп болды. Бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ эсерлер партиясынан оның оң қанаты бөлініп шығып, жария «Халықтық-социалистік еңбек партиясын» (энестер) құрды, олар өздерінің көзқарастары жағынан кадеттерге жақын болды; ал сол қанаты жартылай анархистік «максималистер» одағын құрды. Столыпин реакциясы дәуірінде

эсерлер партиясы толық идеялық және ұйымдық күйзеліске ұшырады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін эсерлер меньшевиктермен және кадеттермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) оның құрамына кірді. Эсерлердің сол қанаты 1917 жылы ноябрьдің аяғында солшыл эсерлердің дербес партиясын құрды. Шаруалар бұқарасы арасында өз ықпалын сақтауға тырысып, солшыл эсерлер Совет өкіметін формальды түрде мойындады және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетелдік соғыс интервенциясы және азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық бүлдіру әрекеттерін жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшыл генералдарды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер елдің ішінде және ақ гвардияшыл эмиграция қосында Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекеттерін жалғастыра берді.— *138.*

60 *«Наша Жизнь»* («Біздің Өмір») — күнделікті газет, кадеттердің сол қанатына жақын; 1904 жылғы 6(19) ноябрьден 1906 жылғы 11(24) июльге дейін Петербургте үзілістермен шығып тұрды.— *139.*

61 В. И. Ленин Петербургте 1904 жылы 6 ноябрьде өткізілмекші болып белгіленген земство басқармалары председательдері мен басқа да земство қайраткерлерінің съезін «құпия» деп келемеждеп айтып отыр. Либералдарға жарамсақтық жасап келген ішкі істер министрі князь Святополк-Мирский бұл съезді шақыруға тілектестікпен қарады және тіпті оның өзі осы съезді шақыруға патшадан рұқсат алуға тырысып бақты. Алайда съездің ашылуынан бес күн бұрын, делегаттар жинала бастаған кезде, патша үкіметі съезді бір жылға кейінге қалдыруды ұсынады деген хабарландыру болды. Святополк-Мирский либералдарға егер земствошылар «жеке пәтерлерде шай үстінде әңгіме-дүкен құрса», полицияға ол «мұны елемеу» жөнінде бұйрық беремін деген сыңай білдірді; бұл ресми болмағанмен съезге рұқсат еткендік еді, сөйтіп съезд 1904 жылы 6—9 ноябрьде болып өтті.— *140.*

62 Ленин *«оңтүстіктегі бірқатар бұқаралық демонстрациялар»* туралы сөз еткенде, 1903 жылы Россияның оңтүстігінде болған, Закавказьені (Баку, Тифлис, Батум, Чиатуры, Закавказье темір жолы) және Украинаның ірі қалаларын (Одесса, Киев, Екатеринослав, Николаев және басқалар) қамтыған

бұқаралық саяси стачкалар мен демонстрациялар туралы айтып отыр. Бұл стачкаларға 200 мыңнан астам жұмысшы қатысты. Стачкалар РСДРП комитеттерінің басшылығымен өтті.— *142.*

63 Лондонда Вестминстер аббатствосымен қатар ағылшын парламентінің үйі орналасқан.— *148.*

64 В. И. Ленин *«Доғаратын мезгіл жетті»* деген мақаланы В. В. Воровскиймен бірлесіп жазды. Мақаланың басы, Петербург комитетінің мүшесі болған жұмысшының корреспонденциясын қоса есептегенде, В. В. Воровскийдің қолымен жазылған; одан әрі «Петербургтегі азшылықтың іріткі салушылық әрекеті...» деген сөздерден бастап аяғына дейін В. И. Лениннің қолымен жазылған. Бастапқыда мақалаға Воровский «Петербург демонстрациясы неліктен болмай қалды» деп ат қойған. «Вперед» газетінде мақала «Доғаратын мезгіл жетті» деген атпен басылды, оны редакция Петербургтен келген, цитат алынып отырған корреспонденцияның соңғы абзацынан алған.— *152.*

65 Солтүстік конференцияның қарарлары «Вперед» газетінің 1905 жылғы 14 (1) январьдағы 2-номерінде, «Партиядан» деген бөлімде жарияланды.

Оңтүстік конференцияның қарарлары бірінші рет 1930 жылы Лениннің XV жинағының 217—219-беттерінде басылды; Кавказ конференциясының қарарлары да сол жинақтың 249—253-беттерінде басылды.— *158.*

66 1904 жылы январьдың бас кезінде Женевада тұрған большевиктердің жеке жиналыстарының бірінде «РСДРП Орталық Комитетінің кітапханасы мен архивін» ұйымдастыру жөнінде пікір туды. Сол кезде «инициаторлар тобы» құрылып, оған В. Д. Бонч-Бруевич, П. Н. Лепешинский, В. В. Воровский, М. С. Ольминский, М. Н. Лядов және басқалар енді.

Бұл топ дереу кітаптар және жәрдем жинау ісіне кірісті. В. И. Ленин бұл инициативаны мақұлдады және Надежда Константиновнамен екеуі өздерінің жеке кітапханасынан қанша болса да жәрдемге кітап бөліп береміз, мұның өзі өте пайдалы іс, сондықтан мүмкіндігіне қарай кең түрде дамыту керек деп мәлімдеді. РСДРП Орталық Комитетінің кітапханасы мен архивінің негізі осылай қаланды.

1904 жылы 28 январьда инициативалы топ «Барша жұртқа» деген ерекше үндеу шығарды, онда партиялық кітапхана құру ісінде жәрдем беруге және көмек көрсетуге шақырды. Бұл үндеу шетелдегі барлық орыс колонияларына кеңінен таратылды. Мұның үстіне инициативтік топ социалистік ұйымдар мен партиялардың бәріне — орыс социалистік ұйымдары мен партияларына, сондай-ақ шетелдік социалистік

ұйымдар мен партияларға көптеген хаттар жазып, олардан әдебиет, газеттер, журналдар, листоктар жіберуін өтінді.

Көп ұзамай кітапхананың адресіне кітаптар, газеттер, журналдар және басқа әдебиеттер келе бастады. Кейбір баспалар, мысалы, Петербургтегі «Қоғамдық пайда» баспасы өз басылымдарын түгел дерлік, 300-ден астам кітап жіберді. Басқа баспалар да осылай істеді. Кітапхана 16 тілде: ағылшын, араб, түрік, армян, болгар, еврей, латыш, литвап, украин, неміс, поляк, орыс, славян, француз, чех, швед және жапон тілдерінде газет, журналдар алып тұрды. Кітапхана барлық осы тілдерде 118 басылым алып тұрды, олардың басым көпшілігі күнделікті басылымдар. 1904 жылдың сентябрінде-ақ кітапханада 3759 том кітап болды, онда өткен кездердегі құпия басылымдардың бәрі дерлік және өте көп архив материалдары жинақталды. Көпшілік Комитеттері Бюросы құрылысымен-ақ инициаторлар тобы кітапхананың мол мүлкін және оған басшылық етуді Көпшілік Комитеттері Бюросына беру жөнінде В. И. Ленинге өтініш жасады. В. И. Ленин ұсынысты қолдады және «инициаторлар тобы» атынан өзі мәлімдеменің жобасын жазды. Көпшілік Комитеттері Бюросының ең таяудағы мәжілісінде Лениннің ұсынысы бойынша бұрынғы «инициаторлар тобының» мүшелері «РСДРП Кітапханасы мен Архивінің» бақылаушы комитеті болып бекітілді. Бұл комитеттің қызметі туралы партияның III съезіне есеп берілді (мына кітапты қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар». М., 1959, 533—537-беттер). Кітапхана 1917 жылғы Февраль революциясына дейін, 13 жыл өмір сүрді. Қазіргі уақытта РСДРП кітапханасы мен архивінің қорлары Марксизм-ленинизм институтында орналасқан.— *159.*

67 Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде бұл мақаланың дайындық материалдары жөніндегі Лениннің қолжазбасы сақтаулы: «Порт-Артурдың тізе бүгуі (құлауы)» деп аталған жоспардың бірнеше нұсқасы Лениннің V жинағында басылған, 1929, 57—59-беттер; шетел және орыс баспасөздерінен алынған көптеген көшірме үзінділер Лениннің XVI жинағында, 1931, 37—42-беттер және XXVI жинағында, 1934, 242—251-беттер, басылған.— *160.*

68 Бұл арада Бельгияның буржуазиялық «L'Indèpendance Belge» газеті туралы айтылып отыр, ол 1904 жылғы 4 январьдағы номерінде «Port Arthur» деген бас мақала берді, Ленин цитатты содан алып отыр (қараңыз: Лениннің XVI жинағы, 1931, 37-бет).— *160.*

69 *«The Times»* («Замана») — 1785 жылы Лондонда құрылған күнделікті газет; ағылшын буржуазиясының ірі консерваторлық газеттерінің бірі.— *165.*

70 *«Революционная Россия»* («Революциялық Россия») — эсерлердің құпия газеті; «Социалист-революционерлер одағы» Россияда 1900 жылдың аяғынан бастап шығарып тұрды (1900 жыл деп белгіленген 1-номері іс жүзінде 1901 жылы январьда шықты). 1902 жылдың январынан 1905 жылдың декабріне дейін шетелде (Женева) эсерлер партиясының ресми органы ретінде шығып тұрды.— *166.*

71 *Фритредерлік* — буржуазияның экономикалық саясатының бағыты, ол сауда еркіндігін және жеке шаруашылық қызметіне мемлекеттің араласпауын талап етеді. Фритредерлік XVIII ғасырдың екінші жартысында Англияда өнеркәсіп төңкерісі дәуірінде пайда болды; өнеркәсіп буржуазиясының сырттан әкелінетін астық пен шикізатқа жоғары баж салығын жоюға, сыртқы сауданы ұлғайтуға және дүние жүзілік рыноктардан неғұрлым әлсіз бәсекелестерді ығыстырып шығару үшін сауда еркіндігін пайдалануға мүдделілігін бейнеледі. XIX ғасырдың 30—40-жылдарында Англиядағы фритредерліктің тірегі Манчестер қаласының өнеркәсіпшілері болды. Сондықтан фритредерлерді «манчестерліктер» деп те атады.

Фритредерлік А. Смит пен Д. Рикардоның еңбектерінде теориялық тұрғыдан негізделді.

Россияда фритредерлік көзқарастар негізінен дүние жүзілік рынокта астықты еркін өткізуге мүдделі болған помещиктер тобы арасында кеңінен таралды.

Фритредерліктің таптық мәнін К. Маркс «Сауда еркіндігі туралы сөзде» (1848) және басқа еңбектерінде ашып көрсетті. Сауда еркіндігі капитализмнің дамуын тездетіп, таптық қайшылықтарды шиеленістіре түсетін болғандықтан, сауда еркіндігін талап етудің прогрестігін жоққа шығармаған Маркс сауда еркіндігі ұранын буржуазия әлеуметтік демагогия мен халық бұқарасын алдау мақсатында пайдаланатынын, онымен өзінің пролетариатты шексіз қанауға, отарлық экспансия мен нашар дамыған елдерді экономикалық кіріптарлыққа салуға ұмтылушылығын бүркемелейтінін көрсетіп берді.

Фритредерліктің сипаттамасын В. И. Лениннің «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде. Сисмонди және өз еліміздің сисмондишілдері» деген еңбегінен қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 2-том, 270—284-беттер).

Протекционизм — белгілі бір елдің капиталистік өнеркәсібін немесе ауыл шаруашылығын дамытуға және оларды шетелдік бәсекеден қорғауға бағытталған экономикалық шаралар жүйесі. Осы шаралардың ішіндегі ең маңыздылары шетел товарларының әкелінуін қысқарту мақсатында оларға жоғары баж салығын белгілеу, импортты сан жағынан шектеу, валюталық тыйым салу, сыртқа шығарылатын отандық товарларға баж салығын төмендету арқылы ондай товарлар

шығаруды көтермелеу, жекелеген капиталистерге ақшалай қарыз беру және т. т. болып табылады.

Протекционизм бастапқы қорлану дәуірінде Англияда пайда болды және өнеркәсіп капитализмі дәуірінде, әсіресе империализм тұсында кеңінен тарады. Империализм жағдайында протекционизм саясатының мақсаты капиталистік монополияларға ішкі рынокта товарларын көтеріңкі бағамен сатуын, халық бұқарасын тонау есебінен монополиялық үстеме пайда алуын қамтамасыз ету болып табылады.— *166.*

72 Москва губерниялық дворяндар жетекшісі князь П. Н. Трубецкойдың ішкі істер министрі Святополк-Мирскийге жолдаған хаты 1904 жылы 15(28) декабрьде жазылды және 1904 жылы 18(31) декабрьде «Освобождениенің» 62-номерінде басылды. Қоғамдық қозғалыстың жағдайын сипаттай келіп, Трубецкой былай деп жазды: «қазіргі болып жатқан оқиғалар n'est pas une émeute, mais une révolution (бүліншілік емес, революция. *Ред.);* сонымен бірге орыс халқын да революцияға итермелеп отыр...».— *169.*

73 Бұл арада 1904 жылы декабрьде В. Бонч-Бруевич пен Н. Лениннің Женевадағы социал-демократиялық партиялық әдебиеттің большевиктік баспасында жеке листок болып басылып шыққан «Вперед» газетін шығару туралы хабарландыру айтылып отыр. Хабарландыруда Россия басынан өткізіп жатқан саяси кезеңге баға беріледі, пролетариат пен оның алдыңғы қатарлы ұйымдастырушылық ұйтқысы — РСДРП-ның алдына міндеттер қойылады, партия басынан өткізіп жатқан дағдарыс пен жікке бөлінушілік қысқаша баяндалады. «Жұмысшылар бұқарасының толқуы,— делінген хабарландыруда,— барған сайын қанат жайып, тереңдей түсуде. Тарихи кезеңнің жағдайлары қозғалыстың жаңа, жоғары формаларына көшуі қарсаңында тұрғанымызға кепіл бола алады. Ұшқыннан жалын лаулай бастады. Бұл жалын халық көтерілісінің өртіне ұласатын күн енді алыс емес. Социал-демократияның пролетариат алдындағы жауапкершілігі арта түсуде. Оның күресіне шын мәніндегі саяси басшылықтың қажеттілігі барған сайын өте айқын сезіліп отыр. Мұндай кезеңде партия органсыз қала алмайды». Одан әрі хабарландыруда партияның жаңа органының саяси міндеттері туралы және оны шығаруды ұйымдастыру туралы айтылады.— *178.*

74 Бұл арада Көпшілік Комитеттерінің Бюросы туралы айтылып отыр, ол 1904 жылы декабрьде солтүстік комитеттердің конференциясынан кейін біржола қалыптасты.— *179.*

75 Е. Д. Стасованың хабарлауына қарағанда, Лениннің хаты мына жағдайға байланысты жазылған. 1904 жылы июньде РСДРП Орталық Комитеті Солтүстік бюросының бірқатар белсенді қызметкерлері, атап айтқанда Н. Э. Бауман,

Е. Д. Стасова, Ф. В. Ленгник, С. М. Кнунянц және басқа жолдастар тұтқынға алынып, Таган түрмесіне отырғызылады. Сол кезде, 1904 жылы 7 (20) июньде патша үкіметі «мемлекеттік қылмысты әрекеттер жөнінде іс жүргізу тәртібіндегі кейбір өзгерістер туралы және оларға жаңа қылмыстық ережелердің қаулыларын қолдану туралы» заң шығарды. Бұл заңның мәні мынаған саяды: бірқатар «саяси қылмыстарға» соттан тыс әкімшілік жазалар, атап айтқанда: ақшалай штраф, жер аудару, т. с. қолданудың орнына, бұл «қылмыстарды» сотта қарауға көше бастады және саяси тұтқындарға қылмыстық кодекстің статьяларын қолдана бастады. Осыған байланысты Таган түрмесінде отырған саяси тұтқындар арасында өздерін алдын ала тергеуде қалай ұстау керек және сотта қандай тактика қолдану керек деген мәселе көтерілді. Алдын ала тергеуде бұрынғысынша жауап беруден мүлде бас тарту тактикасын ұстау ұйғарылды, өйткені, прокурордың қатысуымен болса да, тергеуді сол баяғы бір жандармдар жүргізеді. Ал социал-демократтардың сотта өздерін қалай ұстауы жөніндегі мәселе ашық қалды. Сондықтан 1904 жылы 18 декабрьде кепілдікпен түрмеден босатылған Е. Д. Стасоваға жолдастары В. И. Ленинмен дереу байланыс жасауды және одан өздерін толғандырып отырған мәселеге жауап алуды тапсырды. В. И. Лениннің хаты Е. Д. Стасованың сұрағына жауап болып саналады.— *181.*

76 «Вперед» газетінің 3-номері 1905 жылы 24 (11) январьда шықты.— *185.*

77 *«Фабрика-завод жұмысшыларының орыс қоғамын»* 1904 жылы Петербургте патша охранкасының тапсыруы бойынша священник Гапон құрды. Бұл жұмысшылардың назарын самодержавиеге қарсы революциялық күрестен басқа жаққа аударуға тырысқан зубатовтық типтес ұйым болды.

Зубатовшылдар — «полициялық социализм» саясатының жақтаушылары; бұл саясаттың көздеген мақсаты — жұмысшылардың назарын самодержавиеге қарсы саяси күрестен басқа жаққа аудару үшін 1901—1903 жылдарда Москва охранкасы бөлімінің бастығы жандарм полковнигі Зубатовтың инициативасы бойынша жұмысшылардың жария ұйымдарын құру еді. Жұмысшылардың жария ұйымдарын құру жөніндегі Зубатовтың қызметін ішкі істер министрі В. К. Плеве қолдады. Зубатовшылар жұмысшы қозғалысын тар шеңберлі экономикалық талаптар арнасына бағыттауға, жұмысшыларды үкімет осы талаптарды қанағаттандыруға дайын деген пікірге сендіруге тырысты. Алғашқы зубатовтық ұйым «Механикалық өндірістегі жұмысшылардың өзара жәрдем көрсету қоғамы» деген атпен 1901 жылы майда Москвада құрылды. Зубатовтық ұйымдар сондай-ақ Минскіде, Одессада, Вильнода, Киевте және басқа қалаларда құрылды.

РСДРП II съезі «Кәсіпшілік күрес туралы» қарарында зу-

батовшылдықты «капиталистердің пайдасы жолында жұмысшы табының мүддесіне үнемі опасыздық жасау» саясаты деп сипаттады және зубатовшылдыққа қарсы күресу мақсатында партия ұйымдары жария жұмысшы ұйымдары бастаған стачкаларды қолдап, оларды бағыттап отырулары керек деп санады (қараңыз: «РСДРП екінші съезі. Протоколдар». М., 1959, 433-бет).

Революцияшыл социал-демократтар зубатовшылдықтың реакциялық сипатын әшкерелей отырып, жұмысшылардың жария ұйымдарын жұмысшы табының қалың тобын самодержавиеге қарсы күреске жұмылдыру үшін пайдаланды. Революциялық қозғалыстың қуатты өрлеуі нәтижесінде патша үкіметі 1903 жылы зубатовтық ұйымдарды жоюға мәжбүр болды.— *186.*

78 Петербург жұмысшыларының патшаға жолдаған петициясы жеке листовка болып басылды және 1905 жылы 31 (18) январьда «Вперед» газетінің 4-номерінде көшіріп басылды.— *188.*

79 *«The Standard»* («Ту») — ағылшын газеті, 1827 жылғы 27 майдан 1916 жылғы 16 мартқа дейін Лондонда шығып тұрды.— *188.*

80 1905 жылғы 9 январьдағы оқиғалар туралы хабар Женеваға келесі күні келіп жетті. Үзік-үзік әрі мардымсыз телеграф деректеріне қарамастан Ленин бұл оқиғаларға бірден орасан зор маңыз береді, оларды Россиядағы *революция* ретінде бағалайды. Бұл уақытта (ескіше 10 январь) «Вперед» газетінің 3-номері жасалып, басуға дайын болатын, бірақ Ленин бұл оқиғаға үн қоспай қала алмады. Ол «Россиядағы революция» деген шағын мақала жазып, оны ірі әріппен тергізіп, газеттің төртінші бетіне, «почта жәшігі» материалының орнына орналастырады.— *190.*

81 *«Жария марксизм»* — либералдық-буржуазиялық тұрғыдан марксизмнің өңін айналдыру, ол Россияның либералдық буржуазиялық интеллигенциясы арасында дербес қоғамдық-саяси ағым ретінде XIX ғасырдың 90-жылдарында пайда болды.

Россияда бұл кезде марксизм едәуір кең тараған болатын, осыған байланысты буржуазиялық интеллигенттер марксизмді желеу етіп, жария газеттер мен журналдарда өздерінің көзқарастарын уағыздай бастады. Сондықтан олар «жария марксистер» деп аталды.

«Жария марксистер» халықшылдарды ұсақ өндірістің қорғаушылары ретінде сынай отырып, бұл күресте марксизмді пайдалануға тырысты, бірақ марксизмді революциялық атаулыдан тазартылған күйінде қолданбақшы болды, жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүддесіне бағындыруға әрекеттенді. Маркстің ілімінен олар ең бастысын — пролетарлық

революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді алып тастады. «Жария марксистердің» басшысы П. Струве капитализмді мадақтады және буржуазиялық тәртіптерге қарсы революциялық күрестің орнына «мәдениетсіздігімізді мойындауға және капитализмнен үйренуге» шақырды. Марксизмнің негізгі қағидаларының бәріне ревизия жасап, «жария марксистер» буржуазиялық объективизм позициясына түсті, кантшылдық пен субъективтік идеализм көзқарасында болды.

Ленин «жария марксизмнің» либералдық-буржуазиялық табиғатын басқалардан бұрын көріп, таныды. 1893 жылдың өзінде-ақ Ленин «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» деген еңбегінде либерал халықшылдардың көзқарастарын әшкерелеумен қатар сол кезде туып келе жатқан «жария марксизм» өкілдерінің көзқарасын да сынға алды. Бұлар орыс марксистеріне алғаш рет кездескен жасырын жау болды, олар өздерін Маркстің ілімін жақтаушылар деп атады, ал іс жүзінде марксизмді революциялық мазмұнынан жұрдай қылды. Алайда орыстың революцияшыл марксистері халықшылдарға қарсы күресте «жария марксистермен» уақытша келісімге келді, өздерінің шығармаларын «жария марксистер» редакциялаған журналдарда бастырып отырды. Сонымен бірге Ленин «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы» деген еңбегінде «жария марксизмді» буржуазиялық әдебиетте марксизмнің баяндалуы деп атап, оны батыл сынға алды, «жария марксистерді» либералдық буржуазияның идеологтары ретінде әшкереледі. Лениннің «жария марксистерге» берген сипаттамасы кейін толық дәлелденді: олар көрнекті кадеттер, ал кейін нағыз ашынған ақ гвардияшылар болды.

Россиядағы «жария марксизмге» қарсы Лениннің батыл күресі сонымен бірге халықаралық ревизионизмге қарсы күрес болды және маркстік теорияны бұрмалауға қарсы идеялық ымырасыздықтың үлгісі болып табылды.— *192.*

82 Одан әрі Лениннің қолжазбасында сызылып қалған мынадай текст бар: «(1894 жылдың өзінде-ақ Тулиннің Струвенің Сын заметкалары деп атағанындай)». В. И. Ленин бұл арада өзінің «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы» деген еңбегі туралы айтып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 1-том, 367—563 беттер).—*192.*

83 В. И. Ленин бұл арада С. Н. Булгаковтың, Е. Н. Трубецкойдың және басқалардың 1902 жылы «Идеализм проблемалары» деген атпен шыққан философия жөніндегі мақалалар жинағы туралы айтып отыр.

«Новый Путь» («Жаңа Жол») — ай сайын шығып тұрған журнал; 1903—1904 жылдарда Петербургте шығып тұрды; торығушылық ниеттегі «Діни және философиялық жиналыс-

тар» деп аталатынның органы, оған Мережковский, Гиппиус және басқа да символистер мен құдай іздемпаздар қатысып тұрды.— *200.*

84 В. И. Ленин айтып отырған хаттар — большевик С. И. Гусевтің Петербургтен жазған корреспонденциялары, олар «Петербург социал-демократтарының хаттары» деген атпен «Вперед» газетінің 1905 жылғы 31 (18) январьдағы 4-номерінде басылды.— *227.*

85 Бұл арада әңгіме герман социал-демократиясының орталық органы — «Vorwärts» («Алға») газеті туралы болып отыр, ол туралы «Вперед» газетінің 1905 жылғы 31 (18) январьдағы 4-номерінде басылған «Сарай алаңында. Оқиғаны көрген адамның хаты» деген мақалада айтылып өткен. — *233.*

86 Бұл ескерту қолжазбада сызылып қалған, сондықтан «Вперед» газетіне енбеген. Бірінші рет 1934 жылы Лениннің XXVI жинағында ««Патша-ағзам» және баррикадалар» деген мақалаға ескерту» деген атпен басылды. — *236.*

87 *«Русская Газета»* («Орыс Газеті») — 1904—1906 жылдарда Петербургте шығып тұрды.— *239.*

88 *«Правительственный Вестник»* («Үкімет Хабаршысы») — күнделікті ресми орган. 1869—1917 жылдарда Петербургте баспасөз істері жөніндегі бас басқарма жанында шығып тұрды.— *241.*

89 *«Ведомости С.-Петербургского Градоначальства»* («С.- Петербург Қала бастығының Ведомостары») — «СПБ. қалалық полициясының Ведомостары» деген басылымның жалғасы. 1917 жылға дейін шығып тұрды.— *241.*

90 *«Баррикадалардағы ұрыстар»* деген мақала Россияда революцияның басталуына арналып «Вперед» газетінің 4-номері үшін жазылған болатын, бірақ басылмай қалды. Бірінші рет 1924 жылы ««Вперед» және «Пролетарий». 1905 жылғы алғашқы большевиктік газеттер». I кітап, М., 1924, деген кітапқа қосымшада жарияланды. — *245.*

91 *«РСДРП-дағы жікке бөлінудің қысқаша очеркін»* РСДРП-ға жәрдемдесуші Берн (Швейцария) тобы 1905 жылы 2 (15) февральда жеке листок етіп басып шығарды, оған мынадай хабар жазылған: «РСДРП-ға жәрдемдесуші Берн тобы — «Вперед» бұл хатты басып шығара отырып, жікке бөлінудің қысқаша очеркін білу әсіресе Россиядағы жолдастар үшін өте-мөте маңызды деп есептейді. Шетелдік жолдастардан хатты Россияға жіберуді сұраймыз».

Документтің соңындағы қолжазбада мына адамдар өз қол-

дарын қойған: «Вперед» газетінің редакциясы: Н. Ленин, П. Орловский, А. Воинов, Рядовой, Галерка және Көпшілік Комитеттері орыс Бюросының шетелдік уәкілі Степанов. Герман социал-демократиялық партиясы Басқармасының жікке бөліну мәселесін Бебель арқылы аралық соттың көмегімен шешу жөніндегі әрекеті туралы Лениннің 1905 жылғы 7 февральда Бебельге жолдаған хатын қараңыз (Шығармалар, 34-том, 298-бет).

Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде бұл хаттың неміс тіліне аудармасының қолжазбасы сақталған, онда В. И. Лениннің мынадай ескертпелері бар:

а) «Мына жерде 1) бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы жоқ!

2) сөйлемнің мағынасы бұзылған, өйткені қателік жіберіп отырған искрашыл азшылық (орысша текст бойынша), ал аударма бойынша антиискрашылдар болып шыққан».

б) «Орысша текстіні мүлдем түсінбеген, сондықтан мағынасы бұзылған!! Біз аудармашының немісше білетіндігіне осы кезге дейін күмәнданып келген едік. Енді біз оның орысша түсінетіндігіне күмәнданып отырмыз».— *248.*

92 *Халықаралық социалистік бюро* (ХСБ) — II Интернационалдың тұрақты атқарушы-информациялық органы; барлық елдердің социалистік партияларының өкілдерінен Халықаралық социалистік бюро құру туралы шешім II Интернационалдың Париж конгресінде (сентябрь, 1900 жыл) қабылданған болатын. Халықаралық социалистік бюрода орыс социал-демократтарының өкілдері болып Г. В. Плеханов пен Б. Н. Кричевский сайланды. 1905 жылдан бастап Халықаралық социалистік бюроға РСДРП-ның өкілі есебінде В. И. Ленин енді. Халықаралық социалистік бюро өзінің қызметін 1914 жылы тоқтатты.— *249.*

93 Азшылықтың құпия ұйымын партияның II съезінен кейін іле-шала Аксельрод, Мартов, Троцкий құрған болатын. 1903 жылы сентябрьдің ортасында 17 меньшевиктің құпия кеңесі болды. Кеңестің Троцкий мен Мартов жазған қарарында фракциялық қызметтің программасы баяндалды және меньшевиктердің партияның орталық мекемелерін басып алу және жергілікті партия ұйымдарына басшылық ету жөніндегі ұйымдастыру шаралары белгіленді (қараңыз: Лениннің VI жинағы, 246—249-беттер). «Искраны» басып алғаннан кейін меньшевиктер Орталық Органның жанынан құпия орталық касса жасақтады, өздеріне транспорт алды. «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасын» өздерінің базасына айналдырып, олар Россиядағы партиялық жұмысқа іріткі салу, жекелеген комитеттерді басып алу немесе Петербургтегі, Одессадағы, Екатеринославтағы сияқты большевиктік комитеттермен қатар меньшевиктік топтар құру үшін жүріп-тұратын агентура ұйымдастырды. Азшылықтың құпия ұйымы 1904 жылдың күзіне дейін өмір сүрді. Партия

Советі,— деп жазды Ленин,—«партияның *жасырын жіктелуіне* тікелей қатысты, азшылықтың «кооптация» жолындағы жасырын ұйымының күресіне дем беріп отырды. Бұл күрес II съезд кезінен бастап, яғни 1903 жылғы августан бастап 1904 жылғы ноябрьге немесе декабрьге дейін жүргізілді, бұл қазір документ жүзінде дәлелденіп отыр» (Шығармалар, 8-том, 342-бет).— *251.*

94 *«Daily Telegraph»* («Күнделікті Телеграф»)— ағылшынның күнделікті либералдық, ал XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап консерваторлық газеті; осы атпен 1855 жылдан 1937 жылға дейін Лондонда шығып тұрды; 1937 жылдан бастап, «Morning Post» («Таңертеңгілік Почта») газетімен қосылғаннан кейін, «Daily Telegraph and Morning Post» деген атпен шығып келеді.— *257.*

95 *«Наши Дни»* («Біздің Дәуір»)— либералдық бағыттағы күнделікті газет; 1904 жылғы 18 (31) декабрьден 1905 жылғы 5 (18) февральға дейін Петербургте шығып тұрды; 1905 жылы 7 (20) декабрьде газет қайта шыға бастады, бірақ екі-ақ номері шықты.— *257.*

96 *«Последние Известия»* («Соңғы Хабарлар») — Бундтың Шетелдік комитетінің бюллетені; 1901—1906 жылдары Лондон мен Женевада шығып тұрды, буржуазиялық-ұлтшылдық көзқарастарды білдірді.— *262.*

97 Ленин бұл арада 1885 жылғы Морозов стачкасына қатысқандарға болған сот туралы айтып отыр. Сот 1886 жылы майда Владимирде болды. Сотта жұмысшыларға қысымшылық көрсетудің және оларды қанаудың жан түршігерлік жағдайлары анықталды. Сотталушылардың кінәлылығы жөнінде присяжный ұсынған жүз бір сұраққа сотталушылар 101 қарсы жауап берген. Белгілі реакцияшыл публицист Катков бұл жөнінде «Московские Ведомостиде» былай деп жазды: «Кеше құдай жарылқаған ескі қала Владимирде Русьте көріне бастаған жұмысшы мәселесінің құрметіне жүз бір дүркін салют оғы атылды».— *269.*

98 1891 жылы 15 (27) апрельде белгілі жазушы-публицист, қоғам қайраткері әрі философ Н. В. Шелгунов жерленді, оның прогрессшіл қызметі Петербургтің алдыңғы қатарлы жұмысшыларына жақсы белгілі болатын. Оны жерлеу үкіметке қарсы бағытталған демонстрацияға ұласты. Жұмысшылар «Бостандық пен туысқандыққа жол көрсетушіге» деген жазу бар венок алып жүрді. Осы оқиға тұсында маевка ұйымдастыру керек деген пікір де туған еді, сөйтіп маевка құпия өткізілді. Бұл Россиядағы бірінші маевка болатын, оған 70—80 жұмысшы қатысты. Маевкада сөйленген саяси сөздердің тексті кейін жұмысшылар арасында таратылды және оның зор насихаттық маңызы болды.— *270.*

99 Бұл арада әңгіме 1903 жылы июльде Киевте болған бұқаралық саяси стачка туралы болып отыр. «Искраның» 1903 жылғы 1 сентябрьдегі 47-номерінде «Киевтегі жаппай стачка» деген тақырыппен осы стачкаға арналған үлкен корреспонденция басылды. — *271.*

100 *Кифа Мокиевич* — Н. В. Гогольдің «Өлі жандар» деген шығармасының кейіпкерлерінің бірі, автор бұл образда даурықпалы, мән-мағынасыз мәселелерді шешумен айналысатын адамның типін бейнелеп көрсеткен.— *279.*

101 Тряпичкиннің образы Н. В. Гогольдің «Ревизорында» және М. Е. Салтыков-Щедриннің — «Баяулық пен ұқыптылық бар ортада» деген шығармасында кездеседі. В. И. Ленин Тряпичкиннің образын жаңа искралық корреспонденцияларды сипаттау үшін пайдаланып отыр.— *287.*

102 Ленин бұл арада «Вперед» газетінің 1905 жылғы 21 (8) февральдағы 7-номерінде «Партиядан» деген бөлімде жарияланған «Жергілікті комитеттерге іріткі салушылық» деген заметка мен социал-демократтардың Минск және Одесса топтарының қарарлары туралы айтып отыр.— *295.*

103 Бұл арада «Искраның» 1902 жылғы 1 (14) июньдегі 21-номерінде «Біздің қоғамдық өміріміздең» деген бөлімде басылған, Вильно губернаторы фон Вальдің тұтқынға алынған демонстранттарға дүре соғуды қолданғандығы жөнінде жазылған заметка туралы айтылып отыр. Заметканың авторлары Л. Мартов пен В. Засулич 1902 ж. 5 (18) майда Вильно губернаторы фон Вальдің өміріне қастандық жасаған жұмысшы Леккертті құттықтайды. В. И. Ленин мен Г. В. Плеханов Мартов пен Засуличтің жеке террор жағына қарай ауытқушылықтарына батыл қарсы шықты. — *299.*

104 Плевенің өлтірілуі жөнінде жазылған листок туралы сөз еткенде, Ленин меньшевиктік «Искра» редакциясының қолы қойылған «Жұмысшы халыққа» деген № 16 листок туралы айтып отыр, ол листок жеке террорды жақтайтын эсерлік тактиканы ашық түрде қорғаған.— *299.*

105 Бұл арада патша өкіметінің ең реакцияшыл өкілдерінің бірі — Москва генерал-губернаторы ұлы князь Сергей Александрович Романовтың (II Николайдың ағасы, III Александрдың інісі) өлтірілуі туралы айтылып отыр; оны 1905 жылы 4 (17) февральда Москва Кремлінде социалист-революционерлер партиясының мүшесі, террорист И. П. Каляев өлтірген. Жеке террордың бұл актісі шетел баспасөзінде кеңінен сөз болды.— *300.*

106 Бұл заметка Көпшілік Комитеттері Бюросының қолы қойылған «Партияның III съезін шақыру туралы хабарға» редак-

циялық ескерту есебінде «Вперед» газетінде басылды. Қолжазбада баспахана терушілеріне арналған В. И. Лениннің мынадай сөздері бар: «Егер мүмкін болса, осыны жексенбі күні таңертең теріп, кешке қарай корректорлық оттискісін беруді жолдастардан өте-мөте өтініп сұрар едім».— *306.*

107 *«Шетелдік бонапартистер»* деп Ленин партияның еркіне қарамастан партияның Орталық Органы — «Искра» газетін, Орталық Комитетті және партия Советін басып алған меньшевиктерді атаған.— *306.*

108 «Вперед» газетінің 8-номерінде «Партиядан» деген бөлімде партияның III съезін дереу шақыруды жақтаған РСДРП Москва комитетінің, Москва комитеті мен Солтүстік комитеттің ұйымдастырушылары жиналысының қарарлары басылған.— *306.*

109 Бұл арада А. Бебельдің 1905 жылы 3 февральда В. И. Ленинге жолдаған хаты туралы айтылып отыр, онда ол герман социал-демократиясы Басқармасының атынан РСДРП-да партия ішіндегі күресті тоқтату үшін өзінің председательдік етуімен аралық сот ұйымдастыруды ұсынды. В. И. Ленин 1905 ж. 7 февральдағы жауап хатында Бебельдің ұсынысын қабылдамай тастады, ол бұл мәселені шешуге өзінің правосы жоқ екендігін және Бебельдің ұсынысын тек партия съезіне ғана хабарлауға болатындығын мәлімдеді (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 298-бет). Көпшілік Комитеттері Бюросы да Бебельге оның ұсынысын қабылдамайтындығын айтып жауап берді, ол жауап «Вперед» газетінің 1905 ж. 23 (10) марттағы 11-номерінде жарияланды, онда былай деп атап көрсетілді: орыс социал-демократиясындағы партия ішіндегі күрестің мәнісі *«жеке бастық* немесе, ең болмағанда, *топтық* сипатта» болмай отыр, бұл сайып келгенде *«саяси идеялардың* қақтығысуы» болып отыр. Сондықтан мәселені сот емес, тек партия съезі ғана шеше алады (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Документтер мен материалдар жинағы», М., 1955, 64—66-беттер). Съезде Бебельдің хаты туралы арнаулы баяндама болған жоқ, ал «Вперед» редакциясы оны талқылауды ұйғарған болатын. Алайда жарыс сөзде сөйлеген делегаттар А. Бебельдің ұсынысын қабылдамай тастады және Көпшілік Комитеттері Бюросының хатында баяндалған көзқарасты қуаттады (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар». М., 1959, 49, 51—52, 57, 58, 312-беттер). Көпшілік Комитеттері Бюросының А. Бебельге жолдаған жауабын жергілікті ұйымдар да қолдады.— *307.*

110 1905 жылы 20 февральда (5 мартта) көпшіліктің Женевадағы партия клубының ұйымдық секциясының мәжілісінде сөз сөйлеп, В. И. Ленин өзі құрастырған анкета-сұрақ жөнінде айтты. Бұл анкета үшін негізгі сұрақтарды Ленин өзінің

«Партияның III съезін шақыру туралы» деген мақаласында белгілеген болатын, ол мақала «Вперед» газетінің 1905 ж. 28 (15) февральдағы 8-номерінде жарияланды (қараңыз: осы том, 306—309-беттер).—*314.*

111 *Көпшіліктің Женевадағы партия клубы* РСДРП-ға жәрдемдесу жөніндегі шетелдік топтардың конференциясында 1905 жылы 13 январьда құрылды. Клубтың жанынан партия тұрмысы мәселелерін талдайтын 4 секция: 1) ұйымдық, 2) насихат, 3) үгіт және 4) техникалық секциялар құрылды.

1905 жылы 5 мартта ұйымдық секцияның мәжілісінде А. М. Эссеннің (Степановтың) жұмысты негізінен алғанда халықтың пролетар емес топтары арасында (оқушылар, солдаттар, шаруалар арасында) жүргізу туралы баяндамасы талқыланды. В. И. Ленин үш рет: бірінші рет Степановтың баяндамасынан кейін, екінші рет Роберттің (мұның кім екені анықталмады) сөзінен кейін және үшінші рет Ольганың (С. Н. Равич) сөзіне байланысты сөз сөйледі; Ольга «сұрақтізбені» құрастыруға Лениннің қатысуын сұрауды ұсынды, өйткені Лениннің Россиядағы практикалық жұмыстан тәжірибесі бар деді.

«Сұрақтізбені мен құрастырып қойдым, бірақ ол тым жалпылама» дегенде, В. И. Ленин өзінің «Анкеті» туралы айтып отыр (қараңыз: осы том, 314—316-беттер).— *317.*

112 «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» деген мақаланы жазуға В. И. Ленин 1905 жылы 25 январьда (7 февральда), «Вперед» газетінің кезекті (бесінші) номерін дайындаған кезінде-ақ кіріскен болатын.

Бұл кезде газет редакциясы Россиядан 9 январьдан кейін елде революциялық қозғалыстың кең өріс алғандығын дәлелдейтін бірқатар хаттар мен корреспонденциялар алған болатын. Оларда Россияның көптеген қалаларында жұмысшы табының белсенді бой көрсетулері, жұмысшылардың полициямен және әскермен көптеген қақтығыстары туралы айтылған-ды. Бұл фактілер 9 январьдан кейін бұқараның революциялық қозғалысы нағыз азамат соғысына ұласып келе жатқандығын, Россия пролетариатының бұл соғысқа өзінің күш-жігерін жұмылдыра түскенін көрсетті.

Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Вперед» газетінің 5-номерінің жоспары жасалған Ленин қолжазбасының беті сақталған, онда Лениннің белгілері мен есептері, сондай-ақ стачкалар мен демонстрациялар болған қалалардың тізімі бар. Осы бетте В. И. Ленин былай деп жазған: *«Революция дегеніміз соғыс»* және өзіне арнап былай деп белгі салған: «6-номерге «Байқау үшін күш жұмылдыру» деген тақырыппен бас мақала жазса ше». Мақаланың аты Ленинге ұнамайды, сондықтан ол оны айқындап, үстінен: «Пролетариат армиясын жұмылдыру» деп жазады. Ленин осы жерде бұл тақырыптың қысқаша жоспарын жа-

сайды және оның тезистерін жазады (қараңыз: осы том, 437—438-беттер). Бұл документ Лениннің «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» деген тақырыпты талдап жасауының бастамасы болды.

Алайда газеттің алтыншы номерінде, сондай-ақ одан кейінгі номерлерінде де пролетариат армиясын жұмылдыру туралы мақала басылмады; сірә, мақала жазылмай қалса керек.

«Вперед» газетінің алтыншы және жетінші номерлері шыққаннан кейін В. И. Ленин «Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе» деген тақырыпқа мақала жазуды ойластырады және осы мақаланың жоспарын жасайды, онда қазіргі кезеңнің ең көкейтесті мәселесін — қарулы көтеріліске дайындалу мәселесін атап көрсетеді. «Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе = көтеріліс»,— деп жазады В. И. Ленин өзінің жоспарында. Қарулы көтерілістің қажетті шарты — бүкіл Россияда әрі кең, әрі кеулей жайылған бұқаралық толқуды қолдау болып табылады. Қала кедейлері мен шаруалардың миллиондаған бұқарасын қозғалысқа келтіру үшін ең алдымен революциялық үгітті өрістету қажет болды. Мұнда В. И. Ленин ұйымдастыру жұмысын бірінші кезекке қояды. «Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе» деген мақаланы жазуға негіз болған жоспардың екінші нұсқасында В. И. Ленин ұйымның маңызын ерекше атап көрсетеді: ««Революцияны ұйымдастыру» және көтерілісті *жүргізу* (және белгілеу) міндетінен кері шегіну емес, қайта *нақ* осы міндеттерді баса көрсету және *оларға әзірлену* қажет» (осы том, 439-бет).

В. И. Ленин «Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе» деген мақаласын оқып шығып, оған разы болмады және оны қатты сынға алды: «Мақала жете ойластырылмаған, жете тиянақталмаған. Сондықтан берік жүйелі пікір айқын дамытылмайды. Бұл — газетке жарайтын нобайлар, бұлдыр бейнелер, әңгіме, «пікірлер мен заметкалар», бірақ мақала емес» (бұл да сонда, 442-бет).

Өріс алып келе жатқан революциялық қозғалыс жұмысшы табының партиясына күрестің жаңа тактикалық тәсілдерін ұсыну жөнінде, жаңа ұйымдық формалар ойлап табуда неғұрлым икемді болу және әзір тұру жөнінде батыл талаптар қояды. «Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе» деген мақаланы қайта өңдеу жоспарында В. И. Ленин күштердің ара салмағын ашықтан-ашық салыстырудың қандай жаңалық екендігін атап көрсетеді, біздің партияның тапқа және таптарға шын мәніндегі көзқарасын ашып береді, таптың авангарды ретіндегі, бұқараның тәрбиешісі және ұйымдастырушысы ретіндегі *партияның* рөлінің ерекше маңызын баса көрсетеді. В. И. Ленин мақаланың жаңадан қысқаша жоспарын жасайды, оны «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» деп атайды, «Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе» деген мақаланы «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» деген мақала етіп қайта жазады.— *319.*

113 *«Коммуна туралы баяндама жоспары»*— Лениннің 1905 жылы 5 (18) мартта Женевада саяси эмигранттардың орыс колониясы үшін оқыған Париж Коммунасы туралы баяндамасының жоспары.— *358.*

114 Ф. Энгельс К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысына» жазған кіріспесінде 1848 жылғы июнь көтерілісінен кейінгі Францияның жағдайына талдау жасай келіп, былай деп жазды: «Егер пролетариат *әлі* Францияны басқара алмайтын халде болса, буржуазия *енді* Францияны басқара алмайтындай халде болып отыр» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, 1-том, 1955. 435-бет).—*358.*

115 *Internationale Arbeiter Association* (Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі) — I Интернационал — пролетариаттың алғашқы бұқаралық халықаралық ұйымы, 1864 жылы Лондонда ағылшын және француз жұмысшылары шақырған халықаралық жұмысшылар жиналысында құрылды. I Интернационалдың құрылуы — К. Маркс пен Ф. Энгельстің жұмысшы табының революциялық партиясы жолындағы көп жылдық қажырлы күрестерінің нәтижесі. К. Маркс I Интернационалдың ұйымдастырушысы және басшысы, оның «Құрылтай манифесінің», уставының, басқа да программалық және тактикалық документтерінің авторы болды. В. И. Ленин атап көрсеткендей, I Интернационал «жұмысшылардың капиталға қарсы революциялық тегеурінін дайындау үшін олардың халықаралық ұйымының іргесін қалады», «социализм жолындағы пролетарлық, халықаралық күрестің іргесін қалады» (Шығармалар, 29-том, 302, 303-беттер).

I Интернационалдың орталық басшы органы Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Бас советі болды, К. Маркс оның тұрақты мүшесі болған еді. Сол кезде жұмысшылар қозғалысында үстем болған ұсақ буржуазиялық ықпал мен сектанттық тенденцияларды (Англиядағы тред-юнионизм, роман елдеріндегі прудонизм мен анархизм, Германиядағы лассальшылдық) жеңе отырып, Маркс ғылыми социализм принциптері төңірегіне Европа мен Американың алдыңғы қатарлы жұмысшыларын топтастыра түсті. I Интернационал әр түрлі елдердің жұмысшыларының экономикалық және саяси күресіне басшылық етті және олардың халықаралық ынтымақтастығын нығайтты. Марксизмді тарату ісінде, социализмді жұмысшы қозғалысымен ұштастыруда I Интернационалдың ролі орасан зор.

Париж Коммунасы жеңілгеннен кейін жұмысшы табының алдына I Интернационал ұсынған принциптер негізінде бұқаралық ұлттық партиялар құру міндеті қойылды. «Европадағы істердің жағдайын еске ала келіп,—деп жазды К. Маркс 1873 жылы,— мен Интернационалды формальды ұйымдастыруды уақытша кейінгі қатарға жылжыту сөзсіз пайдалы деп есептеймін» (К. Маркс пен Ф. Энгельс, Таңдамалы хаттар.

Қазақ Мемлекет баспасы, 1958, 310-бет). 1876 жылы Филадельфия конференциясында I Интернационал ресми түрде таратылды.— *358.*

116 Ленин осы жерде және төменде К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген кітапшасының 1891 жылы Берлинде шыққан немісше басылымына сілтеме жасайды. — *358.*

117 Ленин бұл жерде 1871 жылғы Париж Коммунасын жаныштаған жендеттер мен 1905 жылғы бірінші орыс революциясын жаныштаған жендеттер арасындағы ұқсастықты айтып отыр.— *359.*

118 Коммуна құрбандықтары жөніндегі цифрлар 1896 жылы Парижде басылып шыққан мына кітап: «Lissagaray. «Histoire de la Commune de 1871» (орысша аудармасын қараңыз: Лиссагаре. «1871 ж. Коммуна тарихы». М., Е. Д. Мягковтың «Колокол» кітап баспасы, 1905) бойынша келтірілген.— *361.*

119 Бұл заметка «Вперед» газетінің 1905 жылғы 23 (10) мартгағы 11-номерінде «Көше күресі туралы (Коммуна генералының кеңестері)» деген тақырыппен жарияланған Клюзеренің мақаласының аудармасына Ленин жазған алғы сөз болып табылады. Аударманы Ленин редакциялаған болатын (қараңыз: Лениннің XXVI жинағы, 1934, 355—365-беттер).— *380.*

120 *«La Commune»* («Коммуна»)— прудонистердің басты органы, 1871 жылы 20 марттан 17 майға дейін Парижде шығып тұрды; Коммунаның теориялық мақалаларға өте бай газеттерінің бірі. Ұлттық жиналыстың бұрынғы депутаты, май күндері Пантеонның баспалдағында атып өлтірілген Мильер мен экономист Жорж Дюшеннің жалпы редакциялауымен шығып тұрды. Советтің билеуші якобиншілдік көпшілігінің саясатына қарсы өршелене шабуыл жасағаны үшін Коммуна оны 1871 жылғы 17 майдағы декрет бойынша жауып тас тады.

«La Marseillaise» («Марсельеза») — Париждің ең басты газеттерінің бірі; Анри Рошфордың редакциялауымен 1869—1870 жылдарда шығып тұрды. I Интернационалдың Париж секциясы өзінің мақалалары мен хабарларын басуға осы газетті пайдаланды.— *381.*

121 Ленин «клемансистік» партия деп радикалдар партиясын айтып отыр, оған 1881 жылдан бастап Францияның реакцияшыл саяси қайраткері Жорж Бенжамен Клемансо басшылық етті.— *381.*

122 Бұл заметка «Вперед» газетінің 1905 жылғы 23(10) марттағы 11-номерінде жарияланған В. В. Воровскийдің «Демагогияның салдары» деген мақаласына В. И. Лениннің бет соңын-

дағы ескертуі ретінде басылған. Партияның марксітік программасының тарихы жөніндегі материалдар В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының 6-томында басылған.— *388.*

123 Бұл арада әңгіме РСДРП II съезінде қабылданған партия программасының мына қағидасы туралы болып отыр: «Өзінің ең таяудағы мақсаттарына жетуге ұмтылған РСДРП Россияда өмір сүріп отырған қоғамдық және саяси тәртіптерге қарсы бағытталған барлық оппозициялық және революциялық қозғалысты қолдайды, сонымен бірге еңбекшілер табына деген полициялық-чиновниктік қамқорлықты қалай да болсын кеңейтуге немесе орнықтыруға байланысты реформаторлық жобалардың барлығына барынша батыл қарсы шығады» («РСДРП II съезі. Протоколдар». 1959, 424-бет).—*392.*

124 *«Кригеге қарсы нұсқау хатты»* К. Маркс пен Ф. Энгельс 1846 жылы майда жазды. Маркс пен Энгельс құрған Брюссельдегі коммунистік корреспонденттік комитеттің талап етуі бойынша Криге бұл документті өзі редакциялап отырған «Der Volks-Tribun» («Халық Трибуны») газетінің 1846 жылғы 6 және 13 июньдегі 23 және 24-номерлерінде басып шығаруға мәжбүр болды (бірақ Лениннің қате көрсеткеніндей, 1848 жылы емес. Ленин «Маркс американдық «қаралай бөліс» туралы» деген мақалада өзінің осы қатесіне әдейі тоқталады). Бұл нұсқау хатта Кригенің көзқарастары мен қызметі батыл сынға алынды.

Маркс пен Энгельс Криге сияқты ұсақ буржуазиялық идеологтардың утопизмі мен сөзуарлығын аяусыз шеней отырып, Кригенің Америка Құрама Штаттарындағы аграрлық реформа жолындағы қозғалысты социализм үшін күрес деп көрсетпек болған әрекеттерін сынады, сонымен бірге олар мұндай ұсақ буржуазиялық демократиялық қозғалыстардың шын мәніндегі прогрестік мазмұнын да атап көрсетті, өйткені мұндай қозғалыстар пролетарлық қозғалыстың алғашқы қадамы, алғашқы формасы болып табылады және ол «одан әрі коммунистік қозғалысқа ұласып дамуға» тиіс (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 8-бет).— *394.*

125 Ф. Энгельс «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген өз кітабының Америкада басылуына жазған алғы сөзінде аграрлық мәселе жөніндегі тар өрісті, ұсақ буржуазиялық көзқарастары үшін Генри Джорджды сынға алды. Маркс таптар арасындағы қазіргі кездегі антагонизмнің себебі жұмысшы табындағы барлық өндіріс құрал-жабдықтарын, оның ішінде жерді де экспроприациялауда деп санап отырғанда, Генри Джордж халықтың байлар мен кедейлерге бөлінуінің басты себебін халық бұқарасынан тек жерді ғана экспроприациялауда деп білді және қайыршылықтан құтылудың ең ти-

імді шарасы ретінде жерді национализациялауды ұсынды. «Генри Джорджның көксеп отырғаны,— деп жазды Ф. Энгельс,— қазіргі қоғамдық өндіріс әдісін сол қалпында қалдыру және іс жүзінде рикардошылдық мектептің буржуазияшыл экономистерінің нағыз оң қанатының әрекетіне бас иеді, бұлар да кезінде мемлекеттің рентаны конфискелеуін талап еткен-ді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлім, 1937, 288-бет). В. И. Ленин Джорджды «жерді буржуазиялық тұрғыдан национализациялаушы» деп атады.— *394.*

126 *Шидловскийдің комиссиясы* — айрықша үкімет комиссиясы, 9 январьдағы «қанды жексенбіден» кейін өріс алған стачкалық қозғалысқа байланысты, 1905 жылғы 29 январьдағы (11 февральдағы) патша указы бойынша «С.-Петербург қаласы мен оның маңындағы жұмысшылардың наразылық білдіру себептерін дереу анықтау үшін» құрылды. Комиссияның басына сенатор әрі Мемлекеттік Советтің мүшесі Н. В. Шидловский қойылды. Комиссияның құрамына чиновниктер, қазыналық заводтардың бастықтары және фабриканттар кірді. Сонымен бірге комиссияға жұмысшылардың өкілдері де енуге тиіс еді, олар екі сатылы сайлау жолымен сайланды. Большевиктер комиссияға мүше сайлауға байланысты түсінік жұмыстарын кеңінен өрістетті, осы комиссияны ұйымдастыру арқылы жұмысшылардың назарын революциялық күрестен аударып әкетуге тырысып отырған патша өкіметінің шын мәніндегі мақсатын әшкереледі. Ал сайламшылар үкіметке сөз бостандығы, баспасөз, жиналыс бостандығы, адамның жеке басына ешкімнің тимеуі және т. с. жөнінде талаптар қойғанда, Шидловский 1905 жылы 18 февральда (3 мартта) бұл талаптар қанағаттандырылмайды деп мәлімдеді. Осыдан кейін сайламшылардың көпшілігі депутаттар сайлаудан бас тартты және Петербург жұмысшыларына ұран тастады, олар ереуіл жасап, бұларды қолдады. 1905 жылы 20 февральда (5 мартта) комиссия іске кіріспестен таратылып жіберілді.

В. И. Ленин «Шидловскийдің» партиялық «комиссиясының» айлакерлігін сөз еткенде, ол сөз жүзінде III съезді шақыруды жақтап, ал іс жүзінде съезге қарсы күресіп отырған меньшевиктік Орталық Комитеттің екіжүзділігі туралы айтып отыр.— *398.*

127 *«Гражданин»* («Азамат») — реакцияшыл журнал; 1872 жылдан 1914 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап нағыз монархистердің органы; редакциялаған — князь Мещерский, қаржы бөлген—үкімет. Таралуы онша болмағанмен, чиновниктік-бюрократтық топқа ықпалды болды.— *407.*

128 *«Le Temps»* («Уақыт») — күнделікті консерваторлық газет; 1861 жылдан 1942 жылға дейін Парижде шығып тұрды.

Францияның билеуші топтарының мүдделерін бейнеледі және іс жүзінде сыртқы істер министрлігінің ресми органы болды.— *411.*

129 *«The Economist»* («Экономист») — экономика мен саясат мәселелері жөніндегі апта сайын шығып тұратын ағылшын журналы; 1843 жылдан Лондонда шығып тұрады; ірі өнеркәсіп буржуазиясының органы.— *411.*

130 Бұл документ «Шаруалар және социал-демократия» деген тақырыпқа жазылған еңбектің (немесе рефераттың) екі жоспары болып табылады. Лениннің бұл еңбекті жазғаны туралы да, оның осы тақырыпта реферат оқығаны туралы да дерек жоқ. Документтің жазылған мерзімі шамамен былай анықталды: ол Р. Люксембургтың «Искраның» 1904 жылғы 10 июльдегі 69-номерінде жарияланған «Орыс социал-демократиясының ұйымдық мәселелері» деген мақаласына жасаған Лениннің заметкалары қолжазбасының сыртқы бетіне жазылған.

«Шаруалар және социал-демократия» деген документтің екі жоспарында Ленин атап өткен авторлардың еңбектерін зерттеу жөніндегі лениндік материалдар Лениннің XXXII жинағында басылған. Ленин бұл материалдарды сондай-ақ 1903 жылы 10—13 (23—26) февральда Париждегі қоғамдық ғылымдардың Орыс жоғары мектебінде оқыған «Европадағы және Россиядағы аграрлық мәселеге маркстік көзқарастар» деген лекциясында да пайдаланды (қараңыз: Лениннің XIX жинағы, 225—248-беттер).— *421.*

131 Энгельс француз және неміс социал-демократиялық партияларының аграрлық программаларын «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» деген еңбегінде сынға алады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 401—421-беттер).— *422.*

132 1904 жылы күзде большевиктердің Женева тобында В. И. Лениннің инициативасы бойынша насихатшылар үйірмесі құрылды, оның тыңдаушыларының көпшілігі партияның төменгі қызметкерлері — теориялық білімдері жоқ жұмысшылар мен жастар болды. Үйірменің мақсаты Россияда қызмет істеу үшін адамдар даярлау еді. Сабақ баяндамалар мен рефераттар оқу формасында жүргізілді. Үйірменің негізгі басшысы В. И. Ленин болды, ол партия программасы мәселелері жөнінен сабақ жүргізді. Революцияның басталуына және бірқатар жолдастардың Россияға кетуіне байланысты сабақ көп ұзамай тоқтап қалды. Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы үйірменің жұмысын сипаттайтын бірқатар документтер сақталған. Лениннің заметкалары, әңгіменің жоспарлары және рефе-

раттар бойынша сөйленген сөздердің жазбалары Лениннің XV жинағында, 283—285, 287-беттерде жарияланды.— *424.*

133 Ленин еске салып отырған митинг сағаттық еңбек ақыны арттыруды және күніне кемінде 4 сағатқа жалдауды талап еткен докерлер стачкасының басталуына байланысты 1889 ж. 14 августа Лондон портында болды. Стачкаға 10 мың жұмысшы қатысты (олардың ішінде жұмыссыздар да болды). Стачка комитеті құрылды, оның секретары К. Маркстің қызы Элеонора Маркс-Эвелинг болды. Ереуілшілерді Англияның, Австралияның және европалық елдердің бірқатар порттарының жұмысшылары қолдады. Стачка кезінде докерлердің бірінші кәсіпшілік одағы пайда болды, Англияның барлық ірі порттарында оның бөлімшелері құрылды. Стачка бес аптаға созылды, ол жұмысшылардың талаптарының қанағаттандырылуымен тынды, тред-юниондардың дамуына түрткі болды және Англияның жұмысшы қозғалысы тарихындағы бет бұрыс кезең болып табылады.— *425.*

134 *«Олар қалай қорғанады?» деген мақала тезистерінің нобайын* Ленин шамамен 1905 жылы январьда Плехановтың «Либерал буржуазияның патша өкіметіне қарсы күресі жөніндегі біздің тактикамыз туралы» деген мақаласына ықтимал жауап ретінде жазған, Плеханов бұл мақаласында Лениннің «Земство науқаны және «Искраның» жоспары» деген кітапшасын сынайды. Мақала баспасөзде жарияланбады, сірә, жазылмаған болса керек, тек осы мақала тезистерінің нобайы сақталған.— *428.*

135 Ескі Ленин мен жаңа Лениннің қайшылықтары туралы Плеханов «Либерал буржуазияның патша өкіметіне қарсы күресі жөніндегі біздің тактикамыз туралы» деген мақаласында жазады, онда «ескі» Лениннің уақытында жазылған Лениннің «Не істеу керек?» деген еңбегі мен «жаңа» Лениннің көзқарастарын бейнелейтін «Земство науқаны және «Искраның» жоспары» деген кітапшасы қарама-қарсы қойылады. Бұл еңбектерді қарама-қарсы қоя отырып, Плеханов земстволық-либералдық қозғалыс жөнінде «ескі» Ленин мен «жаңа» Лениннің арасында қайшылық бар-мыс деп жазады.— *428.*

136 Бұл арада Тамбов губерниялық земство жиналысының председателі Петрово-Солововоның 1904 жылы 14 және 15 декабрьде жиналысты «көпшіліктен» қорғау үшін полицияның жәрдемін сұраған әрекеті туралы айтылып отыр. Плехановтың «Либерал буржуазияның патша өкіметіне қарсы күресі жөніндегі біздің тактикамыз туралы» кітапшасында Тамбовтағы жанжалға байланысты былай делінген: «Айтпақшы, үрейленушілік туралы. Таяуда Тамбовта болған

оқиғалар абсолютизмнің кейбір қарсыластарын конституционализмге *қарсы* бүкіл халықтық көтеріліс болады деп либералдарға қауіп төндіріп отырған «Московские Ведомостидің» айтқандары, сірә, дұрыс болар-ау деген пікірге ойыстыруы мүмкін» (Г. В. Плеханов. Шығармалар, XIII том, 178-бет).— *429.*

137 Бұл документ В. И. Лениннің «Вперед» газетінің 1905 жылғы 24 (11) январьдағы 3-номерінде басылған «Жұмысшы және буржуазия демократиясы» деген мақаласына дайындық материал болды (қараңыз: осы том, 191—202-беттер). Документтің мазмұнын Ленин аталған мақаланың 3, 4 және 5-абзацтарында неғұрлым толық дамытқан. Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде тағы да екі документ: «Жұмысшы және буржуазия демократиясы» деген мақаланың конспектісі мен жоспары бар, бұлар осы мақаланы жазған кезде Ленин пайдаланған әдебиет материалдарының өте көп болғандығын көрсетеді. Бұл документтер 1929 жылы Лениннің V жинағында басылды, 65—69-беттер.— *432.*

138 Қарулы көтеріліс туралы мәселені талдап жасау үстінде В. И. Ленин Маркске ден қояды, оның көтеріліс туралы еңбектерін, соның ішінде «Германиядағы революция және контрреволюция» деген еңбегінің «Көтеріліс» деген бөлімін оқып зерттейді (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 98—102-беттер). XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының «революциялық тактикасының асқан ұлы шебері» Ж.-Ж, Дантонның: қарулы көтерілістің табысты болуы үшін «батылдық, батылдық және тағы да батылдық» керек деген сөздеріне Ленин «ұйым және тағы да ұйым» деген сөздерді қосады.— *436.*

139 Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Лениннің «Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе» деген мақаласының қолжазбасы сақталған, ол бірінші рет 1929 жылы Лениннің V жинағында жарияланды. Бұл мақаланың қолжазбасының алғашқы төрт беті қарындашпен сызылған да, олардың сыртына «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» деген мақаланың басы жазылған. Қолжазбаның төртінші бетінде Лениннің қарындашпен салған мынадай белгісі бар: «7-бетті (жолын) қараңыз». 7-бетте «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» деген мақаланың жалғасы жазылған, ал Ленин қолжазбасының 5 және 6-беттері сақталмаған. Сірә, Ленин «Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе» деген мақаласын «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» деп қайта жазғанда, алғашқы төрт бетін жаңа текстімен өзгертіп, оны осы беттердің сыртқы жағына жазса керек; ал 5 және 6-беттерді алып тастаған да, мақаланың аяғын мақаланы қайта өңдеу жөніндегі өзі жасаған жоспар бойынша қолжазбаның 12-бетінен

кейін қайта жазған болуы керек (қараңыз: осы том, 440—441-беттер).— *439.*

140 Бұл арада «Вперед» газетінің 1905 жылғы 31 (18) январьдағы 4-номерінде басылған В. И. Лениннің «Россияда революцияның басталуы» деген мақаласы туралы айтылып отыр (қараңыз: осы том, 215—219-беттер).— *439.*

141 Бұл арада С. И. Гусевтің хаты — «Вперед» газетінің 1905 жылғы 28 (15) февральдағы 8-номерінде «Партиядан» деген бөлімде басылған, Петербургтен жазылған корреспонденция туралы айтылып отыр. Бұл корреспонденцияда партияның ұйымдастырушылық жұмысы революциялық оқиғалардан кейін қалып отыр, социал-демократиялық ұйымдар өздері атқаруға тиісті жұмыстардың оннан бір үлесін де орындап үлгере алмай отыр деп хабарланған болатын. Корреспондент жұмысшы қозғалысына басшылық ету ісі социал-демократияның қолынан либералдардың қолына ауып кетпеуі үшін енді бұқаралық үгітті қалай жүргізуге болады деп сұрайды. Бұған жауап ретінде В. И. Ленин өзінің ««Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе» деген мақаланы қайта өңдеу жоспарында» партияның бұқараның ұйымдастырушысы ретіндегі ролінің маңызын ерекше баса көрсетуді белгілейді. Ленин өз жоспарының 4-параграфында былай деп жазады: «Таптың авангарды, тәрбиешісі, ұйымдастырушысы ретінде *партияның* ролі ерекше маңызды бола бастады. Осы кезге дейін тек жалғыз біздер ғана дерлік сөйлеп келдік, *енді жүздеген басқа дауыстар естіледі.* Tant mieux!» (осы том, 440-бет).— *439.*

142 В. И. Ленин бұл арада кейіннен «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» болып қайта өңделген өзінің «Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе» деген мақаласы туралы айтып отыр. Қараңыз: Лениннің V жинағы, 1929, 97—99-беттер. 1-пункттегі Лениннің 3, 4, 5 және басқа параграфтарды көрсетуі «Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе» деген мақаласының конспектісінің параграфтарына сілтегені болып табылады, Ленин мұны осы жұмысты қайта оқыған кезде құрастырды (қараңыз: Лениннің XVI жинағы, 1931, 61-бет).— *442.*

143 X+Y деп еске алғанда, Ленин «Икс» деп қол қойылған, «Аграрлық программа туралы» (Женева, 1903) деген кітапша мен «Игрек» деп қол қойылған, «Искраның» 1904 жылғы 5 ноябрьдегі 77-номерінде жарияланған «Социалист-революционерлердің аграрлық программасы туралы» деген мақала жайында айтып отыр.— *444.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Акимов — қараңыз: Махновец, В. П.

Аксельрод, П. Б. К вопросу об источнике и значении наших организационных разногласий. (Из переписки с Каутским).— «Искра», [Женева], 1904, № 68, 25 июня, стр. 2—3.— *175.*

— *Объединение Российской социал-демократии и ее задачи.* Итоги ликвидации кустарничества.— «Искра», [Женева], 1903. № 55, 15 декабря, стр. 2—5; 1904, № 57, 15 января, стр. 2—4. *—48, 49, 175, 176, 279—280.*

— *Письмо к товарищам-рабочим.* (Вместо предисловия).— В кн.: Рабочий. Рабочие и интеллигенты в наших организациях. С предисл. П. Аксельрода. Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1904, стр. 3—16. (РСДРП).— *170, 175, 176—177, 288, 310.*

Бебель, А. [*Письмо В. И. Ленину*]. 21 января (3 февраля) 1905 г. Рукопись[1].— *307.*

[*Богданов, А. А.*] *Рядовой. Роза Люксембург против Карла Маркса.*— В кн.: [Ольминский, М. С.] Галерка и [Богданов, А. А.] Рядовой. Наши недоразумения. Изд. авторов. Женева, кооп. тип., 1904, стр. 46—59. (РСДРП).— *48, 49, 175.*

Васильев — қараңыз: Ленгник, Ф. В.

[*Витте, С. Ю.*] *Самодержавие и земство.* Конфиденциальная записка министра финансов статс-секретаря С. Ю. Витте

[1] Бірінші рет Лениннің V жинағында жарияланды, 1926, 169—170-беттер.

(1899 г.) С предисл. и примеч. Р. Н. С. Печ. «Зарей». Stuttgart, Dietz, 1901. XLIV, 212 стр.— *82.*

Воззвание ЦК к партии от 4 марта 1905 г.—қараңыз: К партии. [Воззвание ЦК РСДРП. 4 марта 1905 г.].

[*Воровский, В. В.*] *Орловский. Плоды демагогии.*— «Вперед», Женева, 1905, № 11, 23 (10) марта, стр. 1—3.— *388.*

— *Совет против партии. № 11.* Изд-во соц.-дем. партийной литературы В. Бонч-Бруевича и Н. Ленина. Женева, кооп. тип., 1904, 47 стр. (РСДРП).— *7—8, 15, 46, 47, 70, 108—109, 124, 130, 156, 212—213, 250, 251, 252—253, 367, 368.*

*[*Воронцов, В. П.*] *В. В. Судьбы капитализма в России.* Спб., 1882. 312 стр.— *205.*

«Вперед», Женева.— *108, 110, 111—114, 179, 181, 182, 185, 248, 253, 254—255, 262—266, 295, 306, 307, 308, 310, 313, 314, 356, 432.*

— 1905, № 1, 4 января (22 декабря). 4 стр.— *110, 178, 185, 213, 253, 254, 284, 295.*

— 1905, № 2, 14 (1) января. 4 стр.— *158, 185, 248, 253, 324, 368, 407, 418.*

— 1905, № 3, 24 (11) января. 4 стр.— *185, 251, 253, 298, 329, 374, 418, 441.*

— 1905, № 4, 31 (18) января. 4 стр.— *227, 231, 232, 234, 253, 272, 284, 298, 439.*

— 1905, № 5, 7 февраля (25 января), стр. 1.— *272, 439.*

— 1905, № 6, 14 (1) февраля. 4 стр.— *262, 286, 439.*

— 1905, № 7, 21 (8) февраля, стр. 1—2, 4. — *295, 370.*

— 1905, № 8, 28 (15) февраля, стр. 1, 4.— *306, 312, 318, 368, 397, 398, 439, 440.*

— 1905, № 10, 15 (2) марта, стр. 6. — *382, 397.*

— 1905, № 11, 23 (10) марта, стр. 1—3, 6.— *388, 400, 404, 418.*

— 1905, № 14, 12 апреля (20 марта), стр. 6. — *418.*

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер мен мақалалар жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

Граждане! [Листовка Василеостровской районной организации РСДРП]. [Спб., 10 января 1905]. 1 стр.— *272, 281, 282, 434.*

«Гражданин», Спб., 1905, № 1—2, 6 января, стр. 29—32.— *407.*

[*Гусев, С. И.*] *Петербург.*— «Вперед», Женева, 1905, № 8, 28 (15) февраля, стр. 4, в отд.: Из партии.— *439, 440.*

— *Письма петербургских социал-демократов.* — «Вперед», Женева, 1905, № 4, 31 (18) января, стр. 2, в отд.: Революционные дни.— *227, 234.*

[*Дан, Ф. И.*] *Доклад делегации Российской соц.-дем. рабочей партии Амстердамскому международному социалистическому конгрессу (14—20 августа 1904 г.).* Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1904. 108 стр. (РСДРП).— *126—127.*

— *Дорогая цена.*— «Искра», [Женева], 1904, № 69, 10 июля, стр. 1.— *167, 408.*

— *Начало революции.* Суббота, 8 января 1905 г.— «Искра», [Женева], 1905, № 84, 18 января, стр. 1—2.— *282—283, 435, 436.*

— *«Против войны».*— «Искра», [Женева], 1904, № 76, 20 октября, стр. 1.— *167, 407.*

— *Что же теперь?*— «Искра», [Женева], 1905, № 90, 3 марта, стр. 1.— *407.*

Два съезда. III-й очередной съезд Союза и «объединительный» съезд. Изд. Союза русских социал-демократов. Женева, тип. Союза, 1901. 34 стр. (РСДРП).— *192.*

Дезорганизация местных комитетов.— «Вперед», Женева, 1905, № 7, 21 (8) февраля, стр. 4, в отд.: Из партии.— *295.*

[*Декларация ЦК РСДРП.* Март 1904 г.]. Рукопись[1].— *27, 37, 126.*

Договор между ЦК РСДРП и Бюро Комитетов Большинства. 12 марта 1905 г. Рукопись[2].— *403.*

---

[1] Жарияланған жоқ. Оның мазмұны В. И. Лениннің «Орталық Комитеттің үш мүшесінің мәлімдемесі» деген мақаласында қайталап айтылады; мақала мына кітапта жарияланды: Шахов, Н. [Малинин, Н. И.] Съезд үшін күрес. (Документтер жинағы). Женева, кооперативтік баспахана, 1904, 85—86-беттер.

[2] Бірінші рет «Искра» газетінде жарияланды, [Женева], 1905, № 95, 31 март, 7—8-беттер: «Партиядан» деген бөлімде.

---

[1] Бірінші рет Лениннің XV жинағында жарияланды, 1930, 104—105-беттер.

[1] Бірінші рет «Вперед» газетіндегі В. И. Лениннің «Екінші адым» деген мақаласында жарияланды, Женева, 1905, № 13, 5 апрель (23 март), 5—6-беттер.

Кричевский, Б. Н. Принципы, тактика и борьба.— «Рабочее Дело», Женева, 1901, № 10, сентябрь, стр. 1—36.— *274, 299.*

Крылов, И. А. Заяц на ловле.— *336.*

— *Пустынник и Медведь.*— *75.*

Кто должен победить? [Листовка]. Изд. Елизаветградской организации РСДРП. Б. м., тип. Крестьянского союза, октябрь [1904]. 4 стр. (РСДРП). Подпись: Редакция «Искры».— *167, 247, 407.*

[*Ленгник, Ф. В.*] *Васильев.* [*Письмо В. И. Ленину.* 10 (23) мая 1904 г.]. Рукопись [1].— *23.*

— [*Письмо В. И. Ленину.* 12 (25) мая 1904 г.]. Рукопись [1].— *23.*

[*Ленин, В. И.*] *Анкета.* [*К III съезду партии.* Ранее 20 февраля (5 марта) 1905 г.], Рукопись[2].— *318.*

— *Внутреннее обозрение.*— «Заря», Stuttgart, 1901, № 2—3, декабрь, стр. 361—403. Подпись: Т. Х.— *196.*

— [*Вторая речь при обсуждении устава партии 2(15) августа 1903 г. на II съезде РСДРП*].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 250—252. (РСДРП).— *60—62, 61—63.*

— [*Выступление при обсуждении резолюции об отношении к либералам 10 (23) августа 1903 г. на II съезде РСДРП*].— Там же, стр. 358.— *91.*

— *Гонители земства и Аннибалы либерализма.*— «Заря», Stuttgart, 1901, № 2—3, декабрь, стр. 60—100. Подпись: Т. П.— *82.*

— *Две тактики.*— «Вперед», Женева, 1905, № 6, 14 (1) февраля, стр. 1.— *286, 439.*

— *Должны ли мы организовать революцию?*— «Вперед», Женева, 1905, № 7, 21 (8) февраля, стр. 1—2.— *370.*

— *Заявление и документы о разрыве центральных учреждений с партией.* № 13. Изд-во «Вперед». Женева, кооп. тип,

[1] Бірінші рет Лениннің XV жинағында жарияланды, 1930, 32—33, 33-беттер.

[2] Бірінші рет Лениннің V жинағында жарияланды, 1926, 218—219-беттер.

1905. 13 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *177, 212, 248, 310, 368—369, 384—385.*

— [*Заявление трех членов ЦК.* 13 (26) мая 1904 г.].— В кн.: Шахов, Н. [Малинин, Н. И.] Борьба за съезд. (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, стр. 85—86. (РСДРП).— *24, 26, 31—32, 39, 126—127.*

*— *Земская кампания и план «Искры».* Изд-во соц.-дем. партийной литературы В. Бонч-Бруевича и Н. Ленина. Женева, кооп. тип., 1904. 26 стр. (Только для членов партии. РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *195—196, 428—429.*

— *Земский съезд.*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 8, 10 сентября, стр. 2, в отд.: Из нашей общественной жизни.— *193.*

— *Извещение об образовании Организационного комитета и о созыве III очередного съезда Российской социал-демократической рабочей партии.* Позднее 11 (24) декабря 1904 г. Рукопись [1].— *262.*

— *К деревенской бедноте.* Объяснение для крестьян, чего хотят социал-демократы. С прил. проекта программы РСДРП. Изд. Загран. лиги русск. рев. соц.-дем. Женева, тип. Лиги, 1903. 92 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *391.*

— *К партии.* [Отдельный листок]. Б. м., тип. Рижского комитета, август 1904. 2 стр. (РСДРП).— *29, 70, 109, 124—125.*

— *Кого они хотят обмануть?*— «Вперед», Женева, 1905, № 10, 15 (2) марта, стр. 6, в отд.: Из партии.— *382, 397.*

— *Начало революции в России.*— «Вперед», Женева, 1905, № 4, 31 (18) января, стр. 1.— *272, 298, 439.*

— [*О созыве III партийного съезда.*— «Вперед», Женева, 1905, № 8, 28 (15) февраля, стр. 1.— *312.*

— [*Особое мнение представителей ЦК, внесенное 17 (30) января 1904 г. на заседании Совета РСДРП*].— В кн.: Шахов, Н. [Малинин, Н. И.] Борьба за съезд. (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, стр. 84—85. (РСДРП).— *104, 384—385.*

— *От народничества к марксизму.* Статья первая.— «Вперед», Женева, 1905, № 3, 24 (11) января, стр. 2.— *298, 329, 374, 441.*

[1] Бірінші рет Лениннің V жинағында жарияланды, 1926, 186—188-беттер.

[*Ленин, В. И.*] *Отдача в солдаты 183-х студентов.*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 2, февраль, стр. 6.— *192—193.*

— *Падение Порт-Артура.*— «Вперед», Женева, 1905, № 2, 14 (1) января, стр. 1.— *407.*

— [*Первая речь при обсуждении устава партии 2(15) августа 1903 г. на II съезде РСДРП*].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 240. (РСДРП).— *60, 61.*

— *Первый шаг.*— «Вперед», Женева, 1905, № 11, 23 (10) марта, стр. 6, в отд.: Из партии.— *400, 404.*

— *Письмо А. Бебелю.* 25 января (7 февраля) 1905 г. Рукопись [1].— *307.*

— *Письмо в редакцию «Искры».* [Почему я вышел из редакции «Искры»?] Женева, тип. партии, декабрь 1903. 8 стр. После загл. авт.: Н. Ленин.— *33, 212, 285.*

— [*Письмо Глебову (В. А. Носкову).* 29 августа (11 сентября) 1904 г.].— В кн.: Шахов, Н. [Малинин, Н. И.] Борьба за съезд. (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, стр. 94—99. (РСДРП).— *127.*

*— *Письмо к земцам.*— «Искра», [Мюнхен], 1902, № 18, 10 марта, стр. 2—4, в отд.: Фельетон.— *193.*

— *Письмо к товарищу о наших организационных задачах.* Изд. ЦК РСДРП. Женева, тип. партии, 1904, 31 стр. (РСДРП). После загл. авт.: Н. Ленин.— *173, 174—175, 431.*

— [*Письмо членам ЦК.* 13 (26) мая 1904 г.]— В кн.: Шахов, Н. [Малинин, Н. И.] Борьба за съезд. (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, стр. 86—89. (РСДРП).— *24, 26, 31.*

— *План петербургского сражения.*— «Вперед», Женева, 1905, № 4, 31 (18) января, стр. 4, в отд.: Революционные дни.— *232.*

*— *Политическая агитация и «классовая точка зрения»*—. «Искра», [Мюнхен], 1902, № 16, 1 февраля, стр. 1.— *193.*

*— *Политическая борьба и политиканство.*— «Искра», [Лондон], 1902, № 26, 15 октября, стр. 1.— *193.*

[1] Хаттың алғашқы нұсқасы бірінші рет Лениннің V жинағында жарияланды, 1926, 172—175-беттер.

— *Поп Гапон.*— «Вперед», Женева, 1905, № 4, 31 (18) января, стр. 2, в отд.: Революционные дни.— *284.*

— *Пора кончить.*— «Вперед», Женева, 1905, № 1, 4 января (22 декабря), стр. 4, в отд.: Из партии.— *178, 213, 254.*

— *Почему я вышел из редакции «Искры»?*— *қараңыз:* Ленин, В. И. Письмо в редакцию «Искры».

— *Предисловие* [к книге «Шаг вперед, два шага назад»].— В кн.: [Ленин, В. И.] Шаг вперед, два шага назад. (Кризис в нашей партии). Женева, тип. партии, 1904, стр. III—VIII. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *50, 51.*

— [*Проект резолюции о мерах по восстановлению мира в партии, внесенный 15 (28) января 1904 г. на заседании Совета РСДРП*].— В кн.: Шахов, Н. [Малинин, Н. И.] Борьба за съезд. (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, стр. 81—83. (РСДРП).— *33, 34—35, 104, 384—385.*

— *Проект устава партии, внесенный на II съезд РСДРП* [1].— *44, 45, 250, 313.*

— *Пяти членам Центрального комитета.* 5 (18) августа 1904 г. Рукопись [2].— *26, 31, 126.*

*— *Рабочая партия и крестьянство.*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 3, апрель, стр. 1—2.— *374.*

— *Развитие капитализма в России.* Процесс образования внутреннего рынка для крупной промышленности. Спб., Водовозова, 1899. IX, IV, 480 стр. Перед загл. авт.: Владимир Ильин.— *422.*

— *Самодержавие и пролетариат.*— «Вперед», Женева, 1905, № 1, 4 января (22 декабря), стр. 1.— *284.*

— *Соловья баснями не кормят.*— «Вперед», Женева, 1905, № 2, 14 (1) января, стр. 2—3.— *324.*

— *Услужливый либерал.* [Изд-во соц.-дем. партийной литературы В. Бонч-Бруевича и Н. Ленина]. [Женева, кооп. тип., 1904]. 4 стр. (РСДРП). Перед загл. авт. не указан.— *333.*

— *Что делать?* Наболевшие вопросы нашего движения. Stuttgart, Dietz, 1902. VII, 144 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин.—

[1] Жоба сақталмаған.
[2] Бірінші рет Лениннің XV жинағында жарияланды, 1930, 111—112-беттер.

[1] Бірінші рет Лениннің XV жинағында жарияланды, 1930, 172—173-беттер.

Манифест Российской социал-демократической рабочей партии. [Листовка]. Б. м., тип. партии, [1898]. 2 стр.— *249.*

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Циркуляр против Криге — қараңыз: Marx, K. u. Engels, F. Eine Bannbulle.

[*Мартов, Л.*] *Борьба за свободу и классовая борьба.*— «Искра», [Женева], 1904, № 76, 20 октября, стр. 1—3.— *175.*

— *Девятое января.*— «Искра», [Женева], 1905, № 85, 27 января, стр. 1—2. — *287, 288, 290—291, 292, 293—295, 310, 370.*

— *На верном пути.*— «Искра», [Женева], 1905, № 83, 7 января, стр. 1. — *407.*

— *На очереди.* (Кружок или партия?).— «Искра», [Женева], 1904, № 56, 1 января, стр. 2—3.— *174—175.*

— *Наш съезд.*— «Искра», [Женева], 1903, № 53, 25 ноября, стр. 1—2. — *174—175.*

— *Пробуждение демократии и наши задачи.*— «Искра», [Женева], 1904, № 58, 25 января, стр. 1—2. — *174—175.*

— [*Проект устава партии*].— В кн.: [Ленин, В. И.] Шаг вперед, два шага назад. (Кризис в нашей партии). Женева, тип. партии, 1904, стр. 31—34. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *60, 61, 313.*

— *Так ли мы готовимся?*— «Искра», [Женева], 1904, № 62, 15 марта, стр. 1—2. — *236, 272—273, 279, 280, 288, 429.*

[*Мартов, Л. и Засулич, В. О покушении на фон Валя*].—«Искра», [Лондон], 1902, № 21, 1 июня, стр. 4—5, в отд.: Из нашей общественной жизни.— *298—299.*

Мартынов, А. Две диктатуры. Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1905. 68 стр. (РСДРП).— *278—279, 280, 281—282, 288, 310, 333, 414, 416.*

— *Обличительная литература и пролетарская борьба.* («Искра», №№ 1—5).— «Рабочее Дело», Женева, 1901, № 10, сентябрь, стр. 37—64. — *78, 81, 149, 150—151.*

[*Маслов, П. П.*] *Икс. Об аграрной программе.*— В кн.: [Маслов, П. П.] Икс. Об аграрной программе. [Ленин, В. И.] Ленин, Н. Ответ на критику нашего проекта программы. Изд. Лиги русск. рев. с.-д. Женева, 1903, стр. 1—25. (РСДРП).— *444.*

— *Об аграрной программе.* [Ленин, В. И.] Ленин, Н. Ответ на критику нашего проекта программы. Изд. Лиги русск. рев. с.-д. Женева, 1903. 42 стр. (РСДРП).— *444.*

Материалы к характеристике нашего хозяйственного развития. Сб. статей. Спб., тип. Сойкина, 1895, 232, 259, III стр.— *192—193.*

[*Махновец, В. П.*] *Акимов. К вопросу о работах второго съезда российской социал-демократической рабочей партии.* Женева, 1904. 77 стр. (РСДРП).— *333.*

[*Мещерский, В. П.*] *Дневники.* — «Гражданин», Спб., 1905, № 1—2, 6 января, стр. 29—32.— *407.*

Мольер, Ж. Б. Тартюф, или Обманщик.— 212.

«Московские Ведомости», 1886, № 146, 29 мая, стр. 2.— *269—270, 434.*

На Дворцовой площади. Письмо очевидца.— «Вперед», Женева, 1905, № 4, 31 (18) января, стр. 4.— *231, 234.*

«Наша Жизнь», Спб. — *257.*

— 1904, № 28, 3 (16) декабря, стр. 1—2. — *139.*

«Наши Дни», Спб.— *257.*

[*Негорев-Иорданский, Н. И.*] *Демократы на распутье.*— «Искра», [Женева], 1904, № 77, 5 ноября, стр. 1.— *195, 197, 201.*

«Новое Время», Спб. —*268.*

— 1904, № 10285, 18 (31) октября, стр. 3.— *86—87, 90—91.*

[*Носков, В. А.*] *Глебов. Письмо В. И. Ленину.* 11 (24) июня 1904 г. Рукопись[1].— *125—126.*

— *Письмо В. И. Ленину.* 18 (31) августа 1904 г. Рукопись[1].— *31, 125—126.*

— *Письмо В. И. Ленину.* 20 августа (2 сентября) 1904 г. Рукопись[1].— *32—33.*

— *Письмо В. И. Ленину.* 21 августа (3 сентября) 1904 г. Рукопись[1].— *32—33.*

[1] Бірінші рет Лениннің XV жинағында жарияланды, 1930, 90—91, 123—125, 134—136, 136—137-беттер.

[1] Бірінші рет мына кітапта жарияланды: РСДРП үшінші съезі. Документтер мен материалдар жинағы. М., 1955, 125—126-беттер.

Петиция петербургских рабочих царю 9-го января [*1905 г.*]. [Листовка]. Изд. соц.-дем. группы меньшинства. [Спб., январь 1905]. 2 стр. Гектограф.— *188, 229, 230—231, 241, 256, 302—303.*

Письмо к партийным организациям. [Письмо 1-е]. [Листовка]. Б. м., [ноябрь 1904]. 4 стр. (Только для членов партии).— *81, 83, 84—85, 86, 87, 88—89, 90, 91, 92, 93—99, 100, 101, 102—103, 107, 110, 149, 150—151, 195—196, 201, 202, 236, 271, 275, 276, 320, 347—348, 352, 428, 429.*

Письмо к партийным организациям. [Письмо 2-е]. [Листовка]. Б. м., [декабрь 1904]. 4 стр. (Только для членов партии).— *103, 201, 271, 276, 352, 428, 429, 432.*

[*Письмо Сибирского союза, выражающее отношение к перемене состава редакции «Искры»*].— В кн.: Шахов, Н. [Малинин, Н. И.] Борьба за съезд. (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, стр. 22—28. (РСДРП).— *62, 63, 64—66, 65—67, 251.*

Письмо Тверского комитета [*РСДРП*].— «Искра», [Женева], 1904, № 60, 25 февраля, стр. 8, в отд.: Из партии.— *62, 63, 64—66, 65—67.*

[*Письмо ЦК к местным организациям*].— В кн.: [Воровский, В. В.] Орловский. Совет против партии. № 11. Изд-во соц.-дем. партийной литературы В. Бонч-Бруевича и Н. Ленина. Женева, 1904, стр. 30. (РСДРП).— *124—125, 130—131, 155—156, 251, 252—253.*

Письмо ЦК РСДРП к Бюро Комитетов Большинства. 6 марта 1905 г. Рукопись[1].— *402, 403.*

*[*Плеханов, Г. В.*] *Белый террор.*— «Искра», [Женева], 1903, № 48, 15 сентября стр. 1. — *298—299.*

— *Врозь идти, вместе бить.* — «Искра», [Женева], 1905, № 87, 10 февраля, стр. 1—2. — *310.*

— *На пороге двадцатого века.*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 2, февраль, стр. 1.— *334.*

— *О нашей тактике по отношению к борьбе либеральной буржуазии с царизмом.* (Письмо к Центр. Комитету). Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1905. 31 стр. (РСДРП).— *201, 428, 429.*

---

[1] Бірінші рет В. И. Лениннің «Бонапартистердің әрекеттері» деген мақаласында жарияланды, ол «Вперед» газетінің 13-номерінен алынып, жеке оттискіде басылды, Женева, 1905, 2-бет.

— *Рабочий класс и социал-демократическая интеллигенция.*— «Искра», [Женева], 1904, № 70, 25 июля, стр. 2—5; № 71, 1 августа, стр. 2—4. — *388.*

[*Плеханов, Г. В.*] *Резолюция об отношении к либералам — қараңыз:* Об отношении к либералам (Плеханова).

— *Централизм или бонапартизм?* (Новая попытка образумить лягушек, просящих себе царя).— «Искра», [Женева], 1904, № 65, 1 мая, стр. 2—4. — *76, 77.*

— *Чего не делать.*— «Искра», [Женева], 1903, № 52, 7 ноября, стр. 1—2. — *62—65, 76, 104, 155, 251, 343, 351—352.*

Полное собрание законов Российской империи. Собрание 3. Т. I. Спб., 1885, ст. 350, стр. 261—266.— *362, 363, 364.*

Положение о мерах к охранению государственного порядка и общественного спокойствия. 14 августа [1881 г.].— В кн.: Полное собрание законов Российской империи. Собрание 3. Т. I. Спб., 1885, ст. 350, стр. 261—266.— *362, 363, 364.*

Попов — қараңыз: Розанов, В. Н.

«Последние Известия», Лондон — Женева.— *262.*

Постановление Совета РСДРП от 8 марта 1905 года.— «Искра», [Женева], 1905, № 89, 24 февраля, стр. 8, в отд.: Из партии.— *367, 368, 382, 397, 418.*

Постановление Совета партии от 10 марта 1905 г. — қараңыз: К членам съезда, созываемого «Бюро Комитетов Большинства».

[*Потресов, А. Н.*] *Старовер. Наши злоключения.* I. О либерализме и гегемонии. — «Искра», [Женева], 1904, № 78, 20 ноября, стр. 2—6. — *191, 196, 199, 200—201, 432.*

— *Резолюция об отношении к либералам—қараңыз:* Об отношении к либералам (Старовера).

[*Правительственное сообщение о событиях 9—10 (22—23) января 1905 г,*].— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 7, 11 января, стр. 1.— *244.*

«Правительственный Вестник», Спб., 1904, № 283, 14 (27) декабря, стр. 1. — *134, 141—142.*

— 1905, № 7, 11 января, стр. 1. — *244.*

— 1905, № 8, 12 января, стр. 1. — *256.*

«Право», Спб., 1904, № 39, 26 сентября, стлб. 1871—1875.— *85, 86.*

[*Примечание редакции «Искры» к статье Парвуса «Итоги и перспективы»*].— «Искра», [Женева], 1905, № 85, 27 января, стр. 2.— *286—287.*

[*Примечание редакции «Искры» к статье С. Ростовца «Пора! (Письмо к товарищам)»*].— Отдельное приложение к №№ 73—74 «Искры», [Женева, 1904, № 73, 1 сентября; № 74, 20 сентября], стр. 6. — *77.*

Проблемы идеализма. Сборник статей. Под ред. П. И. Новгородцева. М., [б. г.]. IX, 521 стр. — *200.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 1—6. (РСДРП). — *60, 61, 77, 92, 207—208, 240, 250, 374, 375, 388, 390—391, 392, 393, 394, 422.*

Проект программы партии социалистов-революционеров, выработанный редакцией «Революционной России».— «Революционная Россия», [Женева], 1904, № 46, 5 мая, стр. 1—3. — *204—210, 392.*

Проект программы Российской социал-демократической рабочей партии. (Выработанный редакцией «Искры» и «Зари») — «Искра», [Мюнхен], 1902, № 21, 1 июня, стр. 1—2. — *250.*

Пролетарские демонстрации. — «Искра», [Женева], 1904, № 79, 1 декабря, стр. 5—6. в отд.: Из нашей общественной жизни.— *146—148, 149, 150—151.*

Протоколы 2-го очередного съезда Заграничной лиги русской революционной соц.-демократии. Под ред. И. Лесенко и Ф. Дана. Изд. Заграничной лиги русской революц. социал-демократии. [Женева, 1903]. VIII, 136 стр. (РСДРП).— *62—64, 63—65, 176.*

Протоколы заседаний Совета РСДРП. 15 (28) —17 (30) января 1904 г. Рукопись[1].— *30, 34—35.*

Протоколы заседаний Совета РСДРП. 31 мая (13 июня) и 5 (18) июня 1904 г. Рукопись[2].— *7, 30, 34—35, 38—39, 126—127.*

Пушкин, А. С. Борис Годунов.— *224.*

---

[1] Бірінші рет Лениннің X жинағында жарияланды, 1929, 181—277-беттер.
[2] Бірінші рет Лениннің XV жинағында жарияланды, 1930, 45—84-беттер.

[1] Бірінші рет Лениннің XV жинағында жарияланды, 1930, 249—253-беттер.

[1] Бірінші рет Лениннің XV жинағында жарияланды, 1930, 217—219-беттер.

[*Резолюция Орловского комитета РСДРП, признающая законность постановлений II съезда РСДРП*].— В кн.: Шахов, Н. [Малинин, Н. И.] Борьба за съезд. (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, стр. 7—8. (РСДРП).— *62—64, 63—65, 250—251.*

Резолюция Петербургского комитета [*РСДРП*].— Отдельное приложение к №№ 73—74 «Искры». [Женева, 1904, № 73, 1 сентября; № 74, 20 сентября], стр. 3. — *7, 8—10, 15, 38, 124, 155—156, 252, 368.*

[*Резолюция Петербургского комитета РСДРП, признающая законность постановлений II съезда РСДРП*].— В кн.: Шахов, Н. [Малинин, Н. И.] Борьба за съезд. (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, стр. 6. (РСДРП).— *46, 47, 62—64, 63—65, 250—251.*

Резолюция Петербургского комитета [*РСДРП, принятая в ответ на декларацию ЦК и по поводу резолюции 22-х членов партии*].— Там же, стр. 107. — *70, 73—74.*

[*Резолюция Петербургской Рабочей организации* («Спб. союза борьбы за освобождение рабочего класса»)].— Там же. стр. 46—48. — *66, 67.*

Резолюция Рижского комитета [*РСДРП*].— «Искра», [Женева], 1904, № 68, 25 июня. Приложение к № 68 «Искры», стр. 4.— *7, 15, 66, 67, 124, 155—156, 252, 368.*

Резолюция Рижского комитета [*РСДРП о необходимости доставки в Россию литературы большинства*]. Октябрь 1904 г. Рукопись[1]. — *109, 124.*

[*Резолюция Рижского комитета РСДРП, принятая по поводу резолюции 22-х членов партии*]. — В кн.: Шахов, Н. [Малинин Н. И.] Борьба за съезд. (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, стр. 80. (РСДРП). — *70, 124.*

Резолюция Самарского комитета [*РСДРП о созыве III съезда партии*]. — «Вперед», Женева, 1905, № 14, 12 апреля (30 марта), стр. 6, в отд.: Из партии.— *418.*

[*Резолюция Саратовского комитета РСДРП, признающая законность постановлений II съезда РСДРП*].— В кн.: Шахов, Н. [Малинин, Н. И.] Борьба за съезд. (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, стр. 5. (РСДРП).— *62—64, 63—65, 250—251, 253.*

---

[1] Бірінші рет мына кітапта жарияланды: РСДРП үшінші съезі. Документтер мен материалдар жинағы. М., 1955, 125-бет.

Резолюция Уральского комитета [*РСДРП о созыве III съезда партии*].— «Вперед», Женева, 1905, № 11, 23 (10) марта, стр. 6, в отд.: Из партии.— *418.*

Резолюция Харьковского комитета [*РСДРП о созыве III съезда партии*]. — «Вперед», Женева, 1905, № 14, 12 апреля (30 марта), стр. 6, в отд.: Из партии.— *418.*

[*Решение Совета партии о неопубликовании протоколов его заседаний.* 5 (18) июня 1904 г.]. Рукопись [1].— *33—34.*

[*Решение Совета партии от 5 (18) июня 1904 г.*].— «Искра», [Женева], 1904, № 68, 25 июня, стр. 7—8, в отд.: Из партии.— *9—10, 18—19.*

Решения [*I*] *съезда* [*РСДРП*].— В листовке: Манифест Российской социал-демократической рабочей партии. Б. м., тип. партии, [1898], стр. 2.— *249.*

Решения Совета РСДРП.— Отдельное приложение к №№ 73—74 «Искры», [Женева, 1904, № 73, 1 сентября; № 74, 20 сентября], стр. 1—3.— *70, 73, 108, 124, 125, 155—156.*

[*Розанов, В. Н.*] *Письмо в редакцию.*— «Искра», [Женева], 1905, № 86, 3 февраля. Отдельное приложение к № 86 «Искры», стр. 6. Подпись: Попов.— *310, 368.*

— [*Письмо в редакцию «Искры».* Конец 1904 г.].— В кн.: [Ленин, В. И.] Ленин, Н. Заявление и документы о разрыве центральных учреждений с партией. № 13. Изд-во «Вперед». Женева, кооп. тип., 1905, стр. 12. (РСДРП).— *177, 310.*

Ростовец, С. Пора! (Письмо к товарищам).— Отдельное приложение к №№ 73—74 «Искры», [Женева, 1904, № 73, 1 сентября; № 74, 20 сентября], стр. 6—7.— *77.*

Русско-японская война и международный социализм.— «Революционная Россия», [Женева], 1904, № 46, 5 мая, стр. 11—12.— *166, 407.*

Рядовой — қараңыз: Богданов, А. А.

[*Рязанов, Д. Б.*] *Разбитые иллюзии.* К вопросу о причинах кризиса в нашей партии. Изд. автора. Женева, 1904. 116 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Рязанов.— *171.*

[1] Бірінші рет Лениннің XV жинағында жарияланды, 1930, 84-бет.

Салтыков-Щедрин, М. Е. В среде умеренности и аккуратности.— 98.

— *Господа ташкентцы.— 85, 89—90.*

— *Дневник провинциала в Петербурге.— 89—90.*

— *История одного города.— 85, 247.*

— *Либерал.— 92, 198.*

— *Современная идиллия.— 98.*

Современные партийные течения и задачи революционной соц.-демократии. (Письмо [Екатеринославского комитета] ко всем организациям РСДРП).— В кн.: Шахов, Н. [Малинин, Н. И.] Борьба за съезд. (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, стр. 63—69. (РСДРП).— *7, 15, 38, 125, 155—156, 251, 368.*

[*Сообщение об издании брошюры А. Мартынова «Две диктатуры»*].— «Искра», [Женева], 1905, № 84, 18 января, стр. 6, в отд.: Из партии.— *278, 333, 416.*

[*Сообщение об издании брошюры Н. Троцкого «Наши политические задачи»*].— «Искра», [Женева], 1904, № 72, 25 августа, стр. 10, в отд.: Из партии.— *78, 333—334.*

Старовер — қараңыз: Потресов, А. Н.

[*Столыпин, А. А.*] *Заметки.*— «Новое Время», Спб., 1904, № 10285, 18 (31) октября, стр. 3. Подпись: Ст-н, А.—*86—87, 90.*

Струве, П. Б. Демократическая партия и ее программа.— «Освобождение», Париж, 1905, № 67, 18 (5) марта, стр. 278—279.— *412.*

— *Литература социал-демократического раскола.*— «Освобождение», Париж, 1904, № 57, 15 (2) октября, стр. [2, обл.], в отд.: Библиографический листок «Освобождения».— *75—76, 78, 333—334.*

— *Насущная задача времени.*— «Освобождение», Париж, 1905, № 63, 20 (7) января, стр. 221—222. Подпись: П. С.— *324, 435, 439, 442, 443.*

— *Предисловие* [к книге С. Ю. Витте «Самодержавие и земство»].— В кн.: [Витте, С. Ю.] Самодержавие и земство.

Конфиденциальная записка министра финансов статс-секретаря С. Ю. Витте (1899 г.). С предисл. и примеч. Р. Н. С. Печ. «Зарей». Stuttgart, Dietz, 1901, стр. V—XLIV. Подпись: Р. Н. С.— *82.*

[*Троцкий, Л. Д.*] *Троцкий, Н. Наши политические задачи.* (Тактические и организационные вопросы). Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1904. XI, 107 стр. (РСДРП).— *76, 78, 82, 97—98, 166—167, 172—173, 175, 247, 251, 310, 334, 344, 352.*

Трубецкой, Е. Н. Война и бюрократия.— «Право», Спб., 1904, № 39, 26 сентября, стлб. 1871—1875.— *86.*

Трубецкой, П. Н. [*Письмо министру внутренних дел Святополку-Мирскому.* 15 (28) декабря 1904 г.].— «Освобождение». Париж, 1904, № 62, 31 (18) декабря, стр. 215—216.— *168—169.*

Тургенев, И. С. Отцы и дети.— 199.

Указ правительствующему Сенату [*от 12 (25) декабря 1904 г.*].— «Правительственный Вестник», Спб., 1904, № 283, 14 (27) декабря, стр. 1, в отд.: Действия правительства.— *134, 141.*

Череванин, Н. Организационный вопрос. С предисл. Л. Мартова. Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1904. 56 стр. (РСДРП).— *173.*

Шахов, Н. [*Малинин, Н. И.*] *Борьба за съезд.* (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, 111 стр. (РСДРП).— *6—7, 15, 23—24, 26, 27, 31, 32—33, 34—35, 36, 37, 38, 39, 40, 46, 47, 62—64, 63—65, 66, 67, 70, 73—74, 76—77, 104, 109, 124, 125—126, 127, 155—156, 250, 252, 253—254, 368, 383—386.*

Шекспир, В. Гамлет.— 296.

«Южный Рабочий», [Екатеринослав и др.].— *37—38.*

X — қараңыз: Маслов, П. П.

Y — қараңыз: Гальперин, Л. Е.

«L'Art pour tous», Paris.— *381.*

«Aus der Weltpolitik», München, 1903, N 48, 30. November, S. 1—10.— *285.*

Bericht eines Augenzeugen.— «Vorwärts», Berlin, 1905, N 22, 26. Januar, S. 2. Unter dem Gesamttitel: Vom Schauplatz der Revolution.— *233.*

Das brennende Rußland.— «Vorwärts», Berlin, 1905, N 22, 26. Januar, S. 1.— *233.*

Cluseret, G. Armée et démocratie. Paris, Lacroix et Verboeckhoven, 1869. 245 p.— *381.*

— *La guerre des rues.*— In: [Cluseret, G.] Mémoires du général Cluseret. T. II. Paris, Lévy, 1887, p. 273—289.— *380—381.*

— *Mémoires du général Cluseret.* T. I—III. Paris, Lévy, 1887—1888. 3 v.— *380—381.*

«La Commune», Paris.— *381.*

«The Daily Telegraph», London — Manchester.— *257.*

«The Economist», London, 1905, N 3,212, March 18. Vol. LXIII, p. 438—439.— *411.*

Engels, F. Die Bauernfrage in Frankreich und Deutschland.—In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1894—1895, Jg. XIII, Bd. I, N 10, S. 292—306.— *422.*

— *The condition of the working class in England in 1844.* With appendix written 1886, and pref. 1887. Transl. by K. Wischnewetzky. New York, Lovell, 1887. VI, 200, XI p.— *394.*

— *Einleitung* [zur Arbeit: «Der Bürgerkrieg in Frankreich» von K. Marx].— In: Marx, K. Der Bürgerkrieg in Frankreich. Adresse des Generalrats der Internationalen Arbeiterassoziation. 3-te deutsche Aufl. verm. durch die beiden Adressen des Generalrats über den deutsch-französischen Krieg und durch eine Einleitung von F. Engels. Berlin, verl. der Expedition des «Vorwärts», 1891, S. 3—14.— *358.*

Engels, F. Preface [to: The condition of the working class in England in 1844].— In: Engels, F. The condition of the working class in England in 1844. With appendix written 1886, and pref. 1887. Transl. by K. Wischnewetzky. New York, Lovell, 1887, p. I—VI.— *394.*

Ermittelungen über die allgemeine Lage der Landwirtschaft in Preußen. Aufgenommen im Jahre 1888—89. I und II T.— In: «Landwirtschaftliche Jahrbücher», 18. Bd., 3. Ergänzungsband; 19. Bd., 4. Ergänzungsband. Berlin, 1890—1891.— *422.*

48,000 prisoners.— In: «The Times», London, 1905, N 37, 597, January 6, p. 3. Under the general title: Colonial and foreign intelligence. Port Arthur.— *163.*

«Frankfurter Zeitung», Frankfurt am Main.— *247.*

— 1904, 29. Dezember.— *118—119.*

— 1905, 17. Februar.— *290.*

Greulich, H. An die Redaktion des «Vperiod» in Genf. Zürich, 1. Februar 1905.— *248, 249.*

Guesde, J. Du «Parti Socialiste de France».— «Le Mouvement Socialiste», T. 1. Paris, 1904, N 134, 15 mars, p. 332—333. Sous le titre général: La guerre Russo-Japonaise et le Socialisme International.— *166—167, 407.*

«L'Humanité», Paris, 1904, 16 octobre, N 182, p. 1.— *167.*

Hyndman, H. M. De la «Social Démocratic Fédération».— «Le Mouvement Socialiste», T. 1. Paris, 1904, N 134, 15 mars, p. 333—337. Sous le titre général: La guerre Russo-Japonaise et le Socialisme International.— *166—167, 407.*

«L' Indépendance Belge», Bruxelles, 1905, 4 janvier.— *160, 161—162.*

Jaurès, J. Contre la guerre.— «L'Humanité», Paris, 1904, 16 octobre, N 182, p. 1.— *167.*

Kautsky, K. Die Bauern und die Revolution in Rußland.— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1904—1905, Jg. 23, Bd. 1, N 21, S. 670—677.— *374—375, 444.*

Die landwirtschaftliche Enquête im Großherzogtum Hessen. Veranstaltet vom Großherzogtums Ministerium des Innern und der Justiz in den Jahren 1884, 1885 und 1886. Bd. I—II.— *422.*

«Landwirtschaftliche Jahrbücher», 18. Bd., 3. Ergänzungsband, Berlin, 1890. XIX, 648 S.— *422.*

— 19. Bd., 4. Ergänzungsband, Berlin, 1891. 579 S. — *422.*

Lissagaray. Histoire de la Commune de 1871. Paris, Dentu, [1896]. 576 p. — *360—361.*

Luxemburg, R. Organisationsfragen der russischen Sozialdemokratie.—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1904, Jg. XXII, Bd. II, N 42, S. 484—492; N 43, S. 529—535. — *42—47, 48—53, 56—58, 57—59, 66, 67, 176.*

«La Marseillaise», Paris. — *381.*

[*Marx, K. u. Engels, F.*] *Eine Bannbulle.*— «Der Volks-Tribun», New-York, 1846, N 23, 6. Juni, S. 3—4; N 24, 13. Juni, S. 4. — *394.*

— *Manifest der Kommunistischen Partei.* London, «Bildungs-Gesellschaft für Arbeiter», 1848. 30 S. — *191, 204.*

Marx, K. Der Bürgerkrieg in Frankreich. Adresse des Generalrats der Internationalen Arbeiterassoziation. 3-te deutsche Aufl. verm. durch die beiden Adressen des Generalrats über den deutsch-französischen Krieg und durch eine Einleitung von F. Engels. Berlin, verl. der Expedition des «Vorwärts», 1891. 72 S.— *358, 359, 360—361.*

— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. I—III. Hamburg, Meißner, 1867—1894. 4. Bd. — *191.*

«Le Mouvement Socialiste», T. 1. Paris, 1904, N 134, 16 mars, p. 332—337. — *166—167, 407.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1894—1895, Jg. XIII, Bd. I, N 10, S. 292—306. — *422.*

— 1904, Jg. XXII, Bd. II, N 42, S. 484—492. — *42—47, 48—53, 56, 57, 58, 59, 66, 67, 176.*

— 1904, Jg. XXII, Bd. II, N 43, S. 529—535. — *42—47, 48—53, 56, 57, 58, 59, 66, 67, 176.*

«Die Neue Zeit», 1904—1905, Jg. 23, Bd. 1, N 21, S. 670—677.— *374—375, 444.*

«Ni Dieu ni maître», Paris, 1880, novembre.— *359.*

Organisation der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitag zu Mainz 1900.— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Lübeck vom 22. bis 28. September 1901. Berlin, «Vorwärts», 1901, S. 6—8. — *336.*

Parvus. Der Anfang vom Ende?—«Aus der Weltpolitik», München, 1903, N 48, 30. November, S. 1—10. — *285.*

«La Patrie en Danger», Paris.— *359.*

Petersburg, 21. Januar.— «Vossische Zeitung», Berlin, 1905, N 36, 12. Januar, S. 1. — *187.*

The policy of repression.— «The Times», London, 1905, N 37, 615, January 27, p. 3. — *261.*

Port-Arthur.—«L'Indépendance Belge», Bruxelles, 1905, 4 janvier.— *160, 161—162.*

Port-Arthur.— «Vossische Zeitung», Berlin, 1905, 4. Januar, S. 1. — *168—169.*

Programm der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitag zu Erfurt 1891.— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Breslau vom 6, bis 12. Oktober 1895. Berlin, verl. der Expedition des «Vorwärts», 1895, S. 3—5. — *422.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Breslau vom 6. bis 12. Oktober 1895. Berlin, verl. der Expedition des «Vorwärts», 1895. 221 S.— *422.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Lübeck vom 22. bis 28. September 1901. Berlin, «Vorwärts», 1901. 319 S. — *336.*

Roland, M. Mémoires de madame Roland écrits durant sa captivité. Nouvelle édition par M. P. Faugère. T. 1—2. Paris, 1864. 2 v.— *332.*

The Russian labour troubles. — «The Times», London, N 37, 610, January 21, p. 5. — *188.*

The Russian reform movement. St. Petersburg, Dec. 17.— «The Times», London, 1904, N 37, 582, December 20, p. 5.— *140.*

Russia's financial troubles.—«The Economist», London, 1905, N 3, 212, March 18. Vol. LXIII, p. 438—439.— *411.*

Die russischen Arbeiter an den Zaren.— «Vossische Zeitung», Berlin, 1905 N 36, 21. Januar, S. 1. — *188.*

«The Standard», London.— *188.*

Der Streik greift um sich.—«Vorwärts», Berlin, 1905, N 19, 22. Januar, S. 1. Unter dem Gesamttitel: Die Streik-Revolution in Ruβland. — *187.*

Telegram from the Russian minister of finance.— «The Times», London, 1905 N 37, 662, March 23, p. 8. Under the general title Russia's gold reserve. — *409—410.*

«Le Temps», Paris. — *411.*

«The Times», London.— *165, 409—410, 411.*

— 1904, N 37, 582, December 20, p. 5. — *140.*

— 1905, N 37, 597, January, 6, p. 3, — *162—163.*

— 1905, N 37, 610, January 21, p. 5. — *188.*

— 1905, N 37, 615, January 27, p. 3.— *261.*

— 1905, N 37, 620, February 2, p. 3. — *258—259.*

— 1905, N 37, 652, March 11, p. 10. — *408—410.*

— 1905, N 37, 662, March 23, p. 8. — *409—410.*

Untersuchung der wirtschaftlichen Verhältnisse in 24 Gemeinden des Königreichs Bayern. München, Oldenbourg, 1895. XXXII, 575 S. — *422.*

«Der Volks-Tribun», New-York, 1846, N 23, 6. Juni, S. 3—4.— *391.*

— 1846, N 24, 1. Juni, S. 4. — *394.*

«Vorwärts», Berlin, 1905, N 19, 22. Januar, S. 1. — *187.*

— 1905, N 22, 26. Januar, S. 1, 2. — *233.*

«Vossische Zeitung», Berlin, 1905, 4. Januar, S. 1.— *168—169.*

— 1905, N 36, 21. Januar, S. 1. — *187, 188.*

Weill, G. Histoire du mouvement social en France. 1852—1902. Paris, Alcan, 1904, 494 p. — *359, 360—361.*

Wolf, L. Is Russia solvent?—«The Times», London, 1905, N 37, 652, March 11, p. 10. — *408—410,*

Workmen received by the tsar. His majesty's speech. A rebuke and a promise. St. Petersburg, Feb. 1. — «The Times», London, 1905, N 37, 620, February 2, p. 3. Under the general title: Colonial and foreign intelligence. The Russian outbreak.— *258—259.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Абсолют — қараңыз: Стасова, Е. Д.

Акимов (Махновец), В. П.* (1872—1921) — социал-демократ, «экономизмнің» көрнекті өкілі, барып тұрған нағыз оппортунистердің бірі. 90-жылдардың орта шенінде Петербургтегі «Халық ерікшілері тобына» қосылған, 1897 жылы тұтқынға алынып, 1898 жылы апрельде Енисей губерниясына жер аударылған. 1898 жылы сентябрьде шетелге қашып барады, онда «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағы» басшыларының бірі болды, «Еңбекті азат ету» тобына, ал кейін «Искраға» да қарсы шықты. РСДРП II съезінде, — «Одақтың» делегаты, антиискрашыл, съезден кейін — меньшевизмнің нағыз оң қанатының өкілі. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде «Жұмысшы табының бүкіл россиялық ұйымын» құрудың жойымпаздық идеясын қорғады; ал социал-демократия соның ішіндегі идеялық ағымдардың бірі ғана болып қалуға тиіс еді. РСДРП IV съезінің жұмысына кеңесші дауыс правосымен қатысты, меньшевиктердің оппортунистік тактикасын қорғады, кадеттермен одақтасуға шақырды. Реакция жылдарында социал-демократиядан шеттеп кетті.— *5, 57, 59, 67, 76—78, 170, 334, 386.*

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 70-жылдары — халықшыл, «Жер және ерік» жікке бөлінгеннен кейін «Қаралай бөліс» тобына қосылды; 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 1900 жылдан — «Искра» және «Заря» редакциясының мүшесі; РСДРП II съезінде — меньшевик. 1905 жылы кеңейтілген жұмысшылар съезін шақыру жөнінде оппортунистік идеяны ұсынды, бұл съезді ол пролетариат партиясына қарсы қойды. Реакция жылдарында жойымпаздарды бастаушылардың бірі, меньшевик-жойымпаздардың «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына кірді; 1912 жылы антипартиялық Август блогына қатысты. Бірін-

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиялары көрсетілген.

ші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист, Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысып, оларда оң қанатта болды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Петроград Советі Атқару Комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауды уағыздады.— *49, 61, 78, 91, 93, 170, 175—176, 250, 275, 288, 310, 383, 384.*

Александров, М. С. — қараңыз: Ольминский, М.

Алексеев, Е. И. (1843—1909) — адмирал. 1903 жылдан Қиыр Шығыста патша наместнигі; II Николайдың төңірегіндегі финанс еншілдері мен саяси авантюристердің мақсатын көздеп, 1904—1905 жылдардағы орыс-жапон соғысының тұтануына көмектесті. Соғыс басталған кезде Россияның Қиыр Шығыстағы құрлық және теңіз күштерінің бас қолбасшысы болды; соғыс ісіне мүлде дарынсыз екенін көрсетті, қызметінен алынып, орнына генерал Куропаткин келді. Бұдан былайғы жерде патша өкіметінің саясатында көрнекті роль атқарған жоқ.— *165.*

Арсеньев, К. К. (1837—1919) — либерал публицист, қоғам қайраткері, адвокат. Бірнеше жыл земство органдарында сайланып қойылатын қызметтерде болды. 1880 жылдан бастап әдебиет жұмысымен айналысты, «Вестник Европыдың» ішкі шолуын жүргізді. «Демократиялық реформа партиясының» негізін қалаушыларының бірі болды. Негізінен заң мәселелері мен әдебиет тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *257.*

Аугаген (Auhagen), *Губерт* — немістің буржуазияшыл экономисі, «Landwirtschaftliche Jahrbücher» («Ауыл шаруашылық Әржылдығы») журналының қызметкері. «Groß-und Kleinbetrieb in der Landwirtschaft» («Ауыл шаруашылығындағы ірі және ұсақ өндіріс») (1896) деген еңбектің авторы. — *421, 422.*

Б

Бауман Н. Э. (1873—1905) — профессионал революционер, большевиктік партияның аса көрнекті қайраткері. Революциялық қызметін 90-жылдардың бірінші жартысында Қазанда бастады; 1896 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» жұмысына белсене қатысты, Нарва ауданындағы жұмысшылар арасында насихат жүргізді. 1897 жылы тұтқынға алынып, Петропавл қамалында 22 ай қамауда отырғаннан кейін Вятка губерниясына жер аударылды; 1899 жылдың октябрінде Швейцарияға эмиграцияға кетіп, «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағына» кірді, «экономизммен» күреске белсене қатысты. 1900 жылы «Искра» ұйымының негізін салушылардың бірі болды, 1901— 1902 жылдары Москвада «Искраның» агенті болып жұмыс істеді; 1902 жылы февраль-

да тұтқынға алынды, 18 (31) августа социал-демократтар тобымен бірге Киевтегі Лукьянов түрмесінен қашып шықты. РСДРП II съезіне Москва комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. 1903 жылы декабрьде Москваға қайтып оралды, партияның Москва комитетін басқарды, сонымен бір мезгілде партияның Орталық Комитетінің Солтүстік бюросына басшылық етті, өз пәтерінде астыртын баспахана ашты. 1904 жылы июньде тұтқынға алынып, 1905 жылы октябрьде босатылды; 18 (31) октябрьде Москва комитеті ұйымдастырған демонстрация кезінде оны қаражүздік өлтірді. Бауманды жерлеу орасан зор халықтық демонстрацияға айналды. «Пролетарий» газетінің 24-номерінде Н. Э. Бауманды еске түсірген некролог жарияланды, оны В. И. Ленин жазды (қараңыз: Шығармалар, 9-том, 453—454-беттер).— *185.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913)—герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Кәсібі жөнінен жұмысшы-токарь. Саяси қызметті 60-жылдардың алғашқы жартысында бастады; I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге Германия социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылдар») құрды; талай рет рейхстагқа депутат болып сайланды, Германияны демократиялық жолмен біріктіру үшін күресті, кайзерлік үкіметтің реакциялық ішкі және сыртқы саясатын әшкереледі. Франция-Пруссия соғысы кезінде интернационалистік позицияда болды, Париж Коммунасын қолдады. 90-жылдары және 900-жылдардың басында Герман социал-демократиясы қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөздері «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі болып қалады» (Шығармалар, 19-том, 294-бет) деп санады. Талантты публицист және тамаша шешен Бебель герман және европалық жұмысшы қозғалысының дамуына зор ықпал жасады.

Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипатта бірқатар қателіктер жіберді (оппортунистермен күрестің жеткіліксіздігі, күрестің парламенттік формаларының маңызын асыра бағалау және т. б.). — *183, 307, 346, 382.*

Бердяев, Н. А. (1874—1948) — реакцияшыл философ-идеалист әрі мистик. Алғашқы әдеби жұмыстарында-ақ «жария марксизмге» қосылды, Маркстің ілімін неокантшылдық тұрғыдан ревизия жасады, кейін марксизмнің ашықтан-ашық жауы болды. 1905 жылы кадеттер партиясына кірді; реакция жылдарында марксизмге дұшпан діни-философиялық құдай іздемпаздық ағымы өкілдерінің бірі болды, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін феодализм мен орта ғасырлық схоластиканың апологеті ретінде әрекет жасады, бұларды дамып келе жатқан коммунизмнен құтылудың бірден-бір жолы деп білді. Контрреволюциялық қыз-

меті үшін 1922 жылы шетелге қуылды, онда философиялық мистицизмді уағыздай берді, контрреволюцияның идеологтарының бірі болды.— *55, 200.*

Бисмарк (Bismark), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты, Герман империясының «темір канцлер» деп аталған тұңғыш канцлері. 1862 жылы — Пруссияның министр-президенті және сыртқы істер министрі. Бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас Герман империясын құру Бисмарктің негізгі мақсаты болды. 1871 жылғы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері қызметіне кірісті. 1871 жылдан 1890 жылға дейін Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты.

1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтық программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда болымсыз садақа беру арқылы жұмысшы қозғалысына іріткі салуға тырысқан әрекеттен нәтиже шықпады. 1890 жылы мартта орнынан түсті. — *92, 358, 360.*

Бланки (Blanqui) *Луи Огюст* (1805—1881) — аса көрнекті француз революционері, утопиялық коммунизмнің белгілі өкілі, 1830—1870 жылдар бойына Париж көтерілістеріне және революцияларына қатысты, бірнеше құпия революциялық қоғамдарды басқарды. Бланки өз өмірінің 36 жылдан астамын түрмеде өткізді. Революционер-заговоршылардың шағын тобымен өкіметті басып алуды мақсат еткен ол революциялық күрес үшін бұқараны ұйымдастырудың шешуші ролін түсінбеді. Бланкидің революциялық қызметін жоғары бағалай отырып, Маркс және Ленин оның қателерін және заговорлық тактикасының негізсіз екенін қатты сынға алды. «Бланкизм дегеніміз,— деп жазды Ленин,— тап күресін теріске шығаратын теория. Бланкизм адам баласын жалдама құлдықтан пролетариаттың тап күресі арқылы құтқаруды күтпейді, шамалы ғана интеллигенттік азшылықың заговоры арқылы құтқаруды күтеді» (Шығармалар, 10-том, 395-бет).— *359.*

Богданов, А. (Малиновский, А. А., Рахметов, Рядовой) (1873—1928) — философ, социолог, экономист, білімі жөнінен дәрігер. 90-жылдарда социал-демократиялық үйірмелердің (Тулада) жұмысына қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшесі ретінде Россияда партияның III съезін әзірлеу жолында жұмыс жүргізді, сол съезде Орталық Комитеттің мүшелігіне сайланды.

лады. Петроградтағы Октябрь қарулы көтерілісіне белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы (1920 жылдың октябріне дейін), «Жизнь и знание» баспасының бас редакторы болды. 1930 жылдан Москвада өзі ұйымдастырған Әдебиет музейін басқарды, 1946 жылдан — СССР Ғылым академиясының Ленинградтағы Дін және атеизм тарихы музейінің директоры болды.— *30, 69, 74, 125.*

Браун — қараңыз: Степанов, С. И.

Бронштейн Л. Д.— қараңыз: Троцкий, Л. Д.

Брукэр — қараңыз: Махновец, Л. П.

Булгаков, С. Н. (1871—1944) — буржуазияшыл экономист, философ-идеалист. 90-жылдарда «жария марксист» болды, 900-жылдардың басында Маркстің аграрлық мәселе жөніндегі ілімін ревизиялады, халық бұқарасының қайыршылануын «топырақ құнарлылығының кеми беру заңы» деп аталатынмен дәлелдеп түсіндірді. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін кадеттерге қосылды, философиялық мистицизмді уағыздады, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. 1918 жылдан — священник. Контрреволюциялық қызметі үшін 1922 жылы шетелге қуылды, онда СССР-ге қарсы дұшпандық насихат жүргізді.— *55, 200, 422.*

Булыгин, А. Г. (1851—1919) — патша үкіметінің ішкі істер министрі, ірі помещик. 1900 жылға дейін сот тергеушісі болды, ал кейін бірқатар губернияларда губернатор болды. 1900—1904 жылдары — Москва генерал-губернаторының жәрдемшісі; зубатовтық охранканың қызметіне белсене көмектесті. 1905 жылғы 20 январьдан — ішкі істер министрі. Нақ сол жылғы февральда патшаның тапсыруымен ел ішінде өрлей бастаған революциялық қозғалысты әлсірету мақсатымен кеңесші Мемлекеттік думаны шақыру туралы заң жобасын әзірлеуге басшылық етті. Алайда, бұл дума шақырылмай қалды, революция толқыны оны жойып жіберді.

1905 жылғы 17 октябрьден кейін Булыгин Мемлекеттік советтің мүшесі болып қала отырып, отставкаға шықты және іс жүзінде саяси сахнадан кетті. — *412—413.*

Бухенбергер (Buchenberger), *Адольф* (1848—1904) — неміс экономисі, мемлекет қайраткері; 1893 жылдан — Баден герцогтығының финанс министрі және оның Герман Одағы советіндегі өкілі. «Agrarwesen und Agrarpolitik» (1892—1893) («Егін шаруашылығы және аграрлық саясат») деген кітаптың және басқа еңбектердің авторы. Оның басшылығымен Баденде кең көлемде ауыл шаруашылық анкетасы жүргізілді, ол жөніндегі есепті де өзі дайындады.— *421, 422.*

В

Г

Гайндман (Hyndman), *Генри Майерс* (1842—1921) — ағылшын социалисі. 1881 жылы Демократиялық федерацияны құрды, ол 1884 жылы Социал-демократиялық федерация болып қайта құрылды; Гайндман бұған 1892 жылға дейін басшылық етті. Француз поссибилистерімен бірлесіп 1889 жылы Парижде Халықаралық жұмысшы конгресіне басшылықты өз қолына алуға әрекет жасады, бірақ ол іске аспады. 1900—1910 жылдарда Халықаралық социалистік бюроның мүшесі болды. Империалистік соғысты жақтаған насихаты үшін 1916 жылы Британ социалистік партиясынан шығарылды. Гайндман Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады, Советтік Россияға қарсы интервенция жасауды жақтады.— *166, 407.*

Галерка — қараңыз: Ольминский, М.

Гальберштадт, Р. С. (Фишер) (1877—1940) — 1896 жылы Женевадағы Плеханов басқарған социал-демократиялық үйірмеге кірген әйел. Россияға қайтып оралғаннан кейін Одессаның, Кишиневтің, Харьковтың, Екатеринославтың социал-демократиялық ұйымдарында жұмыс істеді, социал-демократиялық әдебиетті тарату ісімен шұғылданды; «Искра» ұйымына кірді. II съезден кейін — белсенді меньшевик, 1905 жылғы декабрьде меньшевиктерден біріккен Орталық Комитетке енді. Реакция жылдарында жойымпаздық позицияда болды, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде қорғампаздық позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін саяси қызметтен шеттеп кетті.— *212.*

Гальперин, Л. Е. (Валентин, Конягин, Y) (1872—1951) — социал-демократ, революциялық қозғалысқа 1898 жылдан бастап қатысты. Астрахань губерниясында айдауда жүрген кезінде «Искра» ұйымымен байланыс орнатты, сөйтіп 1901 жылдың көктемінде оның агенті ретінде Бакуге жіберілді, онда РСДРП Баку комитетін, астыртын баспахана құру жөнінде, астыртын әдебиетті шетелден тасып жеткізу және оны Россияда тарату ісін ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізді. 1902 жылдың басында Киевте демонстрацияға қатысып, тұтқынға алынды; 18 (31) августа искрашылдар тобымен бірге Киевтегі Лукьянов түрмесінен қашып шығып, шетелге кетті, Россияға партиялық әдебиетті жеткізу ісін ұйымдастыру жөніндегі жұмысын одан әрі жалғастырды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды, біраз уақыт Орталық Орган редакциясынан партия Советінің құрамына кірді, кейін Орталық Комитетке кооптацияланды. Меньшевиктер жөнінде ымырашылдық позиция ұстады, партияның III съезін шақыруға қарсы болды; 1905 жылғы февральда тұтқынға алынды. 1906 жылдан бастап белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктерге қосылды, Мемлекет-

тік кеңеске қатысты. 1918 жылдың көктемінен бастап шаруашылық жұмыста болды.— *23—25, 123—127, 444.*

Ганейзер, Е. А. (1861 ж. туған) — орыстың либерал-буржуазияшыл беллетрисі және публицисі. 1904 жылдан эсерлердің «Сын Отечества» газетінің, 1906 жылы оңшыл кадеттердің «Страна» газетінің редакция мүшесі болды. — *257.*

Гапон, Г. А. (1870—1906) — арандатушы; патша охранкасының агенті, священник. 1903 жылдан полиция департаментінің тапсыруы және қорғаштауымен Петербургте зубатовтық ұйымның үлгісімен жұмысшылар ұйымын құру жолында жұмыстар жүргізді. Жұмысшы қозғалысын қанға бөктіру мақсатымен патша охранкасына 1905 жылы 9 январьда жұмысшыларды атқылауға арандатушылықпен көмектесті. Арандатушы-сатқындық қызметі үшін жұмысшылар оны дарға асып өлтірді. —*217, 226—228, 234—236, 239, 241, 242, 256, 266, 271, 286, 301—303, 304, 305, 439, 444.*

Гарибальди (Garibaldi) *Джузеппе* (1807—1882)— Италияның ұлттық батыры, итальян революциялық демократиясының аса ірі көсемдерінің бірі, аса көрнекті қолбасшы. 1848—1867 жылдарда итальян халқының Италияны біріктіру жолындағы, шетел басқыншыларына, феодалдық-абсолюттік құрылысқа және клерикальды реакцияға қарсы күресін басқарды. Осы соғыста еріктілер отрядына қолбасшылық етті; 1848 жылы австриялықтарға қарсы соғысты; 1849 жылы (апрель—2 июльге дейін) Рим республикасын қорғай отырып, француздың экспедициялық корпусының шабуылына тойтарыс берді және Неаполь королының әскерін талқандады; 1859 жылы Австрия әскерін Ломбардиядан қуып шығу ұрыстарын сәтті жүргізді; 1860 жылы Сицилияны Неаполь Бурбондарынан азат етуімен Гарибальди «шын мәнінде Италияны біріктірді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлім, 461-бет). 1870 жылы өзінің балаларымен бірге Францияда оған басып кірген пруссақтарға қарсы соғысты. 1871 жылғы Париж Коммунасын құттықтады, ұлттық гвардияның Орталық комитеті құрамына сырттан сайланды. К. Маркс, Ф. Энгельс және В. И. Ленин бостандық жолындағы аса көрнекті күрескер ретінде Гарибальдиді жоғары бағалады. 1943—1945 жылдары итальян фашизмімен және гитлерлік басқыншылармен соғысқан партизан отрядтары Гарибальдидің есімімен аталды. —*380.*

Гед (Guesde), *Жюль (Базиль, Матьё Жюль)* (1845—1922)— француз социалистік қозғалысының және II Интернационалдың ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі. Саяси қызметін 60-жылдардың екінші жартысында бастады; 1871 жылғы Париж Коммунасын қолдады, эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. 1876 жылы Францияға қайтып оралды; К. Маркс пен Ф. Энгельс еңбектерінің ықпалымен марксизм позициясына көшті, 1877

жылы «L'Égalité» («Теңдік») газетінің негізін салушылардың бірі болды; бұл газет 1879 жылы француз пролетариатының тұңғыш дербес саяси партиясы—Франция Жұмысшы партиясын құруда шешуші роль атқарды. Маркс пен Энгельстің қолдауымен Гед Лафаргпен бірге партияның программасын жазып, ол Гавр конгресінде (1880) қабылданды. Гед Францияда марксизм идеяларын тарату және социалистік қозғалысты дамыту үшін көп еңбек сіңірді, оны бірнеше рет парламент депутаты етіп сайлады. 1904 жылы Ленин Гедке халықаралық социал-демократияның негұрлым дәйекті және батыл өкілі деп сипаттама берді. Бірақ оңшыл социалистердің саясатына қарсы шыға отырып, Гед теориялық мәселелерде де, тактикалық мәселелерде де сектанттық сипатта қателіктер жіберді; ол жұмысшы табының күресінде партияның ролін жете бағаламады, пролетариаттың соғысқа көзқарасы туралы мәселе жөнінде теріс позиция ұстады. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған кезде Гед «патриотизмге» бола жұмысшылардың мүдделеріне опасыздық жасады, буржуазия жағына шығып, буржуазиялық үкіметке кірді. Ленин былай деп жазды: «Гедтің 1914 жылғы социализмге ашықтан-ашық опасыздық жасауынан *басқа*, бүкіл өмірінен үлгі алыңыздар дейміз біз жұмысшыларға» (Шығармалар, 21-том, 114—115-беттер). Гед Ұлы Октябрь социалистік революциясының маңызын түсінбеді, Коминтернге қосылуды ұйғарған Француз социалистік партиясының Тур конгресі (1920) көпшілігіне қосылмады.— *166, 407.*

Гельфанд, А. Л. — *қараңыз:* Парвус.

Герц (Hertz), *Фридрих Отто* (1878 ж. туған) — австриялық экономист, социал-демократ, ревизионист. 1899 жылы басылып шыққан «Die Agrarischen Fragen im Verhältnis zum Sozialismus» («Социализм тұрғысынан алынған аграрлық мәселелер») деген кітапта аграрлық мәселе жөніндегі марксизм іліміне қарсы шықты, ұсақ шаруа шаруашылығының тұрақтылығын, оның ірі шаруашылықтың бәсекесіне қарсы тұруға қабілеттілігін дәлелдеуге тырысты. Россияда аударылып басылған Герцтің кітабын буржуазиялық апологеттер Булгаков, Чернов және басқалар өздерінің марксизмге қарсы күресінде кеңінен пайдаланды. — *205.*

Гессен, И. В. (1866—1943) — орыстың буржуазияшыл публицисі. Кадет партиясын құрушылардың және лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің үзбестен мүшесі болды. Милюковпен бірге кадет партиясының органдары — «Народная Свобода» (декабрь, 1905), одан соң «Речь» газетін редакциялады. II Мемлекеттік думаның мүшесі, оның заң комиссиясының председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Юденичке белсене көмектесті, кейінірек — ақ эмигрант. Өзінің публицистикалық қызметінде большевиктерге ашына жала жабумен көзге түсті. — *257.*

орасан зор маңызы болды. Горький фашизмге қарсы күреске қажымай-талмай шақырды, екінші дүние жүзілік соғысқа дайындықты әшкереледі, соғысқа қарсы халықаралық конгрестерді ұйымдастыруға жәрдемдесті. Ол бірқатар очерктері мен памфлеттерінде қазіргі заманғы империализмді, әсіресе американ империализмін батыл, өлтіре сынады. Суреткер ретінде Горький орыстың XIX ғасырдағы классикалық әдебиетінің дамуын тәмамдап, пролетарлық социалистік әдебиеттің негізін салушы болды. Горький — аса көрнекті сыншы және публицист; ол совет әдебиетінің дамуына, шетелдегі көптеген прогресшіл жазушыларға және бүкіл дүние жүзінде демократиялық әдебиеттің дамуына орасан зор ықпалын тигізді.— *257.*

Грейлих (Greulich), *Герман* (1842—1925) — швейцар социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың бірі, оның оң қанатының лидері. Өзінің саяси қызметінің бастамасында буржуазиялық-реформистік «Грютли» ұйымында болды. 1869 жылдан 1880 жылға дейін Цюрихте социал-демократиялық «Tagwacht» («Сақшы») газетін редакциялады, 1890 жылдан — Цюрих кантоны, ал 1902 жылдан жалпы швейцар парламентінің мүшесі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыста — социал-шовинист; В. И. Ленин айтқандай, оның саяси жағдайы «кішкене демократиялық республиканың буржуазиялық еңбек министрінің роліне тең» еді. (Шығармалар, 23-том, 160-бет). Швейцар социал-демократиялық партиясының сол қанатының Коммунистік Интернационалға қосылуына қарсы күресті.— *248, 249—255.*

Гриппенберг, О. К. (1838—1915) — генерал, 1904—1905 жылдардағы орыс-жапон соғысы кезінде Қиыр Шығыста екінші маньчжур армиясына қолбасшылық етті. Орыс әскерлері Сандеп түбінде жеңіліске ұшырағаннан кейін майдандағы армия қатарынан босатылды.— *269.*

Губах (Hubach), *К.*—«Ein Beitrag zur Statistik der Verschuldung des ländlichen Grundbesitzes in Nieder-Hessen» («Төменгі Гессендегі селолық жер иеленушіліктің қарызы жөніндегі статистикаға») деген мақаланың авторы, мақала 1894 жылы Тильдің «Ауыл шаруашылық Әржылдығының» 23-томының 6-кітабында жарияланды.— *422.*

Гурвич, Ф. И.— қараңыз: Дан, Ф. И.

Гусаров, Ф. В. (Митрофанов) (1875—1920) — социал-демократ, искрашыл, РСДРП II съезінен кейін большевик; мамандығы — әскери дәрігер. 1903 жылы Вильнода жұмыс істеді. Сол жылдың күзінде Орталық Комитетке кооптацияланды, онда 1904 жылдың орта шеніне дейін істеді. 1906 жылы округтік аудандық ұйымдастырушылардың бірі және Петербург комитетінде әскери ұйымның өкілі болды. 1906 жылы 20 июльде тұтқынға алынды; 1907 жылы 4 жылға каторгаға кесілді, кейінірек каторга Сибирьде тұруға жер аударылумен ауыстырылды. 1917

жылғы Февраль революциясынан кейін Красноярскіде, Иркутскіде, Омскіде партия және совет жұмыстарын жүргізді.— *23.*

Гусев, С. И. (Драбкин, Я. Д., Харитон) (1874—1933) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1896 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» бастады, 1897 жылдың көктемінде тұтқынға алынып, Оренбургке жер аударылды. 1899 жылдан бастап Дондағы Ростовта тұрды. РСДРП Дон комитетінің жұмысына белсене қатысты. 1902 жылғы стачка мен 1903 жылдың мартындағы демонстрация басшыларының бірі болды. РСДРП II съезінде — Дон комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл; съезден кейін Россияның оңтүстігінде бірқатар қалаларды аралап, съезд туралы баяндамалар жасады. 1904 жылы августа 22 большевиктің Женевадағы кеңесіне қатысты. 1904 жылғы декабрьден 1905 жылғы майға дейін Көпшілік Комитеттері Бюросының және партияның Петербург комитетінің секретары, содан соң Одесса большевиктік ұйымы басшыларының бірі болды. 1906 жылғы январьдан бастап — РСДРП Москва комитетінің мүшесі; IV (Бірігу) съезіне Москва ұйымынан делегат болды. 1906 жылы тұтқынға алынып, кейін Тобольск губерниясына жер аударылды, ол жерден 1909 жылы қашып шықты; реакция жылдарында жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы күресті. 1917 жылғы октябрь күндерінде Петроград Әскери-революциялық комитетінің секретары болды; 1918 жылдан Қызыл Армияда саяси жұмыс атқарды, 1921—1923 жылдары Республика Революциялық-әскери советінің мүшесі және Саяси басқармасының бастығы болды; 1923 жылдан — РКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының секретары және Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатының коллегия мүшесі, 1925 жылдан — РКП(б) Орталық Комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі болды. 1928—1933 жылдары — Коминтерн Атқару Комитеті Президиумының мүшелігіне кандидат; партия тарихы, әскери және шаруашылық мәселелер жөнінде, халықаралық жұмысшы қозғалысы мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды.— *262—267, 440.*

Гушке (Huschke), *Лео* — немістің буржуазияшыл экономисі, «Landwirtschaftliche Reinertrags-Berechnungen bei Klein-, Mittel- und Großbetrieb, dargelegt an typischen Beispielen Mittelthüringens» (1902) («Орта Тюрингияның қарапайым мысалдары арқылы анықталған ұсақ, орташа және ірі ауыл шаруашылық өндірісінің беретін кірістерін есептеу») деген еңбектің авторы.— *422.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930) — герман социал-демократиясының оң қанаты лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен экономист. 1894 жылы партияның аграрлық программасын дайындау

жөніндегі комиссияға кірді, аграрлық мәселе жөніндегі маркстік ілімді ревизиялау позициясында болды, капитализм тұсында ұсақ шаруалар шаруашылығының тұрақтылығын дәлелдеді. Ревизионистік «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының негізін салушылардың бірі. 1903 жылы «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітапты шығарды, бұл кітапты В. И. Ленин «ревизионизмнің аграрлық мәселедегі басты еңбегі» деп атады. 1903 жылдан рейхстагтың депутаты болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметінің құрамына кірді, 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927 жылдары—үкіметтің Гессендегі өкілі; герман империализмінің реваншистік пиғылдарын қолдады, СССР-дің жауы болды.

В. И. Ленин Давидті «бүкіл өмірі жұмысшы қозғалысын буржуазиялық жолмен аздыруға арналған» оппортунист деп сипаттады (Шығармалар, 21-том, 272—273-беттер).— *205, 421, 422.*

Дан (Гурвич) Ф. И. (1871—1947) — меньшевиктер лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен дәрігер. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты, Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» енді. Талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды. 1903 жылы сентябрьде шетелге қашып барып, меньшевиктерге қосылды. Дан РСДРП IV, V съездеріне және бірнеше конференцияларына қатысты. Реакция жылдарында шетелде жойымпаздар тобына басшылық етті, «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде барып тұрған қорғампаз болды; 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару Комитетінің мүшесі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің жауы болды. Совет мемлекетінің қас жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуылып жіберілді.— *37, 93, 110, 126, 368.*

Даниельсон, Н. Ф. (Ник.— он) (1844—1918) — орыстың экономист-жазушысы, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдықтың идеологтарының бірі. 60—70-жылдары революциялық әр текті жастар үйірмелерімен байланысты болды. Даниельсон К. Маркс «Капиталының» Г. А. Лопатин бастап қолға алған орыс тіліндегі тұңғыш аудармасын аяқтап шықты; осыған байланысты К. Маркспен және Ф. Энгельспен хат жазысып тұрды, онда Россияның экономикалық даму проблемаларын да сөз етті. Алайда, Даниельсон марксизмнің мәнін ұқпады және кейіннен оған қарсы шықты. 1893 жылы «Біздің реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері» деген кітабын бастырып шығарды; бұл кітап В. П. Воронцовтың еңбектерімен бірге либерал халықшылдықты теориялық жағынан негіздеу-

дің құралы болды. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Даниельсонның көзқарастарын қатаң сынға алды.— *205.*

Джордж (George), *Генри* (1839—1897) — Американың ұсақ буржуазияшыл экономисі және публицисі, ол халықтың кедей болуының негізгі себебі жер рентасы, халықтың жерден айрылуы деп пайымдады. Ол еңбек пен капитал арасындағы антагонизмді теріске шығарып, капиталға алынатын пайданы жаратылыстың табиғи заңы деп есептеді. Буржуазиялық мемлекеттің барлық жерді национализациялауын (жеке жер иеленуді жоймай) жақтады. В. И. Ленин Джорджды «жерді буржуазиялық жолмен национализациялаушы» деп атады. Джорджға берілген сипаттаманы Маркстің 1881 жылы Зоргеге жазған хатынан, Ф. Энгельстің «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегінің Америкада басылуына арнап жазған алғы сөзінен қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлім, 286—287-беттер).— *394.*

Диллон, Э.— ағылшынның «The Daily Telegraph» («Күнделікті Телеграф») газетінің тілшісі.— *257.*

Д'Орель де Паладин — қараңыз: Орель де Паладин (Aurelle de Paladines), Луи Жан Батист.

Драбкин, Я. Д.— қараңыз: Гусев, С. И.

Дюпон (Dupont), *Эжен* (1831—1881)—француз жұмысшы қозғалысының қайраткері, жұмысшы-өнертапқыш, үрмелі музыка аспаптарын жасап шығару жөніндегі маман; Париж пролетариатының 1848 жылғы июнь көтерілісіне қатысушы; содан соң Лондонға эмиграцияға кетті. К. Маркс пен Ф. Энгельстің сенімді серігі Дюпон I Интернационалдың Бас советінің (1864—1872) секретары және Франция жөніндегі секретарь-корреспонденті (1865—1871) болды. Дюпон I Интернационалдың барлық дерлік конференциялары мен конгрестеріне қатысты, Лозанна (1867) конгресінің председателі, Брюссель (1868) конгресінің вице-председателі болды. 1870 жылы июльде жұмыс іздеп Лондоннан Манчестерге келді, мұнда Интернационалдың жергілікті мүшелері арасындағы жұмысқа белсене қатысты. Дюпонның қызметі Маркс пен Энгельс тарапынан жоғары бағаланды. 1874 жылы Америка Құрама Штаттарына эмиграцияға кетті.— *359.*

Е

Егоров — қараңыз: Левин, Е. Я.

Ж

Жорес (Jaurès), *Жан* (1859—1914) — француз және халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, Франция социалистік партиясының реформистік оң қанатының жетекшісі,

философ, аса үздік шешен, бірқатар тарихи еңбектердің авторы. XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының төрт томдық тарихында ол осы революцияның әлеуметтік-экономикалық тарихының мәселелерін қоюға және шешуге әрекеттенді. Өзінің философиялық көзқарастары жөнінен — идеалист-эклектик. 1885 жылдан парламент мүшесі, солшыл радикал, 1902 жылдан парламенттік социалистік фракция лидерлерінің бірі; пролетариат пен буржуазияның таптық ынтымақтастығын уағыздап, реформистік позицияда болды. 1904 жылы Жорес Француз социалистік партиясының Орталық Органы — «L'Humanité» («Юманите») газетінің негізін құрып, өз өмірінің ақырына дейін соның редакторы болды. 1920 жылдан бастап бұл газет Француз коммунистік партиясының Орталық Органына айналды. Жорес отаршылдық экспансияға, милитаризм мен соғысқа қарсы жалынды күрескер болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында (1914 жылы 31 июльде) оны шовинистер өлтірді.— *167.*

З

Залкинд, Р. С.— қараңыз: Землячка, Р. С.

Засулич, В. И. (1849—1919) — Россиядағы халықшылдық, ал одан кейін социал-демократиялық қозғалыстың аса көрнекті қатысушысы болған әйел. Революциялық қызметін 1869 жылы бастады. Ол «Жер және ерік», «Қаралай бөліс» халықшылдық ұйымдарына кірді. 1878 жылы 24 январьда саяси тұтқын Боголюбовты қорлауға қарсы наразылық белгісі ретінде Петербургтің қала бастығы Треповқа қастандық жасады. 1880 жылы эмиграцияға кетті, шетелде көп ұзамай халықшылдықтан қол үзіп, марксизм позициясына көшті. 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 80—90-жылдары К. Маркстің «Философияның қайыршылығы», Ф. Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбектерін орыс тіліне аударды, «Жұмысшылардың Халықаралық қоғамы тарихының очеркі» деген және басқа еңбектер жазды; «Еңбекті азат ету» тобының басылымдарына, «Новое Слово» және «Научное Обозрение» журналдарына қатысып тұрды, оларда бірқатар әдебисын мақалаларын жариялады. 1900 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясына кірді. РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашылдарға қосылды. РСДРП II съезінен кейін меньшевизм лидерлерінің бірі, меньшевиктік «Искра» редакциясына кірді. 1905 жылы Россияға қайтып оралды; реакция кезеңінде жойымпаздарға қосылды, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды.— *78, 250, 299.*

Зверев — қараңыз: Эссен, М. М.

Землячка, Р. С. (Залкинд, Р. С., N, Осипов) (1876—1947) — профессионал революционер, Коммунистік партия мен Со-

вет мемлекетінің көрнекті қайраткері. Революциялық қозғалыс жолына 1893 жылы түсті; 1896 жылы шетелден қайтып оралған соң РСДРП Киев комитетінің құрамына енді. 1901 жылы «Искраның» агенті болды, Одессада және Екатеринославта жұмыс жүргізді. РСДРП II съезінде — Одесса комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. Съезден кейін большевиктерден Орталық Комитетке кооптацияланды, меньшевиктермен күреске белсене қатысты. 1904 жылғы августа 22 большевиктің Женевадағы кеңесіне қатысты, Көпшілік Комитеттері Бюросына сайланды. Петербург партия ұйымының секретары болып істеді, партияның III съезіне осы ұйымнан делегат болды. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде — РСДРП Москва комитетінің секретары. Талай рет патша үкіметінің жазалау шараларына ұшырады. 1909 жылы Баку большевиктік ұйымының секретары болып істеді, содан эмиграцияға кетті. 1915—1916 жылдары — партияның Орталық Комитеті Москва бюросының мүшесі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва комитетінің секретары. Москвадағы Октябрь қарулы көтерілісі күндерінде Рогожск-Симоновск ауданы жұмысшыларының күресіне басшылық етті. 1918—1921 жылдары — Солтүстік және Оңтүстік майдандарда армиялардың саяси бөлімдерінің бастығы; одан кейінгі жылдарда басшы партия және совет қызметінде болды. Партияның барлық (I және V съездерден басқа) съездерінің делегаты. РКП(б) XIII съезінен бастап — Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі. XVII съезде Советтік бақылау комиссиясының мүшесі, XVIII съезде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1939 жылдан бастап және Ұлы Отан соғысы жылдарында — Советтік бақылау комиссиясының председателі және СССР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары. Өмірінің соңғы жылдарында — ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Партиялық бақылау комиссиясы председателінің орынбасары. Бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің депутаты.— *23—25, 31—33, 34, 39, 123, 126.*

Зубатов, С. В. (1864—1917) — жандарм полковнигі, «полициялық социализмнің» («зубатовшылдық» деп аталатын) дем беруші және ұйымдастырушысы. 90-жылдары Москваның охранка бөлімшесінің бастығы болып тағайындалды, онда саяси тыңшылық жүйесін кеңінен ұйымдастырды, революциялық ұйымдарға қарсы күресу үшін «жедел тыңшы отряд» деп аталатынды құрды; 1902 жылы полиция департаментінің ерекше бөлімінің бастығы болды. Жұмысшыларды революциялық күрестен бұрып әкету мақсатымен 1901—1903 жылдарда полициялық жұмысшы одақтар — Москвада «Механикалық өндірістегі жұмысшылардың өзара жәрдемдесу қоғамын», «Санкт-Петербург қаласының орыс фабрика-завод жұмысшыларының жиналысын» және басқаларды ұйымдастырды. Өзінің арандатушылық саясаты күйрегеннен кейін қызметтен босатылды да, саяси қызметтен шеттеп кетті. Февраль революциясының алғашқы күндерінде ол өзін өзі өлтірді.— *235, 283, 325.*

И

Иванчин-Писарев, А. И. (1849—1916) — журналист, 90-жылдарда халық ерікшілдіктен либерал халықшылдыққа ауысты, «Русское Богатствоға», «Сибирская Газетаға», «Волжский Вестникке» қатысып тұрды. 1912—1914 жылдарда «Заветы» журналы редакциясының мүшесі болды. ««Халық арасына бару» туралы естеліктен» (1914) деген кітаптың авторы.— *257*.

Икс — қараңыз: Маслов, П. П.

К

Калафати, Д. П. (Махов) (1871—1940) — социал-демократ, меньшевик. 1891 жылдан бастап Москвада, ал кейін Николаевте социал-демократиялық үйірмелердің жұмысына қатысты. 1897 жылы «Оңтүстік орыс жұмысшы одағының» қызметіне қатысты, 1901 жылы РСДРП Николаев комитетіне енді. 1902 жылы тұтқынға алынып, содан соң Вологда губерниясына жер аударуға үкім етілді, бірақ шетелге қашып кетті. РСДРП II съезінде — Николаев комитетінен делегат, центр позициясында болды; съезден кейін меньшевиктерге қосылды. 1905 жылы меньшевиктік «Искра» баспасының техникалық-финанс істерін басқарды. 1906 жылы Россияға қайтып оралды, социал-демократиялық «Новый мир» жария баспасының меңгерушісі болды. 1913 жылдан бастап саяси қызметтен шеттеп кетті. Октябрь социалистік революциясынан кейін бухгалтер және экономист болып істеді.— *386*.

Кареев, Н. И. (1850—1931) — либерал-буржуазияшыл тарихшы әрі публицист; социологиядағы субъективтік мектеп өкілдерінің бірі, эклектик-идеалист. 1879 жылдан — Варшава, кейін Петербург университеттерінің профессоры, 1905 жылдан — кадеттер партиясының мүшесі. 90-жылдардан бастап марксизмге қарсы қасарыса күрес жүргізді. Толып жатқан еңбектердің авторы; бұлардың ішінен құндылары — француз шаруаларының тарихы жөніндегі еңбектер: «XVIII ғасырдың соңғы ширегіндегі Франциядағы шаруалар және шаруа мәселесі» (1879) — оны Маркс жақсы бағалаған,— «Француз шаруалары тарихының очеркі» (1881). Польшаның тарихы жөнінде де бірқатар еңбектер жазды. «Жаңа замандағы Батыс Европа тарихының» курсы (7 том) (1892—1917) жұртшылыққа кеңінен мәлім болды. 1910 жылы Петербург ғылым академиясының корреспондент мүшесі, 1929 жылы — СССР Ғылым академиясының құрметті мүшесі болып сайланды.— *257*.

Катков, М. Н. (1818—1887) — реакцияшыл публицист. Саяси қызметін дворяндық баяу либерализмнің жақтаушысы ретінде бастады, 1851—1855 жылдары «Московские Ведомости» газетін

редакциялады, кейін «Русский Вестник» журналын шығарушылардың бірі болды. «Россиядағы тұңғыш демократиялық өрлеу кезінде (XIX ғасырдың 60-жылдарының бас кезі) ұлтшылдыққа, шовинизмге жəне жанталасқан қаражүздікке қарай бұрылған еді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 18-том, 275—276-беттер). 1863—1887 жылдарда — монархиялық реакцияның жаршысы болған «Московские Ведомостидің» редактор-шығарушысы. Катков өзін «самодержавиенің сенімді қарғылы төбетімін» деп атады. Катковтың есімі ең өршеленген монархиялық реакцияның символына айналды.— *269.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, əуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағымдардың бірі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы, герман социал-демократиясының теориялық «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналының редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдік пен анархизмнің қойыртпағы болатын. 1881 жылы К. Маркспен жəне Ф. Энгельспен танысады да, олардың ықпалымен марксизмге көшеді, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсетті, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынады. 80—90-жылдары маркстік теория мəселелері жөнінде: «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мəселе» деген жəне бірқатар еңбектер жазды, бұл еңбектер, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда үлкен роль атқарды. Кейінірек, революциялық қозғалыс кең өріс алған кезде, оппортунизм позициясына көшті; бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында центрист болды, соғыс кезінде өзінің социал-шовинизмін интернационализм туралы бос сөздермен бүркемелеп, революциялық марксизмнің ашық жауларының лагеріне өтті. Əсіре империализм теориясының авторы, бұл теорияның реакциялық мəнін Ленин «II Интернационалдың күйреуі» (1915), «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» (1916) деген жəне басқа еңбектерінде əшкереледі. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет жəне революция» (1917), «Пролетарлық революция жəне ренегат Каутский» (1918) деген жəне басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. В. И. Ленин каутскийшілдіктің қауіптілігін ашып көрсете келіп, былай деп жазды: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен жəне марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды» (Шығармалар, 21-том, 316-бет.) — *61, 63, 375, 415, 422, 444.*

Кедрин, Е. И. (1851 ж. туған) — адвокат, 1905—1906 жылдардағы либерал-буржуазиялық қозғалысқа белсенді қатысқан, кадет. I Мемлекеттік думаның депутаты.— *257.*

Клавки (Klawki), *Карл* — немістің буржуазияшыл экономисі, «Über Konkurrenzfähigkeit des Landwirtschaftlichen Kleinbetriebes» («Ұсақ ауыл шаруашылық өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі туралы») (1899) деген еңбектің авторы.— *421, 422.*

Клюзере (Cluseret), *Густав Поль* (1823—1900) — француздың әскери және саяси қайраткері, Париж Коммунасының генералы. «Armée et démocratie» («Армия және демократия») (1869) және «Mémoires du général Cluseret» («Генерал Клюзеренің мемуарлары») (3 том) (1887—1888) деген кітаптардың авторы. Осы кітаптың көше соғысына арналған тарауы В. И. Лениннің алғы сөзімен 1905 жылы 23 (10) мартта большевиктік «Вперед» газетінде басылды. В. И. Ленин осы алғы сөзінде Клюзеренің қысқаша өмірбаянын береді.— *380—381.*

Кнунянц, Б. М. (Рубен) (1878—1911) — профессионал революционер, большевик; революциялық қызметін 1897 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» бастады. 1901 жылы Бакуге жер аударылды, онда РСДРП Баку, ал кейін РСДРП Кавказ одағы комитеттері басшыларының бірі болды. Армян социал-демократтары одағы мен оның құпия органы — «Пролетариат» газетін құруға қатысты. РСДРП II съезінде — Баку комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. Съезден кейін Кавказда және Москвада Орталық Комитеттің агенті болып істеді. 1905 жылы сентябрьде партияның Петербург комитетіне кооптацияланды, большевиктерден жұмысшы депутаттарының тұңғыш Петербург Советі Атқару комитетінің құрамына енді. 1905 жылы декабрьде тұтқынға алынып, Сибирьге өмір бойы жер аудару жазасына кесілді. 1907 жылы айдаудан шетелге қашып кетіп, II Интернационалдың Штутгарт конгресінің және РСДРП-ның Гельсингфорста болған Төртінші («Жалпы россиялық үшінші») конференциясының жұмысына қатысты. 1907 жылдың аяғынан бастап Бакуде жұмыс істеді; реакция кезінде большевиктердің тактикалық мәселелері жөнінде кейбір ауытқушылыққа жол берді. 1910 жылы сентябрьде тұтқынға алынды, Баку түрмесінде қайтыс болды.— *185.*

Коковцов, В. Н. (1853—1943)—патшалық Россияның көрнекті мемлекет қайраткерлерінің бірі. 1904 жылдан 1914 жылға дейін (1905—1906 жылдарда азын-аулақ үзіліс болды) — финанс министрі, 1911 жылдан бастап, Столыпин өлтірілгеннен кейін, әрі министрлер Советінің председателі болып істеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Коковцов ірі банк епшілі болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *408, 409.*

Конягин — қараңыз: Гальперин, Л. Е.

Кравчинский, С. М.— қараңыз: Степняк, С.

Красиков, П. А. (П.) (1870—1939) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1892 жылы Петербургтің маркстік жұмысшы үйірмелерінде насихатшы болып бастады; нақ сол жылы Швейцарияға кетіп, онда «Еңбекті азат ету» тобымен байланыс орнатты. 1893 жылы тұтқынға алынып, 1894 жылы Сибирьге жер аударылды. Айдауда жүргенде В. И. Ленинмен және Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» басқа да қайраткерлерімен танысты. Айдаудан қайтып оралғаннан кейін 1900 жылы Псковқа жер аударылып, сонда «Искра» ұйымына кірді. РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Псковтағы кеңесінде (ноябрь, 1902) Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізілді. Съезде — Киев комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл; В. И. Ленинмен және Г. В. Плехановпен бірге съезд бюросына (президиумына) енді. Съезден кейін меньшевиктермен күреске белсене қатысты, бірқатар шетелдік орталықтарды аралап, съезд туралы баяндама жасады, съездің қорытындылары жайында «Жолдастарға хатты» жазды. 1904 жылғы августа 22 большевиктің Женевадағы кеңесіне қатысты, II Интернационалдың Амстердам конгресіне большевиктерден делегат болды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, жұмысшы депутаттары Петербург Советі Атқару комитетінің мүшесі болды. Талай рет патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады.
1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — контрреволюциямен күрес жөніндегі тергеу комиссиясының председателі, кейін — СССР Юстиция Халық Комиссариаты коллегиясының мүшесі; 1924 жылдан бастап — Жоғарғы соттың прокуроры, ал 1933 жылдан 1938 жылға дейін — СССР Жоғарғы соты председателінің орынбасары. Бірсыпыра сайлауларда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі.— *125.*

Красин, Л. Б. (Лошадь, Никитич) (1870—1926) — социал-демократ, большевик, Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1890 жылы Петербургтегі Бруснevтің социал-демократиялық үйірмесінің мүшесі болды. 1891 жылы полиция Красинді Петербургтен Қазанға, кейін Нижний Новгородқа жер аударды. 1895 жылы қайтадан тұтқынға алынып, Иркутскіге 3 жылға жер аударылды. Жер аудару мерзімі аяқталғаннан кейін (1897) Харьковтың технологиялық институтына түсіп, оны 1900 жылы бітірді. 1900—1904 жылдарда Бакуде инженер болып істеді, онда В. З. Кецховелимен бірге «Искраның» құпия баспаханасын ұйымдастырды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды, партияның Орталық Комитетіне кооптацияланды, онда

меньшевиктер жөнінде келісімпаздық позиция ұстады және меньшевиктердің үш өкілін Орталық Комитетке кооптациялауға көмектесті; бірақ көп кешікпей меньшевиктерден қол үзді. Красин РСДРП III съезіне қатысты; съезде Орталық Комитетке мүше болып сайланды. 1905 жылы — большевиктік бірінші жария газет «Новая Жизньді» ұйымдастырушылардың бірі болды, Орталық Комитеттің өкілі ретінде жұмысшы депутаттарының Петроград Советіне енді. РСДРП IV съезінде Орталық Комитеттің мүшелігіне қайтадан сайланды. 1908 жылы шетелге эмиграцияға кетті. Реакция жылдарында біраз уақыт шақырымпаздардың «Вперед» тобында болды; кейінірек Красин саяси қызметтен қол үзіп, шетелде және Россияда инженер болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастырушылардың бірі, содан соң Халық Шаруашылығы Жоғары Советі президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп, қатынас жолдар халық комиссары. 1919 жылдан дипломаттық жұмыста болды. 1920 жылдан — сыртқы сауда халық комиссары әрі 1921—1923 жылдарда Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді, Генуя және Гаага конференцияларына қатысты, 1924 жылдан — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі, 1925 жылдан — Англиядағы уәкілетті өкілі.— *23—25, 123—127.*

Кржижановский, Г. М. (Травинский) (1872—1959) — Коммунистік партияның ең қарт қайраткері, белгілі совет ғалымы, инженер-энергетик. Революциялық қозғалысқа 1893 жылдан араласты; В. И. Ленинмен бірге Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастырушылардың бірі. 1895 жылы декабрьде тұтқынға алынып, Сибирьге (Минусинск округіне) үш жылға жер аударылды. Айдаудан оралғаннан кейін 1901 жылы Самараға келіп тұрады, онда Кржижановскийдің тікелей қатысуымен искралық орталық құрылды. 1902 жылдың күзінде Кржижановский РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің құрамына енді; съезде Орталық Комитеттің құрамына сырттан сайланды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты. Большевиктік баспасөз органдарында үлкен жұмыстар жүргізді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Москва Советінің большевиктер фракциясында істеді, Москва Советінің жабдықтау бөлімін басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Москваның энергетика шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту жолында жұмыс істеді. 1920 жылы Лениннің тапсыруымен Кржижановский Россияны электрлендіру жөніндегі комиссияны (ГОЭЛРО) басқарды. 1921—1930 жылдарда Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына басшылық етті, СССР халық шаруашылығын өркендетудің бірінші бесжылдық жоспарын жасауға қатысты. 1930 жылдан 1932 жылға дейін Кржижановский Отын өнеркәсібі халық комиссариатындағы Басэнергоның председателі болды. 1932—1936 жылдарда — СССР Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті жанындағы жоғары білім жөніндегі комитеттің председе-

дателі және РСФСР халық ағарту комиссарының орынбасары болды. ВКП(б) Орталық Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып бірнеше рет сайланды. 1929 жылы СССР Ғылым академиясының мүшесі болып сайланды, 1929 жылдан 1939 жылға дейін — СССР Ғылым академиясының вице-президенті, СССР Ғылым академиясының өзі құрған Энергетика институтының үзбестен директоры болды, энергетика саласындағы бірқатар ғылыми еңбектердің авторы.— *23—25, 32.*

Криге (Kriege), *Герман* (1820—1850)—неміс журналисі, «ақиқат социализм» дейтіннің өкілі. XIX ғасырдың 40-жылдарының екінші жартысында Нью-Йоркте немістің «ақиқат социалистер» тобын басқарды. «Volks-Tribun» («Халық Трибуны») журналын шығарып, оның бетінде Вейтлингтің христиандық «этикалық-діни» коммунизмін уағыздады. Аграрлық мәселеде жер иеленудің теңгерме әдісін уағыздады. Кригенің фантастикалық көлгірсіген сандырағына Маркс пен Энгельс ашына қарсы шықты, олар «Кригеге қарсы нұсқау хат» деген белгілі еңбек жазды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 1—16-беттер).— *394.*

Кричевский, Б. Н. (1866—1919) — социал-демократ, публицист, «экономизм» лидерлерінің бірі. 80-жылдардың аяғынан бастап Россиядағы социал-демократиялық үйірмелердің жұмысына қатысты; 90-жылдардың басында эмиграцияға кетті; шетелде бірсыпыра уақыт «Еңбекті азат ету» тобына қосылды, оның басылымдарына қатысты. 90-жылдардың аяғында — «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі, 1899 жылы Одақтың «Рабочее Дело» журналының редакторы болды, бұл журналдың беттерінде бернштейншілдік көзқарастарды насихаттады. РСДРП II съезінен кейін көп ұзамай социал-демократиялық қозғалыстан қол үзді.— *57, 299, 334, 387.*

Крохмаль, В. Н. (Фомин) (1873—1933) — социал-демократ, меньшевик. 90-жылдардың орта шенінде Киевтің социал-демократиялық үйірмелеріне кірді, 1898 жылы Уфаға жер аударылды, онда жергілікті социал-демократиялық топта белсенді роль атқарды. 1901 жылдан — «Искраның» агенті, Киевте жұмыс жүргізді, 1902 жылы тұтқынға алынып, 1902 жылдың 18(31) августында бір топ искрашылдармен бірге Киевтегі Лукьянов түрмесінен шетелге қашып кетті, онда «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына» кірді. РСДРП II съезінде Уфа комитетінен делегат, азшылық жағындағы искрашыл. 1904 жылдың аяғында меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетіне кооптацияланды, 1905 жылғы февральда тұтқынға алынды; РСДРП IV съезінде меньшевиктерден Орталық Комитетке сайланды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін меньшевиктік «Рабочая Газетаны» редакциялады; Октябрь социалистік революциясынан кейін Ленинградтың әр түрлі мекемелерінде жұмыс істеді.— *212.*

Кузьмин-Караваев, В. Д. (1859—1927) — кадет партиясының оң қанаты басшыларының бірі, әскери юрист, генерал. I және II сайланған Мемлекеттік думаның мүшесі, патша өкіметінің 1905—1907 жылдардағы революцияны басып жаныштауында көрнекті саяси роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — земство қайраткерлерінің бірі және әскери-өнеркәсіптік комитеттің мүшесі. Азамат соғысы кезінде — белсенді ақ гвардияшы, Юденичтің жанындағы саяси кеңестің мүшесі. 1920 жылдан — ақ эмигрант.— *413.*

Куропаткин, А. Н. (1848—1925) — генерал, 1898 жылдан 1904 жылға дейін — соғыс министрі. 1904—1905 жылдардағы орыс-жапон соғысында Қиыр Шығыста Россияның құрлықтағы армиясының, одан соң бүкіл қарулы күштерінің бас қолбасшысы болды; өзінің жігерсіз және дарынсыз әскери басшы екенін көрсетті. Бірінші дүние жүзілік соғыста (1916 ж.) Солтүстік майданға қолбасшылық етті, Түркстанда генерал-губернатор және әскер қолбасшысы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Псков губерниясында тұрды.— *143, 163, 164, 269.*

Курц — қараңыз: Ленгник, Ф. В.

Кускова, Е. Д. (1869—1958) — орыстың буржуазиялық қоғам қайраткері әрі публицист. 90-жылдардың орта шенінде, шетелде жүргенінде, марксизммен танысып, «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты, алайда көп кешікпей бернштейншілдіктің ықпалымен марксизмді ревизиялау жолына түсті. Кускова бернштейншілдік рухта жазған, «Credo» деп аталған документ «экономизмнің» оппортунистік мәнін неғұрлым айқын білдірді және В. И. Ленин бастаған орыс марксистері тобының қатты наразылығын туғызды. 1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында Кускова либералдық «Азаттық одағына» кірді. 1906 жылы С. Н. Прокоповичпен бірге жартылай кадеттік «Без Заглавия» журналын шығарды, солшыл кадеттердің «Товарищ» деген газетіне белсене қатысты. Кускова жұмысшыларды революциялық күрестен бас тартуға шақырды, жұмысшы қозғалысын либерал буржуазияның саяси басшылығына бағындыруға тырысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін большевиктерге қарсы шықты, 1921 жылы «Ашыққандарға жәрдемдесу жөніндегі қоғамдық комитетке» кірді, бұл ұйымның басқа да басшыларымен бірге оны Совет өкіметіне қарсы күресу үшін пайдалануға тырысты. 1922 жылы шетелге қуылды, онда ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды.— *257.*

Л

Левин, Е. Я. (Егоров) (1873 ж. туған) — социал-демократ, «Южный рабочий» тобы басшыларының бірі. 90-жылдары Харьковтың социал-демократиялық үйірмелеріне қатысты, 1900 жылы октябрьде РСДРП Харьков комитеті туралы іс жөнінде тұтқын-

ға алынып, 1901 жылы полицияның жария бақылауымен Полтаваға жер аударылды. «Южный Рабочий» газетінің редакциясына енді. РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Псковтағы кеңесінде (ноябрь, 1902) Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізілді. Съезде «Южный рабочий» тобынан делегат, центр позициясында болды; съезден кейін меньшевиктерге қосылды. 1903 жылғы сентябрьде Харьковта тұтқынға алынды; кейін саяси қызметтен шеттеп кетті.— *386.*

Леккерт (Лекух), Г. Д. (1879—1902) — Бунд мүшесі, етікші-жұмысшы. Май демонстрациясына байланысты тұтқынға алынғандарға дүре соқтырған Вильно губернаторы фон Вальге қастандық жасағаны үшін 1902 жылы дарға асылды. Жеке террордың бұқаралық жұмысшы қозғалысына зиянды екенін əлденеше рет əшкерелеген В. И. Ленин жəне ескі «Искра» Леккерттің осы ісін дұрыс деп таныған Мартов пен Засуличті айыптады.— *299.*

Лекуте (Lecouteux), *Эдуард* (1819—1893) — француздың буржуазияшыл экономисі. Версальдағы Агрономиялық институттың бөлімше меңгерушісі жəне профессоры, Франциядағы аграрийлер қоғамын құрушы жəне оның секретары, «Journal d'agriculture pratique»-нің («Практикалық Ауыл Шаруашылық журналы») бас редакторы. Ауыл шаруашылығы экономикасы жөніндегі еңбектердің авторы, өнеркəсіпті егіншіліктен бөліп қарауға қарсы шықты, ірі машиналы капиталистік ауыл шаруашылық өндірісіне қарай эволюция жасауды насихаттады. Оның «Cours d'économie rurale» (1879) (2 том) («Ауыл шаруашылығы курсы») деген еңбегінен 1904 жылы алынған жазбалар мен пікірлерді В. И. Ленин өзінің «Шаруалар жəне социал-демократия» деген еңбегінде пайдаланбақшы болды (қараңыз: Лениннің XXXII жинағы, 1938, 372—381-беттер).— *422.*

Лекух, Г. Д.— қараңыз: Леккерт, Г. Д.

Ленгник, Ф. В. (Васильев, Курц) (1873—1936) — профессионал революционер, большевик. Социал-демократиялық қозғалысқа 1893 жылдан бастап қатысты; 1896 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» ісі бойынша тұтқынға алынып, 1898 жылы 3 жылға Шығыс Сибирьге жер аударылды. 1899 жылғы августың аяғы — сентябрьдің басында басқа он алты социал-демократпен бірге «экономистердің» «Credo»-сына қарсы В. И. Ленин жазған «Россия социал-демократтарының наразылығына» қол қойды. Айдаудан қайтып оралғаннан кейін «Искра» ұйымына кірді; РСДРП II съезін дайындау жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Псковтағы кеңесінде (ноябрь, 1902) Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізілді. Съезде Орталық Комитет пен партия Советіне сырттан сайланды. 1903—1904 жылдары шетелде меньшевиктерге қарсы

күреске белсене қатысты; 1903 жылғы октябрьде «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» II съезіне қатысты, партияның Орталық Комитеті ұсынған Лига уставын қабылдаудан меньшевиктер бас тартқаннан кейін Орталық Комитеттің атынан съездің одан арғы мәжілістерін заңсыз деп жариялап, бір топ большевиктермен бірге съезден кетіп қалды. 1904 жылғы февральда Россияға қайтып оралды, бірақ көп ұзамай партияның Орталық Комитеті Солтүстік бюросының ісі бойынша тұтқынға алынды. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін Россияның оңтүстігінде, Москва мен Петербургте партиялық жұмыс жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Өнеркәсіп халық комиссариатында, Халық Шаруашылығы Жоғары Советінде, Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы халық комиссариатында жұмыс істеді, ГОЭЛРО жоспарын жасауға қатысты. Партияның XII, XIII, XIV және XV съездерінде ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып сайланды. Өмірінің соңғы жылдарында ғылыми және педагогтық жұмыспен шұғылданды. Қарт большевиктердің бүкіл одақтық қоғамы председателінің орынбасары болды.— *23, 104, 125, 185, 383, 385.*

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., Ленин, Н.) (1870—1924) —өмірбаяндық деректер.— *23—25, 26—28, 31—39, 43, 44—45, 47, 49, 53, 59, 63, 65, 67, 74, 91, 104, 110—111, 112—114, 123—127, 132, 148, 156, 173—174, 177, 178—180, 181—185, 187, 193, 195, 196, 201, 205, 212, 238, 248, 249—255, 262—267, 273, 278, 285, 294—295, 299, 307, 310—311, 312—313, 317, 318, 366, 367, 368, 383, 388, 428—429.*

Ленин, Н.— қараңыз: Ленин, В. И.

Либер (Гольдман), М. И. (1880—1937) — Бунд лидерлерінің бірі. Саяси қызметін 1898 жылы бастады. РСДРП II съезінде Бунд делегациясын басқарды, нағыз оңшыл, антиискрашылдық позицияда болды, съезден кейін—меньшевик. РСДРП V съезінде РСДРП Орталық Комитетіне Бундтан мүше болып сайланды, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросында Бундтың өкілі болды. Реакция жылдарында — жойымпаз, 1912 жылы — троцкийлік Август блогының белсенді қайраткері, бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі; контрреволюциялық меньшевиктік позицияда болды, коалициялық үкіметті жақтады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, Совет өкіметінің қас жауы болды. Кейін саяси қызметтен қол үзіп, шаруашылық жұмыстарда болды.— *275.*

Лидин — қараңыз: Лядов, М. Н.

Липкин, Ф. А.— қараңыз: Череванин, Н.

Литвинов, М. М. (Папаша) (1876—1951) — социал-демократ, большевик, көрнекті совет дипломаты. Революциялық жұмысты 1898 жылы Чернигов губерниясының Клинцыдағы жұмысшы үйірмелерінде насихатшы ретінде бастады. 1900 жылы Киев комитетінде істеді; 1901 жылы тұтқынға алынды; түрмеде искрашылдарға қосылды. 1902 жылы августа 11 искрашылдар қатарында түрмеден қашып, шетелге эмиграцияға кетті. «Искра» газетін таратуға белсене араласты, Лиганың II съезіне қатысты; РСДРП III съезіне Рига ұйымынан делегат болды. 1905 жылы большевиктік бірінші жария газет — «Новая Жизньді» шығаруға қатысты. 1907 жылы Штутгарттағы Халықаралық социалистік конгрестің делегаты және Россия делегациясының секретары болды; 1912 жылы шетелдегі социал-демократиялық топтардың Берн конференциясына қатысты; Халықаралық социалистік бюроның жанындағы большевиктік секцияның делегаты болды. 1915 жылы февральда Лениннің тапсыруы бойынша Лондонда Антанта социалистерінің конференциясында сөз сөйлеп, социалистердің буржуазиялық үкіметтен шығуын және империалистерден біржолата іргені аулақ салуын талап етті. Октябрь социалистік революциясынан кейін, Англияда тұрған кезінде, аманат ретінде тұтқынға алынды, кейін Локкартқа айырбасталды. 1918 жылы Сыртқы істер халық комиссариаты коллегиясының мүшесі болып тағайындалды; Генуядағы халықаралық конференцияда совет делегациясының мүшесі, Гаагадағы конференцияда совет делегациясының председателі болды. 1921 жылдан бастап Литвинов — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. 1930 жылдан 1939 жылға дейін сыртқы істер халық комиссары. 1941—1943 жылдарда Сыртқы істер халық комиссарының орынбасары және СССР-дің Америка Құрама Штаттарындағы елшісі; Америка Құрама Штаттарынан қайтып оралғаннан кейін 1946 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары.— *263.*

Лопухин, А. А. (1864—1928)—полиция департаментінің директоры (1902—1905). 1904 жылдың аяғында Министрлер комитетіне жазған баяндау хатта Россиядағы революциялық қозғалыспен күресте полицияның қабілетсіз екенін айтады, бұл хат келесі жылы В. И. Лениннің алғы сөзімен жарияланды. 1909 жылы арандатушы Азефті әшкерелеудегі көмегі үшін Сибирьге жер аударылуға кесіледі. 1911 жылы кешірім жасалынып, барлық правосы қалпына келтіріледі. 1913 жылдан бастап — Москвадағы сауда банкінің вице-директоры.— *362—363.*

Лошадь — қараңыз: Красин, Л. Б.

Луначарский, А. В. (Воинов) (1875—1933) — советтің мемлекеттік және қоғам қайраткері, социалистік мәдениеттің көрнекті құрылысшыларының бірі. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде келді. РСДРП II съезінен кейін — большевик. Большевиктік «Вперед», «Пролетарий», одан соң «Новая Жизнь» газеттері редакцияларының құрамына кірді.

В. И. Лениннің тапсыруымен III съезде қарулы көтеріліс жөнінде баяндама жасады. Партияның IV (Бірігу) және V съездеріне қатысты. 1907 жылы Штутгарт халықаралық социалистік конгресінде большевиктердің өкілі болды. Реакция жылдарында марксизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына кірді, марксизмді дінмен жанастыру жөнінде талап қойды. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген еңбегінде Луначарскийдің көзқарастарындағы қателікті көрсетіп, оны қатты сынға алды. 1911 жылы Луначарский «впередшілдерден» қол үзіп, «Пролетарлық әдебиет» тобын құрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде интернационализм позициясын ұстады. 1917 жылдың бас кезінде «аудан аралықшылар» тобына кірді, солармен бірге РСДРП VI съезінде партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін, 1929 жылға дейін — халық ағарту комиссары, одан соң СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитеттің председателі болды. 1933 жылы августа СССР-дің Испаниядағы уәкілетті өкілі болып тағайындалды. Өнер және әдебиет жөнінде бірнеше еңбектің авторы.— *253.*

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (1871—1919)—халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Революциялық қызметін 80-жылдардың екінші жартысында бастады, поляк социал-демократиялық қозғалысының негізін қалаушылардың бірі болды, оның қатарындағы ұлтшылдыққа қарсы күресті. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты, 1907 жылы РСДРП V (Лондон) съезіне қатысып, онда большевиктерді қолдады. Империалистік соғыс басталған күннен интернационалистік позиция ұстады. Кейіннен «Спартак», одан соң «Спартак одағы» деп аталған «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі бола отырып, Юниус деген бүркеншік атпен (түрмеде отырған кезінде) «Социал-демократияның дағдарысы» (Лениннің «Юниустың кітапшасы туралы» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар, 22-том, 321—337-беттер) деген кітапша жазды. Германиядағы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етуге қатысты. 1919 жылдың январында тұтқынға алынып, шейдемандық үкіметтің бұйрығы бойынша өлтірілді. Ленин Р. Люксембургті жоғары бағалады, бірнеше рет оның қателіктерін (партияның ролі туралы, империализм туралы, ұлт-отар, шаруа мәселелері жөнінде, перманенттік революция туралы және т. б.) сынады, сөйтіп дұрыс позицияға көшуіне көмектесіп отырды.— *43, 45, 47, 49, 51, 55, 57—59, 61, 67, 176, 279, 287.*

Лядов, М. Н. (Мандельштам, М. Н., Лидин) (1872—1947) — профессионал-революционер. Революциялық қызметін 1891 жы-

лы Москваның халықшылдық үйірмелерінде бастады; 1892 жылы маркстік үйірмеге кірді, 1893 жылы Москвадағы тұңғыш социал-демократиялық ұйым — Москва жұмысшы одағын құруға қатысты. 1895 жылы Москвада маевкаға басшылық етті, тұтқынға алынып, 1897 жылы Верхоянскіге 5 жылға жер аударылды. Айдаудан қайтып оралғаннан кейін Саратовта жұмыс істеді. РСДРП II съезінде — Саратов комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл, съезден кейін — Орталық Комитеттің агенті, Россияда және шетелде меньшевиктерге қарсы белсенді күрес жүргізді; 1904 жылы августа 22 большевиктің Женевадағы кеңесіне қатысты, Көпшілік Комитеттері Бюросына енді, II Интернационалдың Амстердам конгресіне большевиктерден делегат болды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, партияның Москва комитетінің мүшесі болды, РСДРП Орталық Комитетінің жауапты тапсырмаларын орындады. Реакция жылдарында шақырымпаздарға қосылды, 1909 жылы фракциялық «Вперед» тобына енді және Капри аралындағы партия мектебі лекторларының бірі болды. 1911 жылы «Вперед» тобынан шығып, Бакуге кетті.

1917 жылы Февраль революциясынан кейін — жұмысшы және әскер депутаттары Баку Советі председателінің орынбасары, меньшевиктік позицияда болды.

1920 жылы РКП(б) қатарына қайта қабылданды. Москвада шаруашылық жұмыста болды, Халық Шаруашылығы Жоғары Советінде, кейін Халық ағарту комиссариатында істеді; 1923 жылдан — Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университеттің ректоры; партияның XII, XIII, XIV, XV, XVI съездерінің делегаты болды.— *125.*

М

Макадзюб, М. С. (Панин) (1876 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. 1901—1903 жылдары Россияның оңтүстігінде социал-демократиялық ұйымдарда жұмыс істеді. РСДРП II съезінде — Қырым одағынан делегат, азшылық жағындағы искрашыл. 1905 жылы майда Женевада болған меньшевиктік конференцияға қатысты, меньшевиктік басшылық орталығы — Ұйымдастыру комиссиясына сайланды; Аксельродтың кең көлемді жұмысшы съезін шақыру жөніндегі жойымпаздық идеясын қолдады. Реакция жылдарында — жойымпаз, жойымпаз-меньшевиктердің «Наша Заря» газетіне қатысып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен шеттеді. 1921 жылдан бастап СССР-дің шетелдегі орман экспорты мекемелерінде жұмыс істеді; 1931 жылдан — эмигрант.— *173.*

Малинин, Н. И. (Шахов, Н.) (1877 ж. туған)—социал-демократ, большевик. Революциялық қозғалысқа 1897 жылы студент кезінде келді. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. 1904 жылы «Съезд үшін күрес» деген кітапша жазып, Женевада бастырып шығарды, онда РСДРП II съезінен

ерікшілерінің үйірмелеріне қатысты, 1886 жылы тұтқынға алынып, Шығыс Сибирьге жер аударылды, айдауда жүріп социал-демократ болды. 1900 жылы эмиграцияға кетіп, онда «экономистердің» «Рабочее Дело» журналының редакциясына енді, лениндік «Искраға» қарсы шықты. РСДРП II съезінде «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағынан» делегат, антиискрашыл; съезден кейін меньшевиктерге қосылды. Реакция жылдарында — жойымпаз. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позицияда болды, 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін интернационалист-меньшевик. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзді, 1918—1920 жылдарда Украинада мұғалім болып жұмыс істеді. 1923 жылы РКП(б) XII съезінде партия мүшелігіне қабылданды, К. Маркс пен Ф. Энгельс институтында қызмет істеді; 1924 жылдан — «Коммунистический Интернационал» журналы редакциясының мүшесі.— *57, 59, 77—78, 93, 97, 149, 150, 272, 275, 278, 280, 282, 287—288, 293, 310, 333—334, 414, 416, 436, 443.*

Маслов, П. П. (Икс, Х) (1867—1946) — экономист, социал-демократ, аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы, оларда марксизмді ревизиялауға тырысты; «Жизнь», «Начало» және «Научное Обозрение» журналдарына қатысып тұрды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды, меньшевиктік «жерді муниципализациялау» программасын ұсынды. Реакция жылдарында — жойымпаз, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтеп шеттеді, педагогтық және ғылыми жұмыспен шұғылданды. 1929 жылдан — СССР Ғылым академиясының толық мүшесі.— *375, 444.*

Махновец, В. П.— қараңыз: Акимов, В. П.

Махновец, Л. П. (Брукэр) (1877 ж. туған) — 90-жылдардың аяғынан бастап социал-демократиялық қозғалысқа қатысқан әйел, «экономизмнің» өкілі. РСДРП Воронеж комитетінде басшы роль атқарды, бұл комитет РСДРП II съезін әзірлеу кезінде «Исқраның» позициясына қарсы шықты. Съезде — Петербург «Жұмысшы ұйымынан» делегат, антиискрашыл. Махновец пен оның ағасы В. П. Махновецті (Акимовты) В. И. Ленин «съезде бүкіл бағыт жөнінен партияның революциялық қанатына қарсы күрескен және... ондаған рет оппортунистер қатарына қосылған» (Шығармалар толық жинағы, 8-том, 425-бет) делегаттар деп сипаттады. 1905 жылы Воронеж социал-демократиялық ұйымында жұмыс істеді, кейін саяси қызметтен шеттеп кетті.— *38, 59, 77, 386.*

Махов — қараңыз: Калафати, Д. П.

Меерсон, Д. Л. (1880—1958) — социал-демократ, Новороссийск университетінің (Одессада) студенті. РСДРП II съезінен кейін

большевиктерге қосылды. Одесса партия ұйымында істеді, студенттік Одақтық советтің мүшесі болды, «Студент» газетін шығаруға қатысты. Осы газеттің 1903 жылғы сентябрьдегі 2—3-номерлерінде В. И. Лениннің «Революцияшыл жастардың міндеттері» деген мақаласы басылды.

1905—1907 жылдардағы революциядан кейін Меерсон партия жұмысынан қол үзіп, дәрігерлік қызмет атқарды. 1923 жылдан бастап Одесса медицина институтының профессоры болды.— *180.*

Мещерский, В. П. (1839—1914) — реакцияшыл публицист. Полицияда және ішкі істер министрлігінде қызмет істеді; 1860 жылдан бастап «Русский Вестник» пен «Московские Ведомостиге» жазып жүрді; 1872—1914 жылдары қаражүздік «Гражданин» деген журнал-газет шығарып тұрды, 1903 жылы реакцияшыл «Добро» және «Дружеские Речи» журналдарының негізін салды. Патша үкіметі қаржыны аямай беріп тұрған өзінің басылымдарында Мещерский үкіметтің жұмысшыларға ғана емес, сонымен бірге либерал буржуазияға да қандай бір жеңілдік жасауына қарсы шықты.— *407.*

Митрофанов — қараңыз: Гусаров, Ф. В.

Морозов, Т. С. (1889 ж. қайтыс болды) — фабрикант, белгілі фабрикант-миллионер Морозовтардың өкілдерінің бірі, Орехово-Зуево қаласындағы «Савва Морозовтың ұлы мен К°-нің Никольск мануфактурасының серіктігі» деген ірі тоқыма фирмасын құрушы және қожайыны.— *269, 425.*

Мякотин, В. А. (1867—1937) — ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы лидерлерінің бірі, тарихшы және публицист. 1905—1906 жылдарда пролетариаттың назарын революциялық күрестен басқа жаққа аударуға тырысқан буржуазиялық-интеллигенттік «Одақтар одағы» ұйымы басшыларының бірі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін ақ гвардиялық «Россияны қайта жаңғырту одағын» құрушылардың қатарында болды; ақ эмигрант.— *257.*

Н

III Наполеон (Бонапарт, Луи) (1808—1873) — Францияның 1852 жылдан 1870 жылға дейінгі императоры, I Наполеонның немере інісі. 1848 жылғы революция талқандалғаннан кейін Француз республикасының президенті болып сайланды; 1851 жылдың 2 декабріне қараған түні мемлекеттік төңкеріс жасады, К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші Брюмері» деген еңбегі (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 208—302-беттер) осы төңкеріске баға беруге арналған.— *358.*

Немирович-Данченко, В. И. (1848—1936) — жазушы-беллетрист және буржуазиялық-либералдық бағыттағы әскери тілші.

1904—1905 жылдардағы орыс-жапон соғысында Маньчжурияда тілші болды, буржуазиялық, баяу-либерал «Русское Слово» газетіне қатысып тұрды. Соғыс және саяси тақырыптағы көптеген очерктер мен мақалалардың авторы. 1921 жылдан кейін ақ эмигрант.— *164.*

Никитин, И. К. (Степанов) (1877—1944) — социал-демократ, большевик, кәсібі жөнінен жұмысшы-токарь. Революциялық қозғалысқа 1897 жылдан қатысты, Киевте маркстік жұмысшы үйірмесін басқарды, прокламациялар таратып, ереуілдерге қатысты. 1901 жылы тұтқынға алынып, полицияның жария бақылауымен Калугаға жер аударылды. РСДРП II съезінде — Киев комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. Съезден қайтып оралғаннан кейін тағы да тұтқынға алынды; Киевте 1905—1907 жылдардағы революцияға қатысты. Кейін саяси қызметтен шеттеп кетті. Октябрь социалистік революциясынан кейін Москвадағы Сокольники вагон жөндеу заводында жұмыс істеді, 1925 жылы РКП(б)-ға қабылданды.— *171.*

Никитич — қараңыз: Красин, Л. Б.

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылға дейін патшалық құрды. 1918 жылғы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды.— *134, 241, 247, 259, 369.*

Ник.— он — қараңыз: Даниельсон, Н. Ф.

Новгородцев, П. И. (1866—1924) — философ-идеалист, кадет, білімі жөнінен юрист. 1896 жылдан 1913 жылға дейін Москва университетінде право философиясы тарихынан лекция оқыды. Орыс идеалистерінің «Идеализмнің проблемалары» (1902) деген программалық жинағының редакторы. Бірінші Мемлекеттік думаның мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — эмигрант, ақ эмиграиттық «Русская Мысль» журналына (1921—1924) қатысып тұрды.— *200.*

Носков, В. А. (Глебов) (1878—1913) — социал-демократ. 90-жылдардың екінші жартысында Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» қосылды. 1898 жылы тұтқынға алынып, 1899 жылы Ярославльге, ал одан кейін Воронежге жер аударылды. Солтүстік жұмысшы одағын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1902 жылы апрельде «Искра» редакциясының Цюрихтегі кеңесіне қатысты, онда партия программасының жобасы талқыланған болатын. 1902—1903 жылдары Россияға астыртын социал-демократиялық әдебиетті тасып жеткізуді ұйымдастырды, РСДРП II съезін ұйымдастыруға қатысты. Съезге кеңесші дауыс правосымен қатысты, көпшілік жағындағы искрашыл, партия Уставын жасау жо-

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1875 жылы, студент кезінде-ақ, Плеханов халықшылдармен, Петербургтің жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық қызметке араласты; 1877 жылы «Жер және ерік» халықшылдық ұйымына кірді, ал 1879 жылы, бұл ұйым жікке бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» атты ұйымын басқарды. 1880 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. 900-жылдардың басында В. И. Ленинмен бірге ол «Искра» газеті мен «Заря» журналын редакциялады, партия программасының жобасын жасауға, РСДРП II съезін әзірлеуге қатысты. Съезде — «Еңбекті азат ету» тобынан делегат, көпшілік жағындағы искрашыл, съездің бюросына (президиумына) кірді.

Плеханов философия, әлеуметтік-саяси ілімдердің тарихы жөнінде, өнер мен әдебиет теориясының мәселелері жөнінде көптеген еңбектер жазды, олар материалистік дүние танымды қорғауда үлкен роль атқарды және ғылыми социализмнің қазынасына қосылған бағалы үлес болды. Плехановтың аса маңызды шығармалары: «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895), «Материализм тарихы жөніндегі очерктер» (1896), «Воронцов (В. В.) мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі» (1896), «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы» (1897), «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» (1898) және басқалар. «20 жыл ішінде, 1883—1903,— деп жазды В. И. Ленин,— ол толып жатқан тамаша шығармалар, әсіресе оппортунистерге, махистерге, халықшылдарға қарсы шығармалар берді» (Шығармалар, 20-том, 369-бет). Плехановтың философиялық еңбектерін В. И. Ленин халықаралық маркстік әдебиеттегі ең таңдаулы еңбектер деп атады.

Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. Ол шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазияны жұмысшы табының одақтасы деп қарады; пролетариаттың гегемониясы идеясын сөз жүзінде мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты.

РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунистермен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезінде тактиканың түбегейлі мәселелері жөнінен Плеханов пен большевиктер арасында үлкен алауыздықтар болды. Реакция жылдарында марксизмді махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, «партияшыл меньшевиктер» тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде со-

циал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Россияға қайтып оралып, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады; Октябрь социалистік революциясына теріс ниетте болды.— *9, 34, 36, 53, 57, 61, 63—65, 76, 77, 78, 83, 91, 104, 111, 155, 193, 201, 249, 251, 299, 310, 334, 336, 337, 342, 343—344, 351, 368, 383, 384, 386, 387, 388, 428—429, 436.*

Попов — қараңыз: Розанов, В. Н.

Попов, А. В. (Казаков, А. В.) (Kazakow) (1914 ж. қайтыс болды) — социал-демократ, профессионал-революционер. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды; Берндегі партияға жәрдемдесу тобының шетелдегі партия көпшілігінің жақтаушыларына жазған үндеудің авторларының бірі (1905). 1905—1907 жылдарда Петербургтің және Кронштадтың әскери ұйымының қызметіне белсенді ат салысты. Бірнеше рет тұтқынға алынды. 1908 жылы каторгага айдалды, көп кешікпей одан қашты, одан әрі шетелде тұрды; РСДРП Париж секциясына және партияның шетелдегі ұйымдарының Комитеті құрамына кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталысымен өз еркімен француз армиясына кірді, 1914 жылы ноябрьде майданда қаза тапты.— *179.*

Потресов, А. Н. (Старовер) (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 90-жылдарда марксистерге қосылды, Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» қатысқаны үшін Вятка губерниясына жер аударылды. 1900 жылы шетелге кетеді, «Искраны» және «Заряны» ұйымдастыруға қатысады. РСДРП-ның II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысады, азшылық жағындағы искрашыл. Реакция жылдарында жойымпаздардың идеологы, меньшевиктік «Возрождение», «Наша Заря» және басқа журналдарда жетекші роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті, шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына қатысып тұрды, Советтік Россияға жала жауып, мақалалар жазды.— *78, 83, 91, 95, 107, 193—196, 199—201, 250, 342, 347, 428, 429, 436.*

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — буржуазияшыл экономист және публицист, «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. Либералдық-монархиялық «Азаттық одағы» ұйымының белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы, «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері, жұмысшы мәселесі жөнінде бернштейншіл-либералдық позицияда жазылған кітаптардың авторы. 1917 жылы—буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды.— *257.*

Р

метіне белсене қатысты, «Тактикалық орталықтың» процесі бойынша сотталды. Амнистиядан кейін саяси қызметтен шеттеп, медицина мекемелерінде жұмыс істеді.— *212, 310, 369.*

Рокиньи (Rocquigny), *Робер* (1845 ж. туған) — француздың буржуазияшыл экономисі. Ауыл шаруашылығын қауіпсіздендіру және кооперация жөніндегі еңбектердің авторы. Өзінің «Les Syndicats Agricoles et leur oevre» («Егіншілік синдикаттары және олардың қызметі») (1900) деген кітабында ауыл шаруашылығы кооперацияларын құруды насихаттады, оларды жұмысшылар мен буржуазияны біріктірудің құралы деп қарады. Осы кітаптан жасалған конспекті мен алынған үзінділерді В. И. Ленин 1903 жылы марттың бас кезінде Парижде реферат оқығанда пайдаланады.— *421, 423.*

Ролан (Roland), *Манон Жанна* (1754—1793) — 1789—1793 жылдардағы француз революциясындағы көрнекті қайраткер әйел, жирондист; Революциялық трибуналдың қаулысы бойынша гильотинада өлтірілді. «Ролан ханымның жеке өзінің мемуарлары» деген атпен орыс тіліне аударылған (СПБ. 1893) мемуарлардың авторы.— *332.*

Романов Владимир Александрович (1847—1909) — ұлы князь, II Николай патшаның ағасы. 1884—1905 жылдарда — гвардия әскерінің және Петербург әскери округінің бас командашысы; патшаның тапсыруымен Петербургте 1905 жылы 9 январьда жұмысшыларды атқылауға жалпы басшылық етті.— *215, 226, 229, 230, 231, 232, 236.*

Романов Сергей Александрович (1857—1905) — ұлы князь, 1891 жылдан Москваның генерал-губернаторы және 1896 жылдан әрі Москва әскери округінің командашысы. Осы қызмет орындарында өзінің контрреволюциялық қызметімен, В. И. Лениннің айтқанындай, «Москваны бәлкім көп революционерлерден кем революцияшылдандырмаған» (Шығармалар, 9-том, 286-бет). Эсер И. П. Каляев өлтірген.— *300.*

Рубен — қараңыз: Кнунянц, Б. М.

Рыдзевский, К. Н. (1852 ж. туған) — патша генералы, бірінші орыс революциясы жендеттерінің бірі. 1904—1905 жылдарда — ішкі істер министрінің орынбасары, жандармдардың жеке корпусының командирі; Витебск, Могилев және Минск губернияларында революциялық қозғалыстарды басу жөніндегі жазалау экспедицияларын басқарды. 1905 жылдан — сенатор.— *256, 258.*

Рядовой — қараңыз: Богданов, А.

Рязанов (Гольдендах), Д. Б. (1870—1938) — социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты. Одесса мен

Кишиневте жұмыс істеді. 1900 жылы шетелге кетті, «Күрес» әдеби тобын ұйымдастырушылардың бірі болды, бұл топ «Искра» жасаған партия программасы мен партияны құрудың лениндік ұйымдық принциптеріне қарсы шықты. РСДРП II съезі «Күрес» тобының съезге қатысуына қарсылық білдіріп, оның өкілі ретінде Рязановты съезге шақыру туралы ұсынысты қабылдамай тастады. 1907 жылы Петербургте кәсіподақтардың Орталық бюросында жұмыс істеді, кейін шетелге кетіп, онда «Die Neue Zeit»-ке («Жаңа Заманға») қатысты, I Интернационалдың тарихымен шұғылданды. 1909 жылы фракциялық «Вперед» тобының Капридегі мектебінде лектор болды; Лонжюмодағы партия мектебінде кәсіподақ қозғалысы туралы лекция оқыды; Германия социал-демократиялық партиясының тапсыруы бойынша К. Маркс пен Ф. Энгельстің Шығармаларын баспаға әзірледі. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист, меньшевиктік-троцкистік «Голос» және «Наше Слово» газеттеріне қатысты. Партияның VI съезінде (1917) «аудан аралықшылармен» бірге РСДРП(б)-ға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіпшілік қозғалысында жұмыс істеді; К. Маркс пен Ф. Энгельс институтын ұйымдастырушылардың бірі және 1931 жылға дейін оның директоры болды. 1918 жылдың басында Брест бітімі туралы мәселе бойынша келіспеушіліктің салдарынан уақытша партиядан шықты; кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) антипартиялық позиция ұстады, сөйтіп кәсіподақтарда жұмыс істеуден шеттетілді. 1931 жылдың февралында меньшевиктердің контрреволюциялық қызметіне көмектескені үшін ВКП(б)-дан шығарылды.— *171, 375, 387.*

С

Святополк-Мирский, П. Д. (1857—1914) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик, октябрист. Россияның бірқатар қалаларында губернатор болды. 1904 жылдың августынан — ішкі істер министрі; елде революциялық дағдарыстың өрістеуін бәсеңдетуге тырысып, амалдау саясатын жүргізді, цензураны шамалы ғана жеңілдетуді, жекелеген амнистия жасау мен земство қайраткерлерінің съездеріне рұқсат беруді және т. с. көздеп, үкіметтің қоғамға «сенім дәуірін» жариялады. Осы саясаты сәтсіздікке ұшырағаннан кейін 1905 жылы январьда отставкаға шығуға мәжбүр болды.— *99, 134, 256.*

Семевский, В. И. (1848—1916) — орыс тарихшысы, орыс тарихнамасындағы халықшылдық бағыттың өкілі. XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысында Россиядағы әлеуметтік тарих пен қоғамдық озық ой тарихы мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы, бұл еңбектерінде ол қаралып отырған проблемаларды идеалистік позициядан баяндады. Әлеуметтік-экономикалық дамудың заңдылықтарын түсінбеген Семевский шаруалар қауымын дәріптеді, крепостниктік правоны жоюдың себептерін теріс түсіндірді және т. с. «Отечественные

Записки», «Русское Богатство» журналдарына және басқа да халықшылдық және либерал-буржуазиялық журналдарға қатысып тұрды.— *257.*

Сергей — қараңыз: Романов, Сергей Александрович.

Старовер — қараңыз: Потресов, А. Н.

Стасова, Е. Д. (Абсолют) (1873—1966) — революциялық қозғалыстың ең қарт қайраткері. 1898 жылдан КПСС мүшесі. 1905 жылға дейін Петербургте, Киевте, Минскіде, Орелде, Смоленскіде, Вильнода және Москвада астыртын революциялық жұмыс жүргізді; партияның Петербург комитетінің секретары, Орталық Комитеттің Солтүстік бюросының секретары болды. 1905 жылдың августынан 1906 жылдың январына дейін партияның Орталық Комитетінің тапсырмасы бойынша Женевада істеді. 1907—1912 жылдары Тифлисте партия жұмысын жүргізді. РСДРП VI (Прага) Бүкіл россиялық конференциясында большевиктер партиясының Орталық Комитетіне мүшелікке кандидат болып сайланды. Революциялық қызметі үшін бірнеше рет тұтқынға алынды, түрмеге жабылды және Сибирьге жер аударылды. 1917 жылдың февралынан 1920 жылдың мартына дейін — партияның Орталық Комитетінің секретары. 1920—1921 жылдарда Петроградта, одан соң Бакуде жауапты партия жұмысында болды. 1921—1938 жылдарда Коминтернде, МОПР-де, Орталық Бақылау Комиссиясында істеді; соғысқа қарсы және антифашистік Дүние жүзілік әйелдер Комитетін құруға қатысты (1934). 1938 жылдан 1946 жылға дейін — «Интернациональная Литература» журналының редакторы. 1946 жылдан қоғамдық-әдеби қызметпен айналысты.— *181—185.*

Степанов — қараңыз: Никитин, И. К.

Степанов — қараңыз: Эссен. А. М.

Степанов, С. И. (Браун) (1876—1935) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1895 жылы Тула қару-жарақ заводында токарь болып істеп жүрген кезінде бастады. РСДРП II съезінде — Тула комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. Россияға қайтып оралғаннан кейін тұтқынға алынып, 1905 жылы босатылды; Тулада, Петербургте және Москвада жұмыс істеді. 1915 жылы тағы да тұтқынға алынып, Иркутск губерниясына жер аударылды, одан 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін оралды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Тулада заводтарды национализациялауға басшылық етті; 1919 жылы Тула патрон заводының директоры болып тағайындалды. 1925 жылдан бастап — Тула губерниялық атқару комитетінің председателі. 1930 жылдан бастап Москвада облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары, облыстық бақылау комиссиясы партия коллегиясының секретары бо-

лып істеді. 1933—1935 жылдары — Москва облыстық сотының председателі. Партияның XIII съезінде Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі, XIV және XV съездерде — Орталық Комитеттің Тексеру комиссиясының мүшесі болып сайланды.— *171.*

Степняк, С. (Кравчинский, С. М.) (1851—1895) — орыс жазушысы әрі публицист, 70-жылдардағы революциялық халықшылдықтың көрнекті өкілі. 1872 жылы халықшылдық «чайковскийшілдер» үйірмесіне кірді, «халыққа баруға» қатысып, тұтқынға алынды; 1873 жылы эмиграцияға кетті. 1875 жылы Босния мен Герцеговинада түріктерге қарсы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты. 1878 жылы Россияға келді, «Жер және ерік» халықшылдық ұйымның қызметіне белсене қатысты, осы ұйым аттас журналдың бірінші номерін редакциялады. 1878 жылғы 4 (16) августа жандармдар шефі Мезенцовқа қастандық жасады да, көп ұзамай шетелге кетіп жасырынды. 1884 жылдан Лондонда тұрды, «Орыс азаттығының достары» қоғамын ұйымдастырушылардың бірі болды. «Астыртын Россия» деген очерктер кітабын (1882), бірқатар повестер және «Андрей Кожухов» романын (1889) жазды. Өз шығармаларында терроршы-халықшыл образын дәріптеді.— *193.*

Стечкин, С. Я. (Строев, Н.) (1864 ж. туған) — меньшевиктік-эсерлік бағыттағы публицист. 1904—1905 жылдары Петербургтегі «С.-Петербургские Ведомости», «Русская Газета», «Вестник Жизни» және басқа да мерзімді басылымдарға қатысты. 1906 жылы «Рабочий Колокол» апталығын шығарып тұрды, онда жұмысшы табының партиядан тыс ұйымын насихаттады.— *239.*

Стивенс (немесе *Стефенс)* (Stephens), *Джозеф Рейнер* (1805—1879) — ағылшын священнигі, 1837—1839 жылдарда чартистік қозғалысқа белсене қатысты; оның революциялық қанатына қосылды. 1839 жылы тұтқынға алынып, түрмеге қамалуға кесілді. Сот үстінде өзінің бұрынғы көзқарастарынан бас тартты. Одан әрі чартистерге қарсы шықты.— *233.*

Строев, Н.— қараңыз: Стечкин, С. Я.

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, либералдық-монархиялық кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдарда — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және «Жизнь» (1900) журналдарының қызметкері және редакторы. Өзінің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» (1894) деген тұңғыш еңбегінде-ақ Струве халықшылдықты сынай отырып, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтырды» және «сынады», буржуазиялық тұрпайы саяси экономияның өкілдерімен ауыз жаласты, мальтусшілдікті уағыздады. В. И. Ленин Струвені «ренегаттықтың асқан шебері» деп атады (Шығармалар, 13-том, 503-

дан аралықшылар» тобына кірді және солармен бірге РСДРП (б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республиканың Революциялық-әскери советінің председателі; Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап социализм орнатудың лениндік программасына қарсы, партияның сара жолына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды.— *37, 78, 82, 172, 175, 195, 200, 251, 310, 334.*

Трошю (Trochu), *Луи Жюль* (1815—1896) — француз генералы, бонапартшыл. «Ұлттық қорғаныс үкіметінің» (сентябрь, 1870—февраль, 1871) председателі және 1871 жылы Париждің генерал-губернаторы; Париж Коммунасын басып жаныштаған жендеттердің бірі. 1872 жылы отставкаға шығып, саяси қызметтен қол үзді.— *358, 360.*

Трубецкой, Е. Н. (1863—1920) — князь, орыс буржуазиялық либерализмі идеологтарының бірі, философ-идеалист. Киев, одан соң Москва университетінде право философиясының профессоры болды. Публицист, орыс идеалистерінің «Идеализм проблемалары» деген программалық жинағына (1902), «Русские Ведомостиге» және басқаларға қатысып тұрды. 1906 жылдан — кадеттік-октябристік «бейбіт жаңарту» партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Патша өкіметінің 1905—1907 жылдардағы революцияны тұншықтыру ісінде, елде столыпиндік тәртіпті орнатуда көрнекті саяси роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде орыс империализмі идеологтарының бірі болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, белсенді деникиншіл. Философиялық дінимистикалық бірқатар еңбектердің авторы.— *86, 87, 101.*

Трубецкой, П. Н. (1858—1911) — князь, Москва губерниялық дворян жетекшісі (1893—1906). 1904 жылы Москва губерниялық Земство жиналысының председателі ретінде ішкі істер министрі П. Д. Святополк-Мирскийге хат, патшаға конституциялық адрес жолдады, онда Москва земствошылары елдегі революциялық қозғалысты тұншықтыру үшін патша өкіметіне өз көмегін ұсынады. 1906 жылдан Мемлекеттік советтің мүшесі; онда центр тобының басшысы болды.— *169.*

Туган-Барановский, М. И. (1865—1919) — орыстың буржуазияшыл экономисі, 90-жылдарда — «жария марксизмнің» көр-

некті өкілі, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және басқа журналдардың қызметкері, Маркске сын айтқан. Бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде — кадеттер партиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Украинадағы контрреволюцияның белсенді қайраткері, буржуазиялық Украинаның орталық радасының финанс министрі. Туган-Барановскийдің 90-жылдардағы негізгі еңбектері: «Қазіргі Англиядағы өнеркәсіп дағдарыстары, олардың себептері және халық өміріне әсері» (1894), «Орыс фабрикасының өткендегісі мен қазіргісі» (1898) және басқалар.— *55.*

Тьер (Thiers), *Адольф* (1797—1877) — француздың буржуазиялық реакцияшыл саяси қайраткері және тарихшы; кәсібі жөнінен адвокат. Саяси қызметті либерал-буржуазиялық оппозицияның өкілі ретінде XIX ғасырдың 20-жылдарының аяқ кезінде бастады, 1830 жылғы буржуазиялық Июнь революциясынан кейін бірнеше министрлік қызметтер атқарды, үкімет басында болды. 1834 жылы Лион мен Париждегі республикалық көтерілісті аяусыз басып-жаншудың ұйымдастырушысы болды. Екінші республика (1848—1851) дәуірінде контрреволюциялық «тәртіп партиясы» басшыларының бірі, Екінші империя құлағаннан кейін (4 сентябрь, 1870 жыл) — реакциялық үкіметтің іс жүзіндегі басшыларының бірі, 1871 жылы 17 февральда үкімет басына келді. Тьердің бұйрығы бойынша Париждің ұлттық гвардиясын қарусыздандыруға әрекет жасалды, содан 1871 жылы 18 мартта көтеріліс шықты. Азамат соғысын бастауды және Париж Коммунасын басып-жаншуды ең басты ұйымдастырушылардың бірі болды. Тьердің Франция тарихындағы рөлін К. Маркс «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегінде толық сипаттайды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 461—467-беттер).— *358, 359, 360.*

У

Ульянов, В. И.— қараңыз: Ленин, В. И.

Ф

Фаллу (Falloux), *Фредерик Альфред Пьер* (1811—1886) — француздың саяси қайраткері және жазушысы, легитимист және клерикал. 1848 жылы — ұлттық шеберханаларды қиратудың инициаторы және Париждегі июнь көтерілісін басып-жаншудың дем берушісі. Екінші республика дәуірінде — Құрылтай және Заң шығаратын Жиналыстардың депутаты, ағарту және діни істер министрі (1848—1849).— *359.*

Фишер — қараңыз: Гальберштадт, Р. С.

Фомин — қараңыз: Крохмаль, В. Н.

Франкель (Frankel), *Лео* (1844—1896) — венгер және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, кәсібі жөнінен зергер-жұмысшы. 60-жылдарда жұмыс іздеп Германияға келді, содан кейін Парижге барды, онда Франциядағы неміс жұмысшылары одағы басшыларының бірі болды. Франкельдің инициативасымен бұл ұйым I Интернационалға қосылды. 1871 жылы Франкель Париж Коммунасының мүшелігіне сайланды, оның атқару комиссиясының құрамына енді, ал кейін еңбек, өнеркәсіп, және сауда істері жөнінде делегат (министр) болды. Коммуна жеңіліске ұшырағаннан кейін Лондонға эмиграцияға кетеді, онда I Интернационалдың Бас советі құрамына енгізілді және 5 жыл бойы Австро-Венгрия және Чехия бойынша корреспондент-секретарь болып істейді. I Интернационалдың Лондон конференциясының (1871) және Гаага конгресінің (1872) делегаты болады, онда бакунистерге қарсы Марксті қызу қолдады. 1875 жылдың аяғында Венаға келді, бірақ көп ұзамай тұтқынға алынып, түрмеге қамалды, тек қоғамдық жұртшылықтың талабы бойынша ғана 1876 жылы мартта босатылды. Франкельдің және оның жауынгер жолдастарының қажымас революциялық қызметінің нәтижесінде 1880 жылы апрельде Венгрияда тұңғыш социалистік жұмысшы партиясы құрылды. Өмірінің соңғы жылдарында Франкель француз және неміс социалистік баспасөзіне белсенді қатысты, II Интернационалды құруға айтарлықтай ат салысты, II Интернационалдың Құрылтай конгресінің (1889) председателі орынбасарларының бірі болды.— *360.*

X

Харитон — *қараңыз:* Гусев, С. И.

Хижняков, В. В. (1871—1949) — либерал-буржуазиялық саяси қайраткер, ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясының мүшесі. 1903—1905 жылдарда либерал-монархиялық «Азаттық одағының» негізін қалаушылардың бірі және мүшесі. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы дәуірінде кадеттенуші меньшевик-интеллигенттердің «партиядан тыс» деп аталатын тобына қосылды, олардың «Наша Жизнь» газеті мен «Без Заглавия» апталығына қатысып тұрды. 1903 жылдан 1910 жылға дейін Ерікті экономикалық қоғамның секретары болды. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің ішкі істер министрінің орынбасары. Октябрь социалистік революциясынан кейін советтік кооперация жүйесінде жұмыс істеді, әдеби қызметпен айналысты.— *257.*

Хэгард (Haggard), *Генри Райдер* (1856—1925) — ағылшын новеллисі, фермер, «Rural England Being an account of agricultural and social researches carried out in the Jears 1901 and 1902» («Селолық Англия. 1901—1902 жылдарда жүргізілген ауыл шаруашылық және әлеуметтік зерттеулер туралы есеп») (1902) деген кітаптың авторы.— *422, 423.*

Ц

Ч

Ш

әрекет жасады. 1861 жылы қыста «Жас ұрпаққа» (М. П. Михайловпен бірге жазған) және «Солдаттарға» деген прокламацияларда шаруалар реформасын қатты сынға алып, шаруалар революциясын жасауға шақырды. Өзінің тарих, экономика, қоғамдық өмір мәселелері жөніндегі және басқа да көптеген мақалаларында тек шаруалар революциясы ғана шаруаларға азаттық бере алады, капитализмге соқпай-ақ социалистік қайта құрудың бастамасы бола алады деп санады. Алайда 80-жылдардың өзінде-ақ Шелгунов марксизмнің ықпалымен жаңа қоғамдық құрылысқа өту пролетариаттың революциялық күресіне байланысты екенін түсінді. Өзінің революциялық-демократиялық қызметі үшін сан рет тұтқынға алынды, жер аударылды. Жұмысшылар арасына және халықтың басқа да революцияшыл топтары арасына оның есімі кеңінен белгілі болды. 1891 жылы 15 (28) апрельде Шелгуновты жерлеу үкіметке қарсы демонстрацияға айналды.— *270.*

Шнитников, Н. Н. (1861 ж. туған) — Петербург қалалық думаның және земство жиналысының мүшесі, халықтық социалист (энес). 1905—1906 жылдарда буржуазиялық-интеллигенттік «Одақтар одағы» ұйымы басшыларының бірі болды, бұл ұйым пролетариаттың назарын революциялық күрестен басқа жаққа аударуға тырысты.— *257.*

Шотман, А. В. (Горский) (1880—1939)—профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1899 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» бастады, Обухов заводында жұмыс жүргізді, «Обухов қорғанысына» (1901) қатысты, Выборг ауданының партия ұйымдастырушысы болды. РСДРП II съезінде — Петербург комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. Съезден кейін Костромада және Иваново-Вознесенскіде жұмыс істеді. РСДРП Солтүстік комитетінің мүшесі болды, Петербургте және Одессада 1905—1907 жылдардағы революцияға қатысты. 1911—1912 жылдары Фин социал-демократиялық жұмысшы партиясы Гельсингфорс комитетінің құрамына енді; 1912 жылы Балтық флотындағы әскери ұйым туралы баяндамамен Париждегі В. И. Ленинге барды. РСДРП Орталық Комитетінің Поронинода партия қызметкерлерімен өткізген «август» кеңесінде (1913) РСДРП Орталық Комитеті мен Орталық Комитеттің Орыс бюросының құрамына енгізілді. 1913 жылғы ноябрьде Екатеринославта тұтқынға алынып, Нарым өлкесіне жер аударылды. 1917 жылғы Февраль революциясына Томскіде қатысты, 1917 жылғы июньнен бастап — партияның Петроград округтік комитетінің мүшесі; сол жылы августа В. И. Лениннің Разливтен Финляндияға өтуін ұйымдастырды. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты, революциядан кейін— жауапты шаруашылық, совет және партия жұмыстарында істеді; 1923—1924 жылдары — Карел АССР Орталық Атқару Комитетінің председателі, 1926—1937 жылдары — Халық Шаруашы-

лығы Жоғары Советінің кадрлар бөлімінің меңгерушісі және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының ерекше істер жөніндегі өкілі. Партияның XIII, XIV, XV және XVI съездерінде Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып сайланды.— *171.*

Штейнер (Steiner) — РСДРП Екатеринослав комитетінің мүшесі. Кім екені анықталған жоқ.— *180.*

Штумпфе (Stumpfe), *Э.* (1866 ж. туған) — Германияның мемлекеттік мүлік департаментінің ірі чиновнигі, «Landwirtschaftliche Jahrbücher»-де, Bd. 25. 1896 («Ауыл шаруашылық Әржылдықтары» 25-т., 1896), жарияланған «Über die Konkurrenzfähigkeit des kleinen und mittleren Grundbesitzes gegenüber dem Großgrundbesitz» («Ұсақ және орташа жер иеленушілердің ірі жер иеленушілермен бәсекелесу қабілеті туралы») деген еңбектің және басқа да еңбектердің авторы. Өз еңбектерінде ұсақ шаруашылықтың ірі шаруашылықпен бәсекелесуге қабілетті екенін дәлелдеуге тырысты.— *422.*

Э

Энгельс (Engels), *Фридрих* (1820—1895) — ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың бірі, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы, К. Маркстің досы және серігі (В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер).— *394, 422.*

Эссен, А. М. (Степанов) (1880—1930) — 1899 жылдан социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. Екатеринославта, Петербургте, Москвада және шетелде партия жұмысын жүргізді. Бірнеше рет патша үкіметі жазалап, қуғынға ұшыратты. РСДРП III съезін дайындауға белсене қатысты, оған кеңесші дауыспен делегат болды. 1907—1917 жылдарда партия жұмысына айтарлықтай қатысқан жоқ. 1918 жылдан — интернационалист-меньшевик. 1920 жылы РКП(б) қатарына алынды, 1922 жылы «Кавказский Рабочий» журналын редакциялады, 1923 жылдан 1925 жылға дейін — Тифлис политехникалық институтының ректоры болды. 1925 жылдан — РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары. 1929 жылдан қатынас жолдар халық комиссариатында істеді.— *248, 317.*

Эссен, М. М. (Зверев) (1872—1956) — социал-демократ әйел. искрашыл, РСДРП II съезінен кейін — большевик. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде қосылды, Екатеринославта, Екатеринбургте және Киевте жұмысшы үйірмелерінде істеді. 1899 жылы тұтқынға алынды, түрмеде 2 жылдай отырғаннан кейін Якут облысына жер аударылды, одан 1902 жылы шетелге қашты, бірақ көп кешікпей Россияға қайтып келіп, Петербург комитетінде істеді; 1903 жылдың аяғында Орталық Комитетке кооптацияланды. 1904 жылы февральда Россиядағы іс-

тің жағдайын хабарлау үшін шетелге жіберілді. 1904 жылдың жазында қайтып келе жатып, Эссен шекарада тұтқынға алынды, бір жылдан кейін Архангельск губерниясына жер аударылды, айдауға бара жатып, жолда қашады да, 1905 жылы сентябрьден бастап, қайтадан Петербург комитетінде жұмыс істейді. 1906 жылы Москва комитетінің мүшесі болды, реакция дәуірінде революциялық жұмыстан шеттеді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін интернационалистерге қосылады, жұмысшы депутаттарының Тифлис Советінің мүшесі болады. 1920 жылы Коммунистік партияға кірді. 1921 жылы Грузия Компартиясы Орталық Комитеті үгіт бөлімінің меңгерушісі болды. 1922 жылдан Тифлис комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі. 1925 жылы Москваға келіп, Мемлекеттік баспада жұмыс істеді. 1927—1930 жылдары Истпартта, одан кейін Ленин Институтында істеді; 1930 жылдан — Коммунистік журналистика институтына жұмысқа ауысты.— *23, 24, 125.*

Я

Яковлев (Богучарский), *В. Я.* (1861—1915) — либерал-буржуазиялық саяси қайраткер және Россиядағы халықшылдық қозғалыстың тарихшысы. 90-жылдарда «жария марксизмге» қосылды. 1902—1905 жылдарда П. Б. Струве басқарған «Освобождение» журналына белсенді қатысып тұрды. 1905 жылы бұл журналдан шығып, Кускова және Прокоповичпен бірге «Без Заглавия» журналын, «Товарищ» газетін шығара бастады. 1906—1907 жылдары В. Л. Бурцевтің қатысуымен «Былое» журналын шығарып тұрды. 1914—1915 жылдарда Ерікті экономикалық қоғамның секретары болып істеді. Россиядағы революциялық қозғалыстың тарихы жөніндегі көптеген еңбектердің авторы және редакторы. Олардың ішінде аса ірісі — «Россияда XIX ғасырдағы мемлекеттік қылмыстар» (1906) деген ресми материалдар жинағы.— *257.*

A

Auhagen — қараңыз: Аугаген, Губерт.

B

Baudrillart — қараңыз: Бодрильяр, Анри Жозеф Леон.

H

Haggard — қараңыз: Хэгард, Генри Райдер.

Hecht — қараңыз: Гехт, Мориц.

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Июль, 1904—март, 1905)

1904

Июль, 1904— март, 1905 жыл.	Ленин Женевада тұрады, социал-демократиялық партиялық әдебиеттің большевиктік баспасының жұмысына және «Вперед» газеті редакциясының жұмысына басшылық етеді, партия дағдарысынан шығудың бірденбір жолы ретінде партияның III съезін шақыру үшін меньшевиктермен батыл күрес жүргізеді.
Июльдің аяғы.	Ленин «Біздің көздейтініміз не?» деген тақырыпшен «Партияға» деген үндеудің алғашқы нұсқасын жазады.
Июльдің аяғы (14 августан ертерек).	Лениннің басшылығымен Женеваға жақын жерде 22 большевиктің кеңесі өтеді, онда Ленин жазған «Партияға» деген үндеу қабылданады, бұл үндеу партияның III съезін шақыру жолында большевиктердің күрес программасы болды.
Июльдің аяғы — август.	Ленин мен Крупская Шебр станциясынан онша қашық емес Лак-де-Бре көлінің жағалауындағы (Лозанна түбінде) шалғай деревняда демалады. Ольминскиймен, Богдановпен, Первухинмен бірлесіп шетелде өз газетін шығаруды, партияның III съезін шақыру жолында Россияда үгіт жұмысын өрістетуді белгілейді. Ленин большевиктердің әдеби күштерін (В. В. Воровский, А. В. Луначарский, А. А. Богданов, М. С. Ольминский) ұйымдастырады.
1 (14) август.	Ленинге РСДРП Одесса комитеті Амстердамдағы халықаралық социалистік конгресте

	Одесса ұйымының өкілі болуға уәкілдік береді.
2 (15) август.	Ленин М. К. Владимировқа жазған хатында партия ішіндегі ауыр жағдайды хабарлайды және партия дағдарысынан шығудың бірден-бір жолы ретінде III съезді шақыру үшін күресуге шақырады.
5 (18) август.	Ленин Орталық Комитеттің бес мүшесіне жазған хатында Орталық Комитеттің мүшелері — ымырашылдардың «июль декларациясын» қабылдауына наразылық білдіреді.
11 (24) август.	Ленин Орталық Комитеттің ішіндегі жанжал шешілгенге дейін «Искра» редакциясының «июль декларациясын» жариялау ниетіне қарсы наразылық білдіреді.
15 (28) август.	Ленин Д.-А. Гобсонның империализм туралы кітабын алып, оны аударуға кіріседі.
17 (30) август.	Ленин В. А. Носковтың Орталық Комитетке үш жаңа мүшені кооптациялауды жақтап дауыс беру жөніндегі ұсынысына өзінің 5 (18) августағы білдірген наразылығына жауап алғанға дейін бас тартатынын айтып жауап береді.
19 августан (1 сентябрьден) ертерек.	Ленин социал-демократиялық партиялық әдебиеттің большевиктік баспасын ұйымдастыру жөніндегі жұмысқа басшылық етеді. Ленин көпшілік комитеттеріне жазған хатында большевиктердің шетелдегі баспасы үшін корреспонденциялар жинауға кірісуді ұсынады.
19 август (1 сентябрь).	Лениннің басшылығымен Женевада В. Бонч-Бруевич пен Н. Лениннің социал-демократиялық партиялық әдебиет баспасы жұмыс істей бастайды.
20 августан (2 сентябрьден) ертерек.	Ленин М. С. Ольминскийдің (Галерканың) «Партиясыз орган және органсыз партия» деген мақаласын редакциялайды, бұл мақала Галерка мен Рядовойдың «Біздің түсінбеушіліктеріміз» деген жалпы тақырыппен аталатын мақалалар жинағына енді.

20 август (2 сентябрь).	Ленин В. А. Носков пен Л. Мартовқа хат жазып, бұл хаттарында Орталық Комитет құрамының және «июль декларациясының» заңдылығын тексеруді талап етеді, сондай-ақ партия Советінде Орталық Комитет атынан өкілдік етуден бас тартады.
25 августан (7 сентябрьден) кешірек.	Ленин большевиктердің Женева тобының жиналысында сөйлейтін сөзінің жоспарын жасайды және «июль декларациясы» мен жаңа Орталық Комитетке көзқарас жөніндегі қарардың жобасын жазады.
29 август (11 сентябрь).	Ленин Орталық Комитеттің мүшесі ымырашыл В. А. Носковтың (Глебовтың) жаңа «Искраның» редакциясына Лениннің енуі жөніндегі ұсынысын қабылдамай тастайды, Орталық Комитетке үш жаңа мүшені-ымырашылдарды кооптациялауға наразылық білдіреді және Носковпен өзінің жеке қарым-қатынасын үзеді.
31 август (13 сентябрь).	Ленин В. Д. Бонч-Бруевичке жазған хатында Галерка мен Рядовойдың «Біздің түсініспеушіліктеріміз» деген кітапшасына жаңа баспа жөніндегі хабарландыру басылған листок жапсыруды ұсынады, сондай-ақ өзінің демалыстан оралғанын хабарлайды.
2 (15) сентябрь.	Ленин жазғы демалыстан кейін Женеваға қайтып келеді.
2 (15) сентябрьден кешірек.	Ленин өзінің «Бір адым ілгері, екі адым кейін. Н. Лениннің Роза Люксембургке жауабы» деген мақаласын «Die Neue Zeit» журналында жариялау үшін К. Каутскийге жібереді. К. Каутский оны жариялаудан бас тартты.
7 (20) сентябрьден ертерек.	Ленин Н. Шаховтың (Малининнің) «Съезд үшін күрес» деген кітапшасына алғы сөз жазады, кітапшаның қолжазбасына редакциялық түзетулер енгізеді.
7 (20) сентябрь.	Ленин Лейбовичке (Евсей Малюткинге) Орталық Комитеттің көпшілікке қарсы жорығы жөнінде, большевиктердің дербес баспасын ұйымдастыру жөнінде хат жазады және 20 орыс комитетінен 12 комитет съезді жақтаған пікір білдіргенін хабарлайды.

8 (21) сентябрь.	Ленин Макарға (В. П. Ногинге) жазған хатында партияның III съезін шақыруды қолдаған РСДРП Нижний Новгород комитетінің қарарын жіберуді сұрайды.
20 сентябрьден (3 октябрьден) ертерек.	Ленин Галерканың (М. С. Ольминскийдің) «Жаңа жолға» деген кітапшасының қолжазбасын редакциялайды.
22 сентябрьден (5 октябрьден) кешірек.	Ленин В. Бонч-Бруевич пен Н. Лениннің шетелдегі баспасының барлық басылымдарын, сондай-ақ партия Советінің шешімдерін жеткізіп беріп тұруын Орталық Комитеттен ресми түрде талап етуді ұсынып, барлық көпшілік комитеттеріне хат жібереді.
	Ленин Саратовқа М. П. Голубеваға хат жазып, Саратов ұйымындағы істің жағдайын оған үзбей хабарлап тұрулары жөнінде айтады.
	Ленин Орталық Комитеттің Оңтүстік бюросына жазған хатында III съезді шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетін — Көпшілік Комитеттерінің Бюросы (ККБ) деп атауды және оның құрамына кандидаттар ұсынады.
Ерте дегенде сентябрь.	Ленин «Шаруалар және социал-демократия» деген мақала немесе баяндама әзірлейді, оған қажетті көшірмелер жасап, пікірлер жазады.
Сентябрьдің аяғы — октябрьдің басы.	Ленин 22-нің конференциясына қатысқан шетелдегі большевиктердің жиналысын басқарады, онда большевиктік жаңа орган «Вперед» редакциясының құрамы және Россиядағы практикалық орталықтың (ККБ) құрамы белгіленеді.
20 октябрьден (2 ноябрьден) ертерек.	Ленин «Көпшілік Комитеттері Бюросының құрылуы туралы хабардың» жобасын жазады.
24 октябрь мен 22 ноябрь (6 ноябрь мен 5 декабрь) аралығында.	Ленин Орловскийдің (В. В. Воровскийдің) «Совет партияға қарсы» деген кітапшасын редакциялайды.
30 октябрь мен 8 ноябрь (12 және 21 ноябрь) аралығында.	Ленин «Земство науқаны және «Искраның» жоспары» деген кітапша жазумен шұғылданады.

Ерте дегенде октябрь	Ленин Петербург ұйымына Петербургте Москвадағы зубатовтық қоғамның бөлімшесі бар екені жөнінде жазады, онымен қарым-қатынас жасағанда аса сақ болуды ескертеді.
2 (15) ноябрь.	Ленин Одессадағы, Екатеринославтағы және Николаевтағы істердің жағдайы туралы сұрап, Осипке (РСДРП Одесса комитетіне) хат жазады.
3 (16) ноябрьден ертерек.	Ленин О. А. Пятницкийден Орталық Комитеттің шетелдегі мүшесі В. А. Носковтың орыс комитеттерін алдауды ашатын хаттарын жіберуді сұрайды. Осы алдаушылықты әшкерелеу мақсатымен Ленин ол хаттарды өзінің «Орталық мекемелердің партиядан қол үзуі туралы мәлімдеме мен документтер» деген кітапшасында жариялады.
8 (21) ноябрь.	Ленин А. А. Богдановқа жазған хатында большевиктік органды шығаруға әзірлікті мейлінше тездетіп жүргізуді талап етеді.
19 ноябрьден (2 декабрьден) ертерек.	Ленин Женевада партия мүшелеріне «Земство науқаны және «Искраның» жоспары» деген тақырыпта реферат оқиды.
19 — 25 ноябрь (2—8 декабрь).	Ленин партиядағы ішкі жағдай туралы реферат оқу үшін жол жүріп, Парижде (5 декабрьге дейін), Цюрихте (6—7 декабрьде), Бернде (8 декабрьде) болады.
20 ноябрь (3 декабрь).	Ленин А. А. Богдановқа, Р. С. Землячкаға және М. М. Литвиновқа жазған хатында шетелде большевиктік органды дереу құру қажеттігін көрсетеді және осы органға Россиядан ақшалай көмек ұйымдастыруды сұрайды.
25 ноябрьден (8 декабрьден) ертерек.	Ленин «Жаңа «Искраның» жылдық мерекесі» деген мақаланың жоспарын жасайды.
25 ноябрь (8 декабрь).	Ленин көпшілік комитеттерін біріктіру және Көпшілік Комитеттері Бюросын ұйымдастыру, партияның III съезін шақыру жөнінде Ұйымдастыру комитетінің құрылуы жайында Бюро атынан дереу мәлімдеме жасау қажеттігі туралы М. М. Литвиновқа хат жазады.
26—27 ноябрь (9—10 декабрь).	Ленин партиядағы ішкі жағдай туралы реферат оқу сапарынан (Париж, Цюрих, Берн) Женеваға қайтып келеді.

27 ноябрь (10 декабрь).	Ленин Р. С. Землячкаға жазған хаттарында Ұйымдастыру комитетінің (ККБ) құрылуы жөніндегі хабарды Россияда тез басып шығаруды және Көпшілік Комитеттері Бюросы атынан шетелде орган шығаруға одан уәкілдік алуды талап етеді.
Ерте дегенде 27 ноябрь (10 декабрь).	Ленин соғыс жөніндегі ағылшын кітаптарының және экономика мәселелері жөніндегі француз кітаптары мен мақалаларының тізімін жасайды.
29 ноябрь (12 декабрь).	Ленин шетелдегі большевиктердің «Впередті» шығарып тұруға түпкілікті ұйғарғаны туралы Г. Д. Лейтейзенге хат жазады және оған газетке қатысып тұруды ұсынады.
	Ленин большевиктердің жиналысын басқарады, жиналыс партия көпшілігінің органы — «Вперед» газетін шығару жөнінде шешім қабылдады.
	Ленин «Жолдастарға хат (Партия көпшілігі органының шығуына)» деген мақаласын жазады.
29 ноябрь мен 10 декабрь (12 және 23 декабрь) аралығында.	Ленин А. И. Ерамасовқа жазған хатында «Вперед» газетін шығаруға ақшалай көмек ұйымдастыруды сұрайды.
29 ноябрь мен 11 декабрь (12 және 24 декабрь) аралығында.	Ленин кавказдық комитеттер конференциясының партияның III съезін шақыру жөніндегі қарарын алып, Көпшілік Комитеттері Бюросын құру қажеттігі туралы Кавказ одағы комитетіне хат жазады.
29 ноябрьден (12 декабрьден) кешірек.	Ленин шетелдегі большевиктердің «Вперед» газетінің құрылуына арналған жолдастық кешіне қатысады.
30 ноябрь (13 декабрь).	Ленин «Вперед» газетіне ақшалай көмек жөнінде А. М. Горькиймен келіс сөзді ақырына жеткізуін сұрап, Р. С. Землячкаға хат жазады.
Ноябрь — декабрь.	Ленин мен Крупская көпшілікті жақтайтын партия мүшелерімен, россиялық партия комитеттерімен — Одесса, Баку, Тверь, Москва, Кавказ, Саратов, Сибирь және басқа да комитеттермен партияның III съезін шақыру туралы мәселе және партиялық басқа мәселелер жөнінде көптеген хат-хабар алысады.

5 (18) декабрьден кешірек. Ленин «The Times» газетінің 1904 ж. 16, 17 және 18 декабрьдегі номерлерінен Россиядағы жағдай туралы, Севастопольде матростардың бой көрсетуі туралы, Жапониямен соғыста жеңіліске ұшыраудың себептері туралы деректер жазып алады.

7 (20) декабрь. Ленин РСДРП Кавказ одағы органы — «Пролетариатис Брдзола» («Пролетариат Күресі») газетіне қатысып тұру жөнінде Кавказ одағы комитетінің өтінішіне келісім береді; газет И. В. Сталиннің, А. Г. Цулукидзенің және С. Г. Шаумянның басшылығымен шығып тұрған.

10 және 22 декабрь (23 декабрь мен 1905 ж. 4 январь) аралығында. Ленин А. И. Ерамасовқа жазған хатында меньшевиктердің бүлдірушілік әрекеті және олардың III съезге қарсы күресі жөнінде, көпшілік комитеттерінің бірігуі жөнінде, «Вперед»-ті шығару туралы анонс жөнінде хабарлап, газетке ақшалай көмек беруді сұрайды.

11 (24) декабрь. Ленин А. В. Луначарскийдің рефератына қатысады, оның сөзін жазып алады.

Ленин М. М. Эссенге жазған хатында өз органын шығару үстіндегі қызу дайындыққа және большевиктік ұйымның орталығын — Көпшілік Комитеттері Бюросын құруға байланысты большевиктердің арасында туған үлкен өрлеу жөнінде хабарлайды.

11 (24) декабрьден кешірек. Ленин «Ұйымдастыру комитетінің құрылуы туралы және РСДРП-ның кезекті III съезін шақыру туралы хабардың» жобасын жазып, оны Россиядағы Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшелеріне жібереді.

Ленин съезге қатысуға праволы деген комитеттердің алдын ала санын, олардың дауысын есептейді, бірқатар ұйымдардан делегат бола алады дегендердің кандидатурасын белгілейді, съездің күн тәртібінің бірінші жобасын жазады.

13 (26) декабрь. Ленин Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшесі Р. С. Землячкаға хат жазып, онда Солтүстік комитеттер конференцияларының нәтижелеріне аса қанағаттанғандығын білдіреді, съезд шақыру жөніндегі Көпшілік Коми-

теттері Бюросының хабарын тездетіп шығаруды және «Вперед» газетін мейлінше қолдауға бағытталған үгітті күшейтуді талап етеді.

22 декабрьден (1905 ж. 4 январьдан) ертерек.

Ленин «Вперед» газетінің бірінші номерін әзірлеу жолында қызу жұмыс істейді, газет мазмұнының жобасын жасайды, мақалалар мен заметкалар жазады, материалды редакциялайды.

22 декабрь (1905 ж. 4 январь).

Женевада Лениннің редакциясымен «Вперед» газетінің бірінші номері шығады. Газетте Лениннің: «Самодержавие және пролетариат» (бас мақала), «Пролетарлардың жақсы демонстрациялары және кейбір интеллигенттердің нашар пайымдаулары туралы», «Доғаратын мезгіл жетті» деген және тағы басқа мақалалары жарияланды.

Ленин «Орталық мекемелердің партиядан қол үзуі туралы мәлімдеме мен документтер» деген кітапша жазады.

24 декабрь (1905 ж. 6 январь).

Ленин «Россиядағы жолдасқа хатта» меньшевиктік «Искра» газетінің буржуазиялық демократия жөніндегі позициясын қатты сынға алады.

Ленин жұмысшы және буржуазия демократиясы жөніндегі мәселе бойынша Женевадағы саяси эмигранттардың орыс колониясында реферат оқиды.

28 декабрь (1905 ж. 10 январь).

Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшесі А. А. Богдановқа жазған хатында Ленин меньшевиктерден үзілді-кесілді, толық ажырасуды талап етеді.

28 декабрь мен 11 январь (1905 ж. 10 және 24 январь) аралығында.

Лениннің «Земство науқаны және «Искраның» жоспары» деген кітапшасына меньшевиктік «Искра» редакциясы мен Г. В. Плехановтың ызаға толы сынына жауап ретінде Ленин «Олар қалай қорғанады?» деген мақала тезистерінің нобайын жазады.

Декабрьдің аяғы (1905 ж. 14 январьдан ертерек).

Ленин Ольминскийдің «Либералдық қынжылу» деген мақаласын және Луначарскийдің «Европа пролетариатының революциялық күресінің тарихы туралы очерктер» деген мақаласын редакциялайды. Мақалалар «Вперед»

газетінің 14 (1) январьдағы 2-номерінде жарияланды.

Декабрьдің аяғы — 1905 ж. январьдың басы. Ленин Порт-Артурдың құлауы туралы шетел баспасөздерінің хабарлары жөнінде пікірлер жазады, сондай-ақ «The Times», «Vossische Zeitung», «L'Indépendance Belge» газеттерінен деректер жазып алады. «Порт-Артурдың құлауы» дейтін мақаланың жоспарын жасайды.

Ленин Женевада РСДРП кітапханасын құрған инициативті топтың атынан сол кітапхананы партияның III съезі шешкенге дейін Көпшілік Комитеттері Бюросының қарамағына беру туралы мәлімдеме жазады.

Ленин Ольминскийдің «Бүгінгі таңдағы міндеттер» деген мақаласын редакциялайды.

1905

1 (14) январь. «Вперед» газетінің 2-номерінде Лениннің «Порт-Артурдың құлауы» (бас мақала) және «Бұлбұлды ертегімен жемдемейді» деген мақалалары жарияланды.

4 (17) январьдан ертерек. Ленин М. Н. Лядов арқылы партияға материалдық көмек беру және партия баспасөзіне қатысу жөнінде А. М. Горькийге тілек білдіреді.

5 (18) январь. Ленин Цюрихтегі большевиктер тобына жазған хатында меньшевиктерден үзілді-кесілді ажырасуға және партияның III съезін дереу шақыруға үндейді.

6 (19) январь. Ленин Е. Д. Стасоваға және Москва түрмесіндегі жолдастарға жазған хатында социал-демократтардың сотта өздерін қалай ұстаулары жөнінде нұсқау берді.

8 (21) январь. Ленин «Петербург стачкасы» деген мақала жазады.

9 (22) январьдан кешірек. 9 январьда Александр бағы жанында болған қырғын туралы Петербургтен «Вперед» редакциясына жазған хатқа Ленин редакциялық түзетулер жасайды.

январь. Петербургтегі 9 (22) январь («Қанды жексенбі») оқиғасы туралы хабарларды естіген бой-

да, Ленин «Вперед» газетінің 3-номеріне арнап «Россиядағы революция» деген мақала жазады.

11 (24) январьдан ертерек. Ленин «Жұмысшы және буржуазия демократиясы» деген мақаланы жазумен шұғылданады, осы мақаланың жоспарын жасайды, «Социал-демократия және либерализм» деген тақырыпты талдап әзірлеу жоспарын және «Либералдармен келісімдер туралы» тақырыптың конспектісін жазады.

Ленин эсерлер партиясы программасының жобасына ескертпелер жасайды.

Ленин В. В. Филатовтың (Северцевтің) «Икемділік жасау саясаты» деген мақаласын редакциялайды, ол «Вперед» газетінің 24 (11) январьдағы 3-номерінде жарияланды.

10 және 17 (23 және 30) январь аралығында. Ленин Петербургтегі 9 январь оқиғалары жөнінде «Революция күндері» деген жалпы тақырыппен сериялы мақалалар жазады.

11 (24) январь. «Вперед» газетінің 3-номерінде Лениннің «Жұмысшы және буржуазия демократиясы» (бас мақала), «Халықшылдықтан марксизмге қарай», «Россиядағы революция», «Петербург стачкасы» және «Біздің тартюфтер» деген мақалалары жарияланады.

12 (25) январь. Ленин қарулы көтеріліске әзірленуге шақырған «Россияда революцияның басталуы» деген мақала жазады.

12—13 (25—26) январь. Ленин Ландольт кафесіне барып, 9 январь оқиғаларын бағалау жөнінде жолдастарымен әңгімелеседі.

13 (26) январь. Ленин Россиядағы революциялық оқиғаларға байланысты большевиктер мен меньшевиктер ұйымдастырған Рапси циркіндегі митингте болады. Алдын ала жасалған келісімді бұзып, көпшілікке қарсы айтысқа шыққан Ф. И. Данның сөзінің үстінде Ленин және қатысып отырған барлық большевиктер залдан шығып кетеді.

14 (27) январьдан кешірек. Ленин либералдардың министр П. Д. Святополк-Мирскийге барғаны жөнінде «Daily Te-

	legraph»-тың лондондық тілшісі Диллонның хабары жайында 1905 жылғы 14 (27) январьдағы «Le Matin» және 13 (26) январьдағы «Frankfurter Zeitung» газеттерінен деректер жазып алады.
16 (29) январь.	Ленин М. М. Литвиновқа хат жазып, «Вперед» газетіне Россиядан корреспонденция жіберу жөнінде А. А. Богдановтың (Рахметовтың) енжарлық жасап отырғанына реніш білдіреді, меньшевиктерге сенімсіздікпен қарау және олардан үзілді-кесілді ажырасу қажет екенін айтады.
18 (31) январь.	«Вперед» газетінің 4-номері Лениннің «Революция күндері» деген жалпы атпен басылған «Россияда революцияның басталуы» (бас мақала), «Россияда не болып жатыр?», «Алғашқы адымдар», «Поп Гапон», «Қанды жексенбінің қарсаңы», «Қан төгіс күн», «Өлгендер мен жараланғандардың саны», «Қырғынның кейбір кезеңдері. Троицк көпірі жанында», «Сарай алаңында», «Петербургтегі шайқастың жоспары», «Әскерге деген өшпенділік ызасы», ««Патша-ағзам» және баррикадалар» деген мақалаларымен шықты.
18 және 25 январь (31 январь және 7 февраль) аралығында.	Ленин А. Н. Куропаткиннің Хун-хо түбінде жапондықтарға қарсы шабуылға шығуға әрекет жасағаны жөнінде шетел баспасөзі әскери шолушыларының корреспонденцияларын қорытқан «Сәтсіз маневр» деген мақала жазады.
18 (31) январьдан кешірек.	Ленин «Петербургтегі шайқастың жоспары» деген мақалаға қосымша жазады.
19 январь (1 февраль).	Ленин «Патша бітімі» деген мақала жазады.
19 январьдан (1 февральдан) кешірек.	Ленин «Frankfurter Zeitung» газетінің 1905 жылғы 1 февральдағы бас мақаласынан үзінділер алады және газеттің орыс революциясының перспективалары туралы қорытындылары жөнінде ескертпелер жасайды.
21 январь (3 февраль).	Ленин швейцар социал-демократы Г. Грейлихқа жолдаған хатында РСДРП-дағы жікке бөліну тарихын қысқаша баяндайды.
22 январь (4 февраль).	Ленин Г. Грейлихқа жазған хаттың немісше аудармасына редакциялық түзетулер мен ескертпелер жасайды.

25 январьдан (7 февральдан) ертерек. Ленин «Вперед» газетінің 5-номері мазмұнының жоспарын жасайды, 6-номердің бас мақаласының тақырыбын белгілейді және «Пролетариат армиясын жұмылдыру» деген мақала үшін заметкалар мен тезистер жазады.

Ленин М. С. Ольминскиймен бірге 9 январьға үн қосқан корреспонденциялардан мәлімет дайындайды, ол — «Алғашқы дауылдың сарындары» деген тақырыппен «Вперед» газетінің 5-номерінде басылды.

25 январь (7 февраль). Ленин А. Бебельге хат жазады, бұл хатта оның большевиктер мен меньшевиктер арасында аралық сот болғысы келген ұсынысын қабылдамайды.

«Вперед» газетінің 5-номерінде Лениннің: «Петербург 9 январьдан кейін», «Трепов билеп-төстеуде», «Либералдар арасында», «Офицерлерге үндеу» және басқа мақалалары жарияланады.

Ленин Женевада М. С. Ольминскийдің меньшевизмді сынға алған «Оппортунизмнің бір түрі» деген рефератына қатысады.

29 январь (11 февраль). Ленин Петербургке А. А. Богданов пен С. И. Гусевке жазған хатында партияның III съезін шақыру үшін ашық және батыл күреске шығуға, меньшевиктермен қатынас атаулының бәрін дереу үзуге шақырады.

Январь — февраль. Ленин Женеваның «Société de Lecture» кітапханасында көтерілістің баррикадалық тактикасы мен техникасы жөніндегі Г.-П. Клюзеренің мемуарларын оқиды. Осымен бір мезгілде К. Маркстің көтеріліс жөніндегі, Ф. Энгельстің әскери және жауынгерлік жұмыс жөніндегі мақалаларын зерттейді.

Январьдың аяғы (14 февральдан ертерек). Ленин «Алғашқы сабақтар» деген мақаланы жазумен шұғылданады, онда Россиядағы 20 жыл ішіндегі (1885—1905) жұмысшы қозғалысының қорытындыларын шығарады және қарулы көтеріліске әзірленуге шақырады.

Ленин «Днепр заводының жұмысшы социал-демократтарының» Петербург пролетарларына құттықтау листогын баспаға дайындайды. Осы листоктың ең маңызды жерлері «Петербург жұмысшыларына адрес» деген та-

қырыппен «Вперед» газетінің 6-номерінде жарияланды.

Январь — март. Ленин РСДРП III съезін әзірлеу мәселелері жөнінде Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшелерімен және Россиядағы ұйымдармен жиі-жиі хат жазысып тұрады; съездің жұмыс жоспарын жасайды және съездің барлық негізгі қарарларының жобасын жазады.

1 (14) февраль. Лениннің қарулы көтерілісті ұйымдастыруға арналған «Екі тактика» деген мақаласы «Вперед» газетінің 6-номерінде бас мақала ретінде жарияланды.

1 (14) февральдан кешірек. Ленин «Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе» деген мақала жазумен шұғылданады, мақала жоспарының бірпеше нұсқасын жасайды.

1 және 8 (14—21) февраль аралығында. Ленин «Біз революцияны ұйымдастыруға тиістіміз бе?» деген мақаланың жоспарын белгілеп, оның тақырыбының «Біздегі тряпичкиндер», «Тряпичкиндердің құруы (сәтсіздік)», «Былықбайлардың шырмалуы» деген үш нұсқасын жасайды.

2 (15) февраль. Ленин Петербургке С. И. Гусевке жазған хатында «Вперед» газеті редакциясының жұмысшы үйірмелерімен, әсіресе жастармен байланысын нығайтып, кеңейте беруді ұсынады.

4 (17) февраль. Ленин «Вперед» газетінің 7-номеріне «Көтеріліс үшін жауынгерлік келісім жасау туралы» деген бас мақала жазады.

4 (17) февральдан кешірек. Ленин өзінің «Біз революцияны ұйымдастыруға тиістіміз бе?» деген мақаласына ескерту жазады.

8 (21) февральдан ертерек. Ленин Г. А. Гапонмен кездесіп, социал-демократиялық партияның күштерін эсерлер партиясымен жауынгерлік біріктіру мәселесі жөнінде әңгімелеседі.

8(21) февраль. «Вперед» газетінің 7-номері Лениннің «Көтеріліс үшін жауынгерлік келісім жасау туралы» (бас мақала), «Біз революцияны ұйымдастыруға тиістіміз бе?» деген мақалаларымен шығады; бұл мақалалар партия назарын

көтерілісті әзірлеудің техникалық және ұйымдастыру жағына аударады.

9 (22) февраль. Ленин Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшесі NN-нің атынан А. Бебельді жарастырушы болу мақсатымен РСДРП III съезінің жұмысына қатысуға шақырады. Хатпен бірге Герман социал-демократиялық партиясының баспасөзінде жариялау үшін Көпшілік Комитеттері Бюросының съезді шақыру туралы хабарының немісше аудармасы жіберіледі.

12(25) февраль. Ленин С. И. Гусевке жазған хатында партияның III съезін әзірлеу және шақыру ісінде Көпшілік Комитеттері Бюросының толық дербестігін сақтауды талап етеді.

14 (27) февраль. Ленин 9 январьда қаза тапқандардың семьяларына жәрдемге бөлінген 80 фунт стерлингті бөлу жөніндегі Жұмысшы өкілдері комитетінің шарттарына келісім беріп, Рамсей Макдональдқа хат жазады.

15 (28) февраль. «Вперед» газетінің 8-номерінде Лениннің барлық партия мүшелерін съезге баяндамалар және қарарлар дайындап, әзірлеуге белсене қатысуға шақырған «Партияның III съезін шақыру туралы» мақаласы (бас мақала) жарияланады.

Ленин «Россиядағы ұйымдарға хат» жазып, III съезге дереу әзірленуді талап етеді және съездің күн тәртібінің аса маңызды мәселелерін хабарлайды.

15 (28) февральдан кешірек. Ленин «Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе» деген мақала жазады; оның мазмұнына қанағаттанбай, Ленин мақаланы қайта өңдеудің жоспарын жасайды, оның конспектісін жазады.

20 февральдан (5 марттан) ертерек. Ленин жергілікті партия ұйымдарының партияның III съезіне есеп берулері үшін анкет жасайды.

20 февраль (5 март). Ленин большевиктердің Женева клубы ұйымдық секциясының мәжілісінде халықтың пролетариат емес топтары (оқушылар, солдаттар мен шаруалар) арасындағы жұмыс туралы А. М. ЭсСеннің (Степановтың) баяндамасы бойынша сөз сөйлейді.

23 февральдан (8 марттан) ертерек.	Ленин «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» деген мақала жазумен шұғылданады, Олардың «Француз революциясының тарихы» деген кітабынан жазып алынған үзінділерге ескертпелер жазады, мақала жоспарының бірнеше нұсқаларын жасайды, мақалаға оның мазмұнын білдіретін тақырып таңдайды.
23 февраль (8 март).	Лениннің «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» деген мақаласы «Вперед» газетінің 9-нөмерінде басылады, мақалада большевиктердің буржуазиялық-демократиялық революциядағы стратегиялық ұраны — пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасын орнату ұраны бірінші рет тұжырымдалады.
24 февральдан (9 марттан) кешірек.	Ленин партия Советінің III съезді шақыруға қарсы болуы жөнінде «Шексіз сылтаулар» деген мақала жазады. Мақала аяқталмай қалды.
26 февраль (11 март).	Ленин Петербургке С. И. Гусевке жазған хатында партия Советінің 23 февральдағы (8 марттағы) III съезді шақыруға қарсы қаулысы туралы хабарлайды және бүкіл Россияда меньшевиктерге қарсы батыл күрес жүргізуге шақырады.
Февраль.	Ленин партияның III съезі шешімдерінің жалпы жоспарын және қарарлардың жобаларын жазады.
	Ленин «Уставтың орталықтар туралы пункттін өзгерту» деген мақала жазады.
Февраль — 5 (18) марттан ертерек.	Ленин Париж Коммунасы туралы баяндамаға дайындалу үстінде Анотоның «Қазіргі замандағы Франция тарихы, 1871—1900» деген кітабын конспектілейді және «Коммуна туралы баяндама жоспарын» жасайды.
Февраль — март.	Ленин «Полиция департаментінің директоры Лопухиннің баяндау хаты» деген кітапшаға алғы сөз жазады; кітапша В. Бонч-Бруевич пен Н. Ленин баспасынан 2000 дана болып шыққан.
Февраль — 7 (20) апрельден ертерек.	«Die Neue Zeit»-тің 1904—1905 жылғы 21-нөмерінде жарияланған К. Каутскийдің «Die Bauern und die Revolution in Rußland» деген

	мақаласында К. Маркс пен Ф. Энгельстің көзқарастарының теріс баяндалуына байланысты, Ленин К. Маркс пен Ф. Энгельстің аграрлық мәселе және шаруалар қозғалысы жөніндегі көзқарастарын зерттеумен шұғылданады.
Февральдың аяғы.	Ленин Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшесі С. И. Гусевке жазған хатында съезге делегаттарды тек большевиктік комитеттерден ғана емес, меньшевиктік комитеттерден де, әдебиетшілер тобынан да жіберудің шараларын қолдануды ұсынады.
Ерте дегенде февраль.	Ленин өзінің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» (2-басылуы, 1902) деген кітапшасының конспектісін жасап, ««1-ші» және «3-ші» кезеңдерді қатарластыра салыстыру» деп тақырып қояды және РСДРП-ның террорға көзқарасы жөнінде пікірлер жазады.
2 (15) марттан ертерек.	Ленин А. В. Луначарскийдің (Воиновтың) «Вперед» газетінің 10-номерінде жарияланған «Полициялық тәртіптің күйреуі» деген мақаласын, сондай-ақ Северцевтің (Филатовтың) «Земство жиыны және біздің саясатымыз» деген мақаласын редакциялайды. Ленин «Вперед» газетінің 10-номерінде жарияланған «Шаруалар арасында (Социал-демократтың хаты)» деген корреспонденцияны редакциялайды.
2 (15) март.	Лениннің «Пролетариат және буржуазиялық демократия», «Олардың кімді алдағысы келеді?» деген мақалалары «Вперед» газетінің 10-номерінде жарияланады.
3 (16) март.	Ленин Петербургке С. И. Гусевке жазған хатында социалистік партиялардың Г. А. Гапон ұйымдастырған конференциясының кейінге қалғаны жөнінде хабарлайды және А. А. Богдановтың Россиядан дереу Швейцарияға жүріп кетуінің қажет екенін айтады.
5 (18) март.	Ленин Женевадағы саяси эмигранттардың орыс колониясының жиналысында Париж Коммунасы туралы баяндама жасады.
10 (23) марттан ертерек.	Ленин «Генерал Клюзеренің мемуарлары» деген кітаптың бір тарауының орысша аудар-

масын редакциялайды және оның қысқаша өмірбаянын жазады. Аударма «Көше күресі туралы (Коммуна генералының кеңестері)» деген тақырыппен «Вперед» газетінің 11-номерінде жарияланды.

10 (23) март. Ленин Англияға Жұмысшы өкілдері комитетінің секретарына хат жазып, 9 январьда қаза тапқан жұмысшылардың семьяларына көмек беруге арнап жіберілген ақша үшін алғыс айтады.

«Вперед» газетінің 11-номерінде Лениннің «Пролетариат және шаруалар» (бас мақала), «Алғашқы адым» және «Партия программасының тарихы жөнінде» деген мақалалары жарияланды.

12 (25) март. Ленин Одесса комитетіне партияның III съезіне делегат ұсыну жөнінде хат жазады.

16 (29) март. Ленин «Бонапартистердің әрекеттері» деген мақала жазады. Мақала «Вперед» газетінің 13-номерінен алынып, жеке басылып шықты.

Лениннің «Біздің аграрлық программа туралы (III съезге хат)» деген мақаласы «Вперед» газетінің 12-номерінде жарияланды.

18 (31) марттан кешірек. Ленин Екатеринославқа (С. Шварцқа) хат жазып, онда көпшілік атынан III съезге делегат жіберуді немесе меньшевиктер басып алған Екатеринослав комитетіне қарсы наразылық білдірілген және съезге қатысқылары келетіні жөнінде хат жіберуді ұсынады.

20 март (2 апрель). Ленин россиялық социалистік ұйымдардың Женевада болған конференциясына қатысады. Конференция құрамының оппортунистік екеніне көзі жеткеннен кейін, Ленин одан кетіп қалады.

Ленин РСДРП III съезіне партияның Одесса ұйымынан делегат болып сайланады.

23 марттан (5 апрельден) ертерек. Ленин Воровскийдің «Вперед» газетінің 13-номерінде жарияланған «Либералдық принциптер және революциялық қылықтар» деген мақаласын редакциялайды.

23 март (5 апрель).	Ленин Парижге П. А. Красиковқа хат жазып, онда РСДРП III съезінің ашылатын уақыты туралы хабарлайды.
	«Вперед» газетінің 13-номерінде Лениннің: «Европа капиталы және самодержавие» (бас мақала), «Екінші адым» деген мақалалары мен «Социал-демократия және революциялық уақытша үкімет» деген мақаласының басы жарияланады.
Март — апрель.	Ленин «1789 жылғы типтес революция ма, әлде 1848 жылғы типтес революция ма?» деген мақала жазады.

МАЗМҰНЫ

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1905 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық.

Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1975.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 9. Июль, 1904—март, 1905.
624 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
М. Г. Власова

Дайындаушының көмекшілері
А. И. Горбачева және *Ю. Г. Никифоров*

Әдебиеттер көрсеткішін дайындаған
Н. Д. Шахновская

Есімдер көрсеткішін дайындаған
С. П. Кирюхин

Редактор *М. Я. Панкратова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 12/XI 1974 г. Подписано к печати 13/VIII 1975 г.
Формат 84×108 1/32—20,25+1 вклейка 1/16 п. л.= 34,1 усл. п. л.
(32,8 уч.-изд. л.).
Тираж 15 000 экз. Цена 65 коп. Бумага тип. № 1.
Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 2000. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Государственного комитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли. г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.